ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ
А.А. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ЕВРАЗИЙСКИЙ ГУМАНИТАРНЫЙ ИНСТИТУТ ИМЕНИ А.А.КУСАИНОВА

«ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР «ШЕРХАНТАНУ»
А.ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ИМЕНИ А.А.КУСАИНОВА

Ғалым, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, жазушы Ә.Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі заманауи үрдістер: қазіргі зерттелуі мен дамуындағы негізгі тенденциялар» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

27 наурыз, 2025 ж.

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-методической конференции
«Современные процессы в системе образования Казахстана: основные тенденции в современном изучении и развитии» посвященная 120-летию со дня рождения ученого, тюрколога, доктора филологических наук, писателя А. Коныратбаева

27 марта, 2025 г.

Тараз - 2025

УДК 378
ББК 83.3
Қ 19

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Төрағасы: Н.Муслимов - т.ғ.д., профессор
Мүшелері: М.Н.Сарыбеков, А.Б.Абдуалы, Г.Қ.Құлабекова, Р.С.Елубаева, Ж.Е.Мырзабеков, Р.А.Беркенова, Қ.Ө.Тамабаева, А.Т.Кембаева, Ғ.Р.Байлыбеков, Ж.М.Байсақалова

Қ 19 Ғалым, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, жазушы Ә.Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі заманауи үрдістер: қазіргі зерттелуі мен дамуындағы негізгі тенденциялар» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз: Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ баспаханасы, 2025 ж. - 290 б.

Материалы республиканской научно-методической конференции «Современные процессы в системе образования Казахстана: основные тенденции в современном изучении и развитии» посвященная 120-летию со дня рождения ученого, тюрколога, доктора филологических наук, писателя А. Коныратбаева - Тараз: Типография МТУ имени Шерхана Муртазы, 2025 г. – 290 с.

ISBN 978-601-285-097-1

Жинаққа Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы мен А.А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының А.Құсайынов атындағы ғылыми-зерттеу орталығы бірлесе отырып ұйымдастырған ғалым, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, жазушы Ә.Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі заманауи үрдістер: қазіргі зерттелуі мен дамуындағы негізгі тенденциялар» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары енгізілді.

Ғылыми-әдістемелік конференция Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті негізінде оффлайн және онлайн режимінде өтті.

Ұсынылған формат ұлттық әдебиетіміз бен руханиятымызды, түркітану мен қазақ фольклорын зерттеуге саналы ғұмырын жұмсаған Әуелбек Қоңыратбаев сынды әдебиеттанушы-ғалымның тағылымын ұрпаққа жеткізуде және оқытуда тәжірибе алмасуға және қазіргі кең ақпараттық кеңістіктің жаңа заманауи жағдайында педагогика ғылымының өзекті мәселелерін талқылауға және цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Конференция жинағына ҚР ғалымдарының, зиялы қауым өкілдерінің, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының академик ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, институт ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамының және оқушылар мен орта мектеп мұғалімдерінің, магистранттардың жұмыстары енгізілді.

УДК 378

ББК 83.3

ISBN 978-601-285-097-1

©Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ, 2025

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

ҒАЛЫМ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТОСЫН ПАЙЫМДАУЛАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Ақыш Нұрдәулет Бәбиханұлы
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор, Алматы қаласы

Әуелбек Қоңыратбаев – фольклордың барлық саласын дерлік зерттеумен айналысқан, шын мәнінде, кең профильді ғалым. Әр нысанды талдау барысында оның өзіндік ерекшеліктерін тәптіштей, тарата түсіндіріп отырады. Мәселен, салт өлеңдері жөнінде мағлұматтар беру үшін алдымен «Қазақ фольклорында бала бағу, бақсылық нанымдары, діни әдет-ғұрыпқа байланысты туған салт өлеңдері көп...» деген түйін жасайды. Осы сөйлемнің ішінде назар аудартатыны – бала асырау, жаназалау деген сөздердің мағыналық даралықтары.

Бала асырап алу, баланы бауырға салып алу тәрізді жағдайлардың қазақтың салт-дәстүрінде кездесетіні рас. Бірақ оған байланысты фольклорлық әдет-ғұрыптардың болатынын өз басым біле бермейді екенмін. Осы мәселені басқа фольклористердің зерттеулеріне көзіме түсе қоймады. Тек Ә.Қоңыратбаевтың жазғандарынан оқыдым. Ойға оралатыны – осы мәселені одан кейінгі және бүгінгі фольклор танушыларымыз неге ары қарай дамытып әкетпейді екен деген сұрақ.

Ғалымның «Бақташылық жырлары» туралы айтатындары да көңіл бөлуге тұрарлық. Базбір фольклористеріміз бұл мағынадағы жырларды «Үй жануарлары» немесе «Хайуанаттар туралы жырлар» деп атайды. Біздіңше, «Бақташылық жырлары» деген тіркес осы ғалымның зерттеулеріне ғана тән сияқты көрінеді. Үй жануарларының әрқайсысына қазақ халқы Шопан ата, Шекшек ата, Жылқышы ата, Ойсылқара деп ат қоятыны белгілі. Оның да себебі бар екен. Ә.Қоңыратбаевтың айтуынша, «Бұрын жабайы аңдарға сыйынған халық енді төрт түлік малды құт санап, олардың Шопан ата, Шекшек ата, Жылқышы ата, Ойсылқара деп, иелеріне табынған» [1, 44б.]. Яғни, жабайы аңдарға сыйыну салты жоғарыдағы атаулар шыққанға дейін болған.

Ғалым өз болжамдарын ойдан шығармай, осындай мағыналық негіздерге сүйене отырып, тиянақты тұжырымдар жасауға бейім.

Енді осы тақырыпқа жалғас айта кеткені бір жағдай – үй жануарларына қатысты ойларын басқа тақырыптың ішінде одан әрмен жалғастырып әкетеді. Яғни, «Бөбек жырлары» [1, 47б.] деп аталатын тақырыпшада ол ешкінің қойға қарата айтқан белгілі сөздерін келтіреді. Ешкі өзінің қоралас жануары қойға былай дейді:

«Менің жегенім жантақ,
Сенің жегені жантақ.
Құйрығың неге жалпақ?» [1, 48б.]. Осыдан келіп, бұл арада осы тақырыптағы жырларды неге бөбек жырларына қосқан деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша, бұл жоғарыда сөз болатын «Бақташылық жырлардың» нысаны емес пе. Ғалым сөйтіп «Бөбек жырларына» жануарлар туралы да жырларды қосқан. Осы арада жануарлар туралы жырлардың басым бөлігі онсыз да бөбек жырларына жатпай ма деген сұрақ туындайды.

Бірыңғай «Бөбек жырларына» жаңылтпаштың кіретіні рас. Бұл тақырыпқа санамақты да, басқа ұсақ жанрларды да кіргізуге болады. Кейінгі фольлористер Қоңыратбаевтың жіктемесін дамыта түсіп, осы мәселелерге көңіл аударған.

Мәселен, белгілі фольклортанушы, академик К. Матыжанов: «Әлпештеу фольклоры» ұғымының аясы, жанрлық сипаты. Баланы бағып-қағуға байланысты ғұрыптар мен оған қатысты өлең-жырлардың сарасы: «Бесік жыры», «Сәбилік салт жырлары», «Мәпелеу

жырлары», «Уату-алдарқату жырлары» [2, 83б.] деп жіктеп көрсеткен. Одан кейін олардың өзін ары қарай тереңдетіп әкетеді..

Бүгінгі таңда жіктемелердің ара жіктері айқындалып, фольклордың бұл саласының тұлғалық сипаты одан арман жетіле түсті деуге болады.

Мифологиялық ертегілер [1, 98б.]. «Қиял-ғажайып ертегілер» деп жалпылай топтастырлған ертегілердің ішінен алып ғалым осылайша жіктейді.

«Мифтік образдар табиғатында адам ойының сәби, жетілмеген кезіндегі ой-нанымдарының таңбасы басым дейміз» [2, 100б.].

Матрирхат пен патриархат арасындағы қайшылықты білдіретін қазақтың мифтік (қиял-ғажайып) ертегілерінде тотемизм сарыны азайған.

102-бетте зерттеуші «Мифтік ертегілер» және «Мифологиялық ертегілер» деген анықтамаларды қолданады. Мәтіндерді ары қарай оқитын болсақ, бұл екеуі нің де мағынасы бір сияқты. «Мифологиялық ертегілердегі жамандық пен жақсылық көбіне табиғат пен адам арасындағы тартыстарға құрылады.» [1, 102б.].

«Ертедегі мифологиялық ертегілердің нанымдық-географиялық, өмірлік шеңбері кең де шексіз» [1, 102б.].

«Тылсымдау, сиқырлау, жәділеу, самұрықпен ұшу, теңіз кешу, айдаһармен алысу, жеті басты жалмауыз адам етін жейтін кемпірлер үнді ертегілерінен алынған ба дейміз» [1,102б.]. Зерттеушінің айтып отырғаны бір қарағанда негізі дұрыс сияқты көрінгенімен, бұл пайымдауға сын көзімен де қарағанымыз жөн деп ойлаймын. Өйткені осы айтылған ертегілік атрибуттардың барлығы бірыңғай үнді халқының ауыз әдебиетінен алынды деуге тиянақты дәлел қандай? Ол үшін бұл халық қазақ елімен тығыз қарым-қатынаста болуы керек емес пе. Олай дейін десек, географиялық тұрғыдан екі жұрттың арасы едәуір шалғай. Әдеби байланыстарды былай қойғанда, лингвистикалық қарым-қатынстар жоқтың қасы ғой. Тілдік топтар тұрғысынан да бұлар алшақ, бір бірін түсіне қоюы оңайға соқпайды.

Жалпы фольклорды зерттеушілер қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің басым бөлігі басқа жұрттардан ауысып келген дегенді жиі айтады. Осындай пайымдаулардың өзі үстірт пе деген күдігіміз бар. Оны дәлелдеп жатудың өзі ұзақ әңгіме.

Қазақ халқының Наурыз меркесіне қатысты жырларын ғалым «Ұлыс жырлары» [1, 46б.] деп жіктепті. Көңілден шығатын классификация. Шынында да қазақтың Жаңа жылы болып саналатын Наурыз мерекесінне қатысты жырлардың өзі бір төбе екендігін мойындауымыз керек. Оған қатысты өлең-тақпақтар шоғыры да аз емес. Оның кейбірі қазақ даласының белгілі бір аймақтарында ғана қолданылуы әбден мүмкін.

Онда тұрған ештеңе жоқ. Өйткені географиялық тұрғыдан алып қарағанда, қазақ даласы бірнеше уақыт меридианына бөлінеді. Ендіктердің өзі де біркелкі емес. Қазақ даласының оңтүстігіне жадырап көктем келген уақытында солтүстік атыраптарымызда қар басып жатуы ықтимал. Негізі бұрын Наурыз ресми түрде айдың 22-жұлдызында аталып өтетін. Кейінгі уақыттарда ол 14 наурызға қарай ығыса бастапты. Бұл енді елдің батыс аймағындағы дәстүрлерге байланысты болса керек. Жалпы әр өңірдің өзіндік салт-дәстүрін сақтау керек еді. Бәрін бір ұғымға сыйғызып, қолдан бірдей етіп жіберу осы күнге дейнгі тарихи ұстанымымызға қиянат емес пе.

Ә.Қоңырабатевтың фольклордың бір қызық жанры жұмбақ турасындағы тұжырымдамасы да назар аударарлық. «Жұмбақ – дейді ол, – өмірдегі реальдық зат пен құбылысты танытудың құралы. Оныі айналатын қазығы – ұғым. Бірақ сол ұғымға біз төтелей емес, түрліге салыстыру, ұқсастыру арқылы келеміз. Жұмбақта абстракция күрделенген» [1, 66 б.]. Біздіңше, оқырманға онсыз да түсінікіті болып тұрғандықтан, автордың осы тұжырымын тарата талдап жату шарт емес.

Ғалым еңбегінің тағы бір көңіл бөлуге лайықты жері аңыз жанрына қатысты болып келеді. Ол кісі аңыздарды да фольклордың елеулі саласына жатқыза келіп, көкрем уақытқа

қатысты оның өзін әр кезеңге телиді. Мына сөйлемдерде айтылатын бірнеше ой басқа фольклоритсрдің де тұжыжырм жасап әкетуіне жетелейді:

«Ертедегі марқа аңыздар адам сипатында емес, күн, ай, жер, кеме, топан, Адам ата, Хауа ана түрінде жасалған. Келе-келе олар жеке герой, адам атына көше бастайды. Бұл аңыздарды космологиялық, антропологиялық деп бөліп, бір ізге келтіру қажет» [1,73б.] дейді ғалым. Бақасын былай қойғанда, аңыздарды космологиялық, антропологиялық деп бөліп, бір ізге келтіру жұмыстары жүргізілді ме? Өйткені өзіміз танысқан еңбектерде осы ұснысытың жобасын аңара алмадық.

Ғалым: «Патша сарайында туған аңыздар жылнамалар деп аталған» деп келеді де: «Аңыз ерте ме, Жылнама ерте ме?» деген сұрақ қояды. Бұл тақырыпта пікір таластыруға болатыны айта келіп, мәселенің басын ашық қалдырады.

«Орхон жазбаларын біз жылнамалық эпос деп жүрміз» [1,74б.] деген пайымына үн қосқан әріптестері болды ма?

«Қала аңыздары. Ол бірде реалистік, бірде аңыз-ертегілік түрінде айтылады» [1,74-75б.] дейді тағы бір жерінде Ә.Қоңыратбаев.

«Оғыз дәуірінен жеткен ұлы аңыздардың бірі – Алпамыс» [1, 75б.]. Яғни, бұдан шығатын қорытынды – «Алпамыс» эпосы әу баста аңыз ретінде тараған. Содан келе-келе поэзиялық үлгіге түсірілген екен.

«Аңыз дегеніміз – мифологиялық геройлар мен тарихи адамдар жайында айтылатын «әңгімелер» [1, 85б.] . Осыдан кейін зерттеуші аңызға тән белгілерді санамалап өтеді. Оның бір белгісі бастапқыда жылнама, сарай хроникасы ретінде туып, жазба әдебиетінің қалыптасуына негіз болуында» [1, 85б.] дейді. Ұсынылып отырған тұжырым діндер мен түрлі сенім-нанымдарға табан тіреуі де аңыздардың келесі бір белгісі болып табылады деп қорытынды жасауымызға жетелейді.

Зерттеуші Қорқыт туралы аңыздарды талдай келіп, «Қорқыт» сөзінің этимологиясы бізде жете зерттелмей жүр» [1, 90б.] деген тағы бір проблеманы алға тартыпты.

«Көп жылдар бойы біз қазақ фольклоры мен оның реалистік әдебиетінен көрініс тапқан осы антифеодалдық сарынды жете түсіне алмадық» [92] немесе «Шыншыл ертегілер антифеодалдық сарында болған» [1, 98б.] деуінің себебі зерттеушінің өзі өмір сүрген дәуірдегі коммунистік идеологияның ықпалына байланысты деуге болады. Ол заманда руханият саласында таптық мәселе негізгі бағдаршам болып саналған, оның ықпалынан шығу қиынға соққаны белгілі. Басылуға кететін әрбір сөзіміз цензураның қатты қадағалауында еді. Сондықтан осындай сарындағы тұжырымдар зерттеушілердің бәрінде де болды.

Ә.Қоңыратбаев өз саласының жетік маманы болған ғалым. Оған дәлел тек артында қалған еңбектері ғана емес, ғылым жолындағы ғылыми баспалдақтары. Ол «Қазақтың лиро-эпосы» тақырыбында канд. (1946), «Ежелгі түркі тайпаларының поэзиясы және қазақ фольклоры» бойынша докт. (1972) дисс. қорғаған» [3, 282б.].

Бір сөзбен айтқанда, қазақ фольклортану ғылымындағы ғалым еңбегі ұланғайыр. Тиянақты тұжырымдарымен бірге ұсыныстары мен болжамдарының өзі де кейінгі буын ғалымдардың алдына қомақты мәселелер қояды. Бүгінгі ізбасаралары Ә.Қоңыратбаев аманатына адалдығын көрсетіп, оның осы айтқандарын одан әрі ғылыми негізде дамыта түссе, нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі,. 1991. – 288 б.
2. Матыжанов К. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.
3. Ысқақұлы Д. Қазақ әдебиеттанушылары. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Қазақ энциклопеиясы», 2013. – 496 б.

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУҒА ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІН БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУМЕН БАЙЛАНЫСТА ЗЕРДЕЛЕУ

Керімбекова Баян Дәулетханқызы
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
SDU University «Сөз өнері» зерттеу орталығының директоры, Алматы қаласы

Әуелбек Қоңыратбаев – қазақ әдебиетінің тарихы, сыны, фольклортану, түркітану, шығыстану, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласында іргелі еңбек қалдырған ғалым әрі әдіскер ұстаз. Ұлы суреткер М. Әуезовтің жоғары бағасына ие болып, ерекше қамқорлығын көрген, «Қазақтың Бартольды» атанған Ә. Қоңыратбаевтың әдебиеттің әр саласындағы кешенді зерттеулерімен қатар қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты еңбектері бүгінгі күнде де сұранысқа ие.

Ғылым атаулының қайсысының болмасын өзіне тән дүниеге келу, даму жолдары болады. Қазақ әдебиеті пәні де сондай жолдардан өтіп, өзінің қалыптасу дәуірін басынан кешірді. 1932 жылғы 25 тамызда қабылданған Орталық Комитеттің «Бастауыш және орта мектептердің оқу программасы мен жұмыс режимі туралы», «Бастауыш және орта мектептердің оқулықтары туралы» қаулысы халық ағарту ісінің жаңдана түсуіне ықпалын тигізді. Ғылыми негізделген тұрақты бағдарламалар мен оқулықтар жасау, пән құрамы мен мазмұнын айқындау міндеті қойылды. Алайда қазақ әдебиеті пәні бойынша бағдарламалар мен оқулықтар жазу, әдеби білім құрылымы мен мазмұнын белгілеу оңайға түскен жоқ. «Қазақ әдебиетінің пән ретіндегі жолы 1930 жылдардан басталады десек те, бағдарламалар мен оқулықтар жасаудағы тәжірибенің болмауы, әдебиет тоериясы мен оқыту әдістемесін жақсы білетін мамандардың аздығы осы бағыттағы жұмыста көптеген қиындықтар туғызды. Ғалымдар 1939–1940 жылдарды қазақ әдебиетінің пән ретінде қалыптасқан мерзімі деп санайды» [1, 22б.].

Ә.Қоңыратбаевтың әдістеме саласына келуі кездейсоқ жағдай емес. Ол 1972 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтын аяқтағаннан кейін ұстаздық қызмет атқарған. Сол уақыттан бастап білім берудің барлық салалары: орта білім, арнаулы білім, жоғары білім беруде теория мен практиканы қатар алып жүріп, әдебиетті оқытуға қатысты сүбелі еңбектер жазды. Ол еліміздегі әдебиетті оқыту әдістемесінің негізін қалады.

Оқыту мен оқу жайы, оқулық жазу ісі, балаға пәнді тиімді меңгерту – XX ғасырдың басында Алаш зиялылары бастаған ұлт өміріндегі маңызды мәселелердің бірі еді. А. Байтұрсынұлы 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – өздігінен алатын білімнің ұзақ жолы үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру», – деп жазған. Ал М. Жұмабаев болса, «Оқушы жүрегіне, ең алдымен нақты бейне, сурет орнату керек. Мұндайда бала біреудің айтқанын сөзбе-сөз қайталап күйіс қайтарып тұрмайды, тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейді», – дейді. Алайда, Сталиндік қызыл террор кесірінен ұлт зиялыларының әдістемеге қатысты еңбектерінің талай уақыт ел игілігіне берілмегенін тарихтан білеміз. Заманның осындай суық желінен үзіліп қалған істі әрі қарай Ә.Қоңыратбаев сынды ғалымдарымыз жалғастырды.

Әдебиет жеке пән ретінде оқытыла бастаған тұста, яғни, XX ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап Ә.Қоңыратбаев әдебиетті оқыту ісіне байланысты қомақты еңбектер жаза бастады. Әдіскер ғалымның қаламынан қазақ әдебиетін оқытуға байланысты әр жылдары «Мектепте Абайдың мысал өлеңдерін оқыту туралы» («Халық мұғалімі», 1946ж.), «Орта мектепте шығарма жазуды үйрету» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958 ж.), «5-6 кластарда лирика жанрын методикасы» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959 ж.), «Қазақ

мектептерінде Крылов мысалдарын оқыту» (1960) сынды мақалалары сол кездегі баспасөз беттерінде жарық көрген. «Әдебиетті оқыту әдістемесі жеке дара ғылым саласы ретінде елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдардың басында қалыптаса бастаса керек. Себебі, дәл осы мерзімде көптеген ғылыми мақалалар мен елеулі еңбектер жазыла бастап, оларда әдебиетті оқыту мәселелері қарастырылған. Бұл жаңа ғылыми бағыттың басында филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев тұрған еді» [2, 242]. Әдебиеттанушы ғалым Д. Ысқақұлы Ә.Қоңыратбаевты қазақ әдебиетін зерттеумен бірге оны оқыту, насихаттау істерін тікелей атқарып, әдіс тәсілдерін зерттеу, жетілдіру мәселелерімен арнайы айналысқан кәнігі әдіскер дей келе, «Ғалымның «2- класқа арналған «Оқу кітабы» (Қ.Төлебаев, Ғ.Айдаровпен бірге) 1945 жылы басылып шығып, жеті рет басылым көрген. Ғалым бұдан басқа «Көркем әдебиеттің ерекшеліктері», «Оқыту теориясы және мұғалім сапасы», «Абайдың педагогикалық мұрасы», «Қазақ әдебиеті» пәнінің бағдарламасы, т.б. еңбектерін жазды. Бұлардың кейбіреуі кезінде жарық көрмеген, кейін (2005) ғалымның он томдық шығармаларының 7- томына енді», - дейді [3, 26]. Ә.Қоңыратбаевтың мақалаларынан бөлек «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962) [4] , «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966ж.) [5], «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» (1987 ж.) [6]. атты оқу құралдары мен көмекші құралдары өзінің ұзақ жылғы ұстаздық тәжірибесінің негізінде жазылған әдістемелік еңбектер.

«4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» атты Алматы қаласында «Мектеп» баспасында 1987 жылы жарық көрген еңбегінде Әуелбек Қоңыратбаев әдебиетті оқыту методикасы тарихынан мағлұмат бере отырып, әдебиет пәнін оқытудың теориялық негіздері, әдебиет сабағында қолданылатын әдістер, мақамдап оқу, оқушыларға шығарма жаздыртып үйрету әдістемесі сынды мәселелерге зерттеу жасады. Сонымен қатар, бүгінде маңызды болып отырған мынадай мәселелерге тоқталған:

Өмірбаянды қалай оқытамыз? Мектептегі әдебиет оқулықтарында алдымен автордың өмірбаяны берілетіні бәрімізге белгілі. Оны мұғалімдер көбінесе оқулықта қалай тұрса, сол күйінде оқыта салып жүр. Осы өмірбаяндық ақпаратты қалай оқытамыз деген мәселенің XXI ғасыр ұстаздарын әлі ойлантпауы, оған қалыпты дүние ретінде қарауы біздің әдістемеміздің шыңдалуды қажет етерін көрсетсе керек. Бұл туралы Ә.Қоңыртбаев алпысыншы жылдардың өзінде былай деп жазған екен: «Бізде өнер адамдарының өмірбаянын жалаң баяндауға әуестік, шығарманың мазмұнын, образдарын балаға текстi оқытпай жатып, күні бұрын айтып беру әдеті бар. Бұл оқыту, үйрету әдісінде тиімсіз. Бір сөзінде В.Г. Белинский: «Гомердің «Одиссеясын» оқушыға оқытпай жатып, өмірбаянын айтудан пайда жоқ. Алдымен оқушы сол жырдың үзіндісін оқып, әсер алуы тиіс [6, 13б.]. Өмірбаянын одан соң берген дұрыс» деген еді. Қазақстандағы мектептің көбінде автордың ешбір шығармасын білмей, тек өмірбаянын жаттап алатын жағдайларды өзіміз көріп жүрміз.

Мектептегі сөзуарлық. Мектептегі сөзуарлық баяндау әдісінен басталып жүр. Көптеген мұғалім сабақты құрғақ баяндауға айналдырды. Оқыту әдісінің бастысы баяндау мен бақылау ғана емес, үйрету, жаттықтыру. Лекцияға сол класқа берілген сағаттың төрттен бір үлесі ғана кетуі тиіс. Оқушы мұғалімді ғана тыңдаса, олардың ойлау қабілетін мен ойын толық жеткізе білуі төмендейді. Көптеген оқушы ойын құрап айта алмайды. Бұл неліктен? Олардың өзіндік ойлау қабілеті дамымаған [6, 13б.]. Бүгінгі білім беру жүйесінде интерактивті оқыту жайлы айтылып жүргелі біраз уақыт өтті. Десек те, еліміздегі барлық мектептерде басты назар оқушыны үйрету мен жаттықтыруға бағытталып жатыр ма? Әлде, ғалым пікіріндегідей, білім беру құрғақ сөзден аса алмай жатыр ма?

Мақамдап оқу. Мақамдап оқуда бала бізге өзінің алғанын қайтарады. Мақамдап оқудың үш түрі бар: *Даралап оқу; Рөлге бөліп оқу, Әндетіп оқу.* Әндетіп оқуды қазақ мектептері өте аз қолданып жүр. Мұны кейде бірлескен оқу, яғни *хоровое чтение* дейді. Әндетіп орындату мақамдап оқудың ең мәнді түрі. Бұл күшті есте сақталады» [7, 170б.]. Бір өкініштісі, біз бүгін

мақамдап оқу деген сөз тіркесінің өзін түсінбейтін болдық. Ал автор айтып отырған *әндетіп оқу* деген мүлде практикада кездеспейтін тәсілге айналды деуге болады.

Әдебиет теориясын оқыту. Әдебиетті оқытқандағы ең үлкен қиындық тударатын мәселенің бірі – әдебиет теориясын оқыту. Ә.Қоңыратбаев теорияны оқытуда мұғалімдердің қиын анықтаманы баланың жаттап алуын талап ететіндігін, оны жеңіл сөзбен түсіндіріп бермейтінін сынға алады.

– «Айтыңызшы маған, драма деген не?» – дейді емтихан алушы.

– Драма ма? Драма деген грек сөзі, әрекет дегені, – дейді жас жігіт жақсы деген оқулығының анықтамасына сүйеніп.

– Жоқ, олай емес! – дейді емтихан алушы.

– Драма... біздің көз алдымызда болған күрес, – деп бастайды сөзін бала.

– Жоқ, жоқ олай емес!

– Драма дегеніміз – сахнада көрсетілген ойын...

– Жоқ, олай емес, айттым ғой саған.

Мұғалімнің батыл қарсылығын көрген бала сасып, тұрып қалады.

– Түк білмейсің. Басыңда бір шайнам өзіндік пікірің жоқ. Драма дегеніміз – әрекет бірлігі мен мазмұнның тегіне лайықталып, идеялдық өмірдің реалдық кескінде берілген объектив көрінісі, – дейді емтихан алушы.

Осыдан келіп көптеген ойлы адамдар әдебиет теориясын оқыту дегеннен түк шықпайды. Ол босқа уақыт өткізу дейтін болса, онысы орынды, – дейді педагог ғалым В. И. Водовозов [7, 170б.].

Әңгіме әдісі. «Әңгіме әдісінде сұрақ жауапқа негізгі орын беріледі. Ол жерде сөзге, лекцияға орын жоқ. Сабақты сұраққа негіздеп жүргізу қиынның қиыны. Бірақ шағын өлеңге тоқсан сұрақ қойған мұғалімнің ісінен береке шықпайды. Сұрақтың өзін шығарманың негізгі буындарын ретімен қамтып, жоспар сияқты көрінуі тиіс. Бір ғана хабарлау әдісі баланы пассивтендіреді» [7, 171б.], деген пікірдің шындығын уақыт өзі дәлелдеп беріп отыр.

Ә.Қоңыратбаев әлемдік педагогиканы өте жақсы білген ғалым. Ол өз еңбектерінде В. И. Водовозов, В. Я. Стоюнин, В. П. Острогорский**,** Я.А. Каменский сынды озық ойлы педагогтардың еңбектерін қазақ тіліне аударып, олар ұсынған әдіс тәсілдерді әдебиетті оқыту ісінде қалай қолдану керектігін көрсетті. Ол орыс халқының педагогикалық ойын дамытуға үлес қосқан әдіскерлердің бірі – *В. Я. Стоюниннің* «Орыс әдебиетін оқыту туралы» атты мақаласын қазақша былай деп аударады: «...Мұғалімдердің тағы бір парасы – бірінші қатарда балалардың ойын дамыту мақсаты тұруы тиіс деп, әңгімешілікке салынып, қызық мағлұматтарды тізіп айта беруден құралады деп ойлайды. Сондағы олардың айтары: әңгіменің тетігі балларды тыңдау қабілетін жасауда, айтқанының бәрін ол қызығып тыңдайтын болсын дейді. Тек сондай тыңдағыш болған күнде ғана бала сенің оқытқан сабағыңды ешқандай еңбексіз, оңай, жылдам игеріп, есінде қалдырады, олардың дамуы үшін мұғалімнің айтқан әңгімелері мың да бір ем деседі. Алайда бұл тәсілге жетпей жатқан аса маңызды бір жағдайды ескеру керек: ондай мұғалімдер білімді оңай жолмен егемін деп, балаға еңбек істеуге ешқандай мән бермейді. Мұғалім не айтып, көрсетсе, түсіндірсе, соның бәрін де оның оқытқан шәкірттері түгелдей қағып алады, қабылдайды. Әр нәрсенің өз мөлшері, кезеңі болады десек, балалар бұл тәсілге қиналмайды, шаршамайды, есесіне шәкірт еңбек істемейді. Анығына келсек, оның алдында өмір белесі тұр, оның басты шарты – еңбек», – дейді [7, 253б.].

Саналы ғұмырын ұстаздыққа, оқытушылыққа арнаған Ә.Қоңыратбаев лекция қалай болу керек деген сұраққа да арнайы тоқталған. Әдіскер ғалымның айтуынша, маңыздың әдістердің бірі - *лекциялық әдіс.* Лекцияның түрлері: шолу түріндегі лекция, монографиялық лекция, әдеби теориялық жинақтау лекциясы, талдау лекциясы. Ғалым: «Үйретудің басты бір буыны - оқушы жауабы. Бізде оқушы жауабы ескерілмейді. Олар фактологияға салынып, байланыссыз, үзіп, жұлқып сөйлейді. Бұл - зор олқылық. Лекцияны түсінікті етіп жазғаны

сияқты олар сөзін де аналитикалық ізде, байланысты, мақсатты етіп сөйлеуге тиіс. Әрбір оқушы жауабы - өзінше бір талдау, біткен ой, обьект. Мұны айтқызып, түзетіп, үздіксіз бақылаймыз, дағдыландырамыз», - дейді. *Білімнің бір қазығы - дағды, деген әдіскер ғалым «*Егер оқушы текстің жоспарын, мінездемесін жасап, мазмұндай білмесе, білімнің орнықты болмағаны, әдеби сөздің ерекшелігін жете танымағаны» деген пікір білдіреді. [7, 253б.].

«Әдебиет сабағының мазмұнына келгенде Ә.Қоңыратбаев Я.А.Каменскийдің ілімінен тудырып үш оқу қағиданы ұстанады. Бұл қағида бойынша білімнің негізінде әуелі зат (пән), көркем текст, содан соң талдау, соңында қорытынды тұрады», дейді ғалым Б.Кәрібозұлы [8, 31б.]. Әдіскер ұстаз Ә.Қоңыратбаев оқушыларды текст талдауға үйрету жайын талқылай келе: «Жоғары кластарда қандай үлкен роман болмасын, ол әуелі үйде алдын ала оқылып, лекция, бағдарлаушы әңгіме, талдау сол негізде жүргізілуі тиіс. Егер оқушы шығарманы алдын ала оқымаған болса, ешбір лекция, бағдарлаушы әңгіме, талдау өзінің мақсатына жетпейді»-, дейді. Қоңыратбаев Ә. Бір қызығы біз мұны XXI ғасырдағы инновациялық әдістердің біріне жатқызып, «Төңкерілген сынып әдіс»» деп атап жүрміз. *Төңкерілген сынып әдісі (Flipped Classroom)* — білім берудегі дәстүрлі тәсілді керісінше ұйымдастыратын оқыту моделі. Дәстүрлі әдісте жаңа тақырыпты мұғалім сабақта түсіндіріп, үйге тапсырма береді. Ал төңкерілген сыныпта жаңа материалды оқушылар үйде алдын ала өз бетінше меңгереді (мысалы, бейне дәрістерді көру, мақалалар оқу), ал сабақ уақытында сол тақырыпты талқылап, жаттығулар орындап, практикалық тапсырмалармен айналысады.

Ә. Қоңыратбаев өзінің «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде қазақ жетірде болған мектеп пен олардың түрлеріне, ондағы білім беру тәртібіне тоқтала келе былай дейді: «Қазан революциясына дейін қазақ даласында үш түрлі типтегі мектеп қатар өмір сүрген. Олар: 1. Ислам дінінің догмаларын үйрететін *қадим (ескі әдіс) мектебі*; 2. XX ғасыр басында көзге түсе бастаған *жадит (жаңа әдіс) мектептері;* 3. Орыстың алдыңғы қатарлы өнер-біліміне негізделген *Ы. Алтынсарин мектептері*» [9, 12б.]. Елімізде мектеп, оқу бағдарламасы, оқулық мәселесі өткір қойыла бастаған елуінші, алпысыншы жылдары ғалым осы мәселеген де бел шеше араласқан. Бүгінгі күні де жаңартылған оқу бағдарламасын жазу, оны жетілдіру, жаңа бағдарламамен жазылған оқулық құрастыру, ондағы олқылықтарды жою әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.

«Мектепке арналған оқу бағдарламамыз не күйде? Көп жылдар ішінде тұрақты оқулық проблемасы неге шешілмеді деген мәселелерді жадағай тәжірибешілдік емес, теория, методика, методология жағынан да әңгімелейтін уақыт жеткен сияқты. ....біздің бағдарламаларымыз көбінесе тақырып қуады. Біз автор идеясы дегенге көп мән береміз. Бірақ әдебиет пәнінің мақсаты авторларды таныту емес, өмірді таныту. Ендігі мектеп оқулығы сипаттама, әдеби талдау, бағалау емес, өмір шындығы бес сезім, дағды арқылы танытуға негізделсе деймін. Оқулық авторлары сабақ, материал, методика дегенді көсемсөзбен айырбастап, сөзуарлыққа салынды. Оларға салсақ, сабақ, методика жойылып, оның орын сөз, ереже, баяндама ауыстырмақ», деп маңызды мәселелерді айналып өтпей, шешу жолын ұсыныпты.

Әдебиеттанушы ғалым, әдіскер ұстаз Әуелбек Қоңыратбаев өз заманында тоталитарлық жүйенің қуғынын көп көргенімен рухы мұқалмаған, сағы сынбаған, ұлт ісінде аянып қалмаған қайраткер тұлға. Оның педагогикалық көзқарастары мен әдебиетті оқытуға қатысты еңбектері қазақтың ағартушылығына қосылған үлкен үлес болды. Ғалымның бұл еңбектерінің өзектілігі әлі де жойылған жоқ. Керісінше, «Не үшін оқытамыз?» деген сұрақ алдыңғы орынға шыққан XXI ғасыр білім жүйесіне мұндай еңбектер көптеп керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Керімбекова Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Астана: Фолиант, 2017.
2. Қоңыратбаев Т. Әуелбек Қоңыратбаев - қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші. Монография. - Алматы: Арда, 1995. -256 б.

3. Ысқақұлы Д. Ұлт мүддесін ойлаған. Кітапта: Ә.Қоңыратбаев және тіл тарихы мәселелері. Алматы: Арда, 2005.
4. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. Алматы, 1962.
5. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы, 1966ж.
6. Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. Алматы, 1987.
7. Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. -Алматы: МерСал, 2004. 7- том.
8. Кәрібозұлы Б. Әдебиетті оқытудың белді әдіскері. Кітапта: Ә.Қоңыратбаев және тіл тарихы мәселелері. Алматы: Арда, 2005.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 1966.

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ – «ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫН» ЗЕРТТЕУШІ

Абиыр Ақбота Абиырқызы
«Тілдік білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, SDU университеті, Алматы қаласы

«Қорқыт Ата кітабы» – түркі әлемінің ортағасырлық әдебиетіндегі ең маңызды шығармалардың бірі. Қазақстан, Орта Азия, Кавказ, Анадолы елдеріне жақсы мәлім «Қорқыт ата кітабы» көптеген ғалымдардың назарына ілігіп, оны «Кітаби дадам Қорқыт ғали лисан тайфа оғузан» (Дрезден) және «Хикаят оғызнама-и Қазанбек уа гейрек» (Ватикан) деп аталатын екі нұсқасы ғылыми оралымға енді.

«Қорқыт Ата кітабының» қазақ әдебиетіне қатысын профессор Ә. Қоңыратбаев ерте түсініп, 40-жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жоспарлаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты басылымның 2-томына арнайы мақала жазған. Бірақ кертартпа партияның қаулысынан соң бұл ғылыми басылым жарыққа шыққан жоқ.

Бұл тақырыпқа Ә. Қоңыратбаев 60-жылдары қайта оралып, «Кітаби Қорқыт» және қазақ эпосы» атты мақала жазып, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының «Вестник журналына жолдаған. Осы кезеңде ғалым «Қорқыт туралы бірер сөз», «Оғыз елінің эпосы» («Ленин жолы»), «Қорқыт және оның жырлары» (Оңтүстік Қазақстан) атты мақалалар жариялап отырған. «Өоркыт ата кітабының» қазақша нұсқасын 70-жылдардың бас кезінде толық жасалып, жеке үзінділерін «Жұлдыз, «Жалын» журналдарына Б. Кенжебаев, Р. Бердібаев пікірлерімен бірге ұсынып отырған.

«Қорқыт Ата кітабының» қазақшалаған нұсқасын 1976 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінде жан-жақты қаралып, талқыға түскен. Мәжілісте бір топ ғалымдар тәржіманы жарыққа шығару керек деген пікір айтқан. Ғылыми талқылаудың түйіні 1976 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Деде Қорқыт кітабының» аудармасы деген атпен басылған. Баспаға ұсынылған қолжазба ұзақ жылдар бойы қозғаусыз жата берген. «Жазушы» баспасының тақырыптық жоспарына бірнеше рет енген әдеби мұраны Орталық Комитетте мақұлдамай, сызып тастады. Араға 10 жыл салып барып «Жазушы» баспасы қолжазбаны рецензияға берген. Рецензет Әбжан Құрышшанов толық қолдап, жарыққа шығарудың қажеттілігін көрсеткен. 1986 жылы Ә.Қоңыратбаев қайтыс болғаннан кейін, екі автор – Ә. Қоңыратбаев пен М.Байділдаев аттарынан жарық көрген.

Бұл кітапта Қорқыт Ата тұлғасының өмірі мен аңыздары, оның халыққа берген өсиеттері мен дана сөздері жинақталған. Қоңыратбаевтың зерттеулері осы кітаптың түпкі мағынасын ашуға бағытталған. Ол шығарманың тарихи және мәдени маңызын терең талдай отырып, Қорқыт Ата тұлғасының түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы екенін көрсетеді.

«Қорқыт ата кітабының» екі түрлі нұсқасы сақталған. Біріншісі – Дрезден (Германия), екіншісі – Ватикан (Италия) нұсқасы. Дрезден нұсқасында 12 сюжет болса, Ватикан нұсқасында 6 сюжет. Жыр жөнінде бүгінгі таңда әзербайжан, анадолы түріктері, батыс Еуропа және шығыс тілдерінде 462 еңбек жазылған. Шығыстанушы, академик В. Бартольд Дрезден жазбасын немістерден түсіріп, аударып шықса, Баку нұсқасын баспаға әзірлеген әзербайжан фольклортанушылары – В. Араслы мен М. Тахмасиб.

Ә. Қоңыратбаев екі басылымды негізге ала отырып (Баку баспасына көбірек сүйенген) В. Бартольд аудармасын қазақшалап шыққан. «В. Бартольде ішнара сөз қателері бар екен. Бұл тұста Баку басылымының көп көмегі тиді. Даулы тұстары да болды. Аударма барысында туған келесі бір қиындық – жырдағы адам, жер-су аттары. Тәржіманы талқылау барысында ондағы «Кавказ» сөзін «Қазығұрт», «Қарқаралы Қазылық» деп алған жөн дейтін ұсыныстар болды. Ә. Марғұлан. В. Бартольд аудармасына сүйенгендіктен, ондай мәтіндік өзгерістерге көп бара бермедім.» [1,326 б.] Ә. Қоңыратбаевтың пікірінше, «Қорқыт Ата кітабы» тек фольклорлық туынды ғана емес, сондай-ақ түркі халықтарының философиялық көзқарастары мен дүниетанымының айқын көрінісі. Ғалымның айтуынша, бұл кітаптың әрбір сөзінде халықтың өмірге деген терең түсінігі, өлім мен өмір, адамзаттың мәңгілік сұрақтары жөніндегі пайымдаулар көрініс тапқан.

«Қорқыт ата кітабындағы» миф, аңыз, шежірелер исламнан бұрынғы көріністер екенін аңғарамыз. Мысалы, Аруз батырдың қойшысы мен пері қыздан туған Төбекөз дәу, Домрулдың Әзірейілмен соғысуы да мифологиялық сюжет. «Төбекөз дәу мен Бисат жырындағы» Төбекөз грек мифологиясында, Гомердің «Одисей» жырында кездеседі. «Бірақ бұл басында ертедегі сақ тайпаларынан қалған мифология болса керек. Сібір халықтарында Вису. ?.Б.э.д VII-VI ғасырларда Азияға келген гректер сол аңыздарды жазып алып, «Одиссея» жырына қосқан.» [2, 81 б.]

Циклоп – Полифем мен Төбекөздің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттеу қызықты әрі терең талдауды қажет ететін тақырып. Бұл екі кейіпкер өздерінің мифологиясында ерекше орын алған, және олардың сипаты мен әрекеттері көптеген ортақ ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қамтиды. Төбекөз қазақтың мифологиясындағы кейіпкер болса, Полифем – грек мифологиясындағы әйгілі циклоп. Екеуінің арасындағы байланыстарды салыстыру үшін, алдымен олардың мифологиялық сипаттамаларына назар аудару керек.

1. Төбекөз:

Төбекөз – "Қорыт ата кітабы" атты шығармасында кездесетін мифологиялық кейіпкер. Ол өзінің қабілеті мен сыртқы бейнесімен өзгеше. Төбекөздің сипаттамалары көбінесе оның қорқынышты күшін және басқа әлемнен келгенін көрсетеді. Төбекөз әдетте адамзаттан жоғары дәрежедегі күшке ие, және көбіне ауылды немесе адамды қорқытып, олардың есін алады. Осы кейіпкердің бейнесі қазақ халқының қорқыныш пен зұлымдықты бейнелейтін сипаттамаларымен тығыз байланысты.

2. Полифем:

Полифем – грек мифологиясының ең әйгілі циклопы, Гомердің "Одиссея" эпосында сипатталады. Полифем – бір көзді алып, теңіз құдайы Посейдонның ұлы. Оның бейнесі өте күшті, бірақ ақымақ әрі қатыгез. Полифем үңгірде жалғыз өмір сүріп, оған тап болған кейіпкерлерді жемекші болады. Ол Одиссей мен оның серіктерін тұтқындап, кейін оларды айламен жеңу арқылы құтқарылады. Полифемнің сыртқы күшін оның ақыл-ойымен салыстырғанда кемшіліктері көп.

Ұқсастықтар:

1. **Құдіретті күш:** Екеуі де табиғаттан тыс күшке ие. Төбекөз де, Полифем де өз күштерімен танымал. Олар өздерінің физикалық мүмкіндіктерін пайдаланып, қарсыластарына зұлымдық жасайды. Полифем — алып, ал Төбекөз — мифтік күштерге ие болатын бейне.

2. **Адамдармен қарым-қатынас:** Екеуі де адамзатқа қарсы тұрады. Полифем өз қонақтарын (Одиссей мен оның серіктерін) құртып, қорқытады, ал Төбекөз қазақ ертегілерінде адамдарға қауіп төндіретін мифтік кейіпкер ретінде көрінеді.
3. **Ақымақтық пен аңғалдық:** Полифем өз күшіне сеніп, тым масаттанғаны себепті айламен жеңіледі. Төбекөздің де көптеген мифтерінде оның өз ақылын асыра бағалап, ессіз әрекеттерге баруы жиі кездеседі.

Айырмашылықтар:

1. **Полифемнің мифтік шығу тегі:** Полифем грек мифологиясындағы құдайдың ұлы, ал Төбекөз қазақ мифологиясында қойшы мен пері қыздың баласы, бірақ өлім мен қорқынышқа байланысты күштерге ие тұлға ретінде бейнеленеді. Төбекөздің мифологиясы көбінесе жергілікті түсініктер мен халықтық нанымдарға негізделген.

2. **Ақыл-ой деңгейі:** Полифемнің мінезі өте ақымақ, ол көзімен ғана таниды, бірақ стратегиялық ойлау қабілетінің жоқтығымен ерекшеленеді. Төбекөздің өзінде қорқыныштың элементі болғанымен, кейбір мифтерде оның өзіндік ақылы мен айлалары болады, бірақ ол көбінесе физикалық күшке сүйенеді.

3. **Қоғамдағы орны:** Полифемнің мифі оның қонақтармен қарым-қатынасынан туындайды, бұл грек мәдениетіндегі қонақжайлылық туралы іліммен байланысты. Ал Төбекөз қазақ мифологиясында көбінесе жауыздықтың және табиғат күштерінің бейнесі ретінде көрінеді, және ол қоғам үшін сырттан келген қауіпті білдіреді.

Неміс ғалымы Густав Фридрих Дицтің Полифем туралы зерттеулері ежелгі грек мифологиясына және Гомердің "Одиссеясына" қатысты терең талдауларға негізделген. Г.Ф.Диц Полифемді Гомердің "Одиссея" эпосында басты антагонисттердің бірі ретінде қарастырды. Полифем – циклоптардың патшасы, өз заманында керемет күшке ие және өзіндік заңдармен өмір сүретін мифологиялық кейіпкер. Диц Полифемді тек қана күшті жау ретінде емес, адамзаттың архаикалық кезеңінің бейнесі ретінде зерттеді. Ол қазіргі қоғамның құрылымы мен мәдениетіне қарама-қайшы болатын ежелгі замандардың тұрғынын көрсетеді.

Г.Ф.Диц Полифем мен Одиссей арасындағы күресті тек физикалық қақтығыс емес, мәдениет пен өркениеттің күресі ретінде де қарастырды. Полифемнің жабайы табиғаты мен Одиссейдің ақылдылығы арасындағы күрес оның мәдениетке, тапқырлыққа деген сенімін білдіреді. Диц бойынша, бұл миф адамның өркениетке қарай дамуының символы ретінде көрінеді, онда ақыл мен білім күшке қарсы тұрады. Диц Полифемнің көзін жауып, оны Одиссейдің айласы арқылы жеңуін символикалық тұрғыдан қарастырды. Бұл әрекет білім мен ақылдың физикалық күшке қарсы жеңісін білдіреді деп пайымдады. Полифемнің көзін шығару — қарапайым халықтың жетілмеген әрі жабайы өмірден білімге, өркениетке, адамгершілікке қарай қадам басқанын көрсететін маңызды метафора.

Төбекөз бен Полифем – әртүрлі мәдениеттердің мифологиясындағы күшті, бірақ кейбір кемшіліктері бар кейіпкерлер. Екеуі де күшті, бірақ ақыл-ой жағынан әлсіз болып көрінеді. Төбекөз қазақ мифологиясындағы табиғаттан тыс күштердің бейнесі болса, Полифем грек мифологиясында бір көзді алып ретінде өз күшін жиі асыра бағалаушы тұлға. Бұл салыстыру арқылы мифологиялық кейіпкерлердің табиғатқа, адамға және күшке деген көзқарастарын салыстырып, әртүрлі мәдениеттердің дүниетанымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көруге болады.

Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қорқыт Ата кітабы» туралы ғылыми еңбектері қазақ әдебиеті мен түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын зерттеуде маңызды кезең болып табылады. Оның еңбектері Қорқыт Ата кітабын тек әдебиет туындысы ретінде ғана емес, мәдениеттану мен философия тұрғысынан да зерттеуге мүмкіндік береді. Әрбір зерттеуінде ғалым халықтың тарихын, әдебиетін, мәдениетін терең түсініп, бұл мұраны бүгінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында жұмыс істеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әуелбек Қоңыратбаев Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2005 ж. 9-том.
2. КлассикалықзерттеулерАлматы, 2013 ж. 16-том.
3. Көне мәдениет жазбалары. Алматы «Қазақ университеті» 1991ж.
4. Китаби-Деде Горгуд: «Новообнаруженный огузский циклоп в сравнении с циклопом Гомера» и «Песни о том, как Басат убил Тепегёза» / Генрих Фридрих фон Диц; главный редактор: Абдулла, Камал. Баку: БМЦМ, 2015. С. 3, 75-78. ISBN 978-9952-28-247-4

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Темірбай Әлиұлы Мұқашев
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Тараз қаласы

Әдебиет тарихын оқытуда әдебиетіміздің өмірге келу, қалыптасу, даму кезеңдерін даралап, әр кезеңге ғылыми тұрғыда мән беріп, зерделей танудың маңызы аса зор. Өйтпейінше әдебиет тарихы танымдық тұрғыда жұтаң тартып, оның ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі мен сол әдебиетті жасаған тарихи тұлғалардың адамзат алдындағы рухани салмағы толық мәнді ашылмайды. Сондықтан әдебиетті зерттеуде өзіндік дара жолын көрсеткен әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерін тереңдетіп оқытудың маңызы зор болмақ. Сондай ғалымдарымыздың бірі Әуелбек Қоңыратбаев екендігі даусыз.

Ә.Қоңыратбаев әдебиет майданына өткен ғасырдың орта шенінен араласып, ұлттық әдебиетімізде кемшін түсіп жатқан, таласты, тартысты мәселелерге қатысты ғылыми ойларын батыл түрде ортаға салып отырғанын аңғарамыз. Оның қаламынан туындаған көптеген мақалаларынан бөлек «Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1950), «Қазақтың Қозы-Көрпеш жыры туралы» (1959), «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962), «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966), «Шеберлік сырлары» (1979), «Қазақ эпосы және түркология» (1987), «Қазақ фольклорының тарихы» (1991), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1994) атты күрделі еңбектері әдебиет тарихын жүйе-жүйемен танып-білуге өлшеусіз үлес қосқан аса құнды мұралар болды.

Ә.Қоңыратбаев әдебиеттану ғылымында фольклоршы, түрколог, теоретик, тарихшы, шығыстанушы, әдіскер аз сөзбен айтқанда жан-жақты ғалым ретінде мойындатқан ат төбелідей ғалымдарымыздың бірі. Демек, біздер Ә.Қоңыратбаевты ауызға алғанда оның сан-салалы мұраларын тізбектей даралап, мәні мен мағынасын тереңдете зерделеп барып, әдебиет тарихының терең қойнауына дендей енетініміз сөзіз.

Кеңестік дәуірде барлығы социалистік деген қасаң қағида үстемдік етіп тұрған кезде ұлттық әдебиетіміздің қалыптасу, даму кезеңдерін бірнеше ғасыр кейінге шегеріп, оның түп негізінде ауыз әдебиеті үлгілері мен шығыстық өркениет тудырған жыр жауһарлары жатқандығын нақты мысалдармен дәлелді пайымдауы рухани ерлік деуге тұрарлық батыл қадам болатын. Мәселен, көне сақ тайпаларынан қалған салт-сананың қазақ фльклорына тигізген әсерін өзінше топшылай келе: «Көшпелі елдер үш түрлі ұғым сатысынан өткен; 1. Алғашқы ру қоғамы, онда адам табиғаттың дайын жемісін теріп жеп жүрген. Тотемизм осы дәуірде туа бастаған. 2. Матриархат дәуірі, бұл кезде қоғамды әйел-ана басқарған, жұбайлы неке болмаған, топтасқан үйлену, абункулат, гетеризм үстем болған. Бұл кезеңде күн мен жерге, әсіресе әйел-анаға табыну соған тән жаңа тотем, жаңа мифология туады. 3. Патриархат дәуірі, бұл кезде қоғамға еркек көсемдік жасайды. Бұл дәуірде жұбайлы неке, аңшылық,

антропологиялық миф (мыстан, желаяқ, шопан-ата) және шаманизм туады», - деген соны пікірді ұсынып ты [1, 28б.]. Әрине, мұндай тосын, беймәлім ұстанымдар сол тұстағы көптеген ғалымдардың түсінігіне қайшы келгендігі анық. Дегенмен, бүгінгі күн дәлелдеп отырғандай ықылым заманда өмірге келіп, біздің заманымызға жеткен көне жәдігерлердің түр-сипаты мен мағыналық болмысы ғалым ұсынған ғылыми тұжырымды расқа шығарып отыр.

Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі көне жәдігерлердегі, атап айтқанда эпостық жырлардағы кейіпкерлерді әлеуметтік салаға бөліп қарастыруға түбегейлі қарсы болды. Бай-манаптардың қатарынан шыққандардың бәрі жаман, кедейден шыққандардың бәрі жақсы деген түсінік үстем боп тұрған тұста мұндай байлам жасау ғалымның даралығын көрсетеді емес пе. Мәселен, Алпамыс - бай, Ұлтан, Қамбар - кедей деген сияқты жіктеу ұлттық руханиятымызға ауыр салмақ салатынын ғалым нақты мысалдармен түйіндейді.

Әрине, ғалым мұндай тұжырымдар жасау барысында өзіне дейінгі қазақтан шыққан әдебиеттанушы ғалымдар мен европалық ориенталист ғалымдардың еңбектеріне арқа сүйеп отрады. Олардың еңбектерн назарға ала отырып, өткенімізді індете зерттеп барып өз ойын ұсынғанын аңғарамыз. Айталық, Ә.Марғұлан қазақ эпосын жіктеуде оны алты дәуірге бөлуді ұсынса, ал Ә.Қоңыратбаев он дәуірге бөліп қарастыруды ұсынады. Олар: «1. Ертегілік эпос («Ер Тарғын», «Мұңлық-Зарлық»), 2. Түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос (Орхон жазулары), 3. Оғыз эпосы (Қорқыт ата кітабы, Оғызнама), 4. Тайпалық эпос (Алпамыс, Қобыланды), 5. Лиро-эпос (Қозы Көрпеш - Баян сұлу, Қыз Жібек), 6. Ноғайлы эпосы (Орақ - Мамай, Қарасай - Қази), 7. Тарихи эпос (Бекет, Долан батыр, 1916 жылғы поэзия), 8. Шығыс дастандары (Рүстем дастан), 9. Авторлық эпос (Еспембет, Өтеген), 10. Совет эпосы (Амангелді, Мәлік)», - деп талдайды [2, 98б.].

Әрине, эпостық жырлардың туу, қалыптасу, даму тарихы жөнінде әр түрлі пікірлер мен тұжырымдар баршылық. Әр ғалым өзіндік ой-пайымдарын ұсынып келді. Дегенмен, бұл тақырып әлі де болса жеке қарастыратын күрделі тақырып екендігін назарда ұстаған жөн.

Ғалым қазақтың жыр жауһары «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырына қатысты зерттеуі сол кезеңдегі аса құнды зерттеу саналды. Ғалым жырдың тарихи-әлеуметтік салмағын зерделей келе жырды үш типке бөліп қарастырады.

1. Жырдың әйел теңдігін өткір сөз ететін халықтық варианттары, бұған ұйғыр, барабы, якут тілдеріндегі ертегілік нұсқалар жатады. Бұл вариант өте көп. 2. Баян мен Қозыны қосатын варианттар. Бұған Бейсембай нұсқасы жатады. 3. Шөже варианты. «Мұнда бұл дүниеде қосыла алмаған Баян мен Қозы қайта жасап, ол дүниеде қосылады», - деуі шындығында көп вариантты ғашықтық жырдың шынайы табиғатын ашып көрсеткен бірден-бір дұрыс шешім деуге болады [1, 145б.].

Ә.Қоңыратбаевтың қайбір зерттеуін алсақ та онда жаңшылдық пен тың тұжырымдардың басым тұстарын байқаймыз. Көне түркі дәуірінен бастау алған әдебиетіміздің қыр-сырын барынша мол ашып, оның қазіргі әдебиетімізге тигізген игі ықпалын аша түседі. Зерттеу барысында көне әдебиет мұраларын түлдік тұрғыда зерттеп, өзара үндестігі мен ұқсастықтары жөнінде ілкімді ойларын қорытып отырады. Сөйте келіп, қазақ әдебиеті ғылымын зерттеуде әдебиеттанушы ғалымдардың тарих мәселесімен көп айналыспайтынын өкінішпен атап өтеді. Әсіресе ұлттық руханиятымыздың бір тармағы шежіреге аса көп мән берілмейтіндігі жөнінде қынжылыс білдіреді. «Сөйтіп біз тарихтың халықтық көзі - шежіреден қол үздік», - дейді ғалым.

Байқасақ, Ә.Қоңыратбаев үшін маңызды емес ешнәрсе жоқ. Әдебиет тарихында ақиқатқа қол жеткізу үшін барлық ескерткіштерге мән беру аса маңызды болмақ. Қолымызға іліккен, көзімізге түскен, мейлі ол шағын болсын, қандай да болса дереккөздер әдебиеттанудағы аса құнды деректер болып саналады. Себебі өткен ғасырдың басында ғана зерттеу нысанына алынған көптеген деректер тарихи ауыс-түйіс уақытында жаттың қолында кетіп, ел ішінде сақталмаған. Көбісі шетел асып, өзгенің игілігіне айналып кеткен. Сондықтан Ә.Қоңыратбаев қолда бар деректерді әжетке жаратып, көмескі тұстарға сәуле түсіруді басты мақсат санапты.

Осындай батыл ойдың барысында әдебиет майданында айтыс-тартыстар да аз болмаған. Ғалымдардың бір парасы ғалымның ойымен келісіп жатса, ал енді бір парасы қарсы пікірлерін білдіріп жатты. Ғылымның өзі пікірталас барысында шыңдалып, өсіп, өркендеп отырады емес па. Ә.Қоңыратбаев та өзінің тұжырымдарына қарсы пікір білдірген ғалымдармен жаға жыртысып жатпай, дәлелді ойларын айтып, өз ұстанымынан айнығаң емес.

Ә.Қоңыратбаев зерттеулерінің тағы бір арнасы қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиеті арасындағы ғасырларға созылған рухани сабақтастық мәселесі болды. Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген оң әсерін айта келіп шығыс әдебиетін төрт бағытта таратады. Олар: 1. Сюжеті Шығыстан алынған прозалық хикаяттар (Мың бір түн, Тотынама); 2. Низами, Науай дәстүрінен бас алған қисса әдебиеті. 3. Ислам идеясына құрылған қиссалар (Салсал, Заркум). 4. Махаббат тақырыбына құрылған романтикалық қиссалар» [1, 50б.].

Қазақ жеріндегі Ренессанс дәуірі мәселесі әлі де болса басы ашық күйінде тұрғандығы жасырын емес. Бастапқы кезеңін Европа жерінде XIII ғасырдан алған ренессанс қозғалысы қазақ жерінде қай ғасырда басталды деген сұраққа ғалым «Ренессанс идеясының алғашқы нышандары XIII-XY ғасырларда көрінеді. Жетісу мен Сыр бойында жазу, сызу, ғылым дами бастайды», - деп нақты кезеңі мен себебін атап көрсетеді [3, 162б.]. Ғалымның пайымына сүйенсек біздегі қайта өрлеу, жаңғыру европамен қанаттаса пайда болған көрінеді.

Қалай болғанда да Ә.Қоңыратбаевтың еңбектерінен үйренеріміз көп. Бұл баяндамада ғалым тарапынан жасалған көптеген тың тұжырымдардың мыңнан бірі ғана қамтылды. Айта берсе бүгінгі таңда әлі де болса толық ашылмаған, көмескі жатқан ғылыми пайымдаулар жетіп артылады. Демек, ізденем десе Ә.Қоңыратбаевтың еңбектерін тағы бір сана тезіне салып, мүлгіп жатқан тарихи ақиқаттың ізіне түскен лазым. Ол әрине келешек зерттеушілердің үлесіне тиген құнды бағыт-бағдар деуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 1994 - 312 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. - 368 б.
3. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 1991. - 400 б.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫ ЖӘНЕ ТҮРКОЛОГИЯ - ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ ЗЕРТТЕУІНДЕ

Меңдібай Әбілұлы

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Тараз қаласы

Жұматаев Көпжан Тесікбайұлы

Ш.Мұртаза атындағы шағын жинақты мектеп-гимназиясының директоры. Түлкібас ауданы, Түркістан облысы

Академик-жазушы, драматург М. Әуезов Әуелбек Қоңыратбаевтың әдебиеттану ғылымына қосқан үлесін жоғары бағалай келіп: «Бұл еңбек қазақ әдебиеті тарихының әрқилы мәселелерін зерттеу ісіне қосылған аса қымбатты үлес. Біз Әуелбек Қоңыратбаевты Қазақстанның талантты жас ғалымдарының бірі деп білуіміз керек» [1, 232б.], - деп жазды.

Ә. Қоңыратбаев бұл бағаны «Қазақтың лиро-эпостық жырлары» деген ғылыми еңбегіне байланысты алған болатын. Әрине, М. Әуезовтың мұндай бағасын алған ғылыми

еңбектің филологтарға, жалпы әдебиеттану ғылымына берері көп еді. Ал Ғабит Мүсірепов: «Туған әдебиетіміздің ардагері және қазақ халқының ежелгі тарихын зерттеуші білікті ғалым ретінде сені 80 жасқа толу мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сен нағыз ғалымға тән қарапайымдылықпен өз еңбектеріңді бастыруға жан-тәніңді салмасаң да, өз басым сені Әлкей Марғұланмен иық тірестіріп тұрған ғұлама ғалым деп санаймын» деп жазыпты.

Өз заманында зерттеу еңбектеріне осындай жоғары баға алған Әуелбек Қоңыратбаевты Әлкей Марғұланмен теңестіру тегін емес. Шын мәнінде Ә. Қоңыратбаев түрен тимеген қазақтың лиро-эпостық жырларын зерттеуге шын ықыласымен кіріскен еді. Ол өткен ғасырдың елуінші жылдары «Шолпанның ақындығы», «Қазақтың Қозы Көрпеш жыры туралы» монографиялары басылып шығып, жас ғалымдардың назарын аударды.

Академик Мұхамеджан Қаратаев Ә. Қоңыратбаевтың сақтар мен ғұндар, үйсіндер мен жужандар дәуіріндегі ауыз әдебиетін оғыз ұлысы мен ноғайлы дәуірімен байланыстырып, әдебиетіміздің тарихын ежелгі дәуірлерге қарай сүйрегенін тілге тиек ете келіп, өзінің зерттеуінде әдебиетші ғалымдарды елең еткізгені рас. Коммунистік иедолгияның өршіп тұрған кезінде әдебиетіміздің тамырын көне дәуірлерден іздеуі аса қауіпті болатын. Осыған қарамастан бүкіл түркі ғалымдарының назарын аударды. Академик М. Қаратаев: «Осы жылдар ішіндегі Ә. Қоңыратбаевтың үлкен бір табысы –«Ежелгі түркі тайпалар поэзиясы және қазақ фольклоры» деген тақырыпта жазған докторлық диссертациясы болған еді. Бұл еңбек өзінің құндылығымен көптеген ғалымдардың назарына ілігіп, академиктер С. Мұқанов, І. Кеңесбаев, Ә. Марғұлан, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелері Ғ. Мұсабаев, Б. Сүлейменов, тарих және филология ғылымдарының докторлары Е. Ділмұхамедов, Б. Кенжебаев, Х. Сүйінішәлиев, М. Дүйсенов, Қарақалпақ және Өзбек ССР Ғылым академиясынан Х. Зарифов, И. Сағитов, Х, Якубов, Т. Мирзаев, М. Алавия сияқты көптеген фольклорист ғалымдардан жоғары баға алған. Мұнда автор Орта Азия халықтарының бай фольклор мұрасын негізге ала отырып, ежелгі түркі тайпаларының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін сақ, хүни, үйсін, жужан, сәнби, одан бергі жердегі оғыз ұлысы, ноғайлы дәуірімен байланыстырып, Орта Азия Ренессансы жайында тиянақты ғылыми тұжырымдар айта білді» [2, 9б.], - деп жазды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының олқы тұстары көп. Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан асып кетсе де әдебиеттану ғылымының өрістей алмай тұрғанына дәлелдер баршылық. Әрине, істеліп жатқан жұмыстар мүлде жоқ деп айта алмаймыз, бар. «Бабалар сөзінің» 100 томдық кітабы жарыққа шықты, жақын-алыс мемлекеттерден, АҚШ-тан, Шығыс Еуропадан әдебиетімізге, мәдениетімізге, өнерімізге қатысты жәдігерліктер Отанымызға келіп жатыр. Осындай мол жәдігерліктерге сүйеніп неге қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін бір ізге салмаймыз?

Атап айтар болсақ мынадай: бірінші-қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері толыққанды ғылыми сипатқа ие емес. «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетіміз» бар, бірақ ол XV-XVIII ғасыр аралығын қамтиды. XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғы мен Қазтуғаннан басталып XVIII ғасырдағы Қожаберген жыраумен аяқталады. XIV ғасырда өмір сүрген Сыпыра жырауды қайтеміз? Кетбұғаны ше? Ғұн дәуірінде өмір сүрген Молақсай жырауды, Тоғанас жырауды қайда қоямыз?

XIX ғасырда өмір сүрген Ыбырай Алтынсарин прогрессив идеяларды іске асырып, мектеп ашып, «Қазақ хрестоматиясын» жазған балалар әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөлсек, оның тарихын ежелгі сақтар мен ғұндардан бастауға болады, оған деректер, дәлелдер, ауыз әдебиетінің мол үлгілері бар.

Неге біз қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі сақтардың ауыз әдебиетінен бастамаймыз? Неге жазба әдебиетіміздің тарихын Есік обасынан табылған күміс тостағандағы жазудан бастамаймыз?

Ал, кезінде өткен ғасырда қисса жанрының маңызы мен мәні туралы мәселе қозғаған Әуелбек Қоңыратбаевтың өсиеттерін неге іске асырмаймыз?

Қисса жанры туралы да білікті пікір айтып, Ә. Қоңыратбаев ежелгі қазақ даласында жазу-сызу өнері болғанын алғашқылардың бірі болып дәлелдеп берген білікті ғалым. Ол өткен XX ғасырдың сексенінші жылдарында: «Қазақ даласында жазу-сызу элементі ертеден бар. «Орхон» жазуларын айтпағанда, мамлюк қыпшақтары тілінде жазылған «Жүсіп-Зылиха», «Құласа», одан қалса «Оғызнама», «Қорқыт», М. Қашғаридің «Құтадғу білігі», «Махаббатнама», «Хұсырау уа Шырын», Ясауи, Бақырғани еңбектері, көптеген тіл-тарих құжаттары, «Кодекс куманикус», өзбектер бастырған қыпшақ, Радлов сөздіктері түркі тайпаларға ортақ болса, солар ең алдымен қазақ даласында, көпшілігі оғыз-қыпшақ диалектісінде көрінеді. Соларды бір ізге келтіріп жоғарғы оқу орындарында жүйелі түрде өту керек» [3, 240б.], - деп жазды.

Академик М. Қаратаев қазақтың қисса әдебиеті туралы жазылған еңбектердің ішінде Ә. Қоңыратбаевтың қосқан үлесі туралы: «Қазақтың қисса әдебиеті» - қазақ фольклористикасында аз зерттелген тақырып. Шайырлық өнер, эпос назирасы, шығыс сюжеттерінен алынған қиссалар жайында тоқтала келіп, ғалым: «Қиссалар шайырлық әдебиеттің үлкен мүлкі... Онсыз қазақтың жазба әдебиетінің тарихы түгелденбейді» - дейді деп ғалымның қисса жанры туралы зерттеуіне пікір қосады [3,11б.].

Ол ғалымдар назарын қазақ эпостарының тарихын зерттеуге аударды. Ескі жазба жәдігерліктердің, қисса жанрын зерттеуге**,** оларды ғылыми айналысқа қосудың маңызды екеніне ой түсірді: «Құтадғу біліктің» қазақ тіліне аударылуы, оны «Қазақ әдебиеті» газетінің жариялауы ерлік болды. Л.Н. Гумилев, жоғарыда көрсеткеніміздей, ертедегі көшпелі тайпалар тарихы жазылмаған десе, сол тарихтың көзін аршып іске қосқан жөн. Соның қатарына біз қисса әдебиетін де қосамыз. Әдебиет ғылымындағы табысымыз аз емес, бірақ үлкен түркологияның жайы ойдағыдай емес. Әйтпесе бізде Гумилевтың «Древние тюрки», Кляшторныйдың «Древнетюркские рунические памятники», «Мифологческие сюжеты в древнетюркских памятниках» сияқты келелі еңбектердің қатарындағы зерттеулер неге аз?» деп қазақ эпосы және түркология ғылымына аса жауапкершілікпен қарау қажеттігіне назар аударады.

Ә. Қоңыратбаев - қисса жанры туралы ғылыми тұжырымдар жасаған ғалым. Қиссашыл әдебиетті өркендетудің кейбір жолдарын ұсынған: «Алайда қиссалар көп жылдар бойында баспа көрмейді. Тек соңғы кезде ғана қозғалыс байқалатын сияқты. Талғамы өскен оқырмандарға әртүрлі рухани азық керек...» [3,242б.] деген ой түсірді. «Қазақ қиссалары төңкерістен бұрын Қазан, Ташкент, Петербор, Орынбор, Тройцк, Орал, Омбы, Семейде басылған еді. Бұл реттен Қазандағы Хұсайновтар, Ташкенттегі Арибжановтар баспасының қызметі зор... Қазақ даласындағы қисса әдебиетінің туып, дамуы оп-оңай болған емес. Бірақ кеңсе қағазына араб әліпбиімен басылған бармақтай қиссалар қыр-сырға бірдей жайылған. Хат танып алған соң, жастар білімін қисса оқумен тереңдеткен. Мұны Сәбит Мұқанов пен Әбділдә Тәжібаев та айтқан...» [3,244б.], - деп қисса жанрының пайда болуымен қалыптасу тарихына наза аударды.

Ә. Қоңыратбаев - қиссалар мен қиссалық әдебиет туралы айта келіп, осы жанрдың қайта түлеуін аңсаған ғалым. Бірақ әдебиеттегі коммунистік жасанды ұрандар оның дамуына кедергі келтірді. Бұл жөнінде де ғылыми тұрғыда мәселе көтерді: «Қисса, шайырлық әдебиетіне арналған зерттеулер ойдағыдай емес. Біреу үріксе, біреу мазмұндайды. Өзі философиялық құбылыс болса, оған эмпиризм жетімсіз. Қиссалар шайырлық әдебиеттің үлкен мүлкі болса, оған жетігірек ой бөлген жөн. Онсыз қазақтың жазба әдебиетінің тарихы түгелденбейді» деп жазды.

Ә. Қоңыратбаев қисса әдебиетін төрт салаға бөледі:

1. «Мың бір түн», «Шахнама», «Тотының тоқсан тарауы» сияқты шығыс сюжеттерінен алынған қиссалар. Олар қазаққа ертеден таныс. Олардың ерте замандарда қазақ арасына тарауы прорести іс болған.

2. Шығыс классиктері Навой, Низамилерден тараған классикалық сюжеттер. Навойдың дивандарын айтпасақ (сатира, ғибрат), «Хамсасы» өз кезінде бүкіл шығыс, Орта Азия елдерін шайқап жіберген. Күңдер мен құлдар құқын махаббат түрінде бастап жырлаған алып Низами болған. Орта Азия әйелдерінің ахуалы феодализм орнаған соң да жақсармайды. Дели патшасында 2 мың күң, Ақсақ Темірде 800 әйел болған. Низами мен Навой осындай әлеумет теңсіздігін жырласа, қазақ соларға қарыздар болған ба?

3. «Сал-сал», «Зарқұм», «Хасан-хұсайын» түріндегі ислам фетишін жырлайтын қиссалар. Хазіреті Ғалидың қылышы көк өгіздің мүйізіне жетіпті делінгенімен, бұл діни қиссалардың өнерге бергені жоқ. Мұның бәрін бір шетенге қамап, жалпылай бағалау жетімсіз.

4. Феодализм (дін қайшылығы) тереңдеген кезде Орта Азия, қазақ әдебиетінде махаббат тақырыбын мистицизм (романтизм) стилінде жырлайтын қиссалар туады. Арабтар 651-жылы Сасандар билігін жойғанда, Орта Азиядан 10-15 мыңдаған құл мен күңдерді олжалап, Мысырға апарып сатады. Феодализмнің бастапқы нұқайы осы. Орта Азия шахтары X-XI ғасырларда ақындарды Ордаға тартқан. Билігін нығайтып алған соң. елге сасандардан да жаман қайырсыз болған. Гарем біткен диқан қыздарына толады. Алпауыттар көбейіп, әрбір жер иеленушілерде жүздеп-мыңдап жұмыс істейтін қыздар көбейеді. Ел кедейленеді, ерлердің қалың көпшілігінде әйел болмайды. Бір кезде сарай салтанатын жырлаған ақындар енді шахтар, алпауыттар ортасынан жиреніп, халық ортасына барады. Олардың ендігі жырлайтыны адам құқы, махаббат тақырыбы болады. Бірақ олардың жыры бір кездегі Низами, Навойларға ұқсамайды. Классиктер махаббат тақырыбын реалдық мазмұнда жырласа, мистик ақындар жерді (феодализм болмысын) зұлымдық, теңсіздік, тамұқ десе, аспан әлемін азаттық жұмақ деп жырлайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М. Әуезовтің қолжазбалар мұрасы. Алматы: Ғылым, 1977
2. Қаратаев М. Әдебиеттің білгір білімдары / Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 198

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Омарова Айнур Жамалбековна
Н. Киікбаев атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Қайсыбір халық болмасын, өз ұлтының болашағы үшін басын тәуекелге тіккен тұлғаларға зәру және оны ұлықтауы тиіс. Сондай ұлт жанашыры болған тұлғаның бірі - Әуелбек Қоңыратбаев. Оның шығармашылығы мен ғылыми зерттеулері қазақ әдебиетінің даму жолындағы үлкен жетістіктер мен жаңалықтарды енгізді. Қоңыратбаев қазақ әдебиетінің теориясын, әдіснамасын зерттей отырып, оның оқыту әдістемесіне үлкен үлес қосты. Бұл баяндамада Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылығы мен оның оқыту мәселелеріне қатысты зерттеулерінің маңыздылығына, сондай-ақ оның еңбектерін оқыту барысында пайдалану жолдарына тоқталамыз.

Әуелбек Қоңыратбаевтың ғылыми шығармашылығы қазақ әдебиетінің жан-жақты зерттелуіне бағытталып, көптеген еңбектер жазған [1]. Ғалымның еңбектерінде қазақ

әдебиетінің тарихы, оның қалыптасу кезеңдері мен көрнекті өкілдерінің шығармашылығы зерттелген.

Ә. Қоңыратбаев қазақ әдебиетінің ауыз әдебиетімен байланысын терең түсініп, оның шығармашылық процестерін зерттеді. Ғалымның еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымында ғылыми әдіснаманың қалыптасуына ықпал етті. Ол әдебиетке ғылыми көзқарасты қалыптастырып, ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қоңыратбаевтың зерттеулері әдебиеттегі стиль, жанр, тақырыптық құрылым, әдебиеттегі көркемдік құралдарды зерттеуде маңызды орын алады.

Қазіргі таңда, білім беру жүйесінде көптеген реформалар жүргізіліп, бірқатар шалағайлықтардың бары да жасырын емес. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым тұжырымдарын жаңғырту зор маңызға ие екендігі даусыз.

Өз еңбектерінде ғалым әдебиет пен тілді оқытуда ұлтшылдық сипатқа ерекше мазмұн беру қажеттілігіне тоқталады [2].

Әдебиет пәнін оқытуда сыни ойлау мен шығармашылық дағдыларын дамыту, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру маңызды мәселе болып табылады.

Ә. Қоңыратбаев қазақ әдебиетін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытуды жаңа деңгейге көтеріп, педагогикалық үдерісте теориялық негіздерді ұсынды. Оның ойынша, әдебиет пәні оқушының рухани әлемін, мәдени көзқарасын қалыптастырудың басты құралдарының бірі. Оқу барысында әдебиетке деген ықылас пен құрметті қалыптастыру үшін оқушыларды шығармашылық жұмыстарға тарту, сыни ойлауға баулу қажет.

Әуелбек Қоңыратбаевтың еңбектерін оқыту барысында бірнеше тәсілдерді қолдануға болады:

Ә. Қоңыратбаевтың әдебиет теориясына қатысты еңбектерін оқу арқылы, оқушыларға әдебиет тарихын, оның жанрлық құрылымын, көркемдік құралдарын түсіндіруге болады. Бұл әсіресе әдебиеттану және қазақ әдебиетінің тарихы пәндерінде өте маңызды. Сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерді дамыту: Қоңыратбаевтың зерттеулерінде әдебиетке сыни көзқарас пен шығармашылық талдаудың маңызы ерекше аталған. Оның еңбектерін оқу барысында оқушыларға шығармаларға терең талдау жасап, өз пікірлерін дәлелдеуге мүмкіндік беру керек.

Тағы бір атап өтетін мәселе – Ә.Қоңыратбаевтың ауыз әдебиеті мен фольклорды зерттеу бағытындағы еңбектерін оқыту барысында оқушылардың халық әдебиетіне қызығушылығын арттыруға болады. Олар қазақтың ауыз әдебиетіндегі жанрлар мен стильдерге талдау жасап, әдебиетке жаңа көзқараспен қарауға үйренеді. Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми зерттеулерінде әдебиетке ғылыми әдіснамалық тұрғыда қарау ұсынылады. Оқушыларды әдебиеттанулық зерттеулер жүргізуге, тақырыптық ізденістер жасауға үйрету арқылы, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытуға болады.

Сонымен қатар, ғалым еңбектерінен алынған мысалдар мен ғылыми талдаулар негізінде оқушылардан шығармашылық жұмыстар немесе эсселер жаздыруға болады. Бұл тәсіл оқушылардың жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылығы қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет оқыту әдістемесіне елеулі ықпал етті. Оның зерттеулері мен еңбектері қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихын тереңірек түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, Қоңыратбаевтың ғылыми көзқарастары мен әдебиетті оқытуға қатысты ұсыныстары қазіргі кезеңде де өзекті болып табылады. Оқушылар мен студенттер үшін оның еңбектерін оқу, оларды ғылыми тұрғыда талдап, пікірталасқа қатысу — қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихын терең түсіну мен зерттеу үшін аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://adebiportal.kz
3. Қоңыратбаев Ә. Әдебиет және өнер. – Алматы, 2011

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ

Алдажанова Раткуль Турлубаевна
№3 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Чкал Рабиға Мұхитқызы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ-дің студенті, Тараз қаласы

Қазақ фольклоры – ұлттың бар інжу-маржанын жиған асыл қазынасы. Қазақ ұлтының бар құндылығы халықтың шығармаларында сақталған. Ғасырлардан жеткен көркем үлгінің тарихы, тектік негізі, жанры мен қалыптасу кезеңдері, ел өткенімен байланысы, қоғаммен қатынасы, жанрлық, түрлік сипаттары мен белгілері т.б. көптеген шешілуі керек тұстары зерттеушілер тарапынан да, фольклорға қызығушылардан да мол сұрақтарды туғызғаны анық [1].

Қазақ халқының фольклоры – ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани мұра. Ол ұлттың дүниетанымы мен тарихи жадының айнасы. Бабаларымыздан жеткен аңыз-әңгімелер, ертегілер, эпостық жырлар, мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қазақ халқының болмысын бейнелейді.

Осындай қымбат, мол мұраны ғылыми тұрғыдан зерттеп, жүйелеп, әлемдік деңгейге көтерген ғалымдарымыздың бірі – Әуелбек Қоңыратбаев. Ол қазақ фольклорын тек әдеби-мәдени құбылыс ретінде емес, оның тарихи, мифологиялық, тілдік және этнографиялық қырларын тереңдете зерттеді. Оның еңбектері бүгінде де өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, жаңа заман талабына сай тың зерттеулерге жол ашуда [2].

Биылғы жылы 120 жылдығы республика деңгейінде тойланып жатқан Әуелбек Қоңыратбаев қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, ғалым, түркітанушы, фольклортанушы ретінде өзінің бүкіл саналы ғұмырын қазақ ауыз әдебиетін зерттеуге арнады.

Ғалым қазақ фольклорын жіктеп, оның әр жанрын тарихи-теориялық тұрғыдан қарастырды. Оның басты еңбектері:

- «Қазақ фольклорының тарихы» (1972) – бұл еңбек қазақ фольклорының даму кезеңдерін, оның шығу тегін, тарихи эволюциясын зерттеуге арналған.
- «Қазақ эпосы және түркология» (1987) – эпостық жырлардың түркілік тамырын анықтайтын маңызды ғылыми зерттеу.
- «Фольклор және әдебиет» (1991) – қазақ фольклоры мен жазба әдебиет арасындағы сабақтастықты талдайды.

Ғалым «Қазақ фольклорының тарихы» атты зерттеуінде қазақтың батырлық жырларын зерттеп, олардың ортақ түркілік негізін дәлелдеді. Ғалымның зерттеулерінде қазақ эпосының, әсіресе, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» секілді жырлардың тарихи және көркемдік ерекшеліктері терең қарастырылған [3].

Қазақ фольклорының басты ерекшелігі – оның ауызша сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуі. Фольклор – қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуына, өзіндік болмысын айқындауына негіз болған мәдени мұра. Ғалым Ә. Қоңыратбаев өз еңбектерінде қазақ фольклорын бірнеше негізгі жанрларға бөліп қарастырды:

1. Мифтер мен аңыздар – көне дәуірдің дүниетанымдық негізін көрсететін әңгімелер.
2. Ертегілер – халық қиялының жемісі, тәрбиелік мәні зор әңгімелер.
3. Батырлық және ғашықтық жырлар – қазақ халқының қаһармандық рухын бейнелейтін шығармалар.
4. Шешендік сөздер – даналықтың, өмірлік тәжірибенің көрінісі.

5. Мақал-мәтелдер – халықтың өмір сүру заңдылықтары мен құндылықтарын айқындайтын қысқа нақыл сөздер [3, 45б.].

Бұған қоса, қазақ фольклорының әр жанрының өзіндік ерекшеліктерін, тарихи даму жолдарын зерттеп, олардың шығу тегін ортақ түркілік мұралармен байланыстырды.

Әуелбек Қоңыратбаевтай ұстанымы берік, ұлтын шын сүйетін ғалымның ерен еңбегінің нәтижесінде қазақтың батырлық жырлары мен аңыздарының түп-тамыры көне түркі дәуірінен бастау алатыны, яғни, ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің түп негізі тым ертеден жатқандығы ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Оның еңбектерінде мынадай маңызды тұжырымдар жасалды:

- Қазақтың эпостық жырларының кейіпкерлері – Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын – ежелгі түркі батырларымен тығыз байланысты.
- Батырлық жырлардың сюжеттік желісі түркі-моңғол мифологиясымен ұштасады.
- Көптеген қазақ ертегілері мен аңыздарындағы бейнелер Көк Тәңірі, Жер-Су культі сияқты түркілік дүниетаным элементтерімен сабақтас.

Аталған тұжырымдар өміршең сипатқа ие, және тек қазақ әдебиеті үшін ғана емес, жалпы түркітану ғылымы үшін басты ғылыми қажеттілік екені даусыз.

Ғалым, халық ауыз әдебиетін жан-жақты зерттеуші Ә.Қоңыратбаев зерттеулеріне сүйене келе, бүгінгі ғылыми танымда қазақ фольклорының зерттелуі жаңа әдістермен толықтырылып, ақпараттық технологиялар арқылы кеңінен насихатталуда.

Қазіргі таңда қазақтың фольклорлық мұрасы:

- Электрондық архивтерде жинақталуда.
- Аудиокітаптар мен подкасттар арқылы халыққа ұсынылуда.
- Ғылыми жобалар аясында жаңа талдаулар жасалуда.

Демек, Әуелбек Қоңыратбаевтың еңбектері жас зерттеушілерге бағыт-бағдар беріп, фольклортану ғылымының дамуына ықпал етіп отыр.

Қорыта айтқанда, қазақ фольклоры – ұлттың рухани коды. Оның маңыздылығы қазіргі кезде бұрынғыдан да артып келеді. Ал, осындай қымбат арнаны кешенді зерделеуде Ә.Қоңыратбаевтай ғалым тұжырымдарын ескеру, жаңаша талаптар деңгейінде саралап, ғылыми баға беру – аса өзекті рухани маңызға ие.

Ғалым зерттеулері қазақ фольклорының тарихи және теориялық негіздерін жүйелеуге ықпал етіп қана қоймай, түркі халықтарының ортақ рухани мұрасын тануға жол ашты. Және тәуелсіз ел ғылымына жаңаша серпін беріп, фольклорды зерттеудің заманауи әдістерін дамытуға мүмкіндік берді.

Бүгінде ғалымның идеялары ақпараттық технологиялармен ұштасып, қазақ фольклорын жаңа деңгейге көтеруде. Оның еңбектері – келер ұрпақ үшін сарқылмас қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://kk.wikipedia.org/
2. Мырзахметов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Рауан, 1994.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.

I СЕКЦИЯ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФАНТАСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ РОЛІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

Сейсембаева Жанар Айтбергенқызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Әдебиет – өнер атаулының ішіндегі ең құдіреттісі. Әр өнердің өзіне тән ерекшелігі, қолданатын әдістемесі немесе құралы болады. Осы жағынан келгенде әдебиеттен басқа өнердің барлығының да мүмкіншілігі белгілі бір шамада болады. Мәселен, сәулет өнерін алайық. Ол өзінің сондай сымбатты тетіктерінің жарасымдылығымен және формаларының ірілігімен адамзатты таң қалдырып келеді; аспанмен таласқан мұнаралар адам жанының сарайын ашып, бойын биікке көтергендей күйге жеткізеді. Дегенмен бұлардың жанға жылы тиетін қасиеті осы жерден шектеледі. Себебі ол біз айтып отырған көркемөнер емес, ол қарапайым, шартты түрдегі символизммен мағыналық жақтан көркемөнерге қарай жақындау ғана, сол көркемөнерге енді аяқ басқан адым ғана; ол ойдың ұшқынын ғана аңғарта алатын көркем форма.

Жанр –даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Жанрлық дамудың өзі - тірі процес. Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады. Бұл да әр әдебиеттің тарихи тағдырлары мен ерекшеліктеріне ұштасып жатады [1, 288б.]. Осынау тұжырымдамалардың шығуына барынша саралай келіп баға берген көрнекті ғалым, әдебиеттанушы Зейнол Қабдолов болатын.

Жанр туралы түсінік жазба әдебиеттің қалыптасуы, дамуы барысында анықталады. Әдебиет - өнердің үлкен бір саласы болса, яғни, өнердің үлкен бір тармағы деп қарастыруға болады. Қазақ әдебиеті - қазақ өнері мен өмірінің айнасы, шежіресі іспетті. Осы өнер мен өмірдің кескінді сұлбасы қазақ әдебиетінде ежелден көрініс тауып келеді. Десе де, жанрға бөліп, жік-жігімен қарастыру әңгіміміздің басындаайтып кеткендей жазба әдебиетпен тікелей байланысты. Қазақтың жазба әдебиеті негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алатынын тіл білімі ғалымдары жан-жақты дәлелдеп берді (Т. Қордабаев**,** Р.Сыздықова**,**С.Аманжолов және т.б). Демек біздің әдебиетімізде жанр, тек пен түрге ажыратып қарастыру да осы кезеңнен бастау алады. Қазақ әдебиетіндегі жете зерттеуді қажет ететін жанр ретінде фантастикалық жанрды айтуға болады.

Фантастикалық шығармалардың көркемдік ерекшелігін талдау мен оны оқытудың жолдары әлі де зерттеуді қажет етеді. Фантаст жазушылар еңбектерінің тереңіне бойлай отырып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну үшін қазақ әдебиетіндегі фантастикалық шығармаларды зерделеу қажеттігі туындайды. Фантастикалық шығарманы оқып өскен ұрпақтың алдында тек шығармашылық байланыс, сюжеттік көрініс қана болмауы керек. Себебі фантастикалық жанр бұл тұрғыдан үлкен зерттеуді талап етеді.

Фантастикалық шығармалар кез келген елдің әдебиетінде орасан зор орын алатын туындылар. Ертеңгі өмірді қиялдаудан, ғаламда жоқты болмыс пен дүниеге сыйдырудан туындаған фантастикалық шығармалар біртіндеп әдебиеттің айнымас бөлшегіне айналды. «Өткен кездегі бір затты түсіну үшін не болмаса қиялдағыш күш арқылы бейнеленген затты

білу үшін ол әуелі қиял күшін іске қосады... Қиялдағыш күш – сезімтал күш пен ойлаушы күштің арасындағы дәнекер» [2, 288 б.],- деп Әбу Насыр әл-Фараби қиялдағыш күштің адамның ойлауына әсер ететін айтып кеткен болатын. Көптеген ғалымдар фантастикалық шығармалардың туындауы мен жазылуы адам өміріндегі көптеген өзгерістерді алып келді, ғылым мен білімнің жаңа сатыға көтерілуіне де үлес қосады, ал ғылым мен білімдегі өзгерістер әдебиеттегі жаңа шығармалардың жазылуына ықпал етеді деп есептейді.

«Ғылым мен техника дамуындағы жаңа кезең, яки космос дәуірі фантастикалық әдебиет тақырыбын да тың өріске шығарды: бұрынғы жадағайлау арманға енді нақты ғылыми деректер араласты, аспан туралы аңқау қиялға бүгінде астронавтика, астроботаника, астрофизика, космос медицинасы секілді ғылымның жаңадан өркен жайып келе жатқан тың салалары арқылы байсалды есеп араласып, ақиқат өлшем мен мөлшер берілді» [3, 4 б.] деп профессор З.Қабдолов «Қазақ фантастикасының поэтикасы» оқу құралында нақтылаған. Және осы еңбегінде қоршаған ортадағы өзгерістердің де әдебиетке жаңа леп әкелетінін, әдебиет пен әлемнің тығыз байланыста екендігіне мысалдар келтірген болатын.

Ғалымдар әдебиеттегі фантастикалық жанрдың дамуын халық ауыз әдебиетімен байланыстырады. Фантастикалық туындыдағы кез келген оқиға, ондағы кейіпкерлер шынайы өмірмен тікелей қатысты екенін жазушы Беркенблиттің мына сөзі дәлелдейді: «Фантастикада негізсіз образдар жоқ, болуы да мүмкін емес. Балаларға бағышталған аңқау ертегілерден бастап, Мюнхаузеннің бір ұрпағы айта салатын қисынсыз өтірікке дейінгі фантастикалық түсінікке мұның қатысы бар» [4, 9 б.].

Қазақ әдебиетінде фантастикалық жанрға келер болсақ, ол да басқа жанрлар секілді ауыз әдебиетінен, ондағы күн сайын емес, сағат сайын өсетін батырлар бейнесінен, қиял-ғажайып ертегілерінен бастау алған. Профессор Б. Кенжебаевтың: «Ертегі деген нәрсе халықтың әлеуметтік-қоғамдық тұрмыс-тіршілігінің жемісі, нәтижесі. Сондықтан да әр халықтың тарихтық, экономикалық-әлеуметтік дамуы дәрежесіне, соған сәйкес мәдениетінің, салт-санасының дәрежесіне лайықты болады. Оларда азды-көпті сол өзін жасаған жағдайдың ізі, ен-таңбасы болады»[5, 79 б.], деген пікірі оған дәлел. Орыс жазушысы М.Горький де ертегінің шындық өмірмен байланысы жайлы түсінігін мына пікірі арқылы білдіреді: «Ішінде шындық кездеспейтін қиял жоқ, шындық пен тілек: аңнан адам әлсізірек – демек, адамға аңнан күшті болу керек; алып аңдар аспандағы құсты ұстай алмайды, осының ақырында ұшу, жермен шапшаң жүру – «желмая етік», «ұшқыр кілем» т.с.с. армандалды... Ертегі гипотезаның прототипі іспеттес» [6.105 б.].

Ал қазақ зерттеушілері М. Әуезов пен Е.Ысмайылов ертегідегі типтердің жасалу жолына былайша тұжырым жасайды: «Ертеректе дерексіз қиял, ескі наным, діни ұғымдар сарыны үнемі кездескенімен, оның халықтық қасиеті, мәдениеттік, көркемдік қасиеттері ешбір кемімейді. Ертек – халық әдебиетінің бай, құнды саласының бірі. Ертекте алдымен керемет фантазия, хиялдың, ойдың шалқыған өрісі бар. Бұл хияли ойлар адам баласының реальды санасынан туған. Ертек өткен феодалдық замандардың қаталдығын, жиреніште әдет-ғұрыптарын батыл әшкерелеп, соларға қарсы ерлігінің, халық данышпандығының тамаша бейнелерін, мәңгі өлмес типтерін алдымызға тартады» [7, 35 б.]. Ертеден осындай сипат алған ертегілердің қазіргі авторы бар үлгісі, тұтастай жалғандыққа құрылмаған қиялдан туындайтын фантастикалық шығармалар дүниеге келді.

Ежелгі шығыс тілінде «ғылыми тас» - «фан тас» ұғымын білдіреді екен. Батыс елдерінің грек тілінен алып жүрген «фантастика» сөзін ғалымдар осымен байланыстырады. Фантастика ескі жанрлардың бірі болып табылады. Жалғыз көзді дәу, таусоғар, желаяқ, жалмауыз кемпір, саққұлақ секілді ертегі кейіпкерлері – сол заманға сай фантастикалық бейнелер. Осыдан фантастика жанрының ежелгі ауыз әдебиетінен бастау алатынын байқауға болады. Әдебиеттің өмірді қиял тұрғысынан бейнелейтін жанры біздің заманымызда өзгеше түрде енді. Зерттеу жұмысында фантастиканың ғылыми фантастика және мистикалық фантастика деген екі түріне қатысты шығармалар зерделенеді. Ғылыми-фантастикалық

әдебиетте ғылым мен техниканың болашағы, адамзаттың табиғат сырларына тереңірек үңілуі өмірдегідей тартымды суреттеліп, басты идеясы ғылымда негізі бар, бірақ әлі іске аспаған жаңалықтармен ұштасып жатса, мистикалық фантастика табиғаттағы тылсым күштер мен олардың пайда болу себептерін көркем суреттеуге бағытталған.

Қазақ фантастикасында геолог-ғалым әрі жазушы Ақжан Машанидің «Жер астына саяхат» атты ғылыми фантастикалық туындысының алар орны ерекше. Кітаптың алғашқы нұсқасы 1957 жылы жарық көріп, қазақ ғылыми фантастикасына жол ашты деуге болады. XX ғасырдың 60-70 жылдары Төлеу Шаханов, Төлеш Сүлейменов, Медеу Сәрсеке, Шоқан Әлімбаев, Шәмшідин Әбдіраман, Медеу Сәрсеке, Абдулхамид Марқабаев, Талап Сұлтанбеков, Раушанбек Бектібаев сынды фантаст-жазушылар ғылыми фантастикаға қатысты елеулі туындылар жазғанын байқауға болады. Фантаст-жазушылардың бірі ғылымның сан-саласының келешегіне ой жүгіртіп, автомобильдің озық үлгісін тілге тиек етсе, енді бірі ауыл болашағын, қойшы қауымның тынымсыз тіршілігін жеңілдетудің жолын іздесе, кейбірі адамзат баласының жарқын өмірі мен болашағын суреттеді. Шығармалардан Египет перғауындарының құпия істерінің мәнін ашуға талпынғандарды да кездестіруге болады.

Шоқан Әлімбаевтың «Данышпан субстанциясы», «Данышпандық альфасы», «Данышпандық формуласы» ғылыми-фантастикатикалық туындыларында ми құпиясын ашу туралы өзекті тұжырымдар қозғалады. Адам миындағы даналық мәйегін табу, оған өзіндік өзгерістер енгізу үшін жазушының ғалым-кейіпкерлері талмай ізденіп, сәтсіздікке ұшыраса да, ғылым жолында ізденулерін тоқтатпай, өздері қалаған нәтижеге жетеді. Бұл туындылар да оқырманның ойлау көкжиегін кеңейтетіні сөзсіз. Ал өзге ғаламшардағы тіршілік иелерімен байланыс орнатудағы ізденіс фантаст-жазушы Төлеу Шахановтың «Тірі көз» әңгімесінен байқалады. Жердегі тіршілік иелерінен көмек сұрау үшін «тірі көз» жасаған бөтен ғаламшарлықтармен қатар автор дабылды жарық сәулесінен де тез таратудың болжамын ұсынған. Келесі фантаст-жазушы Шәмшиден Әбдіраман «Көрінбес қорған» атты ғылыми-фантастикалық әңгімесінде ежелден келе жатқан мал шаруашылығының жаңа жолын іздестірген. Автор қой отарларының жайылымын арнайы күннен ток алатын генераторлары бар әртүрлі бағаналарға бөлу арқылы олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жайылым аймағына бір тетікті басу арқылы кіретін қойшы, түннің кез келген бөлігінде алаңсыз ұйықтайтын қойшы отбасы қазіргі мал шаруашылығымен айналысатын шаруаллардың үлкен арманы. Себебі жайылым аймақтарына жабайы аңдардың шабуылдауы әлі де бар. Сондықтан жазушы өткен ғасырдың 60-70 жылдары көтерген бұл тақырып әлі де өзекті.

Ғылыми фантастикаға бет бұрған жазушылардың басты мақсаты – көзі қарақты оқырманның ғылым мен білімге, түрлі техникаға қызығушылығын арттыру, құштарлығын оятып, танымдарын байыту еді. Себебі ғылыми фантастикада қалам тербейтін жазушылардың көбі ғылымның бір саласын игерген ғалымдар. Мысалы Ақжан әл Машани – геология ғылымдарының ірі маманы, профессор, Жүніс Сахиев – КСРО Ғылым академиясы астрономиягеодезия қоғамының мүшесі болған ғалым, Шәмшидин Әбдіраман – педагогика ғылымының докторы, техника ғылымының кандидаты. Осыдан-ақ ғылыми фантастикаға бет бұру кез келген қалам ұстағанның қолынан келмейтінін аңғарамыз. Бір жағынан, қазір ғылым мен техниканың шарықтау шағында тұрмыз. Кез келген ақпаратты, қажет дүниені кітап бетін ақтармай, ғаламтор парақтап көруді жеңіл санайтын қоғамдамыз. Сондықтан қаламгерлер фантастиканың екінші түрі мистикалық фантастикаға қарай ойысып жатқанын аңғаруға болады.

Табиғаттан тыс күштерде сенім ғылымда «мистика» ұғымын қалыптастырды. Мистикалық фантастикада автор табиғаттан тыс күштердің адам өміріне әсерін сипаттай отыра көркем шығарма жазады. Өзіне де, өзгеде де беймәлім әлемге оқырманды тартады. Фантастиканың қай түрі болса да адамның қиялын дамытатыны, өзі осыған дейін байқаған

құбылыстарға басқаша қарауды үйретететіні, тереңіне үңілуге шақыратыны, не болмаса, шығарманың туындау себебін байланысты зерттеуге ынталандыратыны байқалады.

Кез келген әдебиетте фантастикалық шығармалардың орны ерекше. Қазақ әдебиеті, оның ішінде әр заманда туындаған фантастикалық шығармаға қарап әр дәуірде ненің арман болғаны байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі.- Алматы: Ана тілі, 1996.- 68 б.
2. Әл-Фараби. Трактаты о музыке. – Алматы: Ғылым, 1993. – 129 б.
3. Мархабаев А.Х.Ф. Қазақ фантастикасының поэтикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 375 б.;
4. Беркенблит М., Петровский А. Фантазия и реальность.– М.: Мир,

1968. 369 б.

5. Кенжебаев Б. Қазақ ертегілері/Әдебиет және исскуство. басылым – 1940. - №1. – 79 б.;
6. С. Дәрібаев, Г.Орда, А. Сатылова Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 8 — сыныбына арналған оқулық

С. Дәрібаев, Г.Орда, А. Сатылова Мектеп баспасы 2018, - 177 б.

7. Әуезов М., Ысмайылов Е. Қазақ халық ертегілері // Қазақ ертегілері. Көп томдық. 1 т. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1967.- 392 б.

ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАЕВА ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

Оразбаева Айнаш Аманхосқызы

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің магистранты, Ақтау қаласы

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы

Әдебиет әлемі өзінің жарқындығымен сыршыл-сыншылдығымен ерекшеленеді. Ал әдебиеттегі поэзия – ұлы әлем, тылсым күш. «Поэзия жүректің сөзі. Бір жүректен шыққан шымыр сөз кем дегенде жүз жүректе бұғып жатқан бұла сезімнің бұлықсып бас көтеруіне түрткі болады. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген ұлағатты сөздің өлеңге де толық қатысы бар. Жүректегі сезімді оятқан өлең тегін өнер болмаса керек. Өлеңнің өнегесі сол, ол адамдық сезімді оятып қана қоймайды, оны адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін көтереді. Азаматтық асқар сезімнің шыңы ұлттық сезім де өлең арқылы оянып рухани күш алады» [1, 437 б.], - дейді сыншы С.Әшімбаев. Поэзия – адам жанын тербейтін, жүрек түкпіріндегі ең терең сезімдерді оятатын киелі өнер. Ол адамның рухани әлемін байытып қана қоймай, ұлттың, қоғамның айнасына айналады. Өлең – ақынның жан дүниесінің көрінісі, оның ішкі сезімі мен тебіренісінің сыртқы өрнегі. Сыншы С. Әшімбаевтың пікіріне сүйенсек, поэзия адам жүрегін оятып, оны азаматтық биік сезімдерге жетелейтін рухани күшке ие. Поэзияның бұл қасиетін қазақ әдебиетіндегі ұлы ақындардың шығармашылығынан анық көруге болады. Абай Құнанбайұлы өлеңдері арқылы қазақ қоғамының кемшіліктерін сынап, халқын білім мен ғылымға, рухани жетілуге шақырды. Оның «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым» секілді өлеңдері халықтың ұлттық санасын оятып, ой салатын туындылар. Абай поэзиясы – халықтың рухани көзі, ой санасының айнасы. Тағы бір ерекшелігі – оның тікелей сезімге әсер ететіндігінде. Ақын жүрегінен шыққан сөз оқырманның жүрегіне жетіп, оның жан дүниесін тербейді. Мұны біз Мағжан Жұмабаевтың, Мұқағали Мақатаевтың, Фариза Оңғарсынованың шығармашылығынан көреміз. Мағжанның «Мен жастарға сенемін»

өлеңі жас ұрпаққа деген зор сенімді білдірсе, Мұқағалидың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы табиғат пен адам тағдырын терең философиялық тұрғыдан ұғындырады. Фариза Оңғарсынова поэзиясы – нәзіктік пен қайсарлықтың, сыршылдық пен сыншылдықтың үйлесімі. Оның өлеңдері әйелдің ішкі әлемін, ананың, сүйген жардың, күрескер рухтың бейнесін ашып береді. Фариза жырлары өмірге құштарлықты арттырып, оқырманын жігерлендіреді.

Поэзия – мәңгілік өнер. Ол уақыт өткен сайын жаңарып, заманның үнін жеткізіп отырады. Қазіргі қазақ поэзиясы да қоғамдағы түрлі мәселелерді қозғап, рухани дүниемізді байыта түсуде. Ақындар халықтың үніне айналып, елдің мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырына қосады. Бұл – поэзияның өлмес қасиеті, мәңгілік миссиясы.

Абай, М.Мақатаев, Ө.Нұрғалиев, О.Сүлейменов, Қ.Мырзалиев, Т.Бердияров, М.Шаханов, Ж.Әбдірашев сынды қазақ өлеңін, поэзия жанрын жоғары деңгейге көтерушілер санатына жатқыза аламыз. Сондай бірегей ақындардың қатарында бүгінгі таңдағы Ханбибі Есенқарақызы шығармалары да ерекше орын алады. Хан қызындай Ханбибі есімі бүгінде ел ішінде көпке танымал, ұлтқа белгілі. Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбіш Кекілбайұлы: «Ханбибі Есенқарақызы күйіп-жанып сөйлейді, күйзеле тебіренеді. Сергелдең сезім мен сапырылыстағы сана ғана сөз өнерін құнарландыра алады. Ханбибіде соның екеуі де молынан байқалады. Оның шабыты - әлі арыны қайта қоймаған албырт шабыт. Өлең өлкесіне аяқ басқаны күні кеше болмаса да әу бастағы екпінін еселей түспесе, тежей қоймаған. Ақтүтек шабыт. Біздің поэзия жақсы ақындар мен жақсы өлеңдерге ешқашан кенде болып көрген жоқ. Қазір де солай. Жігіттерімізді былай қойғанда балауса қарындастарымыз - Гүлнәр Салықбаева, Ханбибі Есенқарақызының лирикасы мені қатты тебірентеді... [3] Жазушының ақын шығармашылығын жоғары бағалауының да өзіндік себептері бар. Ханбибі өлеңдері өзіндік бояуы бар, бар қазақылықты бойына жиған асыл қазына секілді.

А.Байтұрсынов өз «Әдебиет танытқышында» өлеңге мынадай ішкі сыртқы шарттарды белгілейді:

а) шын көңілден шыққан сырлы;

ә) былғағыш пікірден таза;

б) терең күйден хабар беретін, терең із қалдыратын болуы керек.

Сыртқы шарттары:

а) көңіл күйінің бейне бір билеуі тәрізді, күй мен би үйлесімдігі;

ә) қысқа;

б) әуезді болуы тиіс. [2]

Ханбибі Есенқарақызы поэзиясындағы рух пен сыршылдық

Қазақ әдебиетінің поэзия жанрында ерекше қолтаңба қалдырған ақындардың бірі – Ханбибі Есенқарақызы. Оның өлеңдері ұлттық рухты, ішкі сезім тереңдігін, сыршылдық пен азаматтық позицияны қатар қамтиды. Ханбибінің шығармашылығы – қазақ әйелінің болмысын, оның қуанышы мен мұңын, махаббаты мен қайсарлығын бейнелейтін поэзия әлеміндегі қайталанбас құбылыс. Ақынның жырларында сергелдең сезім мен терең ой астасып, көркемдік қуаты жоғары поэзия туады. Ол – өлең өлкесіне өзіндік үнімен келіп, ұлттық бояуы қанық, рухани мазмұны терең жырларымен қазақ әдебиетінде айрықша орын алған қаламгер.

Ханбибі Есенқарақызының лирикасы – адам жанының терең иірімдерін ашатын нәзіктік пен қуаттың үйлесімі. Оның өлеңдеріндегі басты тақырыптар – махаббат, туған жерге деген сүйіспеншілік, ана мен бала тағдыры, қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелер. Ақынның әрбір туындысы оқырман жүрегіне жол тауып, рухани әлеміне әсер етеді.

Ұлттық рух пен өрлік

Ханбибі Есенқарақызы шығармашылығында ұлттық рух ерекше орын алады. Оның жырларынан қазақ халқының салт-дәстүрі мен болмысын терең сезінуге болады. Ақын өз

өлеңдерінде ұлттың басынан өткен тарихи кезеңдерді жырлап, қазақтың қайсар рухын дәріптейді. Оның жырларындағы қазақы болмыс пен мінез қайсарлықпен, рухани тазалықпен астасып жатады.

Әсіресе, «Ей, Махамбет ағатай!» өлеңі терең ой мен түйінге, тарихи рухқа толы деуімізге болады.

Өлеңнен үзінді:

Ақын өлді, арынды,
Батыр өлді, қарымды.
Екі тарлан жортпайды,
Ел етіп, ескі Нарынды!
Ол заманда , бұл заман,
Ханның қайқы қылышы.

Ақынның басын сағынды!.. [5, 146 б.] деген жолдарынан-ақ ақын ұлт намысы мен тәуелсіздігін жоғары бағалайтынын аңғара аламыз. Ханбибі Есенқарақызы – тек сыршыл лирик емес, сонымен бірге өткір ойлы, азаматтық позициясы айқын ақын. Оның поэзиясында қоғамның өзекті мәселелері, заман тынысы көрініс табады. Ақын әділетсіздікке, рухани жұтаңдыққа, әлеуметтік теңсіздікке бей-жай қарамай, өз жырларында халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырлайды. Ханбибі ақын шығармашылығында ең бірінші көзге түсетіні де осы көтеріңкі позитив, лидерлік көзқарас. Ол Махамбет батырға арналған осы өлеңінде батырды жоқтау сарынынды жеткізе отырып, қалың халықтың әлеуметтік мәселесін де санамалап жоғары көтере түседі. Дәл осы сарындағы «Желтоқсан» өлеңіде реалисттік көзқарас жағынан ұқсас туынды деуімізге болады.

Махаббат лирикасындағы терең сезім

Ақын поэзиясында махаббат тақырыбы да ерекше сипатқа ие. Оның өлеңдеріндегі махаббат – тек ғашықтық сезім ғана емес, өмірге, туған жерге, халыққа деген терең сүйіспеншілік. Ақынның махаббат лирикасы шынайылығымен, нәзіктігімен ерекшеленеді. Сезім мен жастықты да ақын өз өлеңдерінде кеңінен ашып көрсете алған:

Аспандағы ай ма дедім,
Жастық шағым қайда менің ?
Жүрегімді елжіреткен
Жаным қандай жайдары едің ? [5, 155 б.] – көпке танымал «Нурикамал» өлеңі де осы сезім мен нәзіктік, шынайылықты сипаттауда озық туынды екенін аңғара аламыз.

Бұл өлеңдегі әрбір жол ақынның сезім тереңдігін, оның махаббатқа деген көзқарасын көрсетеді. «Нурикамал» – тек бір адамның ғашықтық сезімін жырлайтын өлең емес, ол жалпы адам жанының нәзіктігін, жастық шақтың әсерлі сәттерін сипаттайды. Ақын махаббатты асқақ сезім ретінде ғана емес, өмірдің ажырамас бір бөлігі, жүрек тербетер ерекше құбылыс ретінде бейнелейді.

Сонымен қатар, ақынның махаббат тақырыбындағы шығармаларында туған жерге, халыққа деген сүйіспеншілік ерекше орын алады. Оның поэзиясында сүйікті жанға деген махаббат пен туған елге деген адалдық бір-бірімен астасып жатады. Бұл ұлы ақындардың барлығына тән қасиет. Ақын лирикасындағы махаббат – таза, пәк, адал сезімнің көрінісі. Ол оқырманды терең ойға жетелеп, адам жанының ең сырлы қырларын ашады. Осылайша, ақынның махаббат лирикасы әдебиетіміздің алтын қорына енген жауһар дүниелердің бірі болып қала береді.

Қазіргі қазақ әдебиетінде Ханбибі Есенқарақызы поэзиясы – өткен мен бүгінді жалғап, болашаққа бағдар беретін алтын көпір. Ол қазақ әдебиетінің өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие берер құнды мұра қалдырды. Г. Орда атап өткендей: «Қазіргі қазақ поэзиясы дәстүр мен жаңашылдықтың синтезінен тұрады. Ақындар өз шығармаларында ұлттық рух пен жеке бастың толғанысын үйлестіре отырып, жаңа мазмұндық деңгейге көтерілуде» [4] . Бұл Ханбибі ақынның поэзиясына да тән ерекшелік.

Ханбибі Есенқарақызы шығармашылығы – қазақ әдебиетінің көркемдік қазынасын байытқан, адам жанына рухани күш сыйлайтын, ерекше қолтаңбаға ие асыл мұра. Ақын жырлары уақыт өткен сайын өзектілігін жоғалтпай, жаңа буын оқырмандарға жол тауып, мәңгілік өнердің үлгісіндей бола беретіні сөзсіз. Оның өлеңдері – тек көркем сөз ғана емес, терең мағына мен ұлттық рухтың үйлесімі. Ханбибі ақын өлеңдері оқырманды өмірдің мәні туралы ойлануға, сезімнің қадірін ұғынуға, туған ел мен жерді сүюге баулиды. Оның лирикасы адам жанының нәзік қылын шертіп, жүректі тербейді, ал азаматтық пафосқа толы жырлары қоғамның шынайы көрінісін бейнелеп, әділдікке, рухани жаңғыруға үндейді.

Ханбибі Есенқарақызының поэзиясы – өткен мен бүгінді жалғап, болашаққа бағдар беретін алтын көпір. Ол қазақ әдебиетінің өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие берер құнды мұра қалдырды. Ақынның жырлары уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа оқырмандарын таба беретіні сөзсіз. Оның шығармашылығы – қазақ поэзиясының мәңгілік биігіне шыққан асыл қазына. Осылайша, ақынның жырлары уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа оқырмандарын таба беретіні сөзсіз. Оның шығармашылығы – қазақ поэзиясының мәңгілік биігіне шыққан асыл қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әшімбаев, С. «Шындыққа сүйіспеншілік». – Алматы: Жазушы, 1987. – 256 б.
2. Байтұрсынов, А. «Қазақтың бас ақыны» // «Қазақ» газеті, 1913 ж.
3. Баршагүл И. «Хан қызындай Ханбибі» // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2024ж.
4.Орда, Г. Ж. «Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр және жаңашылдық» // «Хабаршы» 2024 ж.
5. Есенқарақызы, Х. «Ай туады бозарып». – Алматы: Жазушы, 2004. – 198 б.

СЕМЕЙ ӨҢІРІНДЕГІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

Төлебаева Құралай Тохтарқызы
Alikhan Bokeikhan university, Семей қаласы

Ұлт әдебиетінің тарихында айырықша жанрлардың бірі – айтыс. Айтыстың көркем әдебиет қазынасынан алатын орны айырықша. Егемендігімізді алғаннан бергі уақыт ішінде өмір шындығын бейнелеуге зор үлес қосып отыр. Айтыс жанрының Семей өңірінде қалыптасуы мен дамуын, көркемдік сипатын, өзіндік табиғатын және оның қазіргі айтыс пен жазба поэтикалық өнерге әсерін айқындау бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы көкейкесті мәселелерінің бірі.

Бұл туралы айтыс жанрын зерттеуші М.О. Әуезов: «...Ақындардың өмірбаянын және қолдан келгенше, барлық айтыстарының туған жылдарын, орындарын, жағдайларын түгел, мәлім ететін материалдар жиналып жариялануы шарт» [1, 107 б.],- дейді.

Айтыс – қазақ фольклорында ертеден осы кезге дейін өркендеп келе жатқан жанр.

С. Мұқанов «айтыс» ұғымына: «Айтыс – екі кісінің сөйлесуі: Бұл сөйлесу қазақ тұрмысында қара сөзбен де болған. «Айтыс кейде «талас» мағынасында ұғылып, біреу мен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты» [2, 112 б.], - деген анықтама береді.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, тұрмыс-салт өлеңдері – «Жар-жар», «Бәдік» өлеңдерінен бастау алған айтыс өнерінің бастапқы түрлері жаттанды түрде келсе, кейіннен импровизаторлыққа ойысты. Осыған орай айтыс та белгілі бір салт-дәстүрді орындау

талабынан арылып, саяси - әлеуметтік, қоғамдық өмірдің көріністерін бейнелеу дәрежесіне көтеріледі.

Қазақ даласында айтыс өнері XIX- ғасырдың орта шенінен бастап ерекше кең өріске ие болып, құлашты дамыды. Осы кезде ғасыр поэзиясының салмақты жүгін көтеріп тұрған Семей өңірінен шыққан Жанақ, Сабырбай, Түбек, Орынбай, Шөлке т.б. айтыстың майталмандары, қара сөзге дес бермес шешендері халыққа танылды. «Мезгілінде жазылып қалмағандықтан қазір біз XVI – XVI ғасырлардың ақындар айтысын білмейміз, деректер жоқ. Бірақ сол ғасырларда да айтыстың мол болғаны даусыз» [3, 319 б.], - деген М. Әуезовтің пікірінің құндылығы даусыз. XIX ғасырдағы ірі айтыс ақындарының шығармаларындағы халықтық, ұлттық, көркемдік, шыншылдық сипаттар өзінің негізгі төркіндерін өзінен бұрынғы айтыс өнерінен алып жатты.

Сондықтан, айтыс өнерінің қалыптасқанын білгеннен соң, Семей өңірінде осынау дүркіреген өнердің кімнен бастау алғанын білуге болады. «...Ертіс бойы, бір жағы – қарт қалба, Аягөз, екінші шеті – шежірелі Шыңғыс, Абыралы атырабындағы айтыс өнерінің өзіндік даму тарихы бар» [4, 197 б.], - деп әдебиет сүйер қауым Семей жерін ұлылар мекені, небір дүлдүл ақындар шыққан киелі топырақ деп бағалайды. Шындығында Семей өлкесі, Ертіс өңірі, Шыңғыстау баурайында той-думан мен жиындар жиі өтіп, ақындар айтысының қалыптасып келе жатқан тұсы XVIII ғасырдың аяғына келеді. Бұл дәуірдегі би, шешен, ақындарымыз Ақтайлақ Байғараұлы, жалғасы Жанақ, Сабырбай, Түбек, Орынбай, Шөлке сынды дүлдүлдеріміз айтыс өнерінің дамуына үлес қосты. Бұлар да өз кезеңінің «Аягөз өңірінен шыққан он жеті ақын» атағына ие болған өте атақты сөз зергері, тіл шебері, майталман ақындары еді. XIX ғасырда ақындар тобы көбейіп, ақ алмастай асыл кемел адамдарды тарих өзі толғатып, уақыт өзі тудыра бастады. Қазақ әдебиеті кең қанат жайды. Шыңғыстың сілемі Сандықтас, Ақжайлаудан Дулат Бабатайұлы шықты. Отаршылдыққа қарсы тұрып, елін, жерін қорғауға тынбай күрес жүргізіп, қаламын найза, тілін қылыш етіп, дұшпанға қарсы жұмсаған қажырлы батыр, халқының қалаулысы, адалдық туын жоғары ұстаған ой-сана ақыны болды. Бұдан кейін Абай Құнанбайұлы бастатқан, Абайдың ақын шәкірттері Көкбай Жанатайұлы, Әріп Тәнірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы, Әйіс Шондыбайұлы т.б. айтыс өнерінің тынысын кеңейтті. Кеңестік дәуірде Төлеу Көбдіов, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратұлы, Шәкір Әбенов, Тәңірберген Әміренов, Қалихан Алтынбаев т.б. айтыс ақындары сахна төріне шығып, өзіне дейінгі ақындық дәстүрді жалғасытырып, өзінен кейінгі сөз майталмандарына ағалық үлгі көрсетеді. Тәуелсіздік алғанан кейін ауылдық, аудандық, облыстық, аймақтық, халықаралық дәрежеде өткен сөз сайыстарына Семей өңірінен шыққан Айнұр Тұрсынбаева, Дәулеткерей Кәпұлы, Серікзат Дүйсенғазин, Рүстем Қайыртайұлы, Ринат Зайтов, Сара Тоқтамысова, Қарлығаш Әубәкірова т.б. атадан мұра болып қалған айтыс өнерін жандандырды.

Жазу өнері болмағандықтан фольклористиканың негізгі бір саласы айтыс өнері туды. Айтыс өнері - халқымыздың көтеретін әлеуметтік жүгі ауыр, өрісі кең жанр. Айтыс жанрының шығу тегіне барлау жасасақ, жыр сайысының бұған ұқсас түрлері әлемнің басқадай халықтарында болғандығы мәлім. Ғылымда белгілі болғандай: «Орта ғасырлық Батыс Еуропада кельттерде – фильдердің, Францияда – труверлердің, Орталық Еуропадағы – мейстензингерлердің, Скандинавия еліндегі – скальділердің, орыстардағы – скоморохтардың, Иран, Үнді жерлеріндегі «Мүшайра» мен Аравиядағы «Мұғаллақатқа» қатысқан ақындардың бәрінің де суырыпсалма айтысқа төселген» [3, 268 б.], - деп дәлелденген. Айтыс өнері түркі тектес халықтардың барлығында бар. Алайда, бүгінгі таңға дейін сақтап, қолданып, дамытып жүрген тек қана қазақ халқы.

Түріктің фольклор зерттеушісі Т. Гүнай: «Түрік халқының әдебиетінде айтыс «atışma» деп аталады. Қаратеңіз аумағында атма деп аталатын дәстүрлі халық әндері кең таралған» [5, 73], - деп жазады. Бізге жеткен мәліметтер бойынша айтыс қырғыз әдебиетінде «айтыш» деген атаумен белгілі. Фольклорист ғалым Ж.Таштемиров қырғыздың айтыс өнерін: «Адат-

салт айтышы, чечендер айтышы, ақындар айтышы» [6, 201], - деп үш түрге бөліп қарастырады. «Әзербайжан халық әдебиеті» атты еңбегінде: «деишмеге» ежелгі «дедім-деді» [7, 252 б.], - деген түрлері әсер еткенін айтады. «Дедім-деді» мен айтыс арасындағы маңызды айырмашылық – орындаушы ақындарда. Атышмаға, дейішмеге және айтысқа кем дегенде екі ақын қатысса, «Дедім-деді» түріне тек қана бір ақын қатысып, ол диалог түрін пайдаланып, өзімен-өзі ой-пікір таластырады, кез келген маңызды тақырыпқа қатысты көңіл-күйін білдіреді. Бұл қазақтардағы мысал айтысқа ұқсас.

Қазақ даласында «Жар-жар», «Бәдік» әдет-салт айтыстарынан бұрын да өмір сүргена айтыстар туралы зерттеуші-ғалым Е. Тұрсынов өзінің еңбегінде айтыстың шығу мезгілін: «Сөйтіп, айтыс өнерінің түпкі тамырын жар-жар, бәдік айтысы сияқты құбылыстардан емес, ал жар-жарлардан да, бәдіктен де бұрын қалыптасқан дуальдық фратриалардың ырым-салттарынан, алғашқы қауымның әлеуметтік-экономикалық тіршілігінен іздеу керек деп айтпақпыз» [8, 122 б.],- деп анықтай келе, оған бірнеше мысалдар мен дәлел келтіреді.

Ғалым А. Омарова шетелдік басылымда шыққан мақаласында: «Бұл айтыстардан басқада көне діни, наным-сенімдерге байланысты, салт-дәстүрлік жырлар тобына жататын бақсы сарындары болған» [9, 10].

«Жар-жар» айтысының қалыптасып дамуынан қайым айтысы деп аталатын түрі пайда болды. Қайымдасу- ақындар айтысының алғашқы сатыларының бірі. Қайымдасу – бұл «қайыра айту», «қайта жауаптасу» деген сөздерден шыққан дәстүрлі айтыс. Ол бір – бір ауыз өлеңмен қызбен жігіттің алма-кезек қайымдасу тәсілінде орындалады. Қайым айтыстың құрлысы, оның өзіндік сипаты, айтылу тәсілі жөнінде қазақ арасында:

«Өлеңнің басы екен айым-қайым,
Қас мырза аямайды аттың майын.
Қара жаяу өлеңді әркім айтар,
Қайым өлең айтпаққа бар ма жайың?» [10, 43 б.], - деген жолдар да бар. Қайымдасып айтысу туралы айтыс өлеңдерін зерттеуші М. Жармұхамедұлы былай сипаттайды: Жар-жар өлеңдері қызбен жігіттің топтан бөлініп, біртіндеп өз жандарынан шығарып айтуына, арман-тілегі мен мұң - зарын жырға қосатын қыз бен жігіт айтыстарына ұласқан. Бұл тұста сол қайымдасулардың алғашқы үлгілерінің тым қарапайым да оңай өріліп қиыстырылатынын айтуға тиіспіз. Қайымдасып айтысудың сан алуан кезеңдерін бастан өткерген бұл түрдің алғашқы кезде меңзеп, тұспалдап сөйлеуге бейім болғаны аңғарылады» [11, 63 б.].

Бәдік жырларына келсек, бұлардан да айтыс жанрына тән сипаттарды көруге болады. Бәдік өлеңдері жайында көптеген ғалым – зерттеушілеріміз сындарлы ойларын сарапқа салған. Бәдік дәстүрінің тым әріде туғанын белгілі фольклорист Ә. Диваев:«Бұл бәдік деген сөз бұрынғы қазақ болғаннан бері келе жатқан бір әдет. Біреу «Көш бәдік» деп аузына не түссе, соны айта салады. Сол адамды «көш бәдік» дейді. Бұрынғы атам заманда біреудің малы құтырса, яки аты делбе болса, яки бір малына жылан, қарақұрт тисе, бәдік айтады екен» [12, 250], - деп жазады. Сондағы айтатын өлеңдері негізінен ортаға алған бәдікті індеті бар ауылдан тауға, тасқа, Арқаға, ағыны қатты сулар мен үйіре соққан құйынға, ирелеңдеген жылан мен құйрық – жалы құланға, күл шашқан бұқаға, тіпті, қасиетті Меккеге де көшірмек болады. Алайда, сол көшіру мәселесі тек мұнымен шектеліп қалмайды. Қызбен жігіт бетпе-бет отырып бәдік айтысқанда, сол жырлардың мазмұны бірден өзгеріп, әзіл-оспаққа құрылған күлкілі, ойындық сипаты арта түседі. «Бәдік айтысының ескі наным – сенімді білдіретін сипаттары да айрықша.

М. Әуезов «Әдебиет тарихында» еңбегінді айтысты ауызша әдебиетке жатқызады. Айтысты ішкі мағынасына қарай М.Әуезов төртке бөледі: а) ру айтысы; б) бас мінеуге арналған өлеңдер; в) бұлардан соңғы бір алуан рулардың арасындағы жуандық, зорлық өлеңі; г) сирек кез келсе де, жеке бір түр болатын – білім таласы. Айтыс өлеңдерін сыртқы түр-түзілісіне қарай, орындалу формасын еске ала отырып қайым өлең, қара өлең секілді екі

түрге бөледі.Сонымен ғалымдарымыз айтысты Әдет-ғұрып және ақындар айтысы деген екі жікке бөліп қарастырған.

Осылардың ішінде біздің арнайы қарастыратынымыз ақындар айтысы. Суырып салмалық өнердің (импровизаторлық) өркендеп қанат жайған уақыты XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдан бастау алады. Бұл дәуір – Семей өңірі ән мен жырға бөленген, би-шешендердің, сал-серілердің, сырып салма ақындар өмір сүрген уақыты.

Көріп отырғанымыздай, айтыс өнерінің дамуына үлес қосқан ақындардың көбінің шыққан жері – Семей өңірі. Қасиетті Семей жері – ұлылардың мекені, алашордашылардың астанасы, қазақ руханиятының көшбасшысы болған өңір, қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазаларлық дана тұлғалар осы өңірден шыққан.

Айтыскер ақын және халық мұрасын жинаушы Қалихан Алтынбаев Қазақстан Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының штаттан тыс тілшісі ретінде Семей өңірінен шыққан ақындар туралы тиянақты зерттеулер жүргізген. Аягөздің әйгілі он жеті ақынның есімін ғылыми түрде анықтаған. Ел арасындағы ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырып әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына өткізіп отырған. «Біржан мен Сара», «Тәуке мен Рухия» айтыстарында келтірілген он жеті ақын туралы жинаған мәліметтер әдеби өңірді тану саласына қосылған үлкен үлес болып табылады. Бүгінгі таңда шетелдік басылымдар да «Біржан-Сара» айтысы кеңінен сөз сөз болып жүр «Mapping Perticipant Framework in the Aitys of Birzhan and Sara» [13].

«Ұлылар шыққан орта» атты мақаласында автор Жарма ауданының «Бірінші май» ауылынан бастап Аягөз қаласына дейін тірелетін кең аймақты қалың қазақ баяғыда ақындықтың ордасы, шешендіктің қордасы деп таныған, Ыбырай Алтынсариннің, Мұхтар Әуезовтің қаламына іліккен, аттары аңызға айналған 17 ақын осы ортадан шыққандығы сөз болады.

Он жеті ақынның бастауы болған Ақтайлақ бидің өмірінен, кейінгі артта қалған ұрпақтары жөнінен мәлімет береді. Сол ақындардың әдеби мұраларын халық арасынан көнекөз қариялардан сұрап, жинау керектігін ескертеді.

«Сара сиынған жетеу» атты мақаласын автор Сара Тастанбекқызының туғанына 110 жыл толуына байланысты жазған. Сара пір тұтқан жеті ақынның өмірбаянынан, мекен еткен жерлерінен мағлұмат береді. Сара:

«Хажының осы сөзі болды себеп,
Қолтықтан көтере гөр аруақ демеп.
Дулат, Сабыр, Кешімбай, Сұртай, Жылтыр,
Жанұзақ – қолда дедім-ақын Түбек» [14, 97 б.], – деген шумағының төңірегінде сөз қозғайды.

Сабырбай, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр, Жанұзақ ақындардың өмірінен мәлімет берсек. Сабырбай Ақтайлақұлы 1775 жылы дүниеге келіп, 1865 жылы дүние салған. Сыбанның Байғара тобынан шыққан әйгілі он жеті ақынының біреуі. Зираты Жарма ауданының «Бірінші май» совхозына қарасты «Үш қаражал» деген жерде. Сабырбай ақын «Абай жолы» эпопеясының екі тұсында көрініс береді. Кешімбай Күшікұлы 1829-1851 жылдар аралығында өмір сүріпті. Шежіре бойынша руы Матай. Сара сиынатын тағы бір ақын - Сұртай туралы мәліметіміз аса жұтаң. Тіпті әкесінің атын да анықтай алмадық. Тек білетініміз ол Қыржы руынан, оның ішінде Бықы-қанай тармағынан шыққандығы. Зираты Ақсуат ауданының «Сұлутал» совхозына қарасты «Ақши» деген жерде. Жылтыр Бақайұлы. Ескіше «Бура» руының «қаратаз» тармағынан шыққан ақын. Туған-өлген жылдары белгісіз. Алайда оның туған жиені, жармалық халық ақыны Нұрғали Түнқатаровтың өзі туралы шығарған бір өлеңіне зер салайық. Онда ақын ата тегін былайша таныстырады:

«Арғы атам аты шыққан Бұлғақ еді
Аралап елдің ішін ылғап еді...
Жетеудің біреуі Жанұзақ Шығанұлы» [14, 98 б.].

Туған-өлген жылдарын анықтай алмадық. Әкесі Шыған дөңгелек ауқатты болған. Байжігіт руының «Дәулетбай» тармағынан таралады. Бұл деректертерден байқайтынымыз айтыс жанрына Семей өңірініңде ақындары үлес қосқан.

Қ. Алтынбаевтың «Аңызға айналаған он жеті» атты мақаласында да Сыбан елінің байғара тобынан жыққан 17 ақын туралы сөз қозғайды. «Бідіхан мен Айсара, Көкеннің» айтысында ақпа жүйрік екі қызбен де айтысында жақын туысы «Байғараның 17-сін» мақтан ете сөйлейді.

Айсара мен Көкен – Найманның Мұрын руының Құттымбет тармағынан шыққан апалы-сіңлі ақын қыздар. Бұлардың қонысы қазіргі Ақсуат пен Аягөз аудандары. Біз үшін ең құндысы осы айтыста Бідіханның аузынан Байғарадан шыққан 17 ақынның аттарының аталатыны. Сол сөз сайысында апалы-сіңілі ақын қыздар қарсылыстары Бідіханға:

«Еліңде жүйрік те бар, желтақым бар,
Тобында соның тұрған немақұл бар.
Кесілген көмекейің ақын болсаң
Айтып бер, Байғарадан неше ақын бар?» - деген сауал тастайды. Бідіхан бұған:
«Құдай-ау, айналайын құдіретіңнен,
Берейін барын тауып өз шетімнен.
Елімде Ақтайлақпен онжеті ақын,
Көтерген көңілдерін құрметпенен» [14, 101 б.], - деп жауап қайырады. Қыздар бұған қанағаттанбайды. 17-нің аттарын түгендеп атауды сұрайды. Сонда Бідіхан:
«Жақыным, жамағатым ақын Түбек
Жырлары жұрт аузында жатыр түнеп...» [14, 103 б.], – дейді.

Қ. Алтынбаев өзінің ертеден жинап-теріп жүрген 17 ақын туралы мағлұматын нақтылап, 17 ақынның аты-жөндерін жіктеп көрсетеді:

(Ақтайлақ Байғараұлы, Сабырбай Ақтайлақұлы, Түбек Байқошқарұлы,. Орынбай Сәметұлы, Нұрлыбай Сәметұлы, Ташқан Сәметұлы, Уәйіс Сәметұлы, Әділбай Сәметұлы, Тілеуімбет Түсіпұлы, Әйімбет Түсіпұлы, Шәке Әлсейітұлы, Рай Байсалұлы, Кәдірбек Артықұлы, Өмірбек Өтепұлы, Дайырбек Байсалұлы, Байтұяқ Өтепұлы, Көкен Байсанұлы).

Бұл аталған 17 ақынның есімін көпшілік біле бермейді, бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымында Байғарадан шыққан ақындар шоғырының әдеби мұраларын тауып, зерттеу өзекті мәселелердің бірі.

Бұдан кейін Семей өңірінде айтыс жанрын әрі қарай дамытқан Абай Құнанбайұлы. Абай және айтыс өнері деген ұғымдар сырт қарағанда ұғынықсыз. Бірақ, мұқият қарасақ, айтыс өнері Абайды айналып өтпейді. Ақын шәкірттеріне айтыс өнерінің дамуына, жанрлық үлгіде баюына үлес қосқанын аңғарамыз.

Абайдың бізге жеткен Қуандық қызбен сөз қағысы соның дәлелі. Абай мен Қуандық қыз арасынадағы сөз қағысы туралы М. Әуезов еңбектерінде жазды. Әрі қарай, Семей өңірінде айтыс өнерін Абайдың ақын шәкірттері жалғастырады. Мысалы, «Көкбай мен Әріп» [15, 214 б.] айтысы. Екі ақын сөз сайысына түсіп, өз аталарына шаң жұқтырмайды.

Абайдың ақын шәкірттері ауыз әдебиетінің озық үлгісі айтыс жанрын көркем шығармаларына арқау етті. Мысалы, Әріп Тәңірбергенұлының Хафизден аударды делінетін «Арыстан мен ит», «Қасқыр мен жолаушы» сияқты жанрлық жағынан мысал айтысқа жататын өлеңдер. Абайдың ақын шәкірттері айтыс жанрын терең игеріп қана қоймай өзгеше ізденісер үстінде қазақ әдебиетінде алғаш болып айтыс-дастан жазудың көшбасшысы ретінде танылды.

Ғ. Мүсірепов: «Алыста қалған арғы замандарда туған салт-жырлары мен батырлық және ғашықтық жайындағы мол қорды сақтап қалып, бізге жеткізген – ел ақындары» [16, 177 б.], - дей келе, ел ішіндегі халық ақындарына өз бағасын беріп кеткен.

Ақындық айтыс дәстүрін жалғастырушылардың дені Семей өңірінен шықты. Мысалы, Шәкір Әбенов, Тәңірберген Әміренов, Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратұлы, Қалихан Алтынбаев, т.б.

Қазан төңкерісінің 40-жылдық мерекесіне байланысты 1957 жылы өткізілген мәжіліске орай ұйымдастырылған айтыстағы Т.Әміреновпен сайысқа түскен Қ.Алтынбаевтың ақындық өнері бағаланып, «Айтыс» жинағының 3-томына енгізілген. Сонымен қатар, өзбек тілінде шыққан «Шарқ юлдызы» басылымында жарияланады.

Қалиқан айтысты:

«Семей мен Қарағанды айтысында
Жүлде алған, жеңіс алған сәтті жырлап
Өлкеге, астанаға даңқың кетті,
Әлеумет әуеніңді тәтті тыңдап» [14, 56 б.], – деп бастайды. Тәңірберген ақын болса:
«Ойнақтап ұшқыр қиял шықса шалқып,
Теңіздей терей ойды кетем малтып,
Ақындық арнасынан ақтарылса,
Аузыма сөз тасқынын алам тартып» [14, 57 б.], – деген жауап қайтарады.

Тәңірберген ақын айтыс өнеріндегі жас тарлан Қалиқанның өнердегі қанат қағысын, ақындық қарымын дәл танып, «Байлығын ұлы Отанның жырлап берген, ақынсың жас та болсаң өзім теңді», -деп өнер қуаты теңдес екендігін жасырмайды. Тәңірбергендей ақынның ағалық құрметін көрген Қалиханда інілік ілтипатын көрсетіп, сахнадан достық пейілмен тарқасады.

1970 жылы Лениннің туғанына 100 жылдық мерекесіне байланысты айтыста Семей облысының атынан Қалихан Алтынбаев Көкшетау облысының атынан шыққан Көкен Шәкеевпен додаға түседі.

Көкен ақын:

«А, құйыл жыр көмейден келші саулап,
Уа, сүйсінтші тыңдаушыңды бірден баурап...
Уа, келдің бе енді алшыңа Қалиханым,
Таң қалдыр өнеріңмен жұрттың бәрін...» [14, 63 б.], – десе оған жауап берген Қалиқан:
Айтыстан Семейліктер бас тартпаған,
Әуелден шоқтық биік асқақтаған.
Атақты Төлеу менен Сапарғали,
Айғайсыз жүрегіне ас батпаған [14, 63 б.], –ақындық өнердегі ұстаздары жергілікті ақындар Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратұлы т.б. ақындық жолын жалғастырушымын деп жырлайды.

Айтыскер ақынның басты қаруы- суырып салмалық, импровизациялық өнер. «Импровизатор ақын-үлкен творчествоның адамы... Қазақ ақындарының ежелгі салтында жылдам, бөгетсіз, тыңнан өлең шығарып айта білмегенді, күшті ақын деп танымаған» [17, 23], –деп зерттеуші ғалым Е. Ысмайылов атап көрсетсе, дәл осындай импровизацияға жүйрік ақындар Семей өңірінде көптеп кездеседі.

Тәуелсіздік алғанан кейінгі жылдардағы Семей өңіріндегі ақындық айтыс төл өнеріміздің көкжиегін кеңейтті. Бұл тұста айтыскер ақындарымыз азат ойлап, еркін сөйледі. «Мәдениет бұқара арасындағы енжарлық пен немқұрайдылықты жойып, ұлтқа рух беріп, ілгері басуының жолы мен мақсатын айқынырақ көрсетеді» [18, 101], - деп тәуелсіздік тұсындағы ақындар айтысына зор баға береді.

Мысалы, Балғынбек Имашов пен Семейлік Сара Тоқтамысованың айтысында, Сара:

«Кейбіреу сөз бастауға татымапты,
Жырлайын жамылған соң ақын атты.
Астанада Жоламанқұлақ деген ауыл,

Тоз-тоз боп сынған ердей тоқырапты...» [19, 126 б.], - деп халықтың қайраты мен жігерін айшықтайтын, ұлттық идеялогиялық сипаттағы жер жайлы тол,айтын жырлар туды.

«Айтыста берілген азаттық идеясы, тәуелсіздік алғаннан кейінгі аралықта біздің қоғамдық құрылымымызда басты идеология екендігін айтыс ақындары дәлелдеді...» [19, 22], - дейді. Шынымен де Семей өңірінен шыққан айтыскер ақындарымыз Серік Қалиев, Серікзат Дүйсенғазин, Айнұр Тұрсынбаева, Рүстем Қайыртайұлы, Ринат Зайтов, Сара Тоқтамысова, Қарлығаш Әубәкірова, т.б. тәуелсіздігіміздің баянды болып қалуына үн қосты.

Қорыта келгенде, ақындар айтысының салмағы, түйіні өмір шындығы. Қазақ халықының топтық үлгідегі әдет-салт айтысы бар, ал дербес жанр деңгейіне көтерілген ақындар айтысы Семей өңірінде жаңғырып, қайта түрленгенін саралап көрсеттік. Бұл – айтыстың бірегей де біртуар өміршең жанр екендігіне тоқталдық.

Айтыс өнері қоғамдық, әлеуметтік-саяси мәселеден сыртқары болмайтынын дәлелдедік. Екі айтыскер өмір шындығын дәлелді деректермен көмкеріп, келістіріп жырлайтынын мысалдар арқылы көрсеттік. Тәуелсіздік, бостандық, елдік рух, ұлт намысы, ар-ұждан тақырыбы ақындардың шабытына қарқын беретінін атап өттік.

Қазақ сахарасының өнерге бай өлкесінің бірі – Семей өңіріндегі айтыс өнерінің өзіндік қалыптасу мен даму тарихына тоқталдық және тың деректермен жаңаша пайымдадық.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын AP23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)» жобасы аясында жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Әуезов М. Әдебиет туралы [Мәтін]. - Алматы: Санат, 1997. –304 б.

2 Мұқанов С. Айтыстар туралы [Мәтін]. Кітапта: Айтыс. I том.-Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1964. – 429 б.

3 Әуезов М. Шығармалар жинағы [Мәтін]. 10 том. - Алматы: Ғылым, 2003. –470 б.

4 Айтыстану: Ғылыми жинақ [Мәтін]. Астана: «Жалғас-Print», 2013. –420 б.

5 Yardımcı M. Başlangıcından Günümüze Halk Şiiri-Âşık Şiiri-Tekke Şiiri [Мәтін]. – Ankara: Ürün Yayınları. 2001. – 389 s.

6 Nəbiyev A. Azərbaycan Xalq ədəbiyyatı [Мәтін]. – Baku: Elm, 2006. – 310 б.

7 Вәлијев В. Азәрбајчан Фолклору [Мәтін]. – Бакы: Мааријф Нәшријјаты. – 1985. – 204 б.

8 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері [Мәтін].-Алматы: Ғылым,1976. –196 б.

9 Omarova A, Kaztuganova A, Akimzhanov B, Sultanov A, Zhamanbalinov Y. Kazakh musical and poetric art in the context of globalization. Opcion, 36 (Special Edition 26), pp. 387-406 2020.

10 Қазақ халық әдебиеті. Айтыс [Мәтін]. 1-кітап.- Алматы: Жазушы, 1988. –288 б.

11 Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы [Мәтін]. –Алматы: Мұраттас, 2001. –293 б.

12 Абылқасымов Б. Телқоңыр [Мәтін]. –Алматы:Атамұра-Қазақстан, 1993. –174 б.

13 Dubuisson, Eva-Marie. Mapping Perticipant Framework in the Aitys of Birzhan and Sara Journal of Linguistics Anthropology, 31(3),pp. 357-381.

14 Төлебаева Қ.Т. Қалихан Алтынбаевтың әдеби мұрасы [Мәтін]. Семей, 2021. – 151 б.

15 Тәңірбергенұлы Ә. Шығармалары [Мәтін]. (Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Б.Ердембеков). –Алматы: Информ-Арна, 2006. –520 б.

16 Қасқабасов С. Абай және фольклор [Мәтін]. / Кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. –Алматы: Ғылым, 2002. –274 б.

17 Төлебаева Қ.Т. Айтыс өнерінің жанрлық табиғаты [Мәтін]. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №5 (114), 2016. Астана.

18 Айталы А. Ұлттану [Мәтін]. Оқу құралы. –Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.
19 Қазіргі айтыс. – Астана [Мәтін]: Күлтегін, 2006. 3-кітап. – 320 б.

Ж. ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫ ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы
А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қаласы
Нуртазаева Базаргуль Ахметсадыковна
№22 мектеп-гимназиясы, Астана қаласы

Жамбыл Жабаев шығармаларындағы импровизациялық өнерге тән белгілері:
- Тұтқиылдан қойған сұрақтарға сөз табу;
- Көріктеу, бейнелі сөздерді қолдану;
- Тыңдаушысын өзіне қарату үшін, қаратпа сөздерді қолдану;
- Тыңдаушысына рух беру;
- Риторикалық сұрақты қолдана отырып, ғибратты ойларды жеткізу.

Осы тәсілдер арқылы ақын өзінің импровизациялық, ораторлық шеберлігін байқатады. Мәселен, Құлмамбетпен айтысында:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды,
Ақын болса қайда отыр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Құдеке кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға?
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
Топтан озған о дағы жүйрік болса,
Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!
Жамбыл:
...Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон
Асықсаң ажалыңа келші бермен.
Шүу десе жүйрік озар мынау қолдан,
Демей көр, ескі аруақ алып қолдан.
Қарасай дем бере гөр, менің бабам,
Сөйлейін будақтатып оң мен солдан.
Құлмамбет сен жақсы да мен жаман ба?
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?
Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің бас аманға! [2, 56 б.].

Оқушыларға осы айтыстан үзінді көрсете отырып, шартпа-шұртпен басталған айтыста Жамбылдың саспай, қарсыласына екпіндете жауап қатуынан суырыпсалмалық дарынының анық байқалатынын көрсеткен дұрыс. Осы айтысты бейнелі сөздер қолданылған. Мысалы Құлманбетті Жамбыл қара бүркітке теңейді:

Ұшалмас қара бүркіт қалықтамай,

Құлмамбет сөз сөйлейсің анықтамай...

Бір айтыстың өзінен қарсыласының ғана емес, өзінің де образын ашатын бейнелі сөздерді табуға болады. Сол арқылы ақынның шығармашылық портреті жасалынады.

Қарсыласының назарын аударып, мысын басу үшін «Уа, Құлманбет, сөз тыңда», «А, Құлманбет, Құлманбет!», «Асықпай тыңда, Құлманбет!» т.б. қаратпа, одағай сөздермен өктем сөйлеп, өзінің жеңетініне сенімді екенін көрсету Жамбылдың басты тәсілі. Оқушыларға Жамбылға тән ораторлық ерекшеліктерді айта отырып, жалпы ел назарын аудартуда қолданылатын сөздерді аудиторияға, тыңдаушыларға бейімдеп келтіру қажеттілігі, сондай-ақ, пікір талас, дебат кезінде қарсыласына тойтарыс беру әдебінде айта кеткен орынды.

Жамбылдың шығармаларында импровизациялық тәсілдің бірі – риторикалық сұрақ қою кездеседі. «Риторикалық сұрау (лепті сұрау) – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлеңде қойылған сұраудың жауабында екіұштылық, шүбәлану болмайды, оны оқырман іштей біліп отырады» [3, 41 б.]. Мысалы:

Қалың жаудан қаптаған

Қаймығып беті қайтпаған,

Ел тыныштығын сақтаған

Ардагер батыр кім еді? –

деген риторикалық сұрақ қойып, оның батыр Саурық екенін танытады.

Найзасын тасқа түйреткен

Саурыққа ерден кім жеткен?

Ашулы жерді көздеген,

Жігіттің бәрін түзеген.

Саурықтай күшті батырға

Дулат, түгіл қазақта

Кім бар еді шақ келген?!- деп, сұрақ қоя отырып, оқырманның не тыңдаушысының назарын аудартады да, өзі жауап беріп, батырдың образын аша түседі.

«Импровизация – өнердің ең жоғарғы түрі. Жүйрік ойлау тапқыр сөйлеу – ішкі қуат-серпінге, эмоциялық, экспрессивтік бояуға ие. Бұл сипаттар – шешеннің беделін биіктетіп, тұлғасын асқақтатады, тыңдаушыларды рухтандырады. Импровизация сұраққа жауап беруде, айтыс-тартыста, жарыс сөзге шыққанда аса ұтымды құрал» [4, 36 б.]. Демек, оқушыларға ертеден келе жатқан импровизациялық өнердің даму бағытын айта отырып, қай салада болсын, жұрт алдында сөз сөйлеуге шығар алдында міндетті түрде тақырыбына байланысты жан-жақты дайындалу қажеттілігін айта кету орынды.

Ж. Жабаевтың жасынан өзі халық ауыз әдебиетімен сусындаған. Халық эпостарын жатқа айтқан. Белгілі бір айтысқа шығар кезде, қарсыласы жөнінде мәліметтер біліп отырған. Қарсыластарына тойтарыс беріп, жеңуінің өзі тарихтан хабары бар екендігін, оқып, сауат ашпаса да ел аңыздарына құлағы түрік болғандығын аңғартады. Осы арада, оқушыларға ақынның Құлманбетпен айтысындағы Сұраншы, Саурық туралы айтқан ақпараттарды келтірте отырып, Жамбылдың жеңіске жетудегі себебін анықтатқан дұрыс.

Ақынның даңқын шығарған «Ленинградтық өрендерім» өлеңі де дайындықпен келген. Өлеңнің шығу тарихына тоқтала кетейік.

1941 жылы қыркүйек айы неміс-фашист армиясы Ленинградты қоршап, бомбалай бастайды. Қала қирады. Қазақстан көмек қолын созып, вагон-вагон азық-түлік, қару-жарақ жөнелтті. Қиын сәтте Мәскеуден Алматыға: - Жыр алыбы Ж.Жабаев ленинградтықтарды жігерлендіретін жыр айтып берер ме екен? – деген хабар келді. Республика Орталық комитеті ақын, жазушылармен ақылдасады. М. Әуезов, С. Мұқанов бастан бес-алты жазушы түн ішінде Жамбыл ауылына суыт жүріп кетеді. «Түнде сағат үш шамасында

үйіне барсақ, Жәкең әлі ұйықтамаған екен. Кіріп келгенімізде қолын көзіне қойып көлегейлеп бізге қарады. Барғандардың ішінде: Мұхтар, Сәбит, Әбділд, Тарловский, Тайыр және мен бар едім. Алғадай аман ба, жүрістерің суыт екен – деп, тесіле қарады. Әуелі Мұхаң сөйледі.

- Пәлі, біз ондай жаман хабар болса, бірден топырлап, алдыңызға келеміз бе? Алғадай аман, Жәке, деп құлағына аузын тосып айқайлады [2, 2 б.]. Жазушылар жан-жақтан Ленинградқа арнап жалынды, рухты өлең шығару керек екенін түсіндіреді. Осы арада айтпағымыз, импровизациялық өнердің өзі дайындықты қажет ететіндігі. Сөйлейтін сөзің туралы ақпараттарың болмаса, қанша жерден ақындық дарының, сөйлеу шеберлігің мықты болсын тыңдаушыларыңды әсерлендіре алмайсың. «Ойша әзірлену, іштей, дауыстап жүйе-жүйесін тауып сөйлеу – әрі тиімді, әрі өтімді, әрі логикаға қисынды, әрі көздеген мақсатқа жеткізеді, әрі шешенді құдіретті тұлға деңгейіне көтеріп асқақтатады. Шешеннің балдай лебізі тыңдаушының ой-қиялын дүр сілкіндіреді» [4, 15 б.] – дейді профессор, С. Негимов.

Ж. Жабаев Ленинград атауын білгенімен, ол туралы терең білмейтіні рас. Ал, шынайы өлең шығару үшін нақты мәліметтер керек. Жазушылар отты өлең шығарту үшін Жамбылға Ленинград жөнінде жан-жақтан айта бастайды. Мәселен, С. Мұқанов: «Ленинград қазақ қалқына етене жақын қала, онымен біз ежелден байланыстымыз. Шоқан сонда оқып, қызмет істеген. Қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтары Ленинградта оқып, білім алды. Енді сол қаланы қорғаушы ленинградтықтарға рух беретін толқынды жыр керек...» деп, барынша түсіндіреді. Жамбыл таң ата Алатауды бетке алып, ой үстінде келеді. «Ленинград», «Өрендерім» сөздерін іштей күбірлейді. Яғни, ақын Ленинград турады білді. Не айту керек екенін түсінді. Енді, шабыт үстінде. «Осы кезде Т.Жароков артынан атын ерттей сала Жамбылға қарай шабады... Тезірек домбыраға, қалам, қағазға жетейік» деп екеуі үйге асығыс келеді. Мақсат ауыздан шыққан әр сөзді мұқият қағазға түсіру. Төрт ақын төрт жақтан ақынның әр сөзін қағазға түсіреді. Осылай Ленинградтықтарға қажетті патриоттық өлең дүниеге келеді. Мұғалім өлеңді оқушыларға оқыта отырып, өлеңнің құрылымын: кіріспе (өлеңнің басталуы), негізгі бөлім (басты ой), қорытынды бөлім (аяқталуы) тапқызып, жыр шумақтарының әсерін, өлең не себепті халық көңілінен шыққанын, ақынның даңқын асырғандығын талдату керек. Ең бастысы, оқушы тыңдаушыға ерекше әсер етудің тәсілін түсінгені дұрыс.

«Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлетініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл» [5, 23 б.] – деген екен, Бөлтірік шешен. Бұл – болашақ ораторға қойылатын талап.

Жалпы, ақын-жыраулардың шығармаларын мазмұндық жағынан талдатып қана қоймай, шығармашылық процесіне, өлеңдерінің құрылымына назар аудартсақ оқушы бойына:

- өзінің сөйлеу шеберлігіне сенімділік қалыптасады;
- қазақ сөзінің стильдік және көркемдік мүмкіндігін сезінуге тәрбиеленеді;
- басқа адамдармен қарым-қатынаста дұрыс дауыс тонын таңдай біледі, сөзге талғаммен қарайтын болады.
- Оратордың басты парызы – тыңдаушыларды ортақ пікірге ұйыту, ортақ келісімге келтіру үлкен дайындықты қажет ететіндігін ұғынады. Әр сөздің тәртібі, реті, дамуы болатындығына көз жеткізіледі.

Әдебиеттер:

1. Аристотель. Риторика. Об ораторском искусстве. – М.: Писатель, 1973. – 147 с.
2. Жабаев Ж. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1998. – 256 б.

3. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Анарыс, 2003. – 120 б.
4. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 129 б.
5. Дәдебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақтың шешендік өнері. – Алматы: ҚазҰУ, 1996. – 268 б.

«МАХАББАТНАМА» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы
А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қаласы
Қиарыстанова Гүлжан Қанатқызы
А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қаласы

Филология ғылымдарының докторы, профессор А. Қыраубаева көне түркілік әдеби мұраларды зерттеп қана қоймай, қазақ ұғымына лайықтап аударып, рухани қазынамызды молайтты. Мәселен, Хорезмидің «Махаббатнама» дастанын қазақшалап, мағыналық аударма жасады. Аударма жасаудағы мақсатын А. Қыраубаева былайша түсіндіреді: «Махаббатнама» дастанының қазіргі қазақ тіліндегі бұл алғашқы аудармасы – көркем аударма емес, мағыналық аударма. Көбіне ұйқасы, буын саны сақтала бермейді. Халқымыздың ежелгі мұрасына ілтипатпен қарайтын көпшіліктің шығарманың жалпы мазмұнын түсінуіне мүмкіндік жасау ниеті көзделеді. Әсіресе, сонау XIV ғасырда жазылған ескерткіш тілінің, қазіргі тілімізге етене жақын екендігін аңғарса деген ниетте болдық» [1, 229 б.] – деген екен.

Аударманы оқи отырып, аударылу ерекшелігіне, аудармада қолданылған тәсілдерге назар аударды қ.

Аудармашы Э.Наджип жасаған транскрипциясын негізге алған. Әр жолдың нақышын сақтап, жолма-жол беріп отырған. Алдымен транскрипциясы, сосын аудармасы беріледі. Сонда дастанның қысқартусыз дәл қалпында берілгенін байқай аламыз. Мысалы, дастанның басталуына назар аударсақ:

Ұлығ тәңрінің атын йад қылдым,
Мұхаббат наманы бұнйад қылдым
***
Екі йақту гауһар аламға берган,
Мұхаббат гәнжіні адамға берган [1, 325 б.] – деп осылайша транскрипциясы беріледі. Бір қарағанда түсінікті сияқты көрінгенімен ұғыну оңай емес. Осы арада А.Қыраубаеваның аудармасына сүйенуге тура келеді.

Ұлық тәңірдің атын жадыма сақтап,
Жазайын Махаббатнама жырын бастап.
***
Екі жарық гауһарды ғаламға берген,
Махаббат кенішін адамға берген - деп түпнұсқадан ауытқымай, қазақ ұғымындағы сөздермен берген.

Аудармада кей сөздердің қазақ тіліндегі аудармасы болмағандықтан, түсіндірмелі тәсілі қолданылған. Яғни, реалийлерге сілтемелер арқылы түсініктеме беріп отырған.

«Реалий сөздерді аударма тіліне берудің бірнеше тәсілі бар. Қазақ тіліндегі реалий сөздер жеке сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер болып келеді. Жалпы, аудармада реалийлер

- бір халықтың тұрмысынан, мәдениетінен, әлеуметтік және тарихи дамуынан ақпарат беруде ұтымды тәсіл. Реалийлер арқылы ұлттың өзгеше болмысын анықтауға болады. Белгілі бір ұлтқа тән сөздердің баламасы болмағандықтан аударма барысында түсініктемелер сілтемелер арқылы беріліп отырады» [2, 17 б.]. «Махаббатнама» дастанында берілген реалийлерге назар аударсақ.

Айван – жеті қат көк, дүниені бейнелі тілде айтып отыр.

Лала – ұлу қауашағындағы жарқыраған інжу. Бұл жолдар қазақ ақындарының өлеңдерінде де көбіне қазақшаға аударылмай беріледі.

Намруд – батырлығымен аңызға айналған патша.

Сүлеймен – біздің жыл санауымыздан 9-10 мың жылдар бұрын өткен патша. Дәуіттің баласы.

Жүсіп – шығыс әдебиетінде аса көрікті кісі ретінде дәріптеледі. «Жүсіп – Зылиха» қиссасында қызғанышпен ағалары құлдыққа сатып жібергеннен кейін көп жылдардан соң Мысырға патша болады.

Айуб – Йовтың мұсылманша аты.

Азар – Ибраһим пайғамбардың әкесі.

Парқы – бітімі, болмысы. Бұл ғазал парсыша жазылған.

Мұхаммед Хожабек – Алтын Орда хандарының бірі.

Дәулет – араб тілінде мемлекет.

Хұсайын пернесі – музыкалық аспаптың белгілі бір күйге лайықталған құлақ бұрауы.

Фридун – Фирдоусидің «Шахнама» дастанының кейіпкері.

Мәсіх – Иса пайғамбардың екінші аты.

Шығыс әдебиетінде Сүлейменді сөзбен жеңген құмырсқа жайлы аңыз кең тараған.

Бұл сөздер мен тіркестер мәтінде сілтемелер арқылы берілген. А. Қыраубаева әр сөзге түсініктемені тереңдете беруге тырысқаны байқалып тұр. Осы түсініктемелер арқылы да дастандағы айтылған мәселелерден басты ақпараттарды алып отырамыз.

Дастандағы әріп ерекшеліктеріне де назар аударар болсақ, «Х»әріпінің орнына «ҳ» әріпі қойылған. Мысалы: Зухра - Зуһра, Жахан - Жаһан деп берілсе, «Ә» әріпі «е» әріпіне ауысқан: Сәждә - сәжде, Ічрә - ічре, бәндә – бәнде.

Транскрипциясы:

Көңүл шырын сөзүңга болды Фархад,

Көзүң Кәшмир жадұсұға ұстад.

Орыс тіліндегі Э.Наджип аудармасы:

В сладкие слова твои сердце влюбилось, как Фархад,

Твои глаза дадут урок чародейкам Кашмира [3, 52 б.].

А.Қыраубаева аудармасы:

Көңілім Шырын сөзіне Фархад болды,

Көзің кашмир жәдігөйіне ұстаз болды [1, 358 б.].

Бұл жолдардан А.Қыраубаева ақынның Шығыс кейіпкерлеріне теңеуін дәл бере білген. Яғни, осы жолдардан-ақ, Хорезмидің шығыс шайырларына құрметін байқай аламыз.

«Хорезми дастанының көркемдік сипатын арттырып, оны Қайта өрлеу идеясына жақындататын бір қасиеті – адамның ішкі жан дүниесіне, сезім толқуына үңіліп, психологиясын бейнелеуге ұмтылыс. Ол сұлу қызға ғашық болған жігіттің қыздан жауап ала алмай күйінуін суреттейтін бөлімдерінде жақсы байқалады» [1, 120 б.]. Дастан аудармасында әр жолдың көркемдігі сақталған. Әсіресе, бейнелеу құралдарынан теңеу сөздері де қазақ ұғымына сай берілген.

Транскрипциясы:
Бойұң сару уа санаубар тек, белің қыл,
Офа қылған кішіларга офа қыл.
Ақықың сұхбатыңдың жан болұр сөз,
Қамар тек чеһраңа бақса қамар көз.

Орыс тіліндегі Э.Наджип аудармасы:
Твой стан – кипарис и сосна, а талия – как волосок.
Будь верно верным тебе.
О луноглазая, когда смотришь на твое луноподобное лицо,
Душа горит о речей твоих рубиновых уст.

А.Қыраубаева аудармасы:
Бойың тіп-тік қайыңдай, белің – қыл,
Опа қылған кісілерге опа қыл.
Сенің айдай жүзіңе қарап қаламын,
Асыл сөзіңді естісем, оттай жанамын.

Қазақ тілінде қолданылған «Қайыңдай», «айдай жүзің» теңеулері қыз бейнесін ашып тұр. «Жүзің күндей, Зуһрадай інжу сырғаң көздері», «ернің сенің – дүр мен жақұт», «көгалға Жүсіптей көрік берген», «Нәркес көз», «інжудей тіс» теңеулері арқылы дастандағыдай аудармашы шын ғашықтың болмысын, махаббат азабын, қайғысын бере отырып, оқырманға да романтикалық әсер береді.

Транскрипциясы:
Пері рухсарларның көркқа байы,
Йүзүң- наурыз, уа қашың – байрам айы.

Орыс тіліндегі Э.Наджип аудармасы:
О красавица щедро наделенная красотой пери,
Твое лицо – весна, твои брови – народившийся месяц.

А.Қыраубаева аудармасы:
Пері сұлуларының көрікке байы,
Дүзүң – наурыз, қасың – көктем айы.

Қазақ тіліндегі нұсқасы, орыс тіліндегі аудармаға қарағанда қолданылған теңеулер транскрипциядағы жолдарға сәйкес келеді. Орыс тіліндегідей «сенің жүзің – көктем» деп те алуға болар еді, бірақ А.Қыраубаева наурыз мейрамының түркі тілдеріне ортақ екенінде көрсетуді мақсат етсе керек.

Дастанның үш нұсқасын салыстыра отырып, ғалым А.Қыраубаева аударма барысында транскрипциямен қатар, орыс тіліндегі Э.Наджип аудармасында қатар қолданғандығын байқауға болады.

А.Қыраубаева «Махаббатнама» дастанын қазақ тіліне тәржімалаған аудармашы әрі ғылыми тұрғыда негіздеген әдебиеттанушы. Дастанды қазақтың көркем тілімен аударып қана қоймай «Дастандағы сұлу қыз портретін жасау үлгісі қазақ ауыз әдебиетіндегі арулардың сыртқы сұлу келбетін образды бейнелеулерге жақын екендігі аңғарылады» [1, 123 б.] - деп дастанның жанрлық, көркемдік сипаттарын да ашады.

Жалпы айтқанда, Хорезмидің «Махаббатнама» дастанын оқып, тереңірек түсіну оңай емес. Ол үшін ғалым А.Қыраубаеваның «Шығыстық қисса-дастандар» туралы зерттеу еңбегімен қатар алып оқыса, қабылдауға да жеңіл болары анық. Ең бастысы, Алма Мүтәліпқызы «Махаббатнама» – көне дәуірдегі жазба ескерткіштердің ішіндегі ең бір

мәнді, қызғылықты дастан» [4, 128 б.] – деп, оны тыңтума әдебиет екенін ғылыми тұрғыда негіздеп берді.

Әдебиеттанушы, ғалым А.Қыраубаева «Махаббатнама» - XIII- XIV ғасырлардағы түркі халықтары әдебиетінің озық үлгілерін дамытқан, Қайта өрлеу дәуірінің элементтерін бойына дарытқан озық шығарма екендігін тілге тиек ете отырып, аталған ғасырдағы шығыс әдебиетінің тілі негізінен парсы тілі болғандығына қарамастан, өзі сол тілді жетік білсе де, Хорезмидің өз шығармасын түркі тілінде жазуы Қайта өрлеу мәдениетінің белгілерімен үндесіп жатқандығын айтады. Ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Дастанның идеясы адамгершіл, адал ғашықтар сырын шертеді. Халықтық әуені, адамгершілікке үндеу жағы, прогрестік идеясы айқын. Шығармада елге, ұлысқа, мүскінге рахымды, қайырымды болу насихатталады» [5, 173 б.] – деп атап көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Томды баспаға әзірлеген: Л. Мұсалы. – Алматы: Өнер, 2008. – 304 б.
2. Дәуренбекова Л. Көркем аударма тәжірибесі. – Астана: МастерПо, 2021.– 134 б.
3. Хорезми. Мухаббат-наме. М.: Восточный литературы. – 1961. – 232 стр.
4. Абдиманұлы Ө. Ұмытылмайтын Алма. URL: https://qazaqadebieti.kz/10384/mytylmajtyn-alma
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТІЛІНДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРАЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Кембаева Айнур Тураровна
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы
Байсакалова Жадыра Манатовна
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қаласы

Драмадағы ең маңыздысы – тіл, екіншісі – қимыл. Бет, дене қимылдары, ым-ишара (мимика, жест), эмоция, дауыс ырғағы, екпін, пауза театрдың ажырамас көркемдік бірліктері.

Қарым-қатынастың вербалды емес құралдарына интонация, мимика, ым-ишара, сондай-ақ мимика арқылы берілетін ситуациялық жағдайлар жатады.

Көптеген вербалды емес коммуникациялар күнделікті қарым-қатынасқа кіреді. Оларға адамның қимылы, мимикасы, ырғағы мен тынысы жатады. Өйткені, мұндай құралдар мазмұнның абсолютті анықтығын жасауға көмектеседі. Қарым-қатынастар тапсырманы нақтылайды және мазмұнға жеке «сипатты» береді.

Қазақ тіл білімінде аз зерттелген құбылыстардың бірі – ымдау тілі. Паралингвистика саласы коммуникацияның квазивербальды элементтерін зерттеумен айналысады. Қарым-қатынастың бұл вербалды емес элементтері арқылы адамдардың эмоциялары мен сезімдері айқын көрінеді және оларға өз ойын жеткізу оңайырақ болады. Кейде тұтас сөйлем немесе сөз, сөз тіркесінің орнына дене қимылы (дене тілі), ым мен ым-ишара (ым-ишара, мимика) қолданылады. Сондықтан тілдік құбылыстардың табиғатын толық түсіну үшін бейвербалды элементтерді зерттеу қажет екені анық.

Орыс тіл біліміндегі ымдау тілі А.В. Филиппова, Т.М. Николаева,

А.А. Акишина, Е.В. Красильникова, Л.Н. Канаподе және т.б. Қазақ тілін оқытудағы ишараттар мен белгілер М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова,

Қ.Қажығалиева оны әр қырынан үзік-үзік зерттеген.

Б.Момынова да, А.Бейсембаева да қазақ тіліндегі ым мен ым-ишараның тұңғыш қазақша-орысша түсіндірме сөздігін жасады (2003). Бұл еңбекте авторлар дене қимылының (тілдік дене), ым мен ым-ишараның (еліктеуіш, ым-ишара) мағынасын ашуға тырысып, кейбір жағдайда белгілі бір фразеологиялық бірліктерге негіз болатынын анықтап, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін түсіндіреді. егжей-тегжейлі, басқа тілге аударғанда қалай, қандай тәсілдермен аударылғанын нақты білуге болатынын көрсетеді [1, 18 б.].

Сондай-ақ ымдау тілі бойынша Парламент депутаты. Ешімовтің «Қазақ ым-ишарасы» (2007) лингвистикалық-мәдени сөздігі бар. Сөздікке күнделікті қарым-қатынаста кездесетін екі жүзден астам ұлттық және әмбебап бейвербалды әрекеттердің түрлері енгізілген және топтастырылған [1, 94 б.].

Адам денесінің қозғалыстары туралы (мимехтер) алғаш рет 1918 ж. Н.И. Бұл Ашмаринаның жұмысында көрсетілген. Ғалым мемдерді дыбысқа, жарыққа және қозғалысқа, тірі ағзаларда болатын құбылыстарға, балалардың сөйлеуіне еліктеу құбылысынан туған еліктеулерге байланысты еліктеулерді анықтайды. [2, 59 б.]. Бұдан ғалымдарға көрсетілген мемдердің таза еліктеу сөздер екенін көреміз.

Қарым-қатынастың вербальды емес құралдары сөйлеу процесінде жүретін тілдік құралдардың қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Сөздің «мағынасын» түсінудің алғы шарты адамның не айтқанында емес, оны қалай айтқанында. «Қалай?» сұрақтың, келіспеушілік пен келіспеушіліктің фонында да бір нәрсеге қызығушылық таныту немесе оны жоққа шығару, сүйіспеншілік пен сүйіспеншілік, екпін, көзқарас, шағым, күлкі, үзіліс (пауза) т.б. сезімдік сигналдар басылуы мүмкін. Мысалы, терезе алдындағы шам - бұл ескерту, тыйым салу немесе шақыру, «қалай?» Деген сұрақ. сұрақ төңірегінде ойлануға мәжбүр етуі мүмкін.

Н.И. Джинкин тілдік қатынас мағынасын ақпараттың екі ағынының біріккен әсері ретінде анықтайды: дискретті ағын – сөздер; бейнелердің үздіксіз ағымы – екпін, қозғалыс, қозғалыс.

Тыныс алу, яғни тыныс алу – дыбыс энергиясы, жүректің тамыры. Тыныс алуды ұтымды пайдалану актердің дауысын байытады және оның денсаулығына пайдалы әсер етеді. Тыныс алудың екі түрі бар. Бұл физиологиялық және дыбыстық типтер.

Физиология – ағзаның қызметі және оны реттейтін заң. Яғни, адам еріксіз және автоматты түрде тыныс алады. Фонация – сөйлеу мүшелерінің қызметі нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылуы. Бұл адамның тыныс алу процесін саналы түрде реттеп, еркін тыныс алуын білдіреді.

Ауызша сөйлеудің дикциясы, дауысы, екпіні, тыныс алуы, орфографиясы, логикалық және интонациялық заңдылықтары – осының бәрі сөйлеу дағдысының маңызды және қажетті жақтары. Сахнадағы өнерпаздың аузынан шығатын дыбысқа қойылатын ең басты талап – дыбыстың таза, анық болуы. Яғни, дикция – дыбыстың анық айтылуы. Сонымен бірге орфографиялық және логикалық сауаттылық талап етіледі, ойдың анықтығы мен анықтығы қамтамасыз етіледі.

Сахналық шығармаларды жасауда семиотикалық жүйелердің өзара әрекетіне келетін болсақ, тілдік жүйе ішкі құралдар арқылы сезімді, түрлі эмоцияны, мазмұнды басым түрде білдіреді.

Сахна тілінің жалпы мәселелерін айта отырып, драматург сахнадағы өмір шындығын ерекше көркем тіл арқылы ғана көрсете алады. Өйткені, сахна тілі – бейсаналық, өмір шындығын қаншалықты дәл суреттеуге тырысса да, эстетикалық өнерге бағынышты тіл. Ф.И. Шаляпин сахналық шығармалардың эстетикалық көрінісіне: «Бейнелік сұлулық тіпті ұсқынсыздықты бейнелеуде де болуы мүмкін - бұл бос сөз емес. Бұл кедей адамның суреті сияқты қарапайым және даусыз шындық. Сахнадағы сұлудың бейнесі неғұрлым әдемі болса, асылы бекзат болуы керек» [3, 512 б.], мұны дәл сипаттайды.

Тілдік қатынастың мазмұны ондағы барлық тілдік элементтердің мағынасынан әлдеқайда кең. Яғни, қарым-қатынас барысында тек тілдік тұлғалардың мағынасын білу жеткіліксіз. Себебі, сөз мазмұнының контексінде сөзбен берілетін мағынамен қатар, мағынаның вербалды емес компоненттері де кездеседі.

Сахналық ым-ишараның күнделікті өмірдегі ым-ишарадан айырмашылығы, мұнда актер көрерменнен алыс болса да, ым-ишара мен дене қимылын күшейтіп, көрермен еш ойланбастан көре алатындай табиғи қалпында екі рет көрсету керек. Мұндағы ым-ишара екі бағытқа бағытталған: актердің серіктесіне және көрерменге. Қарапайым өмірде адамдар сөйлесу кезінде дене қимылдарына мән бермей, еркін қозғалады. Ал актердің дене қимылдары кәдімгі өмірдегіден мүлде бөлек, сахнадағы іс-әрекеті мен жағдайына байланысты эстетикалық әдемі. Бұл қасиет оның маңызды қасиетін анықтайды.

Дене қимылдарының көркем әрі әсерлі болуы үшін актерлік техникаға үлкен мән беріледі. Актерлік техника саналы түрде жасалды. Техника ішкі және сыртқы, яғни рухани және физикалық тұрғыдан жұмыс істейді. Ішкі техника шығармашылық процестің шығу тегіне байланысты болса, сыртқы әдіс интонацияны, бет пішінін, актер қимылын, дауысты пайдаланып сызықтардың табиғи, әдемі берілуімен жүзеге асырылады.

Демек, актерлік техниканың эстетикалық қызметі – әдемі пластикалық әрекеттер арқылы тілді жандандыру.

Қимыл сөздерді емес, сезімдерді растау үшін қолданылады. Сондықтан драмалық актер өз дауысының табиғи тембрін, вокалдық білімін, техникасын, актерлік талантын, интонациясын, сөйлеу жылдамдығын, мәнерлі сөйлеу қабілетін үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

Дене қозғалыстарының көпшілігі мағыналық (мағыналық), көрнекі (иллюстративті), сенсорлық (эмоционалдық) қызмет атқарады. Адам сөзбен айта алмағанын немесе сол сәтте айтқысы келмегенін ым-ишара арқылы білдіреді. Ымдар белгілі бір мақсатта қолданылады, адамның көңіл-күйін білдіреді, үнемі әрекетте болады. Қимыл тек қолмен ғана емес, иекті қағу, басын шайқау, т.б.

Актердің сахнадағы ең белсенді бөлігі – қолы. Мысалы, күнделікті өмірде оң қол көптеген функцияларды орындайды, бірақ сахнада мағыналық немесе эмоционалдық жүктемесі бар сөздерді айту кезінде актер екі қолын пайдаланады. Актердің бұл техникалық арсеналы көрерменге анық көрінеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, актер сахнадағы образды жай қимылмен емес, пластикалық көркем қимылмен ашуы керек. Сондықтан сахнадағы жылдамдық рөл атқармайды, актердің әрбір қимылын есептегенде ғана көрермен не болып жатқанын сезіне алады. Сонымен қатар, сахнадағы «жылдамдық» көру заңдарына қайшы келмейтін анық және нақты болуы керек. Мәселен, сахнадағы бір қолдың, саусақтардың, саусақтардың ұштарының қимылдары көрермендердің назарын өзіне аудартады. Ал егер сіз оны тезірек және көп қолдансаңыз, онда, керісінше, сіз оны байқамай қалуыңыз мүмкін.

Ф.И. Сондықтан Шаляпин: «Им-шара дененің қимылы емес, жанның қозғалысы» деген.

Сахнадағы іс-әрекеттер ішкі қажеттіліктерден туындап, сахна мақсатына қызмет еткенде тиімді болады. Актердің ішкі техникасы барлық коммуникациялық арналарды белсендіруден, яғни сахнада сөйлеуінен көрінеді.

Сахналық жағдайдағы иллюстрациялық қимылдар жолдардың алдында немесе кейін берілуі керек. Өйткені, бұл жұртшылықтың ашуын тудыруы мүмкін. Көрермендер тек актердің қимыл-қозғалысын бақылап, сызықтарына мән бермейді. Бұл сахналық әрекеттерді зерттеген теоретик

И.Е. Кох «адамдардың басым көпшілігінде есту қабілетінен гөрі көру қабілеті басым» деп көрсетеді [4, 19 б.].

Б.Момынова да, А.Бейсембаева да қазақ тіліндегі ым мен ым-ишараның тұңғыш қазақша-орысша түсіндірме сөздігін жасады (2003). Бұл еңбекте авторлар дене қимылының

(тілдік дене), ым мен ым-ишараның (еліктеуіш, ым-ишара) мағынасын ашуға тырысып, кейбір жағдайда белгілі бір фразеологиялық бірліктерге негіз болатынын анықтап, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін түсіндіреді. егжей-тегжейлі, басқа тілге аударғанда қалай, қандай тәсілдермен аударылғанын нақты білуге болатынын көрсетеді [4, 131 б.].

Пьесаның мазмұны оның мәтінінде қамтылған. Демек, актер сөзбен, қимылмен үйлескенде ғана пьесаның мазмұнын жүйелі жеткізе алады. Бұл туралы С.С. Татубаева «Демек, сахналық театрдың ым-ишарасы (драмада, операда), әдетте, толық, кең, «қысқартылған», ым-ишара міндетті түрде көрінетіндіктен, мәтінмен және интонациямен бірге «сөйлеуі» керек» [5, 4 б.], бұл өте орынды екенін білеміз.

Сахналық коммуникативті әрекеттегі ең тұрақты және кең таралған ым-ишараның бірі сәлемдесу қимылы. Сәлемдесу, тағзым ету, иіліп сәлемдесу, қол алысу, оң қолды кеудеге қойып амандасу, құшақтап амандасу, қол алысу, төспен амандасу кейіпкерлердің сахнада жиі кездесетін әрекеттері. Мысал ретінде «Еңлік – Кебек» пьесасынан мысалдар келтірейік:

Кебек келеді. Ол батыр емес, сымбатты, сәнді бала.

Ол сыпайы түрде иіліп тұрады.

Абыз таңғалып, қызығады, күтпеген жалғыз жан пайда болады.

Қараменда (тұрып). Бір кедей ауылдың баласы болып жалғыз тұрған елде едің. Артымызда уайым-қайғыны қалдырып, тосқауылдың тар аралығында кездесеміз. Құшақтап алайын, қарашы, кел, Коби! (Екеуі бір-бірін көреді, бәрі отырады.) Жаным, елің аман ба?

Сөйлеудің кез келген түрінде интонация негізгі рөл атқарады. Поэтикалық мәтіннің мағыналық байлығын, оның фонетикалық-мелодикалық жағын ашуда интонацияның алатын орны зор. Интонацияға мағыналы және ырғақты үзілістер, логикалық екпін және қарқын жатады. Интонация, үзіліс, күлімсіреу, көзқарас - эмоционалдық сигналдарға тікелей әсер етеді.

Демек, кез келген тілдің жалпы жүйесіндегі интонацияның орнын анықтау оңай шаруа емес. Б.Мальмбергтің ойынша, кез келген тілдің құрылымының негізінде просодия орны, яғни интонация жатыр, оны түсінбеу, мағынасын түсінбеу тілдің жалпы табиғатын түсінбеумен бірдей.

Бұл еңбекте авторлар дене қимылының (тілдік дене), ым мен ым-ишараның (еліктеуіш, ым-ишара) мағынасын ашуға тырысып, кейбір жағдайда белгілі бір фразеологиялық бірліктерге негіз болатынын анықтап, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін түсіндіреді. егжей-тегжейлі, басқа тілге аударғанда қалай, қандай тәсілдермен аударылғанын нақты білуге болатынын көрсетеді [6, 18 б.].

Драма – бұл әрекет деп айттық. Қозғалыс, әрекет жоқ жерде драмалық шығарма болмайды. Актер сахнада жүр ме, жоқ па, ол дереу актерлік өнерге кірісуі керек. Мысалы, сахнадағы эпизодтық көріністің өзінде актер адамның мақсатқа жету жолындағы ой-өрісін, оқиғаны баяндау, бейнелеу немесе еске түсіру жолын анық көрсетуге тырысады. Мұнда актер жаудың оны тоқтатуына немесе оның сөзін бөлуіне мүмкіндік бермейді. Көрермен де басты кейіпкердің қиялы мен уәжін түсінуге тырысады, эпизодтың мағынасын, яғни мәтінді анық және көрнекі түрде қабылдайды. Сондықтан да көрермен көп сауалға сахнадан жауап іздеп, театрдан кеткеннен кейін де амалсыз ойланады.

Режиссердің мақсаты – адамдарды өмірлік сұрақтарға жауап тауып, сахнадан тыс уақытта да саналы өмір сүруге шақыру. Бір ғана эпизодтың әсерлі мағынасы техникалық шеберлікті және арнайы құралдарды қажет ететін өте қызықты, маңызды, типтік құбылыс.

Бұл жерде біз бір әсерлі көріністің артында белгілі бір жинақылыққа ұмтылу, сөйлеу қарқынын өзгерту, сөйлемдерді тұтас сөйлеу блогына біріктіру туралы айтуға болады. Бұл фразадағы стресс пен тыныс алудың басқа құрылымына әкеледі. Сөз мәнерлі болады, бір жылдам леп қойылса, сөз тіркесінің динамикасы артады. Сөйлеу эпизодын дұрыс құрастырмау сөздерді стресспен жұтуға әкеледі. Эпизодтың драмалық мәні сөз тіркесінің екпіні арқылы анықталады. «Мағына» мен «мағына» арасындағы бұл қатынас актерлерді

дайындау әдістемесі мен сахна тілін түбегейлі түзетуден тұратын сөйлеу ортасының негізгі мәселесі болып табылады.

«Мағына» және «мағына» сөйлеуде жүзеге асатын құралдар. «Мағына» ең алдымен мәтінде немесе сөйлеуде автор қолданатын тілдік құралдардың бүкіл жүйесімен анықталады. Бірақ мәтіннің мазмұнымен салыстырғанда сыртқы грамматикалық мазмұны нашар болады. Мәтінмән, тыныс белгілері, сөйлем құрылымы және авторлық ескертулер жазбаша «мағынаны» түсіндіруге көмектеседі. Ал ауызша түрде «мағына» ең алдымен барлық вербалды емес коммуникация құралдарының көмегімен, яғни мәтін мағынасын ашудың тілдік емес кодтары арқылы жүзеге асады. Сөздермен бірге олар адамның психофизикалық өмірінің күрделілігі мен байлығын, мәтіннің мазмұнын және проблемалық тұжырымның дәлдігін көрсетеді. Сондықтан тілдік тұлға тілдік және тілдік емес жағдайды талдау кезінде қажетті мазмұнды, қажетті «мағынаны» түсіндіруді талап етеді.

Тыңдаушыны мазмұнды біржақты және терең қабылдауға бағыттайтын, сонымен қатар оны жеткізуде үлкен үнемдеу туғызатын экстралингвистикалық мағынаны білдіреді. Г.В. Колшанский қызықты мысал келтіреді: 30%-дан 90%-ға дейін сөйлемнің құрылымы дұрыс емес немесе толық емес болуы мүмкін, ал контексттегі мазмұн интонация арқылы түсініледі [7, 67 б.]. Сондай-ақ экстралингвистикалық қарым-қатынас құралдары әрқашан лингвистикалық әрекетке тән, яғни олар сөздің мағынасын арттырып қана қоймай, оны өзгертеді.

Көптеген вербалды емес коммуникациялар күнделікті қарым-қатынасқа кіреді. Оларға адамның қимылы, мимикасы, ырғағы мен тынысы жатады. Өйткені, мұндай құралдар мазмұнның абсолютті анықтығын жасауға көмектеседі. Қарым-қатынастар тапсырманы нақтылайды және мазмұнға жеке «сипатты» береді.

Қазақ тіл білімінде аз зерттелген құбылыстардың бірі – ымдау тілі. Паралингвистика саласы коммуникацияның квазивербальды элементтерін зерттеумен айналысады. Қарым-Б.Момынова да, А.Бейсембаева да қазақ тіліндегі ым мен ым-ишараның тұңғыш қазақша-орысша түсіндірме сөздігін жасады (2003). Бұл еңбекте авторлар дене қимылының (тілдік дене), ым мен ым-ишараның (еліктеуіш, ым-ишара) мағынасын ашуға тырысып, кейбір жағдайда белгілі бір фразеологиялық бірліктерге негіз болатынын анықтап, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін түсіндіреді. егжей-тегжейлі, басқа тілге аударғанда қалай, қандай тәсілдермен аударылғанын нақты білуге болатынын көрсетеді [8, 45 б.].

Сондай-ақ сахналық декорациялар – халықтың, заманның, дәуірдің, іс-әрекеттің сипатын көрсететін спектакльдің құрамдас бөліктерінің бірі. Спектакльдің мазмұны жақсы жасалған декорация арқылы ашылып, одан алған әсер тереңдей түседі. Суретшіге декорация жасауда драматургтің нұсқауы, кейіпкерлердің жүріс-тұрысы, табиғат көріністері, күнделікті тұрмыс-тіршілігі, тіпті кейіпкерлердің киімдері де қамтылады.

Тиімділік, дарындылық, шешендік, қимыл-қозғалыс мәнерлілігі – бұл актердің сөйлеу шеберлігімен айқындалатын театр педагогикасы міндеттерінің негізгі көрсеткіштері. «Тиімді талдау әдісі» сахнада дұрыс сөйлеудің тиімді әдісін көрсетеді. Осы әдісті пайдаланып, Қ.С. Станиславский және Вл. Немирович-Данченко шығармашылық процесінде күнделікті өмір заңдылықтарын асқан шеберлікпен ашады.

Қазақ тіл білімінде аз зерттелген құбылыстардың бірі – ымдау тілі. Паралингвистика саласы коммуникацияның квазивербальды элементтерін зерттеумен айналысады. Қарым-қатынастың бұл вербалды емес элементтері арқылы адамдардың эмоциялары мен сезімдері айқын көрінеді және оларға өз ойын жеткізу оңайырақ болады. Кейде тұтас сөйлем немесе сөз, сөз тіркесінің орнына дене қимылы (дене тілі), ым мен ым-ишара (ым-ишара, мимика) қолданылады. Сондықтан тілдік құбылыстардың табиғатын толық түсіну үшін бейвербалды элементтерді зерттеу қажет екені анық.

Сөйтіп, қазақ драматургиялық шығармаларының тілдік еместігін ескерсек, олардың ым-ишарамен сөйлейтін халыққа жатпайтынын байқадық. Мысалы, итальяндықтар, үндістер,

француздар, африкалықтар, кавказдықтар, еврейлер ым-ишараны көп қолданатын адамдар. Керісінше, скандинавтар, финдер, англосаксондар, славяндар ым-ишараға өте сараң. Басқа халықтың әдет-ғұрпы мен мінез-құлқының ерекшеліктерін білу - адамдар арасындағы өзара түсіністік пен жақсы қарым-қатынастың кілті. Ұлттық мінез танытатын ым-ишара сол халықтың сахнасында белгілі дәрежеде көрініс табатыны даусыз. Ал қазақ сахнасында сөзге үлкен мән берілетінін, сөздің басым орын алатынын аңғардық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. Қазақ әдебиеті. –Алматы, «Мектеп» 2019.
2. Каримова Г.С. Қазіргі қазақ драматургиясыжәне оны оқытуәдістемесі. Философия докторы (PhD)дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -185 б.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. –Алматы, 2003. -208 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. –Алматы, 1966.
5. Көшімбаев А. Сегіз жылдық мектепте әдебиетті оқыту методикасы. –Алматы, 1958.
6. Көшімбаев А. Қазақ танымдық әдебиетін оқыту методикасы. –Алматы, 1969.
7. Дайырбаев Е. Мектепте шығарма жаздыру методикасының кейбір мәселелері. –Алматы, 1963.
8. Дайырова Ә. Қазақ әдебиетін оқытуда жаңа бетбұрыс. –Алматы, 1966.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ДРАМАЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІН АШУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Абуева Толкын Нуркасимовна
Жамбыл атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Шу ауданы, Жамбыл облысы

Әдебиеттануда образ ұғымы кеңінен зерттеледі, бұл анықтамалар зерттеу нысанын әр қырынан көрсетеді. Бейне ұғымын психологиялық тұрғыдан түсіндіру В.Жирмунский, М.Столяровтың еңбектерінде негізгі орынды иеленсе, материалды немесе таза мазмұнды түсіндіруді А.Мясников, Г. фон Хилперттің еңбектері. Олар образ ұғымын форма немесе көркем дүние ұғымдарымен алмастырады. Философиялық әдебиет тұрғысынан түсінік В.Қожынов, И.Роднянская, М.Эпштейн еңбектерінде берілген [1, 131б.]. Бейнелерді әдеби талдау қазіргі қазақ драматургиясынан оқуға ұсынылған драмалық кейіпкерлердің мінездемелері түрінде жүзеге асады. Драмадағы кейіпкерлерге мінездеме жеке, салыстырмалы, ұжымдық түрде беріледі. Драмадағы кейіпкерлерге мінездеме бергенде келесі принциптерді басшылыққа алу керек:

- драманың кейіпкерін өз қоғамына, әлеуметтік ортасына байланысты анықтау;
- кейіпкердің мінез-құлқын, әлеуметтік ортадағы орнын, мінезін нақты анықтау (кейіпкер қайда қарап отыр, детальдарды пайдалану, драмалық қақтығыстар);
- кейіпкердің мінезін, оның іс-әрекетін, қимылын, диалогын, монологын, мінездемесін т.б. арқылы анықтау.

«Әдебиет» пәнін оқытуда мұғалімнің алдында тұрған бірінші міндет – оқушының көркем шығарманы оқуын және эстетикалық қабылдауын ұйымдастыру. Ғасырлар бойы адамзат жасаған өнердің бір саласы – көркем әдебиет. Олай болса, әдебиетті оқытудың басты міндеттерінің бірі – оқушының ой-өрісіне, сезіміне әсер ету, сөз өнері туралы түсінік қалыптастыру, өнердің басқа түрлерінің ішінде әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

Ғалымдар оқу бағдарламаларына эпикалық және лирикалық мәтіндермен қатар драмалық типтегі әдеби шығармаларды енгізу қажеттігін әдіснама ғылымының басында-ақ мойындады. Драматургияның ерекшеліктерін көрсете отырып, оқыту әдістемесінің негізін салушылар драматургия сабақтарының арнайы технологиясын жасау қажеттігін мойындады. Олар драмалық әрекеттің дамуын бақылауды, диалогтарға назар аударуды, әрекеттің мән-жайын, оның тұрақсыздығын қалпына келтіруді, қатысушылардың позицияларын және осыған байланысты олардың кейіпкерлерін анықтауды ұсынды. драма өнері (әдеби талдау).

Драматургияны оқыту саласындағы негізгі зерттеу бағыттарына драмалық мәтіннің ерекшеліктерін меңгеру жатады. Әдістемелік жұмыстың бір бөлігі белгілі бір драмалық шығарманы зерттеу негізінде драматургияның әдебиет түрі ретіндегі жалпы заңдылықтарын ашу әрекеті, яғни әдебиет пен театр арасындағы аралық позицияны сипаттау болып табылады.Бұл шығармалар өздерінің атауларына қарамастан, драматургия мен театрдың аралық орнын сипаттау. мазмұны бойынша теориялық сынға жақын, олардың авторлары сабақтың драматургиясының мазмұнына ерекше мән беріп, сабақ технологиясы мәселелерін қозғамайды [2, 44 б.].

Ауызша сөйлеу нормаларын сапалы меңгеру принциптеріне танымдық қатынас; шапалақтау; стратегиялық әлеует; «Мен» лингвистикалық ұстанымы; өзіне деген сенімділік көзқарасы; мәдениет пен тілді байланыстыратын оқытушылық ұстаным; коммуникативтік құзыреттілікке жатқызар едік. Демек, бұл оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынастағы жалпы біліміне, іскерліктеріне және дағдыларына байланысты.

Сонымен, жұмыстың мәні неде? Оқушы не ойлады? Әпкесі бәрін оқытты, өсірді, үйлендірді, үй тігіп берді. Ақыры жалғыз қалды. Шындығында, шығарманың түйіні – «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деген ұран, адамдық құндылық. Қатыгездік бар жерде адамдардың жақсылық жасауы екіталай. Онда адалдық, имандылық, байсалдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, сыйластық, жанашырлық, мейірімділік, кешірімділік, жомарттық, кішіпейілділік сияқты асыл қасиеттеріміз құндылығын жоғалтады. Анаң жоқ болса апаңды анам деп ал. Тіпті, ағаң кеткеннен кейін де қазақты паналауға тырысты. Кейін белгілі бір дәрежеге жеткенде «Олардан жоғары болма, аттама» деп шығарманы аяқтайды?! Ұмытып кетсең де, жетім балаларды елге, ұлттық мүддеге қызмет етуге шақырады.

Кез келген автор шығарма жасауда тек басынан өткергенін, сезінгенін, басынан кешкенін, түсінгенін ғана жазады. Білмегенін, басынан өтпегенін, көрмегенін, білмегенін ешкім жаза алмайды. Мұндағы автор өмірінде көп азап шекті. Ол жастайынан ата-анасынан айырылып, жастайынан зорлық-зомбылықты көп көрген. Өмірдің сан алуан ыстығы мен суығын көріп өседі, жетіледі. Әңгімеде айтылғандай, оның өмірде дамуына әпкелері көп көмектесті. Ағаларының тәлім-тәрбиесін алып өскен бала бойына бауырмалдық сезімді сіңіріп, осы асыл қасиет оны жазушылық жолға жетеледі. Демек, бауырмалдық – өмірде жетістікке жету, сынақтардан өту үшін қажет ең асыл қасиет [3, 5 б.].

Драмалық шығармаларды оқу ойын-сауық қиялының жұмысымен қатар жүруі керек екені белгілі. Әдістемелік жұмыстың тағы бір бөлімі осы психикалық функцияны дамыту мәселесіне арналған. Қабылдау мен қиялдың даму деңгейі әдістемелік тактиканы таңдаудың негізі болып табылады, бірақ сонымен бірге ол сабақтың дамытушылық мақсаттары ретінде ескерілген оқу әрекетінің нәтижесі болып табылады. Мәдениеттанушының шығармашылық қызметіндегі қабылдаудың, қиялдың, ойлаудың және сөйлеудің психикалық механизмдерінің рөлін төмендетпей, драмалық сабақтардың нақты мазмұнын осы тетіктерді дамытуға бағыттау орынсыз деп есептейміз, өйткені олар біртұтас сипатта. жалпы сипаты. тәрбиелік мақсаттар.

Драмалық кейіпкер нақты әрекетпен жанды әрекетте көрінеді. Сахнада рөл ойнап жүрген адамды актердің жүзінен, іс-әрекетінен, сөзінен анық тануға болады. Пьеса оқу мен оны сахнада көрудің арасында үлкен айырмашылық бар. Студент үшін ең жақсысы – спектакль көру.

Әдістемелік жұмыстың бұл бөлігі сабақ технологиясының өзіне арналған: оқу процесін жетілдіру, проблемалық және саралап оқыту, өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру [4, 59 б.].

Әдістемелік әдебиеттерді талдау драматургияны оқыту саласындағы әдістемелік зерттеулер диагностикалық мақсаттағы оқу-тәрбиелік міндеттердің жоқтығымен қиындайтынын көрсетеді, сонымен қатар драматургияны оқыту технологиясын мәдени, ғылыми және тәрбиелік құрамдас бөліктердің бірлігінде қарастыруға талпыныс жасалмаған. Қазіргі филология және психологиялық-педагогикалық ғылымдар деңгейіне сәйкес драмалық сабақтар оны мазмұнға, ал сабақ технологиясы (оқу процесі) өз нәтижесіне жақындату – оқытуды әрекет ретінде үйрету қажет. .

Әдіскерлер драматургияны оқыту әдістемесіне келгенде мәтінді сыныпта оқытуды жөн көреді. Жұмыс көлеміне қарай жеке бөліктерді оқытуға болады. Бұл сыныпта пьеса оқу – ұжымдық жұмыс. Оқушылардың оқу барысында кейіпкерлерді елестетуі психологиялық әрекет болып табылады. Мұнда қиялмен қатар қиял қосылады. Драмалық мәтіндерде портреттер жоқ. Прозалық шығармалардағыдай кейіпкерлердің портреттері болмаса да, кейіпкердің жасы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, мінез-құлқы анықтамалар арқылы беріледі. Сондықтан кейіпкерді елестету шығармашылықты және типтік образдарды білуді талап етеді. Кейіпкерді елестете алатын оқушы оның сөйлеу мәнерін ажырата алады.

Мысал ретінде 8-сыныпта өткен Д.Исабековтың «Әпке» пьесасындағы Қамажай кейіпкерін алайық. Алдымен мұғалім спектакль туралы қысқаша түсінік береді. Пьесаның тақырыбы, жазылған уақыты, тарихи алғышарттары, құрылымы, көркем әдебиет пен театрдағы орны жан-жақты түсіндіріледі. Кейіпкерлерді сомдаған режиссерлер мен актерлерді де айта кеткен жөн.

Спектакльде жастардың өмірі суреттелсе, кейіпкерлердің өзіндік кейіпкерлері бар. Шығарма оқиғасы бірге туған төрт ағайындының өмірінен өрбіп, олардың тағдыры, азаматтық мінезі, көзқарастарының қалыптасуы драмалық тартыста өтеді. Шешесі қайтыс болғаннан кейін іні-қарындастарының тағдырын өз қолына алып, қамқорлық жасап, өсірген Қамажай пьесаның темір тұлпары. Сондықтан шығарма «Әпке» деп аталады. Пьесаның көркемдік-идеялық деңгейі мен өзегі Қамажайдың іс-әрекетімен тікелей байланысты. Қамажай – жаны нәзік, ұлы сезім адамы. Өзінен кейінгі іні-қарындастарын тәрбиелеуде көптеген қиындықтарды бастан кешіреді. Жазушы бейнелеген Қамажай жеке басының қамынан гөрі іні-қарындасының қамын ойлайтын, аналық сезім жолында махаббаты мен ықыласын құрбан еткен, тәрбие жолына толықтай мойынсұнған замандастарымыздың жанды бейнесі. адамдық сезімі жоғары, қоғам алдындағы азаматтық борышын өтеу. Спектакльдегі екінші қыз Нәзиланың образы да сәтті шықты. Бұл бір адамға жететін ерке, ирониялық мінезді, өзіндік түйсігі бар жас студент. Оның әпкесіне деген қарым-қатынасы, кейде «мама» деуі, Темірді тітіркендіруі, Омардың қызға деген икемсіздігіне ашулануы, т.б. көріністердегі әрекеті нанымды [5, 89 б.].

Спектакльдің мазмұнын оқушылардың өздері сұрақ-жауап әдісі арқылы тереңдете білуге болады:

«Объективті пікір», «жеке пікір» дегеніміз не?

«Әпке» драмасындағы кейіпкерлерді атаңыз?

Оқиға қай кейіпкерлердің арасында өтеді?

Әңгіменің басты кейіпкері қай кейіпкер?

Жұмысқа қатысқан ағаларды атаңыз? Оларға сипаттама беріңіз.

Драманы талдаудың теориялық негізі қандай болмасын, драмалық шығарманы оқушының жан дүниесіндегі белсенді психикалық әрекетті және өнердің эмоционалды-бейнелік өмірін оятатын эстетикалық құбылыс ретінде түсінуге басымдық беріледі. Эстетикалық тәрбие – әдебиет мұғалімінің басты міндеттерінің бірі. Қазіргі уақытта өнер, оның ішінде театр студент тұлғасына жалпы мәдени-көркемдік әсер етуді жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады. Бүгінгі таңда мектепте оқушылардың театрлық және шығармашылық

дамуына үлкен көңіл бөлінуде. Бұл үдерісте әдебиет сабағында көркем-драмалық шығармалар ерекше мәнге ие болады. Қазіргі білім берудегі негізгі ұғым – мәдени үйлесімділік принципі, яғни білім мен оқуды барынша пайдалану идеясы. Бұл қағида тұтастай алғанда адамзаттың біртұтас қоғамға бағытталған мақсаттары мен тенденцияларына жауап береді, ал руханият пен имандылық тәрбиесі адамдар арасындағы тұтастық пен бірлікті дамытуда ерекше рөл атқарады. Педагогика мен адамгершіліктің жалпы мәселесін қарастыра отырып, қазіргі мектеп оқушыларына басқа балаларды, адамдарды, оларды қоршаған әлемді және жалпы әлемді танып-білуге көмектесетін білім беру және тұлғалық даму үлгілерін құрудағы педагогиканың маңыздылығы туралы қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. Қазақ әдебиеті. –Алматы, «Мектеп» 2019.
Каримова Г.С. Қазіргі қазақ драматургиясыжәне оны оқытуәдістемесі. Философия докторы (PhD)дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -185 б.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. –Алматы, 2003. -208 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. –Алматы, 1966.
4. Көшімбаев А. Сегіз жылдық мектепте әдебиетті оқыту методикасы. –Алматы, 1958.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРКЕМ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ: АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ РӨЛІ

Байсакалова Венера Манатовна
А.Пушкин атындағы 41 көпсалалы гимназия, Тараз қаласы
Балтабай Бифаруза Алмасбекқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 4-курс студенті,
Тараз қаласы

Қазіргі кезеңде тіл мәдениеті мен өнердің өзара байланысы ерекше маңызға ие. Әсіресе қазақ халқының рухани байлығын, салт-дәстүрлерін, тарихын сақтап келе жатқан айтыс өнері тіл мәдениетін қалыптастыруда ерекше орын алады. Айтыс — халықтың мәдениеті мен санасын бейнелейтін өнер түрі ғана емес, ол тілдің дамуына, халықтың тілдік қорын байытуға да ықпал ететін құбылыс. Айтыс өнері арқылы тілдің көркемдігі, сөздің қуаты, ойдың тереңдігі паш етіледі.

Тіл мәдениеті — бұл тілдің көркемдігі мен оның сөздік қорын тиімді қолдану, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ тілдің қоғамдағы әлеуметтік рөлін дұрыс пайдалану. Тіл мәдениеті қоғамдық өмірде, білім беру жүйесінде, мәдениетте, өнерде, саясатта және күнделікті өмірде маңызды рөл атқарады. Әрбір адамның сөздік қорын байыту, тілдің нормаларын сақтау, тілдің анық, дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету — тіл мәдениетінің негізі болып табылады.

Айтыс өнері арқылы тіл мәдениетінің маңызды аспектілері қалыптасады. Ақындардың айтыс барысында көрсеткен шеберлігі мен шығармашылығы қазақ тілінің дамуына, оның көркемдік ерекшеліктерінің кеңінен танылуына ықпал етеді. Бұл өнер түрі халықты тілдің байлығын құрметтеуге, тілдің маңыздылығын түсінуге тәрбиелейді. Айтыс ақындары өздерінің өнерінде халықтың тілдік мұрасын сақтап, оны жаңғыртуға қызмет етеді. Ғаламдастыру сияқты үлкен идеялар айтылып жатқан тұста туған халқымыздың тілі мен мәдениетіне үлкен жауапкершілікпен, жанашырлықпен қарағанымыз абзал. Тіл мәдениетін сақтау, оны үкілеп, ажарынан айырмау дегеніміз – ұлттық сананың, дін мен ділдің, салт-дәстүрдің, өнер мен әдебиеттің өшпеуінің, өркендеуінің кепілі.

Әрине, осынау игілікті істің басында қашан да журналистер қауымының жүретіндігі шындық. Журналистердің осы еңбегі туралы: «Қазіргі кезде біздің ана тіліміз жан-жақты дамып жетілген, кемелденген озық мәдениет пен саясаттың, ғылым мен техниканың ең өткір құралына айналып отыр деп ауыз толтырып, мақтанышты сезіммен айтуымызға болады. Осындай мол табысқа ие болуда қазақ журналистерінің еткен еңбегі орасан зор. Қазақ терминологиясын қалыптастыруда болсын, оның грамматикалық құрылым-құрылысын жүйелендіруде де, әсіресе, сан алуан стильдік тармақтарды саралап жетілдіруде журналистер қауымы өлшеусіз жемісті қызметтер атқарып келеді» [1, 160 б.].

Кеңестер дәуірі тұсында айтылған ғалым Ә. Болғанбаевтың бұл пікірі сол уақыттағы ұлт журналистерінің ана тілі алдындағы жауапкершілігін мінсіз бағалауымен құнды. Бірақ уақыт, қоғам қашанда бір орнында тұрмайтыны, ал рухани құндылықтардың өсіп, жетіліп отыруы заңдылық екені тағы рас. Қандай көлемде, қандай дәрежеде болмасын кеңес дәуірі тұсында баспадан шыққан кітаптардың, газет-журнал материалдарының, теле,-радиохабарларының жазу, сөйлеу мәдениеттері жоғары, сөздік атаулар тілдік нормаларға сай құрылатын. Өйткені ол кезде жазу, сөйлеу категориялары тіл заңдылықтары тұрғысынан қадағаланып отыратын.

Бүгінгі БАҚ-ның тіл тазалығы қандай дәрежеде? Бұл сауал зиялы қауым мен зерттеуші ғалымдарымызды тәуелсіздік алған жылдардан бері толғандырып келе жатқан мәселе. Кез келген елдің сөйлеу (тіл) мәдениетінің ажарлы, айшықты, шұрайлы болуы сол халықтың жазу-сызу өнерімен яғни, әдебиеті, баспасөзімен тікелей байланысты.

«Сөз мәдениетін меңгеру дегеніміздің өзі, биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда, адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болумен, ой-өрістің кеңдігімен тамырлас» [2, 142 б.].

«Айтыс» өнері тіл проблемасын көтеруші ғана емес, ол сондай-ақ сол тілдің ажарын ашып, айбынын асқақтатқан насихатшысы.

Қазір тәуелсіз Қазақстан телеарналарында ой еркіндігі қалыптасып келе жатыр. Ой еркіндігінің қалыптасуы, цензураның болмауы өз дәрежесінде тілге де әсерін тигізері анық. «Сөз – ойлау процесінің жемісі» дейтін болсақ, тіл үйлесімділігіне тікелей кең өріс ашушы – еркін ойлап, еркін жазу үрдісінің қалыптасуы болып табылады. Телевидение – XXI ғасырдағы ең пәрменді ақпарат құралдар көзі болып табылады. Ондағы хроникалық жаңалықтардан бастап, ақпаратты-сараптамалық дүниелер, түрлі авторлық телебағдарламалар, халық өнеріне арналған хабарлар, деректі, көркем фильмдерге дейінгі көрсетілімдердің барлығы бұқара халықтың рухани сұранысының қажеттілігін өтеуші құндылықтар қатарына жатады.

Ұлттық телебағдарламалардың ішінде тіл мәдениетінің қалыптасып дамуына, ажарлануына мол әсер еткен руханият саласының ең тиімді көзі – айтыс өнері болғандығы ақиқат. Айтыстың ұлт руханиятына тигізген әсер-ықпалы туралы зерттеуші, ғалымдарымыз да аз айтқан жоқ.

Рухани мұраның БАҚ-нда кеңірек насихатталуы қазақ халқы үшін екі тұрғыдан тиімді жағдай қалыптастырды. Біріншісі халықтың өнері мен мәдениетін, салт-дәстүрін, діл мен дінін насихаттау арқылы тағылым-тәрбиеге баулыса, екіншіден туған тіліміздің мәдениетін, байлығын қалпына келтіруде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Тәуелсіздік жылдарындағы ақындар айтысының басты ерекшеліктерінің бірі, ұлт тілінің асыл-жауһарларын жарқырата көрсету болып табылады. Айтыс табиғатын жақсы түсінетін кез келген тыңдаушы, көрермен ең алдымен ақынның тіл шеберлігіне, сөз байлығына назар аударады. Кейде айтысушы ақынның жүйелі жырларымен қатар, олардың жекелеген сөздік атауларды қолдану ерекшеліктері халық тарапынан зор қолдауға ие болып жатады. Тіпті баз бір ақындардың айтыста қолданған сөз тіркестері қанатты сөзге айналып, халық аузында жүреді.

Айтыс мәтіндерінің газет-журналдарда жариялануы да сөз өнерінің өресін көтеріп, тіл мәдениетін қалыптастыруда игі жұмыстар атқарды. БАҚ-ының осындай іргелі жұмыстарының нәтижесінде тілдік қолданыстан шеттетіліп, ұмыт бола бастаған қазақтың қаншама төл сөздері, халқымен қайта қауышты.

Айтыс нұсқаларының мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып, насихатталуы XX ғасырдың алғашқы ширегінде қолға алына бастады. 1965 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Айтыс кітабының 1-2 томдары, сондай-ақ, 1966 жылғы 3 томының соңындағы құрастырушылар тарапынан берілген түсініктерде айтыс жырларының жиналуы мен жариялануы жайында мол мағлұмат берілген. Айтыстың көне түріне жататын «Бәдік», «Жар-жар», «Қыз бен жігіт» үлгілерінің бірнеше нұсқалары XIX ғасырда жарық көрген кітаптарда жарияланғаны белгілі болып отыр. Әдет-ғұрып айтысының көне түрі «Бәдік», профессор А. Диваевтың революцияға дейінгі еңбектерінде, сондай-ақ, «Тарту» кітабында кездессе, «Жар-жар» айтыстары 1869 жылы Ташкентте шыққан «Киргизы и каракиргизи Сырдаринской области» деген Н.И.Гродековтың кітабына енген. Өлі мен тірі (Ақбала мен Боздақ) «Түркі ақындарының халық әдебиетінің нұсқалары» деген атпен Петербургта жарық көрген Радлов еңбектерінің III томында жарияланды. Ал, «Аймаңдай мен Бабастың» айтысы 1924 жылы Ташкентте шығатын «Сана» журналының 2-3 сандарында жарық көрген.

Айтыс жырларының кітапта һәм баспасөз беттерінде жариялануын көрсететін мұндай дерек көздері халық шығармашылығы үлгілерінің әдеби-ғылыми кітаптар мен мерзімді баспасөз беттерінде ертеден көрініс бере бастағанын танытады. Ал, кеңес дәуірі тұсында өткен ақындар айтысы телдидарға, радиоға жазылып, газет-журналдарда жарияланып тұрды. Әр өңірде өткізілген ақындар айтысы жеке жинақ болып, баспадан шығып отырды.

Тіл мәдениеті мен айтыс өнері арасындағы байланыс өте терең. Айтыс қазақ халқының тілінің байлығын көрсететін айшықты құрал ғана емес, ол тіл мәдениетін дамытуға, қоғамды рухани тұрғыдан байытуға бағытталған маңызды фактор болып табылады. Айтыс өнері тілдің көркемдігі мен сапасын, халықтың сөз мәдениетін сақтау мен дамытуға ықпал етеді. Осылайша, айтыс пен тіл мәдениетінің арасындағы өзара ықпалдастықты терең түсіну — қазақ мәдениетінің даму жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасып даму жолдары. – Алматы: Білім, 2014. – 368 б.
2 Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым. – 2017. – 168 б.
3 Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 2014. – 320
4 Айтыс. – Алматы: Жазушы, 2017. – 1 т. – 556 б.
5 Айтыс. – Алматы: Жазушы, 2018. – 2 т. – 664 б.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫ: ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Бералиева Асел Муратовна
Олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, Тараз қаласы
Серік Ақжарқын Еркінқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс студенті,
Тараз қаласы

Қазақ эпосы — халықтың рухани дүниесін, тарихи жады мен мәдени құндылықтарын сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші маңызды элемент болып табылады. Эпос арқылы халық өз тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық болмысын дәріптеп, ұрпаққа ұлттық бірлікті, ел мен жерді сүюді, ерлік пен батырлықты насихаттады. Эпостың негізгі тақырыптары мен бейнелері қазақ халқының дүниетанымын, идеологиясын айқындайтын маңызды құралға айналды.

Қазақ эпосының мазмұны, оның кейіпкерлері мен оқиғалары ұлттық идеологияның қалыптасуына маңызды ықпал етті. Эпос арқылы қазақ халқы өздерінің тарихи тұлғаларын, батырларын, хандары мен билерін үлгі ретінде ұсынды. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты эпостық шығармалардағы кейіпкерлер, олардың батырлығы мен ерлігі ұлттық намыс пен патриотизмнің негізі ретінде қабылданды. Бұл кейіпкерлер халықтың ұлт ретінде бірігуіне, ұлттық санасын қалыптастыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, эпос халықтың әлеуметтік құрылымын да көрсетеді. Батырлық пен әділеттілік, ерлік пен жанқиярлық сияқты қасиеттер ұлттық идеологияның өзегіне айналды. Эпос қазақ қоғамындағы билік пен батырлардың рөліне, қоғамның моральдық-этикалық қағидаларына терең үңіле отырып, ұлттық идеологияның дамуына жол ашты.

Қазақ эпосының пайда болу уақытын мерзімдеген академик Ә. Марғұлан: «Қазақ эпосы кейде жылнамалық жазбалардан кем түспейді, олар кей сәттерде жазу-сызуға машықтанбаған халық арасында жылнамалық жазбалардың орнына жүрген. Осы оқиғалардың эпоста суреттелуінің дұрыстығы соншама, оларды тіпті тарихи әдебиеттер де дәлелдеп отыр», – деп жазады [2, 196 б.]. Бұл пікір қазақ эпосының тарихи шындықты жеткізудегі рөлін көрсетеді. Эпостық шығармалар жазу мәдениеті дамымаған кезеңдерде халықтың тарихи жадының, мәдени мұрасының сақтаушысы болып қызмет атқарды, ал олардың мазмұны мен кейбір оқиғалары бүгінгі күнде тарихи зерттеулермен дәлелденіп отыр.

Қазақ эпосы халықтың бірлігін сақтаушы әрі нығайтушы құрал болып табылады. Эпостың негізгі мақсаты — халықты біріктіру, жауға қарсы күресте бірлесе әрекет етуге шақыру. Батырлар өз жандарын қиып, халқының бостандығы үшін күреседі. Бұл идеялар қазақ ұлтының тұтастығын сақтауда және ұлттық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Эпостағы кейіпкерлердің жер үшін күресі мен елдің тәуелсіздігі үшін жасаған ерліктері ұлттық бірлік пен патриотизмді нығайтты.

Күтілетін нәтиже:

Қазақ эпосының ұлттық идеологияның қалыптасуындағы тарихи және мәдени маңызын жан-жақты ашып көрсету. Эпостық шығармалар арқылы ұлттық патриотизмді, ерлік пен батырлықты дәріптеудің халықтың бірлігін сақтаудағы маңызын анықтау.

Ә.Қоңыратбаев: «Ел, халық санасымен жасалған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырында ел тәуелсіздігін сыртқы жаулардан қорғау сарыны үстем» деген. Шынында да, батырлар жырында патриоттық сезімді ардақтап, батырлықты мадақтаған, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген [3,154 б.]. Бұл батырлық эпостың ұлттық идеологияға, халықтың патриоттық сезімін күшейтуге, ел қорғаудағы ерлік пен батырлықтың маңыздылығын ұғындыруға қалай ықпал еткенін көрсетеді. Эпостар арқылы ұрпаққа ел қорғаудың, Отанға деген сүйіспеншіліктің, әділеттілік пен адалдықтың мәні дәріптеліп, ұлттық сананың қалыптасуына зор үлес қосылды.

Қазіргі қазақ қоғамында эпостың рөлі сақталып келеді. Әсіресе, ұлттық сана мен идеологияны жаңғырту кезеңінде эпос қазақ халқының бірегейлігін, ұлттық құндылықтарын сақтап, ұрпаққа жеткізетін маңызды құрал болып табылады. Қазіргі жастарға эпостың рухын түсіндіру, оның ұлттық идеологиядағы маңызын түсіну арқылы ұлттық бірлік пен патриотизмді нығайту мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Ш. Ибраевтың «Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі» атты еңбегі ұлттық идеологиямен тығыз байланысты. Зерттеуші «Алпамыс», «Қобыланды» және «Қорқыт жырларында» кездесетін ұқсас мотивтерді талдау арқылы эпостық шығармалардың ішкі құрылымын және олардың ұлттық санадағы орны мен маңызын зерттейді. Мысалы, баласыз қартайған ата-аналардың құдалауға ұшырауының тарихи әлеуметтік себептері жырда айтылмайды, бірақ ғалым мұны ерте дәуірдегі ырымдар мен салттармен тікелей байланыстырады [4, 271 б.]. Бұл мәліметтер ұлттық идеологияның құрамдас бөлігі ретінде халықтың моральдық ұстанымдарын, өмірге деген көзқарасын айқындайды.

Эпостық шығармалардағы осындай мотивтер қазақ халқының салт-дәстүрін, адамгершілік құндылықтарды жоғары қоюды дәріптейді. Мысалы, баласыз қарттардың тағдыры, әсіресе қазақ қоғамында үлкен маңызға ие болған отбасы мен ұрпақ жалғастыру ұғымдарының мәнін ашады. Бұл мотивтер халықтың дәстүрлі ұғымдарымен тығыз байланысты әрі ұлттық идеологияда әлеуметтік әділеттілік пен адамгершілікті насихаттайды. Эпоста бейнеленген мұндай мәселелер халықтың қоғамдық сана-сезімін қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарды.

Қазақ эпосы дәстүрлі қоғамның моральдық құндылықтарын бейнелейді. Эпостың басты қағидалары — адалдық, шыншылдық, әділеттілік, батырлық, қонақжайлылық сияқты ұлттық ұстанымдар халықтың идеологиясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Эпостық шығармаларда көрініс тапқан «қорқақтық» пен «арамдық» сияқты қасиеттер — жағымсыз әрекеттер ретінде айыпталды, ал ерлік пен әділеттілік әрқашан жоғары бағаланды. Бұл моральдық нормалар қазақ халқының өмір сүру тәсілдерін, әлеуметтік қарым-қатынастарды айқындап, ұлттық идеологияның негізін қалады.

Қаршадайынан халықтың батырлық жырларын сүйе тыңдап өскен әрбір жас еліне пайда тигізетін ер болуды армандады. Жеке адамдардың жетесіне жеткен қара бастың қамын ойлайтын психологияға осындай жырлардағы халықтық ойлар қарсы қойылып отырды. Халық ер мен езді, ақылды мен ақымақты, еңбекшіл мен тірліксізді айқын бағалап, ұрпақтарына жақсыны үйретті, жаманнан жирентті [5, 78 б.]. Қазақ эпосының тәрбиелік мәні зор, себебі ол жастарды ерлікке, адалдыққа, әділеттілікке баулып, қоғамға пайда келтіретін тұлға болуға үндейді. Эпостың әсері арқылы, әсіресе, жастардың рухани дамуына, ұлттық сана мен патриотизмнің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті.

Қазақ эпосы тарихи оқиғаларды сақтаушы әрі жеткізуші ретінде қызмет етті. Эпос арқылы халық өзінің өткен тарихын, ұлы бабаларының ерліктері мен жеңістерін есте сақтады. Бұл тарихи жады ұрпақтар арасында сабақтастықты сақтап, ұлттың тарихын дәріптеді. Эпос қырдағы жауынгерлердің, батырлардың күресін, ата-бабалардың отан қорғаудағы ерліктерін ұрпаққа насихаттау арқылы қазақ халқының өзіндік тарихи идентификациясын қалыптастырды.

Зерттеуші Ә. Қоңыратбаев «Тарихи жырлар» атты зерттеуінде XVIII-XIX ғасырларда туған «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Олжабай батыр», «Сырым батыр», фольклорлық-әдеби ерекшеліктерін саралап көрсетеді:

«Тарихи жырларды өзінің реалистік сипатына қарай бірнеше салаға жіктеуге болар еді. Мысалы, Ноғайлы жырларында ескі мен жаңа араласып, көп жайда тарихи оқиғалар көмескіленген. Айтушылар сюжетке кейде аңыздық-мифтік желілер де қосып отырады. Бірақ бұл жырлардың белгілі бір тарихи оқиғалардың желісіне құрылғандығына шүбә келтіруге болмаса керек. XVIII ғасырда туған эпикалық жырлардың геройлары көбіне әдеби-тарихи арнада көрінеді. Оның мәнісі, бұл сюжеттер эпос айтушыларының қолынан өтіп, көптеген әдеби өндеулермен қайта жырланған. Сол себепті образдары бірде әдеби, бірде тарихи бейне түрінде жасалады. Бұл жырлардың реализмі айқындау, авторлық белгісі де басым. Ал, XIX ғасыр оқиғаларынан алынған «Бекет батыр», «Жанқожа», «Досан», «Сұраншы батыр» жырлары, 1916 жыл тақырыбына құрылған халық поэзиясы таза тарихи сипатта көрінеді» [6,

385 б.]. Яғни, батырлар жырында тарихи оқиғалар мен нақты тұлғалардың бейнесі арқау болса да, оларды жырлаған кезде эпикалық туындылар халықтың әлеуметтік, моральдық және философиялық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған. Жырларда халықтың тәуелсіздік үшін күресі, патриоттық сезімі мен адамгершілік қасиеттері дәріптеледі. Қоғамның тарихи және мәдени дамуын көрсетіп қана қоймай, ол ұлттық бірлікті, ұлттық сананы нығайтуға да қызмет етеді.

М.Н. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» еңбегінде айтылғандай, «Алпамыс батыр", «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» сықылды қазақ батырлар жырларында қалмақ, моңғол басқыншыларының шабуылы баяндалып, қазақ батырларының сол күрестегі ерлігі жырланады. Олардың отаншылдығы мен адалдығы, уәдеге беріктігі зұлымдық пен қиянатқа қарсы қойылады [7, 112 б.]. Мұндай эпостар ұлттың бірігуіне, халықтың ортақ мақсат жолында бірігуіне ықпал етіп, ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра болып қалды. Сонымен қатар, батырлар жырларының маңыздылығы – олар тарихи оқиғаларды, күресті және сол кездегі моральдық ұстанымдарды білдіру арқылы ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды құрал болды. Эпостарда бейнеленген батырлар халықтың тәуелсіздігі үшін күресіп, жауларымен шайқаста өзін құрбан етеді, бұл идеялар ұрпақтар санасында патриоттық рухты, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастырды.

Қорыта айтқанда, қазақ эпосы — ұлттық идеологияның қалыптасуында маңызды рөл атқарған, халықтың рухани дүниесінің ажырамас бөлігі. Эпостың мазмұны мен кейіпкерлері қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен моральдық құндылықтарын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге қызмет етті. Ұлттық идеологияның қалыптасуына әсер еткен эпос шығармалары халықты біріктіруде, патриотизм мен елге деген сүйіспеншілікті насихаттауда үлкен мәнге ие. Эпостың қазіргі қоғамдағы орны мен рөлі, оның ұлттық бірлікті нығайтудағы маңызды функциялары ешқашан азаймайды.

Әдебиеттер тізімі:

1.Серікбайұлы Б. Тарихи эпос табиғаты. Қарағанды, 1999. – 235 б. (қазақ)
2. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. 1-том. – Алматы: Алатау, 2007. – 603 б. (қазақ)
3. Ә.Б. Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы».Алматы, «Ана тілі»1991 ж.
4. Ибраев Ш. Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 308 б.
5. Д.С. Исабеков XX ғасыр: «Қазақ мәдениеті, тілі мен өнері» 2011ж
6. Ә.Б. Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы». Алматы, «Ана тілі» 1991 ж.
7. М.Н. Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті». «Ер Тарғын».А.,1959 ж.

ҰЛТ ЖЫРШЫСЫ: БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Естемесова Акмарал Турсынбековна
«Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының директорының орынбасары, Тараз қаласы
Үкібай Нұржамал Сұлтанбекқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 4 курс студенті, Тараз қаласы

Қазақ әдебиетінде Бауыржан Момышұлының орны ерекше. Ол тек қана әскери жазушы, батыр емес, сонымен қатар ұлт руханиятының жанашыры, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын терең түсінген тұлға. Момышұлының шығармашылық мұрасы

ұлттық рухты, патриотизмді, ерлікті насихаттай отырып, қазақ халқының болмысын, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын сақтауға зор ықпал етті. Бауыржан Момышұлының аты қазақ халқы үшін ерлік пен батырлықтың символына айналған. Ол Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігімен ғана емес, әдеби шығармаларындағы терең ойлары, ұлттық рухты сақтауға бағытталған көзқарастары арқылы да танымал.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», «Артымда қалдырған сөздер», «Бір түннің әңгімесі» сияқты шығармалары қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Әскери өмір мен адам психологиясын терең зерттеген жазушы, сонымен қатар ұлттық болмысты, тарихты, тәуелсіздік жолындағы күресті айқын әрі шынайы бейнелей алды. Бауыржан Момышұлы дегенде оның жазушылық бейнесімен қатар көз алдымызға келетін – батырлық бейнесі.

Б.Момышұлының жазушылық қырына тоқтала отырып, ондағы әрі автор, әрі оқиғаға қатысушы кейіпкер болып табылатын Баукеңнің жауынгерлік сипат пен әдеби шығармашылық сипатын зерделейді. Б.Момышұлының екі бейнесін бірінен-бірін ажырату мүмкін емес дейтін себебіміз, Баукеңнің өзінің қаламынан туған шығармаларда ол өзі де негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде әр қырынан танылады. Ал, ол туралы жазылған кез-келген шығармаға Баукең тек кейіпкер болып қана қоймай, авторлыққа пар-пар қызмет атқарады.

Бауыржан Момышұлының жауынгерлік келбетін жасаған қаламгерлердің бірі – А.Кривицкий. Жазушы Александр Кривицкий «Москва түбіндегі қарауыл» повесін панфиловшылардың көп ұлтты 8-гвардиялық дивизиясы ерлігіне арнаған болатын. Кітапта қаһарман жауынгерлердің бірі – Бауыржан Момышұлы туралы әңгіме шертіледі. Мұнда батыр Бауыржанның кескін-келбеті, ой-қиялы айшықты бейнеленеді.

Сөйтіп, Александр Кривицкий «Москва түбіндегі қарауыл» повесінде Бауыржан Момышұлының талантты әскери қолбасшылық, ғажап ақылдылық, ұстамдылық сипаттары тоғысқан образын жасайды. Б.Момышұлының қазақ халқына тән тамаша қасиеттерін бойына сіңірген ұлттық характерін көрсетіп, оның бұл шеңбер кеңістігінен биіктеген асыл арман-қиялға жетуіне тырысатын мінез-құлқын көркем суреттейді.

Автор Баукеңнің көкірегінде туған өлкесі – Қазақстанға, сол қасиетті жеріне, бүкіл еліне қалай жақсылық етсем екен деген ой толғап тұратынын айқын аңғартып береді.

Бауыржан Момышұлының шығармаларының басты ерекшелігі – оларда ұлттық рух пен патриотизмнің көрініс табуы. Ол қазақ халқының бойындағы ең асыл қасиеттерді, оның батырлығын, ерлігін, халқына деген адалдығын шығармаларында ерекше көрсетеді.

Б.Момышұлының жазушылық жолы өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншіліктен туындады. Оның шығармаларындағы ұлттық рух, отансүйгіштік идеялары жастарға патриоттық тәрбие берудің аса маңызды құралы болып табылады. Бауыржан Момышұлының даңқты жиырма сегіз батыр ерлік жасаған полкте командирдің орынбасары болғанын да анықтап береді. Жазушы жалғыз Б.Момышұлы ерлігіне көңіл бөліп қана қоймайды. Жалпақ қазақ халқының жауынгерлік сипатын көрсететін қасиеттерге айрықша назар аударады. Ол мына сөздерді кітабына әдейі енгізген. «Ерсіз ел болмас, елсіз ер болмас», «Москва үшін отқа түс–күймейсің, өмір үшін–өршелен». Бұл аталы сөздер полковник Бауыржан Момышұлының жығылмас ата туы» [1, 26 б.].

Б.Момышұлының шығармашылығында қазақ халқының ұлттық тарихы мен мәдениеті тереңінен зерттелген. Ол өз шығармаларында тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың тарихындағы ең үлкен күрестердің бірі – Ұлы Отан соғысын сипаттай отырып, халықтың батырлығын, ұлттың бірлігін мадақтады. «Жазушы Александр Бектің «Панфиловшылар алдыңға шепте» (1944 жыл), «Волкалам тас жолы» (1945 жыл) повестерінде айбынды сегізінші гвардия дивизиясының жауынгерлері мен командирінің жаудың басым күшімен жекпе-жек айқасқан эпизодтарын, ондағы қазақ жауынгерлерінің, әсіресе батальон командирі Бауыржан Момышұлының табандылық, тапқырлық, сонымен бірге ерлік, қаһармандық істерін суреттеп көрсетеді. Мұндағы оқиғалар жазушы өзі айтқандай, ойдан шығарылған емес, майданда шын болған, бастан кешірген оқиғалар еді [2, 56 б.].

Бауыржан Момышұлының рухани мұрасы тек әдебиет саласында ғана емес, жалпы қоғамда да үлкен ықпалға ие болды. Оның еңбектері қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрлерін, ұлттық болмысты сақтауға және насихаттауға бағытталған үлкен жұмыстардың негізін қалады. Б.Момышұлының батырлыққа, ұлтқа деген адалдыққа шақыратын шығармалары бүгінгі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Қазіргі таңда Бауыржан Момышұлының рухани мұрасы жас ұрпаққа тәрбиелік мәні бар. Оның шығармаларынан ұлттық патриотизмді, өз халқын сүюді, еліне адал қызмет етуді үйренуге болады. Б.Момышұлының өмірі мен шығармалары – қазақ халқының мәңгілік мұрасы, олар ешқашан ұмытылмайды.

Бауыржан Момышұлының шығармашылығы қазақ әдебиетінде үлкен із қалдырды.

Оның шығармалары ұлт рухын, батырлықты, ұлттық құндылықтарды ұлықтай отырып, қазақ халқының әдебиетінде жаңа белестерді ашты. Б.Момышұлының рухани мұрасы бүгінде ұлттың ұлы тұлғаларының бірі ретінде мәңгі есте сақталады. Жазушының шығармалары мен өмірі қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұсаев А. Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы. – Алматы: Ана тілі, 2006. –228б.
2. Әмірхан Е. Мәңгілікпен межелеу // Егемен Қазақстан// 2001, 18 шілде.
3. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Алматы: Жалын, 2003. – 351б.
4. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы: Білім, 2002. –235б.
5. Момышұлы Б. Москва үшін шайқас. –Алматы: Жазушы, 2005. –248б.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУЫ: ӘДЕБИ ТҮСІНІК ПЕН БАҒАЛАУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сыдық Шолпан Серікқызы
М.Әуезов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы

Көркем әдебиет пен оны оқыту әдістемесінің маңызды аспектісі - оқушының әдеби шығарманы қабылдауы мен интерпретациялауы. Әдебиет - бұл тек өнер ғана емес, сондай-ақ танымдық және мәдени құндылықтардың алмасу алаңы. Әдеби шығарманың көркемдік құндылығы мен оның мәтіндік мәні оқушының түсіну, бағалау және оны интерпретациялау деңгейіне байланысты болады. Әдеби шығарманы оқыту барысында оқушылардың мәтінмен қарым-қатынасы терең түсінік пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастырады. Осы тұста, әдеби шығарманы оқытудағы интерпретацияның дидактикалық негіздері маңызды рөл атқарады. Әдеби шығарманы интерпретациялау – бұл тек мәтіннің мазмұнын түсіну ғана емес, оның құрылымдық ерекшеліктерін, стильдік құралдарын, автордың мақсат-мұратын және жалпы шығарманың әлеуметтік, мәдени, философиялық контекстін терең зерттеуді талап етеді. Интерпретация - бұл оқушының шығарманы тек қабылдауы ғана емес, оның ішкі мазмұнын ашуы, тақырыптық және идеялық бағыттарын анықтауы, автордың көзқарасын түсіну және шығарманың терең мазмұнын бағалау қабілетіне негізделген процесс.

Әдеби шығарманы интерпретациялау арқылы оқушылар:



Бұл процесс оқушының интеллектуалды дамуына, сыни ойлау қабілетінің дамуына әсер етеді, әрі әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Мәтіннің құрылымын талдау - интерпретацияның маңызды бөлігі. Әр шығарманың композициялық құрылымы, сюжеттік дамуы, кейіпкерлердің қарым-қатынасы, шығарманың аяқталуы - мұның бәрі шығарманың мағынасын терең түсінуге көмектеседі. Мәтіннің құрылымын дұрыс талдай отырып, оқушы шығарманың негізгі идеяларын, автордың мақсат-мұратын ашуға тырысады.

Интерпретацияның дидактикалық негіздері әдебиет пәнін оқытуда оқушының интеллектуалды дамуына негізделеді. Әдеби шығарманы интерпретациялау барысында оқушының танымдық және эстетикалық тұрғыдан белсенді болуы, мәтінді талдау арқылы шығарманың құрылымын, стилын, автордың ниетін түсіну маңызды. Бұл үдерістің негізінде бірнеше дидактикалық әдіс-тәсілдер жатыр:

Әдеби шығармаларды интерпретациялау барысында оқушылар сыни ойлау дағдыларын дамытуы тиіс. Бұл дағды шығарманың тақырыптық, идеялық аясын ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ мәтінді тереңірек түсінуге жол ашады. Оқушылар шығарманың тек беткі мәнін емес, оның ішкі мазмұнын, ауыспалы мағыналарын және астарлы идеясын түсінуге тырысады.

Әдеби шығарманы оқыту барысында диалогтық әдістерді қолдану шығарманы талдау мен интерпретациялаудың тиімді тәсілі болып табылады. Оқушы мен мұғалім арасында шығарманың мән-мағынасы жайында пікірталас қалыптасып, әрбір оқушының жеке көзқарасы ескеріледі. Әдеби шығарманың көпқабатты құрылымы мен мәтіндегі түрлі контексттерді түсіну арқылы оқушы өз ойларын дәлелдеп, аргументтей алады. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқыту кезінде оқушылар Абайдың философиясына қатысты өз пікірлерін білдіре алады. Олар Абайдың жеке тұлғасын, оның ішкі дүниесін, ұлттық мәселелерге қатысты көзқарасын талқылайды. Бұл талқылау Абайдың қоғамдағы орнын түсінуге мүмкіндік береді.

Шығарманы құрылымдық тұрғыдан талдау оның композициясын, кейіпкерлерінің психологиялық бейнелерін, сюжетінің қозғалысын және тақырыптық арқауын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс мәтіннің құрамын жан-жақты саралауға көмектеседі. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің *«Ұлпан»* романын оқығанда, Ұлпанның ұлттық рухты сақтаудағы рөлі талданады. Бір оқушы оны қазақ әйелінің төзімділігі мен көрегендігінің символы десе, екіншісі оны өз ортасынан озған дана тұлға ретінде сипаттайды. Мазмұнды талдау әдісі шығарманың негізгі идеясы мен авторлық ұстанымдарын айқындауға бағытталған. Оқушы шығарманың негізгі концепцияларын анықтап, оның мазмұнын логикалық түрде талдайды, сөйтіп шығармадағы басты сұрақтарға жауап іздейді.

Интерпретацияның дидактикалық негіздері деп оқушының мәтінді терең талдап, оның мағынасы мен құрылымын дұрыс түсінуі үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді айтамыз. Бұл үдеріс, әсіресе әдеби шығарманы оқытуда маңызды, себебі әдебиет - бұл тек

шығармашылық туынды ғана емес, оқушының мәдениеттанымдық, адамгершілік, интеллектуалдық дамуын қамтитын пән.

Көркем мәтіндерде көбінесе көпмағыналы сөздер мен метафоралар, символдар [1, 25б.] қолданылады. Әдеби шығарманы интерпретациялауда бұл элементтердің маңыздылығын ескеру өте маңызды. Оқушы тек мәтіннің тікелей мағынасын түсіну ғана емес, сонымен қатар оның астарлы мағыналарын да ұғынуы қажет. Метафоралар мен символдар арқылы жазушы шығарманың терең мағынасын ашады, әрі оқушының шығарманы түсіну деңгейіне әсер етеді. Мысалы, қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларында, әсіресе абайтану мен шығыстық поэзияда кездесетін метафоралық тіл мен символизм, оқушының түсіну мен бағалау қабілетін арттырады. Оқушылар шығарманың ішкі әлеміне еніп, оның философиялық және эстетикалық мәнін аша алады.

Көпмағыналық, әсіресе, көркем шығармаларда бейнелі тіл, символизм, және философиялық мазмұнды ашуда жиі қолданылады. Мысалы, "Абай жолы" шығармасында көптеп қолданылатын символдар мен метафоралар арқылы автордың әлеуметтік-мәдени көзқарасы, әлемтанымы беріледі. Мысалы: **Қараңғы түн** – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, білімсіздік пен мәдениеттің төмен деңгейі. **Жарық күн** – ағартушылық, білім, қазақ халқының болашағы. **Жол** – жеке тұлғаның өмірдегі рухани дамуы мен іштей жетілуі. Осы метафоралар мен символдар арқылы М.Әуезов шығарманың тек сыртқы мазмұнын ғана емес, оның ішкі мағынасын да ашуға тырысқан. Сонымен қатар, әрбір кейіпкердің іс-әрекеті мен мінезі белгілі бір әлеуметтік топты, идеяны немесе көзқарасты бейнелейді. Әдеби шығарманы интерпретациялау барысында оқушының жеке көзқарасы мен шығармашылық мүмкіндіктері ерекше маңызды. Әрбір оқушының әдеби мәтінді түсіну және бағалау жолы жеке болады. Мектепте әдебиетті оқытуда оқушының жеке пікірін білдіруіне және өзіндік көзқарастарын қалыптастыруына мүмкіндік беру қажет. Бұл дегеніміз - әдеби шығарманы оқушының өз тәжірибесі мен дүниетанымына сай талдай білу қабілетін дамыту. Оқушының өз пікірін айту, шығармаға өз көзқарасымен баға беру - бұл шығармашылық үдерістің бір бөлігі болып табылады. Мұндай тәсілдер оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады. Оқушының жеке көзқарасы - бұл оның өмірлік тәжірибесі, ішкі дүниесі, дүниетанымы, мәдениеті мен құндылықтары арқылы қалыптасатын, оқып отырған шығарманы немесе қандай да бір мәселені қабылдауы. Әдебиет пәнінде жеке көзқарастың қалыптасуы, әсіресе, оқушының мәтінді түсінуіне, оған әсер етуіне, сондай-ақ өз ойлары мен пікірлерін білдіруіне ықпал етеді. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" романын [2, 17 б.] оқығанда әрбір оқушының өзінің жеке көзқарасы қалыптасады. Абайдың тұлғасын, оның өмірін, көзқарастарын, философиясын әр оқушы әртүрлі тұрғыдан қабылдай алады. Бір оқушы Абайды қазақтың ұлы ақыны, оның философиялық көзқарастарын жоғары бағалап көреді, ал екінші оқушы үшін Абайдың жан дүниесі мен күресі адамның ішкі әлеміне, жеке тұлғаның өзін-өзі тануына байланысты болады. Оқушылардың Абай мен оның шәкірттері арасындағы қарым-қатынасты әртүрлі қабылдауы мүмкін:

Бір оқушы Абайдың қоғамдағы өзгерістерге әсер ету жолдарын тарихи контексте түсіндіре алады. Басқа оқушы Абайдың рухани жетілу мен адами қасиеттерді бағалаудағы көзқарасын қазіргі күнмен байланыстырып қарастыруы мүмкін.

Бұл шығарманың көпқабатты табиғатын түсінуге мүмкіндік береді және оқушылардың жеке көзқарастары әрқашан бай әрі терең болады. Оқушының жеке көзқарасы мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту үшін мұғалімнің қолданатын әдістері маңызды. Мұғалім оқушыларды шығарманың әртүрлі аспектілерін талқылауға шақырып, оларды сұрақтар арқылы шығарманың мағыналық тереңдігіне үңілуге ынталандыруы керек. Сондай-ақ, шығармашылық жұмыстар мен пікірталастар арқылы оқушылардың жеке көзқарастарын дамытуға болады. Бұл әдістер оқушыларға шығарманы өздері үшін тереңірек түсінуге және өз пікірлерін негіздей отырып айтуға мүмкіндік береді.

Пікірталастар мен талқылаулар: Шығарманың тереңдігін және әртүрлі түсініктерді талқылау үшін оқушыларды пікірталасқа шақыру. Бұл тәсіл оқушының шығарманың астарлы мағынасын түсінуін тереңдетіп, оның жеке көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Шығармашылық жұмыстар: Шығарманың негізінде шығармашылық жұмыстар жасау (эссе, поэтикалық туындылар, сурет, музыка немесе басқа да өнер түрлері). Бұл оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға және шығарманы өзінің түсінігімен көрсетуге мүмкіндік береді. Өз көзқарасын дәлелдеу: Оқушыларды шығармашылық тұрғыда өз пікірін дәлелдеуге ынталандыру. Бұл әдіс оқушының сыни ойлау қабілетін дамытады және шығарманы әртүрлі қырынан қарауға мүмкіндік береді. Мысалы, А.Құнанбайұлының "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңін [2, 56 б.] оқыған оқушылар оны тек өлең ретінде ғана емес, ақынның өмірлік философиясы ретінде де қабылдай алады. Бір оқушы бұл өлеңдегі моральдық-этикалық ұстанымдарды қазіргі заманмен байланыстыра отырып талқылай алады, ал басқа оқушы осы өлеңнің гуманистік идеяларын шығармашылық эссе немесе әдеби сызба арқылы көрсетеді. Мұғалімнің мақсаты - оқушылардың осы идеяларды өзінің өмірлік көзқарасымен ұштастыра отырып көрсетуіне жағдай жасайды.

Әдеби шығарманы бағалауда мәдени контекстті ескеру өте маңызды. Әр халықтың әдебиеті өз мәдениетін, құндылықтарын, дүниетанымын көрсетеді. Қазақ әдебиетінде дәстүрлі мәдениет пен ұлттық идеология кеңінен көрініс табады. Шығармаларды оқыту барысында оқушыларды мәдениетаралық қарым-қатынасқа тарту, олардың басқа мәдениеттермен танысуына мүмкіндік беру маңызды. Бұл тәсіл олардың дүниетанымын кеңейтеді, сондай-ақ шығарманың терең мәнін түсінуге көмектеседі. Бірақ қазіргі заманғы оқырман үшін Абайдың шығармалары тек ұлттық әдебиетке ғана емес, әлем әдебиетіне де қосылған үлкен үлес болып табылады. Оның адамгершілік құндылықтар мен философиялық сұрақтарды қарастыруы бүгінгі әлемде әртүрлі мәдениеттер мен ұлттар арасында бірдей өзекті.Әдеби шығарманы интерпретациялау - бұл көпжақты, күрделі процесс. Оқушының мәтінді түсінуі мен бағалауы оның тұлғалық дамуы мен интеллектуалды өсуіне ықпал етеді. Көркем мәтінді оқыту мен интерпретациялаудың дидактикалық негіздері оқушыларға тек әдебиет туралы білім беріп қана қоймай, олардың сыни ойлау, шығармашылық, мәдени және моральдық дамуын да қамтамасыз етеді. Бұл үдеріс оқушыларды әдебиет арқылы әлемді түсінуге, өмірдің мәнін ұғынуға және өз пікірін дәлелдеуге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Ысқақов, Б. (2011). Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы: Білім.
М.Әуезов «Абай жолы» Алматы: Жеті Жарғы, 1997
Әуезов, М. (1957). Әдебиет тарихы. Алматы: ҚазМУ баспасы

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Болакбаева Алтын Жапарғалиқызы
№6 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы
Дастанова Мадина Байділдақызы
Қ. Сәтбаев атындағы мектеп директорының құқықтық тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары, Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

Дүние мәдениетінің тарихына туған халқының ой-сана, рухани қабілет парасатын бар болмысымен танытқан даналардың танымы мен тағдыры өзі тіршілік кешкен заманның

топырағынан тамыр тартады. Ұлылар барлық дәуірлік, өмірлік, шығармашылық қайшылықтарды басынан кеше отырып, Жаратушының адамға сыйлаған қасиеттерін бойына сіңірген сәтте ғана замандық тұлға дәрежесіне көтеріледі. Осындай замандық тұлға дәрежесіне көтерілген ғұламалардың бірі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектеп қабырғасында заңғар жазушы М.Әуезовтің 7-сыныпта «Көксерек» повесі мен 11-сыныпта «Абай жолы» роман-эпопеясы оқытылады.

Оқу мақсаттары белгілі бір тарау бойынша ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген тізімге сай жүзеге асады [1, 96 б.]. Қазақ әдебиеті пәні бойынша 7-сыныпта М.Әуезовтің «Көксерек» повесі «Балалар мен үлкендер» бөлімінде төмендегідей оқу мақсаттары бойынша оқытылады.

с	тар					
33	***III бөлім. Балалар мен үлкендер***	М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы	**Түсіну және жауап беру** 7.1.1.1 – әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 – әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 – көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 - көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту; **Анализ және интерпретация** 7.2.1.1 – шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру; 7.2.2.1 – эпикалық, поэзиялық,драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 – шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха,қайталау түрлері: эпифора, анафора,аллитерация	1		
34		«Батыр Баян» поэмасы		1		
35		«Батыр Баян» поэмасы		1		
36		Поэманың тақырыбы мен идеясы		1		
37		Поэманың көркемдік ерекшелігі		1		
38		М.Әуезов өмір жолы		1		
39		«Көксерек» әңгімесі		1		
40		«Көксерек» әңгімесі. IY бөлім		1		
41		Повестің тақырыбы мен идеясы		1		
42		Повестің сюжеті		1		
43		Әңгімедегі кейіпкерлер типі Жиынтық бағалау		1		
44		Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала»		1		

Мұғалімнің сабаққа әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- сараланған тапсырмаларды ұсыну;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беру;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы [1, 96 б.].

Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Тиімді оқытуды жоспарлауда бірқатар мәселелерді ескерген жөн:

- сабақта көптеген әдіс түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек;
- мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек;
- сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы керек. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін, жұптық, жеке жұмыс тапсырмаларын қолдану тиімді болады.

Сонымен, мұғалім сабақтың құрылымдаған жоспарын жасағанда:

- оқу мақсаттарын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;
- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөліктерін қамтуы;
- логикалық жағынан реттелген, оқу мақсаттарына сай келетін тапсырмалар бойынша толық ақпарат ұсынуы;
- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы.

Қазіргі таңда оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр.

«Оқиға тауы» әдісі.

Оқу мақсаты	Бағалау критерийі
Түсіну және жауап беру 7.1.1.1 – әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау.	- шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды.

Оқу мақсатына сәйкес «Оқиға тауы» әдісі бойынша «Көксерек» повесі сюжетінің құрамдас бөлшектеріне талдау жасаңыз.



Әр тапсырмадан соң оқушыларға тапсырманы орындау қадамдары төмендегідей дескрипторлар арқылы ұсынылады:

- шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектеріне талдау жасайды;
- оқиғаның басталуын, байланысын анықтайды;
- шығарманың сюжеттік дамуын анықтайды;
- оқиғаның дамуын, шиеленісуін табады;
- шарықтау шегі мен шығарманың шешіміне дәлел келтіреді.

«Көксерек» повесінің сюжеті мен композициясына талдау жасауда «Оқиға тауы» әдісі тиімді әдіс екенін білім алушылармен жұмыс жасауда көрсетті.

Оқушыларға Құрмаш, Ақан, әжесі, Көксеректің бейнелері бойынша оқулықтан оқып, жұптасып қандай кейіпкер екенін анықтап, ортаға ойларын айту ұсынылады. «Ойлан-жұптас-бөліс». Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі; бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады.

Б.Сманов «Кейіпкер бейнесін талдау» атты кітабында көркем бейнені талдауда мұғалімдерге мынадай тәсілдерді ұсынады:

1) кейіпкер портреті, іс-әрекеті;
2) көркем бейнеге тән ерекшеліктерді өзге кейіпкерлерді сөйлету жолымен көрсету;
3) әдеби бейне; 4) әдеби кейіпкер характерін танытуы [2, 91б.].

Кейіпкер	Портреті, іс-әрекеті	Кейіпкерге тән ерекшелік	Әдеби бейне
Құрмаш			
Әжесі			
Ақан			
Көксерек			

«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі бойынша кейіпкер портретін, іс-әрекетін кейіпкерге тән ерекшелікті, әдеби бейнені анықтап, кесте бойынша талдау жасаған тиімділігін бір дәлелдеді.

5.«Менің сөзім» әдісі

Оқу мақсаты	Бағалау критерийі
Бағалау және салыстыру 7.3.3.1 – шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	- шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдайды; - әдеби эссе жазады.

«Менің сөзім» әдісі бойынша М.Әуезовтің «Көксерек» повесі бойынша кейіпкерлердің қарым-қатынасын, Құрмаш пен әжесінің, Құрмаш пен Ақанның арасындағы қарым-қатынасты отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу ұсынылады.

«Менің сөзім» әдісі оқушыларға эссе жаздыруда тиімді, себебі оқушылар

эссе жазу барысында кейіпкерлердің қарым-қатынасын анықтап, отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.

М.Әуезовтің «Көксерек» повесін оқытуда аталған әдіс-тәсілдер білім алушыларға шығарманың тақырыбы мен идеясын, сюжетін, кейіпкерлерін толықтай танып, талдау жұмыстарына пайдалануда маңызы зор. Жалпы, «Көксерек» повесінде тек табиғат – адам қатынасын ғана емес, сонымен бірге әке мен бала арасындағы текетіреспің де, қас пен дұшпан арасындағы араздық та көрсетілген. Бұл – үлкен адамзаттық мәселелер. Мұның тәрбиелік мәні бала ерекшеліктерінің дамуына, жақсы қасиеттерге баулуға, жан-жақтылыққа тәрбиелеп, халқымыздың өшпес мол қазынасына қызыға қарауына жол салады деп ойлаймын. Осыған орай, мектебіміз Мұхтар Әуезов атымен аталғандықтан, Әуезовтің шығармашылығын жаңа танымменқарастырып, жете тану үшін «Әуезовтану» курсы мектепте апробациядан өткізілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық.– Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 192 б.
2. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. - Алматы, 1990

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АУДАРЫЛУЫ

Есеева Рахия Райқұлқызы, Махамедова Балжан Жақыпбайқызы
Ш.Мұртаза атындағы №30 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, Тараз қаласы

Заманымыздың ұлы суреткері Шерхан Мұртаза шығармалары да дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылды, әлі де аударылуда. Шығармаларының өзге тілдерге аударылуы автор үшін де, аудармашылар үшін де ерекше олжа екендігін атап кеткеніміз жөн. Шерхан тілін аударушылардың басқа аудармашылар сияқты негізгі мақсат-міндеттері - шығармаларының рухын оқырманға дәл жеткізе білу. «Оның туындылары одақтық және шет ел халықтарының тіліне аударылды [1, 631 б.].

«Дүниеде адаммен адамның танысып, түсініскенінен артық байлық жоқ»,- [1, 437 б.] деген екен Сент-Экзюпери. Адамдармен адамдардың түсінісуі арқылы мемлекеттер мен мемлекеттер тіл табысады. Ш.Мұртаза шығармаларын аударған аудармашылардың көпшілігі онымен жүзі таныс, әдеби байланыстағы жандар.

Әрбір көркем шығарманың өзіндік идеясы, оқиғалар орамы, тұлғалар тізбегі таңдаған тақырыптық шеңберге қарайлас болады. Тұтас бір кезеңнің келбетін неғұрлым кең қамтитын жаратындылардың міндеті ауыр. Ондай шығармаларда жеке адамдардың ғана емес, бүкіл

халықтың тағдыры алдыңғы кезекке шығады: оқиғалар мен мінездер шындығы ажырамас бірлестікке жетеді, заманның ең ұрымтал, өзекті саяси-әлеуметтік мәселелерін айтудың өзі көркемдік қажеттілікке айналады. Мұндай кесек туынды-аудармалардың қатарына «Қызыл жебе» - «Огненная стрела» роман-трилогиясы (сол кезде әлі трилогия) жатады. Ол орыс тіліндегі аударма ретінде 1988 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан 50 000 данамен жарыққа шығады. Бірінші кітапты – Бақытжан Момышұлы және Леонид Ханбеков, екінші кітапты – Леонид Ханбеков, ал үшінші кітапты – Батылжан Мұртазаев (жазушының ұлы) және Виктор Мирогловтар орыс тіліне тәржімалаған. Бұл аудармаларда жазушы Ш.Мұртазаның осы кесек туындысының рухы айнытпай берілген.

Осылардың қатарынан біз Л.Ханбековтың жазушы шығармаларын аударудағы рөлін ерекше атап көрсете аламыз. Ш.Мұртаза мен Л.Ханбековтың байланысы 70-жылдардан бастау алады. Жазушыға жазған әр хатында ол Шерхан Мұртазаға аударма жағынан ақыл-кеңестер ғана емес, сонымен қатар, жеке адами тұрғыдағы достық қарым-қатынас танытып отырады. 1978 жылы қараша айының 23-де Мәскеуден жазған кезекті хатында: «Наконец-то, поздравляю тебя еще раз с романом. Молодец! Джигит! Верю, что как только ты закончишь вторую часть, «Огненная стрела» прозвенит не только на Казахстанском горизонте, но и в небе всей страны – удало, свежо и сильно», [2, 8 б.], – деп жазушы шынайы достық лебізін білдіріп отырады.

Әлем әдебиетінің ең ірі, жанды шығармаларына өшпес қуат дарытып келген идеяның бірі – түрлі ел, халық, нәсіл өкілдерінің өзара достық, ынтымағын, ізгі мақсат бірлігін жырлау екені ежелден мәлім. «Қазақ қаламгерлерінің еңбек, мұралары алыс-жақын шет тілдеріне үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінен кейін кеңінен насихатталып, достық дәнекері – аударма өнері арқылы жүзеге асырылып, тарай бастады»[1, 437 б.].

Олай болса, жазушының Л.Ханбековпен жазысқан кез-келген хатында аударма арқылы қос жазушының терең адами достық қарым-қатынасына жетіп отырғандығын айта аламыз.

Бұл хаттарда екі жазушының біріне-бірі шығармашылықтарына байланысты жасаған сыни пікірлері де жоқ емес. Ш.Мұртазаның «қазақ әдебиетінің «қызыл жебесі»» екендігі аян болса да, төл тілімізде жазушы асыл сөз шебері екенін ескерсек те, оны өзге, мәселен, орыс тіліне аудару кезінде кейбір детальдардың жетіспей жатуы да мүмкін. Мәселен, Л.Ханбековтың Мәскеуден жазған кезекті хатында: «Когда будет время, я еще раз перечитаю твой роман, и, сделав карандашные пометки, верну тебе, чтобы ты учел мои замечания при подготовке его к переизданию. А в целом роман твой, как я уже говорил тебе раньше, дорогой Шерхан, доставил мне большое удовольствие. Я снова испытал черную зависть что не я работал с тобой».

Жазушының «Қара маржан» романының «Гара Мәрчан» деген атпен 1982 жылы Валех Мусаевтың тәржімалауымен Баку қаласындағы «Иазычы» баспасынан 10000 данамен жарыққа шыққандығы белгілі. «Қара Маржан» романы да жазушының баға жетпес туындыларының қатарында. Оның ерекшелігі сол – 1978 жылы жазушыға «Қара маржан» романы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді. Роман туралы батыр Қ.Қайсенов 1987 жылдың 21-ші қыркүйегінде жазушыға тамаша лебізі жазылған хат жолдайды: «Алтай сілемінде айдыны жинақы, түп-тұнық айналасы аң-құс, бұғы-маралды көрікті таулармен көмкерілген әсем көлдер болады. «Қара маржанды» оқып шығып, сол көлді күн ыстықта сүңгіп өтіп, жағасында рахаттанып тұрғандай сезіндім. Өмірден көргеніңді ойыңа терең ұялата білгенсің. Өзің өскен жеріңнің тамаша табиғатын терең тани алғансың. Жайда адам ойына орала бермейтін теңеулеріңе тамсандым. Шебер шегіністер жасап, оқушыны роман арқауынан адастырмайсың... Адамгершілікті, парасаттылықты, ұлт достығын уағыздайтын бұл дарындылықтан туған дастан!» [3,72 б.], - дейді. Ұлт достығын уағыздайтын жазушының осы туындысының әзірбайжан тіліне аударылып, көлемді данамен жарыққа шығуы да оның шығармаларының өте құнды дүниелердің қатарында тұрғандығын тағы бір дәлелдейді. Оның жарыққа шығу мәселесімен де ерекше ден қойып айналысқан жазушының

тағы бір әдеби байланыстағы тұлғасы – Эльчин Эфендиев. Ш.Мұртаза Э.Эфендиевпен өзінің тамаша жолдасы Мустафа Эфендиев арқылы байланыс орнатты. М.Эфендиевтің 1979 жылы 30 қарашада Бакуден жіберген хатында Ш.Мұртазаны туысы, мықты әдебиеттанушы Эльчин Эфендиевпен байланыс орнатуға шақырады: «Дорогой, Шерхан! Ты знаешь, наверное Эльчина, моего племянника. Он известный наш писатель и является секретарем Союза писателей Азербайджана.

Ты можешь держать связь с самим Эльчином. И вообще, я был бы рад, если у тебя с Эльчином установились бы дружеские отношения. Оба вы прекрасные писатели, оба секретари и обоих вас я люблю и уважаю» [3, 24 б.].

Бұдан өзге жазушының өзге де татар, башқұрт әдебиеттанушылармен байланыста болғанын аңғаруымызға болады. Мәселен, татар әдебиеттанушысы Фарит Хатипов (1984 жылы, 12 қарашада жазған хаты бар), Әбрар Каримуллин (1985 жылы, 17 маусымда жазған хаты бар), Туфан Миннулин (1986 жылы, 16 қыркүйекте жазған хаты бар). Туфан өз хаттарында Ш.Мұртазаның тек шығармашылық жақтарына ғана емес, адами қасиеттеріне де қатты сүйсінетіндігін жеткізіп отырады: «Я вообще удивляюсь тебе: ты всегда находишь душевную теплоту, внимание. В этом отношении я стараюсь учиться у тебя, но не всегда получается. Видимо мы что-то забыли...». Осы тәрізді лебізді Шерхан Мұртаза да досы Туфанға өз хаттарында білдіріп отырады. Осындай тұстарды эпистолярлық жанрға жатқызуға болады: «Здравствуй, Туфан-дос! Видел тебя в «Лит. России» красивым и умным, радовался, читая твои ответы и сам обоготился. Молодец! Работаю там же, работа трудная и неблагодарная. А с книгой сплошные тернии. Говорят, пиши правду. Написал суровую правду – некоторые испугались, а другие быстро начали строчить крикливую клевету /время-то подходящее/. Словом как пишет ваша поэтесса Алсу: Иң йомшак куңелгә, Қадақлар қағылған. Иң изге кешегә, Ғайбатлар тағылған... Братский салем всем дорогим мне друзьям!».

Осындай өзге ел әдебиеттанушыларымен жылы лебіздер мен әдеби байланыстардан өзге жан бірлігі, рухани бірлік құра білуі Ш.Мұртазаның тағы бір жаңа қыры десек артық айтқандығымыз емес.

Жазушының 75 жылдық мерейтойына арнайы дайындалған библиографиялық көрсеткіштің өзінде (Астана, 2007; Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығы) жазушы шығармашылығы бойынша берілген тізімде оның көптеген шығармаларының аудармаларының аттары берілген.

Ш.Мұртаза шығармалары аудармасының алдыңғы шебінде тұрған тұлғалардың бірі – Бақытжан Момышұлы. Жазушының Б.Момышұлы тарапынан аударылған шығармаларын тізетін болсақ: 1966 жылы – «Табылған теңіз»-«Найденное море»; 1970 жылы – «Мылтықсыз майдан» - «Фронт без оружия»; 1979 жылы – «Қара маржан» - «Черное ожерелье». Осымен қатар, Б.Момышұлы Ш.Мұртазаның бірнеше публицистикалық дүниелерін де аударған. Мәселен, 1970 жылы «Ленинская смена» газетіне жас жазушының жол дәптеріндегі «Синие окна Египта», 1971 жылы сол газетте «У порога» әңгімелерін аударып жарыққа шығарған. 1979 жылғы аудармаларының қатарында «Аксай и Коксай», «Безъязыкий колокол», «Матери и дочери», «Та далекая осень», «Песня цикады», «Золотая заноза» әңгімелері де бар.

Жалпы Ш.Мұртазаның бұдан өзге әңгімелері, публицистикалық дүниелері түрлі елдердің баспасөз беттерінде аударылып жарияланып отырды. Мәселен, Саха АССР-нің «Хотугу Сулус» атты әдеби және қоғамдық-саяси журналының 1983 жылғы № 5 санында оның «Аксай уонна Коксай» атты («Ақсай, Көксай») әңгімесі аударылып берілген. Ш.Мұртазаның шығармашылығын Саха еліне таныстырып, тәржімалаған Василий Николаев еді. Саха елінің бұл журналының осы № 5 саны «Саламатсыздар ма, қазақ ағайындар!» атты айдармен жарыққа шаққан. Мұнда Шерхан Мұртазадан өзге Жұбан Молдағалиев, Әбділда Тәжібаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Ақұштап Бақтыгереева, Сырбай

Мәуленов, т.б. сынды қазақ әдебиетінің саңлақ ақын-жазушыларының дүниелерінің аудармалары жинақталған.

Көркем дүниелерінен өзге оның публицистикалық стильдегі дүниелері де түрлі елдердің баспасөз беттерінде аударылып жарияланған. 1961 жылғы 24 маусымдағы «Советтик Кыргызстан» газетінің № 148 (10868) санында Ш.Мұртазаның Теміртаудағы Қазақстан магниткасынан «Шойын ұшқындары» атты мақаласы аударылып берілген: «Балбан билек замандаштар өз колдору менен бапестеп курган домна эрдик менен каармандыктан, достук менен бирдиктин түбөлүкко орнотулган монумент эскерткичиндей болуп, Арканын ар жагынан көрүнөт да, төбөсүн көккө тиреп, чоюндун чокторун салюттун ракеталарындай бүркөт» [4] деп Шерхан Мұртазаның публицистикасын қырғызша сөйлетеді. Сонымен қатар, «Кыргызстан маданияты» газетінің 1988 жылғы 26 мамырында № 22 санында «Сталинге кат» шығармасының қойлымы туралы Қырғыз ССР-інің мәдениет және әдебиет қайраткері, жазушысы Саткын Сасыкбаев жазған болатын. Ол екі бөлімді драманың қырғыз театрының сахнасындағы қойылымы туралы жазып өтеді: «Турар Рыскуловдун ролун театрдын жаш артиси Айдос Бектемиров, Сталиндин ролун жаш артист Тынымбек Пиримжанов аткарат экен»,- дей келе, Шерхан Мұртазаның бұл шығармасына талдау жасап, кесек туындының Райымбек Сейтметовтың сахналауы турасында терең сөз қозғайды.

Бұдан өзге қырғыз елінің баспасөз беттерінде Шерхан Мұртазаның «Сиңерткәлір моңо» (хикәйә) («Ленинсе», 1973 йыл, 20 ноябрь, № 137-138) аудармасы жарияланған.

Шерхан Мұртазаның «41-жылғы келіншек» атты әңгімесінің кереметтігі болар, ол көптеген елдердің тіліне аударылып танымал болды.

Мәселен, қырғыз елінің «Нарын правдасы» атты 1971 жылғы 22 қазанында шыққан № 122 (6857) санында «41-жылкы келинчек» (ангеме), ұйғыр тілінде шығатын «Коммунизм туғи» газетінде 1972 жылғы 5 октябріндегі № 118 санында «41-жилқи чокан» (һекәйә), татар елінің қоғамдық-саяси және әдеби «Азат хатын» атты журналдың 1982 жылғы қазан айындағы Туфан Миңнуллиннің тәржімасымен берілген «Кырык беренче ел килене» (хикәя), т.б. аудармалары жарияланған.

Ұйғыр тілінде шығатын «Коммунизм туғи» атты республикалық газетте (1982 жыл, 27 сентябрь, № 185 (3863) «Заманимиз күйчиси» (Ш.Муртазаев 50 яшта) атты ұйғыр жазушысы Ж.Босақовтың мақаласы жарияланған. «Биз һәқиқий инсан, коммунист, талантлиқ язғучинин 50 яшлиқ мәрикисини чин қәлбимиздин тәбрикләп, униңға йәниму зор бәхит, ижадий муваппәқийәтләр тиләймиз» [5] - деп Мұртазаны заманымыздың күйшісіне балап, әдеби және публицистикалық жолына талдау жасайды.

Бұдан өзге неміс тілінде шығатын «Фройншафт» газетінде, 1980 жыл 16 февраль № 34 санында, «Ленин кичи» атты республикааралық корей тіліндегі газетте, «Вечірній Київ» атты 1988 жылғы №207 (13422) санындағы газетінде «Лист до Сталіна» - «Сталинге хат» аудармасы Украинадағы қазақ әдебиетінің күндеріне байланысты жарыққа шығады. Газеттен өзге Шерхан Мұртазаның екі бөлімді тарихи драмасы Украинадан шыққан «Киів» журналының 1988 жылғы № 9 санында жарияланады. «Сталинге хат, «Бесеудің хаты» бір тақырыпты – халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драма-дилогия», - деп, бағалаған болатын белгілі драматург Қ.Мұхамеджанов. Осы драма-дилогияның қазақы рухы украин тілінде де сөйлегені құптарлық жайт, Шерхан Мұртаза қаламының шынайылығы мен даралығы десек қателеспейміз. (Аудармасы Украина Жазушылар Одағының хатшысы Петро Перебийніс), Молдавияның «Молдова» атты журналының 1982 жылғы № 2 санында Еужения Давидтің аудармасымен «Бэтры-нул солдат» атты («Белгісіз солдаттың баласы») шығармасы жарияланған.

Шерхан Мұртаза шығармаларының соңғы жылдардағы аударылуының тағы бір табысы –«Ай мен Айшасы». Ол Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің

бағдарламасы бойынша 2009 жылы Гүлмахира Нұрбекқызының аудармасымен «Аударма» баспасынан 3000 данамен жарыққа шықты.

«Роман «Луна и Айша» («Ай мен Айша») является библиографическим. Повествование идет от первого лица, от имени мальчика Барсхана. Главная героиня романа – Айша, мать автора. Ее он отождествляет с Луной. Если в мировозрении маленького ребенка могущественным на небосклоне является луна, то на земле, центром вселенной для него является мать, то есть – Айша. Отсюда и название романа «Луна и Айша». В образе Айши, как в зеркале отражаются образы тысяч казахских женщин, исконно приверженных семье, детям, близким и родным»[5, 5 б.] - дейді аудармашы Г.Нұрбекқызы.

«Роман состоит из двух книг, на русский язык переведен впервые и предназначен для широкого круга читателя»[5, 6 б.], - деп өзінің алғы сөзін қорытындылайды аудармашы. Қазіргі таңда автордың «Ай мен Айшасы» түрік тіліне тәржімалануда.

2017 жылы «Ай мен Айша» кітабы түрік тіліне аударылды. Сүйінші данасын алып келген аудармашы-жазушы Мәлік Отарбаев: «Тұтас бір дәуірдің тыныс-тіршілігін қамтитын, жазушы өзінің балалық шағын баяндап беретін «Ай мен Айша» романы о баста жарық көре салысымен-ақ, соны аударсам деген ой келген еді. Шығармадағы Айша апаның өзін біз бала кезде көргенбіз, ал өзін шығармада Барысхан деген кейіпкер арқылы көрсеткен Шерхан ағамызды туып-өскен, тұлға болып қалыптасқан ортасы мен үшін де таныс әрі бейтаныс әлем еді. Бірақ ол үшін аударма саласында біраз жұмыс істеп, ізденісте жүріп, тәжірибе жинақтау керек болды, қысқасы, бұл байыпты дайындықты қажет ететін жұмыс еді. Кейіннен кітапты қазақшадан түрікшеге екі жылдай жүріп аударған соң Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қолдауымен Түркияның Анкара қаласындағы Еуразия жазушылар қауымдастығының «Бенгу» деп аталатын баспасынан жарыққа шығардық»,-дейді.

Жазушы Бекет Момынқұл Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабын «Один изъян бытия» деп атап, орыс тіліне аударған.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің әлемдік арнада көрініп, таралуы кең өріс алып келеді. Мұның өзі егемен елдің тәуелсіздік тұғырын рухани салалар арқылы нығайтып, шеңбер-аясын жаңа тақырып, мазмұнмен, соны түр, өлшем-өрнектермен көркем бедерлей түскенінің бір белгісі болса керек.

«Ендеше, достық дәнекері-кітаптың, оның ішінде Қазақ әдебиетінің әлем халықтары тілдеріне аударылып, насихатталуы жоғарыдағы кәделі де құрметті, абыройлы істеріміздің жарасымды жалғасы болып табылады»[1, 447б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрысбек М. Ұлт мұраты және руханият. – Астана, 2008. - 628 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Кеңес дәуірі (1956-1990), 9 том. – Алматы: 2005. - 991 б.
3. Советтик Кыргызстан газети. 1961. - 24 маусым, № 148 (10868)
4. Коммунизм туғи газеті. 1982. - 27 сентябрь № 185 (3863)
5. Ш.Муртаза. Луна и Айша (роман-эссе). - Астана: Аударма, 2009. – 488с.

САНДЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ: ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Аманғазықызы Мөлдір
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қаласы

Сандық әдебиеттану – digital humanities саласындағы жаңа бағыттардың бірі, ол XX ғасырдың аяғында компьютерлік технология пайда болып, дамыған тұста қалыптаса бастады. Бұл бағыт дәстүрлі әдебиеттанымдық әдістерді заманауи сандық құралдармен байланыстырады, сол арқылы әдеби мәтіндер мен мәліметтерді бұрын көз көріп, құлақ естімеген дәлдікпен жаңа масштабта талдайды.

Көлемді мәліметтерді талдау, жүйелі талдау мен ақпаратты визуализациялау құралдарын пайдалану гипермәтіндік/ интермәтіндік/ интермедиалық өзара ықпалдастықтың жаңа үлгілерін тудыруға септігін тигізеді. Осылаша, әдебиеттанулық зерттеулер саласына сандық технологиялардың енуі мәтінді талдаудың дәстүрлі әдістерінің мүмкіндіктерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар әдеби туындыларды интерпретациялауда түбегейлі жаңа эвристикалық мүмкіндіктер ашады. Сандық әдебиеттану тәсілдері зерттеушілерге дәстүрлі гуманитарлық талдау кезінде қол жетімсіз болып қалатын мәліметтердің ауқымды жиынтығын пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл әдіснамалық өзгеріс жаңа теориялық парадигмалар мен әдіснамалық тәсілдердің қалыптасуына септігін тигізеді, осылайша әдебиеттану саласында тұрақтанып қалған таным-түсініктер мен тәжірибелерге жаңаша қарауға мүмкіндік туғызады.

Әдеби шығармалардың мәтіндік мәліметтерді талдау бағыты аясында да екі негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады. Бірінші бағыт табиғи тілді өңдеу (NLP) әдістері мен көркем мәтінді талдаудағы машиналық оқытуды қамтиды. Яғни, мәтіндердегі жасырын паттерндер мен тақырыптарды анықтау үшін тақырыпты модельдеу және эмоционалды талдауды қолдануға болады. Мысал ретінде зерттеушілер XVIII ғасырдағы мәтіндердегі жасырын тақырыптарды анықтау үшін LDA (Latent Dirichlet Allocation) алгоритмін пайдаланған «Topic Modeling of Eighteenth-Century Literature» деп аталатын еңбекті атап өтуге болады. Талдау сол кездегі әдебиеттегі негізгі тақырыптар мен олардың өзгерістерін анықтауға көмектескен.

«Sentiment Analysis of Victorian Novels» мақаласында зерттеушілер викториан дәуірінің романдарының эмоционалдық мазмұнын талдау үшін табиғи тілді өңдеу әдістерін пайдаланған. Зерттеу барысында тарихи жағдайға байланысты шығармалардың эмоционалдық реңктерінің өзгеруі анықталған. «Digital Humanities Quarterly» зерттеуінде қашықтықтан оқу әдісін дәстүрлі талдауда анықтау қиын болатын гендерлік паттерндер мен жүйелік ағат пікірлерді ашып, кең ауқымды мәтіндерді талдау үшін пайдалануға болатынын көрсетеді. Үлкен мәтіндік массивтерді талдау үшін статистикалық және математикалық әдістер кеңінен қолданылады, оған есептеу стилистикасы, сөз жиілігін талдау, тақырыптардың таралуы және мәтіннің басқа да сандық сипаттамалары кіреді. Бұлардың қатарындағы ең перспективалы жұмыс жиілік лексикасына негізделген авторлық пен авторлықты анықтау жұмысы («біз сөз жиілігінің тізімдері стиль туралы неге соншалықты жақсы түсінік беретінін нақты білмесек те, әсіресе авторлықты анықтауға келгенде стилометриялық әдістің оң нәтижелері сөзсіз тарихта digital humanities табысы болып қалады» [1, 169 б.].

Авторлықты анықтаудың ең танымал әдістерінің бірі сөздер немесе символдар реттілігін талдауда қолданылатын n-грам әдісі. Авторлықты анықтауда функционалдық сөздерді (мысалы, көсемше, жалғаулық, т.б.) қолдану да дәл көрсетеді. Мұндай талдаудың сәтті мысалы ретінде D.H. Sperling, M. Kestemont, V. Neyt мақаласын атауға болады, онда авторлар авторлық талдаудың компьютерлік әдістері Кингті стилистикалық және сюжеттік тұрғыдан Кингке ұқсас заманауи авторлар: Дин Кунц, Питер Страуб және Томас Харриспен

шатастырмай, Бахман кітаптарының (Кингтің әдеби лақап аты) авторы ретінде дұрыс анықтай алатындығын тексерген. Сондай-ақ, әдеби шығармалар мен олардың авторларын желілік талдау нысаны арқылы зерттеу, оның қатарында кейіпкерлер арасындағы әлеуметтік және әдеби қарым-қатынастарды зерттеу де бар. Бұл тәсіл әсіресе пьесаларды зерттеуде өзекті, себебі кейіпкерлердің өзара әрекеттесуін кейіпкерлер арасындағы вербальды алмасулар саны арқылы оңай анықтауға болады.

Екінші бағыт – мәліметтерді визуализациялау, ол да сандық әдебиеттануда маңызды рөл атқарады. Әртүрлі визуализация құралдарын пайдалана отырып, кейіпкерлер, тақырыптар және әдеби шығармалардың басқа аспектілері арасындағы байланыстарды визуализациялауға көмектесетін сызбаларды, диаграммалар мен карталарды жасауға болады. Бұл зерттеушілер мен оқырмандарға мәтіндердің құрылымы мен мазмұнын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. «Mapping the Republic of Letters» жобасы XVIII ғасырдағы еуропалық зиялылар арасындағы хат алмасуды визуализациялады.

Графикалық диаграммаларды пайдалана отырып, зерттеушілер Ағарту дәуірінің маңызды тұлғалары арасындағы байланысты көрсете алды. «Thematic Mapping of the Nineteenth-Century Novel» жобасы XIX ғасырдағы романдардағы әртүрлі тақырыптардың таралуы мен танымалдылығын визуализациялау үшін жылу карталары мен графиктерді пайдаланған. Бұл зерттеушілерге түрлі кезеңдердегі ең өзекті тақырыптарды түсінуге көмектесті.

Негізгі тәсілдерді кесте түрінде көрсетейік (бұл талдаудың ықтимал әдістерінің кейбірі ғана екенін ескерген жөн).

1 кесте – Әдеби мәтіндерді талдаудың сандық тәсілдері

Қолдану аясы	*Сипаттамасы*	*Құралдары*
М тіндік талдау	Мәтінді талдауда бағдарламаларды пайдалану: жиілік талдау, түйін сөздер мен негізгі тақырыптарды іздеу.	Voyant Tools, AntConc, NLTK (Natural Language Toolkit), Python, R.
Семантикалық талдау	Семантикалық талдау технологиясын пайдалана отырып мәтіннің мағыналық құрылымын зерттеу.	Word2Vec, Topic Modeling (LDA), Semantic Analysis in Python.
Желілік талдау	Кейіпкерлер, авторлар мен мәтін арасындағы байланысты анықтау үшін әдеби туындыға талдау жасау.	Gephi, Cytoscape, NetworkX, Palladio.
Геокеңістіктік талдау	Әдеби мәтіндердің географиялық аспектілерін зерттеу.	GIS (Geographic Information Systems), Mapbox, ArcGIS, QGIS, StoryMap.
Мәліметтерді визуализациялау	Әдеби мәтіндерді дұрыс түсініп, интерпретациялау үшін мәліметтердің визуализациялық көрінісін қалыптастыру.	Tableau, D3.js, Plotly, Matplotlib, ggplot2.
Эмотивтік талдау	Мәтіннің эмоционалдық мазмұнын талдау	Sentiment Analysis Tools, VADER, LIWC (Linguistic Inquiry and Word Count).

Филогенетикалық талдау	Әдеби мәтіндер мен жанрлардың эволюциясын зерттеу үшін филогенетика әдістерін қолдану	Phylogenetic Analysis Tools, Mesquite, R packages (ape, phangorn).
Авторлық пен стильді талдау	Мәтіндердің авторлығы мен стилін зерттеу.	JStylo, Signature Stylometric Analysis, Burrows's Delta, Computational Stylistics.
Статистикалық талдау (көлемді мәліметтерге талдау жасау)	Құбылысты сандық бағалау.	Hadoop, Apache Spark, Google BigQuery, NoSQL Databases.

Дегенмен, сандық әдебиеттанудың елеулі табыстарына қарамастан оны әдебиеттану саласында жан-жақты қолданылуына күмән тудыратын белгілі бір шектеулері бар екенін де айта кеткен жөн. Негізгі аспектілерінің бірі – тек арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді ғана емес, сонымен қатар қуатты есептеу ресурстарын қажет ететін техникалық инфрақұрылымға тәуелділік. Бұл талаптар сандық әдістерді кеңінен қолдануға кедергі келтіреді, тек қажетті ресурстары бар зерттеушілердің белгілі бір тобы ғана қол жеткізе алады. Сонымен қатар, сандық әдебиеттануда қолданылатын алгоритмдер әдеби мәтіннің барлық стильдік-семантикалық реңктерін толығымен қамтуға қабілетсіз болып шығады. Машиналық оқыту және көлемді мәліметтерді өңдеу өз артықшылығына қарамастан дәстүрлі әдебиеттануға тән интуитивті түсінік пен терең контекстік талдауды алмастыра алмайды. Бұл сандық әдістер әдеби шығармалардың сапалық қырын толық жеткізе алмайды. Сондай-ақ, соңғы жылдардағы сандық төңкеріс тек әдебиеттану ғылымына ғана емес, жалпы әдеби үдеріске де әсер еткенін айта кеткен жөн. Кітап нарығында жасанды интеллект арқылы жасалған мәтіндер пайда болды. Қазіргі кезде мұндай романдар әдебиеттанушылар арасында айтарлықтай қызығушылық тудырмайды, өйткені экзистенциалды компоненттің болмауы олардың құндылығын төмендетеді. Бұл мәтіндерде әдеби шығармаларды талдаудың кілті болып саналатын терең көркемдік тәжірибе мен контекст жоқ.

Жасанды интеллекттің дамуымен көркем шығармашылықтың жаңа түрінің туындауы, оның ішінде адамның авторлығымен жасалмайтын элементтердің болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бұл әдебиеттегі революциялық өзгерістерге және әдеби шығарма мен оны тудыру туралы талапқа өзгеріс әкелуі мүмкін. Осылайша, әдеби шығармаларды жасауда жасанды интеллект қазір белгілі бір шектеулерге ие десек те оның әдебиет саласындағы болашақ жаңашылдық әлеуетін ескеріп, одан әрі зерттеуді қажет етеді. Оның бұл әлеуетін одан әрі зерттеу әдеби үдерісті жаңаша ойлауға және жаңаша түсінуге, сонымен қатар әдебиеттанудағы жаңа теориялық әрі әдіснамалық көзқарастардың дамуына әкелуі мүмкін. Сондықтан қазіргі шектеулерге қарамастан, әдебиеттану ғылымының теориясы мен практикасының дамуына айтарлықтай әсер ете алатын жасанды интеллектті әдеби шығармашылықта қолданудың мүмкіндіктері мен болашағын зерттеуді жалғастыру маңызды.

Қазіргі кездегі қазақстандық әдебиеттану ғылымы жағдайында сандық әдебиеттанудың әдіснамалық тәсілдері мен техникаларын қолдану тұрғысында бірнеше бағытты бөліп көрсетуге болады.

Бір жағынан, қазақ әдебиетінің сандық мұрағатын құру бастамалары өзекті деп есептейміз, бұл тек мәдени мұраны сақтау ғана емес, сонымен бірге оны жаһандық деңгейде таныту, сол арқылы қазақ әдеби мұрасы әлемдік ғылыми кеңістікке кірігуге мүмкіндік алады. Р.А. Мұхамадееваның пікірінше: «Бірегей мәдени-тарихи нысандарды сақтау ең жаңа технологияларды қолдануды талап етеді. Өнер мен мәдениет нысандарының нақты

көшірмелері мен сандық үлгілері қазақстандық және шетелдік зерттеушілерді халықтың шынайы құндылықтарын жете түсінуіне мол мүмкіндік береді» [2, 88 б.].

Екіншіден, бұл тәсіл Қазақстан әдебиетінде көрініс тапқан мәдени жадыны зерттеу үшін өзекті болуы мүмкін. Мәдени жадты зерттеу белгілі бір атаулар мен оқиғаларға бағыттайтын түрлі мәтіндер мен медиа арналарда уақыт өте келе қайталанатын тақырыптарды анықтауға себеп болады. Есептеу әдістері мұндай заңдылықтарды үлкен масштабта жүйелі түрде қадағалау мүмкіндігін туғызады.

Үшіншіден, сандық әдебиеттану ғылымына гендерлік зерттеулердің кірігуі дәстүрлі әңгімелерді деконструкциялауға ғана емес, сонымен қатар инклюзивті әдеби дискурс жасауға ықпал ете алатын жүйелі гендерлік паттерндерді анықтауға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар әдебиеттану саласының мамандарын даярлауда қолдануға болатын жаңа құралдарды ұсынады, олар жеке мәтіндердің интерпретациясын жинақтау дағдысымен қатар, әдебиеттегі макроүдерістерді қарастыра алады. Бұл өз кезегінде мәдени форма ретінде әдебиет пен қоғамда болып жатқан әлеуметтік үдерістер арасында жиі кездесетін алшақтықты жоюға көмектеседі.

Сайып келгенде, әдеби контекстің маңызды факторы болып табылатын Қазақстанның көптілділігі аударма және тілдердің өзара әрекеттесу саласындағы зерттеулерге бірегей мүмкіндіктер ашады. Бұл лингвистикалық вариативтіліктің әдеби шығармаларды қабылдау мен түсіндіруге әсерін зерттеуге, сондай-ақ мәдени түрлілікті сақтау және дамыту үшін маңызды болып табылатын әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстандағы сандық әдебиеттану – ұлттық және әлемдік әдеби кеңістікті айтарлықтай байыта алатын келешегі зор бағыт. Біздің ойымызша жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, отандық жоғары оқу орындарында әдебиеттану саласының білімгерлерінің оқу бағдарламаларына сандық әдебиеттану пәнін енгізу де өзекті деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Jannidis F. Der Autor ganz nah – Autorstil in Stilistik und Stilometrie // Theorien und Praktiken der Autorschaft, Eds. Matthias Schaffrick, Marcus Willand. – Berlin: De Gruyter, 2014. – P. 169-195.

2. Мухамадеева Р.М., Мухамадеева И.А. Внедрение цифровизации в процесс сохранения национального потенциала казахской культуры // Научный электронный журнал «Матрица научного познания». – №3-1/2022. – С. 88-92.

«ШЕШЕНДІК ӨНЕР – ҒЫЛЫМДАРДЫҢ СИНТЕЗІ: ФИЛОСОФИЯ, ЭТИКА, ЛОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ»

Уразынбет Жансұлу Сейлханқызы, Қасым Шарапат Ерланқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс студенттері,
Тараз қаласы

Шешендік өнер – қай заманда, қандай қоғамда болса да, қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер. Шешендік сөз – халық даналығы, ақыл-ойдың құймасы, әдеби тілдің бастауы [1]. Ол тек қана сөз өнері емес, сонымен қатар көшбасшылық, психология, логика және мәдениет сияқты көптеген ғылымдар мен өнердің тоғысқан жері.

Бұған дәлел ретінде М.Қ. Қанабековаңың «Стилистика және сөз мәдениеті» еңбегіндегі: «Шешендік сөз - тілдік, коммуникативтік, философиялық, логикалық, этикалық,

психологиялық, тарихи-мәдени т.б. көпқырлы ерекшеліктері бар классикалық формадағы сөз өнері»,- деген пікірін келтірегу болады [2,182 б.].

Шешендік өнердің тарихы адамзат тарихымен бірге басталады. Ежелгі Мысыр, Греция, Рим сияқты өркениеттерде шешендік өнер қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарған. Шешендер өздерінің сөздерімен адамдардың санасын өзгертіп, оларды жақсылыққа, әділдікке және бірлікке шақырған. Шешендік өнерінің қалыптасу кезеңіне байланысты «Об ораторском искусстве» кітабында мынадай сипаттама берілген:

«Ақындық табиғаттың туа бітті сыйы болса, шешендік жүре бітті қасиет екені де ертеден ұғынықты болған. Антик дәуірінің кейбір шешендері даусын мәнерлеп, сөз сарасын салмақтап сөйлеуге теңіз жағалай жүріп жаттыққан екен. Ертедегі Афина, Рим шешендері қарумен емес, сөз құдіретімен ұлы империяларды «жаулап» алған. Шешендік өнердің шамшырағы атанған олар риторика арқылы ғылыми логиканың, этиканың, философияның алғашқы әліппесін қалдырды. Заманына қарай шешендік өнері бірде саясат пен биліктің қаруы болса, бірде өмір шындығынан алшақтап, сәндік пен салтанатқа, мадақ пен марапатқа қызмет еткен. Орта ғасырда дін мен шіркеудің билігіне орай қайта пайда болған гомилетика (дін мен шіркеуді уағыздайтын ілім) шешендік өнерді мүлдем ығыстырып тастады. XV ғасырда гуманистік ағымның пайда болуы шешендік өнерді қайта жандандырды» [3,18 б.]

Қазақ халқының шешендік өнері де бай тарихқа ие. Қазақ даласында шешендер мен билер әрқашан құрметті болған. Олар өздерінің тапқырлығымен, шешендігімен және әділдігімен халықтың сеніміне ие болған. Қазақтың шешендік сөз үлгілерін жинақтап, халықтың осы бір ерекше қасиетін байқаған, бағалаған белгілі ғалым В.В.Радлов: «…Қырғыздар (қазақтар) өз көршілестерінен ұтымды сөздің ұрымтал тұсын тауып қолдана білетін тапқырлығымен және керемет шешендігімен ерекшеленеді. Менің жинаған материалдарым қазақтардың ақылы, ой өрісі мен тілі жайында нақты түсініктер мен мағлұматтар береді деп ойлаймын» деп, ойын басқа түркі тілдес халықтармен салыстыра отырып халқымыздың өнерін жоғары бағалаған [4,17 б.].

Қазіргі қоғамда шешендік өнердің маңызы кеміген жоқ. Керісінше, ақпараттық технологиялардың дамуымен адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау тәсілдері өзгерген сайын шешендік өнердің рөлі арта түсуде.

Осы орайда М.Т.Цицерон: «Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс»,- дейді [5, 47 б.]. М.Т. Цицеронның бұл сөзі шешендік өнердің қаншалықты күрделі және көп қырлы екенін көрсетеді. Шешен болу үшін адам тек тілді жақсы меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар философиялық ойлау қабілетіне, психологиялық білімге, логикалық тұжырым жасау қабілетіне, этикалық принциптерге, поэтикалық сезімге және актерлік шеберлікке ие болуы керек.

Шешендік өнер әр түрлі ғылым салаларымен тығыз байланысты. Лингвистика шешендерге тілдің байлығын қалай пайдалану керектігін үйретсе, психология аудиторияның сөзді қалай қабылдайтынын түсінуге көмектеседі. Философия адамның дүниетанымын кеңейтіп, терең ойлауға жетелейді, ал логика сөздердің дұрыс құрылымын және дәлелдердің күшін түсінуге мүмкіндік береді. Этика шешеннің өз сөзі үшін жауапкершілігін сезінуге көмектеседі, ал поэтикалық сезім мен актерлік шеберлік сөзді әсерлі және сенімді етуге ықпал етеді.

Әрбір маман шешендік өнерді өзінің кәсіби қызығушылығы тұрғысынан қарастырады. Мысалы, лингвист үшін шешендік – бұл тілдің экспрессивті мүмкіндіктерін пайдалану өнері болса, психолог үшін – аудиторияға әсер етудің тиімді құралы.

Шешендік өнер – бұл үнемі дамып отыратын күрделі құбылыс. Ол адамның рухани және интеллектуалдық дамуының маңызды бөлігі болып табылады.

Орыс ғалымы М.В.Ломоносовтың сөзіне сүйенсек, «Кім-кімге де шешендік шеберлікті терең меңгеру үшін табиғи қабілет, ғылым, риторикаға еліктеу, белгілі тақырып негізінде сөйлеп жаттығу және ғылым салалары туралы білу талап етіледі» [6, Б.45-46 б.б.].

М.В. Ломоносовтың айтқанындай, шешендік шеберлікті меңгеру үшін табиғи қабілет, ғылым, риторикаға еліктеу, жаттығу және ғылым салалары туралы білім қажет. Бұл шешендік өнердің көп қырлы және әр түрлі ғылымдармен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Шешендік өнер адамның дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және өмірге көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі. Философиялық ойлау қабілеті шешенге терең және мағыналы сөздер айтуға, аудиторияның санасына әсер етуге мүмкіндік береді.

Шешен өз сөзінде логикалық заңдарды қолдана отырып, дәлелді және сенімді аргументтер келтіруі керек. Логикалық ойлау шешенге қателіктерден аулақ болуға, аудиторияны жаңылыстырмауға және өз ойын дұрыс жеткізуге көмектеседі.

Шешен аудиторияның психологиясын, олардың қызығушылықтарын, сезімдерін және көзқарастарын түсінуі керек. Психологиялық білім шешенге аудиториямен тиімді қарым-қатынас жасауға, олардың жүрегіне жол табуға және өз идеяларын жеткізуге көмектеседі.

Шешен өз сөзі үшін жауапкершілік сезінуі керек. Этикалық принциптерді ұстана отырып, шешен жалған ақпарат таратпауы, адамдарды алдамауы және манипуляция жасамауы керек. Этикалық шешендік – бұл адал, әділ және пайдалы сөз өнері.

Осы орайда, қазақ халқының дана әрі шешен биі Төле би мен Әнет бабаның арасында өрбіген әңгімені мысал етуге болады:

Бала Төле би жасы жүзге келіп отырған Әнет бабамен кездесіп ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме өрбітеді. Төле: «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?» дегенді сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады. – Балам, мынаны сындырып көрші? Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды. – Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп оп-оңай сындырып береді. Әнет баба: – Бұдан не түсіндің, балам? – дейді. Сонда Төле бала: – Түсіндім, баба! Бұл мысалы қыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой. – Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы, – депті Әнет баба.

Бұл шешендік сөздің философиялық мәні – бірліктің маңыздылығын көрсету. Әнет бабаның мысалы арқылы бірлік – күш, ал бытыраңқылық – әлсіздік екендігін түсіндіреді. «Көппен көрген – ұлы той» дегендей, елдің бірлігі оның қуатын арттырады.

Этикалық жағы – үлкеннің кішіге ақыл-кеңес беруі, олардың арасындағы сыйластық пен құрметтің көрсетілуі. Әнет бабаның Төлеге берген кеңесі – ел басқарудағы ең маңызды қағидаларды ұғындыру.

Бұл жерде Әнет бабаның психологиялық тәсілі көрінеді. Ол Төлеге тікелей жауап берудің орнына, оның ойлау қабілетін дамытатын мысал келтіреді. Бұл – үйретудің ең тиімді әдістерінің бірі.

Әнет бабаның мысалы логикалық тұрғыдан өте дұрыс құрылған. Ол алдымен қиындықты көрсетеді (сындырылмайтын шыбық), содан кейін оның шешімін (жеке-жеке сындыру) ұсынады. Бұл арқылы ол Төленің ойын дұрыс қорытындыға жетелейді.

Бұл шешендік сөз – философиялық тереңдігімен, этикалық мәнімен, психологиялық әдісімен және логикалық дәйектілігімен ерекшеленеді. Ол жас ұрпаққа бірліктің маңыздылығын ұғындыруда үлкен рөл атқарады.

Орыс тілінің белгілі зерттеушісі В.В. Виноградов: «Шешендік сөз - синкретті жанр». Ол бір мезгілде әдеби шығарма да, сахналық көрініс бола алады» [7, 106б.], -деп жазады. Ол бір мезгілде әдеби шығарма да, сахналық көрініс бола алады. Бұл шешендік өнердің поэтикамен және актерлік шеберлікпен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Шешен өз сөзінде көркемдік құралдарды, метафораларды, салыстыруларды және басқа да поэтикалық элементтерді қолданады. Поэтикалық тіл шешеннің сөзін әсерлі, эмоционалды және есте қаларлық етеді.

Шешен аудиторияға әсер ету үшін актерлік шеберліктің кейбір элементтерін қолданады. Мысалы, шешеннің дауысы, мимикасы, жестикуляциясы және сахналық қозғалысы оның сөзін әсерлі және сенімді етеді. Актерлік шеберлік шешенге өз сөзінің мәнін және эмоциялық бояуын жеткізуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, шешендік өнер – бұл көп қырлы және күрделі құбылыс. Ол философия, логика, психология, этика, поэтика және актерлік шеберлік сияқты әр түрлі ғылымдармен тығыз байланысты. Осыған байланысты М.В.Ломоносов:«табиғи дарын, білім, дүлдүл шешендерден үйрену, шығармашылық сипаттағы машықтану,өзге ғылым салаларынан хабардар болу қажеттігін» атап көрсеткен [8, 225б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы / А.С. Қыдыршаев. – Орал, 2017. – 364 б.
2. Қанабекова М.Қ. Стилистика және сөз мәдениеті [Мәтін]: Оқу құралы. Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015.-186 б.
3. Об ораторском искусстве.М. 1973. Б.18.
4. Радлов В.В. Обзоры народной литературы тюркских племен, живущих в южной сибири и джунгарской степи.ч 3. Спб., 1870. С.17.
5. Цицерон М. Т. Три трактата об ораторском искусстве. – М. : Научн.изд. центр. «Ладомир», 1994. – 470 с.
6. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, «Ағартушы» баспа-лингвистикалық орталығы.
7. Орыс тілінің сөйлеу мәдениеті: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық / ред. Жарайды. Граудина, Е.Н. Ширияева. -М., 1998
8. Қазақ тілі.ҰБТ-ға арналған оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2016

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Сембина Асель Беркиновна
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс магистранты
Беркенова Рабиға Ағабекқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, профессордың ассистенті, филология ғылымдарының кандидаты, Тараз қаласы

Халқымыздың аса көрнекті қоғам қайраткері, ғұлама ағартушы, жаңа үлгідегі демократ тәлімгері, ғалым-этнограф әрі публицист жазушы Ыбырай Алтынсариннің артында қалдырған мұралары мол.

Ыбырай - ұлы ұстаз, қазақ әдебиетінің алғашқы қайраткерлерінің бірі. Тың үлгідегі мектепті ашушы. Ол - мектептің өзіне тән ерекшеліктері бар программаларын, оқу-құралдарын жазушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты да аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы. Бұл жөнінде ол қазақтың халық қазынасы-ауыз әдебиеті, орыстың ұлы классикалық әдебиетін өзінше ең алғашқы үлгілерде үйлестіріп, туыстандырушы болды.

Алтынсариннің педагогикалық ой-пікірлері мен оның творчестволық қызметінің кез-келген сапасымен өзектесіп жатады. Ол бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, оларға дүниояуи ғылымдарын үйретуге, төл оқу құралдарын жазып шығаруға, мектеп үшін жақсы ұстаз-мұғалімдер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-методикалық басшылық жасауға арнады. Өзінің ғылыми-публицистикалық, жазушылық творчествосын қазақ халқының өмірінде XIX ғасырда өрістеген қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Сөйтіп өзінің бар өмірін ағартушылық ісіне бағындырып, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға шақырды, теріс пікірлерден, ескң әдет-ғұрып, соқыр сезімдерден, ұрлық, зомбылық, жатап ішер жалқаулық сияқты жаман қылық, жат мінездерден бойын аулақ ұстауға шақырады [1, 112 б.].

ЫБырай әңгімелері жастарды еңбекті сүюге, оқу-өнерге ұмтылуға Отанын, елін сүйетін патриоттық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулиды. «Атымтай Жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай Жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады - , дейді ол. «Әке мен бала» әңгімесінде балаларды жастайынан еңбекке тәрбиелеу мәселесін ЫБырай ерекше көтерген.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесінде ЫБырай еңбекке деген қоғамдық көзқарасты кең бейнеледі. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы тіршілікке икемдігі жайлы мәселеге әлеуметтік мән береді.Жарлы баласы Үсен тұрмыстың тепкісін көре жүріп ысылған.Ал,бай баласы Асан –өмір үшін күресудің жолын білмейтін шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан.Осындай мысалдар арқылы ЫБырай жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді,өнерге бейім,еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздайды.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінің негізгі түйіні елді егіншілікке,отаршылыққа үгіттеу.Сейітқұлдың барлық іс-әрекетінен жазушы өмірге жаңаша талап жасап,отырықшы болуға, тіршіліктің пайдалы түріне көшуге ұмтылған адамның бейнесін көреді. Бұл әңгімесінде ЫБырай өз дәуірінің өзекті мәселелерін реалистік үлгіде көрсетіп,суреттейді [2, 46 б.].

ЫБырай Алтынсарин жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге,оларды «бағып-қағуға» жақсы мінез-құлық қалыптастыруға зор мән берген.

XIX ғасырдың аяғында еңбек тақырыбы қазақ жазба әдебиетінде ЫБырай

Алтынсарин шығармалары арқылы келді. ЫБырай Алтынсариннің еңбек мәселесін суреттеуі біздің экономикалық ерекшеліктерімізге тығыз байланысты.

Еңбек тәрбиесі Ы.Алтынсариннің хрестоматиялық еңбектерінде негізгі орын алады.ЫБырай Алтынсариннің қай әңгімесін алсақ та еңбекпен тығыз байланысты.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесі негізінен еңбек тәрбиесіне арналған. Екі бала Үсен мен Асан –екі тап өкілі.Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін,әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді.Асан бейнесінен мұндай қасиет байқалмайды.

Үсен бейгесінен еңбек сүйгіштіктен басқа,дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сомдай түседі.

«Қыпшақ Сейітқұл»- шығармасының тәрбиелік мәні аса зор. Осы әнгімесі арқылы әуелі еңбектің әсіресе ұйымдасқан еңбектің күшін көрсетпек, екіншіден қалың көпшілікті егіншілікпен айналысуға шақыруды мақсат еткен. Ы.Алтынсарие қазақ жерінде егін шаруашылығының дамитындығына ешқанда шұбаланған жоқ.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы ЫБырай Алтынсарин шығармалары қазақтың қара домалақ балалары үшін үлкен мағынаға ие. Әсіресе, оның «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы

мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бүлдіршіндерге рухани азық болды. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілейін деп тұрған өтпелі кезеңінде Ыбырай жас жеткіншектерге ой салатын, тәрбиелік мағынасы мол, түрлі қызықты әңгімелерді көптеп жазуға тырысып бақты. Мысалы, ағартушының «Мейірімді бала» әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұр десек артық айтпағанымыз. Оған дәлел ретінде Сейіт бала туралы мына бір әңгімесіне құлақ түріп көрелік:

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалады. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып танып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатады. Сонда сынықшы кісі:

- Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? -деп сұрайды. Сейіт, шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлайды:

- Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын,- дейді.

Сейіт өзінің жас шамасына қарамастан жіберген қатесін түсінді. Ол екінші рет зар жылап, көз жасын көлдететін болса, ардақты ананың баласының еңіреген даусын есті алмай, талып қалатынын алдын ала сезгендей болды. Онсызда баласының қамын ойлап, зыр жүргіріп жүрген анасына қосымша жүк болмауды ойлады. Ер жігітке тән мінез көрсетті. Ішінен: «анашым сәл шыда өсуіме аз қалды» дегендей сезім қалдырды. Сейіттің мұндай іс-әрекеті екі түрлі мағына береді: алғашқысы балалықтан өтіп жауапты да дербес жетілгендікті білдірсе, екіншісі түн ұйқысын төрт бөлген анасын ерекше қастерлегенін айшықтайды

Алтынсарин мейілінше қиын жағдайда жұмыс істеді, талай бөгеттерге кездесті. Өтірік арыз, «Жаптым жала, жақтым күйенің» неше түріне жолықты. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ. Әсіресе, оның келешекке сенімі зор болды. Аңсаған армандарын өзі орындай алмаса, болашақ жастар орындайды деп білді. Елді қараңғыдан жарыққа шығаратын жастар, тек қана жастар деген қорытындыға келді.

Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді. Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог – ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин. Кітаптың беташары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі – еңбек.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып» бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан – жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» - деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз

қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой»,- деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», - деді.

Кітаптың беташары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі - еңбек. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа дейді. Мысалы, Ыбырайдың «Әке мен бала»- деген шығармасында мынадай мәселе қарастырылады: «Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты: «ана тағаны, балам, ала жүр», - деп. Бала әкесіне: «Сынып қалған ескі тағаны не қылайын», - деді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі іліп алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып, тағаны соларға 3 тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре береді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп, шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты: «Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір ғана іліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына, он еңкейдің. Бұдан былай есіңде болсын, «аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың »,-деді». Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып», бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл - жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес. Жазушы «Атымтай жомарт»-әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі-жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап, әңгіме ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен анық көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімнен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен», - дейді.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі - талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар»-деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ - жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап-жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады. Міне, Ыбырай «Талаптың пайдасы»- деген әңгімесінде өзінің осы пікірін, негізгі идеясын жеткізіп бере алды. Әңгіменің мазмұны мынадай: «Даңқты I Петр шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрайды. Бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын», - дейді. Петр суретті көрсе, мәз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет салуға үйретететін орынға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады». Жазушының бұл арадағы көздегені - Петрдің ақылдылығын көрсету ғана емес, жас баланың

талабын, сол талаптың арқасында неге қол жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу. Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Ыбырай осы тақырыпта жазған бір әңгімесінде: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» - деп сұрады баласы. «Ата-анаңның тілін алсаң, ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», - деді. Бұл әңгіменің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Балан жастан» дегендей, оған жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып, мерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады. Махаббат, мейірімділік туралы, әсіресе, «Мейірбанды бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» деген үш әңгімесін алуға болады [3, 75 б.].

Махаббат, мейірімділік ата мен ананың үй-ішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті ту қып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді. Олардың кейбіреулері өсе келе тек «атасының баласы болмай, адам баласы» бола біледі. Тек өзіме ғана болсын деген мещандық көзқарасты аттап өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін қол созады. «Мейірімді бала»-әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі. Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді: «Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты [4, 36 б.].

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын білім алуға шақырған алғашқы ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин де Абай сияқты «өлеңді ермек үшін, жоқ-барды термек үшін» жазбағандығы белгілі. Ыбырайдың поэзиясы мен әңгімелерінің басым көпшілігі мектеп оқушыларына, негізінен жас буынға арналған Ы.Алтынсарин туындылары – тәрбиелік мәнін бүгінгі таңда да жоймаған көркем шығармалар.Олар оқушыға түсінікті, қызықты тілмен жазылған. Хабарлама да Ыбырай Алтынсариннің балаларды оқу-өнерге шақыру, жаңа мәдениетті тәлім-тәрбие алуға үндеу, жастарды еңбекке баулу тақырыптарына жазған шығармаларын оқушыларға адамгершілік тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдары туралы айтылады.

Ыбырай Алтынсариннің шығармаларынан оның өз халқын беріле сүйгендігін және сол халықтың келешегі жолында бүкіл өмірін сарп ете ізденіп,өнегелі істер қалдырған ірі азаматтық тұлғасын көреміз. Сондықтан да Ыбырайдың әдеби мұрасы әрдайым өз ұрпақтарымен бірге жасап, оларға тәрбие беру құралы бола бермек [5, 89 б.].

Ы.Алтынсарин өзінің бар өмірін ағартушылық ісіне бағыттап, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға шақырады. Мектепте Ыбырай шығармаларын оқыту-оқушыларға жақсылық, әділдік, азаматтық сезім, ар-ұят, қамқорлық, қарапайымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ламашев Ә. Алтынсарин туралы естелік. – Алматы: 1991 ж.

2. Сәрсенбаев Ә. «Сәулелі жұлдыз іздеген адам» // «Қазақ әдебиеті» журналы 2001ж., №11

3. Әуезов М. Екі томдық шығармалар жиынағы. – Алматы: Атамұра, 1968ж.

4. Табылдиев Ә. «Ы.Алтынсариннің этнопедагогикалы еңбектері» // «Қазақ тарихы» журналы, №1

5. Әлімханұлы Д. Бір уыс мақта // – Астана: Таным, 2003 ж. №5

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Агибаева Шарафат Даулетовна, Тулендиева Жумакул Нургазиевна
Ж.Баласағұни орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Шу ауданы, Жамбыл облысы

Қазақ халқы – дүниенің төрт бұрышын мекендеген адамзат баласының ең озық өркениетке жеткен ұрпақтарымен теңесе алатын, терең тарихы мен мәдениеті, көл-көсір әдебиеті бар ел. Әрбір халықтың рухани дамуында әдебиеттің жетекші рөл атқаратыны анық. Осы ретте, әдебиеттің қайсыбір дәуірін алып қарасақ та, бірсыпыра даму өзгешеліктеріне ие екендігін байқаймыз.

«Орта ғасырдағы шығыс мұсылман халықтарының көпшілігінде мәдениет пен әдебиет тарихы екі бағытта дамыды. Оның біріншісі халық ауыз әдебиетін дамытқан дала мәдениеті болса, екінші жазба әдебиеті дүниеге келтіріп, қалыптастырған қала, сарай мәдениеті еді. Бұл екі мәдениет XIII-XIV ғасырларда қатар және аралас өмір сүрді» [1].

Осындай бағыттағы Алтын Орда дәуір әдебиеті халқымыздың басынан небір ақтабан шұбырынды кездер өткен уақыт еншісіндегі әдеби-мәдени мұраны қамтиды. Соларды ой елегінен өткізіп отырып, көбінесе ханның жарлықтары, қазы-мүфтилердің пәтуалары, кеңсе құжаттарының да көп кездесетіндігін аңғардық. Аталған дәуірдің құнды әдеби жәдігерлерінің авторлары саналатын Рабғузи, Сайф Сараи, Хорезми, Құтб, Дүрбек, тағы да басқа сөз зергерлерінің өмір жолы мен шығармашылығы әлі де терең зерттеуді қажет ететін рухани арналарымыздың бірі болып табылады.

Алтын Орда дәуірі ғана емес, жалпы ежелгі және орта ғасырлардағы әдебиетті зерттеген Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева бастаған көрнекті ғалымдар мен Т.Қыдыр, Б.Кәрібаев, Г.Иса, Б.Жанұзақова, басқа да жас зерттеушілердің жазбаларын қарай отырып, әлі де құпиясы мол екендігіне көз жеткіздік.

Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің даму жолын талдай отырып, көптеген көркем туындылар сол заманның билеушілерінің тікелей қолдауымен жазылғандығын байқадық. Мәселен, 1310 жылы жазылған Рабғұзидың «Пайғамбарлар қиссасы» жергілікті бей Насир-раддин Тоқбұға бекке арналса, Құтб «Хұсрау-Шырын» дастанын 1341-1342 жылдары ел билеген Тыныбек пен оның жұбайы Мәликә ханымға сыйлаған. Сондай-ақ нама жанрының көшбасында тұрған Хорезмидің «Мұхаббатнамасы» 1353 жылы Қоңырат руының көсемі Мұхаммед Қожабектің құрметіне жазылғандығын айтуымызға болады.

Сонымен қатар, «Хұсрау мен Шырын» дастанын Низами салжұқ сұлтаны Тоғрулбектің өтініші бойынша жазған. Халық сүйіспеншілігіне бөленген осы эпикалық жырды Алтын Орда ақыны Құтб парсы тілінен түркі тіліне аударды, бірақ бізге жетпеген.

Кейінгі зерттеулерде Алтын Орда ақындары болып саналатын «Қисса Жүсіп», «Хұсам Қатиб», «Жұм-жұма» дастандарын жазған Әли (XIII ғ.), «Ташшуқнама» дастанының

авторы Сайд Ахмед (XVғ.) өз туындыларында Хорезмидің шығармаларына еліктеп жазған. Алайда бұлардың тілдік, стильдік, поэтикалық ерекшеліктері жете зерттелген емес.

Осы дәуірдегі әдебиеттің даму ерекшелігінің бірі ретінде - азаматтық тақырыпқа арналған шығармалармен қатар діни мазмұнды аудармаларды атауымызға болады. Поэзиялық аударма кезінде шығарма жолдары көп жағдайда алынып, оның орнына тәржімашы тарапынан сол жолдардың мағынасын беретін бір ауыз сөзбен немесе бірнеше шумақпен өзгертілуі мүмкін. Орта ғасыр әдебиетіне тән басты ерекшеліктің бірі – осы аударма шығармаларда автор немесе ақын нәзиралық түрде мәтінді қайта жырлап шыққандай болатыны. Бұл ерекшелік туралы М.Әуезов өз зерттеуінде: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр еді. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңдылық деп есептеген. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығатыны болады. Бұлайша әр тақырыптың әр ақында қайталануы аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп,осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп атау да берген [2,150 б.], - деп түсінік береді.

Алтын Орда мен Мысыр түркі-қыпшақтарына ортақ «Гүлстан би-т-түрки», «Хұсрау уә Шырын», «Shahнама» поэмалары да нәзиралық түрде тәржімаланып, түркі поэзиясының табиғатына сай жазылып шыққандығын білеміз. Демек, орта ғасырдағы түркі ақындары өздеріне араб, парсы шайырларын ұстаз тұтып,олардың еңбектерін аударып, өлең құрылымдарын түзуге машықтанған деген тұжырым жасай аламыз.

Алтын Орда немесе қыпшақ-мамлүктер әдебиетін зерделей отырып, бізге жетіп, толық сақталған немесе кейбір көшірме, үзінділері жеткен көркем туындылардың қай-қайсысы да қыпшақ-оғыз немесе оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған болып келеді.

Осы айтылғандардан бұл дәуір әдебиетін зерттеудің маңыздылығы айқын танылады. Демек, қазақ тілі қыпшақ тілдерінің бір тармағы болғандықтан, Алтын Орда дәуірінің көркем туындыларын әдеби, тілдік талдау арқылы, бүгінгі қазақ тілі мен әдебиетіне ортақ мұра деп қарастырудың әбден орынды екендігін тұжырымдаймыз.

Алтын Орда дәуірі – XIII-XIV ғасырларда азғана уақыт тарих аренасында болса да, небір хандар мен би-сұлтандардың тарихи жолымен жан-жақты мазмұнға ие болып, кеңінен танылған.

Түркі-қыпшақ әдебиетінің таралу кеңістігі тек Алтын Орда аумағымен ғана шектеліп қалмаған. Түркі-қыпшақ тіліндегі әдеби шығармалар Армян жерінде, Шығыс Европа, Кіші Азияда, тіпті, солтүстік шығыс Африкада, Мысыр елінде танымал болды.

Бұл туралы жазылғандарды қарап отырып, түркі ғалымы Ф.Караманоглының бұл ерекшелікті айқын аңғарып, «Мысырдағы қыпшақ әдебиеті», «Мәмлүк-Қыпшақ әдебиеті» [2] деп атағанын білдік.

Алтын Орда мен Мысыр жерінде жазылған Құтыбтың «Хусрау уә Шырыны»(1342), Хорезмидің «Мұхаббатнамасы» (1358), Хусам Катибтің «Жұмжұмасы» (1370), Сайф Сараидың «Гүлстан би-т-түркиі» (1391) мен «Суһаил уә Гүлдерсіні» (1394) қыпшақ әдебиетінің жауһарлары екені анық. Мысыр мен Алтын Ордада пайда болған шығармалар туралы Ә.Нәжіп «Бұл мәдениет пен әдебиет сол заманда Алтын Орда мемлекетінде өмір сүрген түрлі түркі халықтарының арасында дүниеге келген. Сондықтан біз бұл мәдениет пен әдебиетті туғызуда қазіргі татарлар, башқұрттар, өзбектер де белсенді қатысқан. Демек, бұлар түркі тілдес халықтардың әдебиеті мен мәдениетіне ортақ көркем туындылар болып табылады»[3, 94 б.],- деп жазады.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің қалыптасуы, даму тарихында түркі өркениеті және ислам діні мәдениеті ықпалдаса, тоғыса дамыған кезеңдер ұлттық сөз өнерінің кейінгі

дамуына берік негіз болғандығын соңғы зерттеулер дәйектеп, жаңаша көзқарастар тұрғысынан талдау қажеттілігі туындауда.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық әдебиетті жаңаша зерделеу, ұрпаққа жеткізуде Алтын Орда секілді әрбір дәуірді жете танып-білу, көркем туындалардың табиғатын саралау өте қажет, әрі аса өзекті рухани мәселелердің бірі екендігі анық.

Біздің бүгінгі міндетіміз - терең тарихы мен рухани тамырлы ұлы халық екенімізді дәріптеп, паш ету, келешек ұрпаққа жан-жақты зерделеп жеткізу, өркениетке ұмтылған тәуелсіз мемлекетіміздің әлемдік дамуына үлес қосу.

Әсіресе, тегі мен тілі бір түркі тілдес халықтардың тілі мен әдебиетінің даму ерекшелігін әрбір дәуір бойынша жете қарастыру, жаңаша ой-тұжырымдар жасау – аса қажетті деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Молдабеков А. Дешті Қыпшақ. // https://edq.kz
2. Қыраубаева А. Еджелгі әдебиет. 5 томдықшығармалар жинағы. 2 том. Алматы: Өнер, 2008. – 216б.
3. Төрәлі Қ. Алтын Орда әдебиеті // Егемен Қазақстан, 2021, 7-маусым

ҚАЗАҚТЫҢ ӘСКЕРИ ПРОЗАСЫНДАҒЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ОРНЫ

Бекназаров Бахтияр Арманұлы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті «Жастар сасаты және тәрбие жұмысы» басқармасының басшысы, Тараз қаласы

Адамзат тарихынан өзіндік орнын алып, кейінгі ұрпағының жадында мәңгі қалар тұлғалар аз емес. Осынау ел ардағына айналған азаматтар жайлы халық аузында аңыздар айтылады, хикая-дастандар туады, өлең-жырлар жазылады. Олардың бір парасы ел қамын ойлаған ерлер, Отанын, жерін қорғаған батырлар, жауға қарсы жорық жасаған қаһарман қолбасшылар, т.б. болып келеді. Бұлардың қайсар жүрегі, қайыспас қайрат-жігер, адами парасаты, ұлттық сезімі өз кезеңінде де, кейін де әдеби шығармаларда көрініс тауып, өлең-жырдың, көркем шығарманың кейіпкерлеріне айналып жатады. Осындай тұғырлы тұлғаның бірі де бірегейі – даңқты батыр Бауыржан Момышұлы.

«Мен де адаммын жаралған сүйек-еттен,
Менде де жан бар, менде де ар бар жан тебіренткен,
Халқымның қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен» [9, 3 б.], - деген жолдар арқылы Бауыржан Момышұлы өзінің адами, азаматтық болмысын бірауыз өлең жолымен танытқан.

Қазақ әдебиетінде осынау азаматтық тұлға туралы аз жазылған жоқ. Бауыржан Момышұлының образын толыққанды танытатын көркем шығармалар жеткілікті деп айта алмаймыз. Бұл жерде біз халқымыздың жадында сақталған бейнесін жасаған, аңыз-әңгімелерден тұратын естеліктерді айтып отырғанымыз жоқ. Әрине, олар молынан кездеседі. Әңгіме Баукеңнің әдеби көркем бейнесін жасаған таза жазба әдеби шығармалар туралы

болып отыр. Біраз жазылғаны рас. Бірақ бізге аздау көрінеді. Әрі олардан Бауыржан Момышұлын біржақты танитын секілдіміз.

Қалай дегенде де, Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетіндегі көркем бейнесі және ел ұғымындағы толымды да тұтас бейнесі бір жақты көзқарас тұрғысынан жасалған секілді. Ол тек соғыс қаһарманы ғана емес, сонымен бірге жарқын да жалқы, бір туар азаматтың толымды бейнесі болуға тиіс еді. Оған жазушы Бауыржан Момышұлының рухани ұлылығын қосыңыз, сонда алуан қырлы алып тұлғаның өзі, оның қайталанбас болмысы танылары талассыз.

Әлем әдебиетінде, соның ішінде қазақ прозасында әскери тақырып жайына, соғыс жайлы көптеген шығармалар жазылғанмен, шынайылылығы, көркемдік сипаты мен талғамдық дәрежесі бірдей болған жоқ. Соғыстың қатал ақиқаты мен болмысы, психологиясы терең ашылып жатпады. Бір жағынан оны жазушылардың сол қанды майданға тікелей қатынаспауында болса, екінші себебі кеңестік идеологияның ықпалынан еді. Осы орайда әдебиетші ғалым М.Қаратаев: «Жеке басқа табынушылықтың салдары көркемдік дамуға да тимей қойған жоқ. Теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтық, советтік әділ заңды, демократияны бұзушылық, жеке басты жөнсіз дәріптеп, барлық жеңіс пен табысты бір адамның басына таңу, халықтың рөлін жете бағаламау секілді жайлар осы құбылыстың салдары болатын» [1, 84б.] - деп жазды.

Мұндай олқылық тек қазақ әдебиетінде ғана емес, көрші халықтардың әдебиеттерінде де көрініс тапты. Әдебиеттанушы С.И.Журавлев соғыс тақырыбында іле-шала жазылған туындыларда оқиғаны әсірелеп беру, әлсіз психологизм, иллюстрациялылық, жағымды және жағымсыз геройларды тіке қарсы қою, соғысты белгілі мөлшерде романтикаландыру секілді кемшіліктер болғанын айтады [2, 14б.].

Осы орайда Бауыржан Момышұлы майдан шындығының дұрыс бейнеленуі мәселесін соғыс жылдарында-ақ айтқандардың бірі болды. Ел басшыларына да, әдебиет қайраткерлеріне жазған хаттарында соғыс шындығының шынайы жазылуын талап етті. Әскери әдебиеттің қалыптасып дамуына ат салысқан қайраткерлердің бірі болды. Майдан өмірін бейнелеуде табыстары да мол еді. Бұл жайт оған оңай берілмесе де, бар қажыр-қайратын әдебиет майданында, бойына біткен дарындылығымен жұмсай білді. Қазақ әдебиетіндегі поэзия, проза жанрларын әскери тақырыппен толықтырды. Әсіресе адам әлемін, ондағы әділеттілік пен адалдық секілді биік қасиет-өлшемдерді әр қырынан танытып, мән-маңызын арттыра түсті. Осы арқылы жас ұрпақты ерлік пен елдікке үндеді, ұлттық мақсат-мұраттарға, ар-намыс алдындағы шынайы көріністерін танытуға бағыт-бағдар береді. Өмірінің соңына дейін осы бағыт-сипатын да ұлы мұрат етті.

«Тағдыр мені адамзаттың жан түршігерлік қайғы-қасіретінің куәгері болуға жазса да, ақ қағаздың бетіне болат қаламсаптың ұшымен қисынды сөзді маржандай етіп тізе алатындай өнерім болса да жай себеппен, менің қолым жауға сілтер қылыштың сабын ұстауға, пистолеттің шүріппесі мен жауынгердің атының тізгінін ұстауға үйренген қолыма – қаламсап та, уставтың өктем бұйрығына үйреніп қалған тілім де ырық берер емес, бірақ та сараңдардың санатында (өлер алдында бар байлығын босқа далаға шашқан Қарымбай сияқты) қалмас үшін, өлгендердің рухы, зардап шеккен, адал солдаттарымның алдында – үн-түнсіз қалмауға, бастан кешкендерді тілсіз қағаз бетіне түсіруді өзіме парыз санаймын, өйткені ол: «ерлік елеусіз қалмасын, олжа – елге, атақ – ерге сауға» деген әділеттілік қағидасын еске салатын, шындық оқиға куәгерінің тілі болсын» [3, 17б.].

Бауыржан Момышұлының өмір сүрген кеңес заманында барлық халықтар үшін, соның ішінде Қазақстан халқы үшін де ел басына күн туған шақта Ұлы Отан Соғысының қазақ прозасындағы тақырыбы жайлы жауынгер-жазушы сол сұрапыл жылдарда талай мінберден сөйлеген еді. Қазақстанның әдебиеті мен өнері қазақ халқының соғыс жылдарында жасаған ерлігінің, тыл жұмысшыларының берген көмегінің көрінісі бола отырып, қазақстандықтардың рухани күшінің дамуына себеп болды. Б.Момышұлы майданда болған

қазақ жазушылары жөнінде өзінің «Тема Великой Отечественной войны в казахской прозе» деген баяндамасында егжей-тегжейлі атап көрсетті. Жауынгер-жазушы бұл баяндамасында көптеген қазақ жазушыларының шығармаларына талдау жасайды. Оның ішінде Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә.Нұрпейісовтың «Курляндия», «Желанный день», сондай-ақ панфиловшы жауынгерлерінің ерлігі жайлы сол қатарда болған М.Ғабдулиннің «Менің майдандас достарым», Д.Снегиннің «В наступлении» шығармаларына тоқталып өтті.

Бұл тақырыпта, яғни Қазақстанның Ұлы Отан соғысында алар орны жайлы әрбір жазушының негізге алатын, әрі сүйенері тек соғысқа қатысқан жауынгерлердің естеліктері бола бермек. Б.Момышұлының осы мәселені, сондай-ақ, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы туралы тарихи шынайы деректерді тек тірі куәгерлерінің естеліктерінен ғана білу мүмкіндігін ескертеді. Онсыз да жыл сайын қатары сиреп бара жатқан ардагерлердің соғыс жайлы мағлұматтарын пайдалану қажеттігі артып тұрғанын естен шығармауды да айтқан болатын. Бұған дәлел ел басшыларына жазылған майдан хаттарынан білуге болады. Осы мәселені қолға алып, алдағы жылдары да кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екенін атап өтті.

Ұлы Отан соғысының атақты қолбасшысы, гвардия полковнигі соғыс аяқталғаннан кейін де қолжазбаларын, күнделіктерін қайта қарап, тарихилығымен қатар, тәрбиелік мәні зор шығармаларын жазды. Оның ең алғаш жарық көрген шығармасы – «Бір түннің оқиғасы» болды. Мұнда өзінің жауынгер достары, Кеңес Одағының батырлары, ерлікпен қаза тапқан Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллин және тағы басқа да шығармалары жақсы қабылданды. Қазақ көркем өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі қарсаңында өзінің ең үлкен, әрі көлемді шығармасы – «Москва үшін шайқас» романы орыс тілінде жарық көрді. Бұл еңбек оның майдандас жолдастары мен панфиловшы батырларына арналған мәңгілік рухани ескерткіші болды. Олардың ерлік істеріне, бүкіл дүниежүзін өзіне қаратқан, таң қалдырған батырлық пен тапқырлық қимылдарына арналған бірден-бір еңбек болды. Мұндағы жауынгер жігіттер Төлеген Тоқтаровтың, Мұқаметқұл Исламқұловтың, Грицко Проценконың, Алексей Алешиннің естен кетпес образдарымен қатар, әрі командир, әрі ұстаз, қолбасшы генерал И.В.Панфиловтың, генерал Чистяковтың, өзінің ең алғаш әскери ұстазы Рединнің, полковник Павел Вахалов тәрізді ер жүрек адамдардың бейнелері кездеседі.

Жауынгер-жазушының шығармашылығына оқырман қауым соншалықты ықыласын білдіргендігінің мәні неде деген сұрақ туындайды. Біріншіден, Б.Момышұлы қазақ әскери прозаның негізін қалаған бірден-бір жазушы болды. Бұл оның соғыс тақырыбына арналып жазылған көптеген туындыларына дәлел. Сол сұрапыл соғыс жылдарын басынан өткерген Б.Момышұлы өз шығармаларында суреттелетін әрбір детальға қырағылық танытып, соғыстан кейінгі еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан елге тарихи шындықты жеткізуді мақсат етті. Ақиқатты, шындықты басты мұрат еткен Б.Момышұлы өз көздеген мақсатына жетті де.

Екіншіден, көптеген шығармаларының кейіпкерлері – зұлмат соғыста қаза тапқандар мен соғыстан елге оралғандар еді, яғни олар қанды шайқасты өз көздерімен көрген жауынгерлер. Осылайша шығармалардың авторы мен кейіпкерлері, яғни соғыс ардагерлері халық арасында жүруі де оқырман қауымның жауынгер-жазушының творчествосына деген қызығушылықтарын екі есе арттыра түсті.

Ал, үшіншіден, қалың оқырман ішінен жастардың да әр кейіпкерге тәнті болып, ерлікпен қаза тапқан қайсар жауынгерлердей болуға ұмтылды. Яғни бұл өскелең жас ұрпақты батырлыққа, өжеттілікке, адалдыққа, отансүйгіштік пен патриотизмге баулитын тәлім-тәрбие құралының біріне айналды. Автор талай рет өз шығармаларының сүйіктіт жауынгерлеріне арналатын ескерткіш екендігін қашанда баса айтқан. Себебі қан майданда жасалған әрбір ерлікті елеусіз қалдыруды өзіне күнә, арына түсетін қара таңба деп санаған

Б.Момышұлы өз шығармаларында тек қана шындықты айтуды мақсат етті. «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деген аталы сөзді өмірлік ұстанымы етіп өткен батыр бабамыз шындықты жеткізуші ғана емес, оның насихаттаушысы да болды.

Жалпы алғанда, қазақ әдебиетінде Ұлы Отан Соғысы тақырыбын жете меңгеріп, қазақ әскери прозасының негізін қалаған бірден-бір жазушы – осы Б.Момышұлы болатын. Оның әдеби мұрасын зерттеуге алғанда, ерлік тұлғасын және Ұлы Отан Соғысы жылдарында жазылған отансүйгіштікке тәрбиелейтін шығармаларын зерделеп ескеру қажет.

«Адамға деген қалтқысыз сүйіспеншілік оның бітім-болмысымен біте қайнасқан айрықша қасиет болатын. Ұрыстың қайнаған ортасына, жанған оттың ішіне көзжұмбайлықпен қойып кетіп жүруінің өзінде оның қарауындағы жауынгерлік риясыз жақсы көрген жүрек-сезімі, отаншылдық сезімі жататын. Біз Баукеңнің үлкен әдебиетке келуінен де сол өз солдаттарына деген сүйіспеншілігін көреміз. Шынында да Баукең жазушылық ерлігін Отан үшін опат болған өз солдаттары, майдандас жауынгер достары үшін атқарып шыққан еді» [4, 228б.] - деп белгілі қаламгер Тахауи Ахтанов Бауыржан Момышұлының жазушылық өнерінің қайнар көздерін анықтайды.

Б.Момышұлын шығармалардың авторы және соғыс туралы шығармалардың кейіпкері ретінде жан-жақты қарастыру және жауынгер-жазушының шығармашылық даралығы мен әдебиеттегі орнын анықтау - қазіргі әдебиеттанудағы өзекті мәселердің бірі деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Қаратаев. Таңдамалы шығармалар, 3 томдық, Т.3., - Алматы: Жазушы, 1974 ж.
2. С.И. Журавлев. Память пылающих лет. Современная советская проза о Великой Отечественной войне. – Москва: Просвещение, 1985 г.
3. Б. Момышұлы. Қанмен жазылған кітап. – Алматы: Қазақстан, 1991 ж.
4. Бауыржан батыр. – Алматы: Жалын, 1991 ж.
5. Александр Бек. Волоколамское шоссе.
7. Голушко И. М. Солдаты тыла. — М.: Воениздат, 1988. — 270 с.
8. Чистяков И. М. Служим Отчизне. — М.: Воениздат, 1985, стр.70.
9. Момышұлы Б. Ерлігіміз - ұрпаққа өнеге //Қазақстан коммунисі. - 1968. -№7-20-2166.

Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ АУДАРЫЛУЫ

Эшанкулова Гульдана Абдулазизовна, Динара Канатовна

Абай атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Мойынқұм ауданы, Жамбыл обл.

Шерхан Мұртаза - өзінің шығармаларында адам бейнесін табиғаттың сұлулығымен астастыра отырып, өте көркем бейнелейді әрі әр кейіпкердің ойын терең түсіне отырып, адам мен табиғаттың тынысы бір екенін көрсете білген жазушы. Осы себепті де, жазушының көптеген шығармалары біл кездердегі одақтық республикалардың барлығының дерлік тілінде аударылды. Мәселен, сол кездердегі ең көп тілге аударылған «Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Бір қызығы, өзінің шығармаларын аударған аудармашылардың барлығымен Ш.Мұртаза достық қарым-қатынаста болып, идеялық-көркемдік дүниесінің айқын, аударма дүниенің түпнұсқадағы

авторлық ұстанымның дұрыс жеткізілуіне көмек беріп, ақыл-кеңес беріп отырған. Әрине, оның шығармаларының өзге тілдерге аударылуы автор үшін де, аудармашылар үшін де ерекше олжа екендігін атап кеткеніміз жөн.

Осындай кесек туынды-аудармалардың қатарына «Қызыл жебе» - «Огненная стрела» роман-трилогиясы (сол кезде әлі трилогия) жатады. Ол орыс тіліндегі аударма ретінде 1988 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан 50 000 данамен жарыққа шығады. Кітаптың мазмұнында шығарманы аударушылар берілген. Олар: бірінші кітапты – Бақытжан Момышұлы және Леонид Ханбеков, екінші кітапты – Леонид Ханбеков, ал үшінші кітапты – Батылжан Мұртазаев (жазушының ұлы) және Виктор Мироглов. Бұл аудармаларда жазушы Ш.Мұртазаның осы кесек туындысының рухы айнытпай берілген.

Жазушының «Қара маржан» романының «Гара Мәрчан» деген атпен 1982 жылы Валех Мусаевтың тәржімалауымен Баку қаласындағы «Иазычы» баспасынан 10000 данамен жарыққа шыққандығы белгілі. «Қара Маржан» романы да жазушының баға жетпес туындыларының қатарында. Оның ерекшелігі сол – 1978 жылы жазушыға «Қара маржан» романы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ұлт достығын уағыздайтын жазушының осы туындысының әзірбайжан тіліне аударылып, көлемді данамен жарыққа шығуы да оның шығармаларының өте құнды дүниелердің қатарында тұрғандығын тағы бір дәлелдеп өтеді.

Жазушының 75 жылдық мерейтойына арнайы дайындалған библиографиялық көрсеткіштің өзінде (Астана, 2007; Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығы) жазушы шығармашылығы бойынша берілген тізімде оның көптеген шығармаларының аудармаларының аттары берілген.

Ш.Мұртаза шығармалары аудармасының алдыңғы шебінде тұрған тұлғалардың бірі – Бақытжан Момышұлы. Жазушының Б.Момышұлы тарапынан аударылған шығармаларын тізетін болсақ: 1966 жылы – «Табылған теңіз»-«Найденное море»; 1970 жылы – «Мылтықсыз майдан» - «Фронт без оружия»; 1979 жылы – «Қара маржан» - «Черное ожерелье». Осымен қатар, Б.Момышұлы Ш.Мұртазаның бірнеше публицистикалық дүниелерін де аударған. Мәселен, 1970 жылы «Ленинская смена» газетіне жас жазушының жол дәптеріндегі «Синие окна Египта», 1971 жылы сол газетте «У порога» әңгімелерін аударып жарыққа шығарған. 1979 жылғы аудармаларының қатарында «Аксай и Коксай», «Безъязыкий колокол», «Матери и дочери», «Та далекая осень», «Песня цикады», «Золотая заноза» әңгімелері де бар.

Шерхан Мұртазаның «41-жылғы келіншек» атты әңгімесінің маңыздылығы болар, ол көптеген елдердің тіліне аударылып танымал болды.

Мәселен, қырғыз елінің «Нарын правдасы» атты 1971 жылғы 22 қазанында шыққан № 122 (6857) санында «41-жылкы келинчек» (ангеме), ұйғыр тілінде шығатын «Коммунизм туғи» газетінде 1972 жылғы 5 октябріндегі № 118 санында «41-жилқи чокан» (һекәйә), татар елінің қоғамдық-саяси және әдеби «Азат хатын» атты журналдың 1982 жылғы қазан айындағы Туфан Миннуллиннің тәржімасымен берілген «Кырык беренче ел килене» (хикәя), т.б. аудармалары жарияланған.

Ұйғыр тілінде шығатын «Коммунизм туғи» атты республикалық газетте (1982 жыл, 27 сентябрь, № 185 (3863) «Заманимиз күйчиси» (Ш.Муртазаев 50 яшта) атты ұйғыр жазушысы Ж.Босақовтың мақаласы жарияланған. «Биз һәқиқий инсан, коммунист, талантлиқ язғучинин 50 яшлиқ мәрикисини чин қәлбимиздин тәбрикләп, униңға йәниму зор бәхит, ижадий муваппәқийәтләр тиләймиз», - деп Мұртазаны заманымыздың күйшісіне балап, әдеби және публицистикалық жолына талдау жасайды.

Бұдан өзге неміс тілінде шығатын «Фройншафт» газетінде, 1980 жыл 16 февраль № 34 санында, «Ленин кичи» атты республикааралық корей тіліндегі газетте, «Вечірній Київ» атты 1988 жылғы №207 (13422) санындағы газетінде «Лист до Сталіна» - «Сталинге хат» аудармасы Украинадағы қазақ әдебиетінің күндеріне байланысты жарыққа шығады. Газеттен өзге Шерхан Мұртазаның екі бөлімді тарихи драмасы Украинадан шыққан «Киів»

журналының 1988 жылғы № 9 санында жарияланады. «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» бір тақырыпты – халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драма-дилогия», - деп, бағалаған болатын белгілі драматург Қ.Мұхамеджанов. Осы драма-дилогияның қазақы рухы украин тілінде де сөйлегені құптарлық жайт, Шерхан Мұртаза қаламының шынайылығы мен даралығы десек қателеспейміз. (Аудармасы Украина Жазушылар Одағының хатшысы Петро Перебийніс), Молдавияның «Молдова» атты журналының 1982 жылғы № 2 санында Еужения Давидтің аудармасымен «Бэтры-нул солдат» атты («Белгісіз солдаттың баласы») шығармасы жарияланған.

«Алапар мен Динго» әңгімесін 2001 жылы Бақытжан Момышұлы орыс тіліне тәржімалаған.

Шерхан Мұртаза шығармаларының соңғы жылдардағы аударылуының тағы бір табысы – «Ай мен Айшасы». Ол Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша 2009 жылы Гүлмахира Нұрбекқызының аудармасымен «Аударма» баспасынан 3000 данамен жарыққа шықты.

«Роман «Луна и Айша» («Ай мен Айша») является библиографическим. Повествование идет от первого лица, от имени мальчика Барсхана. Главная героиня романа – Айша, мать автора. Ее он отождествляет с Луной. Если в мировозрении маленького ребенка могущественным на небосклоне является луна, то на земле, центром вселенной для него является мать, то есть – Айша. Отсюда и название романа «Луна и Айша». В образе Айши, как в зеркале отражаются образы тысяч казахских женщин, исконно приверженных семье, детям, близким и родным», - дейді аудармашы Г.Нұрбекқызы.

«Роман состоит из двух книг, на русский язык переведен впервые и предназначен для широкого круга читателя», - деп өзінің алғы сөзін қорытындылайды. Қазіргі таңда автордың «Ай мен Айшасы» түрік тіліне тәржімаланып, жарыққа шықты.

«Ай мен Айша» романы – жазушының көркемдік әлемін байытып, суреткерлік шеберлігін шын танытқан туынды. Гүлмира Нұрбекқызы аудармасында да негізінен еркін аударма емес, сөзбе-сөзділік, авторлық ұстанымды, негізгі жазушылық кредоны дәл жеткізу мақсат етіп алынған. Айталық, жазушының мемуарлық романы шағын өмірбаяндық әңгімелер топтамасы. Роман Жолашардан басталып, «Шақпақтың желі» әңгімесімен аяқталады. Осы «Шақпақтың желі» әңгімесінде мынадай жолдар бар:

Етпетімнен түстім. Вагонның жонарқасына жабыса қалдым. Қап-қараңғы үңгірге пойыз сүңгіді де кетті. Паровоздың түтіні бұрқ етіп, туннельдің ішін кеулеп, тұншықтырып барады. Демім бітіп, қақалып, шашалып, көзім түк көрмей, көрде қалғандай үрейден жаным шыға жаздаған шақта, дүние қайтадан жарқ ете қалды.

Пойыз туннельден, үңгірден ақырып атылған айдаһардай қайқаң етіп шыға келген екен [1, 453б.].

Енді орыс тіліндегі тәржімасына көз жүгіртелік.

Упал плашмя. Прилип к стены вагона. Поезд нырнул в совершенно темный туннель. Дым паровоза наполонил туннель, спирая дыхание. И когда стало совершенно невозможно дышать, я стал задыхаться и кашлять, и чуть было уже уже не сдал концы от страха, вновь сверкнул белый свет.

Оказывается, это поезд выскочил из туннеля, словно извивающийся дракон[2, с.479].

Бұл үзінділерден байқағанымыздай, Ш.Мұртазаның тек өзіне тән қарапайым баяндау стилі, суреткерлік ұстанымы аудармада да сәтті көрініс тапқан. Әсіресе, осы жолдардағы «*Демім бітіп, қақалып, шашалып, көзім түк көрмей, көрде қалғандай үрейден жаным шыға жаздаған шақта, дүние қайтадан жарқ ете қалды»* деген сөйлем де *«И когда стало совершенно невозможно дышать, я стал задыхаться и кашлять, и чуть было уже уже не сдал концы от страха, вновь сверкнул белый свет»* деп әдемі аударылған.

Шерхан Мұртаза шығармалары алдымен орыс тіліне аударылып, туыстас елдердің тілдеріне содан кейін аударылған. Соның бір көрінісі ретінде кезінде мемлекеттік сыйлық иеленген «Қара маржан» романы.

Жазушы Шерхан Мұртаза «уақыттың нышаны деген осы, сірә» десе, аудармашы Б.Момышұлы «Человеческая память коротка» деп сөйлейді. Десе де, Шерхан Мұртаза өз шығармаларын кез-келген аудармашыға сеніп тапсырмаған. Тек, осы Б.Момышұлы, Л.Ханбеков, т.б. ғана сенім білдірген. Өз кезегінде Б.Момышұлы да автордың көңілінен шығып отырған.

Ш.Мұртаза шығармаларындағы орны ерекше повесінің бірі – «Мылтықсыз майдан» (1968ж) орыс, татар, молдаван тілдеріне аударылды.

Ш.Мұртаза шығармаларының ішінде жазушының ойшылдық қабілетін танытқан «Бір кем дүние» кітабын Бекет Момынқұл «Один изъян бытия» деген атпен орыс тіліне тәржімалады. 2014 жылы Алматы қаласында «Тоғанай Т» баспасынан жарық көрді.

Кітаптың алғысөзінде Б.Момынқұл өзіне Ш.Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабын сыйға тартып тұрып, «Аудармамен шұғылданатыныңды білем, егер ықыласың болса, орыс тіліне аудар» дегенін, өзінің аударғанын Шерағаның ұзақ, мұқият оқығанын, бір нәрсені бүлдірген баладай күй кешкенін, ақырында жазушының «Жарадың» деп бағалағанын айтады [3,3б.].

Жазушының «Бір кем дүние» кітабы – Ш.Мұртазаның жаңа қырын танытатын, өмір туралы ой-толғаныстардан тұратын философиялық туынды. Автор өмірдің әрбір сәттерінің өкініші болатынын айта келіп, өзіндік ойлар тұжырымдайды. Ал, осындай жоғары бағаланған шығарма қалай аударылды:

Жарық астау

Араб нәсілді Александр Пушкиннің Алтын балық туралы інжу-маржандай әдемі ертегісі бар.

Балықшының ауына Алтын балық түспей ме.

Сөйтсе, Алтын балыққа тіл бітіп, балықшы шалға:

- Мені босат, не тілейсің, соның бәрін орындаймын, — дейді ғой.

Балықшы:

- Кемпірімнің кір жуатын ағаш астауы жарылып қалып еді... — дейді.

Алтын балық:

- Үйіңе қайта бер, тілегін орындалады, -дейді ғой.

Кемпір шалына риза болудың орнына, бас салып ұрсады. Араны ашылып кетеді. Жердің бетін қойып, су астының патшасы болғысы келеді. Ең соңында баяғы жарық астаудың қасында қалады.

Тойымсыздық.

Бұл да бір кем дүние[4,15б.].

Разбитое корыто

У великого поэта Александра Пушкина с арабскими корнями есть замечательная сказка о Золотой рыбке. Она однажды попала в сети рыбака. И была та рыбка непростая, а умела говорить человеческим языком. Вот и предлагает она рыбаку:

- Отпусти меня обратно в море, любое твое желание исполню.

Удивился рыбак и говорит:

- У моей старушки треснуло деревянное корыто для стирки...

На это рыбка говорит:

- Иди домой, и твое желание исполнится.

Старуха вместо того, чтобы поблагодарить старика, набросилась на него и с руганью. Жадность обуяла. Что там суша, захотела владеть и подводным миром. В итоге оказалась у разбитого корыта.

Ненасытность.

И это тоже несовершенство бытия[3,14б.].

В меру... В меру... тәмсіліне қарап көрелік:

К царю слишком не приближайся,
Но чересчур и не отдаляйся.
Он, как огонь:
Слишком приблизишься – сгоришь,
Чересчур отдалишься – замерзнешь.
Один изъян бытия. [4, 7б.].

Бұл түпнұсқада «Тым... Тым...» деген атпен былай берілген:

Патшаға тым жақындама,
Тым алыстап та кетпе.
Ол да от секілді:
Тым жақындасаң – күйіп өлесің,
Тым алыстасаң – үсіп өлесің.
Бір кем дүние. [3,8б.].

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің әлемдік арнада көрініп, таралуы кең өріс алып келеді. Мұның өзі егемен елдің тәуелсіздік тұғырын рухани салалар арқылы нығайтып, шеңбер-аясын жаңа тақырып, мазмұнмен, соны түр, өлшем-өрнектермен көркем бедерлей түскенінің бір белгісі болса керек.

«Ендеше, достық дәнекері-кітаптың, оның ішінде қазақ әдебиетінің әлем халықтары тілдеріне аударылып, насихатталуы жоғарыдағы кәделі де құрметті, абыройлы істеріміздің жарасымды жалғасы болып табылады».

Әдебиеттің қайсыбір жанрында да өнімді еңбек еткен Ш.Мұртазадай ардагер жазушы шығармашылығы терең мазмұнға, сан сырға толы. Соларды зерттеп-зерделеу – болашақ біздердің міндетіміз деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.5. Ай мен Айша. Роман. - Алматы: Қазығұрт, 2002. 456б.
2. Муртаза Ш. Луна и Айша. Перевод Г.Нурбекқызы. – Астана: Аударма, 2009. – С. 483
3. Мұртаза Ш. Бір кем дүние: Ойтолғау. – Алматы: Жазушы, 2008. – 176б.
4. Муртаза Ш. Один изъян бытия. – Перевод Б.Момынкул. – Алматы: ТоғанайТ, 2014. – С.176

НОҒАЙЛЫ ЗАМАНЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ

Құдайбергенова Ақерке Кеңесқызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс докторанты, Тараз қ.

Ұлы даланың өн бойында мыңдаған жылдар өмір сүрген тайпалық одақтар, хандық мемлекеттердің барлығы түркілерге тән еді. Өз мекені – сары даланы жердің кіндігі санаған сақтар мен ғұндар да, көк түріктер де дүниенің төрт бұрышын түгел шолған, дүниетанымы табиғат ананың заңдылықтарымен ерекше үйлесім тапқан ұлы өркениет иелері болатын. Санамызға адамзат өркениетінің негізін салған деп сіңіп қалған элладалықтарды даналығымен таң қалдырған Анақарыстың «Менің киімім – скиф шекпені, аяқ киімім – екі аяғымның өз терісі, төсек-орным – қара жер, түскі асым да, ертеңгі асым да – сүт, ірімшік, қуырылған ет, ал сусыным – қара су ғана» [1,б. 101] – деген сөзінде дарқан даланың данышпандығы мен даралығы жатыр.

Түркілер құрған мемлекеттің ең ірісі де, ең қуаттысы да – түрік қағанаты. Сақтар мен ғұндардан бізге жеткен әдеби жәдігерлерімен салыстырғанда көк түріктердің мұрасы анағұрлым мол, әрі көркемдік деңгейі де жоғары. Уақытқа тоқтам жоқ. Мәңгі тұратындай болған сол Ұлы қағанат та келмеске кеткен. Мәңгіліктің иесі – жаратқан құдай, тәңірі ғана. Көне түркі әдебиетіне тән шығармашылық континуумның белгілері шығарма авторының «мені», жоғары қаһармандық патетика, көпшілік алдындағы шешен сөйлеу пафосы сипаттарында келеді. Автор шығармашыл тұлға ретінде құлдықта жапа шеккен немесе опат болған халқын құтқару, азаттыққа жеткізу жолындағы тарихи миссиясын түсіне отырып, қансыраған халықтың басын біріктіретін, осы жолда жанын қиюға даяр тұрған идеал-тұлғаны ұсынады. Көне түркі ескерткіштері мен ежелгі әдебиетте бұл – бабалар өсиетін ту еткен еркіндік идеалы.

Кейіннен бірнеше қағанаттар мен ұсақ мемлекеттік одақтарға ыдыраған Түрік қағанатының территориясында әйгілі Шыңғыс хан ұрпақтары құрған Алтын Орда мемлекеті пайда болды. Жарты әлемді жайлаған ұлы мемлекеттің де өсіп-өркендеу және құлдырап, ыдырау тарихы белгілі. Ақ Орда мен Көк Орда сияқты хандық билікке бағынған ұлыстарға бөлінген атақты Алтын Орданың территориясында кейінірек өз алдына дербес саясат жүргізген бірнеше хандықтар құрылды.

Нақты уақытын жылдармен бедерлеп тап басып айтпағанмен Ноғайлы дәуірінің әдебиеті деп Алтын Орданың ыдырау кезеңі мен Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі уақыт аралығындағы әдебиетті айтып жүрміз. Бұл шамамен XIY-XY ғасырлар арасын қамтиды. Тарихи-этнографиялық деректерге сүйенсек сол уақыттағы ноғайлар сары ноғай, қара ноғай, маңғыт және Кавказ ноғайлары болып төртке бөлінген екен. Бұлардың әрқайсысының өзі мекен еткен территориясы болған, әрі олар түрлі хандықтар құрамында тіршілік еткен. Мәселен, Сары ноғайлар (оларды татарлар деп те атайды) ыдырап кеткен Алтын Орданың орнында қалыптасқан Қазан, Қырым, Астрахан және Қасым хандықтарын құрған. Қара ноғайлар немесе барабы татарлары әйгілі он сан ноғай хандығын құрды. Ал Маңғыт ноғайлар кіші жүз қазақтарымен аралас-құралас Маңқыстау жерін мекен еткен. Кавказ ноғайлары болса кіші және үлкен Ноғай ордасының тайпалары құрамында болды. Төрт тарапқа бөлініп, әр түрлі хандықтар мен тайпалық бірлестіктер құрамында өмір сүрген ноғайлар бір замандарда «Ноғай ұлысы», «Ноғайлы жұрты», «Ноғай Ордасы» деген сияқты тарихта белгілі атауларға ие болған ордалы елдің өкілдері еді. Ноғайлы атауының пайда болуы мен осы атауға ие болған мемлекеттің тарихы туралы да түрлі деректер мен топшылаулар бар. XIII ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша билеушісі түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кіреді. Осыдан барып «Ноғай Ордасы» ұғымы шыққан [2,б. 188-189].

Бұрындары ноғайлы әдебиеті аталып келген туындылардың негізгі дені бүгінде қазақ әдебиетінің қорына еніп, оның төл туындыларына айналып кеткен. Мысалы, қазақтың ұлттық құндылықтары саналатын «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар Көсе» т.б. ертегі, аңыздар мен «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының әдеби мұралары.

Ноғайлы дәуірі әдебиеті туралы алғашқылардың бірі болып Шоқан Уәлиханов XIX ғасырда сөз еткен еді. Ол қазақтың батырлық эпосы Ноғай ордасы заманында туған деп тұжырым жасайды [3,б. 138]. Ғалым «Ер Көкше»,

«Едіге», «Орақ» сияқты жырларды ең бірінші болып хатқа түсіреді.

Қазақтың ескілік әдебиетін зерттеуге көп көңіл бөлген Сәкен Сейфуллин де өзінен ілгері зерттеушілер мен тарихи-этнографиялық деректерге сүйене отырып, эпикалық аңыздауларға «Ноғайлы дәуірінің туындылары» деп сипаттама берген [3,б.138].

Ол қазақтағы батырлар жырының дені «Ноғайлы дәуірінде туды» деген пікірін дәлелдеу үшін сол дәуір жайында тарихи деректер келтіреді. Аталған жырлардың Ноғайлы

дәуірінде туғандығын көрсету үшін бірнеше жырдан («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Жабай батыр» т.б.) сөзіне дәлел ретінде үзінділер алып, мәтіндердегі айғақтарға жүгінеді. Тағы бір ескеретін мәселе Сәкен Сейфуллин өз еңбегінде қазақтың эпостық жырлары тек «Ноғайлы дәуірінде» туған деген пікірін баса айтады [4,б.161]. С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» кітабының екінші бөлімі – «Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» деп аталады. Бұған батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлар кірген де, олардың тарихи тектерін нақты деректермен дәлелдеп, көркемдік қасиетін айқындап, басқа ел әдебиетінің нұсқаларымен салыстырып отырған. Автор батырлар жырын зерттегенде ең оңтайлы принципті қолданған. Ол батырлар жырын негізінен хронологиялық тәртіппен зерттейді де, «ұлы батыр», «кіші батыр жыры» деп тексеріп жүргендердің зерттеу тәсілінің ғылыми негізі жоқ екендігін көрсетіп, «үлкен-кіші» деп ат қойып, айдар тағу дұрыс емес деп тұжырым жасайды. Батырлар жырының шығу жағдаяттарына тарихи деректерді мол келтіреді де, ноғайлы заманында шыққан батырлардың бәрін түгелдей қазақтікі деп иемденудің дұрыс болмайтындығын айрықша ескертеді. Сонымен қатар «ертедегі батырлар туралы айтылған әңгіме, жырларды жақсылап оқып тексеріңіз, онан соң қазақ аталған елдің тарихын тексеріңіз және қазақтың өзге ауыз әдебиетін тексеріңіз, әлгі кейбір тарихшылардың, кейбір әдебиетшілердің: «қазақтың өздерінің батырлар туралы әңгіме, жырлары жоқ, өзіміздікі деп жүргендері ноғай халқынікі» дегені тек жалған сөз екенін көресіз» [5,б. 169], – деп тауып, теріс көзқарастарға қарсы шығады.

Бұл кезеңді кейбір зерттеушілер Дешті Қыпшақ немесе Алтын Орда дәуірінің әдебиеті деп атауды ұсынады. Алайда мұндай дәуірлеудің әлі де анықтай түсетін тұстары бар деп ойлаймыз. Өйткені, XI-XYI ғасырларды қамтитын «Дешті Қыпшақ» өте кең ұғым. Сондықтан ол этнологиялық негіздегі мемлекеттік бірлестіктен гөрі тарихи-географиялық ұғымға жақын. «Дешті Қыпшақ даласы», «Дешті Қыпшақ елі» т.б. деген сияқты атаулар да осыны меңзейді. Сондай-ақ, Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген Құтыб, Хорезми, Сайф Сараи, Мұхаммед Салих сияқты шайырлар «Хұсрау-Шырын», «Мұхаббатнама», «Гүлистан бит-түрки», «Шайбанинаме» сынды көркем жазба мұралар қалдырғанымен, олар ноғайлы дәуірінің этнологиялық санасы мен эпикалық дәстүрінен дараланып тұрғаны сөзсіз. Түркі халықтарының әдеби дәстүріне зор ықпал жасаған бұл жазба ескерткіштердің кейінгі ноғай әдебиетінде сақталмауы да көп нәрседен хабар береді, әрі оның тарихи, әлеуметтік және әдеби дәстүрлік себеп, салдарларын анықтау мақсаты тұр.

Ноғайлы жырларын шартты түрде екіге бөлуге болады. Біріншісі, «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Қосай» сияқты жырлар. Бұл жырлардың оқиғасы аталған жекелеген батырлардың ерлік іс-әрекеттеріне негізделген. Сонымен бірге, мұнда батырлардың жеке басын, олардың ерлік істерін шыңға көтере дәріптеу кең етек алған. Екіншісі, бірнеше жырлардың топтамасынан тұратын және жеке-жеке батырлардың есімімен аталғанымен, жүйелі генеологиялық тізбекке құрылған жырлар. «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Аңшыбай батыр», «Парпария», «Құттықия», «Нұрадин», «Мұсахан» т.б. жырлар тұтас алғанда «Қырымның қырық батыры» деп аталады. «Қырымның қырық батыры» туралы жырлар негізінен Қазақстанның батысында сақталып қалды. «...Жырдың көлемі «Илиада» мен «Одиссеядан» 2,5-3 есе үлкен.

...Мұрын жырау Сеңгірбайұлынан жазылып алынған» [6,б. 347]. «Қырымның қырық батыры» жырларында заманында бір елдің құрамында болған қазақ, ноғай батырларының қызылбас, қалмақ сияқты сыртқы жаулардан, басқыншылардан ел мен жерді қорғау, ел тәуелсіздігі үшін жүргізген жанкешті ерліктері суреттеледі. «Қырық батыр» жырларында әсіресе, батыр өмірінің туғаннан өлгенге дейінгі әр кезеңін нақты суреттейтін өмірбаяндық және тұқым қуалап, үрім-бұтағының бәрі батыр болатын генеологиялық сипат басым» [7, б.105-106]. Биліктің атадан балаға мұраға қалатын иерархиялық түрі көне түркілік қағанаттарда да қалыптасып, сақталған. Бұл салттың бұлжымас қағидаға айналуы үшін

билеушілер қара халыққа бұны жоғары күштердің талабы ретінде түсіндірген.

Ен даланы еркін жайлап, көшпелі өмір салтын ұстанған, күн көрістің басты құралы мал шаруашылығын кәсіп еткен «далалықтардың» дүниетанымы ғасырлар бойы өзгеріссіз қалып, адамзат өркениеті қанша дамып кетсе де өткеннің үлгісінің ізі өшпей сақталған. Көнеден жеткен мұралардың барлығы дерлік ел қорғауға, халықтың басын біріктіруге, ерлікке үндейді. Сондықтан да түркі халықтарындағы жауынгерлік-қаһармандық жорықтарды жырлаудың дәстүрі көркемдік ойлау процесінің ең бір озық тәсілі ретінде бүгінгі күнге дейін еш өзгеріссіз жеткен деуге болады. Ғұндар заманынан сыр шертетін Бань Гудан жеткен «Көк бөрі туралы аңыз әфсанадағы» олардың балалары «қойға мініп, садақпен құс, тышқан атады. Жеткіншектері түлкі, қоян аулайды. Жігіт- желеңдері садақ асынып, шетінен сайлауыт сарбаз болады. Олардың салты – кеңшілікте мал баға жүріп, аң, құс аулау; бұл олардың өмір-тіршілігі. – деген жыр мәтініндегі соғыс оқиғалары Иоллық-тегіннің көзімен көрген нақты тарихи дерек болса да батырлық эпос поэтикасына тән үлгі, тәсілмен жазылған.

Ел қорғаған батырдан ерекше күш пен қайратты, соңымен бірге бөріге тән айлакерлікті, қиыннан жол табар сұңғылалық пен әккілікті талап ету қадым замандардан келе жатқан үрдіс болса керек. Сақ пен ғұндардың ауызша тараған аңыз, әфсаналары мен түркілік тайпалардың тасқа қашалған ескерткіштерінде кездесетін «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт күннен гөрі, «ат үстінде аламан» жаугершілік, жортуыл замандарда еңселі елден бір тайпа, тұтас тайпадан бір бала қалып, оны аң мен құстың асырап жеткізуі, өсіп-өніп, іргелі елге айналуы т.б. сияқты аңыз, жырлар желісі батырлық жырларда кең көрініс тапқан. Әдебиеттанушы А.Жақсылықов «История тюрков и прототюрков (хунну) неразрывно связана с историей древнего Китая, непрерывное развитие которого насчитывает пяти тысяч лет, и это существование можно определить как непрерывное противоборство, борьбу за независимость степных, северных народов, попытки остановить экспансию ханьских народов на Север в пределы Сибири. Это противоборство весьма драматическое, отмечено и периодами мира, культурного взаимодействия; были эпохи доминирования кочевников, когда ослабевший Китай платил дань соседям, поддерживал выгодные отношения с помощью династийных браков, были эпохи, когда кочевники попадали в замисимость, империи номадов распадались на государства союзов племен, целый ряд племен, целый ряд тюркских, монгольских, тунгуских родов были поглошены и ассимилированы Китаем» –деп, көне заманның тарихына тоқтала келіп: «...В условиях постоянных напряженных отношений с оплоченным и монолитным Китаев, древними китайскими царствами, развившими высокую культуру, тюркские каганы также вынуждены были активизировать формы общеэтнической уонсолидации и самоосознания, а именно мифологемы, генеологическую память, историю предков, реализируемые через письменность, литературы и религию. Таким образом, судя по содержанию и идейной направленности некоторых памятников древнетюркской письменности, литература и письменность в Тюркюском Каганате помимо официальных функций выполняли еще роль консолидирующего, идеологически сплачивающего фактора» [8,с.95-96] дейді.

Этностың немесе суперэтностың қалыптасуының осындай алмағайып кезеңінде тарих сахнасына ерекше дарын иелері, өзгеден артық қасиеті бар тұлғалар шығады. Олар белгілі бір идея үшін жанын қиюға да дайын тұрады. Түрік қағанатында бұл рөлге алғашқы қағандар, батырлар мен қолбасшылар ие болған. Бұл тұлғалар өздерінің ерекше қасиеттерінің, алға қойған мақсатқа жету жолындағы жанқиярлығының, жеке бастарының ерен батырлығы мен ерлігінің арқасында халықты соңынан ерте алды. Оларға халықпен бірге өздерімен деңгейлес билік өкілдері мен әскери шонжарлар да қосылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

2 Батырлар жыры /құраст. О.Нұрмағамбетова, Қ.Сыдиқов. – Алматы: Жазушы, 1989. - Т. 5. – 384 б.

3 Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.

4 Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. –400 б.

5 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985.

6 Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 б.

7 www.ултkz.

8 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық/құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. –384 б.

СЫН ЖӘНЕ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР

Мухтарова Айнур Мухтаровна
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс докторанты, Тараз қ.

Әдеби үдеріс – әрбір халықтың ұлттық мәдениеті дамуының жетістіктерінен құралатын шығармашылық қозғалыстар жүйесі. Ұлттық
әдебиеттің көркемдік таным тұрғысындағы үлгілері жалпы халықтың эстетикалық қабылдау деңгейіне орай бағасын алары анық. Әдеби даму қозғалысындағы ықпалды, қозғаушы күштер ретінде көрнекті, дарынды тұлғалар сөз өнерінің рухани танымдық әсері мен қоршаған ортаның қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін ұштастырады. Көркемдік күші мен әлеуметтік мәселелерін тұтастыққа айналуынан ұлттық әдебиеттің халықтық сипаты қоғамдық маңызға ие болады, жұртшылықтың рухани демеушісіне айналады. Халық тарихының жаңа кезеңдегі оқиғалары ақындардың көркем шығармаларының әдеби дамуындағы ортақ мүдделерді жырлағандарынан байқалады. Әлбетте, тегі мен діні бір, тілі ұқсас халықтардың ортақ мүдделері ұлт зиялыларының басын біріктіріп қана қоймай, шығармашылық үндестікке де итермелейді. Сондықтан әдебиеттегі тоғысулар, қарым-қатынастар мен шығармашылық ықпал-әсер әдеби процестің өз заңдылығы болумен қатар, сөз өнерінің қалыптасып, дамуының негізгі формасы ретінде де қабылданады. Бұл ретте В.Г.Белинскийдің мына сөзі дәйек боларлық: «Жалпы, әлемде еш саңылаусыз, томағатұйық, өз қалпымен, өз сұраныс, талаптары тұрғысында ғана өмір сүретін әдебиет жоқ. Қай әдебиеттің жүріп өткен жолына қарасаң да, қандай айқын, қайталанбас жағдайда қалыптасса да, сол не өзге деңгейі басқа әдебиеттер жетістігінен көрініс береді. Тек өз тұрғысында және бірыңғай өзінің ғана күш-қайратынан нәр алып өркендеген әдебиет жоқтың қасы» [1, 143].

Әдебиет зерттеушілері мен ғалымдардың осы іспеттес ой-пікірлері қандай да бір халықтың мәдени-рухани даму тенденциясында өзара байланыстың баға жетпес рөлі бар дегенге саяды. Бұған батыстық, кеңестік және отандық оқымыстылардың еңбектері куә. Жалпы, әдебиеттердің байланысу мүмкіндігі мен өзара жақындасуы – олардың даму заңдылығының сәйкестігіне, шындықты бейнелі көркемдеу тәсілдерінің ортақтығына негізделеді. Өзара байланыс пен рухани

құндылықтардың алмасуы әдебиеттің қалыптасуы мен өсуін неғұрлым толық бағалау мен сараптауға қызмет етеді. Сондай-ақ, олардың жаңа жағдайда дамуына жағдай туғызады. Әдебиеттің даму деңгейі жоғары болған сайын, оның басқа халықтың көркем өнерімен қатынасы да ұлғайып, нығая бермек. Бұл жөнінде академик В.М.Жирмунский былай дейді: «Халық неғұрлым мәдениетті болған сайын, соғұрлым оның басқа халықтармен байланысы мен өзара қатынасы қарқынды болмақ» [2].

В.М. Жирмунский, Г.И. Ломидзе, Н.И. Конрад, И.Г. Неупокоева және т.б. көрнекті ғалымдар өз еңбектерінде Кеңестер Одағы аясындағы ұлттар әдебиетіндегі байланыстардың маңызды проблемаларын әлемдік деңгейге көтеріп, әдеби байланыстардың жалпы теориясына үлкен үлес қосты. Алайда, әдеби байланыстардың теориялық мәселелерін арқау еткен бұл еңбектерде зерттеушілер мәселесі тұтас әрі жүйелі зерттеуді мақсат етпей, көркемдік тәсілдердің дәйектеріне ғана иек сүйеген. Мәселен, танымал ғалым Н.И. Конрадтың еңбегінде [3] әлем халықтары сөз өнерінің қарым-қатынасы, бір-біріне еткен ықпалы мен жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылық әсері, бәрі Батыс - Шығыс контексі тұрғысында қарастырылған. Жалпы, аталмыш зерттеу объектісін жан-жақты және жүйелі қарастыру міндеті әдеби байланыстың бірқатар теориялық әрі методологиялық мәселелерін анықтауды талап етеді. Кейінірек ғалым И.Г.Неупокоева осы пікірсайыста білдірген көзқарасын дамыта отырып, әдеби қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде этногенетикалық байланысты атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, көркем әдебиеттің жалпы даму заңдылықтары ұлт әдебиеттерін салыстыра зерттеуде айқын көрінеді. Демек, әлемдік әдебиет тарихында тарихи процесс бірлігін айқындау өте күрделі. Ал, әлеуметтік-тарихи процесс негізінде қалыптасатын ұлт әдебиеттерінің өсуі өзара қарым-қатынас өрісімен тығыз байланысты. Әдеби байланыстардың тарихи кезеңдерге байланысты әртүрлі сипатта байқалатыны және жалпы даму үрдісінде ұлт әдебиеттерін жан-жақты байытатыны рас. Демек, ұлт әдебиеттерін түгел қамтитын байланыстар тарихының әлем әдебиеті тарихында алатын өзіндік орны. Алайда, ғалым әдеби процесс пен байланыс мәселелері төңірегіндегі ой-тұжырымдарын негізінен кеңестік жүйе тұрғысында сараптайды.

Ал, бұл жөнінде пікір қосақтаған шетел зерттеулеріне «буржуазиялық әдебиеттану түсінігінде» деп сын айтылды. Атап айтқанда, әдеби байланыстарды жіктеудің ғылыми тұжырымы зерттеудің салыстырмалы не тарихи тәсіліне сәйкес жасалынды және бұлайша бөлшектеудің методологиялық себептері бар дегенге саяды. Ол себептер біріншіден, әлемдік тарихи-әдеби процесті ұлттық және халықаралық дамудың диалектикалық бірлігі ретінде түсінбеу болса, екіншіден, тарихи-әдеби даму заңдылықтарын жалпы адамзат өркениетінің өнер ерекшелігі деп танымаудан туындаған деген ой сілемесі сезіледі Сондықтан, ғалымның пайымдауынша, тарихи түрде қалыптасқан.

Осы орайда, тарихи-әдеби процесс тұрғысындағы аймақтық әдеби байланыс мәселесі аса маңызды. Жасыратыны жоқ, бұл мәселе төңірегінде бұрын-соңды айтылған ой-пікірлердің қайшылығы бар екені анық. Оның заңдылығы мынада: Бірінші – кеңестік кезең тұсында таптық тұрғыдағы тұжырымдама бұл мәселенің шынайы бағасын беруге тосқауыл болды. Екінші – аймақтық әдеби байланыстың тірегі болып табылатын туысқан халықтардың түп бірлігіне, тектік бауырластығына назар аударылмады. Үшінші – атеистік ұғым белең алған тұста бұл байланысқа себепкер болған ірі қаламгерлер шығармаларындағы діни дүниетаным ашып көрсетілмеді. Осының салдарынан мәдени байланыстар тұрғысында шынайы зерттеулер мен сараптаулар жасауда бірқатар қиындықтар туды. Сондай-ақ, тек түркі тілді әдебиеттердің ғана емес, Кавказ және Балтық бойындағы

халықтардың сөз өнерін зерттеуде де бұл жағдайдың әсері болмай қалған жоқ. Әлем халықтары әдебиеттерінің осы секілді қарқынды, игілікті байланыстары Ресейдегі бірінші орыс төңкерісі кезінде қоғамдық-саяси өсу жағдайымен бір мезгілде болғаны мәлім. Бұл қоғамдық жағдай империя аймағын мекендеген бүкіл халықтың ұлттық-идеологиялық күресі мен қозғалысына көп ықпал етті. Сонымен қатар, төңкеріс ауқымындағы қозғалыстармен тығыз байланысты дамыған орыс әдебиетінің басқа елдер әдебиетіне әсері де аз болмағаны анық. Мысалы, түркі халықтарының сөз өнерінің осы кезеңде өрістеуіне батыс, орыс әдебиеті мен мәдениеті біршама ықпал еткені рас. Тарихи-қоғамдық жағдайдың өзгеруіне орай, әдебиет аралық қарым-қатынас та бірте-бірте ауысады. Сөйтіп, бұрын өзінің көркемдік жетістігі төмен болғандықтан өзгелерге елеулі әсер ете алмаған әдебиеттер басқалардан үйрену арқылы белгілі бір шеберлік қырларын игеріп, өз ішінен белгілі-белгілі көркем сөз қайраткерлерін ұсынуы мүмкін. Бірте-бірте бұл өзара алмасудың күрделі процесіне әлем әдебиетінің бәрі тартылады. Мәселен, тарихи-қоғамдық жағдайларға байланысты томаға-тұйық күй кешіп келген қазақ әдебиеті XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, шығармашылық қарым-қатынас үрдісіне бойлай енді. Тіпті, еніп қана қоймай, әлемді аузына қаратқан қайраткерлерді (Шоқан, Ыбырай, Абай) дүниеге әкелді. Ал олардың ізін ала өмір кешкен XX ғасыр басындағы қаламгерлер өз алдына бір үлкен шоғыр құрды. Оларды былай қойып, әдебиеттегі бір ғана Абайдың құбылыстық сипатының өзі ұлттық әдебиетіміздің көкжиегін кеңейткені тарихтан белгілі, оны алдыңғы тарауларда атап көрсеттік. Олай дейтініміз, «қазақтың бас ақыны» әкелген әлемдік деңгейдегі әдеби жаңалық, өзгерістер туысқан татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, түркімен және т.б. халықтар әдебиеттерінің дамуына өзіндік игі әсерін тигізді деуге толық негіз бар. Түркі халықтарының рухани алмасуы жөніндегі зерттеу еңбектері бұған толық куә.

Академик В.М.Жирмунскийдің пайымдауында, әдебиеттанудың «салыстырмалы әдісі» астарында «әсер мен ықпал» атауын зерттеудің ұғымы жатыр. Сондықтан да бұл әдіс тарихи не әдеби дамудағы белгілі бір әдеби құбылыстың оған қатысын, қоғам шындығымен байланысын ескермейді. Өйткені қоғам шындығы тарихи, ұлттық және өзіндік ерекшеліктерін білдіреді. Сондай-ақ, осы ерекшеліктер негізінде жасалып, пайдаланылған үлгілерді байқатады [3, 156].

Мұндай салыстыру ұлттық, тарихи құбылыс ретіндегі өзіндік ерекшелігін жоймайды, қайта салыстыру арқылы ол өзгешеліктің түйінін айқындауға болады. Демек, салыстыру - тарихи зерттеудің методикалық әдісі. Ал, әр алуан ұлт әдебиеттеріне салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеудің негізгі алғы шарттарының бірі – адамзаттың әлеуметтік-тарихи ілгерілеуінде идеологияға икемделген әдебиет пен өнер атаулының уақыт талабына сай дамудағы процесс бірлігі мен заңдылығының ортақтығы болып табылады. Бұл тәрізді өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың феодализм заманындағы ортақ жағдайы қоғамдық-саяси қарым-қатынастар бәріне сәйкес типологиялық ортақ сипаттар ретінде Орта Азия елдерінің әдебиеті мен өнерінде аңғарылды. Әрине, шындықты образды түрде тану - қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы әр алуан халықтың ұқсастығын байқатары анық. Осы секілді жалпы және жеке ортақ сипаттар тікелей байланыс пен қарым-қатынастар жоқ тұста тарихи-типологиялық үйлесім не ұқсастық деп аталуы мүмкін. Мұндай ұқсастықтар әдебиетте жиі ұшырасады. Сондықтан оларды әдебиеттер арасындағы байланыстардың алғышарттары деп қабылдаған жөн. Сонымен қатар, қоғам өмірінің әртүрлі жақтары болатыны секілді, бұл ұқсастықтар да тарихи процестің жергілікті ерекшеліктері саналатын және осы ерекшеліктер арқылы тарихи-ұлттық өзіндік өзгешелікті қалыптастыратын негізгі жеке айырмашылықтарға тиесілі. Оларды салыстырмалы зерттеудің маңызы мынада: ол-ұлттық әдебиеттің ерекшелігі-салыстыру мәні мен қоғамдық талаптарға сай әдеби дамудың

жалпы заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік туады. Әдебиеттің дамуында ерекше орын алатын құбылыс, ол – басқа халықтар әдебиетімен байланыс орнату. Бір-бірінен үйрену, біріндегі жақсы үлгіні бір-біріне үйрету [4, 202].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. 1-кітап. Алматы: «Жазушы», 1948. – 521 с.
2. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. Алматы: «Жазушы», 1982. – 316 б.
3. Нәжімеденов Ж. Қадыр Мырзалиев поэзиясы хақында. «Жалын» журналы. 1994, № 5-6.
4. Ысқақов Д. Әдеби сын тарихы. Алматы: «Таңбалы», 2012. – 580 б.

II СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

КАРТОГРАФИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДА ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ БЕРІЛУІ

Пашан Дана Мұсабекқызы
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қаласы
Мустекова Раушан Каримовна
№22 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Алматы қаласы

«Қазақстан Республикасы тіл туралы» Заңына өзгерістер енгізу жөнінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 29 желтоқсанында Жарлыққа қол қойды. Осыған орай, Заңға өзгерістер енгізіліп, кейбір баптардағы бұрынғы орыс тілін міндеттеген ережелер қайта жазылды. Мысалы, «Топонимикалық атауларды пайдалану тәртібі» делінген 19-баптағы өзгерісте: «Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулары мемлекеттік тілде жазылады», – деп көрсетілді [1]. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151._ Бұрынғы нұсқада бұл қазақ және орыс тілдерінде жазуға міндеттелген болатын. Осы бапты негізге алып, қазіргі таңда орыстілді карталарда тарихи атауларды қазақ тілінде беру керек деген пікір айтылып жүр. Осы мәселенің мән-жайын ашып, нақыталуды жөн саналдық.

Кеңестік кезеңде одақтық республикалардағы ономастикалық жұмыстар, әдетте, бір орталықтан – Мәскеуден үйлестіріліп, бекітілетін. Мәскеудегі Центральный научно-исследовательский институт геодезии, аэрофотосъемки и картографии (ЦНИИГАК) ғылыми орталығы барша кеңестік республикаларының географиялық атауларын реттестіріп отыратын нұсқаулықтар әзірлеп, жарыққа шығарып, таратып отыратын. Мәселен, 1959 және 1971 жылдары жарық көрген «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» нұсқаулықтарында [2, 3 б.]. Қазақстандағы топонимдердің (географиялық атаулардың) тек орыс тілінде жазылуы ғана қарастырылып, заңдастырылған. Ал төл жер-су атауларымыздың қазақ тілі орфографиясына сай қазақ тілінде жазылу мәселесі, әрине, ол кездерде тіптен күн тәртібіне де қойылмаған болатын.

Ұлттық топонимдік кеңістіктегі осындай олқылықтар мен бұрмалауларды түзету мақсатында осы шаралардың бастамасы ретінде 2001 жылы проф. Т.Жанұзақтың басшылығымен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары дайындаған «Қазақстан Республикасының топонимдері» [3] атты анықтама-кітапта республикамыздың 8 мыңнан аса елді мекендері мен физикалық-географиялық нысан атаулары қамтылып, олардың мемлекеттік қазақ тілінде және орыс тіліндегі жазылу нұсқалары берілді.

Республикамыздың әкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі елді мекендер мен ірі физикалық-географиялық нысан атаулары әлем тілдерінің көбінде қарым-қатынасқа түсіп, халықаралық дәрежеде қызмет атқарып отырғаны баршаға аян. Осы ретте республика топонимдерін (жер-су атауларын) халықаралық тұрғыда стандарттау ұлттық стандарттаумен тығыз байланысты келеді. Аталмыш еңбектегі қазақ топонимдерінің орысша берілуі (транслитерациясы), дұрыс жазылуы Қазақстан Ғылым академиясы Тіл білімі институты тарапынан 1971 жылы жарыққа шыққан «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» атты еңбекке сүйенілген болатын. Бұл Нұсқаулық 2002 жылға дейін бірден-бір негізгі тірек құрал ретінде пайдаланылып келді. Алайда оның кейбір ережелері мен параграфтары әсіресе ә, о, ө,

ж, ү, ұ, ы, і, қ, ң, ғ, h сияқты қазақ әріптерінің орыс әріптерімен таңбалануында және басқа да мәселелерінде талас тудырар, даулы тұстар аз емес еді.

2002 жылы ҚР БжҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен География институты және Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігінің «Ұлттық картографиялық қоры» мамандары бірлесе отырып, «Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан» атты нұсқаулықты [4] әзірледі. Оны Қазақстан Республикасының барлық министрліктері, ведомстволары мен мекемелері үшін міндетті екендігі бірінші бетінде жазылған. Осы тараптан РКФ-ның осы нұсқаулықты басшылыққа алғаны орынды. ҚР Тіл туралы заңы өзгергенімен, осы заң негінде жасалған жаңа Нұсқаулық жоқтың қасы.

Нұсқаулықта картадағы атауларды беру ережесі төмендегідей көрсетілген: «настоящая Инструкция определяет правила казахской и русской передачи названий орфографических, гидрографических и других физико-географических объектов, наименований населенных пунктов, административно-территориальных единиц, хозяйственных образований и других объектов Республики Казахстан на картах различного содержания и масштаба, в научных, справочных, туристических и другие» изданиях, средствах массовой информации, единых республиканских кадастрах месторождений и полезных ископаемых, в официальных документах недропользования, научных отчетах и др. на основе транслитерации, принятой в современном литературном казахском языке в соответствии с его орфографическими нормами.

2. При передаче географических, геологических, административных и др. названий Республики Казахстан с казахского языка на русский необходимо руководствоваться следующими положениями:

2.1. Казахские по происхождению названия на русский язык передаются в транслитерации с их современного казахского написания, устанавливаемого основополагающими орфографическими правилами казахского языка.

2.2. Русские названия на территории РК даются в их правильном русском написании и на казахский язык транслитерируются полностью.

2.3. Другие иноязычные названия Казахстана передаются, как правило, с их казахского написания и произношения, но в районах с преобладающим неказахским населением (узбекским, уйгурским и др.) допускается передача с языков этих национальностей по правилам соответствующих инструкций, если такая передача прочно закрепилась в картографических и иных изданиях на русском языке.

2.4. Искаженная русская транскрипция казахских названий населенных пунктов, административно-территориальных единиц Республики Казахстан, вошедших справочник Верховного Совета Казахской ССР «Административно-территориальное деление» 1989 года и другие официальные ведомственные источники, изданные до объявления республикой суверенитета, а также названий, вошедших в краткий справочник «Административно-территориальное деление Республики Казахстан» (Вып. 1-2. Алматы-Астана, 2000), подлежат постепенному исправлению согласно «Закона об административно-территориальном устройстве РК» от 8 декабря 1993 г., Указа Президента РК от 19 декабря 1995 г. и Постановления Правительства РК от 5 марта 1996 г.

Сондай ақ осы кезге дейінгі шыққан кейбір карталарда елді мекендер мен ірі географиялық нысандардың атаулары орысша бұрмаланып жазылып жүрді. Мысалы: Иргиз (дұрысы Ыргыз), Уил (Ойыл), Жейрам (Жайран), Джангала (Жанакала), Чингирлау (Шынгырлау), Чар (Шар), Тюлькубас (Тулкибас), Чили (Шиели), Щербакты (Шарбакты), Курчум (Куршим), Жетисай (Жетысай), Жетису (Жетысу) т.б. Осы тәрізді көптеген атаулар реттеліп, орыс тілінде қазақ жер-су атаулары адекватты түрде транслитерацияланатын болды.

Қорыта келе, жоғарыда айтылған жайттарды ескере отырып, орыстілді карталар мен жоспар-сызбаларда әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің қазақша атаулары (әзірге бұрынғыша) орыс транслитерациясы бойынша берілуі тиіс. Ал қазақ тілді карталарда тек қазақ тілінде жазылуы керек. Кері жағдайда орыстілді карталарда қазақ жер-су атаулары қазақ тілінің төл дыбыстары мен графикасы арқылы жазылса, тұтынушыны атауларды шатастыруы мүмкін, сондай-ақ визуалды тұрғыдан біркелкі қабылдауды қиындатады. Сондықтан қазақтілді карталар бірыңғай қазақ тілінде, қазақтың төл дыбыстарын қолдану арқылы жазылады, ал орыстытілді карталарда қазақ жер-су атаулары транслитерация әдісі арқылы беріледі, яғни графикалық біркелкілік сақталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_

Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР [Текст] / Гл. упр. геодезии и картографии при Совете Министров СССР. АН КазССР. — Москва: [б. и.], 1971. — 46 с. : 21 см.

Қазақстан Республикасының топонимдері: (елді мекендердің және ірі физикалық-географиялық объектілердің атаулары) / жалпы ред. Жанұзақова Т.С.; [құраст. : Жанұзақов Т.С. және т.б.]. — Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2001. - 425 б. — ISBN ISBN 9965-466-35-1.

Инструкция по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан. — Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2002.

ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Атакулова Гульжан Джадигеровна
Тараз қаласы білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі

Әрбір өмірге келген адамзат баласын айқындайтын өзіндік өлшемдері бар, оның ең біріншісі - тілі, екіншісі - діні, үшіншісі - ғасырларға созылған тарихы. Мәңгілік елдің мәңгілікке жол тартқан тілі - қазақ тілі. Тіл - өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Ендеше, ертеңгі күннің болашағы - мектеп оқушысы.

Қазір білім алушылардың бойына дағдыларын дарыту, олардың коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Мәселен, оқылым дағдысына келсек, балаларымыз әріп танығанымен зейін қойып оқуға, оқығанын зердесіне құйып өзгеге түсіндіріп беруге шорқақ. Яғни, оқылым дұрыс болмағаннан кейін, айтылымнан да ақсап жататыны жасырын емес. Ал сондай мәселені түсіндіріп беруге тырысқан, айтылым дағдысы қалыптасқан адамды тыңдай алмайтын да жағдайлар кездесіп жатады. Ойларын жүйелеп жазып беруге де қиналады. Мұның бәрі тілдік дағдылардың жете қалыптаспағанын білдіреді. Осы жағдайттарды ескере отырып, «оқыту үдемелігі» деген жаңа ұғымға тоқтала кетелік. Оның үш кезеңі көрсетіледі.

Оқылым кезеңі	Ойды түртіп алу кезеңі	Жазылым кезеңі
Мәтін түрінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау	Идеяларды жинақтау, жазуға дайындалу	Түпкі жазбаша жұмысты әзірлеу үшін

үшін оқу		бірлесіп, мұғалім жетекшілігімен және өз бетінше жазу

Бұл баланы жазылымға әбден дайындап әкелу деген сөз. Оқылым кезеңінде оқығанын терең түсінуге тырысады. Алайда кейбір жанама мәселелер, тіпті негізгі мәселенің өзі түсініксіздеу болып жатса, онда тұрған ештеңе жоқ. Өйткені алда ойды түртіп алу кезеңі бар. Оқушыға мәселені пысықтауға уақыт беріледі. Сол кезеңде оқыған ақпаратты мәтінді талдауға арналған стратегиялар немесе тірек сызбалар арқылы талдап, негізгі мәселені ойына түйіп алады. Қажетті ақпаратты толық ой елегінен өткізген соң ғана қолына қалам алады. Яғни бала жазылым кезінде керек болатын сөздік қорды меңгергенге дейін жазуға ешқандай тапсырма берілмейді. Сонымен қатар оқу үдемелілігінде мұғалімдердің оқылым мен жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымға назар аударуға мүмкіндіктері болады. Барлық оқушы оқу мен жазудан бұрын тыңдап, тыңдағанын айтып беруді үйренеді. Өзара әрекет, қарым-қатынас кезінде жазылым мен оқылым дағдыларына қарағанда, айтылым және тыңдалым дағдысы көбірек жетілетіні сөзсіз. Мұғалім оқушыларға осы дағдыларды қалыптастыруға уақыт бөле отырып:

идеяларды жинақтап, жазба жұмысының жоспарын ойластыруға;

түсініктерін нақтылай отырып, жауап берер алдында ойларын жинақтауға;

білімдерін нығайтып, не үйрегендері туралы айтуға;

негізгі мәселені бірлесе шешуге мүмкіндік беруе алады.

Жаңартылған бағдарламада оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға ерекше мән берілген. Ол «танымдық үдеріс» ретінде түсіндіріліп, оқылым, жазылым, айтылымға қарағанда қиынырақ дағды деп есептеледі. Оқу жоспарында телехабар, фильм, ән, үлкен адамдарды тыңдау және оларға жауап беруді көздейтін жаттығулар кездеседі. Аталған жаттығулар бірнеше аптаны қамтитын тізбектелген сабақтар топтамасында дағдыларды, соның ішінде тыңдалымды дамытуды көздейтінін байқау қиын емес. Осылайша, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жеке-жеке дамыта отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытқан өте нәтижелі.

Бүгінгі таңда әрбір мұғалімнің алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі - оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту мәселесі.

Бұны күнделікті сабақтарда берілетін түрлі жазылым тапсырмаларын орындағанда, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларындағы жазылым дағыларын орындағанда интернет желілеріндегі дайын материалдарды көшіріп жазу немесе өз көзқарасын толық жеткізуде, ойын нақты дәлеледемелер арқылы жеткізуде қиналатынынан аңғаруға болады.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердің оқу бағдарламасында тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және әдеби тіл нормалары бойынша берілген оқу мақсаттарына жетуде мұғалім осы мәселеге назар аудару керектігі айтылған.

Енді осының ішінде жазылым дағдысына келетін болсақ, қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасында оқушы 5 сыныпта – 150-200 сөз, 6 сыныпта – 200-250 сөз, 7 сыныпта – 250-300 сөз, 8 сыныпта – 300-350 сөз, 9 сыныпта – 350-400 сөз жазу керек [1].

Осы сыныптар аралығында оқушының Ж1. Жоспар құру, Ж2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, Ж3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну, Ж4. Эссе жазу, Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу, Ж6. Мәтіндерді түзету және редакциялау сияқты коммуникативтік дағдылары қалыптасуы шарт. Демек бала жоспар құрудан бастап, әртүрлі формада жазылған мәтінін өзі тексеріп, түзете алатын деңгейге жетуі тиіс.

Осы мәселені зерделей отырып, басты себептері анықталды:

1. Оқушылар әдеби шығармаларды оқымайды;

2. Интернеттен дайын материалды алып қолдана салады;

3. Шығармашылық ізденістері аз;

4. Бос уақыттарын тиімді өткізбейді;

5. Тілдік дағдыларын дамытатын үйірмелерге қатыспайды;

6. Ауызекі сөйлеуде синоним, мақал-мәтел, афоризм сөздерді көп қолданбайды.

Осыны ата-аналар да көп айтады. Дегенмен, сөз жүзінде қалуда.

Бүгінгі оқушының ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ұрпақ екенін жадыдан шығармаған жөн. Ал, белгілі бір мәселеге өз ойын еркін жеткізе алмайтын балада жасқаншақтық, көшбасшылық құзіреттіліктері дамымайды. Осыдан келіп, мүмкіндігінше, мәтіндермен жұмыс істеу, оның ішінде, көркем әдебиет үлгілерін оқытуға дағдыландыру – әрбір мұғалімнің нәтижелі оқытуға жетуінің басты көрсеткіші деп айта аламыз. Оқушы үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруі тиіс. Олар шеберліктерін, сөздік қорының молдығын көрсетеміз деп, негізгі мәселеден немесе тыныс белгілеріне назар аудармай қалуы мүмкін. Сол себепті жазылым кезінде оқушыларға айтар идеясын тұжырымдап, дұрыс жеткізумен қатар, графикалық сауаттылықты да есінен шығармауына қолдау көрсетілуі тиіс.

Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым барысында оқушыларға жаңа сөздерді назардан тыс қалдырмай тіркестерді таңдауға, құрмалас сөйлемдерді қолдануға, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс байланыстыруға қолдау көрсетіп, өз бетінше жазылым дағдысын жетілдіруге алып келеді. Сыныптағы оқушылардың деңгейін ескеріп, тапсырманы саралап берген жөн.

Адамзат тарихының сандаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады.

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді. «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді.

Бүгінгі жалпы білім беретін мектептердің «Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған оқу мазмұны оқушылардың білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптардың ең бастысы тілді тиімді меңгертуде төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Пән бойынша қазақ тілінен оқу бағдарламасының мазмұны оқушының сөйлеу және ойлау әрекетін, түрлі сала мен қарым-қатынас жағдайында тілді еркін игеруді қамтамасыз ететін коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды, тілдік өзара әрекет пен өзара түсінісу қабілеттерін дамытуға, сөйлеу тілін жетілдіруге бағытталған [2, 59 б.].

Жаңаша тұрпатты мұғалім әр сабақта тілдік әрекеттерінің түрлерін қолдану арқылы қазақ тілін жүйелі оқытуға жол аша отырып, мақсат, міндеттерді жүзеге асыруықажет. Бұл – өсіп келе жатқан балалар мен жастардың үйлесімділікпен дамуы, елдік рухты көкірегіне түйіп, ұлттық дүниетанымды терең меңгеруі үшін де, елдік санада тәрбиеленуі үшін де ауадай қажет. Тілді оқытуда, әсіресе, жеке тұлғаның қалыптасуына ерекше мән бере отырып, тіл арқылы ұлтжанды азамат тәрбиелеу басты назарда болуы тиіс. Яғни, ТІЛ – ТҰЛҒА – МӘДЕНИЕТ қағидасы негізінде баланың үйлесімді дамуына қатысты қажеттіліктерді тіл арқылы беру, үйрету - басты мәселе болып саналуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. 1-кітап. 5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. Алматы: Дәуір -Кітап, 2012

2. Оразбаева Ф. Қазақ тілін деңгейлік меңгеруге арналған «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені. Алматы: Жазушы, 2007

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мыкышова Акмарал Берикказиевна
Иван Трубицын атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Меркі ауданы, Жамбыл облысы

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға кең ауқымды құзіреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Білім беру - әр елдің даму болашағын айқындайтын жүйе. Әлемде болып жатқан толағай өзгерістер білім беру жүйесінің алдына бәсекеге қабілетті, кез келген жағдайда өзіндік шешім қабылдай алатын шығармашыл тұлға қалыптастыруды мақсат қойып отырғаны белгілі. Келешек ұрпақты ұлттық болмысымызбен сусындата тәрбиелеуде, еліміздің болашақ азаматтарына сапалы білім беруді алдына міндет етіп қоя білген, ұстаздар қауымы. Әрине, жас ұрпаққа қазақ тілін үйрету- еліміздің күрделі мәселелерінің бірі. Мектептегі қазақ тілі мұғалімі тілді үйретудің басты тұлғасы болып қала бермек.

Қазақ тілі – қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін жинақтап сақтаушы, оны кейінгі ұрпаққа жеткізуші құрал. Сондықтан қазақтың сөздерінен ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинақтаған білімін, салт-дәстүрлерін, дүниетанымдық көзқарастарын табуға болады. Тіл байлығы, сөз қоры халқымыздың рухани қазынасы екені белгілі. Қазақтың әр сөзі – ақпараттың көзі, әр мақалы – аз сөзбен көп ойды жеткізетін жеке-жеке ғылыми тұжырым. Тілді меңгерген сайын оқушылар сол білімге бойлап, рухани құзіреттіліктерге ие бола алады.

Тіл - әлемді танудың құралы. Осы себепті де, азақ тілінің теориялық, орфоэпиялық, орфографиялық және синтаксистік нормаларын нақты игеру арқылы жазатын, сөйлейтін сөздердің стилін, міндеті мен мақсатын айқын біліп, қазақ тілінде сауатты сөйлеу дағдылары қалаптасады. Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым. Аталған дағдылар коммуникативтік дағдылар деп аталады. Бұл дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар.

Айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамыту тілді еркін игеріп, қарым-қатынасқа еркін түсуге мүмкіндіктер береді. Алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеліп, танымдық қабілеттеріңді дамыту үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану машығы қалыптасады.

Мектеп оқушылары қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгереді, сонымен қатар, оны ауызша және жазбаша қолдана білуі керек. Білім алушы, сөйлеу әрекетінің төрт түрін меңгеруі керек: рецептивті - тыңдау және оқу, нәтижелі - сөйлеу және жазу, сонымен қатар тілдің олармен байланысты үш аспектісі - лексика, фонетика және грамматика.Тіл тұлғааралық қатынас құралына айналуы үшін қарым-қатынастың барлық түрлерін және сөйлеудің барлық функцияларын меңгеру өте маңызды [1].

Мектепте қазақ тілін оқып-үйрену барысында оқушыларға оқытудың басты мақсаты – қазақ әдеби тіл нормаларын дұрыс қолдана білуге және сауатты жазуға үйрету; қазақ

халқының ғасырлар бойы жинақталған білімін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін оның тілі арқылы таныта отырып, ана тілін қадірлейтін тұлғаны қалыптастыру.

Осы мақсатқа орай, мына міндеттер жүзеге асырылуы тиіс:

Қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтарын игерту және сол арқылы оқушының тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру;

Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, қарым-қатынас барысында, тыңдалым,

оқылым, айтылым, жазылым әрекеттерінде сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру;

Қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері мен лексикалық бірліктерінің бойындағы

мағыналы байлықты, сөздердің жазылу мен айтылу нормаларын олардың қолданысы арқылы танып білу;

Тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды сыртқа шығару, таным

құралы болу қызметтерін тілдік материалдар, оқылым және тыңдалым материалдары арқылы функционалды-коммуникативтік бағдарда игеру және оған қажетті түрлі дағдыларды қалыптастыру;

Оқушыларды грамматикалық заңдылықтарды дұрыс меңгеруі арқылы сөз

тіркесін, сөйлемдерді тұлғалық және мағыналық жағынан дұрыс байланыстырып жаза білуге дағдыландыру;

Оқушылардың жазбаша тілін дамыту, сауатты жазбаша сөйлеуге үйрету үшін

ана тіліндегі мәтіндерді дұрыс, жүйелі жаза білу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;

Оқушылардың жеке лексикалық бірліктерді, сөздерді дұрыс жаза білуге

машықтануына күнделікті әрі жіті назар салып отыруын қадағалау;

Оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге

үйрету;

Оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;

Күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге

дағдыландыру;

Оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен

таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу;

Ең бастысы, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік

дағдыларын жетілдіру, өз бетінше ізденуге,тыңдаған ақпарат бойынша ой қорытып, мәдени, ресми қатынасқа бейімдеу, қазақ тілінің әдеби нормаларын жетік білуге, грамматикалық заңдылықтарын игеруге, сөйлейтін сөздің стилін, ана тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасауда, өзара пікір алмасуда, көзқарастарын білдіруде, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алуына үйрету көзделеді.

Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол — жаңадан жаңаны табатын өнер» [2] деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден-бір жолы.

Әрбір мұғалім өз тәжірибесінде баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызуды оқытудың басты мақсаты ретінде белгілеуі тиіс. Оның басты ерекшелігі — оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау,сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу. Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

Қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтарын игереді және сол арқылы тілдік құзіреттіліктерін қалыптастырады;

Қазақ тілін ана тілі ретінде таниды, қарым-қатынас барысында, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттерінде сауаттылықпен қолдану дағдыларын танып біледі, қолдана алады;

Қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері мен лексикалық бірліктерінің сөздердің жазылу мен айтылу нормаларын, олардың қолданысы арқылы танып біледі;

Қазақ тілі адамдар арасындағы қарым-қатынас, таным мен ойлау құралы ғана емес, қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін жинақтап сақтаушы және оны кейінгі ұрпаққа жеткізуші құрал екендігін танып біледі;

Оқушылар жазбаша тілін дамытып, сауатты жазбаша сөйлеуге үйреніп, ана тіліндегі мәтіндерді дұрыс, жүйелі жаза білу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыра алады;

Қазақ тіліндегі тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұыс қолдана білуді үйренеді;

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ тілі сабақтарын жаңаша талаптар мен тілдік дағдыларды меңгертуге ерекше назар аударған жағдайда шығармашылық ұстанымы оқушылардың түрлі шынайы жағдаяттарда жаңа типтегі міндеттерді өздігінен шешу қабілетін, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Білім беру бағдарламалары орталығы, 2014. - 54 б.

Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Мазмұндама, 2023

КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫҒЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

Мырзабекова Бағила Ерғарақызы
№11 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Рысбек Әсем Досанқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 4 курс студенті, Тараз қаласы

Көмекші етістіктер тілдік жүйеде белгілі бір орны бар сөздер. Тілде олар белгілі бір қызмет атқарады. Көбіне морфология аясында қаралып, аналитикалық форманттың бір сыңары деп танылып жүр. Сол арқылы грамматикалық категорияның көрсеткіші ретінде сипатталады. Көмекші етістіктер жетекші сөздің белгілі бір формада тұруын талап етіп, өздері сол сөзді мағына жағынан толықтырып тұрады. Көбіне өздері қатысты болған сөздің есім сөз түрінде, есімше, көсемше, рай формасында келуін, кейде салаласып келген етістіктің жалғаулық шылау арқылы байланысуын талап етеді.

Көмекші етістіктердің классификациясын жасауда А. Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың, Н. Сауранбаевтың, Ы. Мамановтың, академиялық грамматиканың, А. Ысқақовтың, Н. Оралбаеваның т.б. жіктеулері негізге алынып, көмекші етістіктердің тіркесу қабілеті есім сөздер мен етістікке қатысты айқындалды. Көмекші етістіктердің дербес сөз ретіндегі семантикасын жіктеп, саралай келе, олардың көп мағыналы екенін байқауға болады. Көпмағыналылық сипат сөз тіркесі аясында анықталады. Көмекші етістіктердің семантикалық ортақ мағынасы - инвариантты болады. Бұл ұғым көмекші етістіктердің функционалды – семантикалық өрісіне жетелейді.

Көмекші сөздердің аналитикалық форма тудыру қызметімен қатар жүретін процесс көпмағыналылыққа ие болу жағдайына байланысты көп зерттеле қоймаған. Көмекші етістіктердің көпмағыналы қызметін ашатын деректер әлі де толық қамтылмай келеді. Көптеген теориялық еңбектерде көпмағыналақ сипат тек бір жақты көзқараста айтылуымен шектелген. Көмекші етістіктердің жұмсалу аясы, көп мағынаға ие болуы көптеген факторларға сүйенеді. Осы факторлардың негізгі бір түрі – негізгі етістік пен көмекші етістіктің байланысу амалдары. Негізгі етістік пен көмекші етістіктің амалдары айтылып жүрген түрлерден әлдеқайда мол. Етістіктердің көмекші сөз қатарына өтуі осы амалдарға тәуелді. Бұл факторлар етістіктердің грамматикалық сипатына әсер етеді.

Әуелі көпмағыналыққа ауысудың сипатын танытатын бір топ етістіктерді талдап алу ұйғарылды. Бұлардың қатарында мына етістіктер қарастырылды: ал, бер, қой, сал, тұс, бақ, баста, таста, жібер бол, отыр, тұр, жүр, жат. Ол үшін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» сүйеніп, етістіктің әрбір мағынасын бір лексика – семантикалық вариант деп белгіледік /ЛСВ – А.А.К/. Әрбір ЛСВ-ның компоненттерін архисема және дифференциялық сема деп жіктедік. Бір архисема етістіктің өзге ЛСВ-ларының өзара байланысуына тиек болды. Соңында бұл ЛСВ-лар бір архисеманың жеке варианттары болып шықты.

Бер етістігінің лексикалық мағынасын былай сипаттадық:

Бер ет

Біреуге белгілі бір затты қолмен жеткізу, ұстату, әперу

Белгілі бір затты біреуге табыс ету, тапсыру

Тамақтандыру, қоректендіру, азықтандыру

Белгілі бір оқу орнына орналастыру, түсіру

Өнім өндіру, шығару

Белгілі бір заттың бейнесін сипаттап көрсету, суреттеу

Мат. Бүтін санды бөлу, бөлшектеу

Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістік [1, 25 б.].

Күрделі етістіктің мағынасы да - грамматикалық мағына тудырудың бір сапасы.

Себебі көмекші етістіктер сол грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалар жұмсалады. А.В.Бондарконың айтуы бойынша, тілдегі грамматикалық бірліктер, кластар және категориялар категориялық мағынаны құрайды. Бұл мағыналардың, әдетте, өзіне тән ұғымдық ядросы, ұғымдық негізі бар. Алайда олар құрамы, ішкі құрылымы, жүйелік байланысы жағынан ұғымдық мазмұнның (понятийное содержание – А.В.Б.) бірлігі және категорияларымен сәйкес келмейді. Ұғымдық категоризацияның базасы анағұрлым кең болып келеді. Ол лексикалық бірліктерге, лексикалық бірліктер мен грамматикалық бірліктердің әр түрлі тіркесулеріне, контекске және тілдік жағдайға құрылады [2, 20-22 б.].

Морфологиялық категорияны құрайтын морфологиялық формалар-дың мағыналары грамматикадағы категориялық мағыналардың жиынтығын құрайды.

Категориялық мазмұнның белгісі мен оны жеткізушінің бірлігінде категориялық белгіні ескеру керек. Ол белгілердің бірі – инвариант. А.В. Бондарко мен Р.О.Якобсонның еңбектерінде инвариант теориясы нақты қарастырылған. Қазақ тіліндегі «варианттылық» пен «инварианттылық» ұғымдарының ара-жігін ажыратудың мәні турасында ғалым Г.Смағұлова тереңірек ой қозғайды. «Варианттылық» (лат. Varians - өзгермелі) жалпы алғанда бір сөздің

нормадан ауытқып, әр түрлі айтылуы (қазір-кәзір) немесе мазмұн, түсініктің бірнеше нұсқада жеткізілуі» [3, 4 б.].

Көмекші етістіктердің мағыналары «инвариант» категориясына сәйкес дифференцияланады (жіктеледі, сараланды). Алдымен әр түрлі реңктер, келе-келе көпмағыналық пайда болды. Егер көпмағыналықтан әрі дифференцияға ұшыраса, онда омонимиялық дәрежеге жеткен болар еді. Алайда, олар бұл дәрежеге жеткен жоқ. Өйткені көмекші етістіктердің әр түрлі мағыналық реңктері мен категориялық мағына белгілері бір сөздің шеңберінде туған, бірімен-бірі байланысты мағыналар болып қалды. Аталған факторлардың негізінде көмекші етістіктердің мағыналары грамматикалық сипатқа ауысты. Бұл-олардың лексикалық мағынасын біржола қол үзіп кетпейді, белгілі бір дәрежеде өз семантикасын да сақтайды. Мысалы, таза көмекшілік сипат алған көмекші етістіктер: е, де, жазда.

Қазақ тілінің сөз байлығы - әлі де ашылмай келе жатқан мол қазына. «Тілдің қазіргі морфологиялық құрылымы – оның динамикалық дамуының жемісі» /М. Томанов /. Ал оның қалыптасу, даму кезеңдерін айқындау жалпы түркі тілдерінің даму жолдарымен тікелей байланысты. Қазіргі қалыптасқан тілдің құрамында көне дәуірдің куәсі боларлықтай фактілер де кездеседі. Сондықтан да тілдің өткен тарихын білмей, оның келешегін білу мүмкін емес.

Әр кезеңдегі пайда болған түрлі ескерткіштер тілдің әрбір формасының, әрбір жеке тілдік категориялардың қалыптасу, толысу, жетілу жолдарын көрсетеді. Сол себепті тілдің морфологиялық құрылымының тарихи дамуы оның туыс тілдер материалдарымен, тілдік тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып, зерттеу арқылы ғана емес, сол тілдің өз құрамында қалыптасқан тілдік элементтерді зерттеу арқылы да ашылады.

Қорыта айтқанда, көмекші етістіктердің көп мағынаға ие болуы көптеген факторларға сүйенеді. Сол факторлардың негізгі бір түрі негізгі етістік пен көмекші етістіктің байланысу амалдары. Бұл амалдар айтылып жүрген түрлерден әлдеқайда мол екеніне, етістіктердің көмекші сөз қатарына өтуі осы амалдарға тәуелді екеніне, әрі бұл фактор олардың грамматикалық сипатына әсер ететініне зерттеу жұмысымыз арқылы көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Айдаров Ғ., Құрысжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткішерінің тілі. – Алматы, 1971. - 272 б.

2. БондарькоА.В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. – Ленинград, 1988. - 208с.

3. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. –Алматы, 1996. - 384 б.

4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі Моррфология. –Алматы, 1991. - 384б

5. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. –Алматы, 1961

ҮСТЕУЛЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰРНАҚТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бақытжанова Айгүл Бақытжанқызы
№1 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы
Сапаргали Багдат Данияркызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 4-курс студенті, Тараз қаласы

Сөз таптары – сөздердің құрылымдық-семантикалық немесе лексика-грамматикалық топтары. Олар бір-бірінен білдіретін мағыналары, морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері мен синтаксистік қызметі жағынан ажыратылады. Сөз таптарының өзіндік ерекшеліктері, ортақ белгілері, өзара байланыстары мен даму жүйесі бар. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – үстеу. Үстеу сөздер дербес сөз табы ретінде өзге грамматикалық категориялардан кейін қалыптасты. Үстеу сөз табы – өзіндік қыры мен сыры жан-жақты толық ашылмаған күрделі сала.

Қазақ тіліндегі үстеулердің зерттелу тарихы да өз бастауын XIX ғасырдан алады.

А.Байтұрсынов үстеу сөздерді әуелі шылау сөздердің құрамында демеу, жалғаулық, одағай сөздердің қатарында қарастырып, оған: «… сөз үстіне қосылып сөздің мағынасын толықтыратын сөздер» – деген анықтама береді [1, 195 б.]. Алайда, кейіннен оларды жеке сөз табы ретінде бөліп алып, бес мағыналық топқа бөледі: 1) нықтаулық; 2) сынаулық; 3) өлшеулік; 4) мезгілдік; 5) мекендік [1, 256 б.].

Үстеу сөз таптары 30-жылдардың аяғы мен 40-жылдардың басындағы мектеп оқулықтарында де жеке сөз табы ретінде қарастырылып, біршама зерттеулерге ие болды. Проф. С.Аманжолов: «үстеу дегеніміз – істің қимылын, белгісін, мезілін білдіретін сөз», - деп анықтама беріп, оларды қызметіне қарай екі топқа бөледі: «етістікпен тіркесетін етістік үстеулер және есімдермен тіркесетін есім үстеулері. Академик І.Кеңесбаев мектеп оқушыларына арналған қазақ тілінің грамматикасында үстеулерді түбір үстеулер мен туынды үстеулер деп екі топқа бөліп қарастырады да, оларды мағыналық жақтан төрт топқа бөледі: мекен үстеулері (міні, жоғары, төмен, әрі, қайда, қайдан т.б.), мезгіл үстеулері (ертеде, бұрын, кеше, бағана, ертең, таңертең, үнемі, ылғи, қашан т.б.), қимыл-сын үстеулері (жорта, әдейі, дереу, бекер, сірә т.б.) және мөлшер үстеулері (үш-үштен, төрт-төрттен, біріншіден, екіншіден, соңұрлым, сонша, мыңдап т.б.) [2, 81-82 б.].

Екінші бір грамматиканың авторлары Ғ.Бегалиев пен Н.Сауранбаев үстеулерді мағыналық жақтан үш топқа бөліп қарастырады: 1) қимыл-сын үстеулері (немесе сапалық үстеулер): ақырында, жылдам, тез, әрең, зорға, былай, бүйтіп, сөйтіп т.б. 2) мезгіл үстеулері: кеше, бүгін, ертең, бұрнағы күн, былтыр, биыл, ерте, кеш, бір күні, анда-санда т.б. 3) мекен үстеулері: төмен, жоғары, қасы, жаны, ортасы, жиегі, түбі, арты, алды, іші, ілгері, кейін, алғы, соңғы т.б. [3, 144 б.].

Жалпы түркі тіл білімінде үстеулерге байланысты зерттеулердің барлығында дерлік олардың шырай формалары арқылы өзгеретіні айтылған. С.Фузайловтың айтуынша, өзбек тіліндегі үстеулердің шырай формалары қимыл белгісін кішірейтіп немесе күшейтіп көрсетеді. Өзбек тілінде үстеудің үш шырай формасы бар: жай шырай – оз (мало), секин (тихо), салыстырмалы шырай – купроқ (больше), тезроқ (быстрее) және күшейтпелі шырай – баббаравар (совершенно одинаково), энг секин (очень медленно).

Бірақ кейбір үстеулер негізгі түбір үстеу болсын, мейлі туынды түбір үстеу болсын шырай формаларын қабылдамайды. Мысалы: дарров, аранг, бирдан, бултур және т.б. [4, 14 б.].

Егер түркі тіл білімінде үстеулердің шырай формаларын біраз зерттеушілер танып, мойындаған болса, ал қазақ тілінде оны алғаш көрсеткен проф. А.Ысқақов болды: «Түбір үстеулері салыстырмалы шырай формаларын қабылдайды. Мысалы: Бұрын – бұрынырақ, бұрындау. Ілгері – ілгерірек, ілгерілеу. Кейін – кейінірек, кейіндеу. Әрі – әрірек, әрілеу. Бері – берірек, берілеу. Жоғары – жоғарырақ, жоғарылау. Төмен – төменірек, төмендеу. Кеш – кешірек, кештеу. Ерте – ертерек, ертелеу. Тез – тезірек, тездеу, т.б.

Түбір үстеулер сондай-ақ күшейткіш шырай формаларын да қабылдайды: өте, әрі, аса жоғары, тым төмен, тіпті кеш, тіптен тез т.б.». Біріншіден, проф. А.Ысқақовтың үстеудің шырай формаларын бұлай жіктеуі олардың тілдік грамматикалық қызметі тұрғысынан дұрыс болса, екіншіден, автор көрсеткен бұл сөздер қазіргі тілімізде өте мол қолданысқа ие екені

анық. Шырай қосымшаларының үстеулерге жалғанғанда беретін мағынасы сын есімнің шырай формасынан өзгешелеу. Проф. Ә.Ибатов мекен үстеулерінің сөз тудырушы қосымшалардың ішінен -рақ, -рек жұрнақтарын қабылдайтынын, оның өзінде жалпылама түрде емес, көне барыс септік жалғаулы мекен үстеулеріне әрірек, берірек, жоғарырақ, ілгерірек, арманырақ, берменірек, төменірек, кейінірек түрінде жалғанатынын көрсетеді [5, 214 б.]. Ж.Шәкенов те сын есім мен үстеудің шырай формаларын салыстыра келе: «Үстеуге жалғанатын –рақ, -рек жұрнақтарының мағынасы сын есімдегідей салыстыру емес, түбірдегі мағынаны күшейту я бәсеңдету болып табылады.

Шырайлық формада жиі ұшырайтындары мезгіл, мекен, сын-қимыл үстеулері, бірақ олардың да барлығы емес, кейбіреулері ғана. Сонымен қатар шырайдың барлық формасында өзгермейді, тек кейбіреулерінде ғана өзгереді», - деген қорытынды жасайды. Бұл жерде автордың жалпы ойы дұрыс болғанмен, біз үстеулер шырай формасында салыстыру мәнін мүлдем бере алмайды деген пікірімен келісе алмаймыз. Өйткені кейбір үстеулер салыстырмалы шырай формаларын қабылдаған кезде, олар заттық белгінің емес, бір қимылдың іске асу процесін екінші бір қимылдың іске асу процесімен салыстырып көрсетеді. Мысалы: Сондықтан да бұл сан қолдарынызға алдындағы бес саннан бұрынырақ тиіп қалуы мүмкін («Арай»). Басқалары кейінірек келеді («Қазақ әдебиеті»). Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер салыстырмалы шырай формасын да, күшейтпелі шырай формасын да қабылдайды. Бірақ бұл барлық үстеулерге тән құбылыс емес. «Ал шырай тұлғалары жалпы сын есімнің сөз табы ретіндегі түрлену тұлғасы емес, бір ғана мағыналық тобының семантикалық сипатын көрсететін лексика-грамматикалық тұлғалану көрсеткіші болып табылады» [6, 134 б.]. Бұл тұжырым үстеулер табиғатына да дәл келеді. Шырай тұлғалары үстеулердің түрлену жүйесін көрсетпейді. Ол бар болғаны үстеудің кейбір мағыналық топтарын тұлғалық өзгеріске ұшыратып, сол арқылы семантикасына әсер етіп сөйлемде түрлі қызмет атқаруына ықпал жасайды.

Қорыта келгенде, үстеулердің де басқа сөз таптары сияқты субстантивтенетінін байқауға болады. Бірақ бұдан үстеулердің барлығы да бірдей субстантивтенеді деген түсінік тумау керек. Субстантивтенетін негізінен мезгіл, мекен, мөлшер және кейбір қимыл-сын үстеулері. Олар көбіне тәуелдік, септік, көптік жалғаулары арқылы заттанады. Үстеулердің субстантивтенуіне әсер ететін бірден-бір тілдік фактор – тілдегі үнем заңы.

Үстеулер ең әуелі белгілі бір заттың анықтауышы ретінде қолданылған, содан тілдегі үнем заңына байланысты зат есім түсіп қалып, анықтауыш үстеу бірте-бірте заттық мағынаға ие болған. Оны төмендегі мысалдардан анық көруге болады: «Бақ» пен «қыдыр» талайға қона жүрген (Б.Майлин). Талайларды ол дүниеге аттандырдық (Қ.Жойқынбеков). Бір бүгінмен бітпес күннің бар мәні, Шашар талай шапағатын таң әлі (Қ.Исақұлы). Алғашқы екі сөйлемде үстеуден кейін «адам» (талай адамға, талай адамдарды) зат есімнің түсіп қалғаны көрініп тұрса, үшінші сөйлемде «күн» (бүгінгі күнмен) сөзі түсіп қалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. - 444б.
2.Кеңесбаев С. Қазақ тілі: Учебник казахского языка в русской средней школе для 8-9-10 классов. – Алматы: Казгос. изд-во, 1939. -174 б.
3.Азымов Г. Түркмен делинде халларын ясалышы: Автореферат диссертации канд. филол. наук,. –Ашхабат, 1944. - 24с.
4. Боровков А.К. О частях речи в языках тюркской системы // Революция и письменность. - 1936. №2. -90-97с.
5.Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. –Алматы: Ғылым, 1967. - 264б.
6.Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. –Алматы: Рауан, 1998. - 304б.

ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНІҢ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Тилляев Дархан Ауесханович
Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Тараз қаласы
Коржимбаева Айгуль Ушкемпировна
№64 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Тараз қаласы

Қазақстан Республикасын әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикалық мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздігінің қысқа тарихи кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдастыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өсуге қол жеткізді. Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіктеріне сай болуды талап етіп, әсерін тигізеді. Жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында базалық пәндік білім міндетті, бірақ ол білім берудің жеткілікті нысанасы болып табылмайды. Білім беру ұғымы мен тұлғаның физикалық және рухани процесінің қалыптасуын, саналы түрде тарихи келісілген идеалдық бейнеге бағытталған, қоғамның сана-сезімінде анығына жеткен әлеуметтік эталондар арқылы түсіндіріледі. Педагогикалық контексте бұл түсінік тұлғаның қалыптасуында көрінетін оның дүниетанымы, адамгершілік бейнесі, эстетикалық талғамы, ерік және физикалық сапа қасиеттерін білдіреді. В.Ф.Сидоренко білім беру ұғымын қазіргі кездегі концепциялардың ішінде кең және метафорлы тұрғыдан (ауыспалы) анықтаған. Ол білім беру мен мәдениетті аналогия (ұқсастығына қарай) бойынша кең дем алу, яғни біріккен, ритмикалық ісәрекет ретіндегі дем алу және дем шығару арқылы ассоциациялайды (оймен байланыстырады) [1].

Білім беру өзіне-мәдениет бейнесін, ал мәдениет тәрбиелік деңгейді айғақтайды. Білім беру түсінігіне анықтама беру оның аумағы мен мазмұнын басқа ғылым сферасымен де байланыстырады.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән – мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі таңда қазақ тілі - мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі - мұғалімнің кәсіби шеберлігі. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек» [2],- деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру міәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзіреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Қазақстан Республикасы әлемдегі басқа да мемлекеттер сияқты, заман талабына сай өзінің білім беру сферасын экстенсивті дамыту жолында. Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, халықаралық білім беру кеңістігіне ену жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан білім беру жүйесіндегі көпсатылы реформалардың қазіргі кезеңі - ең алдымен, бүкіләлемдік интеграцияға, оқу жоспары мен бағдарламаларын әлем тенденцияларына сәйкес түзету, сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарында дайындалатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату. Қазіргі кезеңде жаһандану процессі - Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне ықпаласуына жол ашты. Әлемдік өркениетке кірігуіне қатысты білім беру саласына қойылып отырған заман талабы-шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру [3]. Еліміздің ертеңінің тізгінін ұстар, өзіне сенімді, Отанымыздың әлеуметтік - экономикалық дамуына өз үлесін қоса алатын, жан-жақты дамыған мәдениетті, білімді тұлғаны дайындап, тәрбиелеу – аса жауапты қоғамдық міндет. Орта мектептердің білім беру жүйесінің қалыптасып, дамуы Қазақстан Республикасында соңғы жылдар шеңберінде болып жатқан білім беру жүйесіндегі реформаларға, әсіресе, орта мектепке қатысты реформалардың нәтижесіне елдің болашағы тәуелді. Бүгінгі күнде біз қазақстандық білім беру жүйесінің модернизациялануы сияқты күрделі процестің қатысушысы болып отырмыз. Яғни, орта мектепті дамытудың прогрессивті моделін енгізу, оның дамуының бағаналы жолдарын табу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы тұрғыда, жоғары білімнің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін әлеуметтік мәдени фактордың мәні орасан зор. Жаһандану процесі әлемді өз қағидаларымен қамтып жатқанда, әрбір дамушы, экономикасы толық тұрақтамаған елдер өз мәдениетін, әдет-ғұрпын сақтап қалуға, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мұқтаж. Осы жердегі біздің мақсат жоғарғы білімнің қалыптасуына әсер етпей қоймайтын әлеуметтік мәдени факторлардың дұрыс жолды таңдап, ұлттық мүдде мақсаттарды көздей отырып әрбір жаңалықты қажетінше қабылдау. Бұл мәселелер бірнеше маңызды нормативтік құжаттардан орын алған. Мысалы: Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 4 желтоқсандағы №735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Стратегиялық даму Жоспарына сәйкес әзірленді. Бағдарлама білім беру саласындағы Мемлекеттік саясаттың Стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттерін және оны іске асыру тетіктерін айқындайды әрі Қазақстан Республикасының заңнамасына, білім беру жүйесін басқару мен қаржыландыруға, құрылымымен мазмұнына, кадр саясатына және әлеуметтік саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады.

Нәтижесінде бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтті. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады.

Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін(тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни,жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс.

Оқытудың басты мақсаты – әдіс-тәсілдер, мазмұн, міндеттер негізінде қоғам талабынан туындайтын мәселелерді шешуге үйрету. Оқыту – таным процесі, яғни білім алушының білімге деген қызығушылығын дамытады. Оқытудың міндеті – білім алушыны қоршаған ортамен және адам дамуының негізгі заңдылықтарымен қаруландыру. Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысу, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады. Яғни, оқыту–дамудың негізі. Оқыту тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін , демек біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Мұның мәнісі, жеке тұлғаға кешенді ықпал жасауды көздейді. Осы негізде, оқыту процесінің бірінші қызметі – студенттерге білім беру. Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай білім алушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды қамтамасыз етсе, екіншіден солардың негізінде, айналасындағы әртүрлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Екінші қызметі – тәрбиелеу. Оқыту барысында білім алушыларды теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту. Сонымен бірге оқыту барысында тәрбиенің мақсат, міндеттері және мазмұны мен тәсілдері анықталады. Демек, тұлғаға білім бере отырып, оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отыра білім береміз. Сөйтіп, тәрбие процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқыту барысында қолайлы ықпал етеміз, соның негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады. Үшінші қызметі – дамыту. Оқыту барысында оқушыларға білім беру оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті, т.б. Көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына біліктіліктері шыңдалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Демек, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды (байқағыштығы, ойы, есі, қиялы, яғни психикалық процестері де қарастырылады). Мұның барлығы тұтастай алғанда XXI ғасырдағы жаңаша білім берудің негізгі парадигмалары болып табылады.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламалар мен реформалардың мәні оқушылардың игілігіне, әлемдік стандарттар деңгейінде білім алуға арналуда. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуы үшін, қажетті дағдыларды дамыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушының бойындағы қабілетті жетілдіріп, қажетті дағдыларды дарыта білуі қажет. Ең бастысы, әрбір мұғалім өз кәсіби қызметіне адалдықпен қарап, үздіксіз іздену мен өмірлік парадигмалар деңгейіне бойлап, инновациялық білім беруге ұмтылуы шарт. Жаңаша тұрпатты мұғалім дегеніміздің өзі тек сапалы білім берумен қатар, зерттеушілік құзіреттілікке ие, білім алушылардың бойына ізгілік нұрын құя білетін, әлемдік стандарттарға сәйкес білім беруші және «жаңартылған білім – болашақтың кепілі» екендігін үнемі қаперде ұстауы қажет.

Қоғам дамуының әрқилы өзгерістерге ұшырауы білім беру жүйесін реформалауға бағыттауда. Оқу ісіне жауапты тұлғалар ретінде жүргізілген шаралар мен түрлі зерттеулер нәтижесінде оқушылардың рухани дүниесін қалыптастыру білім беру парадигмасы тұрғысынан қарастырылуы қажет деген тұжырымға жетелейді. Жан тазалығы мен тән тазалығының бір-бірімен байланыстылықта болмауынан, қоғам рухани тығырыққа тірелуде, соның нәтижесінен адамның ақылына сыймайтын жастар мен жеткіншектер арасында жат қылықтардың күн санап саны арта түсуі, кімді болса да толғандыруы тиіс. Ата-баба болмысынан келе жатқан, маңызын жоймаған адамзаттық құндылықтардың мәні төмендеу үстінде. Яғни, жас ұрпақ руханилығын жоғалтса, онда болашақтан үміт күтудің қажеті жоқ. Кез келген елдің, мемлекеттің өркендеуі мен өркениетті болуы және әлемдік орын алуы

оның руханилық құндылығы мен адамгершілік қасиетімен сипатталмақ. Демек, болашақ ұрпақтың рухани дүниесін қалыптастыру - әлемдік проблема екені белгілі. Өйткені, қазіргі уақыттың маңызды да ауқымды мәселелерінің бірі әлемдік білім кеңістігін құрып, білім саласын дамытудың бағыттарын белгілеп, адамгершілік құндылықтары мен әлеуметтенуін жүзеге асырудағы міндеттерді шешу екені анық. Мұнда, қоғамдағы руханилық пен адамгершілік құндылықтардың табиғаты мен мәніне, шығу тарихы мен атқаратын қызметіне және маңызы мен қажеттілігіне жан-жақты зерттеулер жасау, адамгершілік пен руханилықты біріктіре отырып, білім беру саласына енгізу бүгінгі күннің басты мәселелері болып табылады. Еліміздегі болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени-этникалық, саяси, нарықтық өзгерістер ықпалы жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуде жаңа бағытпен алмастыруды көздеп отыр. Осыған өз үлесімізді қосуымыз тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баширова Ж.Р. О методологическом базисе новой модели образования// Высшая школа Казахстана,2004. №1. –С. 762-71
2. Бейсенова Г.А. Образование в контексте социально-философских проблем.- Алматы,1999. –56 б.
3. Әлқожаева Н.С. Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контексінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2012

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Жапашева Орынкул Кыдырбаевна
М.Әуезов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Мойынқұм ауданы, Жамбыл облысы

Функционалдық сауаттылық – бұл оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білу қабілеті. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың өмірлік дағдыларын дамыту, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесс оқушылардың тек тілдік білімдерін ғана емес, сонымен қатар, оларды өмірде қолдану қабілеттерін де дамытуға бағытталған.

Біріншіден, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың ақпаратты түсіну, талдау және қолдану дағдыларын дамытуға көмектеседі. Қазақ тілі сабақтарында мәтіндермен жұмыс істеу, оларды талдау, негізгі идеяларды анықтау – бұл дағдылар оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін арттырады. Мысалы, оқушыларға әртүрлі жанрдағы мәтіндерді оқып, олардың мазмұнын түсіну, өз пікірлерін білдіру, сұрақтар қою арқылы өз ойларын жүйелеу ұсынылады [1].

Екіншіден, функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Қазақ тілі сабақтарында диалогтар, рөлдік ойындар, топтық жұмыстар арқылы оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасау, өз ойларын жеткізу, тыңдау және түсіну дағдыларын меңгереді. Бұл дағдылар өмірде, жұмыс орнында, әлеуметтік ортада өте маңызды.

Үшіншіден, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беру, эссе жазу, жобалар жасау арқылы олар өз идеяларын жүзеге асыруға,

жаңа шешімдер табуға үйренеді. Бұл процесс олардың өзін-өзі дамытуына, өз пікірлерін білдіруіне мүмкіндік береді.

Сондықтан, қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушылардың өмірлік дағдыларын дамыту үшін маңызды. Бұл білім беру процесі оқушылардың тек тілдік білімдерін ғана емес, сонымен қатар, олардың өмірде табысты болуына қажетті дағдыларын да қалыптастыруға бағытталған. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы жоғары болған сайын, олар қоғамда белсенді, жауапты азаматтар болып қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін бірнеше тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

1. Мәтінмен жұмыс

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі. Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын жетілдіру үшін әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу тиімді әдіс болып табылады. Оқушыларға әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу арқылы олардың оқу және жазу дағдыларын дамыту. Мәтіндерді талдау, негізгі ойды анықтау, мәтіннің құрылымын түсіну – функционалдық сауаттылықты арттырудың тиімді жолы.

Мәтіндерді талдау барысында оқушылар мәтіннің мазмұнын тереңірек түсінеді. Мысалы, оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша мақалалар немесе әңгімелер беріледі. Олардың міндеті – мәтінді оқып, негізгі идеяны анықтау. Бұл тапсырма оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, "Табиғат және адам" тақырыбында мәтін берілгенде, оқушылар табиғаттың адам өміріндегі рөлі туралы өз пікірлерін білдіре алады.

Оқушыларға мәтіннің негізгі ойын анықтау тапсырмасын беру – олардың оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, "Білімнің маңызы" тақырыбындағы мәтінді оқығаннан кейін, оқушылардан мәтіннің негізгі ойын жазбаша түрде баяндау сұралады. Бұл тапсырма оқушылардың ақпаратты өңдеу және оны қысқаша түрде жеткізу қабілеттерін арттырады.

Мәтіннің құрылымын түсіну – функционалдық сауаттылықты арттырудың маңызды бөлігі. Оқушыларға әртүрлі мәтіндердің құрылымын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) талдау тапсырмасы беріледі. Мысалы, "Қазақстанның мәдениеті" тақырыбында мәтін берілгенде, оқушылар мәтіннің құрылымын анықтап, әр бөлімнің рөлін түсіндіреді. Бұл әдіс оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Қазақ тілі сабақтарында мәтіндермен жұмыс істеу – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы. Мәтіндерді талдау, негізгі ойды анықтау және мәтіннің құрылымын түсіну арқылы оқушылар оқу және жазу дағдыларын жетілдіреді. Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

2. Жобалық жұмыстар

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдарының бірі – топтық жұмыс пен жобалық әдістерді енгізу. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ, өзара пікір алмасу арқылы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Оқушыларды топтарға бөліп, жобалық жұмыстар ұйымдастыру. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Жобалар арқылы оқушылар өздерінің зерттеу нәтижелерін қорғап, пікір алмасады [2].

Сабақ барысында оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа нақты тапсырмалар беру арқылы олардың ынтымақтастығын арттыруға болады. Мысалы, «Менің Отбасым» тақырыбында топтық жұмыс ұйымдастыру. Әр топ өз отбасылары туралы ақпарат жинап,

оны қазақ тілінде таныстыруы керек. Бұл тапсырма оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға, сонымен қатар, отбасылық құндылықтарды түсінуге көмектеседі.

Жобалық жұмыстар оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Мысалы, «Қазақстанның мәдениеті» тақырыбында жоба жасау. Оқушылар әртүрлі мәдени элементтерді (музыка, би, ұлттық тағамдар) зерттеп, оларды қазақ тілінде таныстыруы керек. Бұл жоба барысында оқушылар ақпарат жинап, оны өңдеп, өздерінің зерттеу нәтижелерін қорғау мүмкіндігіне ие болады.

Топтық жұмыс барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, өз идеяларын қорғауға үйренеді. Мысалы, «Экология және қоршаған орта» тақырыбында жоба жасағанда, оқушылар экологиялық мәселелерді талқылап, шешімдер ұсынуы керек. Бұл процесс олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілі сабақтарында топтық жұмыс пен жобалық әдістерді қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді тәсілі болып табылады. Оқушылар шығармашылық қабілеттерін дамытып, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыра отырып, өз білімдерін тереңдетеді. Мұндай әдістер білім беру процесін қызықты әрі нәтижелі етеді.

3. Практикалық тапсырмалар

Қазақ тілі сабақтарында практикалық тапсырмаларды енгізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Хат жазу, өтініш жазу, және ақпарат іздеу сияқты тапсырмалар оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға, тілдік қабілеттерін жетілдіруге, және өз ойларын дұрыс жеткізуге көмектеседі. Осылайша, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі.

Сабақ барысында практикалық тапсырмаларды енгізу. Мысалы, күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға байланысты тапсырмалар (хат жазу, өтініш жазу, ақпарат іздеу) оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады.

Хат жазу – оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға көмектесетін тапсырма. Мысалы, оқушыларға достарына немесе туыстарына хат жазу тапсырмасы берілсе, олар өз ойларын дұрыс жеткізу, тілдік нормаларды сақтау, және эмоцияларын білдіру дағдыларын жетілдіреді.

Мысал: Оқушыларға «Досыңа туған күніне арналған хат жаз» деген тапсырма берілсе, олар хаттың құрылымын, сәлемдесу, негізгі бөлім және қоштасу бөлімдерін дұрыс құрастыруды үйренеді.

Өтініш жазу – оқушылардың ресми тілде жазу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушыларға мектепте немесе қоғамдық орындарда өтініш жазу тапсырмасы берілсе, олар ресми стильде жазу, қажетті ақпаратты жинақтау, және өз талаптарын дұрыс жеткізу дағдыларын меңгереді.

Мысал: «Мектеп әкімшілігіне кітапханаға қосымша кітаптар сатып алу туралы өтініш жаз» деген тапсырма оқушылардың логикалық ойлауын және ресми тілде жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Ақпарат іздеу – оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырма. Оқушыларға интернет немесе кітапханадан белгілі бір тақырып бойынша ақпарат іздеу тапсырмасы берілсе, олар ақпаратты талдау, салыстыру, және қажетті мәліметтерді жинақтау дағдыларын дамытады.

Мысал: «Қазақстанның мәдениеті туралы ақпарат жина» деген тапсырма оқушылардың зерттеу дағдыларын жетілдіреді, сонымен қатар қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

4. Технологияларды пайдалану

Сабақта заманауи технологияларды қолдану. Мысалы, интерактивті тақталар, онлайн платформалар, мобильді қосымшалар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру және

білімді тереңдету. Атап айтсам, **ProProfs платформасы** қазақ тілі мен әдебиеті сабағында эссе жазуды үйрету үшін тиімді құрал бола алады. Ол оқушылардың қызығушылығын арттырып, эссе жазу процесін жеңілдетіп, мұғалімге тиімді кері байланыс беруге және қазақ тілі мен әдебиетіне бағытталған мүмкіндіктерді ұсынады. Дегенмен, платформаны тиімді пайдалану үшін мұғалім оқушылардың қажеттіліктерін ескеріп, платформаның мүмкіндіктерін сабақ мақсаттарына сәйкес бейімдеуі керек. Мысалы, Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасын үйде талқылау үшін «Аянның болашағы» тақырыбында эссе жазуға да беруге болады.

Эссе жазу процесін қызықты ету үшін марапаттар, рейтингтер және басқа да ойын элементтерін қолдануға болады. Бұл оқушыларды ынталандырып, белсенділігін арттырады. Оқушылар қазіргі технологиялармен көбірек таныс болғандықтан, дәстүрлі қағазға қарағанда онлайн платформада жұмыс істеу олар үшін қызықтырақ болуы мүмкін.

ProProfs платформасында эссе құрылымын жасауға арналған дайын шаблондар мен нұсқаулықтар ұсынуға болады. Бұл оқушыларға эссенің кіріспесін, негізгі бөлімін және қорытындысын қалай құру керектігін түсінуге көмектеседі.

Платформада автоматты түрде грамматикалық және орфографиялық қателерді тексеретін құралдарды пайдалану оқушылардың қатесіз жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Эссе жазу кезінде пайдаланылған дереккөздерді сақтауға және ұйымдастыруға арналған құралдар ұсыну арқылы оқушылардың зерттеу жұмысын жеңілдетуге болады.

ProProfs платформасында эсселерді бағалауға және кері байланыс беруге арналған құралдар бар. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдейді және оқушыларға жедел кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Платформа оқушылардың жазған жұмыстарын талдауға және жалпы қателіктерді анықтауға көмектеседі. Бұл мұғалімге сабақ жоспарын түзетуге және оқушыларға көбірек көмек қажет мәселелерге назар аударуға мүмкіндік береді.

Оқушылар бірлесіп эссе жазу үшін платформаны пайдалана алады. Мұғалім топтық жұмысты қадағалап, әрбір оқушының үлесін бағалай алады.

5. Кері байланыс

Оқушыларға сабақ барысында және одан кейін кері байланыс беру. Олардың жетістіктері мен кемшіліктерін талқылау, ұсыныстар жасау – оқушылардың өз білімдерін бағалауға және дамытуға көмектеседі.

Қазақ тілі сабақтарында оқушыларға кері байланыс беру – олардың оқу процесін тиімді ұйымдастырудың маңызды аспектісі. Кері байланыс оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға, өз білімдерін бағалауға және дамытуға көмектеседі.

Сабақ барысында оқушылардың жетістіктерін атап өту – олардың мотивациясын арттырады. Мысалы, егер оқушы мәтінді дұрыс түсініп, сұрақтарға жауап берсе, мұғалім оның жетістігін мақтап, «Сен мәтінді өте жақсы түсіндің, әрі сұрақтарға нақты жауап бердің» деп айтуы мүмкін. Бұл оқушының өзін-өзі бағалауына оң әсер етеді.

Кері байланыс беру кезінде оқушылардың кемшіліктерін де талқылау маңызды. Мысалы, егер оқушы мәтіннің негізгі идеясын анықтай алмаса, мұғалім «Сен мәтіннің құрылымын жақсы түсіндің, бірақ негізгі ойды анықтау үшін мәтінді тағы бір рет оқып шығу керек» деп айтуы мүмкін. Бұл оқушыға өз кемшіліктерін түсінуге және оларды түзетуге мүмкіндік береді.

Кері байланыс беру кезінде ұсыныстар жасау – оқушылардың дамуында маңызды рөл атқарады. Мысалы, егер оқушы жазба жұмысында грамматикалық қателіктер жіберсе, мұғалім «Сенің жазба жұмысың өте қызықты, бірақ грамматикалық қателіктерді түзету үшін қазақ тілінің ережелерін қайта қарап шығу керек» деп айтуы мүмкін. Бұл ұсыныс оқушыға өз білімін жетілдіруге көмектеседі .

Сабақ соңында оқушыларды топтарға бөліп, өзара пікір алмасуға мүмкіндік беру – кері байланыстың тағы бір тиімді әдісі. Мысалы, әр топ өздерінің жетістіктері мен кемшіліктерін талқылап, бір-біріне ұсыныстар жасай алады. Бұл әдіс оқушылардың бір-бірінен үйренуіне және командалық жұмыс дағдыларын дамытуына көмектеседі.

Қазақ тілі сабақтарында кері байланыс беру – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы. Жетістіктер мен кемшіліктерді талқылау, ұсыныстар жасау арқылы оқушылар өз білімдерін бағалап, дамытуға мүмкіндік алады. Бұл әдіс оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту – оқушылардың білімін тереңдетіп, өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мұғалімдер оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейітбаев М.С. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың тарихи географиясы Алматы: Ғылым, 1999. – 284 б.

2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Усерова Назым Асылбекқызы
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Әбдіжапар Арман Сәкенұлы
Ш.Мұртаза атындағы №1мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жуалы ауданы, Жамбыл облысы

Бүгінгі қоғамда білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер мен реформалар жүзеге асырылуда. Солардың ішінде, жалпы білім беретін орта мектептер жаңартылған оқыту жүйесіне көшті. Осы тұрғыдан алғанда, жалпы оқытудың басты шарттарының бірі болып табылатын тәрбиемен ұштастырылу мәселесінің нәтижелі шешілуі, берілген мазмұнның жан-жақты меңгерілуіндегі басты маңызға ие болып пәнаралық байланыс аталады. ХХ ғасырда өмір сүрген алаштың зиялысы, жазушы-педагог Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Педагогика» атты оқулығында да комплексті оқытудың тиімділігіне тоқталады. Оның ішінде, материалдың түсініктілігі, жалпы өмірмен байланыстылығымен қатар, балаға күнделікті танымал құбылысының жұмбағы түрінде берілуі қажеттігін ескертеді [1, 113 б.].

Демек, ғалым, педагог-психологтың пайымдауынша, пәнаралық байланыс белгілі бір жүйемен кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет екендігі негізделеді. «Оқушыларға білім беруде жаңа технологияларды қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде. Оқу үрдісінде осындай жаңарған озық тәжірибелерді белсенді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Бүгінде қоғамның жеке тұлғалы, дамыған адамын тәрбиелейтін маманға өзінің үздіксіз шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс - тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Қазіргі кезде белгілі бір білім

көлемімен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Оқушыны білім алуға, оқуға, үйретуге көп мән берілуі тиіс. Оқушыларды кәсіптік білім алуымен қатар шешендік шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасқан, өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу керек», - дейді Қ.Бітібаева [2, 46 б.].

Жалпы білімдік пәндердің әрқайсысының өзіндік мазмұнын жаңаша оқытудың берері мол. Өз кезегінде әрбір пән оқушының білімін жетілдіріп қана қоймай, тұлғалық дұрыс қалыптасуына әсерін тигізеді. Бұл тұрғыда, оқыту шарттарының дұрыс сақталуы қажет. Оқыту шарттарының ішінде пәнаралық байланыс аса маңызды рөль атқарады.

Қазіргі кезде пәнаралық байланыс туралы көптеген тұжырымдарды кездестіруге болады. Оның ішінде пәнаралық байланысты педагогикалық үдерісті жүзеге асыратын, білім алушының жеке дамуы мен тұлғалық жетілуіне бағыт беретін мазмұндық-құрылымдық бөлшектердің өзара байланысуы ретінде ғылыми дәйектемелер көңілге қонымды. Атап айтатын болсақ, тіл сабақтарында пәнаралық байланысты жүзеге асыру – белгілі бір ортақ тақырыпқа бағытталып, ортақ ықпалдасқан тілдік жағдаят негізінде жүзеге асырылып, берілетін білім негізгі пәннің мазмұнына басым беріле отырып, өзге тілдік пәндермен байланыста және өзара тірек етіп беріледі. Түрлі тәлдік пәндер бойынша білім беруде, оларды материалдық сұрыптауда білім алушының қызығушылығын арттыратын мазмұндық-құрылымдық бөлімдерге ерекше мән беріледі. Бұл өз кезегінде ықпалдасатын білімдік пәндерге ортақ әдіс-тәсілдерді қолдану мен олардың жалпы теориялық заңнамалары мен дәйектемелері негізге алуын талап етеді.

Қазіргі уақыттағы ғылымдарды интеграциялау барысында оларды жинақтау мен құрудың негізінде нысандық бағыттағы дүниетанымдық болмыстарының ұқсастығы ғана емес, олардың кейбір қасиеттері мен заңдылықтарының ортақ үйлесімділіктерінің болуы, ішкі және сыртқы құрылымдық жүйелерінің туыстық немесе жақындық мәселелері де назарда болады.

Пәнаралық байланыстың негізгі қозғаушы күші – адам. Осы кезекте, адам-мұғалім танымына қарай, кез-келген пәнді оқытуда басқа ғылым салаларымен өзара байланыстыру кәсіби шеберлігі мен біліктілігінің деңгейін көрсетіп, нәтижесінде арттырса, ал білім алушының білімі мен дағдысын дамытып, .арапайымдылықтан ғылымилылыққа қарай талпындырады, ақыл-ойы мен рухани сана көкжиегін кеңейтіп, жалпы тұлғалық қалыптасуына зор әсерін тигізеді.

Демек, білім беруші мен игеруші арасында жүзеге асырылатын, білім алушының жас ерекшеліктері мен танымдық болмысының деңгейі ескеріле отырып, сәйкес жүргізілуі пәнаралық байланыстар негізінде мүмкін болады екен.

Қазіргі ғылымдардың үдемелі даму үдерісі – мемлекеттік құрылымдардың өсіп-өркендеуіне өз ықпалын тигізуде. Ғылымдардың интеграциялануы арқылы олардың дифференциялануы (сандық салалануы) мен даралығы белең алады, ғылыми танымдағы немесе олардың заңдылықтарын негіздейтін құбылыстарды қамту ой аумағы кеңейеді, ғылыми-техникалық саланың жаңашылдығына байланысты өмірлік тәжірибедегі көкейкесті мәселелер мен жаңаша міндеттердің туындауы, күрделілігі және көптүрлілігінің заманауи сипат алады. Яғни, туындайтын көкейкесті мәселелерді қалыптасқан ғылыми әдіс-тәсілдермен зерттеп, қарастыру оң нәтижелерін бере алмайды, түрлі қиындықтарға соқтыруда. Бұл өз кезегінде ғылымдарды интеграциялаудың жаңа үлгісіне көшуді талап етеді.

Қазақстандық педагог С.К. Сейітқалиев: «Қазақстандағы білім беру интеграциясының пайда болуы келесі факторларға байланысты: заңнамалық база жеткіліксіз және қарама-қайшылықтар болғанда, экономикадағы дағдарыстарда жүзеге асырылады, бірақ ол балалардың құқығын шектемейді» [3, с.23], - деп тұжырымдайды.

Кеңестік кезеңнің педагог-ғалымдарының пікіріне сүйенетін болсақ, оның ішінде, И.Зверев [4], Б.Коротяев [5], т.б. өз зерттеулерінде пәнаралық байланыстың мазмұны мен

педагогикалық үдерістегі маңызын жете зерделей келіп, әдістемелік, оқу, дамытушылық, тәрбиелік, құрастырушылық қызметтер атқаратындығын атап айтады.

Отандық педагогикада пәнаралық байланысты алғаш ғылыми негіздеушілердің бірі А.А. Бейсенбаева «ғылымдар интеграциясы дегеніміз – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі» [6, 11 б.], – деген анықтамасын береді

Яғни, интеграциялық үдерістің жеке даралығы ғана емес, олардың топтасу, тоғысу, өзара ықпалдасулары мен байланыстарын зерттеу оң нәтиже береді деп тұжырымдауға негіз болады. Біз зерттеуімізде адамға берілетін жаңаша білімдердің мазмұндық нысандары мен әдістерінің жаңа үдерістерге тән бейімделіп, сипат алуын интеграциялану құбылысының мәнді және маңызды белгілері деп атай аламыз.

Осыған байланысты ана тіліміз бен әдебиет сабақтарындағы білімнің жан-жақты жеткізілуі мен тәрбиелік мазмұнмен ұштасуында этнопедагогика, жаратылыстану ғылымдарымен интеграциялық бірлікте ұйымдастырудың зор нәтижелерге жеткізетіні сөзсіз.

Бұл орайда, ғылымдардың өзара байланысуы арқылы интеграциялану үдерісі орын алады да, оның заңдылықтарын тануда құрылымдық, байланыстылық және олардың мән-мағынасын ашуға бағытталған атаулық ұғымдар (терминдер) қолданылады. Бұлар интеграциялану үдерісінің жүйелік сипаттарын негіздей отырып, оған тән белгілі бір қырлары мен заңдылықтарын және логикалық тәртіптілігін анықтап көрсетуі керек. Яғни, ғылымдардың интеграциялану үдерісінің орын алуы деген түсінікті оның математикалануы деп қабылдауымыз қажет. Демек, Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактика» еңбегіне талдаулар жасай келе, «Білім беру мен оқыту (дидактика) саласында интеграцияның ғылыми көрініс табуы педагогика ғылымының өсіп-өркендеуі мен дамуының негізі болды және білім берудің тарихында алғаш рет интеграциялық үдерістің пайда болуы мен оған тән классикалық дидактикада ұғымдық түсінік беріле отырып, оның мәні жағынан теориялық қағидалардың орын алуына себеп болды» [7], – деген болгар педагогы И. Маревтің тұжырымын басшылыққа аламыз.

Қорыта айтқанда, ғылымдардың интеграциялануының негізінде пәндердің ықпалдасуының философиялық, психологиялық және оның жалпы ғылымдық жүйесінің дидактикалық негіздері арнайы қарастырылуда.

Кез-келген пәнді қабылдау ерекшелігіне орай,орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың қоршаған ортаны тану үдерістері математикалық қарапайым тәсілде орын алады. Яғни, қарапайым танымнан ғылыми танымға өту жолы орын алады. Қазіргі білім беру жүйесінде әлемнің біртұтастығын тануда кешенді білімдердің маңызды орын алуы – пәнаралық байланыстың болуын талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытұлы Ж. Комплекспен оқыту жолдары. − Алматы: Ел-Шежіре, 2013. – 384 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 1997
3. Сейткалиев С.К. Интегрированное образование в Казахстане: проблемы и политика // Интеллект, идея, инновация.−2017.− №1 − С.23-26.
4. Зверев И.Д. Пәнді оқуға байланысты оқушыларға тәрбие беру – Алматы: Мектеп, 1972. 221 б.
5. Коротяев Б.И. Учение – процесс творческий: Из опыта работы. – М.: Просвещение, 1989. – 159с.
6. Бейсенбаева А. Педагогика курсының лекциялары. Мектептегі оқу-тәрбие процесіндегі пәнаралық байланыс. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ 1991. – 112 б.
7. Марев И. Дидактика как наука. // http://www.my-ref.net/didaktika-kak-nauka/.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Телбаева Фаузира Нургазиевна
Абай атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Шу қаласы, Шу ауданы

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөздерін келтіре отырып, қазақ тілін үйрену бірінші орында тұрғанын айтқым келеді. Менің мақсатым-қазақ тілін үйренуге берік негіз қалау үшін қажетті жағдайлар жасау. Қазақ тілі сабақтарында мен диалогқа басымдық беремін, сыныппен өзара іс-қимылдың негізінде мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының, оқушы мен топтың ынтымақтастығы, диалогы жатыр. Қазіргі әлемде диалогсыз сөйлесу, басқа адамдармен ынтымақтастық жасау мүмкін емес. Егер біздің Президентіміз көпшілік мемлекеттік тілді білуі үшін міндет қойса, менің оқушыларым да қазақ тілін білуі керек екенін түсіндім [1, 302-304 б.].

Жасанды интеллект – әдетте адамдарға жүктелетін когнитивті тапсырмаларды шешумен айналысатын информатика саласы. Мұндай тапсырмаларға оқыту, үлгі құру және үлгіні тану жатады. Заманауи ұйымдар әртүрлі көздерден үлкен көлемдегі деректер жинайды: смарт сенсорлар, бақылау құралдары, жүйелік журналдар және адам жасаған мазмұн. Жасанды интеллекттің мақсаты деректерден мағына шығаратын өздігінен білім алатын жүйелерді құру болып табылады. Содан кейін жасанды интеллект бұл білімді адам сияқты жаңа мәселелерді шешу үшін қолдана алады. Мысалы, жасанды интеллект технологиясы адамның сөйлеуіне тиімді жауап бере алады, түпнұсқа суреттер мен мәтінді жасай алады және нақты уақыттағы деректер негізінде шешім қабылдай алады. Жасанды интеллект — компьютерлер мен машиналардың адам сияқты интеллектуалды әрекеттерді орындау қабілеті. Жасанды интеллект алгоритмдері мен модельдері деректерді талдау, үйрену, шешім қабылдау, табиғи тілде сөйлесу және басқа да тапсырмаларды орындау үшін қолданылады [1, 301-303 бб.].

Жасанды интеллектінің (ЖИ) негізгі түрлері:

1. Тар ЖИ: Белгілі бір тапсырмаларды орындауға арналған, мысалы, дауыстық көмекшілер (Siri, Google Assistant) немесе бет танып білу жүйелері.

2. Жалпы ЖИ: Адамның интеллектуалды қабілеттерін толықтай имитациялай алатын, бірақ қазіргі уақытта әлі дамымаған.

ЖИ-дің қолдану салалары өте кең, оның ішінде медицина, білім беру, қаржы, көлік және т.б. бар. Жасанды интеллект технологиялары адамдардың өмірін жеңілдетіп, тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаруда. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ЖИ-ді қолдану оқушылардың білімін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл мақалада ЖИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданудың тиімділіктері қарастырылады.

1. Жеке оқыту

Жасанды интеллект оқушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес жеке оқыту бағдарламаларын құра алады. Мысалы, ЖИ-дің көмегімен оқушылардың тілдік дағдыларына қарай тапсырмалар мен жаттығулар ұсынылады. Бұл әдіс әрбір оқушының өз қарқынында оқуына мүмкіндік береді.

2. Тілдік дағдыларды дамыту

ЖИ-ді қолдану арқылы оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға болады. Мысалы, автоматтандырылған тіл үйрету платформалары мен

қосымшалары арқылы оқушылар қазақ тілінде сөйлесуді, тыңдауды және жазуды үйрене алады. ЖИ алгоритмдері грамматикалық қателерді түзетіп, дұрыс сөйлем құрастыруға көмектеседі.

3. Әдебиетке қызығушылықты арттыру

Жасанды интеллект әдеби шығармаларды талдауда және түсінуде көмек көрсете алады. Оқушыларға белгілі бір шығарманың мазмұнын, кейіпкерлерін және тақырыптарын түсінуге арналған интерактивті құралдар ұсынылуы мүмкін. Мысалы, ЖИ негізіндегі әдебиет талдаушысы оқушыларға шығармаларды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

4. Шығармашылық қабілеттерді дамыту

ЖИ шығармашылық жазу тапсырмаларын орындауға көмектеседі. Оқушыларға тақырып берілгенде, ЖИ оларға идеялар мен шабыт бере алады. Сонымен қатар, ЖИ-дің көмегімен оқушылар өз шығармаларын бағалап, жетілдіре алады.

5. Уақытты үнемдеу

Мұғалімдер үшін ЖИ-дің көмегімен оқу процесін ұйымдастыру жеңілдейді. Автоматтандырылған тестілеу жүйелері мен бағалау құралдары мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оқушылардың жетістіктерін жылдам бағалауға мүмкіндік береді [1, 313-312 бб.].

Соңғы жылдары оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалану өзекті бола бастады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту контекстінде ЖИ оқу тиімділігін арттырудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Жасанды интеллектінің оқу үдерісіне енгізудің негізгі артықшылықтары мен әдістеріне тоқталуға болады. Жасанды интеллект әрбір оқушыға жеке көзқарас – табысты оқудың кепілі. Жасанды интеллект оқушылардың білім деңгейін, қызығушылықтары мен қабілеттерін талдай алады, бейімделген оқу материалдары мен тапсырмаларын ұсына алады. Бұл әр оқушының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді және оқу процесін тиімдірек және қызықты етеді. Оқытудың көп уақытты қажет ететін аспектілерінің бірі – жазба жұмыстарын бағалау. ЖИ грамматикалық және стилистикалық қателерді автоматты түрде тексеріп, жылдам кері байланыс береді. Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға өз қателерін түсіну және оларды түзету бойынша ұсыныстар алу арқылы материалды тез меңгеруге көмектеседі. Жасанды интеллект қазақ әдебиеті классиктерінің мәтіндерін, аудиокітаптарды және бейне сабақтарды қамтитын оқу материалдарының ауқымды дерекқорына қолжетімділікті қамтамасыз ете алады. Бұл әртүрлі форматтар оқушыларға ақпаратты жақсы қабылдауға және пәнге деген қызығушылықты дамытуға көмектеседі. Чатботтар сияқты интерактивті қолданбаларды сауалнамалар, викториналар және оқушылардың оқу процесіне қатысуын ынталандыратын басқа әрекеттерді жүргізу үшін пайдалануға болады. Оқушылар нақты уақыт режимінде сұрақтар қойып, оларға жауап ала алады, ыңғайлы оқу ортасын жасайды. ЖИ күшті және әлсіз жақтарын анықтай отырып, оқушылардың үлгерімі туралы деректерді жинап, талдай алады. Бұл мұғалімдерге оқу үрдісінің сапасын арттыра отырып, оқыту әдістерін түзетуге мүмкіндік береді. Оқушылардың үлгерімін уақыт бойынша бақылауға болады, бұл проблемаларды дер кезінде анықтауға және қажетті шешімдерді ұсынуға көмектеседі. Қазақ тілі мен әдебиеті мәдени контекстпен тығыз байланысты. ЖИ Қазақстанның мәдени аспектілері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы қосымша ақпарат бере алады, бұл материалды түсінуді тереңдетеді және оны бай және қызықты етеді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті қолдану оқу-тәрбие үрдісінің жаңа көкжиектерін ашады. Жасанды интелекттіні оқытуды жекелендіруге, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға, ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге және интерактивті ортаны құруға көмектеседі. Бұл технологияларды оқу үдерісіне енгізу оның тиімділігін арттырып қана қоймай, оны оқушылар үшін қызықты әрі мазмұнды ете алады. Болашақта интеллектіні одан әрі дамыту Қазақстандағы және әлемдегі білім беруді трансформациялауда шешуші рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллекті қолдану білім беру процесін тиімді әрі қызықты етеді. ЖИ-дің

көмегімен оқушылардың тілдік дағдылары мен шығармашылық қабілеттері артып, жеке оқу жолдары қалыптасады. Білім беру саласында ЖИ-ді қолдану – болашақтың қажеттілігі, және оның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы біз сапалы білім алуға қол жеткізе аламыз.

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер мен тәсілдерді енгізу арқылы оқушылардың оқу үдерісін тиімді және интерактивті етеді. Бұл мақалада ЖИ технологияларының қазақ тілі сабағында қолданылу мүмкіндіктері мен сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпалы қарастырылады. Жасанды интеллект негізінде оқушыларға кері байланыс беру әдістері талданады, сондай-ақ, бұл технологиялардың автоматтандырылған мәтіндер мен тапсырмалар арқылы білім беру сапасын арттырудағы рөлі айқындалады.ЖИ жүйелері оқушылардың тапсырмаларын тексеріп, қателіктерін көрсетіп, оларды түзету үшін нақты ұсыныстар береді. Сонымен қатар, ЖИ құралдары оқушылардың әлсіз тұстарын анықтап, жеке тәсілдермен білімдерін жетілдіруге ықпал етеді. Осылайша, оқу үдерісі жедел әрі нақты бағалауға негізделген, бұл оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға және өз қателіктерінен уақытында сабақ алуға көмектеседі.Мақалада ЖИ-ның білім берудегі рөлі мен мүмкіндіктері, сондай-ақ, сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тәсілдер жан-жақты талданады. Оқушылардың оқу нәтижелеріне жедел кері байланыс беру және олардың білім деңгейін жетілдіруге бағытталған әдіс-тәсілдер ұсынылады.

Осы докладта қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы оқушылардың оқылым дағдыларын дамыту жолдары қарастырылған. ЖИ-дің білім беру саласына енгізілуі оқу процесін инновативті етіп, оқушылардың қызығушылығын арттыруына себеп болады. Интерактивті оқу платформалары мен чат-боттар оқушылардың өз бетімен оқуына, түрлі әдеби шығармаларды тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ аналитикалық құралдары арқылы оқушылардың прогресін бағалап, олардың күшті және әлсіз тұстарына назар аударуға болады. Шығармашылық жұмыстар мен жобалар арқылы әдебиеттік дағдыларын дамыту маңызды болып табылады. Білім деңгейіне сәйкес жаңартылған ресурстарды іздеу мен ұсынудың арқасында оқушылардың білімі мен танымын кеңейтуге болады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің рөлі артып келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ЖИ-ді пайдалану оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Жасанды интеллект оқушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, табиғи тілде диалог жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл тақырыпта ЖИ және компьютерлік лингвистика саласында қазақ тілінің математикалық теориясын жасау, сонымен қатар оның тиімділігі мен тіліміздің болашағына әсері қарастырылады. Білім берудегі ЖИ-дің енгізілуі сапалы білім алудың негізі болып табылады, алайда кейбір тілдердің жойылу қаупі де назардан тыс қалмауы керек.

Білім беру мазмұнын жаңарту, ең алдымен, оқу бағдарламаларында көрсетілген білім беру мазмұны анықталған кезде (әзірлеушілердің әрқайсысы мүмкіндігінше теориялық материалды қамтуға тырысқанда) оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тартуды көздейді және білім беру салалары бойынша анықталатын және БЕЛСЕНДІЛІК аспектісін көрсететін күтілетін нәтижелерге негізделеді, яғни. оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Жаңартылатын үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары Назарбаев Зияткерлік мектептерінің инновациялық тәжірибесін ескере отырып күшейтіледі [2].

Курстарды аяқтағаннан кейін мен мектеп мұғалімдерінің алдына қойылған міндеттердің орындалуы мүмкін екенін жауапкершілікпен айта аламын; әдістер, әдістер мен стратегиялар оқу процесіне белсенді қатысуға ықпал етеді .

Мазмұнын жаңартуға көшу кадр ресурсына жаңа талаптар қояды. Сондықтан мұғалімге жаңартылған жалпы орта білім берудің әдіснамасы мен мазмұнын қабылдауға, Білім беру процесін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуді өзгертуге, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен тәсілдерін өзгертуге дайындық қажет.

Қазақ тілін үйрену-балаларды оқытудағы өте маңызды кезең, өйткені бастауыш сыныптарда тілдің негізгі білімі, оны қолдану дағдылары және, әрине, оны одан әрі үйренуге деген ұмтылыс қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Анохина Е. Л.Білім берудің жаңартылған мазмұны-уақыт талабы. - РГПУ им. А. И. Герцена, 2001.
2. Піржанов А. З. Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны. -Челябинск: Челябі. мемлекеттік ун-т, 2004.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЫНЫС БЕЛГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ВИЗУАЛДАУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Ыдырыс Аружан
SDU University, Қаскелең қаласы
Ғылыми жетекшісі: Нурманова Гулжайна Нурболатовна

Пунктуация – жазба тілдегі тыныс белгілерінің қойылу жүйесі және оларды қолдану ережелерінің жиынтығы. Тыныс белгілері, пунктуациялар – айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін, баяндалмақшы пікірді айқын білдіру үшін қойылатын жазуға тән шартты белгі [1, 412б.]. Пунктуация термині латынның «punctum» – нүкте деген сөзінен алынған. Тыныс белгілер сөйлемнің мағынасын дұрыс түсінуге, ойды нақты жеткізуге және оқуды жеңілдетуге көмектеседі. Пунктуациялық сауаттылық оқушының жазу сауаттылығын арттырып қана қоймай, мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдауға ықпал етеді. Дұрыс қойылмаған тыныс белгілері сөйлем мағынасын өзгертіп, түсініспеушілікке алып келуі мүмкін. Сондықтан пунктуацияны дұрыс меңгеру жазбаша және ауызша қарым-қатынастың маңызды шарты болып табылады.

Оқушылардың пунктуациялық сауаттылығын арттыру, жазуда тыныс белгілерін дұрыс қою дағдысын қалыптастыру және пунктуациялық ережелерді толық меңгерту – қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Бұл зерттеу жұмысы тыныс белгілерін қолдануда кездесетін негізгі қиындықтарды анықтап, олардың себептері мен шешу жолдарын қарастыруды мақсат етеді. Практикалық бөлімде оқушыларға тыныс белгілерін визуалды әдістер арқылы түсіндіруді және оларды цифрлық платформалар арқылы тиімді меңгертуді көздейтін интерактивті тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Бұл тәсіл оқушылардың тыныс белгілерін дұрыс пайдалану қабілетін дамытып, олардың жазу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Тыныс белгілері мәселесі қазақ тіл білімінде бірқатар ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, бұл бағытта А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ш. Әуелбаев, Ф. Мұсабекова, Р. Сыздық, Қ. Неталиева, Н. Уәлиев сынды ғалымдардың зерттеулері ерекше орын алады. Ал тыныс белгілерін оқыту әдістемесіне қатысты мәселелер С. Жиенбаев, Х. Басымов, М. Балақаев, Ш. Сарыбаев, Ә. Хасенов, А. Жапбаров еңбектерінде кеңінен сөз болған. Жалпы, қазақ пунктуациясы туралы алғашқы негізгі ережелерді қалыптастыруда А.Байтұрсынұлының еңбегі айрықша маңызды екенін атап өткен жөн. Оның 1925 жылы жарық көрген «Тіл құралы» еңбегінде тыныс белгілері жөнінде арнайы бөлім бар. Мұнда ғалым бұрынғы атауларды жаңаша баламалармен ұсынған және олардың тілде орнығуына ерекше мән берген.

Профессор А.Жапбаров: «Пунктуациялық жинақталған білім беру 9-сыныпта қарастырылған, бірақ тыныс белгілер туралы білім мен дағды бастауыш мектептен-ақ берілу талап етілгенімен мектеп бітірушілердің жұмысында тыныс белгілері бойынша кемшіліктер кездеседі. Себебі: біріншіден, жазу мен тыныс белгілерімен емлесін оқытуға байланысты арнайы зерттеу жұмыстары және әдістемелік құралдар жоқ. Екіншіден, оқулықта берілген ережелер мәселенің табиғатын толық аша бермейді. Мысалы, «біріккен сөздер бірігіп жазылады, үтір сөйлем арасына қойылады» деген ереже оқушы үшін ешқандай жаңалық емес. Үшіншіден, тыныс белгілер мен емлеге байланысты оқулықта жаттығу өте аз беріледі және оның өзі оқушының сауаттылығын қалыптастыратындай мазмұнда емес. Төртіншіден, мектеп мұғалімдері оқулықпен шектеліп, емле тыныс белгі туралы ғылыми ізденістерге, оқытудың тиімді жолдарына, белсенді әдістеріне көп мән бере бермейді. Сондықтан тыныс белгінің қойылуы бойынша әлі де шешімін таппаған мәселелер аз емес», – деп, мектеп оқушыларының тыныс белгілерін меңгеруде кездесетін өзекті мәселелерді көтерген болатын [2, 7 б.].

Зерттеу жұмысы аясында тыныс белгілерін қолдануда кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау үшін 9-10 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Барлығы 115 оқушының жауаптары негізінде қазақ тілінің тыныс белгілеріне қатысты білім деңгейі мен оны меңгерудегі мәселелер анықталды.



1-сурет.

Тыныс белгілерінің ережелерін қалай үйренесіз? (1-сурет)
Бұл көрсеткіштерден оқушылардың басым бөлігі дәстүрлі оқыту әдістеріне (мұғалімнің түсіндіруі) тәуелді екенін байқауға болады. Цифрлық ресурстарды қолдану деңгейі төмен, бұл өз кезегінде заманауи оқыту құралдарының жеткіліксіз қолданылатынын айғақтайды.



2-сурет.

Қиындықтар қандай**?** (2-сурет)
Бұл қиындықтар оқушылардың теориялық білімді практикада тиімді қолдана алмауынан туындайды. Ережелерді есте сақтаудың қиын болуы және практикалық тапсырмалардың аздығы оқыту үдерісін жандандыру қажеттілігін көрсетеді.



3-сурет.

Тыныс белгілерін меңгеруді не жеңілдетеді? (3-сурет)

Бұл нәтижелер оқушылардың қызығушылығын арттыратын визуалды және интерактивті әдістердің маңыздылығын көрсетеді. Классикалық тәсілдерден гөрі мультимедиялық, ойын форматындағы тапсырмалар сұранысқа ие екені анықталды. Осылайша, мәселенің басты үш себебін анықтадық.

Оқушыларда визуалды материалдардың жетіспеушілігі. Ақпараттың тек мәтіндік түрде берілуі зейіннің шоғырлануына кедергі жасайды.

Практикалық дағдылардың жетіспеуі. Ережелерді жаттап алғанымен, оны түрлі мәтіндерде, сөйлемдерде қолдану дағдылары дамымаған.

Цифрлық құралдарды оқытуда аз қолдану. Мультимедиялық ресурстарды пайдалану деңгейі төмен, оқушылардың заманауи оқыту платформаларына қызығушылығы артпай отыр.

Жүргізілген сауалнама оқушылардың тыныс белгілерін меңгеруде қиындықтары бар екенін және бұл мәселені шешу үшін заманауи оқыту технологияларын қолдану қажеттігін көрсетті. Тыныс белгілерін визуалды және цифрлық форматта ұсыну, интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру мен білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Бұл мәселенің алғашқы шешімі ретінде визуалды құралдарды пайдалануды ұсынамыз. Визуалды оқыту әдістері ақпаратты жылдам қабылдауға және есте сақтауға көмектеседі. Зерттеулер нәтижесі кітап, кесте, графиктер тәрізді визуалды құралдардың тыңдаушыға әсері мол екенін көрсетіп отыр. АҚШ-та жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша, сөзбен айтылған ақпараттың 10%-ы, ал визуалды құралдардың көмегімен ұсынылған ақпараттың 51%-ы есте сақталатындығы анықталған. Осыған орай, инфографикалар, диаграммалар мен көрнекі материалдар арқылы тыныс белгілерінің қолданысын нақты көрсету оқушыларға материалды оңай әрі қызықты меңгеруге мүмкіндік беретініне көз жеткізсек болады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқыту әдістерін жаңғыртып, білім беру үдерісін тиімдірек етуге жағдай жасайды.

4-сурет. 5-сурет.

Осы тұста бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаға байланысты ережелерді графикалық сызба, яғни формула түрінде ұсынамыз (4-сурет). Ереже теория жүзінде күрделі болып көрінгенімен, оны кесте, сызба және мысалдар арқылы беру түсінікті әрі тез есте сақталатын болады. Мысалы, бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша ережесі суретте визуалды түрде ұсынылған: әрбір ереже жеке нөмірленіп, бастауыш пен баяндауыштың қандай сөз таптарынан құралатыны көрсетілген. Сонымен қатар, әр ереженің жанында мысал сөйлемдер келтірілген. Бұл ақпараттың құрылымын айқындайды және оқушының назарын негізгі ерекшеліктерге шоғырландырады.

Оқушылардың төл сөзге қатысты тыныс белгілерін меңгеруінде ақпаратты визуалды түрде ұсынудың маңызы ерекше (5-сурет). Мысалы, төл сөздің тыныс белгілерін тек теориялық түрде түсіндіру кейбір оқушыларға күрделі болып көрінуі мүмкін. Визуалды түрде берілген ақпарат оқушының назарын негізгі элементтерге аудартады. Тырнақша, сызықша сияқты тыныс белгілерінің қолданылуын түрлі-түсті бояулармен ерекшелеу ережені айқындай түседі. Бұған қоса, әрбір ереже астына мысалдар беру оқушылардың теорияны тәжірибе арқылы бекітуіне мүмкіндік жасайды. Бұл тәсіл оқушылардың зейінін шоғырландырып, ақпаратты жүйелі түрде қабылдауына септігін тигізеді.

Сонымен қатар, тыныс белгілерін оқыту барысында Lumio, LearningApps сияқты платформалар интерактивті тапсырмалар мен ойын элементтерін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, материалды практикалық түрде бекітуге көмектеседі.

7-сурет.

Қазақ тіліндегі тыныс белгілерін, соның ішінде сызықша мен дефисті ажыратуда оқушылардың қателіктерге жиі ұшырайтыны сауалнама нәтижелерінен белгілі болды. Әсіресе, сауалнамаға қатысқан 34,8% оқушы «түрлі жағдайларда қай белгі қолданылатынын ажырату қиын» деп көрсеткен болатын. Осы мәселені шешу үшін оқыту процесіне визуалды және ойын түріндегі интерактивті тапсырмаларды енгізу қажеттілігі туындайды. Соның бір айғағы ретінде «Lumio» платформасы арқылы әзірленген «Сызықша мен дефисті ажырату» атты ойын тапсырмасын ұсынуға болады. Оқушы берілген ережелерді саралай отырып, оларды дұрыс орнымен орналастыруы тиіс, яғни «сызықша» немесе «дефис» деп жазылған ұяшыққа апарып қоюы қажет. Тапсырма ойын элементтері арқылы құрастырылған: аралар, ұяшықтар, омарта, табиғи көрініс сияқты иллюстрациялар қолданылған, бұл оқушының зейінін аударып, қызығушылығын арттырады.

8-сурет.

«LearningApps» платформасы арқылы жасалған бұл жаттығуды орындау барысында оқушы мәтінді мұқият оқып, бос орындарға тыныс белгілерін дұрыс енгізуі керек. Жаттығу барысында оқушы тыныс белгілерінің қызметін, орнын және олардың мағынасын түсіне отырып, дұрыс таңдау жасайды. Мұндай тапсырмалар оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытады, сондай-ақ көркем әдебиет мәтінімен жұмыс істеуге баулиды.

Қорытындылай келсек, тыныс белгі ережелерін визуалдау мен оқытудың цифрлық трансформациясы қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттырады. Визуалды және цифрлық әдістерді біріктіру арқылы оқушылардың ережелерді тез меңгеруі мен дұрыс қолдануы қамтамасыз етіледі. Бұл зерттеу тыныс белгілерін оқытуда жаңа әдістерді енгізуге мүмкіндік береді және болашақта білім беру саласында кеңінен қолдануға негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Арғынов Х. Қазақ тілінің методикасы. – Алматы: 1974. – 412 б.
2. Жапбаров А. Оқушылардың тыныс белгілерді дұрыс қою икемділігі мен дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Шымкент: ИП Валиев, 2011. – 175 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Досбол Ақерке
SDU University, Қаскелең қ.
Ғылыми жеткешісі: **Ордабекова Хафиза Арысбайқызы**

Тіл - адамдар арасындағы негізгі қарым-қатынас құралы. Ол түрлі жағдаяттарға сай ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Қарым-қатынастың бұл екі түрінің де дұрыстығы мен бірізділігін тілдік норма қамтамасыз етеді. Тілдік норманың маңызды екі саласы: орфография мен орфоэпия. Оның ішінде орфографиялық норма сөздердің дұрыс жазылуын реттесе, орфоэпиялық норма олардың дұрыс дыбысталуын қамтамасыз етеді. Алайда қазіргі кезде жазба тіл нормаларына көбірек мән беріліп, ауызша сөйлеу мәдениеті назардан тыс қалып келеді. Бұл мәселе әсіресе балалардың сөздерді жазылуынша оқуы, дикторлар мен мұғалімдердің әдеби тіл нормаларын сақтамауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында орфоэпиялық қателердің жиі кездесуінен байқалады. Сөздің дұрыс дыбысталуы – оның

табиғи дамуының көрсеткіші. Орфоэпиялық нормалардың сақталмауы сөздердің бұрмаланып айтылуына, сөйлеу мәдениетінің төмендеуіне әкеледі. Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарын ескермеу әсіресе жаңа буын арасында орфоэпиялық қателіктердің кең таралуына себепші болып отыр. Мектеп қабырғасынан бастап дұрыс дыбыстауға үйрету – болашақ ұрпақтың сауатты сөйлеуін қамтамасыз етудің басты жолы. Бұл орайда XX ғасырдың 20-жылдарында Л.В. Щерба: «Тілді жазудың бұғауынан құтқарып (эмансипация от письменного языка), жанды тілге бет бұратын кез келді», – деп атап көрсеткен еді.[2, 198 б.] Яғни, жазба тіл заңдылықтарына тәуелді болу ауызша сөйлеу нормаларын ескермеуге әкеліп соғатынын ғалым сол кездің өзінде-ақ ескерткен. Сондықтан орфоэпиялық нормаларды сақтап, оны жүйелі түрде меңгерту – тілдің табиғи дыбысталуын қорғаудың маңызды шарты.

Орфоэпия туралы алғашқы зерттеулерді М.Балақаев пен М.Дүйсебава еңбектерінен таба аламыз. М.Балақаев өзінің «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» еңбегінде «Сөздерді айтылу нормасы мен сол норманы сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келеді» деген мәселені көтеріп «Бұл кемшіліктен арылу үшін әрбір сөздің дұрыс айтылу нормасын сақтап сөйлеуді тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі етіп қою керек» деген пікірді алға тартады. Ал М.Дүйсебаева «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері» атты зерттеу еңбегінде дұрыс сөйлеудің нормасы тіліміздегі белгілі дыбыс заңдылығы бойынша қалыптасатынын ескеріп, тіліміздегі дыбыстардың әрқайсының айтылуындағы ерекшеліктерге жеке-жеке тоқталып өтеді.[3,183-184 б.] Қазақ тілінің орфоэпиясына «Сөз сазы» деген жаңа атау беріп, орфоэпиялық қағидаларды жүйелеп берген Р.Сыздықдың бұл салаға сіңірген еңбегінің орны бөлек. Ол өзінің «Сөз сазы» атты еңбегінде сөздің дұрыс айтылуындағы мәселелерді көтеріп қана қоймай, ондағы заңдылықтарға жеке-жеке тоқталып, әрқайсысын мысалдармен дәйектеп көрсетеді. Қарап отырсақ, осы уақытқа дейінгі орфоэпия туралы жазылған еңбектердің көбі оның теориялық жағына баса назар аударған. Әрине, оның өзі бұл саладағы белгілі бір нормалардың қалыптасуы мен оның әрі қарай даму жолдарын ұйымдастыруға үлкен жол ашып берді. «Енді біз сол орфоэпиялық заңдылықтарды мектеп оқушыларына меңгерту үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданамыз?» деген сұрақ аясында зерттеу жұмысын жүргізетін боламыз. Осы зерттеу жұмысын жүргізу барысында бізге арқау болған басты еңбектердің бірі жоғарыда атап өткен Р.Сыздықтың «Сөз сазы» болса, екінші бір еңбек Ә.Жүнісбековтың «Қазақ фонетикасы». Белгілі ғалым Ә.Жүнісбеков өзінің “Қазақ фонетикасы” атты еңбегінде тіліміздегі барлық дыбыстардың акустика-артикуляциялық моделін жасап шыққан болатын. Біз де оқушыларға орфоэпияны оқыту барысында сол жасалым моделдерін түрлендіріп пайдаланып көрдік. Ондағы мақсатымыз оқушылырға орфоэпиядағы дыбыстардың өзгерісін дайын заңдалықтар арқылы ғана емес, олардың жасалу жолын визуалды түрде көрсетіп, оқушыларды сөздердің айтылуындағы дыбыстардың не үшін өзгеріске ұшырайтынын өздері түсіне алатындай деңгейге жеткізу.

Қазақ тілінің оқу бағдарламасына сәйкес мектеп оқушыларына орфоэпия негізінен 5-7-сынып аралығында оқытылады. Алдымен олар қазақ тілінің дыбыстық жүйесімен танысып, кейіннен дыбыс үндестігі, ерін үндестігі, орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды меңгереді. Зерттеу барысында 5-сынып оқушыларына қазақ тілінің дыбыстық жүйесін меңгертуде дыбыстардың бөлінісіне ғана баса мән берілетінін байқадық. Яғни, 5-сынып оқушысы дауысты мен дауыссыз дыбыстардың бөлінісін ғана меңгеріп, бірден орфоэпия деген үлкен салаға бет бұрады. Әрине, дыбыстардың бөлінісін ғана біліп шыққан оқушыға енді олардың сөз арасындағы өзгерісін меңгеру қиынға соғады. Сондықтан да оқушылар үндестік заңының заңдылықтарын бір-екі мысалмен ғана жаттап алады. Ал бұл білім сөйлеу, я болмаса мәнерлеп оқу барысында сөздерді дұрыс айта алуымызға аздық етеді. Осы мәселелерді ескере келе, оқушыларға қазақ тілінің дыбыстық жүйесін меңгертуде дыбыстардың бөлінісіне ғана емес, сонымен қоса әр дыбыстың жасалу жолына назар аудартуымыз қажет. Себебі сөз арасында дыбыстардың өзгеріске ұшырауы, олардың жасалу

жолымен тікелей байланысты. Әрі қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың жасалу жолын білетін оқушы оларды бір-бірінен еркін ажырата алатын болады. Қарапайым ғана мысал «н» мен «ң» дыбысын сөз қолданыстарында шатастырмай, орынды қолдануды үйренеді. «Енді оны қалай жүзеге асырамыз?» деген сауалға келейік. Осы тұрғыда біз 7-сынып оқушыларына эксперимент жүргізіп көрдік. Эксперимент барысында назарға екі жетінші сынып оқушылары алынды. Оқушылардың жалпы саны - 30. Алғашқыда біз олардың осы уақытқа дейінгі орфоэпия туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында сауалнама алдық. Сауалнамадағы сұрақтар осы уақытқа дейінгі оқушылардың өткен тақырыптары бойынша құрастырылды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың ықпал түрлерін ажыратуда біраз шатасатынын, әрі орфографиялық заңдылық бойынша жазылған сөздерді орфоэпияға және керісінше орфоэпиялық заңдылық бойынша жазылған сөздерді орфографияға айналдырып жазу біраз қиындық тудыратынын байқадық. Оны төменде берілген нәтижелерден де байқасақ болады.





1-сурет *2-сурет*

Енді осы көрсеткіштерге сүйене отырып, біз оқушылырға орфоэпияға қатысты арнайы сабақтар жүргізіп, сабақ арасында қосымша тапсырмалар орындатып отырдық. Орфоэпияға байланысты сабақты ұйымдастыру барысында оқушылыр дыбыстардың сөз арасындағы өзгеріске ұшырауынның себебін өздері түсіне алу үшін жоғарыда айтып өткен Ә.Жүнісбековтың қазақ тілі дыбыстарының жасаламын моделіне жүгіндік.Алдымен сол жасалым молдельдерге назар аударайық



3-сурет

Берілген суреттен Т және Н дыбыстарының жасалым моделі көрсетілген. Әрине бұл сызбаны мектеп оқушыларына меңгергерту қиындық тудырады. Сондықтан да біз осы сызбаны түрлендіріп, мектеп оқушысына лайықты нұсқасын жасап шықтық.

4-сурет

Берілген суретте «н» дыбысының жасалым моделі көрсетілген. Ә.Жүнісбековтың сызбасымен салыстырғанда, мұнда бірқатар өзгешеліктер бар екенін байқаймыз. Алдымен біз бір сызбаға тек бір ғана дыбыстың жасалым моделін енгізуді мақсат еттік. Кейіннен дыбыстың қатаң, ұяң, үнді немесе дауысты екендігін айыра білу үшін оны түрлі түстермен белгілеуді жөн санадық. Сонымен қатар, дауысты және дауыссыз дыбыстардың жасалу жолын оқушыларға түсінікті етіп жеткізу үшін, әр дыбыстың жанында шартты белгілермен түсініктемелер қостық. Бұл тәсіл оқушылардың дыбыстардың жасалуын жеңіл түсінуіне мүмкіндік береді. Осы сызбаны қолдана отырып біз 7-сынып оқушыларына «нг», «нк» тіркестерінің айтылуда «ңг» тіркесіне айналуын түсіндірдік. Түсіндіру барысында оқушыларға дыбыстардың жасалым моделін түсіну жеңіл болу үшін алдымен арнайы сурет арқылы дыбыс жасауға негіз болатын сөйлеу мүшелерімен таныстырып өттік. Одан соң дыбыстардың жасалым моделінің үлгі сызбасын таныстырып, әрі қарай сол бойынша тапсырмалар орындадық. Ал үй жұмысы ретінде оқушыларға арнайы жұмыс парғы берілді. Сол жұмыс қағазы арқылы олар енді өздері «нғ» мен «нқ» тіркестерінің айтылымда «ңғ» тіркесіне айналуының себебін анықтап, оны мысалдармен дәлелдеп келу берілді. Нәтижесінде, олар бір ғана тіркестің өзгеру уәжін түсіну арқылы, келесі бір тіркестердің өзгеруінің себебін өзі анықтай алатындай деңгейге жетті. Бұл бір 40 минут ішінде атқарылған жұмыс. Бұдан бөлек біз әр сабақта осы ороэпия бойынша қосымша жұмыстар мен тапсырмалар орындатып отырдық. Солардың бірі ретінде әр сабақ сайын орындатып отырған орфоэпиялық минимумдарды атап өте аламыз. Яғни, біз оқушылардан әр сабақтың басында түрлі заңдылықтар бойынша өзгеріске ұшырайтын 10 сөзді орфоэпиялық диктант ретінде алып отырдық. Ал оқушылар ол сол сөздердің дұрысын нұсұасын жазумен ғана шектелмей, оларды сабақ барысында қолдану арқылы өзгерінің тілдік дағдыларын дамытып отырды. Бұл жаттығу жұмыстарының басты мақсаты — оқушыларға орфоэпиямен тек сол тақырыпты өткен уақытта ғана емес, әр сабақта аз-аздан жаттығу жұмыстарын жасатып отыру. Себебі, орфоэпия тек бір ғана шолу арқылы түсінілетін тақырып емес. Оған әр сабақ сайын көңіл бөлініп, жаттығу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Осы тұрғыда орфоэпияны оқыту жөінде Р.Сыздықтың бір пікірін келтіріп өтейін. «Сөздерді дұрыс айтуға мектепте тек қазақ тілі сабағында ғана емес, барлық пәндердің сабақтарында да үйрете беруді, қате айтса, түзетіп отыруды қолға алса, бұл саладан бүгінгі кездесіп келе жатқан кемшіліктер кеми түсер еді» [2, 201 б.] Осы сөзден-ақ оқушылардың сөздерді дұрыс айтуын әр сабақ сайын бақылап отыруымыз қажет екенін аңғара аламыз. Аты аталған барлық жұмыстарды орындатып болғаннан кейін оқушылардан екінші мәрте сауалнама алынды. Екінші сауалнама сұрақтарына жасалым моделі бойынша да сұрақтарды кірітірдік. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың орфоэпия жөнінен білім деңгейлерінің өскенін, әрі дыбыстарды жасалым модельдері арқылы ажырата алғандарын байқадық.

Қорытындылай келе, орфоэпияны тиімді меңгерудің бірден-бір жолы - дыбыстардың жасалу жолдарын түсіну. Бұл оқушыларға тілдің дыбыстық ерекшеліктерін тереңірек білуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Ал оны жүзеге асырудың бірден-бір тиімді жолы - дыбыстардың жасалым модельдерін қолдану. Өйткені олар оқушыларға сөздер арасындағы дыбыстық өзгерістердің себебін нақты түсінуге көмектеседі. Осы тұрғыда С.Мырзабековтің «Қысқасы, орфоэпиялық норманы дұрыс меңгеру үшін тілдегі әрбір дыбыстың акустика-артикуляциялық белгі-қасиеттерін, қолданылуындағы (айтылу, жазылуындағы) ерекшеліктерді, яғни фонетика ғылымын жақсы білу керек болады», - деген болатын [3, 187 б.]. Сондықтан, орфоэпияны толық әрі дұрыс меңгеру — тілдің табиғи үйлесімін сақтап, қазақ тілінің байлығы мен сұлулығын келер ұрпаққа дұрыс жеткізудің кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. –120б.
Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. –290б.
Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. –220б.
Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы: Арыс, 2009. –312б.
http://www.rusnauka.com/11_NPE_2013/Philologia/7_134371.doc.htm

БИЛИНГВИЗМ ЖАҒДАЙЫНДА ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛЫ

Өмірзақова Альфия Кеңесқызы
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к., Алматы қаласы

Қазақстанда қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрену қостілділік (қазақ және орыс тілдері) жағдайында өтеді. Екі тілдің қарым-қатынасы негізінде тіл айырмашылықтарына байланысты тілдік нормадан ауытқуы жиі кездеседі. Бұл құбылыс тілдік интерференция деп аталады. Тілдік интерференция – бұл ана тілінің екінші тілге теріс әсер етуі нәтижесінде пайда болатын құбылыс [1, 24 б.], нәтижесінде студенттің сөйлеуінде фонетикалық, грамматикалық және лексикалық-семантикалық қателер пайда болады.

У.Вайнрайхтың пайымдауынша, «тілдік интерференция» – бұл «...екі тілді меңгерген тұлғалардың сөйлеуінде, яғни тілдердің байланысы нәтижесінде пайда болатын тілдік нормалардан ауытқулар» [2, 28 б.]. Біздің жағдайда, бұл – екі түрлі тілдік жүйенің өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болған ауытқулар.

Қазақ тілін үйренуде студенттердің ана тілі (орыс тілі) қазақ тілінде тілдік дағдылары мен қабілеттерін дамытуға белсенді қатысады. Егер қазақ тіліндегі тілдік құбылыс студенттің ана тілінің құбылысына ұқсас болса, онда ол қиындықсыз тез меңгеріледі. Ал егер керісінше, сәйкестік болмаса, онда ана тілі екінші тілде материалды игеруге кедергі келтіреді. Қазақ тілінде сөзжасам мен сөз түрлендіру түбірге жалғаулар мен жұрнақтардың жалғануы арқылы жүзеге асса, сөздің түбірі өзгермей, қосымшаның жалғану тәртібі тұрақты болады.

Интерференциялық қателерді анықтау үшін қазақ және орыс тілдерінің грамматикалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Екі тілді салыстыра отырып талдау студенттердің қазақ тілін үйрену кезінде жіберетін негізгі типтік қателерін анықтауға мүмкіндік береді. Грамматикалық интерференция сөйлеу тілінің грамматикалық нормадан ауытқуына әкелетін ана тілі мен екінші тілдің грамматикалық жүйелерін байланыстыруға талпынудан

туындайды. Зерттеушілер грамматикалық интерференцияны ана тілі мен екінші тілдің грамматикалық құрылымындағы айырмашылықтармен түсіндіреді [3, 138 б.], [4, 952 б.]. Екінші тілді меңгеру барысында студент өзінің ақыл-ой әрекетін ана тілінің негізінде жасайды, ал сөйлеу кезінде үйреніп жатқан тілдің грамматикалық құралдарымен жүзеге асырады. Екінші тілді үйрену процесінде ана тілінің грамматикалық нормасы басым болғандықтан, орыс тілді студенттердің ойлау әрекеті мен оның сөйлеу мүмкіндіктері арасында алшақтық бар. Нәтижесінде ана тілінің грамматикалық нормаларының екінші тілдің грамматикалық нормаларына енуі байқалады, ол студенттің сөзінде үйреніп жатқан тілдің грамматикалық нормаларының интерференциялық бұзылуына әкеледі. Мысалы, қазақ тілін үйренудің бастапқы деңгейлерінде көбінесе грамматикалық деңгейде екі тілдік жүйенің интерференциясы орын алады, яғни бір (орыс) тілдің грамматикалық құрылымы басқа (қазақ) тілдің құрылымына қабаттасады. Бұл құбылыстың себебі - сөйлеуші бірден бір тілден екінші тілге «ауыса» алмайды.

Қазақ тілін үйренуде кездесетін грамматикалық интерференциялардың себебі, біріншіден, бір тілдің грамматикалық бірліктерін басқа тілдің грамматикалық құрылымына сәйкес берумен, екіншіден, бір тілдің ережелерін, басқа тілде жоқ екендігіне қарамастан, басшылыққа алумен байланысты.

Қазақ тілін үйренушілер арасында жиі кездесетін грамматикалық интерференциялар етістіктің шақ категориясымен байланысты. Мұны қазақ тілінде шақ формаларының грамматикалық мағыналарының әртүрлі реңктері болуымен түсіндіруге болады [5, 312 б.]. Қазақ тілінде нақ осы шақ қазіргі кезде болып жатқан іс-әрекетті білдіретіні анық. Бұл категория үшін екі форма бар - дара және күрделі, оларды қолдану кезінде студенттер жиі қателеседі. «сен тұрасың (=тұрсың) (ты лежишь (в момент речи)), «Мен қазір жазамын (=жазып отырмын) (Я сейчас пишу). Бұл мысалдағы «тұрасың», «жазамын» етістіктері нақ осы шақты емес, контекстіге қарай ауыспалы осы шақ не ауыспалы келер шақты білдіреді. Себебі, орыс тілінде нақ осы сәтте немесе қайталанатын іс-әрекеттердің грамматикалық жасалуы бірдей. Олардың семантикасы контексте анықталады. Қазақ тілінде нақ осы шақтың дара түрі мына алгоритм бойынша жасалады: тұр, отыр, жатыр, жүр + жіктік жалғау, ал күрделі түрі: негізгі етістік + ып \ ір \ р + көмекші етістіктердің бірі (тұр, отыр, жатыр, жүр) + жіктік жалғау. Қазақ тілінде өткен шақтың мынадай түрлері бар: 1) іс-әрекеттің жақында болғанын білдіретін нақ өткен шақ; 2) іс- әрекеттің көрсетілген уақыттан көп бұрын болғанын және күмән тудырмайтынын көрсететін бұрынғы өткен шақ; 3) сөйлеуші анық білмейтін және біреу арқылы алған ақпаратты қамтитын айқын емес мағыналы ежелгі өткен шақ; 4) іс-әрекеттің бұрын көп рет қайталанғанын білдіретін ауыспалы өткен шақ. Жедел өткен шақ (ды\ді\ты\ті) мен бұрынғы өткен шақ (айқын) (ған\ген\қан\кен) жұрнақтарының грамматикалық мағынасын түсінуде студенттерде қиындық туындамағанмен, жіктік жалғауының өткен шақтық формасын қолдануда қателіктер жібереді. Мысалы: «мен жаздымын (=жаздым)» (я писал), «біз жаздымыз (=жаздық)» (мы писали). Бұл орыс тілінде етістіктердің жіктелуінің екі формасының болуымен байланысты. Ал қазақ тілінде жіктік жалғауының 4 формасы бар: есімдердің жіктелуі, нақ осы шақ пен бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ формаларындағы етістіктердің жіктелуі, ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақ формаларындағы етістіктердің жіктелуі және жедел өткен шақ формасындағы етістіктердің жіктелуі. Қазақ тілінде ежелгі өткен шақ (ып\іп\п) жұрнақтарының қолданылу жиілігі жоғарыда аталған формалармен салыстырғанда әлдеқайда аз. Студенттер бұл жұрнақтардың грамматикалық мағынасын және сөйлеуде қолданылуын түсінуде қиналады. Бұл, біріншіден, олардың көп мағыналылығына, екіншіден, орыс тілінде өткен шақтың осыған ұқсас түрінің болмауына байланысты. (ып\іп\п) көсемшенің грамматикалық мағынасы орыс тіліндегі «оказывается» қыстырма сөзінің мағынасымен бірдей. Мысалы: «Олар кеше үйге келіпті» (они оказывается, вчера пришли домой). Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «оказывается» сөзінің лексикалық мағынасы негізгі

етістікке «екен» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы берілетінін айта кеткен жөн. ған\ген\қан\кен және атын\етін\ытын\ытын жұрнақтары бірнеше грамматикалық мағына береді.

Мектеп бағдарламасында аталған жұрнақтардың негізгі мағыналары: іс-әрекеттің нақты орындалғанын белгілеу және сөйлеушінің оны жүзеге асыруға деген сенімін білдіру ған\ген\қан\кен және өткен шақта қайталанатын немесе үйреншікті әрекетті белгілеуге (атын\етін\йтын\йтін) көп көңіл бөлініп, басқа грамматикалық мағыналарды елемеу (орыс тіліндегі «который», «когда» жалғаулығының мағынасын беретін есімшелі сөз тіркестері) лексикалық интерференцияға әкеледі. Мысалы: «мен үй қайсысы салды (=мен салған үй)» (дом, который я построил), «мен үй қайсысы үй саламын (=мен салатын үй) (дом, который я построю). Берілген контекте «который» жалғаулық. Орыс тілінде «который» сұрау есімдігі де, жалғаулық та бола алады. Қазақ тілінде баламасы жоқтығынан студент аталған жалғаулықтың сөзбе сөз аудармасын пайдаланады. Қазақ тілінде келер шақ мынадай жеке парадигма арқылы беріледі: 1) ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақтың жасалу жолдары бірдей. Ауыспалы осы шақ күнделікті іс-әрекетті білдірсе, ауыспалы келер шақ болашақта орындалатын іс-әрекетті білдіреді. Олардың арасындағы айырмашылық контексте анықталады. 2) Болжалды келер шақ іс-әрекетті болашақта орындалуының ықтималдық дәрежесін білдіреді. 3) Мақсатты келер шақ белгілі бір мақсатпен болашақта орындалатын іс-әрекетті білдіреді.

Грамматикалық интерференцияны анықтау үшін қазақ және орыс тілдерінің грамматикалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Екі тілдің грамматикалық жүйесіне салыстырмалы-салыстырмалы талдау жасау студенттердің қазақ тілін үйрену кезінде жіберетін грамматикалық интерференцияны көруге мүмкіндік береді. Мысалы, А2 деңгейінде оқитын студенттер мақсатты және болжалды келер шақ формаларын жақсы біледі. Бірақ жұрнақтардың практикалық маңыздылығын білмеу оларды қарым-қатынас процесінде қолдана алмауға әкеледі. Мысалы, «собираться что-то сделать» құрылымын пайдаланған кезде студенттер орыс тілінен «мен университетке түсуге жиналамын (=мен университетке түспекпін)» (я собираюсь поступить в университет) деп тура аударады. Орыс тілінде «собираться» сөзінің 18 лексикалық мағынасы бар, қазақ тілінде - 3. «собираться-перен. иметь намерение сделать что-либо» құрылымында сөйлеушінің ниет білдіруі "мақ\мек\бақ\бек\пақ\пек» жұрнақтарының грамматикалық мағыналарының көмегімен беріледі, ал орыс тіліндегі «возможно\наверняка» сөздерінің мағынасы қазақ тілінде ар\ер\р жұрнақтарының грамматикалық мағынасы арқылы беріледі [5, 314 б.].

Орыс тілді студенттің ауызша және жазбаша тілінде жұрнақтарды қолданудағы кейбір қателері қазақ тілінде предлог сияқты сөз табының болмауынан туындайды. Қазақ тілінде орыс тіліндегі предлогтардың грамматикалық мағыналары септік жалғаулары, септеулік шылаулар және көмекші есімдер арқылы беріледі. Сондай-ақ, қазақ тілінде бұл грамматикалық категориялар түбірмен бірге жазылатынын немесе сөзден кейін тұратынын айта кеткен жөн. Мысалы, у предлогы септік жалғауларына тікелей қатысты. Қазақ тіліндегі жатыс септігінің грамматикалық мағынасы орыс тілінде ілік септігінің тұлғалары арқылы беріледі. Осы тұста айта кететін жайт, орыс тіліндегі у предлогының мағынасы сөйлем ішіндегі ашылатындығы. Дегенмен, у предлогының кейбір мағыналары қазақ тілінде ілік септік жалғаулары арқылы берілетін құрылымдар бар. Мысалы: ағаштың жанында (у дерева), менің басым аурып тұр (у меня болит голова),менің ағам бар (у меня есть брат), менің көзім көк (у меня голубые глаза). Студенттер у предлогының мағынасын қазақ тілінде беруде «ағашта жанында (=ағаштың жанында)», «менде бас ауырып тұр (=менің басым аурып тұр), «менде аға бар (=менің ағам бар», «менде көз көк(=менің көзім көк) сияқты жиі қателіктер жібереді. Біздің ойымызша, бұл морфологиялық интерференция мысалдары, біріншіден, септік атауымен (жатыс септік – сөзбе-сөз «местный падеж» әрекеттің орыны мен уақытын білдіреді) байланысты. Екіншіден, кімде? (у кого?) сұрағы орыс

тілінде ілік септіктің сұрағы болып табылады. Септік жалғауларын үйрену кезінде кімде?(у кого?) сұрағы "место\орын" сөзімен ассоциаланып, студенттердің жадыларында қалады, осының салдарынан студенттер автоматты түрде да\де\та\нда\нде жатыс септігінің жалғауларын пайдаланады.

Қорытындылай келе, қазақ тілін меңгерудің бастапқы деңгейінде орыс тілді студенттердің жіберетін негізгі қателері етістіктің шақ формалары және қазақ тілінде предлог сияқты сөз табының болмауымен байланысты. Грамматикалық интерференцияны зерттеу студенттердің қазақ тілін үйрену кезінде тілдік құралдарды дұрыс қолдану дағдылары мен шеберлігін дамытуға, тілде өрескел лексикалық, грамматикалық қате жібермеуге, олардың санын азайтуға, студенттердің коммуникативтік және лингвистикалық құзыреттілігін едәуір жақсартуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Фомиченко Л.Г. Прагмалингвистика в условиях интерференции. – Волгоград: Изд-во Волгоград. ун-та, 1995. – С. 24.

2Вайнрайх У. Языковые контакты. Состояние и проблемы исследования. – Минск: БГК, 2000 [Электронный ресурс].

3 Глазунова И. Актуализация значений и грамматические функции слова (к вопросу о философском осмыслении языка)

// Вестник СПбГУ. Сер. 9. –2013. –Вып. 3. – Часть II. – С. 138-151.

4 Савилова С.Л. Явления грамматической интерференции в письменной речи групповой языковой личности // Молодой ученый. – 2015. – No 12 (92). – С. 952-955. – URL: https://moluch.ru/archive/92/20416/ (дата обращения: 09.03.2025)

5 Омурзакова А.К. Явления грамматической интерференции в условиях билингвизма // Материалы Казанского международного лингвистического саммита «Вызовы и тренды мировой лингвистики» KILS-20. – Казань, 2020.

МӘТІН КОРПУСЫ АРҚЫЛЫ СИНОНИМДЕРДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Тамабаева Қаракөз Өмірзаққызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, филолгия ғылымдарының кандидаты, Тараз қаласы
Камбарова Арайлым Тлеубергеновна
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты, Тараз қаласы

Мәтіннің өзге бірліктерден жоғары тұрған сөйлеу бірлігі ретіндегі мәртебесі XX ғасырдың орта шенінде ғылыми тұрғыдан мойындала бастады.

Негізгі аспектісі мәтін болып саналатын корпустық лингвистика тіл білімін әртүрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімі мен тәжірибесін молайтады.

Бүгінгі таңда, білім берудің жаңаша ресурстарының бірі ретінде тілдердің Ұлттық корпустарын айтуға болады. Айтылған пікірімізді дәйектей түсу үшін ғалым В.А. Плунгян анықтамасын келтіре кетсек: «использование Корпуса в преподавании гуманитарных дисциплин в школе поможет успешно решать и чисто научные, и собственно педагогические задачи» [1], - деп көрсетеді.

Білім беру аясындағы корпустардың ең бір негізгі қызметі – кез келген тілді оқыту мүмкіндігі. Осы себепті, корпус әрбір тілдік бірліктердің лексикалық-семантикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу мен қажетті материалдарды іздеп-табуда баға жетпес көмек көрсете алады.

Мәтіндер корпусы арқылы сөздердің қолданыс аясын, қосымша мағыналық реңктерін (семаларды) анықтауға болады. Енді талдау нысанына алатын синонимдік қатардағы доминант сөзді мәтін корпусы арқылы анықтап көрелік.

Әрбір тілдің лексика-семантикалық жүйесінде синонимдік топтардың маңызы зор. Синонимдер жүйесі – семантикалық, стильдік ерекшеліктеріне байланысты ойды әсерлі жеткізуде және шығарма тілін айшықтауда аса маңызды тілдік құрал. Синонимдер сөздік қорының байлығын дәлелдейтін, сөз көркемдігін танытатын тілдік бірліктер.

Соңғы жылдардағы ғылыми парадигманың ауысуы тілдегі синонимия мен синонимдік құралдарды зерттеу бағытының өзгеруіне әкелді. Синонимдер адамның танымдық, ойлау әрекетімен тығыз байланыстылығын айқындаймыз. Соның ішінде жалпы тіл қабатының семантикалық ерекшеліктерін айқындауда, корпустық қабаттарда көріну себептерін негіздеуде синонимдер секілді тілдік құралдарды жаңаша зерделеп отыру қажет. Бұл өз кезегінде, яғни, синонимдерді антропоцентристік, яғни ұлттанымдық тұрғыдан қарастыру үлкен ғылыми нәтижеге қол жеткізуге жол ашады.

Тіліміздегі синонимдер – қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар әсерінен өзгеріске ұшырайтын тілдік құбылыс. Бұл турасында Ә. Болғанбаев, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Қалиев, М.Серғалиев, Ф.Оразбаева, т.б. зерттеулерін ерекше атай аламыз. Ә.Болғанбаев өз еңбегінде: «Синонимдер арқылы кез келген тілдің қаншалықты дамығандығын, оның оралымдылығын танып білуге болады. Синонимдердің тілдегі атқаратын қызметі бейнелі образ жасау, бір ұғымды жан-жақты кеңейтіп түсіндіру екендігі қолына қалам ұстаған қаламгерлердің бәріне аян» [2, 43], - деп жазады.

Өз ғылыми мақаламызда тіліміздегі ақпараттық-анықтамалық жүйе болып табылатын мәтіндер корпусындағы синонимдердің қолданыс аясын зерделеп, жүйелендіру, нәтижелерді ұтымды пайдалану мақсатында талдау жүргіздік.

Тіліміздегі ұлттық корпус – бұл қазақ тілінің бір жүйеге кіріктірілген тілдік материалдарының базасы ғана емес, сондай-ақ виртуалды кеңістікте мемлекеттік тілдің қызмет етуін, семантикалық кеңістігін кеңейту, ақпараттық таралу ауқымын кеңейту, тілдік ресурстарға жаппай қол жеткізу тетігі ретінде танылады.

Синонимдік қатарды әрбір ұғым немесе құбылысты түрлі мағыналық қабаттарда стилистикалық реңктерімен белгілей алатын сөздер тізбесі құрайды. Бұл қатардан көнерген сөздер мен кірме сөздерді, диалектизмдерді, байырғы сөздерді т.б. кездестіруге болады. Сөздердің бір ұғымды беру үшін мағыналық сәйкестіктерінің болуы синонимдердің басты белгісі екенін еске түсіре отырып, егер синонимдер әртүрлі ұғымды білдірсе, ондай сөздерді синонимдік қатарға топтастыру мүмкін еместігін айтқым келеді. Синонимдік қатарға енген сөздердің ішінен бір сөз сол сөздерді мағына жағынан ұйымдастыруға ұйытқы болатын тірек сөз деп таңдалынып алынады, ол сөзді тіл білімінде *доминант* деп атап, басты қызметіне мәндес сөздерді мағыналық жағынан ғана топтастырмай, сонымен бірге синонимдік қатарларды бір жүйеге келтіруді жатқызамыз. Сондықтан да, доминат сөзді дұрыс анықтап, белгілеп алмай синонимдерді тәртіпке келтіру мүмкін емес. Осы себептен синоним сөздігін жасауда доминат сөзді іріктеп, сұрыптап алуға айрықша көңіл бөлінеді. Доминант сөзге синонимдік қатардағы сөздердің ішіндегі мағына жағынан ең айқын, стильдік мәні жағынан бейтарап, жалпы халыққа танымал, қолданыс аясы кең дегендері ғана таңдалынып алынады. Әрбір синонимдік қатардағы сөздер негізінен екі кезеннен өтіп, алғашқы кезеңде сөздер жалпы мағыналық бірлігіне қарай, ұқсастыру негізінде синонимдік қатарға топтастырылады. Мысалы, *ас—тамақ—тағам—ауқат* адам баласының тұтынатын қоректік затын білдіргендіктен, ең әуелі бір синонимдік қатарға топтастырылады. Ал бұл синонимдерді бір-

бірінен ажыратын өзгешеліктерін саралау — екінші кезеңдегі істелетін жұмыс. Ғалым Р. Сыздық синонимдер жүйесін зерделей отырып, өзінің «Сөз құдіреті» еңбегінде синонимдердің көріктеуіш қызметінде қолданылатынын, соған сәйкес көбіне поэзияда кездесетінін айта кетіп, синонимдік қатардың жұмсалу орны мен тәсілдерінің сан алуан екенін түсіндіреді. Ортақ семадан туындаған синонимдер бір-бірін ауыстыра бермейді, олар айтылмақ ойды ашып, ұтымды үйлесуі қажет, сәйкесінше талапқа қарай синонимдік қатардан бір синоним таңдап алынады. Айталық, бұл әсіресе ақын қолданыстарында айқын байқалады. Өлең талаптары мен шабытына қарай әр ақын әртүрлі сөзді таңдап алады. Алайда, оның синонимі сол қолданыстағы мағынаны білдіргенімен, ұйқас немесе буын тұрғысынан сәйкеспеуі мүмкін, кей жағдайда тіпті мағыналық тұрғыда да үйлеспейді. Бұл тұрғыда, сөздердің тілге сіңісу дәрежесі де үлкен маңызға ие.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Жоғарыда айтқанымыздай, синонимдік қатардағы сөздерден жайраңдасу беретін мағынаның ақын ойы мен идеясына тамаша үйлесіп тұрғандығын байқаймыз. Бұл үйлесімділікті ғалым өз еңбегінде ойды жеткізуде синонимдік қатардағы сөздің белгілі экспрессивтік бояуы болуы керектігін айтады. Осы экспрессиялық бояуына қарай кейде синонимдік қатардан екі не одан да көп сөз алынып жатады, оны ғалым Р. Сыздық өз еңбегінде А. Құнанбаевтың «түзу кел, *қисық, қыңыр, қырын* келмей» деген өлең жолдары арқылы көрсетеді.

Синонимдік қатардағы сөздердің барлығы дерлік адамға, жанды-жансыз нәрселерге қатысты айтылып, тіркесім заңдылығына бағынады. Әсіресе, адамның кескін-келбетіне, түр-тұрпатына қатысты айтылады. Бұл қатарда *ажарлы* сөзі ғана мәтіндерде көбіне малға қатысты айтылады екен. Бүгінгі қолданыс үшін бұл сөздің мағынасы айқын, адамға қатысты айтылады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусында «ажарлы» сөзі 236 рет кездеседі. Стильдер тарапынан қарастырсақ, публицистикалық – 14, көркем әдебиет – 143, сөйлеу -10, ғылыми стильде – 69 рет, ал іскери стильде кездеспейді.

Енді ұлттық корпустың іш корпустарында кездесу жиілігін санамалау барысында *ажарлы* сөзі жарнама ішкорпусы мен ауызша ішкорпуста кездеспеді.

Жиырмасыншы ғасырдың басында бұл жерлер ерекше *сұлу*, өзгеше абат өңір болатын.

Ұзын, *әдемі* мойындарын *әсем* иіп, жүрек қылын шерткен сыбызғы үнмен сыңси жүзген аққулар сыры терең, сымбаты бөлек сұлулықпен көзді
арбап, көңіл толқытатын. (С.Досанов «Қыранның қазасы»)

Бойы ұзын, *реңді* келген, аса талантты кісі еді деп, әкем туралы көп әңгіме айтты. Қазір ойлап қарасам, суық өңді, бойшаң жігіт елпілдей сәлемдесіп, жылпылдай жөнелді. (М.Қалдыбай «Мен бақыттымын»)

Өткеннің *өңді* елесін көнекөз қариялар осылай еске алады (Байқал Бейәділ «Булығып аққан бұлақтардың көзін ашсақ»).

Самай тұсын ақ шалған ақсұр өңді келіншек (Т.Әлжантегі «Сұршақыз»).

Бойы тіп-тік, *өңді,* кербез, паң. (А.Қасымов «Халық жауының қызымен әңгіме»).

Ондай *көркем* мінезді, оқу озатын ұстаздар да ұнататын (М.Әдірайым «Бәс»).

Шырайлы шаһар үшін биыл жаңалықтарға толы болмақ (Н.Төкен «Шаһар шырайы»).

Ұзынша бойлы, жарғақ құлақты, ақсары келген, *келбетті* адам болатын (Н.Әлменов «Әңгіл қарттың әңгімесі»).

Айдай әлемнің тыным-тіршілігін, харекет-берекетін айна-қатесіздөп басып, дәл танып отыратын ол бағзы бірде, ілкі арада өзіне де үңіліп, үңілген сайын ширығып отырады (И.Сапарбай «Жұматайдың жұмбағы»).

Ағарып атар әрбір *арайлы* таңмен, қызарып батар шырайлы күнмен жаңарып тұрар сол кең дүниенің тіршілік тағдырын күн сайын қауіп пен қатерге ұғындыра берер Адамзаттың тартып келе жатқан қасіреті аз ба еді? (Ж.Ерғалиев «Әлемнен алғыс алған тұлға»).

Отарым осы *ажарлы* күйімен күйекке түссе, көктемгі төл алу науқанында да жақсы нәтижеге жететінімді айтып, мақтап, арқамнан қағып, дем беріп жатыр (Ә.Досанов «Қонаевтың алақаны»).

Сүйген жарының ай *дидарлы* жүзін көруге құмартып жүрген Гюстав бір күні сылтау тауып Томис Шлезенжердің кеңсесіне бас сұғып, бұрынғы таныстығын қайта қалпына келтірудің амалын тапты (А.Кеңшілікұлы «Флобердің махаббаты»).

Леп белгісіздей аса *сымбатты* болмаса да, сұрау белгісіндей әдемі өрнектелмесе де, нығыз нүкте – аяқталған тиянақты ойдың жемісі (Д.Қыдырәлі «Нүкте философиясы»).

Тектіліктің тұла бойынан берекелі бекзаттық, *келісті* кербездік, сындарлы сырбаздық, биқасам бипаздық болым-бітім мен мұндалап тұрады (И.Сапарбай «Жұматайдың жұмбағы»).

Сол сезім құйқылжыған *әсерлі* сәттен бастап Серікбай Алматының өзіне айналып жүре бергенін сезді ме, екен? (Қ.Әлім «Жеңіс-жүрек»).

Тұңғыш кітабы «Трагедия табиғатынан» бастап, өзінің көзі тірісінде жарық көрген соңғы туындысы «Толғауы тоқсан қызыл тілге» дейін дарияланған сын, зерттеу, монографиялардан тұратын мол мұрасының қай-қайсысын оқысаңыз да, суреткерлікпен сабақтасатын сараптау, сырлы да сұлу сөздермен өрнектелетін талдау үлгісінің *әрлі* әлеміне еніп кетесіз. (Қ.Алпысбаев «Алаш текті академик»).

Ол пәлен бөлмелі *әйбат* үй болғанымен, оны қыста жылытуға көп отын керек (С.Досанов «Қыранның қайғысы»).

Кейде орман арасынан жазық далаға шығып, бой жазған кербез бұғылар тарам-тарам шаңырақ мүйіздерін шайқап қойып, үп-үлкен, мөп-мөлдір, *сүйкімді* жанарымен айналаға сүйсіне қарап тұрушы еді-ау (С.Досанов «Қыранның қайғысы»).

Ендігі кезекте алынып отырған көркем әдебиет мысалдарында синонимдік қатарлардың мағыналық ерекшеліктері, тіркесу белгілерін талдап көрелік.

Бұған дейінгі зерттеулерде тіліміздегі синонимдер төмендегідей мағыналық реңктерге бөлініп, сипатталады:

1. Қадір тұтып, сыйлағандықты білдіретін реңктер: көркем, ару, т.б.
2. Салтанат құру мәніндегі көтеріңкі реңктер: айдай, әдемі, сымбатты,т.б.
3. Поэтикалық реңктер: сұлу, әсем, т.б.
4. Дөрекілік мәніндегі реңктер: ажарлы, әрлі, т.б.
5. Кекесін, мысқыл мәндегі реңктер: келісті, әсерлі, т.б.
6. Менсінбеушілік, кемсіту мәніндегі реңктер: шырайлы,

Бұлай бөлу шартты түрде ғана, жалпы синонимдердің мағыналық реңктерін сипаттау мақсатында жүзеге асырылды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, синонимдік қатардағы сөздердің семантикалық өрістегі мағыналарының деңгей-дәрежесі әртүрлі. Әдетте сөздің семантикалық құрылымын үш түрлі мағына арқылы қарастырамыз: денотаттық, сигнификаттық, конотациялық. Тілші-ғалым Х.Ордабекованың пікіріне сүйенсек, «Денотаттық мағына – затты, құбылысты, нәрсені, сапаны, іс-әрекетті атап білдіретін семантикалық компоненттердің жиынтығы. Денотаттық мағына – сөздің семантикалық құрылымының негізгі, әрі маңызды бөлігі саналады. Денотаттық мағына негізінен сол затты бейнелейтін ұғымдық белгілердің біреуімен сәйкес келеді» екен [3, 26 б.].

«Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде»: Сұлу, әдемі, әсем, көркем, ару, әрлі, бәденді, ажарлы, шырайлы, келбетті, кескінді, көрікті, сиықты, келімді, зипа, айдай, ренді, өнді, қияпатты, райлы деп берілген. Синонимдік қатардағы сөздердің ортақ денотаттық мағынасы - кескін-кейпі келіскен, тұр-тұрпаты жарасқан, көз тартарлықтай деп белгілендіктен, денотат сөзді әдемі деп белгіледік.

Сигнификаттық, яғни, пайымдық пен коннотатты мағына осы денотаттық мағынаны эмоционалды-экспрессивті боумен қалыңдата түседі.

Синонимдік қатардағы әрбір сөзде көрсетілген мағынадан тыс стильдік мағына бар. Стильдік қолданылу ерекшелігінен туындаған синонимдік қатардағы сөздерден «ты, -ді, -лі, -лы қосымшалары зат есімге жалғану арқылы эмотивті-экспрессивті мән үстелген синонимдерді байқадық. Мәселен, әр-әрлі, бәден-бәденді, рең – реңді, өң – өңді, рай-райлы. Бұлардағы әр, бәден, өң, рең, рай сөздері де синонимдік қатар құрап, адамның жүзіне қатысты айтылады. Мұндай қосымшалар қазақ тілінде реңк мәнін үстейтін жұрнақтар деп танылады, әрі осы жұрнақтар арқылы туындаған сөздер реңк мәнді есімдер деп аталады.

Алынған мысалдардағы көркем, әйбат, келісті, қияпатты, сиықты, т.б. сөздер адаммен қатар, жансыз атаулармен де тіркесе беретінін аңғардық. Мысалдардағы шырайлы шаһар, көркем мінез, әсерлі сәт, келісті кербездік, айдай әлем, т.б. осының дәлелі.

Синонимдік қатардағы кейбір сөздер лексикалық-семантикалық топтың барлық түріне қатысты да айтыла береді. Мысалы, Әдемі әйел, әдемі бақ, әдемі әлем, әдемі қоян, т.б.

Синонимдік қатардағы сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін сипаттау барысында барлығы да дерексіз мағынаны білдіріп, бір-бірінен мағыналық аясы мен қолдану жиілігі жағынан өзгешелетінін аңғардық. Мәселен, мұндағы *сұлу, әдемі, әсем, сымбатты* сөздері жиі қолданысқа түссе, сәйкесінше, *әрлі, бәденді, қияпатты, райлы* сыңарлары өзара контекстік мағынаға ие болып, белгілі бір мәтіндерде ғана қолданылатынын байқадық. Сонымен қатар, поэтикалық, сыйлау, тамсану, т.б. реңктерді білдіру жағынан да бұл қатардағы синонимдердің қолданыс жиілігі алуан.

Мәселен, көркем әдебиетте *сұлу, әсем, көркем* сыңарлары жиі кездеседі. Ал, қияпатты, бәденді сыңарларының дөрекілеу реңкі басым болса, керісінше, *әйбат, айдай, келісті* сөздерінің ерекше құрмет, тамсану мәнін туғызатындығын байқаймыз.

Ғылыми тұрғыда, синонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктерінің басты айырым белгісі – мағына. Осыған орай, синонимдік қатардағы сөздер бір-бірінен мағыналық жақтан төмен немесе жоғары дәрежеде және мағынасының кең немесе тар аяда болуына қарай топтастырылып, қарастырылады.

Осыған орай, жоғарыда алып отырған синонимдік қатардағы сөздерге талдау жасап көрелік.

Айталық, көркем – шырайлы сөздерінің мағыналық дәрежесі әртүрлі. Сәйкесінше мағыналық аясы да түрліше болады. Бұл жерде шырай сөзінің жасалу жолына да байланысты екендігін бағамдауға болады. Түбірі болып саналатын шырай – өң, бет, ажар, рең сөздерінің синонимі болғандықтан, сын есім тудыратын –лы, -лі, - ды, -ді жұрнақтарының жалғануы нәтижесінде шырайлы сөзі сұлу, әдемі сөздеріне синоним болып тұр. Алайда, көптеген қолданыстарда шырайлы адамнан гөрі басқа да жансыз құбылыстарға байланысты кездеседі, мәселен, шырайлы кент, шырайлы мекен, т.б.

Кез-келген сөздердің синонимдік қатардағы сыңар ретіндегі стильдік реңкі мен экспрессивті-эмоционалды бояуы басқа сөздермен тіркеске түскенде байқалатыны анық.

Қайсыбір синонимдік сөздердің бір-бірінен реңктік, стильдік айырмашылығы бірден айқын аңғарыла бермейтіндіктен, оны тек контекстке, мәтінге қарап аңғаруға болады. Сондықтан синоним сөздердің басым көпшілігін бірін-біріне ауыстырып айта бергенімізбен, олардың белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп айтылатыны, белгілі бір сөйлемдерде ауыспай қолданылатыны да аз емес. Бір қарағанда, мағыналық теңдікке ие болғанымен, *сұлу, әдемі*

сөздерінің де мағыналық реңкін ана тілінің табиғатын сезінетін адам айқын сезініп, дұрыс қолданады.

Бұл мақалада біз мәтіндік корпустың метабелгіленімдері арқылы синонимдерді табу, стильдік реңктеріне қарай сипаттаумен қатар, қолдану ерекшеліктері бойынша тұжырымдар жасауды мақсат еттік. Соңғы уақытта мәтіндер корпусы тіл үйретулерде нәтижелі қолданылып жүр. Корпусқа енгізілген мәтіндердегі сөз қолданысын, соның ішінде синонимдерді қолдану арқылы лексикалық-семантикалық құрылымы мен үнемі грамматикалық канондарға сәйкес келе бермейтін узустық мағынасы, қолдану жиілігі мен аясы жайлы жаңаша тілдік фактілерді кездестіреміз. Мәтін корпусындағы конкорданстар арқылы грамматикалық және лексикалық құбылысқа берілетін мыңдаған мысалдарды таңдап, корпус негізіндегі веб-сайттар арқылы тілдік білімдері дамиды.

Ең алдымен, мәтіндік корпус - бұл ғылыми зерттеулерде қолданылатын мәтіндер жиынтығы. Бүгінгі корпустарда мәтіндер тілдегі барлық стильдер бойынша жинақталған.

Корпус - компьютердің жадына электронды түрде негізделген лексикалық, грамматикалық бірліктері толықтай қамтылған мәтіндер жиынтығы. Компьютерлік технологияның көпқырлылығы мәтін лингвистикасы, мәтіндік талдау мәселелерінің қарқынды дамуына үлкен мүмкіндік туғызады.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, көркем мәтіндерде қолданылған түрлі теңеулер, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер автордың танымын, оның шығармасында бейнелеп отырған ортасының мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін байқауға анықтауға болады. Демек, сол байлықты ауқымды көлемде жинақтаған көркем мәтіндерді зерттейтін корпустық лингвистика тіліміздің байлығын көрсетумен қатар, тілді байытатын оның ары қарай дамуына, сақталуының бірден-бір жолы. Сонымен бірге ұлт тілінің құдіретін, оның бүкіл болмысын танытуға қызмет ете ұлт болмысымен сабақтас тіл қазынасын зерттеуде де орны айрықша. Соның негізінде әр жазушының тұтас қарастырылған шығармашылық қолданысындағы көркем сөздің прагматикасын, мағыналық астарын аша отырып, әрбір тілдік тұлғаның шеберлік өрісіне орай сөз қолданыстарының жанданып, даму сипаты айқындалады. Осы орайда көркем мәтіндерден алынған корпустық мысалдар арқылы синонимдерге кешенді талдау жүргізу міндетін белгіледік.

Мұндағы мақсатымыз, кез-келген тілдік мәселеге жаңаша талаптар тұрғысынан талдау жасауда немесе ғылыми-зерттеулер жүргізуде корпустық лингвистиканың әлеуетінің басым екендігін, соның ішінде мәтін корпусының нәтижелі болатындығын дәйектеу. Мысалы, корпусты пайдаланушы *әдемі, реңді, әсем, көркем, өңді, сұлу, шырайлы, келбетті, әйбат, көрікті, айдай, арайлы, ажарлы, дидарлы, сымбатты, келісті, әсерлі, сүйкімді, әрлі, райлы, қияпатты, бәденді, т.б.* қатарындағы сөздердің мағыналық өрісі мен прагматикалық қатынасына қызығушылық арта түседі.

Айталық, *әдемі, әсем* сөздерінің мағыналық айырмаларын аңғару мүмкін емес. Бұл тұрғыда көбіне конкорданстар құрудағы метабелгіленімдер арқылы сипаттау барысында да айқын көз жеткіздік.

Ал, алынған қатардағы кейбір сөздердің қолданыс аясы көбіне тіркескен сөздеріне қарай бағамдалып отыр. Адамға қатысты айтылатын синонимдердің бет, жүз, көрік, пішін, т.б. сөздермен тіркесу жиілігі мен прагматикалық қатынасын жан-жақты талдау барысында айқындалады. Ал, мәтін корпусындағы синонимдерге лексика-семантикалық талдаулар жасау тіліміздің ұлттық заңдылықтарын айқын көрсетумен қатар, халықтық маңыздылығын дәлелдеп тұр.

Қорыта айтқанда, тілдің басты әлеуетін көрсететін мәтіндерді қамтып, жинақтаған корпустарды болашақ ұрпағымыз үшін тілімізді жеткізуші құрал ретінде зерттеп, тиімді пайдалану жолдарын қарастыру – заманауи тіл білімінің басты мақсаттарының бірі. Тілдік қазынаны игеру мен зерттеудің заманауи мүмкіндіктерін ұлтымыздың ежелден келе жатқан құндылықтарын танытумен ұштастыра білу осы бағыттың дамуын жандандыра түспек.

Осы мақсатта мәтіндер корпусы арқылы синонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне жаңаша талдаулар жасап, оқыту жолдарын көрсетуге ұмтылдық. Бұл бағытта, синонимдер мәтіндер корпусындағы әрбір ақын-жазушы немесе стильдік қолданыста өзіндік ерекшеліктерге ие болатыны, сол арқылы ғылыми пайымдаулар жасау мүмкіндігі анықталды. Тағы да, тілші-ғалым Р.Сыздықоваға сүйенсек, «Сөз қолданысы деген мәселе – көркем шығарма тілін танытудың ең бір өзекті тұсы, мұнда стильдік-шеберлік жайттары сөз болмақ (мысалы, сөздердің бір тақырыптылығы, модальдық бояуларының біркелкілігі, бір сөздің қайталануы, белгілі бір тұлғалардың жиі (актив), не сирек (пассив) қолданылуы, синонимдердің қолданысы дегендерге барып тіреледі) [4, 24 б.].

Тіліміздің сөз қоймасы – өте бай. Оған бір ғана синонимдер қатары, жарыспалы қатарлар (варианттар, дублеттер, т.б., әр алуан оппозиттер, сөйлеу тілі, диалектілік қолданыстар, кірме сөздер, сондай-ақ, сөздің эмоционалды-экспрессивті мағыналары, т.б. дәлел.

Бір ғана синонимдік қатардағы сөздердің мағыналық реңктері мен ортақ семадан туындау, қолданыс аясы мен мәтіндер корпусындағы жиілігі арқылы олардың поэтикалық табиғатының да аса басым екендігін аңғардық. Бұдан синонимдік қатардың оң және сол жақтарындағы сөзбен байланысу күші біркелкі деген тұжырым жасай аламыз. Синонимдік қатарлар, лексика-семантикалық топтар мен өрістер, лексика-фразеологиялық өрістер, тақырыптық топтар, ассоциативті топтар сияқты лексикалық топтастырулар арасында нақты айырым белгілерін көрсету қиын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Плунгян В. «Первый урок корпуса — не злоупотреблять нормализаторством» // https://gramota.ru/journal/stati/nauka
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1970. – 282 б.
3. Ордабекова Х. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Электронды оқулық. 2018.
4. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.6. - Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 295б.

ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Жаманбалаева Баян Мелденовна
№43 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Нұрбек Айнұр Кенжебекқызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 1-курс студенті, Тараз қаласы

Жазылым — тіл үйренуге қатысты қиын да күрделі жұмыс. Тілдік дағдылардың ішіндегі ең күрделі де, қызықтысы. Жазылым — тілдік тұлғалардын графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік матералының мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет [1].

Жазбаша сөйлеу ойларды жазбаша түрде білдіру қабілетін жүзеге асырады. Адам мәтіндерді жазуды немесе кез — келген ақпаратты жазбаша түрде жазуды үйренбестен

бұрын, ол белгілі бір дағдыларды-жазу техникасын міндетті түрде алады, содан кейін үнемі жаттықтырады, яғни.әріптерді дұрыс жазу, оларды дыбыстық және визуалды бейнелерді қолдана отырып, сөздерге қосу дағдыларын автоматтандырады[2, 19б]. Мотор жады да жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі (қол сол немесе басқа сөз жазылғандай «есте сақтайды».

Жазылым біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы болып іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асырады [1].

Әдіскерлердің қалыптасқан пікірі бойынша, жазылым үш бөліктен құралуы тиіс. Олар: Себеп-салдарлық; Аналитико-синтетикалық; Орындалымдық. Яғни жазылым әрекеті, біріншіден, белгілі бір әсерді екінші: адамға жеткізудің нәтижесінде ойға келеді, алдымен оның себебі пайда болады. Екіншіден, аналитико-синтетикалық кезенде сөйлем құрылымы жасалады, сөздер бір-бірімен тіркеске түседі, сөздін қызметі мен орны белгіленеді. Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін /текс/ пайда болып, жазу орындалады.

Жазылымның лингвистикалық ерекшелігі әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі жазуды, тілдің дыбыстық жүйесін, жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды.

Жазылымнын лингвистикалық мазмұнын белгілейтінмәселер мыналар: графика, орфография, жазып алу, жазбаша сөйлеу.

Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе — жазылымның графикасы. Графика, яғни жазу таңбалары — жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы.Әріптік таңбалары екі түрде жазылады: баспатүрінде және қолжазба түрінде.

Қазақ тілі графикасының ерекшелігі — әріптер қалай жазылса, солай оқылады және басқа тілден енген дифтонг /қосарланған/ дыстардан басқалары құрамына қарай бір таңба бір әріпті бір дыбысты көретеді. Жазуды меңгеруде лингвистикалық жақтан үйретілетін келесімәселе орфография. Ол-белгілі бір сөзді әріптік таңбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені оқытпай тұрып, жазуды да тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес. Жазып алу немесе қысқаша жазу-жеке сөздерді, сөз тіркесін бір-біріне мағыналық байланысы жоқ сөздер мен сөйлемдерді дұрыс жаза білу [3, 56 б.] Сол сияқты қысқаша тезистер жоспарлар қысқартылған сөздер мен ойларды белгілеп, жазып алуда осыған жатады.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі — жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау; Сонымен қатар жазба жұмысы тіл үйренушінің ойлау жүйесіне тиімді, есте сақтауға жеңіл болуға тиіс.

Жазылымның әдістемелік ерекшелігі — графика мен орфографианы, жазу мен жазбашасөйлемді жетікбілудің,Үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту.

Жазылымның физиологиялық ерекшелігі — жазу кезінде дене мүшелерінің қимыл-қозғалысын дұрысигерудіүйретуі.

Жазуды үйретудің басты алғышарттары:

Қазақ алфавитіндегі әріптердің таңбасын дұрыс жазуға үйрету, яғни каллиграфияны жете меңгеру [4].

Әріптік таңба мен фонеманың қазақ тілі жазуында алатын орны; Жеке тілдік единицалардың дұрыс жазылу ережесін білу. Қазақ тілі грамматикасына сәйкес сөз тіркестері мен сөйлемдердің байланысу заңдылықтары мен дұрыс жазылу ережелерін игеру. Ойды жазбаша жеткізудің ең қарапайым және қысқа түрін меңгеру.

Қазақ тілін сауатты үйрету үшін оқушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Мұндай жазба жұмыстарына: жазбаша жаттығулар, қысқа мәтіндер, жүйелі жазба жұмыстары, жазбаша бақылау жұмыстары, диктанттың түрлері, жазбаша ойындар, іс-қағаздардың үлгілері. Бұл жұмыстардың бәрі арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер бола келіп, жалпы қазақ тілін терең үйретуге пайдасын тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. https://stud.baribar.kz/14650/zhazylym-2
2. Қ.Күдеринова. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы — Алматы: Елтаным, 2013. — 344 б.
3. А. Волков. Типология алфавита, графики и орфографии: автореф. канд. фил. наук. – Москва: Наука, 1974. —30 с.
4. А. Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

ДИАЛОГТІК СӨЗ МӘДЕНИЕТІН МЕҢГЕРУДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

Ермукатова Жаныл Жанисовна
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс магистранты, Тараз қ.

Ел іргесінің берік болуы мемлекеттік тілдің дамуымен тығыз байланысты. Себебі тіл – біріншіден, мемлекеттің ішкі бірлігін сақтайтын діңгек. Мемлекеттің бірлігі ұлттың тілі, мәдениеті, діні мен ділі, тарихы, атамекені, экономикасының тұрақты дамуына тәуелді. Аталған ұғымдар ұлттың табиғатын танытады, мемлекеттің болашақ мақсаттарын болжауға мүмкіндік береді. Тіл бар жерде ұлт бар. Тіл тағдырының тек қаулы-қарарлармен шешілмейтіні баршаға аян. Оның ең басты тетігі – болашақ ұрпақты ана тілінде білім нәрімен сусындату. Сонда ғана тіл болашаққа аяқ басып, ұлтты сақтайтын алтын көпірге айналады. Ана тілі білім берудің негізгі көзіне айналған кезде ұлт рухани, мәдени, сапалық тұрғыдан жаңа даму сатысына көтеріледі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде барша халықты біріктіріп, бітімгершілік қызмет атқаруы тиіс. Сол жағдайда бірлігі бекем, мемлекеті мығым ұлт қалыптасады.

Екіншіден, тіл – қоғамның мәдени тұтастығын сақтаушы құрал. Қоғам қайраткері, философ А.Айталының айтуынша, мәдениеттану тұрғысынан «ұлт» дегеніміз мәдени қауымдастық, қауымдастық мүддесін қолдаушылар, уағыздаушылар үшін ұлттық тілдің маңыздылығы зор [1]. Халықтың рухани байлығы тілі арқылы көрініс табады. В.К.Кюхельбекердің пікірінше, «ұлт – рухани негіздегі қауымдастық, тіл – оның ділі, сондықтан да тіл тарихпен байланысты болғанмен, тілдің тарихи мәні саяси өзгерістерден салмақтырақ»

[2] деп бағалап, ұлтты рухани қауымдастық ретінде танып, ана тілінің мәртебесін ұлттың ділі деп қарастырады. Рухани қауымдастық – ұлттың сақталу жолы, қауымдастықтың ұлы идеялар төңірегінде бас қосуы, ұлт үшін саяси- экономикалық, мәдении, ғылыми дами отырып, тәуелсіздікке ұмтылу жолында топтасып әрекет етуді көздейтін әлеуметтік байланысы. Өз ұлтының мүддесі үшін мәңгілік күрестің ең басты құралы ұлттық тіл екенін мойындау керек. Яғни тіл – ұлттың рухын ғасырлар бойы сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ұлы күш.

Тіл өзін-өзі танудың, әлеуметтік сәйкестіктің және мәдени мұраның маңызды аспектісі болып табылады. Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге өз ойларын, сезімдері мен құндылықтарын білдіру, өзгелермен байланыс орнату және мәдени дәстүрлерге қатысу

тәсілі. Ол – әлеуметтік болмысымыз бен мәдени мұрамыз әрі құндылықтарымызды қалыптастырушы күш. Өз ойын мазмұнды, жүйелі, сөз мәдениетіне сай жеткізу адамның өзін тану жолында рухани-интеллектуалды дамуының алғышарты болып табылады. Сондықтан ана тілі адамды тұлға ретінде дамыту мен тәрбиелеудің негізгі факторы ретінде қарастырылады. Ұлы жазушы М.Әуезовтің «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адамды толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қай мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» деген сөздері тұлға тәрбиелеудегі ана тілінің маңызын толық ашады [3, б.132]. Өскелең ұрпақ ана тілі арқылы халықтың ғасырлар бойы жүріп өткен жолын, жинақтаған тәжірибесін, рухани байлығының нәрін, тәрбиесін қоса қабылдайды. Философ И.Кант: «Халық өз тілінен айырылған кезде харекетінен де айырылады», – дейді [4]. Себебі тілінен ажыраған халық ұлт ретінде (тарихи, рухани, мәдени және т.б.) дамуын тоқтатып, біртіндеп жоғалады. Ана тілімен танысу адамның дүниеге келген кезеңінен бастау алып (басталуы керек!), ары қарай ол ұлттық тәрбиенің бесігінде жалғасын табады. Осыдан бастап тұлға ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп, сөз құдіретін түйсініп, барлық өркениетті қоғамда қабылданған жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалап үйренеді.

Мектепте диалогтік сөз мәдениетіне баулу да ұлттық қағидалар мен философиялық байламдарды таныту арқылы жүзеге асады. Әрбір сөздің мәні актілермен, жағдаяттық тапсырмалармен сабақтастықта түсіндірілуі тиіс. Қазақ

халқы – сөз құдіретін терең бағалап, сөздің киесіне сенген, сөзге тоқтаған халық. Оған халықтың басынан өткен ірілі-ұсақты оқиғалар, ғасырлар бойы жинақтаған аталы сөздері дәлел болады. Халық қашан да жақсы, жылы сөзді жақсылықтың жаршысы ретінде бағалап, ұрпақты дұрыс әрі мазмұнды сөйлеуге, адам жанын жаралайтын сөз айтпауға тәрбиелеген. Осы мақсатта «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсы сөз жанды қуантар» деген нақыл сөздерді жастардың санасына жеткізуге тырысқан. Қазақ ұғымында жақсы сөз әуелі сәлемдесу әдебінен басталады. Сәлемдесу арқылы адамдар бір-біріне деген достық ниетін білдіреді, мейірімін көрсетеді, адал пейілін танытады. Бұл айтылғандар кез келген ақпарат алмасу, сұрастырып білу, қарым-қатынастан бұрын амандасу, хал сұрасудың тәрбиелік әрі этикеттік мәні зор екендігін көрсетеді. «Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді» деген мақал жақсы адамды кез келген ортада ілтипатпен қабылдап, қадір тұтатынын жеткізеді.

Бүгінгі ұлттар мен мемлекеттер, олардың тілдері, мәдени ерекшеліктері бір- бірімен тығыз байланыса бастаған жаһандану дәуірінде адам мен түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірінің тілін сыйлап, мәдени құндылықтарына түсіністікпен қарауына тіл табысу мәдениеті арқылы қол жеткізуге болады. Сөйлеу, сөз арқылы тіл табысу өнері аяқасты болған жағдайда түрлі мәдени қақтығыстардың орын алатыны өркениетке қадам басқан барлық елге аян. Осыған орай адамдардың тіл табысуы бүгінгі мәдениетаралық қарым-қатынастың өзекті мәселелерінің бірі болуда. Біздің жағдайымызда үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытуды қазақ халқының мәдениетімен, өткен және бүгінгі шынайы әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста оқыту маңызды. Сөз адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, мемлекет пен мемлекетті жақындастыратын қасиетке ие. Сөздің татуластыру, бітімгершілік, ортақ шешімге келу, бейбітшілікке шақыру сияқты ең асыл қасиеттері қазақтың «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», «Жылы- жылы сөйлесең, жылан да інінен шығар», «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» және т.б. нақыл сөздерімен айғақталады. Осы тұста әділ шешімімен танылған шешен Қазыбек бидің Жоңғар шапқыншылығы кезінде жасаған бітімгершілік, елшілік қасиеті еске түседі. Халық мүддесі үшін бітімгершілікке баратын елші табанды да қиындықтан тайсалмай шыға алатын ерекше сезім иесі, сөзге тапқыр шешен болған. Жаугершілік заманда Қазыбек би жас та болса, қазақтың азулы би-шешендеріне еріп, жоңғар ханы Қонтайшыдан дат сұрап барған екен. Жасы үлкен елшілер жасқанып, сөзінен жаңылған тұста бала Қазыбек жоңғардың ханы Қонтайшыға:

«Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-

береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең –

шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – деген екен [5].

Осылайша Қазыбек би қазақтың «ешкімге соқтықпай жай жатқан» бейбіт ел, ел басына күн туса, жерін қорғау үшін «найзасына жылқының қылын таққан» батыр ел, жеріне көз алартқан «дұшпан басынбаған» өжет ел, «басынан сөз асырмаған» намысты ел, «достығын сақтай білген» пейілі кең қонақжай ел, пиғылы бұзық қара түгіл хан болса да «ордасын таптай білген» жауынгер, егер аталы сөзге тоқтамаса «шабысқалы, алысқалы» келген ел, бітім сөзге тоқтаса

«танысып, еріткелі, қазақ-қалмақты теліткелі» келген достық ниеттегі елдің елшілері екенін жеткізген сөздерінен жауымен алысудан тайынбайтын батырлықты, бейбітшілікке шақырған ізгі ниетті аңғарған Қонтайшы хан аталы сөзбен жеткізілген әділдікке басын иіп, жас та болса, алдына келіп қаймықпай сөйлеген Қазыбектің шешендігіне, өжеттігіне риза болады. Қазақ елшілерінің бар талаптарын орындап, тұтқынға түскен қазақ жауынгерлері мен тоналған мал- мүлікті қайтарып береді.

Әділдікті асыл сөздің төркінінен тапқан атақты Әйтеке бидің «Жігіттің жақсысы - дұрыс сөзге тоқтай білгені, басқаны сөзіне тоқтата білгені» деген нақыл сөзі әділ де жігерлі сөздерімен жауды тоқтата білген Қаздауысты Қазыбек би мен биік парасат пайымынан шыққан сөзге тоқтай білген жоңғар ханы Қонтайшының осал еместігін айғақтайды. Бұл халықтың басынан өткен тарихи оқиға ұлттың тағдырын, мемлекеттің болашағын шешуде тілдің үлкен рөл атқаратынын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлемнің көптеген алпауыт елдерімен терезесі теңесіп, түрлі бағыттардағы келісімшарттар жасасуы, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауы, «Шешен кісі сөз бастар, Адал кісі ел бастар» дегендей, елшілер мен дипломаттардың, мемлекеттің бейбіт саясат жүргізуінің нәтижесі.

Сөзді адам арының өлшемі ретінде таныған қазақ даналығы «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деп, орынсыз сөйлегенді құптамай, әр сөзді өз ыңғайына, ретіне қарай жұмсау қажеттігін баса көрсетеді. Абайсызда ауыздан шыққан қатты сөз адамның жанын жаралайтыны, көңіліне селкеу түсіретіні белгілі. Халық түсінігінде «Дөрекі сөз имансыздан шығады, ал имансыздың мекені тозақ болады» деген ұғым арқылы адамзатқа сөздің қасиеті арқылы ұрпағын имандылыққа тәрбиелеудің жолын көрсетеді. Бұл да диалог тектері мен түрлерін үйретуде басымдылыққа алынады.

Білім мен ғылымның адам өміріндегі маңызын жете түсінген қазақ халқы білім мен ғылым, ақылдың өлшемін де бір ауыз сөзбен түйіндеген. Түркінің түгелін түгендеген Махмұт Қашқаридың «Білімі болса – сөзден жаңылмас», «Білімдіден сөз тыңдасаң, күшің тасыр», гректің ұлы философы Демокриттің «Ақымақтың ұстазы сөз емес, бақытсыздық» [6], ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі» деген нақыл сөздері – осының дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Саломатова К.И Проблемы обучения диалогической речи // ИЯШ, –М.: Просвещение, 1967, – С.29

2 Әмір Р. Қазіргі қазақ тілі құрмалас сөйлем жүйесі.– Алматы: Қазақ университеті,

2014. – 110 б.
3 Оразбаева Ф. Шығармалар жинағы. 2 т. Тілдік қатынас. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019, – 584 б.
4 Мешімбаева Б.Ш. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: п.ғ.к. ... дисс. Алматы, 1999, – 163 б.
5 Әлметова Ә.С. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007. – 316 б.
6 Дәулетбекова Ж.Т., Рай Қ.М. Сөйлеу білу – өнер. Алматы – 2013. 120 б.

ОМОНИМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Чмаева Назипа Диханбаевна
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс магистранты,
Тараз қ.

Антропоөзектік парадигмада анықталатын когнитивтік лингвистика ғылымының негізгі ұғымдарының бірі – концепт. Концептінің мәнін ашу сана заңдылықтарына тікелей байланысты. Профессор Н.Уәлидің зерттеуі бойынша: «Концепт – индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептінің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілерімен байи түседі. Осының нәтижесінде концептінің мәні, мазмұны ұлғаяды» [1].

Ғалым А.Исламның пікірінше: «Концепт» дегеніміз – ол біздің пайымдауымызша, адам санасында тұрған орта, дін, мәдениет, жалпы айтқанда, дүниетаным негізінде белгілі бір ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз беріліп отыратын құндылық. Сөйтіп, олар «концептілер аймағын» құрайды» [2, 2 б.].

Концепт – бір сөздің беретін ұғымы мен түсінігі емес, күрделі семантикалық бірлік. Концепт пен ұғым екеуінің аражігі бұл күндері толық ашылған логика-лингвистикалық бірліктер болып табылады. Ол тілдік бірліктердің қандайын болса да (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, дискурс) белгілей алатын, семантикалық өріс ретінде көрініс беретін мағына. Онсыз ол концепт деңгейіне көтеріле алмайды [3].

А.Әмірбекованың зерттеуі бойынша: «Концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесі концептіні танытатын критерийлерді ұсынуға негіз болды, яғни концепт дүниенің құндылықтарын танытады; концепт санадағы дүниенің мәнін бейнелейді; тіл арқылы объективтенеді; субъектінің біліми деңгейін танытады; белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады; Мысалы: қазақ халқында танылған «шаңырақка қара ту тігу» фреймі «өлім» концептісін танытады. Тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды; концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; концепт – білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі» [4].

Когнитивтік лингвистика – адам санасында тілге дейін жарыққа шыққалы тұрған ойы мен пайымын жинақтау, дайындау, тілдің қай бірліктерімен беру қажеттілігін таңдау процестерін қарастыратын тіл саласы. *Омонимдердің танымдық жағынан* ең алғаш қарастырған ғалым Г.Қосымова «Көне түркі тіліндегі бастапқы түбірден түрлі сөзжасамдық тәсілдермен жасалған туынды сөздер көне түркілердің әлемді тану

танымынан хабардар етеді, тілдегі әрбір лексикалық бірлік қазіргі тілге дейін сақталып келген тілдік жүйенің заңдылықтарын сақтай отырып, шындық болмыстағы реалийлерді анықтауға мүмкіндік береді. Мән берілген нысанның ерекше белгілеріне қарап пайымдау жасап, тілдік құралдарды таңдау негізінде атау беріп, атаудың мазмұнында табиғаттан ажырамаған адамдардың таным-түсінігі жатады» – деп, омонимдердің пайда болуында затты тану, тани отырып өзіндік атау беру жағына кеңірек тоқталады [5, 121 б.]. Санада болатын когнициялық құбылыстарды адамның вербалды және бейвербалды әрекеттері арқылы тануға болады. Ал оның вербалды жеткізген ақпараты арқылы аялық білімін анықтай аламыз. Когнитивтік лингвистиканың зерттеу тәсілдері тек мағына, ұғым мәнін анықтауда белсенді қызмет атқара алатын қасиетін пайдалана отырып, қазақ омонимдерінің концепт құрау әлеуетін тануда, омонимдес мағыналардың түрлерін, олардың аражігін айқындап алуда негізгі зерттеу әдісі ретінде таңдап алдық. Сондықтан омонимдердің лингвокогнитивтік әлеуетін былайша талдап көрсетеміз.

Қай тіл болмасын омонимдердің көп болғанын қаламайды. Дегенмен, бұл – тілдің заңдылығы. Қазақ тілінде де уәжді және уәжсіз омонимдер көптеп кездеседі. Әсіресе, ұлттық заттық-мәдени ұғымдардың бірдей дыбысталуы, омоним қалыптастыруы жиі кездеседі. Мәселен, тілімізде «АҚСҮЙЕК» екі қатардан тұратын омоним сөз. Ақсүйек 1 (аристократ), ақсүйек 2 (ұлттық ойын). Аталмыш омонимдердің түпкі уәжі бір – сүйегінің ақ болуы. Ақсүйек (аристократ) ұғымында «ақ» – бейнелі мағынада, яғни текті ұрпақтың жалғасы деген мәнде қабылданған, ал ақсүйек (ұлттық ойын) ұғымындағы «ақ» – сүйектің табиғи түсіне тән берілген тура мағына. Сүйектің бойындағы фосфордың әсерінен сүйек түнгі қараңғыда аппақ күйінде жарқырап көрінеді. Осы қасиетіне орай атауыш мағынаға ие болған. Үшінші омоним – *ақсүйек болу* фразеологиялық тіркес құрамындағы ақсүйек мағынасы – қу сүйек болу, еті жоқ, сүйегі адырайып көрініп тұратын визуалды қабылдау нәтижесінде туындаған ұғым. Демек, *ақсүйек* омонимдері әртүрлі мағынада әртүрлі заттық, болмыстың атауын білдіргенімен, түбіндегі уәжі, архетипі – сүйек, адамның жаратылысының бір бөлшегі.

Ақсүйек 1 - концепт. Ақсүйек 2 - лингвомәдени бірлік. Ендігі кезекте, лингвоконцептуалдық талдау жүргізу арқылы концепт пен лингвомәдени бірліктің мәдени кодын ашуға тырысайық.

Философиялық түсінік бойынша, АҚСҮЙЕК 1 – хандық дәуірдегі қазақ қоғамында айрықша құқықтар мен ерекше артықшылықтарға ие болған таңдаулы әулет өкілдері, әлеуметтік жік, төрелер, қожалар мен сейіттер. Дәстүр бойынша «қара халыққа» үстемдік етуші таңдаулы әулеттердің өкілдері ақсүйек саналған. Ақсүйектердің бұқарадан бөлек айрықша құқықтары мен артықшылықтары болған. Мемлекеттік билік ақсүйектер қолына берілген. Өркениет жемісін де солар пайдаланған. Қазақтар «текті», «бекзат», «бек» лауазымын иеленген кісілерді асыл, ақсүйек деп құрмет тұтқан. Қазақ тарихында Шыңғысханның ұрпақтары – хан, сұлтандар ақсүйек саналып келді. Олар төре аталып, халықтың ерекше ілтипатына бөленді. Патшалық Ресей өкіметі ақсүйектердің ықпалын шектеді, ал Кеңестік дәуірде ақсүйек әулетінің өкілдері саяси қуғынға ұшырап, жапа шекті. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы ақсүйек ұғымы әлеуметтану ғылымындағы «аристократия», «элита» ұғымдарына жақын келеді [6].

Ұлттық түсінік бойынша, АҚСҮЙЕКТЕР – аристократ сөзінің қазақы мағынада айтылуы. Қазақта «сүйек» адам тегінің асыл, не қарапайым болуының символ сөзі ретінде қолданылған. Әдетте тегін кім дегенді кейде

«сүйегің қайсы ел» деп те айтатыны бар. Қазақтың дәстүрлі сөздерінде «ақсүйек», «қарасүйек», «сарсүйек» деген сөздер кездеседі. Қара сүйек – бұл қарапайым адамдар. Сары сүйек деген бұл – құдандалы байланысты көрсетеді. Ал, ақсүйек деген арғы атасынан қаракөктің тұқымы дегенді білдіреді. Қазақта Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыдан тараған Төрелер сондай ақсүйектер ретінде Қазақ хандығы кезінде елді билеу

құқын өз қолына алған болатын. Ақсүйектер қара қазақпен араласуда белгілі шек қойды. Мысалы, өздерін пайғамбардан тарататын Сейіттер әулеті әртүрлі әлеуметтік жіктерден қыз алғанымен, өз қыздарын басқаларға бере бермеген. Өйткені сейіт қызынан туған бала, ата-тегіне қарамай, Мұхаммед пайғамбар әулеті сейіттердің барлық құқығы мен артықшылығына ие болып отырған. Сейіт болу құрметі қымбат бағаланғаны, олардың өз қатарына өзгені жолатпауға тырысқаны соншалық, XVIII-XIX ғ. тіпті Шыңғыс тұқымына жатпайтын Түркістан билеушілерінің кейбірі өз ұрпақтарының дәрежелері мен құрметті теңеулеріне «сейіт» деген жоғары атақты қосу үшін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар әулетінен зорлықпен қыз алып отырған деп жазады тарихшы Т.И.Султанов.

М.Михайлов келтірген дерегі бойынша, ақсүйектер оқып және жаза білген сауатты жоғары топ деп саналған. Сондай-ақ, ақсүйектер жолын жалғастырушы балаларының сауатын ашу мақсатында алдымен молдадан дәріс алған. Ақсүйектердің саяси, әлеуметтік құқығында артықшылықтар болды. Айталық, әдет-ғұрып құқығында ақсүйектердің артықшылықтары арнайы белгіленді: қожаны өлтіргені үшін 3000 қой, ал төрені, сұлтанды өлтіргені үшін 7000 қой құн төленді, ал ханның құны қарапайым жеті қазақтың құнына тең болды. Негізгі уәж хан жеті рудың немесе жеті ру тармағының әміршісі екендігі [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері [Мәтін]: филол. ғыл. докт. ғылыми. дис. автореф. : 10.02.02 / Н.Уәли – Алматы, 2004. – 47 б.

2 Ислам А. «Өмір» концептісінің тілдегі көрінісіне лингвомәдени сараптама [Мәтін] //– ҚР. ҰҒА-ның хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2003. – №4. – 2-6 б.

3 Молдагали Б. Концепт и его исследование в казахском языкознании // «Magister Dixit» – научно-педагогический журнал Восточной Сибири. – 2012, декабрь. – №4. С.12.

4 Әмірбекова А. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы, 2011. – 204 б.

5 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы; – Алматы,

6 Қосымова Г. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Шумерология және түркі (қазақ) таным мәселелері. – Алматы, 2012. – 240 б.

7 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

III СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ – ЖАҢА ҒАСЫР ТАЛАБЫ

Ертуганова Балжан Юлдашбековна
№64 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Тараз қаласы
Садирмекова Карлыгаш Сагатбекқызы
Қаратай Тұрысов атындағы 53 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Тараз қаласы

Жаңа ғасыр басталғалы адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы шиеленісе түсуде. Бір жағынан барша саланың ғаламдануы, екінші жағынан рухани азғындану бас көтеріп, үдейе түсті. Бүгінгі күнде еліміздегі күннен күнге нашақорлық, маскүнемдік, жұмыссыздық тағы басқа да қоғамға теріс қылықтар жалпы тәрбие процесінің күрделенгендігін және оның қажеттілігін байқатады.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың халыққа Жолдауында елімізді одан әрі жаңарту мен демократияландыру үшін қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан әрі дамыта беруге аса көңіл бөлу қажеттігі баса айтылып, білім жүйелеріндегі осыған орайлас жаңарту мен «жұлқыну» үдерістері осы мақсатқа жұмылдыруда. Бәсекеге қабілетті білім беру ең алдымен ізгілікті тәрбиемен ұштастырылу тиістігі ескертіліп, негізгі мазмұн осы арнаға бағытталуда. Әсіресе, ұлттық негізде тәрбиелеп, өскелең ұрпақты тәуелсіздігіміздің тірегі деп бағалап, аманаттау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелеріне айналуда.

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы - қазақ халқының салт-дәстүрлері болып табылады. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн-жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, сенімдер өмірде қолданылып келеді.

Қазіргі кезде қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты арнайы дәрістер жүргізу абзал. Өйткені, салт-дәстүрлер ғасырлар бойы жинақталып, адам өмірінің барлық жақтарын қамтиды. Сондықтан да әрбір адам өз халқының аясында өмір сүруі қажет.

Аталар сөзі - тәлім-тәрбиенің көзі деп тегін айтылмаса керек. Кез-келген ата-ана өз баласына ата-бабамыздан қалған өсиет сөздерді мысал ретінде келтіріп ұлтжандылыққа тәрбиелеп отыруы тиіс. Ұлттық тәрбиені мектеп тәрбие үрдісінде де кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне демеу болу - парызымыз. Тәрбиені әуелі өз отбасымыздан бастауымыз қажет.

Біздің салт-дәстүріміздің мәнін арттыра түсетін өміршең жырдың бірі - бата тілек. Өз туған топырағымыздан жаралып, өз жеріміздің табиғатынан нәр алып, шынайы халықтық сипатқа бөленіп, салтымызға сіңіп кеткен, алайда кез-келген жайға арналып айтыла бермейтін бата-тілектің қарапайым тәрбиелік, тағылымдық мәнінің орасан зор екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Бата-тілектердің өзіндік сөздік жүйесі, ұлағаттық үлгісі, мағыналық мәні болған. Мәселен:

«Алтыннан болсын жағаң,
Күмістен болсын тағаң.
Тасқа тары өнгенше,
Таршылық көрмеңдер!
Мұзға бидай өнгенше
Мұңшылық көрмеңдер!
Жүздерің жайнап

Толған айдай өрісті болыңдар» [1], - деп келетін мазмұны жағынан сан түрлі болып келетін бата-тілектер халық арасына кеңінен тараған. Халық ақындарының белгілі бір өмір жайына, тіршілік сабағына ой тоқтатып, бата-тілек арнамағаны кемде-кем.

Халықтың өміршең әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері арқылы жастарды тәрбиелеу бір ғана адамның, бір ғана мезгілде атқарар міндеті емес екенін, жалпы жұртшылықты жұмылдыра қолға алып, кейінгі ұрпағына ұлттық, халықтық, тарихи, мәдени мұраны жеткізу арқылы ғана халық, ұлт өз ошағының отының өшпеуін қамтамасыз ететінін, әрбір саналы азамат жете түсініп, ойластыруы тиіс. Ата-бабаларымыздың рухани байлықтары мен тәжірибелерін, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерін бойларына берік сіңірген ұрпақ қана Отанына жаны ауырып, абырой әперетіндігі ақиқат.

Дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып - жалпының ортақ игіліктері. Өйткені, өз елінің, халқының ортасында өмір сүре отырып, оның салт-сана, әдет-ғұрыптарынан тысқары тұратын адам жоқ.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы - оның халық педагогикасы, яғни ауыз әдебиеті мен ұлттық салт-дәстүрі болып табылады. Тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, әсіресе, жан азығына баса көңіл бөлген халқымыз өміртануды дүптеп, оның философиялық заңдылықтарын терең ұғынған.

Қайырымдылық, мейірімділік, үлкенді сыйлау, кішіге ізеттілік білдіру сияқты жақсы әдеттерді бала тәрбиесінің басты құралы деп есептеген қазақ халқы тәрбиенің түрлерін бір-бірімен байланыстыра отырып дамытты.

Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі дәстүрлерін талдап қарайтын болсақ, «дін», «халықтық тәлім», «ғылым» арасындағы сабақтастықты айқын аңғаруға болады. Олай дейтін себебіміз, қазақ тәрбиесінің бастау көздері діннен алынған десек қателеспейміз. Қазақта бала тәрбиесі ана құрсағынан басталады. Әйтсе де, оның жарық дүниеге келіп, адамзат қоғамындағы қарым-қатынасы ең алдымен кіндік кесу, шілдехана, бесікке салу, балаға ат қою секілді дәстүрлермен жалғасып, біртіндеп оның ересектермен қарым-қатынасындағы талаптары күшейе түседі.

Ислам шарттарына жастарды үлкенді сыйлауға тәрбиелеу, қайырымдылық пен ізгіліктің дәнін себу арқылы жағымды қарым-қатынас жасау мәселелері былайша қарастырылады: «Сіздердің біріңіз бір жаманшылықты көрсе, қолымен кедергі болып өзгертсін. Егер қолымен тыюға күші жетпесе, тілімен өзгертсін. Оған да күші жетпесе, онда жүрегімен кедергі болып көрсетсін» [2], - деген.

Бұл өсиеттен Пайғамбарымыздың жамандыққа төзбеу, оған бейтарап қарамау, соның нәтижесінде жастарды ізгілікке, адамгершілік пен қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырғандығы айқын көрінеді. Ол ең алдымен ой сауаттылығы яғни ізгі ойды қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің қалыптасуынан басталатындығының дәлелі. Ондай адамдық қарым-қатынастық талаптарын мынадай мысалдан аңғаруға болады: Бір күні пайғамбарымыздың қасында сұхбатын тыңдап отырған адамдардың жандарына әңгімелесу үшін бір қария келеді. Сахабалар қарияға орын беруге тырыспайды. Олардың бұл әрекетін байқап отырған пайғамбар «Кішіге мейірім, үлкенге құрмет көрсетпеген кісі біздерден емес», - дейді. Осылайша үлкенге құрмет көрсетпеген адам мұсылман емес деген талап қою арқылы жастарды үлкенге құрмет көрсету міндет етілген. Сол сияқты пайғамбарымыздың құзырына бір кісі келіп бір мәселе жайлы сұрамақ болады. Сөзді олардың ішіндегі ең кішісі бастамақ болғанда, пайғамбар оның сөзін бөліп: «Алдымен үлкеніңіз сөйлесін», - деп бұйырады. Осыдан мұсылманшылықта үлкен тұрып кіші сөйлемейтін қағида пайда болды.

Әйтсе де, ата-бабаларымыздың бала тәрбиесіне байланысты тәжірибесі бай болғандығына қарамастан, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде неге олқылықтар кездесіп жүр деген де сұрақ туындайды. Ата-бабаларымыз тәлімдік дәстүрлерді ғылыми тұрғыда пайымдап қолданса да, бүгінгі күнге дейін сабақтастығы жалғаспай үзіліп қалған тұстары да жоқ емес.

Олар бала тәрбиесінің бастау көзі отбасынан, ал отбасы тәрбиесінің тиімділігі ерлі-зайыптылардың өнегесі деп біледі бабаларымыз.

Тәуелсіз елдің ұрпағына мәдениет пен ғылым, тәрбие мен білім беру - үздіксіз үрдіс. Олай болса, тәуелсіздік туын биіктеткен жастардың ұлттық білім мен тәрбие құндылықтарын меңгеруі жасампаз Қазақстанның жалынды жігерін қуатты көтеріп, ұлттардың жомарт-жарастығын, ырысты-ынтымақтығын әлемге паш етеді. Біздің жастарымыз Отанының шын өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосуы үшін ар-ождан, бірұлттылық, жауапкершілік, әдептілік және де басқа жоғары жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар арнасындағы ұлы мұраттар рухында тәрбиеленуі керек.

Демек, қазақтың халық педагогикасы мен ұлттық педагогикалық ойлар тарихы жалпы педагогикамен және барлық пәндермен тікелей байланысты, сондықтан қайсыбір пәнді өткізгенде де, педагогикамен тікелей сабақтастықта мазмұндап, өзара байланысын айқын дәлелдей білуіміз керек.

Өткен тарихқа көз жүгіртіп қарап отырсақ, бүкіл бір халықтың әлеуметтік сипаты мен психологиясына ықпал еткенін толып жатқан өмірлік деректермен дәлелдеуге болады. Оны халық даналығы қысқаша «Көз - қорқақ, қол - батыр» деп, ұрпақтарына өсиет қалдырыпты. Тіпті, бет қаратпас замана дауылдарынан елімізді аман-есен алып шыққан да, осынау рухы биік ой өрнегінің құдіреті екенін Алаштың әрбір азаматы біледі. Сөз орайына қарай айтсақ, жандары қысылып тіршілігі тұйықсыз тірелгенде: «Ой-й бәле-е-ай, көз - қорқақ, қол - батыр емес пе еді» деп қай қазақтың баласы айтпайды екен.

Осы тектес мысалды, бірақ өздерінше айтқан ой өрнегінің әсерін Қытай халқының ойшыл-демократы Сунь-Ят-Сеннің де еңбегінен кездестіреміз. Ол тікелей өзінің өмір тәжірибесінен келтіріп: «Тіршілік айдынында - адам психологиясымен шеңдесе де, теңдесе де алар күш жоқ! Әсіресе, психиканың қатпарларына сіңісіп кеткен - тұжырымдар, бүкіл бір халықтың жігері мен еркін билеумен қоса, оны өз дегеніне көндірмей қоймайды екен. Мысалы, Қытай халқының психологиясына сіңген - «Ұғу - оңай, істеу - қиын» дейтін Конфуцийдің тұжырымдамасымен ондаған жылдар бойы үзіліссіз күрес жүргізуге тура келді. Тіпті, бұл тұжырымды партиямыздың бағдарламасына керісінше жазып «Ұғу - қиын, істеу - оңай» - деп ғылыми негіздермен дәлелдеп, ұзақ уақыт үгіт жүргізілді. Себебі, ескі тұжырымға бой алдырып қалған жұрт, нақтылы іс-әрекеттерге бірден кірісіп кете алмай, жаңа іске тайсақтай бергенін байқаймыз. Сондықтан да, бұл жайында оларға түсіндіргенде, көбінесе тұрмыста кездесетін қарапайым мысалдарға жүгінуге мәжбүр болған. Мәселен, нанның құрамында не бар екенін білмесек те, оны ойланбай-ақ жей беретіндігімізді түсіндірдік. Міне, осындай дәлелдермен керісінше айтылған жаңа тұжырымдаманы өмірге енгізуге әрекеттендік. Халық санасындағы ескі өсиетнамалардың қуат-күші осындай» - деп ойын қорытындылайды [3].

Халықтың тегі мен ділін анықтауға көмектесетін дәстүр-салты - сөз өнері - ой өрнегі - тәрізді ұштаған қасиеттерін зерделеу арқылы, кез-келген халықтың генефонындағы ерекшеліктерді танып білуге болады екен. Ең әуелі, мұндай білім, қай халықтың болмасын өзі үшін керек. Себебі, тегі мен ділін түсінген халықтың ұрпағы қандай қиыншылықтарға да төзе біліп, өзінің алдына қойған мақсаттарына жетпей қоймайды. Мұның өзі түптеп келгенде, адам тәрбиесі мен тағылымы - ата-баба зердесімен тығыз байланысты екенін аңғартса керек.

Ендеше, осы айтылған қасиеттер өмір-тіршілігіміздің қазіргі жағдайында, нендей өзгерістерге ұшырап отыр дегенді ой таразысына салып көрелік. Бүгінгі ұрпақ, олардың мәні мен маңызына түсінбейтіндіктен мүлдем жойылып кетпесе де, тым көмескіленіп бара жатқаны шындық. Бодандықтың бұйдасына маталып, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық тағылымынан мүлдем айырылып қала жаздаған жұртымыз, өзінің ана тілін түсінбейтін дүбәра топ, ұлтымыздың 40-пайызын құрап отырса бұларға елінің дәстүр-салты да, ой өрнегі түгіл сөз өнері де ешқандай қажеті жоқ тәрізденіп көрінеді. Олар қателесті екен деп халық

өзінің келешек ұрпағының тағдырына тіпті де бейтарап қарай алмайды.

Сондықтан да, халқының ғасырлар бойы жасаған рухани байлықтарын түсінетін егде буынның алдындағы парызы, халық педагогикасының - өткенін жандандырып, өркенін орнына келтіруі керек. Егер де, ұлтымыздың діліне төнген бұл қатерді ата-баба тағылымдарын білетін осы буын жөндемесе, бүгінгі өмірімізде орын алып отырған кереғар мәселелер онан бетер асқынып кетпек. Ендеше, халқымыздың алдында тұрған ауыр да асыл міндеті осы! Мұны жөндеу үшін қарабайырлыққа салынбай, тек тәрбие тәсілдерін ғылыми жүйеде жүргізгенде ғана, бұл қиыншылықтан да құтыларымызға сенім мол.

Егемендігімізді алған алғашқы жылдардан кейін-ақ, ата-бабамыз айтатын: «Атың бар да жер таны - желіп жүріп, асың бар да ел таны - беріп жүріп» дейтін даналығының сәті түсіп тұрғандай, дүние жүзі халықтарымен қоян-қолтық тікелей араласа бастадық. Осының бір мысалындай, 1994 жылдың сәуір айында Жапон еліне ресми сапармен барып келген тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ой тұжырымы: «Мені таңқалдырған екі нәрсе болды! Біріншісі, Жапон еліндегі ерекше үздік дамып отырған - ғылыми-техникалық прогрестің жеделдігі болса, екіншісі, соншама берік те бүтін қаймағы бұзылмаған халық дәстүрінің көздің қарашығындай сақталуы» - деп аса өткір көрегендікпен қорытындылаған еді. Қай елде де әуелі халықтық тағылымдарына негізделген рухани өркендері салтанат құрмай, тек саясаткерлік пен экономикалық әдістердің берер жетістіктері көрнекті де көркем бола алмайды.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз ел қоғамында өскелең ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беруде әрбір мұғалім оқушы санасына тақырыптың өзіндік мазмұны мен ерекшеліктеріне қарай, ұлттық негізде білім беруі шарт. Әсіресе, мектеп бағдарламасында оқытылатын пәндердің ішінде тарих, әдебиет, т.б. сабақтарында тек әдеби, тарихи деректермен шектелмей, тағылымдық мазмұнға ерекше мән берілсе, пәннің білімдік қана емес, тәлім-тәрбиелік қуаты арта түсетіні даусыз. Осы ретте, бүгінгі таңда білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізілуде. Тәуелсіз елдің ертеңіне саналатын – жастарға бәсекеге қабілетті білім беру үшін әлемдік өзгерістердің ішіндегі ең нәтижелі болғандарын екшеп, қолданысқа енгізілу жайы басты назарға алынуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әйтенова М. Ислам және ұрпақ тәрбиесі. // Ислам әлемі. - 2000. - №1. - Б.
2. Қазіргі қазақ мектебінің өзекті мәселелері. Ғылыми еңбектер жинағы. - Алматы, 2002. - 180 б.
3. Абалақова Б.Т. Ұрпақ бойына құндылық қасиеттерді қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі // Білім. - 2007. - № 5. - Б. 52-53.

САБАҚТЫ МУЗЕЙМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Орманова Гулфайруза Каналбековна
Бөлтірік Әлменұлы атындағы орта мектептің директоры, Талас ауданы, Жамбыл облысы

XXI ғасыр біздің өмірімізге қарқынды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер енгізді. Қазіргі әлемнің келбетін өзгерте отырып, олар мәдениетті де айналып өтпеді, оның маңыздылығын, жеке қадір-қасиет, шығармашылық қабілеттерін дамыту сияқты құндылықтарды қалыптастырды.

Мәдениет - бұл бізге қалған тарихи мұра. Мәдениет: мұражайлар, кітапханалар, сәулет ескерткіштері ғана емес, сонымен қатар, қазақ болымысына тән барлық тарих тоғысы. Мәдени жетістіктерді үнемдеу механизмі - музейлер болып табылады[1].

Музей – бұл адам баласының ғасырлар бойғы тарихы мен салт-дәстүрінен, өнері мен мәдениетінен, ғылымы мен білімінен аз уақыт ішінде мәлімет беретін ақпараттық жылдамдыққа ие бірден-бір ғылыми-танымдық мекеме, әрі жан- жақты тарихи қалыптасқан мәдени нысан болып табылады.

Музейлердің әуел бастан қалыптасқаннан бергі қызмет жасау бағыттарының бірі – білім беру болып табылады.

Елімізде мектеп пен музей мәселесі соңғы он жылың көлемінде еңсесі тіктеліп келе жатқан келелі мәселе болып отыр. Кейінгі жылдары музей ісін насихаттау жұмыстары жинақталып, өңделіп,зерттеу жұмыстары жалғасуда.

Бұл мәселе біздің өңірде де қолға алынуда. Дегенмен, қалалы өңірлерде мектеп пен музей қарым- қатынасын нығайту жұмыстары қарқынды дамығанымен, ауылды жерлерде соның ішінде шалғай елді- мекендерде әлі де болса кешеуілдеген мәселеге айналып отыр.

Дана халғымыз «Мың естігенше бір рет көр» демекші, мектеп оқушыларының оқулықтан оқыған, естіген дүниелерін музейден көзбен көріп,қолмен ұстағанға не жетсін, санасында мәңгілік сіңетіндей. Осылай насихатталып өтілген сабақ оқушылардың білімі мен тәрбиесін оңтайландыратыны даусыз.Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ісіне де пайдасы тиері сөзсіз.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесі, оның ішінде баланың құқтық тәрбиесі кез- келген жанды ойландыратын аса күрделі жағдайға айналды. Осы тұрғыда музей мен мектеп байланысы барысында көзбен көрген дүниелері кез- келген оқушыны бей- жай қалдырмай, оқушыны іздену- шығармашылық жұмыстарына жетелер еді. Оқушылардың зерттеумен, жинақтаумен, талдаумен айналысуға мүмкіндіктер туар еді. Бала бір мәселемен қызыға айналысатын болса, оған артық қылық жасауға бос уақыт қалмасы анық. Баланы дұрыс жолға салу үлкендерге үлкен сын болып отыр бүгінде. Міне балаға нұсқар дұрыс бағыттың бір тұсы. Бала тәрбиесіне музей мен мектеп қарым- қатынасы өте қажет.

Ауылымызда баланың бос уақытында айналысатын қосымша: өнер, спорт мектептері мен түрлі өнерпаздық жолға жетелейтін үйірмелер баршылық. Дегенмен, ауыл мектептері үшін музейдің алар орны ерекше екенін астын сызып айту керек.

Осы тұрғыда ауыл жұртшылығы ойсыз да емес. Ауылымыздың қариясы, ардагер ұстаз. Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Пана Рақымбердіұлы ауылдан музей ашылу керектігіне ұйымдастыру шараларын жасап жүр. Ауылымыздың жылда жасалып жатқан дәстірлі шарасы «Ауыл- ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдың бас көтерер азаматтары мен мектептің танымал түлектерінің бірігуімен болашақта ауылымызға Ойық ауылының шыққан, еліміздің бір туар перзенті «Д.А.Қонаев» есімімен үлкен мұражай ашу ел арасында талқылануда. Ауылымыздың жанашыр азаматы Пана Рақымбердіұлы бастап, ел болып қоштап қаражат көзін қарастыру мәселесі қолға алынса, ел игілігіне жарайтын мұражайда ашылып қалар деген үмітіміз зор. Сонда ғана Ойық ауылдық округіне қарасты төрт мектепте музеймен тығыз байланысты жоспарлы жұмыстар атқарар еді.

Мұражайды білім беру процесіне енгізу - мына өзгеріске толы қоғамда адамның сол өзгерістерге тез бейімделуімен бірге ондағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің субъектісі болуға, психологиялық және моральдық дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді[2, 36б.].

Пән мұғалімдері жылдық күнтізбелік- тақырыптық жоспарларына музеймен байланысты сабақтарын бағдарлау арқылы өскелең ұрпақтарымыздың болашағына бағдар беретін бағыт көрсетері анық.

Мұғалім бойындағы таным тәжірибесімен байланыстыра отырып мұражай мәдениетін өз сабақтарына кіріктіре білуі мұражай педагогикасының қажеттілігін тудырады. Бұл білім берудің алдына жаңа міндеттер қояды:

Оқу процесінде рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, тарихи-өлкетану тәрбиесіне тәрбиелей бастады.

Мұражаймен байланысты сабақтар өту арқылы білім беру саласын кеңейеді;

Шығармашылық тұлғаның дамуына жағдай жасалады;

Ұлттық идеология қалыптасады;

Дәстүрлерді сақтау, алғашқы рухани құндылықтарға оралу;

Өз Отанының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу;

Жаңа мұражай аудиториясын құру арқылы мұражайдың оқушыға әсер ету кеңістігін кеңейту арқылы білім беру теориясы мен практикасында ауыл Мұражайының қалыптасуына көбірек көңіл бөлінеді.

Ауылда мұражай ашудың негізгі мақсаты- жас ұрпақты мұражайлармен таныстыру, тұлғаның шығармашылық дамуын қалыптастыру арқылы болашақта өмірден өзінің орнын табуға ықпал жасау болып отыр.

Бүгінгі күнде елімізде мұражайдың өзектілігі оқу-тәрбие жұмысын мұражай қызметімен интеграциялау және ғылыми зерттеулерде де, бұқаралық тәжірибеде де осы мәселеге жеткілікті назар аудару арқылы оқушылардың үздіксіз мектептегі білімін жүзеге асырудың қазіргі кезеңіндегі ерекше маңыздылығын айқындап отыр.

Мұғалімнің міндеті: оқушыға мәдени- білім беру, эмоционалды орта құру, мұғалімнің алдында тұрған мәселелерді шешуге ықпал ететін орта құру. Ең алдымен, оқушылардың сөйлеуін дамыту, жалпы мәдениетті арттыру. Бұған бала таным процесіне қатысқан кезде ғана қол жеткізуге болады. Сол үшін де мұражайдың баланың танып- білуін қалыптастыруда алар орыны ерекше болмақ.

Мұғалімдердің оқу процесіне мұражай материалдарын тарту арқылы сабақтарды қызықты, мәнерлі, есте қаларлық етіп өтуіне мол мүмкіндіктер алады. Ең бастысы, оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген ынтасы артады. Мұражайда немесе мұражай экспонатын пайдалану арқылы өткізілген сабақ ерекше болары анық. Мұражайдағы заттар мен ондағы құндылықтар-адамға оқиғалар туралы ақпарат көзі ретінде әрекет етеді, эмоционалды әсер етеді және қызығушылық сезімін тудырады. Оқушы мұражай затын қолына алып, оның өткенімен байланысын сезінеді және белгілі бір тарихи оқиғаның энергиясын сақтайды. Мұражай экспонаттары оқу процесінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Олар мектеп оқушысының тілдік және рухани мәдениетін: ойлау, сауатты және жақсы сөйлеу қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мұражай технологиясының басты ережелерінің бірі- баланың шығармашылық тұлғаға айналуына, құндылықтар жүйесін қалыптастыруға көмектеседі, оқушылардың зерттеу қызметі дамиды. Бастысы- байлық көрсеткіштері емес, адами қатынастар қалыптасады.

Мұражай сабағындағы мұғалімнің басты мақсаты- баланы баурап алу, дұрыс бағытқа бағыттау. Мұражай технологиясы мұғалімге стандартты емес сабақтар өткізуге шексіз мүмкіндіктер береді. Мұражай экспонатының сипаттамасы: жобаны қорғау сабағы, іздеу материалдарының тұсаукесері, мұражай материалдарын қолданатын интеграцияланған сабақтар болып табылады. Мұражай балаға өз өмірін емес, мұражайдың әрбір экспонаты айтып беретін жүздеген басқа өмірді көзбен көріп, есте сақтауына көмектеседі. Мұражай саласында вандализмге орын жоқ, ол бұзуға емес, құруға көмектеседі. Ол біздің ата-бабаларымыздың көнеден қалған жұмбақтарды шешуге көмектеседі. Сондықтан да, ел келешегі деген жеткіншектерімізді оқыту мен тәрбиелеуде мұражай мен мектептің тығыз қарам- қатынаста болғаны өте дұрыс.

Ауылымыздан музей ашудағы мақсатымыз - тарихи ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды шығармашылық өнермен және туған жеріміз Ойық ауылының мәдениетін таныстыру еді. Білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу- біздің мектептің басты міндеті.

Сөз соңында айтарым, ауыл мектептері мен мұражай байланысын жақсарту, яғни, ауылымыздан мұражай ашу арқылы, алдымен- ауыл көркін ажарландыру, отбасылардың бос уақыттарында баратын мәдени орынға айналдыру (бүгінде ауылды жерлерде отбасымен бірге барып тамашалайтын мәдени нысандар жоқтың қасы), мектеп мұғалімдерінің сабақ өтудегі дидактикалық материал құндылықтарын молайту, мектеп оқушыларын жастайынан зерттеуге, ізденуге үйрету жұмыстарына тарту арқылы балаға теріс қылық жасайтын бос уақытты қалдырмауға ықпал жасау. Ең бастысы, **мектеп-отбасы-мұражай** құндылықтары артар еді. Сондай- ақ, келешекте ауылдан музейлер ашылғанша қалалы жердегі талапқа сай музей мен ауыл мектептері арасындағы байланысты қашықтықтан байланыстыру арқылы білімінің сапасын жақсартсақ деген ұсыныс айтқымыз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұңалбаева Ү. Музей педагогикасы. Алматы, 2013. - 65 б.
2. Рахматова Ғ. Музейтану курсының бағдарламасы. Алматы, 2022

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аязбаева Насип Сериковна, Канаева Гульназ Садыхановна
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері,
Тараз қаласы

XXI ғасырдағы білім беру инновацияға негізделуде. Қазіргі уақытта орта мектептерде инновация сән емес, аса кәсіби қажеттілік пен жаңаша талап екені белгілі. Заманауи педагогикалық технологияларға негізделген оқыту үдерісіде мұғалім өзіндік беделі бар жеке субъектіден гөрі, танымның қызығушылығы бар, жауаптылықты сезінетін қатысушысы және білім алушылармен сұхбаттасушы болып табылады [1].

Коммуникативті әдістеме ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістерінің бірі ретінде мұғалімнің тек ақпарат тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар бақылаушы және кеңесші болуына ықпал етеді. Ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Бастауыш сыныптарда алғашқыда кездесетін «тілдік кедергіні» жеңуге көмектесетін ойын технологияларына назар аударылады. Лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, орфографиялық, шығармашылық ойындар, әндерді, өлеңдерді қолдану шет тілін оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі етуге көмектеседі. Мысалы, «Жануарлар әлемі» тақырыбын бекіту кезінде 3-сыныпта «Find the animal» ойыны ұсынылады. Топтағы студенттер сүйікті үй жануарларын немесе жабайы жануарларды сипаттайтын микромонологтар жасайды. Топтар жануардың сипаттамасынан дұрыс суретті түсініп, табуы керек. Бұл ойынды орындау кезінде сөйлеу және тыңдау дағдылары қалыптасады.

T: The class is divided into two groups. The first group describes wild animals. The second group depicts domestic animals. The task of groups is to guess them.
GROUP 1: This animal likes honey and fish. It is brown. It sleeps in winter.This wild animal can swim and climb.
GROUP 2: Is it a bear?
GROUP 1: Yes, it is.
GROUP 2: This animal lives in the farm. It gives us milk and butter too. It’s very kind.
GROUP 2: Is it a cow?

GROUP 1: Yes, it is (etc).
Грамматикалық материалдарды пысықтау кезінде (Present Continuous) «Пантомима» ойыны қолданылады. Әр топтың қатысушылары үлестірмелі карточкалардағыға сәйкес қимыл жасайды. Ал, қалғандары соны табуы тиіс.
P1: Are you cleaning the room?
P2: No, I am not.
P1: Are you washing up?
P2: Yes, I am.

Сабақтағы ойынның орны мен ойынға бөлінген уақыт бірқатар факторларға байланысты: оқушыларды даярлау, зерттелетін материал, сабақтың нақты мақсаттары мен шарттары. Ойын әдістерінің көмегімен сіз жаңа тілдік материалды бекітіп, өткенді қайталай аласыз. Мысалы, логикалық ойлауды дамыту, бұрын үйренген лексика мен грамматикалық құрылымды белсендіру үшін "to have" етістігін үйрену кезінде «негізгі фразаның мазмұнын ашыңыз» деген жаттығу қолданылады. Оқушы оны қайталап, сөз тіркесін қосып, сөзін кеңейтуі керек:

T: I have a favourite toy.
P1: I have a favourite toy. It's my ball. I like to play with a ball every day.
P2: I have a favourite toy. It's my doll. Its name is Marry.
P3: I have a favourite toy. It's my toy-car. It's little and red.
Жетілдірілген кезеңде мұғалім оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды ұсынады, мысалы, жұмбақтар жасау: оқушы ертегі кейіпкерінің пайда болуын сипаттайды, сынып оны болжауы керек.

P1: His face is round. His eyes are blue.He has a long nose. He has a father but he has no mother. He is a nice wooden boy (Buratino).
P2: She has a round face, a small nose and small ears. She has blue eyes and long blue hair. She is a very pretty girl (Malvina).

Оқыту үдерісінде А.Г. Китайгородскаяның «жеке тұлға мен ұжымның резервтік мүмкіндіктерін жандандыру» атты авторлық әдісінің әдістерін қолдану өте тиімді. Оны жаңа деп атауға болмайды, өйткені ол 35 жылдан астам уақыт бұрын жасалған, бірақ ол өте жаңашыл және қарқынды оқыту саласында классикалық сипаттағы тәсіл болып саналады[2]. Адамның шет тілін меңгеру жолы, қытай қаласы жүйесіне сәйкес, баланың ана тілін меңгеру жолына өте ұқсас. Оқушылардың сөйлеу әрекетін белсендіру кезінде рөлдік ойын жетекші орын алады. Оқу кезінде оқушылар нақты өмірдегі жағдайларға мүмкіндігінше жақын белгілі бір жағдайларда бір-бірімен сөйлесе алады. Бұл оқыту әдісінде де рөлдік үлестіру өте маңызды. Сабақтарда рөлдік карталарда мынадай тапсырмаларды қолдану ұсынылады:
1) You've lost your sister in the supermarket. She is only 5 years old. Explain the situation and ask the police to help you.

2) You are a stranger in London. Suddenly you've lost your way. Ask the residents of London to show you the way to the station.

3) In a Tourist's Agency you ask an advice and recommendations about visiting the sights of London.

4) You are a doctor. You examine a patient and give him some recommendations. What will you recommend him to do in order to recover as quickly as possible?
5) You are a school-leaver. You have a doubt about your future profession. Ask your friends to advise you some modern professions.

Мұғалім қажетті жағдайларға сәйкес иллюстрациялар белгілі бір дидактикалық материалдарды дайындайды: (әрқайсысы үшін карточкалар-тапсырмалар; рөлдерді бөлетін

оқушылар тобы таңдалады, оқушылар өз көзқарастарын білдіруі керек, болжамды жауаптар мен репликаларды ойластыруы керек. Рөлдік ойын барысында мұғалім оқушылардың сөзін үзбей, қателерді түзетпеуі қажет. Ойынды өткізгеннен кейін барысын талдап, ең сәтті және сәтсіз сәттерді атайды, әдеттегідей қателермен жұмыс жасалады. Шет тілінде сөйлеуді құруда бірнеше рет қиындықтарға тап болған оқушы көбінесе пәнге деген қызығушылығын жоғалтады. Сондықтан да әрбір мұғалім өз сабақтарында грамматика мен лексиканы оқытудың коммуникативті бағытына көп көңіл бөлуі тиіс. н. Лексикалық және грамматикалық материалды жақсы меңгерген білім алушы диалог құруда басқаларға қарағанда жылдамырақ бағдарланады. Лексикалық және грамматикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда шартты сөйлеу жаттығуларын қолданған дұрыс. Оқушы саналы еліктеуден грамматикалық форманы өз бетінше көбейтуге дейінгі жолдан өтеді. Диалог құру кезінде

кестелер де қолданылады. Мысалы, 5-сыныпта «Киімдер. Сатып алу» тақырыбын меңгерту кезінде мынадай құрылымдағы жаттығу ұсынылады:

- Good morning. Can I help you?
- I’m looking for…
- The …(is \ are) over there, near the fitting room.
- What colour?
- …
- What size are you?
- …
- I think that it \ they…(suits\ suit) you perfectly.
- How much (is it \ are they) ?
- It \ they (costs\ cost) … pounds.
- Here you are.
- Thank you. Have a nice day!

Келесі кезеңде оқушылар кестеге сүйенбестен сатып алушы мен сатушы рөлін атқарады. Оқу процесін жандандырудың кең мүмкіндіктері ағылшын тілі сабақтарында рөлдік, ситуациялық ойындарды қолдануға мүмкіндік береді. Өлеңдер мен әндерді қолдану студенттерге сөйлеуді дамытуға қажетті белгілі бір грамматикалық құрылымдарды, лексиканы есте сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы, лексикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, аптаның күндерін оқу кезінде 3-сыныпта келесі өлең қолданылады:

My week

- Dick, let’s play hide-and-seek.
- Oh, no, I’m very busy every week.
- I go to the cinema on Sunday,
- I go to the theatre on Monday,
- I go to the park on Tuesday,
- I go to the stadium on Wednesday,
- I go to the concert on Thursday,
- I go to the circus on Friday,
- I go to the country on Saturday.

Сондай-ақ оқушыларда өз бетінше білім алу және оларды практикада қолдану дағдылары қалыптасады. Орта сыныптардағы жобалау әдісі оқушылардың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруда, ағылшын тілін мәдениетаралық қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу құралы ретінде қолдана білуде жетекші әдістердің бірі екені анық. Сондықтан оқушылардың жобалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру міндеті мұғалімнің басты міндеттердің біріне саналады. Жобалық әдіс бойынша топта жұмыс істей отырып, оқушылар жаңа стандартты емес жағдайларда ағылшын тіліндегі білім мен дағдыларды пайдаланады.

Жобалық оқыту әдістемесін негізінен өткен тақырып бойынша білім мен дағдыларды жалпылау үшін қолданған өте нәтижелі, яғни жобаларды қорғау, әдетте, зерттелетін тақырыптың соңғы сабақтарында орын алады. Мысалы, 6-сыныпта «Ұлыбритания» тақырыбын оқығаннан кейін топтардағы балалар Ұлыбритания Корольдігінің құрамына кіретін елдерді шартты түрде рәсімдейді. Олар ақпаратты өз бетінше таңдап, мемлекеттік рәміздерді табады. Нәтижесінде Ұлыбритания картасы жасалады. 8-сыныпта оқушылар «My favourite holiday», «A dream holiday(Travelling)», «Healthy way of life», «Popular music», «English-speaking countries» жобаларын құрастырады. Жобалау әдісі сонымен қатар ағылшын тілі сабақтарында шығармашылық атмосфера құруға мүмкіндік береді, мұнда әр оқушы ынтымақтастық әдістемесі негізінде белсенді танымдық процеске қатысады. Ағылшын тілі сабақтарында жүзеге асырылатын жобалық әдістің ерекшелігі - ұжымдық шығармашылық қызметтің қажетті негізі қарым-қатынастың болып табылуы. Жобаны жүзеге асыру аясында серіктестік, достық қарым-қатынас жағдайында балалардың лексикалық бірліктерді, таңқаларлық шындықтарды игеруі және оларды жандандыру жүреді. Өз жобасын қорғай отырып, оқушылар ынталы «жасанды емес» шет тілді қарым-қатынастың құнды тәжірибесін алады, шешендік қабілеттерін, логикалық ойлауын, өз ұстанымдарын дәлелдей білуін дамытады.

Ағылшын тілі сабақтарында білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың инновациялық формалары мен әдістерін қолдану балалардың білім алу қабілетін, ақпаратты есте сақтау қабілетін және алған білімдерін қолдана білуін қалыптастыруға көмектеседі, білім алушылардың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығын, оқушылардың пән бойынша оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, белгілі бір мұғалімнің «жаңа» және «ескі» қандай формалары бар екенін анықтау қиын. Мұғалімдер, тәрбиешілер өз қызметінде қандай технологияны қолданса да, егер олар оқушыларының айтқанын тыңдамаса, олар өздерін қалай сезінсе, онда сәтті деп саналмайды. Француз ғалымы, жазушы Легуве тәрбие ғылымын осылай анықтады: «тәрбие – бұл біздің балаларымызды бізсіз жасауға үйретететін ғылым»[3]. Әрбір мұғалім осы қағидаларды естен шығармауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://ru.wikipedia.org
2. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бейсенғалиева А.Н. Шет тілін оқыту әдістемесі. Астана: Фолиант, 2007. - 264б.
3. Курманалина Ш.Х., Бахишева С.М., Даулеткалиева Н.Н., Архыматаева Н.Ж. Педагогический менеджмент. – Алматы, 2022

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДА ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ КУРСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Даданбаева Елмира Токтасыновна, Молдабаева Гульнара Абдижапаровна
№64 орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, Тараз қаласы
Жарылқапова Жанбота Куралбековна
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының география пәнінің мұғалімі

Әлемдік қоғамдастықтағы инновациялық даму ел өмірінің барлық салаларында, оның ішінде білім беру саласында да қызметті жетілдіру идеясын алға тартуда. Заманауи білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесіне интеграциялау - мемлекет алдына қойылған негізгі

міндеттердің бірі, ол білім беруді дамытудың шетелдік және отандық тәжірибесін егжей-тегжейлі, жан-жақты талдау, оның мақсаттарын түсіну, өзінің даму перспективаларын анықтау қажеттілігін алдын ала анықтайды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан білім қоғамына апарар жолда» атты сөзінде «Назарбаев Университетінің студенттері алдында: «Біз білім - ғылым – инновация» триадасы басқаратын постиндустриалды әлемге бет бұрып жатырмыз», - деп атап өткен болатын [1].

Осыған орай, соңғы уақыттағы пелдагог-ғалымдар ұсынған білім берудегі инновациялық өзгерістердің бірі - білім беру мазмұнын интеграциялау болып табылады. Білім беруді дамытудың қазіргі тенденциялары білім беруді оның барлық буындарында интеграциялауды дамытуға бағытталған. Орта және жоғары мектеп үшін интеграцияланған курстар негізінде мұғалімдердішұғыл даярлау қажеттілігі туындады. Педагогикалық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, қазіргі серпінді дамып келе жатқан әлем педагог кадрларды даярлауға сапалы жаңа талаптар қоюда. Әрбір маманнан жоғары кәсібилік пен құзыреттілік, ұтқырлық, кәсіби бейімделу, үнемі өзін-өзі жетілдіру қабілеті талап етіледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған ҚР Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында мұғалімдер даярлау ісін арттыру үшін пәрменді шаралар қабылдап, білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға басымдық беруді тапсырды. Қазақстандық педагогикалық білім беруді жаңғыртудың мақсаты -оның тиімді және серпінді жұмыс істеу тетігін құру. Мұндай жаңғыртудың нәтижесі интеграцияланған курстарды оқытатын педагогтерге қоғам қоятын талаптарға жауап беретін педагогтерді даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың жаңартылған жүйесі болуға тиіс. Өткен ғасырдың соңғы онжылдығында дамыған елдерде білім беру саласындағы интеграция мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер мен пікірталастар айтарлықтай жанданды. Олардың нәтижелері бұл мәселелер бойынша ортақ пікір жоқ екенін көрсетеді. Оларды шешу тәсілдерінде ғана емес, тіпті қолданылатын терминологияда да айтарлықтай айырмашылықтар бар. Оқытудағы интегративті тәсілдің мәні мұғалімдердің әлеуметтік тәжірибесін беру және оны оқушылардың игеруінен ғана емес, негізінен адамның ішкі қажеттіліктеріне сәйкес келетін және жеке тұлғаның еркін және шығармашылық өзін-өзі анықтауға бағытталған жан-жақты дамудан тұрады. Білім берудің интегративті мазмұны білімнің жүйелілігін, оқушылардың ойлау динамикасын қалыптастыруға ықпал етеді, жобаларды құру, интеграцияланған сабақтарды пайдалану арқылы интеллектуалды, шығармашылық ойлауды қалыптастыруға көбірек мүмкіндіктер береді. Мұны интеграцияланған курстардың мұғалімдерін даярлау кезінде ескеру қажет. Интеграцияланған негізде құрылған оқу процесі маңызды педагогикалық мәселені шешуге - оқушылардың жеке даму деңгейін арттыруға ықпал етеді. Көптеген зерттеушілер интегративті тәсіл тар маманды емес, әлемді тұтас қабылдайтын шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді деп мәлімдейді. Демек, әлеуметтік және кәсіби салаларда белсенді әрекет ете алатын тұлға дайындалады Интеграциялық процестердің ауқымы мен толықтығы әртүрлі, нәтижелері де әртүрлі. Оқытудағы интеграциялық процестердің күшеюі оның тиімділігінің артуына, сапа мен мотивацияның жоғарылауына әкеледі. Негізгі дидактикалық бірлік ретінде оқу пәнінен білім беру саласына көшу интеграцияға маңызды дидактикалық ұғым мәртебесін береді. Осылайша, интеграция білім беру сапасын қалыптастырудың маңызды және перспективалы әдіснамалық бағыттарының біріне айналады. Қазіргі серпінді дамып келе жатқан әлем педагог кадрларды даярлауға сапалы жаңа талаптар қоюда, әсіресе, елімізде күн өткен сайын күшейтіліп, арнайы заң қабылданды. Қарқынды дамып келе жатқан қоғам жоғары білікті мамандарды қажет етеді. Біліктілігі жоғары педагогтарды даярлау жауапкершілік сезімін, таңдалған мамандыққа құрмет сезімін тәрбиелеуден басталуы керек және ең бастысы, олардың педагог болуға деген ішкі қызығушылық сезімдерін ояту керек, бұл үшін педагогикалық білім берудің гуманитарлық бастамасын жетілдіру қажет. Білім беруді реформалау мен модернизациялау жағдайында педагогикалық процестің гуманистік бағытын инновациялық

педагогиканың көрінісі деп санауға болады. Қоғамды ақпараттандыру және интернеттің кең таралуы жағдайында ақпараттандыру құралдарын қолданатын мұғалімдердің кәсіби қызметінің құрылымы өзгеруде. Мұғалімнің кәсіби қызметінде онлайн-кеңес беру, веб-форумдарды, жедел хабар алмасу бағдарламаларын, чаттарды қолдана отырып жүзеге асырылатын педагогикалық мәселелерді ұжымдық талқылау көбірек орын алады. Кейбіреулер виртуалды жобалардың орындалуын ұйымдастырады, жаңалықтар (орындалу барысы мен нәтижелері) дүниежүзілік веб-сайттарда жарияланады, оларды тәрбиешілерді даярлау кезінде ескеру қажет. Осы бағыт бойынша Болашақ педагог мамандарды даярлау жүйесін жетілдіру, педагог қызметкерлердің, білім беру ұйымдарының басшылары мен көптеген қазақстандық ғалымдардың білім беру менеджерлерінің біліктілігін арттыруда К.Н. Нарибаев, Е. А. Альмухамбетов, З.А. Исаева, А. А. Жайтапова, З.М. Сәдуақасова және т.б. жеке іс-тәжірибелер жүргізіп, жалпыұлттық басымдық ретінде қарастырды. Білім беруді дамыту үрдістерін зерттеуге сәйкес, білім беру менеджерлерін даярлау білім беруді басқарудың инновациялық әдістерін іске асырудың перспективалық бағыттарының бірі ретінде айқындалады, ол білім беру менеджерлерін даярлаудың мазмұнын әзірлеуді талап етеді, оның ішінде ғылыми білім ғана емес, оны қазіргі жағдайда іске асыру тетіктері [2,6б.].

Нәтижесінде, білім беру менеджерлерін даярлауда «Білім беру саласындағы менеджмент» интеграцияланған курсы енгізілуде. Ғылыми пайымдауларға сүйенсек, білім беру менеджері - бұл білім беру жүйесіндегі кәсіби маман, ол білім беру саласындағы ең жақсы идеяларды, сондай-ақ әртүрлі ұлттар мен діндер өмір сүретін қазіргі қоғамымыздың қажеттіліктеріне барынша жауап беретін оларды енгізу жолдарын табады. Білім беру менеджерлерін даярлау кезінде олардың басқарудың кез-келген жалпы теориясының негізін қалаушылар және жасаушылар екенін ескеру қажет. Ғылыми зерттеулерде біз білім беру мазмұнын жетілдіру есебінен қоғамды дамытудың инновациялық стратегиясы талаптарына жауап беретін педагогтерді даярлау сапасын арттыру бойынша одан әрі жұмысты жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер болашақ педагогтардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыруды ескере отырып, білім беру қызметтері мен ғылымды қажет ететін технологиялар нарығында жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Мектептердегі білім беру процесін нәтижеге бағытталған құзыреттілік тәсілге қайта бағдарлау білім беру қызметінің бірқатар бағыттарын алға тартады. Олар, ең алдымен, мұғалімдердің білім беру нәтижесін жаңа түсінуді көздейтін осы тәсіл туралы ең жалпы түсінікке ие болуымен байланысты, сондықтан оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық кеңістік құруға мүмкіндік беретін білімге ие емес. Оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі ұйымдастырушылық-педагогикалық мәселелерінің бірі педагогтарды осы қызметке дайындау болып табылады, сондай-ақ педагогтарды оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға дайындау бойынша ғылыми-әдістемелік материалдар әзірленуде. Бұл курстың негізгі мақсаты - интеграцияланған курстарды оқу кезінде оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру тетігін іске қосу, мұғалімдердің кәсіби қызметін оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағыттау болып табылады. Мұғалімнің кәсіби білімі мен дағдыларының нормативтік талаптарға сәйкестігі түсінілетін кәсіби біліктіліктен айырмашылығы, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі осы сипаттамалардың белгілі бір білім беру тәсілі және педагогикалық парадигма жағдайында кәсіби міндеттерге сәйкестігін көрсетеді. Біздің елімізде 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы қабылданған, тек тәжірибе түрінде шектелді. Ең бастысы, коммуникативтік, ақпараттық және проблемаларды шешу құзыреттілігін (өзін-өзі басқару) қалыптастыруымыз керек. Осылайша, қазіргі заманғы мұғалімдерді даярлауда жалпы теориялық және іргелі ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық, пәнаралық, интеграцияланған білім мен дағдылар, кәсіби қызметте саналы

білім беру функциясының негізгі әдістерін дамыту үшін заманауи инновациялық технологияларды қолданудың негізгі құзыреттіліктері маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Назарбаев Университетінің студенттері алдында «Қазақстан білім қоғамына жолында» атты сөзі // https://www.akorda.kz
2. Оракова А.Ш., Наметкулова Ф.Д. Білім беру ұйымдарының басшыларына арналған «Білім берудегі революция: заманауи мектеп менеджментіне жаңа көзқарас» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (80 сағ). – Алматы, 2022

ОРЫС ТІЛІ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Жүсіпбекова Жазира Ғабитқызы
Қ.Сатпаев атындағы орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы
Буралхиева Фарида
Қ. Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы

Қазіргі таңда қайсыбір тілді болмасын оқытудың маңыздылығы арта түсуде. Оның ішінде, қарым-қатынас тілі ретінде бекітілген орыс тілін оқытудың тиімділігін арттыру мәселесі қазіргі таңда өзекті бола түсуде. Қазіргі әлем қоғамдық қатынастардың барлық салаларында, демек, білім саласында қарқынды жүріп жатқан жаңару процестерімен сипатталады. Бірнеше ондаған жылдар бойы басқалармен қатар екі жаһандық тенденция болды: ақпараттандыру және жаһандану.

Ақпараттандыру – индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға көшу, онда ақпарат саясатта, экономикада, білімде және мәдениетте негізгі стратегиялық ресурсқа айналады, елдердің ғылыми-техникалық дамуының маңызды факторы болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру дәстүрлі оқыту технологияларын тиімдірек ақпараттық технологиялармен алмастыру арқылы білім мазмұнының сапасын арттыруға бағытталған.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор. Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қайсыбір тілді немесе пәнді оқытуда жаңа технологияларды түрлендіріп қолдануда интернет ресурстары мен технологияларының мүмкіндіктері зор және интернет-технологияларды дұрыс пайдалану арқылы оқу үдерісін оңтайландыруға ықпал ететінімен

келіспеу қиын. «Ғаламтор - компьютердегі мәліметтер мен құжаттарды, мультимедиа элементі бар гипермәтінді жүйелерді байланыстыратын ғаламдық тор. Әсіресе үнемі жаңартылатын файлмен және сақталу орнына қарамастан құжаттар арасында байланыс жасау үшін жұмыс істеуге ыңғайлы. Ғаламтор, яғни, интернет – әртүрлі мекемелер мен ұйымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың пайдаланушыларын біріктіретін ғаламдық желі. Интернет бүкіл әлемде таралған және төрт миллиардтан астам пайдаланушысы бар. Ғаламдық желі студенттер мен мұғалімдерге қажетті кез келген ақпаратты алу үшін жағдай жасайды: аймақтану, жаңалықтар, газеттер мен журналдардағы мақалалар, әдебиеттер, жобалық қызметтегі мәселе туралы ақпарат және т.б. Бұл желі арқылы тестілеуге, викториналарға, жарыстарға, олимпиадаларға қатысуға, басқа елдердегі құрдастарымен хат алмасуға, форумдарға, бейнеконференцияларға және т.б. қатысуға мүмкіндік береді [1, 128 б.].

Қолданыстағы интернет-технологиялар ақпаратты тек мәтін түрінде ғана емес, сонымен қатар гипермәтін, дыбыс, бейне кескіндер түрінде де бере алады. Түрлі тақырыптар, іс-шаралар, түрлі-түстілік, оқушыларды ынталандыру.

Мультимедиялық құралдар жеке оқушылардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне қарай оқытуды даралауға мүмкіндік береді. Оқушылар мультимедиялық жобаларды оңай орындайды. Мультимедиа оқушының санадан тыс реакцияларын қоса отырып, материалды қабылдауға және есте сақтауға қолайлы психологиялық жағдай жасайды. Мысалы, тапсырманы қорытындылау немесе шығару, сондай-ақ сәтті немесе орындалмау әр сабақта қандай да бір дыбыс немесе бейнелеу, оқушыларды белгілі бір жұмыс түріне баптау, жалпы көңіл-күйді анықтаумен қатар жүруі мүмкін.

Орыс тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді. Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы»(М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев), әсіресе тіл сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде. Мұндай әдіс-тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми – әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктер мол. Сондықтан түпкі нәтижені таңдаудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

Қазіргі заманның әлеуметтік экономикалық жағдайында оқушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін – өзі жан – жақты танып білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған. Осыған орай оқушылардың білімін тереңдету мақсатында жаңа технологиялық бағдарламалар қосылуда. оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны абзал. Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарында қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолданудың маңызды. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, т.б.

Әрбір ұстаздың өз сабақтарында жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызық өтуіне себеп. Әр түрлі әдістерді орыс тілі сабақтарында қолданып тиімді – тиімсіз жақтарын зерттеп, ізденіп жүрмін.

Орыс тілін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясының жоғары нәтижеге ие екендігін айтқымыз келеді, Өйткені, бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Ғалымдар Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин т.б. осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған.

Қазіргі педагогикада пайдаланып жүрген технологиялардың бірі және бірегейі – деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы . Бұл технология қазіргі орыс тілін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. . Осы мақсаттың орындалу жолында тілдік материалдар тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, мәтінмен, басқа да ізденімпаздық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады. Сабақ барысында қандай оқушы болмасын I деңгей тапсырмасын орындайды, Әрбір оқушы I деңгей тапсырмасын орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы. Деңгейлеп-саралап оқытудың тағы басты қажеттілігі, оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамыту. Жеке тұлғаның қалыптасып, ой-өрісінің дамуы, белсенділігінің артуы, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс-тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады. Деңгейлеп-саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», деп Әбу – Насыр әл – Фараби айтқандай, орындалатын тапсырмалардың тәрбиелік қуаты ескерілуі тиіс.

Оқу сабақтарында модульдік оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу оқушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Осылармен қатар, орыс тілі сабақтарында жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология дамыған 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Аталған технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді. Жалпы айтқанда, «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді. Мұнда оқушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады: – қызығушылықты ояту; – мағынаны тану; – ой толғаныс. Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылық қабілетін таныта алады. Педагогикалық қызметтің басты мақсаты оқушылармен оқу-тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану. Ол үшін жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беру. Орыс тілі сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру

Әрбір пәнді қызықты, белгілі бір тақырыптарға арналған сабақтарда интернет-ресурстардың барлық мүмкіндіктерін пайдалану үшін келесі құрал-жабдықтар қажет: сыныпта кемінде бір компьютер және проектор (ең жақсы нұсқа - Интернетке қосылған 1-2

оқушыға 1 компьютер). Мұның басты факторы – әрбір студенттің еңбек процесіне араласуы. Сыныпта бір ғана компьютер болса, әдетте топтық немесе фронтальды жұмыс түрлері қолданылады. Сыныпта компьютерлік үстелдердің орналасуы өте маңызды. Оқушылардың жұмысын бақылауды жеңілдету үшін компьютерлерді қабырға бойына оқушыларды қабырғаға қаратып, мұғалімнің үстелін бөлменің ортасында орналастыру өте ыңғайлы. Орталықта бос орынның болуы бірлескен мәселелерді талқылауға жиналуға, топтық жұмыс жасауға мүмкіндік береді:

- интернет-технологияларды қолданудың рөлін, орнын, мақсатын және уақытын нақты анықтау;
- мұғалімнің тәлімгерлік рөлі, оның оқу-тәрбие процесін жан-жақты қолдауы;
- интернет технологияларының басқа оқу құралдарымен тығыз байланысы;
- оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін тек осындай құралдарды қолдану;
- Интернетте оқыту әдістемесінің оқу сабағын өткізудің жалпы стратегиясына сәйкестігі;
- оқытуды дараландырудың жоғары дәрежесін қамтамасыз ету;
- тренингте кері байланысты қамтамасыз ету, интерактивтілік [2, 177б.].

Әлеуметтік тенденцияларды талдау жақын болашақта ақпараттандыру адам қызметінің барлық салаларына бұдан да тереңірек енетінін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық. Сондықтан, әрбір мұғалім үшін сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org
2. Мячина Н.Г. Использование новых технологий на уроке русского языка // https://edunews.kz/

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тазабекова Галия Жанисбековна

Әл-Фараби атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қаласы

Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды. Адамның жеке басын қалыптастыру негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге белгілі. Бастауыш мектептен бастап оқушыларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау адамгершілік қасиеттерін дарытып Қазақстан Республикасының азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәрбиелеу - біздің міндетіміз болмақ.

Сондықтан да бастауыш мектептен бастап оқушының жан-жақты дамуына басты назар аударылуы керек.

Оқушының жан-жақты дамуына бағыт-бағдар беруші- мұғалім. Бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында оқушыларды ғылымдар негізімен таныстырып қою емес, баланың жалпы ойын дамыту, қажетті тәрбие беріп, оны тәжірибеде қолдана білу үшін өздігінен жұмыс істеуге, адамгершілік мәдениетін қалыптастыру талап етіледі. Бүгінгі заманның педагогикалық, психологиялық зерттеулерінің анықтауы бойынша мектептің бастауыш сыныбындағы кезеңі баланың қай жағынан болсын ең қарқынды дамитын кезеңі [1, 32б б.].

Қоғамның негізгі бағыты білімді де дарынды балалар даярлау болса, ал мектептің негізгі көкейкесті мәселелерінің бірі білім мен қатар тәрбие беру, яғни адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, бастауыш сыныптан бастап адамгершілік мәдениеті жоғары деңгейдегі оқушылар тәрбиелеу. Жас ұрпақ бойына батылдық, әділдік, мейірім мен қайырымдылық, ізеттілік пен қамқорлық сезімдерін сіңіруді әр ұстаз, әр пәнде сабақпен ұштастыра жүргізуі қажет. Осы тақырып төңірегінде көптеген ғұлама ғалымдар пікірлер айтып, зерттеулер жазған. Адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілдеріне ұлттық педагогика элементтері де жатады. Қазіргі таңдағы қазақ педагогикасының міндеті – адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдептілік, ар-намысы биік оқушылар тәрбиелеу.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-әрекеті басым. Жас бала - жас шыбық тәрізді қалай исең солай майысады. Сондықтан да білім негізі бастауыш мектепте қалыптасады , яғни осы кезеңнен бастап, балаға тиісті көңіл бөлу керек екенін заман талабы, тәрбие кепілі деп түсінуіміз керек [2, 42 б.].

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және оларға өздерінің бір-біріне, жанұясына, басқа адамдарға, Отанға, мемлекетке деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөнінде мұғалімдердің арнаулы мақсат көздеген қызметі [3, 83 б.].

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу ең алдымен және негізінен оқыту процесінде жүргізіледі. Баланы оқыту үстірт қарағанда ғана тіпті өзгеге қатысы жоқ іс болып көрінуі мүмкін.

Шындығында сабақ – алуан түрлі ұжымдық қимылдар мен тебіреністердің, адамгершілік өзара қатынастардың тәжірибесін жинақтайтын орын. Сабақта балалар өздігінен жұмыс істеуге үйренеді. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін өз күш-жігерін өзгелердің күш-жігерімен салыстыру, өз жолдастарын тыңдап, түсінуді, өз білімін басқалардың білімімен салыстыру, өз пікірін дәлелдеу, біреуге жәрдемдесу және оның жәрдеміне сүйенуі қажет. Тәрбиелік жағынан алғанда мектепте оқылатын барлық пәндердің маңызы бірдей.

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде мұғалімнің жеке басының үлгісімен, балалармен қарым қатынасының шешуші маңызы бар. Оқушылар әркез өз мұғаліміне еліктейді. Егер мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасына ізгілік, қамқорлық, сезімталдық тән болса, оқушылардың өзара қарым-қатынастары да сондай болады. Бастауыш сынып оқушысының жеке басын қалыптастырудағы міндеттердің бірі оны адамгершілік туралы ұғымдар, түсініктермен байыту болып табылады. Оқушылар бұларды әр түрлі дәрежеде игереді, ол баланың жалпы дамуына, оның өмірлік тәжірибесіне байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда оқу сабақтарының ролі үлкен, соның ішінде дүниетану сабағы. Біз үнемі, «Кітап – бұл әлем сырын ашу» дейміз. Яғни, оқу арқылы оқушы қоршаған өмірмен, табиғатпен, адамдардың еңбегімен, құрдастарымен, олардың қуаныштарымен, кейде тіпті сәтсіздіктерімен танысады. Бастауыш сынып оқушылары ең алдымен ізгілік, қайырымдылық, сезімталдық, әдеттілік туралы ұғымдарды түсінуі, оларды айыра білуді үйренуі керек. Бұл сапалар өзара байланысты, қайырымды адам қашан да сезімтал, әділетті адам да сергек, сезімтал келеді. Балаға адамгершілік сапалардың өмірдегі көрінісін көре

білуде, қайырымдылық, зұлымдықты, сезімталдық пен әділетсіздікті, жолдасына шын мәнінде немее жалған көмек беруді айыра білуді үйренуі тиіс. Сондықтан оқушылар адамгершілік мәдениетінің дамуына бағыт беру үшін осы сапаларпдың мазмұнын білу қажет [4,143 б.].

Бастауыш мектептен бастап қарым-қатынас мінезі, құрбы-құрдастарымен өзара қатынастары айтарлықтай өзгереді. Тіпті олар үшін өте маңызды болып саналатын жора-жолдастарына көмек қолын беруге дайын тұру, достықты сүю, мейірімділік, қайырымдылық сияқты қасиеттер табылады [5, 23 б.].

Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі әдістеріне түсіндіруді жатқызуға болады. Оның құралдары ретінде мақалдар мен мәтелдер, әңгімелер мен ертегілер, аңыздар мен аңыз-әңгімелер қызмет етті. Оқушылармен әнгімеде тап сол жағдайға қолайлы мақалдар мен мәтелдер арнайы сұрыпталып, реттеліп алынып отырады. Адамгершілдікке тәрбиелеудің аса бай жолдары белгілі болғанына көз жеткізу үшін келесі әдістер мен құралдарды атап өтуге болады. Олар: көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну кеңес, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, сөгіс беру, кінәлау жатады.

Мәселен, халық ұғымында, адам баласының мінез-құлығына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, аса құдіретті, қасиетті мол адамшылық атаулының бір көрінісі. Шындық пен әділетті суреттейтін көркем шығармалардың ішіндегі аңызды айтсақ-«Аяз биді» еске аламыз. Шыр етіп дүниеге келген періште сәбиге адами асыл қасиеттер ана сүтімен, берісі бесіктен дамиды десек, қателеспейміз. Ал адам балысының тәрбиесінің ошағы саналатын – мектеп тәрбиесі бала бойында ізгі қасиеттердің қалыптасуына үлкен де, маңызды атқарары даусыз. Тәрбиенің негізгі – іргетасы адамгершілік тәрбиесіне байланысты [6, 111 б.].

Халқымыздың атадан балаға қалдырған халықтық педагогикасында ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі, бала, ұрпақ, оқушылар арасындағы тәрбие мақсаттары жатыр.

Мың жылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, отбасында, тұрмыс, тіршілікте батылдық пен батырлыққа, әділдік пен адамдыққа, инабат пен ізгілікке, иба мен иманға үздіксіз тәрбиелеп отырған.

Халықтың ұлттық салт-дәстүрлері қаншама уақыт өтсе де өмірден өшірілмей, керісінше, қазіргі уақытта қайта жарқырай түскенін күнделікті өмір көрсетіп отыр. Қазақ баласы да қоршаған ортаның ішкі сырларын үлкендерден сұрап, еліктеп, байқап білгісі келген. Адамгершілік қасиет, еңбекке, өнерге, тәрбиенің басқа түрлеріне ойын, той, қонақ, сауық сияқты жерлерде тәрбиелеп, баулып отырған.

Қазақта баланы отбасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген.

«Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол,

Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол» –деп, ұл –қыз тәрбиесіне түгел қатысқан. «Үлкеннің алдын кесіп өтпе», «үлкенге сәлемдес», «аттылының алдын кеспе» деп жолды кеспеуге баулыған. «Ат атандырма», «сағымды сындырма», «сүйек жасытпа», «сөз тасыма» деген жүйелі сөз тағы бар.

Эпидаскоп арқылы тақтаға құлын, қозы, ботаның суреттері түсіріледі. Осы арқылы ата-ананың балаға деген мейрімен, ықыласын түсіндіру, оның қазақтың тұрмыс тіршілігімен астасып жатқандығын айтады. Оқушылар ата-әже, ана мейрімін бейнелеп көрсетеді.

Осыншалық мейрімін, шуағын төге отырып, қазақ баланы еңбекке үйреткен, төзімділік, ептілік, шеберлік, шыншылдық, ар, ұят, әдеп, үлкенді сыйлау секілді қасиеттерді ұрпақ зердесіне сіңіре білген. Мысалы: «Сіз деген –сыпайылық, біз деген –көмек», «Сыйға –сый, сыраға бал», «Сөзің тәтті болса, жұмысың қатты болсын» деген мақал –мәтелдер де сол игілікті істерге бастап отырған. «Жақсы сөз –жарым ырыс» екенін ұқтырған. Қонақтарға тапсырма: Үш санына байланысты халықтың ой –тұжырымдарын еске түсіру.

Үш жүз, үш арсыз, үш тоқтам, үш жұрт, үш даусыз, үш көз, үш қуат, үш қадірсіз, үш ғайып, үш жаман.

«Адам туа білмейді, жүре біледі». Олай болса өмірге келген әрбір баланың болашағын алғашқы күн, айларынан бастап қалыптастырған.

Атамыз қазақ ілім-білімді үйрете отырып «білім ауысады, ырыс жұғысады» деп, татулыққа, достыққа білімділікке, өнерпаздыққа баули отырып, барлық тағлымды өз отбасынан бастап, мектепке жалғастырған.

Оқушы біткеннің барлығы дерлік мектеп қабырғасында ұстаздардан тәлім алады. Егер біздің ұстаздарымыз әрбір сабақты жоғары сапалы, тиімді етіп өткізсе, жас ұрпақ тәрбиелеп өсіру ісінде кемшілік аз болар еді. Әрбір сабақ, тәрбиелік жұмыс ғылыми негізде ұстамды, жан-жақты танымды жүргізілсе рухани әсерлі болады. Демек, әр сабақ тәрбиелік бағыттан бөлінбей қатар жүргізілуі қажет.

Қорытындылай келе, мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауында халықтың білімі мен әл-ауқатын арттыруға, жас ұрпақтың рухани адамгершілігін жетілдіру мәселелеріне тың көзқарастардың қажеттігіне басты назар аударған.

Сондықтан да, ұрпақ тәрбиесіндегі көкейтесті мәселелердің бірі – жетілген, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Бастауыш мектеп – үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде өзінің белгілі қызметін атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының бойында жалпы адамгершілік қалыптармен гуманистік, моральдық, қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық, сыпайылық тәрізді қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен қоршаған ортамен қарым-қатынасына мән беруіміз керек. Яғни ұлттық әдет-ғұрып, қазақи қасеттерімізді бойына сіңірген ұрпақтың адамгершілік қасиеттері зор деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Занков В.В. Избранные педагигические труды. – М., 1990.
2. Төлегенов Ө. Оқытудың педагогикалық – психологиялық ерекшеліктері. Бастауыш мектеп, 2006. №1. – 33-34 беттер.
3. Ильина Т.А. Педагогика. – А.: Мектеп, 1977.
4. Молдагалиева Р.Т. Жаратылыстану негіздері мен дүниетануды оқыту әдістемесі Р.Т Молдагалиева– Астана, 2003
5. Қоянбаев Ж..Б. Педагогика. – Астана, 1998.
6. Жүнісова К. Дүниетану :1 сынып – А.: Атамұра 1999

ЖАҢЫЛТПАШТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ: ТІЛ ДАМЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Байсакалова Толкын Манатовна
И.В.Панфилов атындағы №39 мектеп-гимназия, Тараз қаласы
Балтабай Балнұр Асылбекқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 4 курс студенті,
Тараз қаласы

Қазақ әдебиеті – ұлттық мәдениетіміздің айнасы, ғасырлар бойы қалыптасқан руханиятымыздың негізі. Қазақ әдебиетінің фольклоры өте бай. Соның бірі де бірегейі – жаңылтпаштар жанры. Жаңылтпаш – қазақтың ұлттық құндылығына да, ауыз әдебиетінің құндылығына да тән мұра. Жаңылтпаштар балалардың тілін дамыту және оларды жан-жақты тәрбиелеу қажетінен туып, бала тәрбиесі үшін қызмет еткен. Жаңылтпаштардың ықпалы, тәрбиелік күші жағынан жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең маңызды белесіне айналды.

Жаңылтпаш адамды өнерге, ойын дамытуға, тілін жаттықтыруға үйрететін этнопедогогикалық туынды болып есептеледі. Жаңылтпаш – баланың ойлау қабілетін дамытуда, тілін ширатуда, дүниетанымын дамытуда маңызы зор. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ойы қиялы дамиды, тәлім-тәрбие алады.

Жаңылтпаш жанрының дәстүрлі тәлімдік-тәрбиелік мектебіне айналу мәнісі, әрине, оның танымдық қуаты мен тәрбиелік маңызынан, көркем бояулы эстетикалық күшінен, ойлы-сезімді тереңдігімен айқындалады деп түсінеміз. Сонымен қатар, дүние сырларын танытып, білім бererлік, білік-дағды қалыптастырарлық ерекшелігі де бар. Жаңылтпаш ана тілінің бай қорын, мол мұрасын бала жастан игеруге, жатық сөйлеп, тіл саздылығын тануға көмектеседі, көркем сөзді қастерлеуге тәрбиелейді [1, 3 б.].

Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әсіресе, тілдің алдыңғы (тілалды) дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту алғаш көптеген бөбектерге қиын сияқты болып көрінеді. Сондықтан жаңылтпаштар да, көбінесе сол «р» дыбысы мен «и» дыбысын қатар айтуға құрылған. Бала тіліндегі «ш» дыбысы мен «с» дыбысын шатастырып айтуды түзету үшін халық жаңылтпаштарды шығарған. Сол сияқты «қ-к», «ж-ш», «т-д», «н-ң» т.б. дыбыстарды шатыстырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар да бар [2, 101 б.].

Тілі енді шығып, сөздік қоры қорлана, молыға бастаған кезде сәби кейбір дыбыстарды айта алмай қиналады. Мұндайда оның тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлету үшін үлкендер бала қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді жиі-жиі жаңылыстырмай айтып, жаттықтырса, кейіннен ол мүдірмей сөйлейтін, өз ойын толық, дұрыс әрі нақтылап жеткізе алатын болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттығу арқылы бала ана тілін ардақтап өседі, онда сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамып жетіледі. Тілі жаңа шыққан бөбектер көбінесе «р» дыбысымен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастырады. Әсіресе, тілдің алдыңғы (тілалды) дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту көптеген бөбактерге қиын соғады. Сондықтан, жаңылтпаштар көбінде сол «р», «и» дыбыстарын қатар айтуына құрылған.

Мәселен, осы айтылғанға орай:

Дегенде, әй, Тайқарбай, әй, Тайқарбай,
Қойынды май жусанға жәй,
Тайқарбай, Тайқарбай,
Майқарбайлар толып жатыр
Әй Тайқарбай дегенің,

Жаңылтпаштардың авторы – халық. Бұрын жаңылтпаштар балаларды күлдіру және ойнату үшін ойлап табылатын. Заманауи Қазақстанда қазақша жаңылтпаштарды оқытушылар мен логопедтер мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеу қабілетін жақсарту үшін жиі пайдаланады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі. Жаңылтпаштар өз ұлтын, өз мұрасын түсінуге үйретеді. Жаңылтпаштар баланың дүниетанымын, тілін дамытып, кішкене кезден бастап мақсатты іс-әрекетке үйретеді.

Бала тәрбиелеуде ғасыр бойы пайдаланып келген ауызекі поэтикалық шығармашылығының асыл тіректерін – бүгінгі күнге дейін құнын жоймай келген мұраны оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану көкей тесті мәселе. Себебі, олар біріншіден, оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастырады; екіншіден, логикалық ойлау қаблетін дамытып, ақыл-ой ұшқырлығына, шапшаңдыққа баулиды; үшіншіден, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат беріп, ата – салт-дәстүріне аялы көзқарасты қалыптастырады;

төртіншіден, әрбір оқушы осы ата дәстүрі мен әдет-ғұрпы арқылы жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алуға мүмкіндік алады; бесіншіден, оқушыда ұлттық сананы, адамгершілік ізгі қасиеттерді, отан сүйгіштікті дамытуға жәрдемдеседі.

Жаңылтпаш – қазақтың ұлттық құндылығына да, ауыз әдебиетінің құндылығына да тән мұра. Жаңылтпаштар балалардың тілін дамыту және оларды жан-жақты тәрбиелеу қажетінен туып, бала тәрбиесі үшін қызмет еткен. Жаңылтпаштардың ықпалы, тәрбиелік күші жағынан жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең маңызды белесіне айналды [3, 192 б.].

Жаңылтпашты зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлеріне, ғылыми тұжырымдарына қарағанда жаңылтпаш та жұмбақ, мақал-мәтел сияқты фольклордың шағын жанрына жатады. Жаңылтпаш сөздер мен дыбыстарды қиындата қайталау, айтқанда тілді мүдіртіп тұтықтандыратын сөйлемді немесе сөйлемнің бөлігін шапшаң, жиі қайталау арқылы тіл ширатуға, тіл ұстартуға лайықталады. Жаңылтпаш дүниежүзі халықтарының бәрінде бар. Бірақ жаңылтпаштың қай тілдегі атауына зер салсаңыз да, оның ауыз әдебиеті үлгісінің ортақ табиғатынан өрістеп жатқанын байқау қиын емес.

Жаңылтпаш тіл дамыту мен ширатудың, әсіресе бала тілін ұстартудың тиімді құралы, дәстүрлі жолы десек, ондағы мағынасыз сөздер мен дыбыстардың ермек үшін айтылатын ретсіз жиынтығы емес. Жаңылтпаштар белгілі бір желіге құрылады да жүйелі өзіндік оқиға нышанын сөз етеді.

Шешендік өнеріңізбен жұртты таң қалдыру үшін, тіпті ең әдемі сөздердің өзі, дұрыс айтылмай тұрса кері әсер қалдыруы мүмкін. Жақсы дикция жұмысқа орналасуға барғанда, достармен араласқанда, бір сөзбен айтқанда әрқашан және барлығына да керек дей келе жаңылтпаштармен жаттығыңыз дейміз.

Жаңылтпаш – астарлы сөз, әсем жыр. Жаңылтпашта қарапайым халықтық тіл өрнектеледі. Олай болатын себебі – белгілі бір құбылыс, зат жаңылтпашталғанда, оның сипатын, кескін-кейпін, мейлінше түсінікті тілмен беру көзделеді. Жаңылтпаш – бала тілін дамыту құралы. Жаңылтпаш ықшамдылық талабына мейілінше бұлтартпастай жауап береді.

Мінсіз жаңылтпаш – мінсіз суреткерлік жемісі әрі оның дарындылық белгісі. Бұдан шығатын қорытынды, жаңылтпаш қай жанрға болса да ортақ, ағайындас есепті, солардың бәрімен де қатар дамып, халық ойының данышпандық асыл қазыналарын өз бойына жинаған мұра.

Міне, осындай қазақ фольклорының күллі мәселелеріне арналған еңбектерде де әр қырынан қарастырылса да, жаңылтпаштардың әлі күнге дейін біртұтас құрылымы сараланған жоқ. Сондықтан қазақ халқының бай фольклорлық мұрасын зерттеуде жаңылпаштар сынды жанрларды зерттеп, зерделеу бүгінгі фольклортану ғылымындағы кезек күттірмес мәселенің бірі деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Шетел ғалымдарының қазақ тәлімі жөніндегі ойлары / құраст.: С. Қалиев, К. Аюбай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2019. – 318 б.

2 Дәуітұлы Т. Жаңылтпаш баланың дүниетанымдық қабілетін қалыптастырушы. Қазақ тілі мен әдебиеті, 2010. №7, 101-104 б.

3 Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 2018. – 432 б.

THE USE OF AN INTERACTIVE APPROACH IN TEACHING SPEAKING IN ENGLISH CLASSES AT THE MIDDLE STAGE

Bekboltaeva Nazira Tleubaevna
English teacher at Aishabibi secondary school, Zhambyl district education department, Department of Education of the Zhambyl region

The 1990-s are characterized by the use of interactive technologies in education. Each student interacts with the three sources of obtaining educational information: a teacher, a database (on the subject or academic discipline) and, formally, any class student. Hence, the interactive learning technology makes the process of learning productive that can be called a special form of organization of cognitive activities. It concerns very specific and predictable objectives.

One of these is to create a comfortable learning environment in which the pupil feels his/her success, his/her intellectual consistency of training.

To date, the following technologies are popular in the educational process:

• student-centered learning technology;

• problem-modular training technology; developing education technology;

• communicative training technology; interactive learning technology, etc.

In this context, computer technologies, for example, alter the learning style itself: students acquire a variety of skills in all kinds of speech activity at the same time. In teaching listening each student has an opportunity to hear the foreign language speech; at speech training each student can recite phrases in a foreign language into the microphone; when learning grammatical phenomena each student can perform grammar exercises. Students can create a variety of texts in a foreign language: biography, greeting cards, questionnaires, as well as the problematic texts, essays, projects [1].

At the same time different kinds of speech activity are activated, such as: reading and writing; in addition, the effect is achieved in the field of speech thanks to the expansion of vocabulary and text design skills. Let's add here the Internet, which provides the possibility of virtual interaction. Accordingly, the term 'possession of interactive technologies' can be understood as the ability to navigate in the basic technical characteristics of new interactive tools: interactive whiteboard, Internet resources, software tools (Smart Notebook, Smart Ideas, Synchron Eyes, Bridgit Conferencing Software, M-Path, Chinoor) and other.

The interactive learning technology includes the following structural elements:

• simplification (modification and narrowing of diverse, complex processes in order to create more favorable preconditions for training);

• inclarnation (simulations that help determine the target path of understanding); transfer (use of knowledge and skills in everyday practice);

• identification (student's ability to identify with a given role).

In this regard, there can be distinguished the following methods and techniques, forms of organization in the course of employment with the use of interactive technology:

• work with the concepts – the method of self-learning, in which learners working individually, in pairs, in a group, interact with the information, where the teacher's involvement is minimal;

• a multimedia lecture;

• search for information on the Internet or multimedia directories; work with an interactive whiteboard; interactive communication (active interaction between all participants in the educational process), which becomes an important source of knowledge and experience in the implementation of active and interactive learning methods (role playing, brainstorming, group discussion, analysis of the situation) [2].

An interactive approach to learning is a fairly new means of improving education. The goal of the interactive approach is to create comfortable learning conditions that promote active interaction among students. Today, the use of an interactive approach in the learning process indicates the innovative activity of the teacher. Interactive learning involves learning that is immersed in communication, but not replaced by it.

One of the main goals of interactive learning is the overall development of students, the

formation of a personality capable of independent thinking and cognitive activity. The task of a teacher who uses an interactive approach in his activities is to ensure the development of students' educational activities. In organized activities, students themselves strive for knowledge. The result of students' activities is a high-quality acquisition of knowledge.

The interactive approach is used in educational schools to improve the educational process. Interactive learning attracts the attention of many scientists and teachers, which is why a lot of literature has been written on this topic, revealing the essence of the interactive approach. To fully disclose the content of the interactive approach, it is necessary to study the definitions [3].

The word «interactive» is based on the English «interact» («inter» - «between», "mutual", «act».

- «to act», «action»), which means to be in interaction with each other. According to the definition of

M.V. Clarina, «interactive learning» is learning based on direct interaction of students with the learning environment in order to gain new experience [3].

T.S. Panina gives the following definition of «interactive learning» - this is a way of cognition carried out in the forms of joint activities of students: all participants in the educational process interact with each other, exchange information, jointly solve problems, simulate situations, evaluate each other's actions and their own behavior, immerse themselves in a real atmosphere of business cooperation to resolve problems.

Based on the above definitions, we can say that interactive learning is based on interaction. To provide a complete description of interactive learning, it is necessary to expand on the term «interactive interaction». According to the definition of S.S. Kashleva, «interactive pedagogical interaction» is the enhanced purposeful activity of the teacher and students to organize interaction among themselves for the purpose of development.

Interaction plays an important role in the learning process. Firstly, there is an increase in the intellectual activity of subjects of the educational process. Secondly, conditions are created for competition and pooling of efforts. It is important to note that there is also a psychological factor: the partners' statements evoke in each student their own ideas and contradictions within the framework of the presented issue, which turns into discussion.

During the interactive interaction between students and the teacher, an interactive process arises. The definition proposed by S.S. Kashlev, fully reflects the essence of this phenomenon. «Interactive process» is a process of purposeful interaction between participants in the pedagogical process. This interaction is based on the personal experience of each student.

The interactive process is characterized by high intensity of communication, communication, exchange of activities, change and variety of activities, processuality, purposeful reflection by the participants of their activities and interaction [4]. Revealing the essence of the interactive approach, it is important to determine those methods that are used within the framework of interactive learning. According to the definition of A.Yu. Prilepo, "interactive teaching methods" are interconnected joint activities of students and teachers in which all participants in the educational process interact with each other, exchange information, jointly solve problems, simulate situations, evaluate each other's actions and their own behavior, and immerse themselves in a real atmosphere cooperation in joint problem solving [4].

Based on the research of G.S. Kharkhanova, interactive learning methods represent a system of pedagogical tools aimed at ensuring the educational process, as well as conditions for

independent acquisition and assimilation of new knowledge acquired in the process of educational interaction.

According to the research of E. E. Lushnikova, interactive teaching methods represent a certain system of organized interaction between the teacher and students in the form of active learning, providing constant communication that allows students to encounter different situations and thereby gain and accumulate experience [5]. Interactive methods are based on a focus on broader interaction of students not only with the teacher, but also with each other, as well as on increasing the activity of students in the learning process [5].

Based on the presented definitions, the following conclusions can be drawn:

• The interactive approach involves the interaction of students within the educational process;

• Students are constantly involved in active activities that ensure achievement of high results.

The interactive approach is aimed at developing the educational process.

The priority objectives of interactive learning are:

• Development of students' speech skills

• Increasing interest in the subject being studied

• High-quality learning of educational material

• Organization of independent work of students in solving assigned problems

• Forming your own opinion

• Ability to defend your point of view

• Ability to work in a team and treat all participants in the educational process with respect.

Thus, the interactive approach can be defined as a special form of organization of cognitive and communicative activities in which students are not only involved in the process of cognition, but also have the opportunity to reflect on what they know and think.

The study and analysis of literary sources allows us to describe the essence of interactive learning. An interactive approach to learning ensures interaction between subjects and also creates all the conditions for communication within the educational process. The main source of educational knowledge is the life experience of students. During the training, students share experiences, exchange knowledge, thoughts, and solutions to assigned problems [6].

The role of the teacher in this approach is reduced to a minimum and consists in organizing the joint activities of students, thanks to which students bring individuality to the educational process. The interactive approach creates favorable conditions for solving creative tasks, and also promotes the development of versatile thinking.

Students express their point of view and learn to defend their opinions. Conflicts may arise during interactive learning while students learn to interact with each other. The entire learning process, based on an interactive approach, is characterized by student activity throughout the lesson. Students perceive and assimilate the information received faster. During interactive learning, all students are equal to each other [6].

In general, the main idea of the interactive approach is aimed at developing and developing speaking skills, ensuring joint activities and increasing student motivation. Interactive forms of training contribute to the effective assimilation of educational material. The interactive approach is considered the most effective when teaching speaking a foreign language. It helps reduce difficulties that arise during the learning process.

The objectives of interactive teaching methods are aimed at developing the skills of independent information search. Students have the opportunity to analyze the information received and share the results of their decisions. Interactive methods have the greatest range of capabilities. These methods allow students to interact with each other as part of the educational process. Interactive methods teach you to work not only independently, but also in a team. Students learn to respect each other's opinions. The interactive approach to learning represents a significant shift from traditional teaching methods, focusing on active engagement, collaboration, and real-world application of knowledge. It prioritizes the development of students' cognitive, communicative, and

analytical skills, ensuring their

participation in the educational process is both meaningful and effective.

The main objectives of interactive learning include:

• Enhancing speech and communication skills;

• Encouraging critical thinking and problem-solving abilities;

• Fostering teamwork and respect for diverse perspectives.

By integrating modern technologies and digital tools, the interactive approach significantly increases student engagement and motivation. It allows learners to actively construct knowledge, rather than passively absorb information, making the educational experience more effective and enriching.

Ultimately, interactive learning fosters a collaborative and stimulating environment, helping students develop the necessary skills for real-world applications. As technology continues to advance, enhancing interactive learning techniques will remain essential for improving education and preparing students for future challenges.

List of used literature:

1. Архипова Ж.Ю. Интерактивные методы обучения на уроках английского языка как средство развития коммуникативной компетентности учащихся. [Электронный ресурс]. / Режим доступа: http://rudocs.exdat.com/docs/index-152177.html (дата обращения:13.04.2016)
2. Никишина И.В. Использование интерактивных форм и методов обучения как приоритетное направление технологизации образования. Методическое пособие. – Волгоград, 2017.
3. Бабанский К.С. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. – М.: Просвещение, - 2019.
4. Борисова Н.В.. Технология обучения здоровью: Учебнометодическое пособие. – Чебоксары, 2005
5. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. М., - 2019. С.100.
6. Пассов Е.И., Кузовлев В.П., Коростелев В.С. Цель обучения иностранному языку на современном этапе развития общества. Общая методика обучения иностранным языкам. Хрестоматия/ Ред.Леонтев А.А.М, - 2018.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ

Жылқыбай Меруерт Айтбайқызы

Мұхтар Әуезов атындағы орта мектептің ағылшын тілі пән мұғалімі,

Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы

Білім беру саласындағы инновациялар қарқынды дамып, оқыту әдістерін жетілдіруге бағытталған. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының дамуы ағылшын тілін үйретуде жаңа мүмкіндіктер ұсынуда. Бұл технологиялар оқушылардың білім алу үдерісін бейімдеу, сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіру, автоматтандырылған бағалау жүйелерін дамыту және оқыту процесін жекешелендіру сияқты бағыттарда қолданылады.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – жасанды интеллект технологияларын ағылшын тілін оқытуда қолдану тиімділігін бағалау, олардың оқушылардың оқу нәтижелеріне тигізетін әсерін зерттеу және болашақта білім беру саласында олардың қолдану мүмкіндіктерін талдау.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қарастырылады:

Жасанды интеллект технологияларын ағылшын тілін оқытуда қолдану әдістерін талдау;

ЖИ негізіндегі құралдардың (чат-боттар, автоматты бағалау жүйелері, адаптивті оқыту платформалары) тиімділігін бағалау;

ЖИ құралдарының оқушылардың тілдік дағдыларына әсерін зерттеу;

Мұғалімдердің ЖИ технологияларын қолдану тәжірибесін сараптау;

Жасанды интеллект көмегімен ағылшын тілін оқытудағы болашақ тенденцияларды болжау.

Зерттеу объектісі: Ағылшын тілін оқыту процесі.

Зерттеу пәні: Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы ағылшын тілін оқыту әдістемесі, олардың тиімділігі мен болашағы.

Бұл зерттеуде келесі ғылыми әдістер қолданылды:

Әдеби шолу: ЖИ технологияларын тілдік оқытуда пайдалану жөніндегі ғылыми мақалаларды талдау;

Эксперименттік зерттеу: ЖИ құралдарын ағылшын тілі сабақтарында қолдану тәжірибесін зерттеу;

Сауалнама және интервью: Мұғалімдер мен оқушылар арасында ЖИ технологиялары туралы пікір жинау;

Салыстырмалы талдау: ЖИ қолданылған және дәстүрлі оқыту әдістерінің нәтижелерін салыстыру.

ЖИ технологиялары оқушылардың білім деңгейін бағалап, олардың қажеттіліктеріне сәйкес жекелендірілген оқу бағдарламасын жасайды. Duolingo және Memrise платформалары оқушылардың оқу траекториясын қадағалап, әлсіз тұстарын анықтай отырып, қосымша тапсырмалар ұсынады [1] Мысалы, Duolingo жүйесі оқушылардың қателерін талдап, оларға тиісті тақырыптарды қайталатып отырады, бұл білімді бекітуге мүмкіндік береді.

ЖИ негізіндегі автоматты бағалау жүйелері оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіруде үлкен рөл атқарады, өйткені олар мәтінді жылдам талдап, грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық және мағыналық қателерді анықтап, нақты кері байланыс береді. Grammarly, Write & Improve, Hemingway Editor және Turnitin WriteCheck сияқты платформалар оқушылардың жиі жіберетін қателерін талдап, түзету бойынша ұсыныстар беріп қана қоймай, олардың жазу стилін жақсартуға көмектеседі. Мысалы, Grammarly жазбаша жұмыстың грамматикалық дұрыстығын қамтамасыз етсе, Hemingway Editor мәтінді қарапайым әрі түсінікті етуге бағытталған. Зерттеулер көрсеткендей, Grammarly қолданған студенттердің жазба сапасы 25%-ға жақсарған, ал Cambridge University деректері бойынша, Write & Improve платформасын пайдаланған оқушылардың нәтижелері 30%-ға дейін артқан. Сонымен қатар, ЖИ жүйелері қайталанатын қателерді талдап, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сай бейімделген ұсыныстар береді, бұл олардың жазу машығын біртіндеп жақсартуға мүмкіндік жасайды. ЖИ құралдарының артықшылықтары тек бағалаумен шектелмей, оқушыларға грамматикалық ережелерді түсіндіріп, стилистикалық қателерді болдырмауға бағытталған кеңестер беруге негізделген. Осылайша, ЖИ-мен интеграцияланған автоматтандырылған бағалау жүйелері оқушылардың жазу сапасын жақсартып қана қоймай, оларға өзіндік оқу траекториясын құруға көмектеседі және тіл үйрену процесін анағұрлым тиімді етеді.

Айтылу дағдыларын жетілдіруде жасанды интеллект технологиялары үлкен рөл атқарады, себебі олар оқушылардың фонетикалық қателерін автоматты түрде анықтап, нақты кері байланыс ұсынады. Elsa Speak, Speechling және Google Assistant сияқты платформалар сөйлеу дағдыларын дамыту үшін арнайы алгоритмдерді пайдаланып, оқушылардың айтылуын, интонациясын және екпін қоюын талдайды [2]. Elsa Speak қолданушыларына сөздердің нақты дыбысталуын көрсету арқылы олардың акцентін түзетуге көмектесіп, әр дыбысты жеке-жеке талдайды және оқушылардың айтылуын ана тілінде сөйлейтін

адамдардың сөйлеуімен салыстырады. Speechling платформасы оқушыларға сөйлеу жаттығуларына арналған интерактивті жүйе ұсынып, олардың сөйлеу мәнерін түзету үшін нақты мысалдар береді, ал Google Assistant дауысты тану технологиясын қолданып, қолданушыларға ағылшын тілінде сұрақтарға жауап беріп, сөйлеу арқылы тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, жасанды интеллект негізіндегі фонетикалық оқыту әдістерін қолдану оқушылардың айтылу дәлдігін 30%-ға дейін жақсартады. Бұл құралдар дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып, оқушылардың сөйлеу дағдыларын өз бетінше дамытуларына жағдай жасайды, сонымен қатар оларға күнделікті сөйлеу тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Осылайша, ЖИ негізіндегі фонетикалық оқыту технологиялары шет тілін меңгеруде тиімді әдіс болып табылады және оқушылардың өз ойын еркін әрі сауатты жеткізуіне ықпал етеді.

Чат-боттар мен виртуалды репетиторлар шет тілін үйренушілерге интерактивті және бейімделген оқыту мүмкіндіктерін ұсынып, күнделікті қарым-қатынас тәжірибесін арттырады. ChatGPT, Andy English Bot және Replika сияқты жасанды интеллектке негізделген виртуалды көмекшілер оқушыларға ағылшын тілінде сұхбат жүргізіп, нақты өмірдегі диалогтарға бейімделуге көмектеседі [3]. ChatGPT күрделі грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушыларға жазбаша және ауызша тапсырмаларды орындауға қолдау көрсетсе, Andy English Bot сөздік қорды кеңейтуге бағытталған сұхбаттық жаттығулар ұсынады. Replika чат-боты эмоционалды интеллектті дамытуға негізделген, сондықтан ол оқушылармен еркін тақырыптарда сөйлесіп, қарым-қатынас жасауға ыңғайлы орта қалыптастырады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, осындай құралдарды жүйелі түрде пайдалану оқушылардың сөйлеу дағдыларын 40%-ға дейін жақсартуға мүмкіндік береді [4]. Мысалы, Duolingo Chatbot қолданушылары сұхбаттық сценарийлерді қайталай отырып, тілдік дағдыларын жетілдірсе, Mondly VR виртуалды шындық элементтерін қосып, оқушыларды әртүрлі сөйлеу жағдайларына бейімдейді. Осылайша, чат-боттар мен виртуалды репетиторлар тіл үйренушілерге шынайы тілдік ортада тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қолдайтын тиімді технологиялар ретінде қарастырылады. Геймификация және интерактивті оқыту әдістері оқушылардың мотивациясын арттырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады, өйткені олар ойын элементтерін қолданып, оқу процесін қызықты әрі тартымды етеді. Kahoot, Quizlet, Classcraft сияқты платформалар білім алушылардың белсенділігін күшейтіп, оларды интерактивті тапсырмалар арқылы оқу материалын меңгеруге ынталандырады [5]. Kahoot платформасы оқушыларға уақыт шектеулі викториналар мен тесттер ұсынып, олардың жылдам ойлау және жауап беру дағдыларын дамытады, сонымен қатар мұғалімдерге оқушылардың жетістіктерін онлайн форматта қадағалауға мүмкіндік береді. Quizlet флеш-карталар жүйесін пайдалану арқылы жаңа сөздерді меңгеру мен есте сақтау қабілетін жақсартады, ал Classcraft платформасы ойын механикасын оқу процесіне енгізіп, оқушыларды ұпайлар, марапаттар және виртуалды аватарлар арқылы ынталандырады. Мысалы, Classcraft жүйесінде оқушылар оқу тапсырмаларын орындау арқылы «кейіпкер деңгейін» жоғарылатып, қосымша мүмкіндіктерге ие болады, бұл олардың белсенділігін арттыруға көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, ойын элементтерін қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын 30%-дан 50%-ға дейін арттырып, материалды есте сақтау қабілетін жақсартады [6]. Осылайша, геймификация мен интерактивті оқыту технологиялары дәстүрлі әдістерді толықтырып, оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын күшейтудің заманауи тәсілі ретінде қолданылады.

Жасанды интеллектті ағылшын тілін оқытуда қолдану мынандай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

Жекешелендірілген оқыту әдістерін енгізу – ЖИ технологиялары оқушылардың білім деңгейін, қажеттіліктері мен оқу стилін анықтап, әр оқушыға жеке оқу жоспарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіру – ЖИ негізіндегі платформалар оқушылардың грамматикалық қателерін түзетіп, айтылу дағдыларын жетілдіру үшін нақты кері байланыс береді, бұл олардың тілді меңгеру сапасын арттырады.

Бағалау мен кері байланысты автоматтандыру – Grammarly, Write & Improve сияқты құралдар жазбаша жұмыстарды жылдам тексеріп, нақты ұсыныстар берсе, сөйлеу дағдыларын бағалау жүйелері оқушылардың айтылу сапасын автоматты түрде талдайды.

Оқу үдерісін тиімді әрі қызықты ету – Геймификация элементтері мен интерактивті жаттығулар оқушылардың мотивациясын арттырып, оларды белсенді түрде оқуға тартады.

Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту – Онлайн платформада жұмыс істейтін жасанды интеллект құралдары оқушыларға тәуелсіз түрде білім алуға мүмкіндік беріп, мұғалімдер үшін оқыту үдерісін жеңілдетеді.

Жасанды интеллект ағылшын тілін оқытуда тиімді инновациялық әдістерді ұсынып, оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға және тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. ЖИ негізіндегі құралдар жеке оқыту траекториясын құруға, автоматтандырылған бағалау жүргізуге, айтылу дағдыларын жетілдіруге және интерактивті оқыту әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Grammarly, Write & Improve, Elsa Speak, ChatGPT сияқты платформалар жазбаша және ауызша тілді меңгеруде оқушыларға нақты кері байланыс беріп, олардың қателерін түзетуіне көмектеседі. Сонымен қатар, геймификация элементтерін қолдану арқылы оқушылардың мотивациясын арттыру мүмкіндігі дәлелденген, бұл оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді. Дегенмен, ЖИ технологиялары мұғалімнің орнын толықтай алмастыра алмайды, себебі оқыту тек ақпарат берумен шектелмей, эмоционалды және әлеуметтік өзара әрекеттесуді де қамтиды. Мұғалімдер ЖИ-ді көмекші құрал ретінде пайдалана отырып, оқу процесін бейімдеп, оның тиімділігін арттыруы қажет. Жасанды интеллекттің болашағы білім беру жүйесін одан әрі жетілдіруге, оқыту әдістерін дербестендіруге және қашықтықтан оқыту сапасын жақсартуға бағытталған. Сондықтан, ЖИ-ді ағылшын тілін оқытуда тиімді пайдалану оның артықшылықтарын ескеріп, мұғалімнің педагогикалық шеберлігімен ұштастыруды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Cambridge University Press. (2020). Write & Improve. Retrieved from https://writeandimprove.com/

2. Eskenazi, M. (2019). Using Automatic Speech Recognition for Language Learning: Opportunities and Challenges. Language Learning & Technology, 23(3), 1-15.

3. Hamari, J., Koivisto, J., & Sarsa, H. (2019). Does Gamification Work? – A Literature Review of Empirical Studies on Gamification. Proceedings of the 47th Hawaii International Conference on System Sciences.

4. Kulikova, L., & Sorokin, P. (2022). AI Chatbots in Language Learning: A New Approach to Interactive Education. Journal of Educational Technology, 18(2), 85-99.

5. Settles, B., Brust, C., Gustafson, E., & Hagiwara, M. (2016). Duolingo: A Next-Generation Adaptive Learning System. Proceedings of the 9th International Conference on Educational Data Mining.

6. Wang, J., & Sniatynski, D. (2021). Artificial Intelligence in Language Education: Enhancing Writing Skills with AI Tools. TESOL Journal, 12(4), 124-140.

КӘСІПТІК ОҚЫТУДЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЖЕТІЛДІРУ

Асамбаева Насиба Нурсалемовна
№64 орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Ажикееева Жанар Наурызбаевна
Ж.Баласағұни орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Шу ауданы, Жамбыл облысы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» [1, 42 б.] көзделіп отыр, мұның өзі жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлаудың сапасын әлемдік білім беру кеңістігінің дамуымен байланыста арттыруды қажет етеді. Еңбек нарығының даму серпіні мен келешегіне сәйкес келетін сапалы жоғары білім беру, әлемдік стандарттар деңгейінде кәсіби даярлықты қамтамасыз ету - еліміздің бүгінгі әлемдегі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторы ретінде негізгі алғышарт болып табылады.

Осыған орай қазіргі кезде қоғамның ақпараттануы жағдайында шаруашылық пен өндірістің әртүрлі саласында еңбек ететін жұмысшылар мен мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға аса мән беріліп отыр.

Жоғары оқу орындарында кәсіби оқыту педагогтарын даярлаудың жай-күйін талдау инновациялық-технологиялық даярлық берудің соңғы жылдары қалыптасқан жүйесі бар екендігін аңғартты. Дегенмен, осы даярлық мазмұнын анықтау жєне оны ұйымдастыру мен қоғамдық практиканың қажеттіліктері арасында елеулі өзгешіліктің бар екені байқалады. Мұның өзі болашақ кәсіптік оқытудың инновациялық-технологиялық даярлығының мәні нақты анықталмағанын дәлелдейді.

«Инновация» термині педагогика теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Бірақ бұл терминнің белгілі бір педагогикалық ұғым ретінде әлі де қалыптасу үстінде екені анық. С.И.Ожегов сөздігі бойынша: «инновация» - бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық [2].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттердегі «инновация» ұғымына берілген анықтамаларды

талдай отырып, біз өз зерттеуімізде инновацияны педагогикалық тұрғыдан білім беру мазмұнына, оқу-тәрбие процесіне жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, формаларды, оқытудың жаңа технологияларын, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану деп түсінеміз.

Адамзат қоғамының қазіргі даму жағдайында ұйымдастырушылық және әрекет етуші технологиялардың ролі басым болып отыр. Бүгінгі дәуірді технологиялық мәдениет ғасыры деп те атауға болады. Себебі, қазіргі кезде өндірістің, қоғамдық өмірдің кез келген саласы қарқынды даму процесін айқындайтын қозғалмалы технологиялық ағза болып табылады.

Білім беру саласындағы технологиялық қатынас оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлігін қамтамасыз етуді көздейді, мұның өзі оқып-үйренілетін ғылымның мазмұны мен логикасын ғана емес, арнайы ұйымдастырылған танымдық процесс ретінде оқытудың заңдылықтары мен қағидаларын есепке алуды қажет етеді.

В.П.Беспальконың [3] пікірінше, «педагогикалық технология» сөз тіркесін қолдана отырып, көптеген зерттеушілер оқыту процесі мен құралдарын байланыстырады. Ал шын мәнінде оқытудың процессуалдығын, яғни әрекеттілігін күшейту қажет. Мұның өзі жоғары оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыруда мынадай міндеттердің шешімін табуды көздейді:

- оқытудың қолайлы шарттарын (дәрісханалар, лабораториялар, кабинеттер, техникалық жабдықтар, өндірістік база, т.с.с.) анықтау;
- студенттердің оқу және ғылыми жұмыстарын, оқытушылардың оқытушылық іс-әрекетін ғылыми ұйымдастыруды негіздеу және өткізу;
- оқу процесінің жай-күйіне мониторинг жүйесін орнықтыру, оны реттеудің, тұрақтандырудың, жетілдірудің шаралары мен тәсілдерін анықтау;
- оқу процесінің жүйесіне және оның жекеленген компоненттеріне ішкі және сыртқы ықпалдарды талдау, оларды тиімді пайдалану;
- оқу процесінің нәтижелілігінің объективті көрсеткіштері мен өлшеуіштерін анықтау;
- оқу процесін және студенттердің танымдық іс-әрекетін басқарудың қолайлы тәсілдерін орнықтыру;
- студенттердің өзіндік оқу және ғылыми жұмыстарының түрлері мен әдістерін жетілдіру принциптері мен тәсілдерін орнықтыру;
- оқу процесін жетілдірудің жаңа құралдары мен әдістерін ендіруді негіздеу;
- оқу процесін зерттеу әдістері мен құралдарын жасау;
- оқу процесі жүйесінің ғылым мен техниканың дамуына байланысты неғұрлым жоғары сапалық деңгейге өтуіне болжам жасау.

Бұл міндеттер белгілі бір деңгейде оқытудың барлық жекеленген компоненттеріне және тұтас оқыту жүйесіне қатысты болып саналады. Оқыту жүйесінің технологиялық жағын ұйымдастыру кәсіби оқыту педагогтарының кәсіби даярлығына байланысты.

Кәсіби даярлық мұғалімнің тиімді іс-әрекетінің алғышарты болып табылатындығы ерекше айтылған, бірақ ол туа біткен қасиет емес, арнайы дайындықтың нәтижесі екендігіне назар аударылады. Даярлық – бұл кең мағынада түсіндірілетін кәсіби бағыттылықтың, кәсіби білім берудің, тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің, кәсіби өз орнын анықтаудың заңды нәтижесі. Автор кәсіби даярлық тек нәтиже ғана емес, сонымен бірге кәсіби даярлаудың мақсаты, әрбір тұлғаның мүмкіндіктерін табысты іске асырудың бастапқы және басты шарты деп санайды [4].

Бұқаралық қоғамдық педагогикалық сананың шынайы көрінісін дер кезінде ескеру, теориялық ұстанымдарды нақтылау және педагогтардың объективті қажеттіліктеріне үнемі көңіл бөліп отыру үшін теория мен тәжірибе арасындағы байланыстың үзілмеуі қажет. Сондықтан біз зерттеу барысында инновациялық педагогикалық технологиялар мұғалімдердің тәжірибесінде қандай орын алатынын және оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешу барысында қалай іске асырылатынын анықтауды жөн көрдік. Мұның өзі бізге кәсіби

оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығының қазіргі жағдайын оқып-үйренуге негіз болды. Ол жалпы және кәсіптік білім беру мекемелерінің педагогтарының арасында сауалнамалар жүргізу арқылы іске асырылды.

Сонымен бірге біз зерттеу барысында «технологияларды кім жасау керек?» деген сұраққа жауап алуға тырыстық. «Технологияларды әрбір педагог өзі жасау керек» деген пікірді кәсіби мектеп оқытушыларының 42%, жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің 28%-ы айтты. «Технологияларды ғылым жасайды, ал педагогтар оларды дұрыс қолдана алу керек» деген пікірді кәсіби мектеп оқытушыларының 18%-ы, мектеп мұғалімдерінің 22%-ы ұстанады. Кәсіби мектеп оқытушыларының 43,2%-ында, жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің 49%-ы «оқытудың дербес технологияларын педагогтардың әрқайсысы өздері жасау керек, ал ғылым оған жекеленген теориялық тұрғыдан негізделген технологияларды ұсыну керек» деген пікір білдірді. Мұның өзі педагогтардың көпшілігінің өз пәндерін оқыту технологиясын өз беттерімен жасағысы келетінін білдіреді.

Сонымен жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Бұқаралық педагогикалық санада технология феномені берік қалыптасқан. Педагогтар инновациялық педагогикалық технологияларды өз қызметтерінің негізгі көзі болу керектігін саналы түсінуімен қатар оларды жасауға және оқытудың нақты жағдайларынна сәйкес іске асыруға дайын.

2. Педагогтар өз іс-әрекеттерінде оқытудың белсенді әдістерін, инновациялық-технологиялық идеяларды қолданғанымен, оларда әлі де болса дәстүрлі іс-әрекет нышандары бар; көбінесе мақсат қоюдың дәстүрлі тәсілдеріне, типтік оқу бағдарламалары мен дәстүлі оқыту әдістеріне сүйенеді. Мұның өзі педагогтардың педагогикалық іс-әрекеттің жаңа тәсілдері, инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану әдістемесі туралы білімдерінің жеткіліксіздігін аңғартады.

3. Педагогика ғылымынан инновациялық-технологиялық бағыттағы, әсіресе, мақсат қою, оқу бағдарламаларын жобалау, оқу процесін үлгілеу, инновациялық педагогикалық технологиялар туралы оқу құралдарын шығару талап етіледі.

Осы айтылғандардың барлығы бізге жоғары оқу орындарында болашақ кәсіптік оқытуды ақпараттық-коммуникациялық негізде жетілдіру қажеттілігін дәлелдеп берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: ЮРИСТ, 2007. - Б. 41.

2. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений // Российская Академия наук. Институт русского языка им. В.В.Виноградова. 4 - изд., доп. - М.: Азбуковник, 1998. - 944 с.

3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика, 1989. - 262 с.

4. Абдыкаримов Б. Профтехшкола и рынок. - Алматы, Ғылым, 1995. - 402с.

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ

Жаттоева София Шамаиловна
№64 орта мектептің биология пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Қазіргі биология - бұл, зерттеудің басты мәні жалпы және жеке заңдылықтар болып табылатын, оның барлық көріністері мен қасиеттеріне тән әр түрлі пәндердің тұтас бірлестігі

салыстырмалы түрде дербес салалардан тұратын білімнің белсенді дамып келе жатқан жүйесі. Биологиялық пәндер кешені биотехнологияларды дамыту арқылы қоғамның қуатты өндірістік күші ғана емес, сонымен қатар өндірістің өмір сүру жағдайлары және табиғатты тиімді пайдалану жүйесін әзірлеу және жалпы табиғи ресурстарды жаңарту туралы ілімнің маңызды негізі ретінде әрекет етеді. Мұндай процесс заманауи өндірістік тәжірибені экологияландыру деп аталады. Екінші жағынан, биологияның, экологияның негізгі идеялары мен принциптері, атап айтқанда, жаңа дүниетанымдық ұстанымдар мен қағидаттарды (биоцентризм, биосфероцентризм, өмір алдында қастандық және т.б.) қалыптастыруға, сондай-ақ қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылының тұжырымдамалық жаңа іргетасын қалыптастыруға ықпал ете отырып, қоғамның рухани мәдениетіне кіреді. Оқу-тәрбие процесін тұтас технологияландырғанда оқушы мен мұғалім іс-әрекетінің өзгереді. Өз бетімен білім алу – оқушыларда өздігінен білім алуға деген қажеттілікті қалыптастыру және оқуды дұрыс ұйымдастыру іскерліктерін меңгеру. Биология - көптеген басқа пәндермен тікелей байланысты және адам туралы айтуға қабілетті аса маңызды ғылымның бірі. Оқыту пәні - тірі организмдер, олардың өмір сүру және даму заңдылықтары, ортамен қарым-қатынас және шығу тегі болып табылады. Биологияны дамытудың негізгі кезеңдерін зерттей отырып, бұл пәнді қандай әсерлі жолмен оқытуға болатыны әрбір мұғалімді ойландырады.

Өткен ғасырдың соңы биология ғылымы жаңа ақпараттармен толықты. Анықталмай келген ДНҚ рөлі ашылды, 1953-жылы ғалымдар оның құрылымын анықтауға мүмкіндік алды, ал 1961 жылы шифрын шешуге мүмкіндік алды. Ақуыз синтезінің механизмдері нуклеин қышқылдарымен жұмыс істейтін молекулалық генетика пайда болды. Мұның барлығы адамға өмір құбылыстарын зерттеудің жаңа тәсіліне көшуге мүмкіндік берген үлкен қадам болды. 1961-жылдың сәуірінде адам алғаш рет ғарышта болды. Бұл күнді ғылымның ғарыш саласының пайда болу сәті деп атауға болады. Жетпісінші жылдары ғалымдар генетикалық инженериямен жұмыс істей бастады. Қазіргі кезеңдегі ғылым тіпті қарқынды дамуда.

Жалпы білім беретін орта мектептерде оқытылатын биология пәнінің зоология, ботаника және анатомия туралы бөлімдерінің оқушыларға берері мол. Оларды жаңаша талаптар деңгейінде оқыту үшін ғалымдар зерттеулер жүргізеді. Жеке бағыттарды жаңа пәндерге бөлу жалғасуда – гельминтология, арахноэнтомология, орнитология, микология, бриология, иммунология, бактериология және басқа да көптеген ғылымдар дамуда. Мұндай дифференциация мамандарға белгілі бір құбылыстар туралы ақпарат алу барысын жылдамдата отырып, әрбір нақты міндетке шоғырлануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылымның интеграциясы негізінде басқа да бағыттар пайда болады.

Қазіргі кезде жалпы білім берудің, соның ішінде биологиялық білім берудің мазмұнын анықтауда іріктеу принциптері мен критерийлерімен қатар мемлекеттік білім беру стандарты да сенімді бағыттаушы рөлін атқарады. Білім беруді стандарттау кажеттілігі білім беретін әртүрлі (мемлекеттік, жеке меншік) ұйымдарда оқитын барлық балаларға жалпы білім берудің ортақ деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ел аумағында біртұтас білім беру кеңістігін құруда жатыр.

Білім беру стандарты дегеніміз – білім алушылардың жалпы білім даярлығына қойылатын талаптардың міндетті деңгейі және осы талаптарға сай оқыту мен бақылау мазмұны, әдістері, формалары мен құралдары. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, атынан көрініп тұрғандай, барлық білім беретін ұйымдар олардың меншік нысанына, типі мен түріне қарамастан қолдануға және сақтауға міндетті [1].

Байқап отырсақ, білім беру стандарты жайлы айтылған кезде өте көп арнайы терминдер мен ұғымдар пайдаланылады. Бұл кездейсоқтық емес, себебі, білім беру стандарты - айтарлықтай терең, кешенді ұғым. Оның күрделілігінің себебі - оның аталған және өзге де көптеген ұғымдарға негіз болуында. Біз, педагогтар үшін мемлекеттік білім беру стандарттарын, соның ішінде «Биология» пәнінің стандартын білу өте маңызды. Бұл

мұғалімнің білім саласындағы мемлекеттік қызметкер ретінде басшылыққа алатын, білім саласында сауатты жұмыс істеуімізге мүмкіндік беретін бірден-бір нормативтік құжат болып табылады. Зерттеушілік оқыту баланың қоршаған әлемді тануға биологиялық алдын ала анықталған қажеттіліктеріне негізделген. Ол білім беруде іздеу әдістерін ішінара пайдалануды емес, баланың өзінің танымдық іс-әрекеті басым орынға ие болатын оқытудың принципті өзге моделіне жүгінуді болжайды. Зерттеушілік оқытудың басты ерекшелігі - балалардың оқу жұмысын жандандыру, оған зерттеу, шығармашылық сипат беріп, осылайша оларға танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда бастаманы беру. Биология пәнінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жұмыстық бағдарламалар дайындалады, онда, әдетте, аймақтық ерекшеліктер көрініс тауып, мұғалімдер ұжымының әдістемелік әлеуеті, мектептің ақпараттық-техникалық жарақтандырылуы және оқушылардың даярлық деңгейі ескерілуі керек. Биология пәнінің авторлық оқу бағдарламалары мемлекеттік стандарт талаптарын ескеріліп дайындалуымен қатар, оқу пәнін құрудың өзге логикасына сүйенуі мүмкін, онда авторлар қандай да бір теорияларды қарастырудың өзге ыңғайын, оқылатын құбылыстар мен процестер жөнінде өздерінің жеке көзқарастарын білдіре алады. Дүниетану немесе «Қоршаған дүние» пропедевтикалық пән болып табылады. Дәл сондай рөлді 5-сыныпқа жақында енгізілген «Жаратылыстану» пәні атқаруда. Биология пәнінің үлгілік оқу бағдарламалары білім, білік пен дағдылардың базалық, жалпыланған шеңберін және жетекші ғылыми дүниетанымдық идеялар жүйесін белгілейді, сондай-ақ биология пәні үшін ерекше, қажетті және жеткілікті оқыту құралдары мен тәсілдерінің тізімі келтірілген әдістемелік сипаттағы жалпы ұсыныстарды береді. Қазіргі кезде мектептерде биологияны оқу пәні ретінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен (мұғалімге арналған әдістемелік құрал мен оқушының дәптері) оқытады. Биология оқулықтары әртүрлі авторлар ұжымдарымен дайындалып, негізінен үш ірі баспаның біреуінен басып шығарылады («Мектеп», «Атамұра»). 2007 жылға таман «Кітап» баспасы елімізде алғаш рет биология пәнінің 6-11-сыныптарына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар ұсынды.

Қазіргі уақытта оқушыларды оқу-зерттеу қызметіне тарту мәселесі жоғарыда айтылғандай, айтарлықтай өзекті болып табылады. Бұл іс-әрекет түрінде оқушының табысты оқу іс-әрекеті, оның өзін-өзі дамуы үшін қажетті негізгі зерттеу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру жүргізіледі. Зерттеу барысында қазіргі білім беру тәжірибесіндегі өзекті психологиялық педагогикалық проблемалардың бірі зерттелді. Биологияны оқыту үдерісінде оқушылардың зерттеу қызметінің негіздерін қалыптастыру міндеті көзделеді. Оқыту үдерісі шеңберінде зерттеу қызметін нақты өмірлік тәжірибе негізінде оқушылардың жаңа білім алуына, проблемалы-бағытталған іздеуді жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың өзіндік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім беру технологиясы ретінде анықтауға болады. Іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырудың ерекшелігі - бұл процесс жаттығулардың санымен емес, оның ұйымдастырылуымен, оған мағынасы бар субъектінің белсенді, мақсатты қызметі ретінде анықталады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде оқушылар шынайылықты игерудің әмбебап тәсілі ретінде зерттеу дағдыларын игереді, ойлаудың зерттеу түріне қабілетін дамытады, жеке тұлғалық ұстанымын белсендіреді. Дұрыс ұйымдастырылған білім беру процесінің нәтижелерінің бірі оқушылардың зерттеу, шығармашылық қызметке қабілеттілігін дамыту болып табылады [2, 131 б.].

Ал ол үшін оқушылар тиісті білімдерді меңгереді. Өзекті химиялық және экологиялық мәселелер бойынша өз позициясын жасау үшін кең және жан-жақты ақпаратқа ие болу, нақты мәселе тұрғысынан орын алған фактілерді, заңдарды, заңдылықтарды, бағалауларды білу; эмпирикалық ақпаратты жинау биологияда зерттеудің ғылыми әдістерін қолдануға көмектеседі (бақылау, болжау, үлгілеу және т. б.), алынған географиялық деректерді дұрыс түсіндіру, қорытынды жасау қажет. Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың зерттеу іскерліктерін қалыптастыру бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс оқу іс-әрекетінің уәждемесін күшейтуге; ғылыми-зерттеу қызметінің технологияларын пайдалануға

байланысты оқу процесінің сапасын өзгертуге; оқушылардың биологияға қызығушылығын арттыруға; дербестікті дамытуға; білім алушылардың зияткерлік өсуіне ықпал етеді. Осылайша, мектептің маңызды міндеті - баланы зерттеу қызметіне, яғни әлемді, өз «Мен» және өзгермелі әлемде өзін тану үдерісіне қосу болып табылады. Осындай қызметке енгізудің негізі оқушылардың зерттеу іскерліктерін дамыту болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу іскерліктерін қалыптастыру бойынша тиімді іске асыру оқушылар тарапынан да, мұғалімдер тарапынан да бірлескен күш-жігермен ғана мүмкін болатынын атап өту қажет.

Қорыта айтқанда, қазіргі уақытта биологияны оқыту жүйесі жаңаша әдістермен толығуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының 27-шілдедегі №319 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz
Ажмолдаева К.Б. Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздері. – Қызылорда, 2023

ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Имашева Гаухар Амангельдиевна
Қ.Сатпаев атындағы орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы
Балшыкбаева Майра Бакытовна
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы

Қазіргі уақытта білім беру мен оқыту нәтижелігін дамытатын жаңа технологиялар жасалуда, олар оқу процесінің негізгі субъектісі болып табылатын баланы жан-жақты тануға бағытталған. Бүгінгі таңдағы басты білімдік, тәрбиелік міндеттерге саналатын маңызды пәндік құзыреттіліктердің қалыптасуы көбінесе жобалық, зерттеу, ойын технологияларын қолдануға, сабақты сәтті ұйымдастырып, өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасауымен байланысты. Осылардың ішінде, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) орыс тілі сабақтарында қолдану пән мазмұнын арттырумен қатар, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын АКТ оқуға деген қызығушылықты дамытады, оқушылардың өзіндік және топтық жұмысын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, практикалық дағдылар мен қабілеттерді жетілдіреді, оқушылардың интеллектісін дамытады, сайып келгенде, сабақты заманауи етеді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) дегенімізге анықтама бере кетелік. Көбінесе «АКТ» термині компьютерлер мен интернетті пайдалануды сипаттау үшін қолданылады. Кейде «АКТ» термині ең күрделі және қымбат компьютерлік технологиялармен, ал басқа жағдайларда радио, теледидар және телефония сияқты дәстүрлі технологиялармен байланысты, оларды біз әрі қарай қарастырамыз. АКТ анықтамасы контекстке және қолдану шарттарына байланысты кеңінен өзгереді.

Нақтылай айтатын болсақ, «Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ, ағылш. information and communications technology, ICT) — бірыңғай байланыстың рөліне негізделген ақпарат технологиясының (АТ) кеңейтілген

термині, ол телекоммуникация (телефон желісі, сымсыз сигналдар) мен компьютердің интеграциясы, әрі қолданушыларға ақпараттық қолжетімділік, сақтау, тасымалдау және тізгіндеу мүмкіндігін беретін қажетті корпоративтік бағдарламалар, аралық бағдарламалар, сақтау және аудиовизуалды жүйелер [1].

Ұлы реформатор Б.Брехт: «Кімде ақпарат мол болса, сол адам әлемді басқарады» деген. Қиын проблемалық жағдайларды шешу үшін практикалық, теориялық және танымдық сипатта болуы мүмкін эвристикалық қызмет технологиясы қажет. Мемлекет басшысының сындарлы саясатының нәтижесінде еліміздегі орта мектептердің барлығы дерлік компьютер және интерактивті тақталармен жабдықталып, компьютерлік технологияларды, оның ішінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін пайдалануға үлкен мүмкіндіктер жасалды.

Әдебиет және орыс тілі сабақтарында келесі тиімді әдістер мен тәсілдерді қолданудың нәтижелілігі жоғары:

- сабақтың ерекше басталуы (эпиграф, жұмбақ, музыкалық скринсейвер, романс, бейнефрагмент, позитивті суреті бар презентация слайд, жұмысқа оң көзқарас қалыптастырады және т. б.);

- проблемалық мәселелерді ұйымдастыру және шешу, проблемалық жағдай жасау. Мысалы, шығарманың авторымен, сыншылармен, оқырмандармен, әдебиеттанушылармен Орыстың ұлы жазушысы И.С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын талдауда нигилизм туралы проблемалық мәселе қойылады. Пайымдау Базаровтың бейнесі және сенімдердің адамдардың тағдырына қалай әсер етуі мүмкін екендігі туралы әңгімеден басталады. Әңгімелесудің ең белсенді қатысушылары үшін мәселені шешуге тырысады, мәселе бойынша басқа (кітап және электронды) ақпарат көздеріне жүгінуге, дәлелдер мен дәйектерді іздеу мақсатында ақпараттық кеңістікке шығуға, мәселені кеңейтуге және тереңдетуге, зерттеу қызметіне ынталандыру;

- бейнематериалдарды және басқа да компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалану (презентация жасау, бейнероликтер жасау, ақпараттық және оқу материалдарын иллюстрациялау), хабарламалар, эсселер, баяндамалар;

- сабақтарда жаңа материалды зерттеу кезінде жақсы көмекші болып табылатын схемаларды, тірек жазбаларды, кестелерді қолдану;

- топтық қызметті ұйымдастыру (жұппен жұмыс, топтық жұмыс тұрақты және ауысымдық құрам). Сонымен, Василий Шукшиннің әңгімелерін зерттеу сабақтарында

шығарманың идеялық-тақырыптық ерекшелігін анықтау мақсаты қойылады. Ал, А. М. Горькийдің «Түбінде» пьесасын зерттеу кезінде тілдегі ауызекі тілдің көркемдік ерекшеліктерін қолдану арқылы кейіпкерлердің өмірлік ұстанымымен қалай байланысты екенін анықтаймыз;

- оқытудың интерактивті нысандарын немесе олардың элементтерін пайдалану: «Брейн-ринг», «Миға шабуыл», «Әртүрлі кейіпкерлермен сұхбат» қазіргі білім беруде ең танымал болып келе жатқан әдістер болып табылады. Мысалы, ақпараттық жобаны құру үшін оқушылар талдау, жалпылау және талқылау әдістерін қолдана отырып, осы құбылыс турасында ақпарат жинайды. Мысалы, «орыс атаулары», «SMS қазіргі сөйлеу жанры ретінде», «орыс жазуы тарихынан», «сөздердің шығу тегі туралы» және т. б. Орыс тілі мен әдебиеті, сөйлеуді дамыту сабақтарының жүйесіне жеке және топтық білім іздеу элементтері кіреді. Бұл сәттер оқушылардың сөйлеу белсенділігін ынталандырады, оларға үйлесімді жауаптар құруды үйренуге, өз бетінше ашудың маңыздылығын сезінуге, әрі қарайғы зерттеу жолын таңдауға мүмкіндік береді. Оқушылармен жұмыс істеудің бірінші кезектегі бағыттарының бірі зерттеу қызметін ұйымдастыру болып табылады, оның басты мақсаты – оқуды жандандыру, оған шығармашылық сипат беру, оқушыларға танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда бастамашы болуға мүмкіндік беру. Зерттеу қызметі білім беру технологияларының бірі ретінде, қазіргі қоғамдағы тұлғаны тәрбиелеу, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін кешенді шешу құралы ретінде ынталандырылады. Зерттеу

жоспарындағы мұндай жұмыс жанжалсыз қарым-қатынас жүйесін құруға, балалармен бірге шығармашылық өрлеуді қайта сезінуге, білім беру процесін іш пыстыратындай емес, керісінше, тиімді шығармашылық қызметке айналдыруға мүмкіндік береді. Сабақтарда зерттеу қызметін сәтті жүзеге асыру үшін сабақ формаларын мұқият қарастыру қажет. Шынында да, олар әр түрлі болуы мүмкін: шығармашылық сабақ-есеп, сабақ-қорғаныс, сабақ-рөлдік ойын, сабақ-семинар, «Мен батырмын», «Менің ақыным», «Менің кейіпкерім» сабағы, сабақ-конференция, сабақ - дөңгелек үстел және т. б.

Орыс әдебиеті сабақтарында ғана емес, орыс тілі сабақтарында АКТ қолдану одан да көп қызықты. Қазіргі тілдің жағдайы, ондағы процестер қызықты екені анық. Жастар басылымдарының беттеріндегі компьютерлік лексика мен жаргон, орыс графикасында латын таңбаларын қолдану, іскерлік немесе іскерлік лексика деп аталатын қажетті сөздер, саясат айнасындағы метафора, т.б. барлығы да жоғары сынып оқушыларын қызықтырады. Бұл бағытта дарынды білім алушылармен де үлкен жұмыс жүргізілуде.

- шығармашылық шеберханалар;
- топтық және элективті сабақтар; - конкурстар;
- олимпиадаларға қатысу;
- жеке жоспарлар бойынша жұмыс.

Бүгінгі таңда мұғалім АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) көмегімен сабақ дайындай білуі керек . Сабақ көрнекі, ақпаратқа бай, интерактивті болуы керек, балалар мен мұғалімнің уақытын үнемдейді, оқушыға өз қарқынымен жұмыс істеуге, ал мұғалімге сараланған түрде жұмыс істеуге, оқушының жұмысын тиімді бақылауға және бағалауға мүмкіндік береді. АКТ-ны білім беру процесінде тиімді пайдалану үшін арнайы және ұзақ дайындықты қажет ететін бағдарламалық құралдар қажет емес, пайдаланушылардың кең ауқымына қолжетімді электрондық ресурстарды пайдалануға болады. Ең бастысы, олар көмектесе алады:

- мұғалімге арналған әдістемелік материалды жүйелеу және сабақтарды дайындау кезінде;
- жаңа материалды толық меңгеру және білім алушы үшін жаңа технологияларды меңгеру;
- білім беру процесіне оқушылармен мұғалімдердің бірлескен қатысуын ұйымдастыру.

Гуманитарлық цикл пәндерін зерттеуде компьютерлік технологияларды қолданудың негізгі бағыттары:

- мультимедиялық технологияларды иллюстрациялық құрал ретінде қолдану;
- мұғалімдер мен оқушылар үшін компьютерді өзін-өзі тәрбиелеу құралы ретінде пайдалану;
- компьютерлік модельдеу.

Сабақта мультимедиялық технологияларды қолданудың басты мақсаты -ассоциативті-бейнелі қабылдау арқылы оқу материалын тереңірек есте сақтауға қол жеткізу, оның эмоционалды әсерін күшейту; тұлғаның рухани қалыптасуына ықпал ету. Компьютердің ең маңызды артықшылықтары: интерактивтілік, яғни білім алушының компьютермен өзара әрекеттесуі (диалогтық оқыту); мультимедиа, яғни мәтіндерді, суреттерді, графиканы, бейнелерді біріктіру, дыбыс пен музыканы ойнату мүмкіндігі. Егер кешенде ауызша және бейне ақпарат қолданылса, онда қабылдау мен түсінудің әсері артады. Мультимедиа есте сақтау процесін жеңілдетуге көмектеседі, сабақты динамикалық етеді, қатысу, эмпатия елесін жасауға мүмкіндік береді. Ақпараттық сүйемелдеуді құру бойынша жұмыс (бұл өлең болуы мүмкін) оқушылардың жеке немесе топтық жұмысынан басталады.

Дүниежүзілік желі арқылы ақпарат іздеу. Тапсырма қарапайым және күрделі. Қолында мәтін (өлең) бар оқушылар кілт сөздерді, ұғымдарды, бейнелерді, суреттерді, оқиғаларды табады. Мәтінмен жұмыс істеудің бұл кезеңі келесі қадамды орындау үшін қажет болып табылады: Интернет желісіндегі осы сөздерді, ұғымдарды, бейнелер мен оқиғаларды

фотосуреттер, анимациялар, суреттер түрінде іздеу. Материал (бейне кескіндер) таңдалған кезде, оны логикалық тұрғыдан дұрыс құру, музыканы таңдау, презентацияға қою, нәтижені талдау қажет. АКТ арқылы қолдау көрсетілетін поэзияны қабылдау айтарлықтай өзгереді. Сөйлеу мүмкіндіктері визуалды, акустикалық мүмкіндіктермен толықтырылады. Бұл жұмыс, дәлірек айтсақ, оның нәтижесі презентацияны көрсету үшін қажет және бұл эмпатияның жоғары деңгейіне жетуді болжайды. Оқу процесінде мұғалім мен оқушылар жасаған MS Office бағдарламаларының көмегімен баспа нұсқасының әртүрлі материалдары үлкен рөл атқарады. Білім беру ақпаратын ұсынудың электрондық нысаны дәстүрлі қағаз түріндегі оқу материалдарына ыңғайлы балама болып табылады: анықтамалықтар, оқулықтар, оқу құралдары, журналдар және т. б. Жұмыс үшін оқу ақпаратын ұсынудың осы формасының басты артықшылығы – жинақылығы, оқу материалын ұсынудағы үлкен мәнерлі қабілеттер, оқушылардың бір-бірімен, мұғаліммен өзара әрекеттесуі, проблемаларды бірлесіп шешу, жағдайларды модельдеу, іскерлік ынтымақтастықтың нақты атмосферасы (интерактивтілік). Ms Office бағдарламалары мұғалімге жоғары эстетикалық талаптарға сәйкес келетін оқу-әдістемелік құжаттаманы дайындауға, сабақтарда үлестірме материалдарды қолдануға, оқушылардың шығармашылық әлеуеті мен өзін-өзі қамтамасыз етуін дамыта отырып, пән бойынша практикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Балалардың сурет салуды және модельдеуді қаншалықты жақсы көретінін бәрі біледі. Оқушылардың осы қызығушылығын өз пәніне тұрақты қызығушылықты қалыптастыру үшін пайдалану қажет.

Компьютер - оқытудың техникалық құралы, ол мұғалімнің мүмкіндіктерін кеңейте алады, мұғалімнің әр оқушымен өзара байланысын құруға жағдай туғызады. Бірақ өз сабақтарында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, мұғалім баланы белсенді тұлғаға айналдыратын оқыту әдістерін іздеуі керек. Француз ойшылы Декарт: «Адамның жақсы санаға ие болуы жеткіліксіз, маңыздысы – оны қолдану» деген болатын[2].

Қорыта айтқанда, орта мектепте жаңа ақпараттық құралдарды кешенді қолдану әдістемесін әзірлеу - білім берудегі жаңа бағыт. Сондықтан мультимедиялық технологияларды қолданудың жаңа әдістерін әзірлеу, сондай-ақ осындай әдістердің қолданыстағы модельдерін толықтыру қажет. Айта кету керек, оқытудың жаңа құралдарына таңдау жасай отырып, дәстүрлі және инновациялық технологияларды таңдауға жүйелі көзқараспен, олардың ақылға қонымды үйлесімімен, бірін-бірі толықтыра отырып және мұғалімнің дұрыс және сауатты басқаруымен жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады, ол үнемі жетілдіріліп отыруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org/
2. Петрова В., Хасанов М., Джамбаева Б.А. Философия. – Алматы, 2011. – 291б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дуйсенбиева Айгуль Анарбаевна
Тараз қаласы кешкі орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Мамедова Айнұр Жексенбаевна
Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының ағылшын пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы

Қоғамның дамуының қазіргі кезеңі, елімізде болып жатқан түрлі өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Біз ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың өмірімізге, әсіресе, білім беру процесіне бірқатар ауқымды өзгерістер енгізіп отырған заманда өмір сүріп жатырмыз. Әлемдегі халықаралық қатынастардың жетекші құралы ретінде ағылшын тілінің алар орны алдымен технологияның, экономика мен PR-технологияның аса қарқынды дамуымен байланысты[2]. Бұл ағылшын тілін мемлекетаралық қарым-қатынас, ғылыми зерттеулердің негізгі тілі ретінде меңгергісі келетін жалпы білім беру мектептері оқушыларының қызығушылығын күшейте түседі. Қазіргі уақытта шет тілдері, оның ішінде ең алдымен ағылшын тілі өзге ел азаматтарымен қатынас жасау құралы ретінде өмірдің түрлі саласында қолдау үшін функционалды түрде талап етіліп отыр.

Ағылшын тілі сабақтарының басты мақсаттарының бірі коммуникативті құзырлықты қалыптастыру болып табылады. Қазіргі ғалымдардың (Евгения Семёновна По́лат) айтуынша, коммуникативті құзырлықты қалыптастыру үшін сабақты шартты-коммуникативті немесе коммуникативті жаттығулармен толтыру жеткіліксіз. Айтылған сөздің мазмұнына көңіл бөлу үшін оқушыларға ойлауға, қандайда бір проблемаларды шешуге, оларды шешу жолдарын талқылауға мүмкіндік беру маңызды. Бұл жерде тіл өзінің басты қызметі - ойды құрастыру және жеткізу қызметін атқаруы қажет.

Кез-келген тілді, оның ішінде ағылшын тілін үйретудегі осындай тәсілдің басты идеясы - оқушыларды түрлі жаттығуларды орындау арқылы сөйлеу дағдыларын арттыру. Коммуникативті тәсіл оқушыны шет тілінде қарым-қатынас жасауға дайындай алады.

Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сырткы эффектіні қуып кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көніл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігін молдығы дәрістік экспсриментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелер мен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Компьютерді мұғалім косымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден акпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге графиктер, схемалар, иллюстрациялар жатқызуға болады. Мұғалім араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті акпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уакыт үнемдейді, карастырып отырған кезеңде акпараттың толыктығын жоғарылатады, ақпараттык-аныктамалык жүйе құрамында электрондық құрырғылармен жұмыс істеу дағдысын калыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңа акпараттық технология құралдарын ағылшын пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді:

- өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды;
- презентацияларды құрауды біледі.

Мамандардың біліктілігін көтеру міндеттерін шешуде оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың келесі мүмкіндіктері ұсынылады:

- ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыруда білім мекемелерінің мамандарының қажеттілігін қанағаттандыру: информатика, ақпараттық және желілік технологиялар саласы бойынша жаңа білімдер алу;
- информатика мұғалімдерінің біліктілігін көтеру және қайта даярлау; - білім беру жүйесін басқару мамандарын және пән мұғалімдерін жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге үйрету; - информатика пәнін оқытудың көкейкесті

мәселелері бойынша информатика мұғалімдері үшін стажировка өткізу және оны ұйымдастыру;

- арақашықтықтан оқыту формаларына мұғалімдердің қызметін бағыттау;

- облыстағы білім беру мекемелерін ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша жетекшілік ету; - облыстың біртұтас білімдік желісінің ақпараттық ресурстарын қалыптастыру;

- оқу процесі мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарға жаңа ақпараттық технологияны қолдану негізінде олардың озық тәжірибелерін тарату.

Жаңа педагогикалық технологиялардың әртүрлі бағыттарының арасында ерекше орынды білім беруді бірлесіп жұмыс істеу арқылы жүзеге асыратын тұлғалық бағыттылық тәрізді жобалық технология алады.

Жобалардың әдісі – оқу барысында кішкентай топта әлеуметтік қарым – қатынас құруға негізделген білім беру саласындағы технологиялардың бірі, оқу барысында оқушылар әртүрлі әлеуметтік рөлдерді (ұйымдастырушы, жетекші, атқарушы және т.б.) қабылдайды, орындайды және оларды шынайы қарым – қатынас кезінде өзекті мәселелерді шешуде орындауға үйреніп, дайындалады [2,48б.].

Жобалық жұмыс және жалпы жобалық технология шет тілін үйренуде практикалық, даму және білім беру мақсаттарын біріктіре отырып, барлық салалардағы тіл мен мәдениетті үйрену аясында тиімді оқу барысын дамыту мәселелерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жобалық жұмыстың басты мақсаты үйреніп жатқан тілді меңгеру мен қолдану барысында тілдік және білім сапасындағы оқушының тәуелсіздігін, креативтігін және іскерлік белсенділікке деген қабілетін дамыту. Жобалық технологияның негізі жобалық жұмыстың соңғы өнімі болып табылатын нақты, айқын анықталған білім беру өніміне деген бағыт. Жобалық технология шетел тілін үйренудің барлық салаларын біріктіру, мүмкіндік беру және сөйлеу қарым-қатынасының шапшаңдығы мен дұрыстығы арасындағы нақты балансты орнатады. Шет тілін меңгерудің кез келген сатысында жобалық тапсырмалар үшін тақырып және нақты сұрақтар таңдауға мүлде шектеу қойылмаған.

Жобалық технология кез келген оқулықпен және басқа оқу-құралдарымен бірге жүре алады және сөйлеу тәжірибесімен шетел тілінде сөйлеу қарым қатынасының коммуникативті қабілет дамуының сатысында үйреніп жатқан тілдің жалпы жүйесінің түрлі формаларының қатарына қосыла алады.

Жобалық тапсырма шет тілін меңгеру мен қолдануда нақты өнім ретінде қарастырыла алады. Шет тілі мұғалімінің жұмысында ең басты қиыншылық даму жағдайын жасау және басқару қызметін, тең серіктестік қарым-қатынас қызметін және оқушыларға байланысты үйлестіру болып табылады. Оқытушы мотивация тудыру және оны қолдау, жоба жұмысына қажеттілік пен қызығушылық тудыру, оқу жағдайымен шет тілін нақты қолдану арасында «көпір орнату» сияқты жобалық технологияның ең қиын мәселелерін шешеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коряковцева Н.Ф. Современная методика организации самостоятельной работы изучающих иностранный язык. - М.: АРКТИ, 2002. - 176 с.

2. Красноперов Е. Ж. Технология личностно-ориентированного обучения ИЯ. - Алматы, 1999

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БҮГІНГІ ҚОҒАМ ТАЛАБЫ.

Мусабаева Молдир Оразбековна
№55 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қаласы
Қарабаева Жазира Ыдысқызы
Ш.Смаханұлы атындағы негізгі мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Талас ауданы, Жамбыл облысы

Бабалар арманы болған тәуелсіздігімізге қол жеткізгенімізге де отыз жылдан асты. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ендік. Ендігі меже – отыздың санатынан көріну. Жас мемлекетімізді осындай даму көкжиегінің биіктей түсуі, әрине, сындарлы саясат пен халқымыздың нұрлы болашаққа деген үлкен сенімі деп білемін.

Қазақ халқы – басқа да түркі халықтары секілді қиын да бай тарихты басынан кешірді. Тоталитарлық жүйе қысымын түрік, азербайжан, өзбектерге қарағанда халқымыз көп көрді. Ғасырға жуық мойнымызға киілген бодандықтың қамытынан тәуелсіздік тұғырына көтерілген кейін ең алдымен жоғалтқанымызды түгендеп, мәдени мұрамызды зерделеуге ұмтылдық. Жабайы күн кешкен, көшпенді тұрмыста ешқандай мәдени құндылықтары болмаған ел ретінде бұрмаланған халқымыздың шын мәнінде бай да қызықты тарихы, жоғары мәдениеті, қазақтардың ғана емес әлемдік деңгейде танылған ұлы ғұламалары болғаны дәлелденуде. Дегенмен, осы кезге дейін қалыптасқан рухани қазынамыз түгелдей дерлік түгенделіп, оның шынайы құндылығы әлі де анықталып біткен жоқ.

Бұл ретте, ең алдымен, бастауышта берілетін білім мазмұнының маңызы зор. Осы жерде көрнекті орыс педагогы В.А.Сухомлинскийдің мынадай сөзі тілге оралады: «Менің пікірімше, тәрбиешінің ең қиын міндеті мынада: әрбір адамның бойында берік, мызғымас моральдық негіз қалыптастыру, мұратты нығайту, мамандық беру, өмірдің күрделі жағдайында өз бетімен бағдарлай білуге әзірлеу». Олай болса мектеп қабырғасында сапалы білім мен жақсы тәрбие алған бала өмірде тура жолдан таймай, өз мақсатына жетіп, орнын таба алады. Сондықтан жас ұрпаққа адамгершілік, әдептілік, имандылық, ізгілік тәрбие беріп, оны мәдениеттілікке тәрбиелеу- адамзаттық парыз [1].

Осы ретте, болашақ жастарды ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеудің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Әрине адамзат ғұмырында сұлулық, көркемдік, әсемдік, биязылық, өмірдің өзінде екені рас. Сонымен қатар, рухани жаратушыны мойындап, ақиқат шындықты тануда, тұлғаның соған бейімделіп, оны өнеге етіп тұтуда, эстетикалық таным жетекші мәнге ие болады. Бұл ретте, бастауыш мектептегі эстетикалық тәрбие шығармашылық үйірмелер, әдебиет, музыка хареография, бейнелеу өнері, тағы басқалар арқылы кеңінен жүзеге асады. Эстетикалық талғамды тәрбие жұмысына көмектесуде мектеп кітапханасының маңызы өте зор. Эстетикалық тәрбие берумен қазақ ойшылдары кеңінен айналысты. Бұқар жыраудың «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап мінсе де – қызыққа тоймас адамзат…» деген толғауы ғаламның шексіз шалқарымен адамның үйлесімді түрде шектесу жағдайын байқатады.

Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырып, артына мол мәдени мұра қалдырған Ш.Құдайбердиев ақын, жазушы, аудармашы, шежіреші, өз бетімен ғылым-білім биігіне жоғары көтерілген әмбебап ғұлама ғалым болған. Ол фольклор арқылы қыз бала мен ұл бала тәрбиелеудегі ата-ана рөлін, әке-шешеге деген балалардың сүйіспеншілігін, әйелге деген қамқорлықты, адам өмірінің құндылығы мен маңызын тапты, жастарды өнер мен білім білуге шақырды [2].

Данышпан Абай айтқан: «Алаһтың өзі де рас, сөзі де рас» деген қағидадан сырттан теріс айналдық. Әрине адамзат ғұмырында сұлулық, көркемдік, әсемдік, биязылық, өмірдің өзінде екені рас. Сонымен қатар, рухани жаратушыны мойындап, ақиқат шындықты

тануда, тұлғаның соған бейімделіп, оны өнеге етіп тұтуда, эстетикалық таным жетекші мәнеге ие болады. Оқушылардың бойына эстетикалық тәрбиенің сіңуі мен көңіліне дарытуды қазіргі философтар да жан-жақта дәлелдеп, көркемдік таным тұлғанның бойына зорлықпен, күш көрсетумен, әміршілікпен дарымайтындығын мойындап отыр.

Эстетикалық талғамын қалыптастырудың ерекше көңіл бөлген Ш.Уалиханов болды. Ол ауызекі шығармашылық арқылы халықтың көзқарасын, талғамын, эстетикалық сезімін көрсете білді. Ш.Уалихановтың орыс мәдениеті мен ғылымының атақты қайраткерімен достығы және олармен жақын араласуы оның ағартушылық қызметі мен қоғамдық, эстетикалық көзқарасына дұрыс баға береді. Қазақтың халықтық педагогикасында эстетикалық тәрбие үлкендердің, ата-аналарының жеке басының жақсы істерін үйрету жүзеге асырылып отырады.

Тұңғыш педагогымыз Ы.Алтынсарин баланың әсемдікке, сұлулыққа деген талғамын арттыруда туған елге, Отанға, жерге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыратын әсерлі шығармаларды жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп ала білу қажеттігін дәлелдейді. Ы.Алтынсарин өз шығармаларында халық шығармаларын басшылыққа алып, адамгершілік, эстетикалық идеяларын мысалдармен атап көрсеткен [3].

Міржақып Дулатовтың артына қалдырған рухани мұрасында кешегі көшпелі қазақ елінің әдет-ғұрпы, дәстүр-салты, жол-жоралғысы, тәлім-тәрбиесі мен өнегесі, өзіне тән этикалық, эстетикалық талғамдары ұлттық ерекшеліктерімен, сан алуан нақты деректермен бірге безендіріле баяндалған. Осы тұрғыдан «Оян, қазақ» атты туындысының орны бөлек.

Жас ұрпақтың бойына эстетикалық еңбек ету дағдысының өмірге дұрыс көзқарасын қалыптастырып, дамытуда еңбек тәрбиесі шешуші факторлардың бірі болып саналады. Еңбек тәрбиесі баланың қоршаған дүниенің сұлулық тұрғысында қабылдау мен нақы заттарды танып, білуінің бірден-бір сенімді құралы.

Аталған мәселелердің барлығы отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы екі жақты байланыс, өзара түсіністік, сыйластық арқылы жүзеге асады. Бала үлкендердің қамқорлығынсыз жеке тұлға болып қалыптасуда түрлі кедергілерге тап болады. Ата-ананың тұрпайы қылықтары бала бойында жағымсыз әрекеттердің ұялауына ықпалын тигізеді, сонымен қатар жаман мінез-құлықтың қалыптасуына негіз болады.

Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру проблемалары өнердің сипаты, қоғамның материалдық және рухани қабілеттіктерінің алдына жаңа міндеттер жүктейді оның ішінде балаларды өмірдің сұлулық заңына сәйкес құруға ұмтылдыру, олардың күш- жігерін дамыту болып табылады. Эстетикалық тәрбие жеке адамды жан-жақты дамытудың бөлінбейтін бөлігі болып есептеледі. Ол балалардың көркемдік – эмоционалдық сезімін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оның адамгершілік, интелектуалдық, дене жағынан да жетілдіреді.

Халық нақыл сөздерінде орасан көркем сыр, эстетикалық ықпал жасайтын ерен күш бар. Халқымыздың бай мәдениеті, әдебиеті мақал-мәтелдер арқылы осы күнге дейін жеткізілген. Бірнеше ғасырлар бойы халық жадында сақталып келе жатқан мұраларда ұрпақтың көкейіне орнықтырып, керекті жерінде баланы тәрбиелеуде, тілдік қарым-қатынаста қолдануына кезек келді. Сондықтан қазақ халқының асыл қазынасы - нақыл сөздерді қарым-қатынаста және баланы тәрбиелеу үшін қолдану алға қойған міндетіміз.

Мектептің басты міндеті – балаға саналы тәрбие сапалы білм беру. Осы орайда сонымен қатар мұғалім оқушыға отанға, халқына, туған жеріне,салт-дәстүріне, мәдениетіне сүйіспеншілік дағдысын эстетикалық тұрғыда шынайы тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі. Жас ұрпаққа халық педагогикасы негізінде эстетикалық тәрбие беретін бала жанының бағбаны – мұғалімдер.

Білім ордасының табалдырығынан аттаған кезден бастап бала ұстазымен бірте-бірте танысады. «Бұл туралы орыс ғалымы Л.Т.Колесова өзінің ғылыми еңбегінде: «Ол ата-аналар мен білім қызметкерлері балаларға қатысты әр алуан жауапкершіліктегі «үлкендік»

борышын атқару үшін бірігеді. Үлкендер

балалар үшін - балғын өміріне әсер ететін жақсылық пен жамандықтың көзі»-дейді.

Л.С. Выгодскийдің пікірінше «Ұстаз-балалардың өздері енуге тура келетін әлемнің өкілі. Бұл тұлға баланы ең жақсы әлеуетті мүмкіндіктерімен кездесуін қамтамасыз етеді. Оқушы ұстазын қалай бағаласа үлкендердің өмірін де солай қабылдайды» деген тұжырымдамасын бізде толық құптаймыз. Осыдан келіп мектептің қызметкерлері мен ата-аналарының оқушыға қатысты өзінің міндеттерін орындау үшін әртүрлі жауапкершілік жүктеледі. Олай болса үлкендер өзіне міндеттеліп отырған жауапкершілігін атқару үшін - бірлік қажет [4].

Оқушылардың білім сапасын арттырудың жалпы қағидалары: педагогикалық жүйені демократизациялау және ізгілендіру; жоспарланған; орталықтандыру; жеке билік пен алқалы биліктің бірлігі; педагогикалық жүйені басқару ақпаратының обьективтілігі және толықтығы. Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі арқылы жүйенің жаңа сапасы қалыптасады.

Бала кішкентай кезінен еңбек етіп үйренген баланың бұлшық еті шынығады епті, икемді, төзімді болады. Екіншіден үлкенге және бір-біріне деген сыйластық, құрмет, бірінің екіншісіне бойсынуына, бірінің екіншісін құптауына олардың қиындықты бірлесіп түсіністікпен шешуіне, келісіп әрекет етуіне, нәтижесін ортақтасып бөлісуге, бірін-бірі демеп, қуат беруіне әкеледі.

Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру проблемалары өнердің сипаты, қоғамның материалдық және рухани қабілеттіктерінің алдына жаңа міндеттер жүктейді оның ішінде балаларды өмірдің сұлулық заңына сәйкес құруға ұмтылдыру, олардың күш- жігерін дамыту болып табылады. Эстетикалық тәрбие жеке адамды жан-жақты дамытудың бөлінбейтін бөлігі болып есептеледі. Ол балалардың көркемдік – эмоционалдық сезімін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оның адамгершілік, интелектуалдық, дене жағынан да жетілдіреді.

Қазақстан Республикасы әлемнің өркениетті елу елдерінің қатарына қосылуы жолындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістері мен қазіргі отандық білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі келешек ұрпақ заман талабына сай интеллектуалды мен мәдениеттілігі ұштасып жататын елжанды азамат етіп тәрбиелеу міндетін жүзеге асырумен байланысты.

Осы орайда, бастауыш мектеп оқушыларына эстетикалық білім мен тәрбие беру де үлкен орын алатыны белгілі. Эстетикалық тәрбие берудің негізі түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде беріледі.

Қорыта келе эстетикалық талғамын қалыптастырудың күрделі мәселелерін айқындауда қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы тәрбие тәжірибе берудің теориялық мәні мен мазмұнын аша түстік. Эстетикалық тәрбие деген ұғымды көркемдікке, сұлулыққа тәрбиелеу деген ұғыммен бір мағынада қарастырады. Ол өнердегі табиғатта және бүкіл қоршаған өмірдегі сұлулық құралдары арқылы тәрбиелейтінің айқындай түстік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Сухомлинский В.А. // Соч.: В3 т. – М., 1980.- Т.1.-357с.
Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. - Алматы, 1995
Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003
Выготский Л.С. // Соч.: - М.: Педагогика, 1983. -Т. 73. -378 с.

ЭФФЕКТИВНАЯ ОРГАНИЗАЦИИ УРОКОВ ПО ОБНОВЛЕННОМУ СОДЕРЖАНИЮ ОБРАЗОВАНИЯ

Нурмаханова Бактыгуль Салижановна
Учитель русского языка и литературы школа-гимназии №53 имени Каратая Турысова, г.Тараз
Нурмаханова Мирина Салижановна
Учитель русского языка и литературы средний школы №29 имени Юрия Гагарина, г.Тараз

Переход на национальную схему образования в условиях современной начальной школы требует гибкого, творческого педагога-исследователя, новаторского учителя, владеющего последними методиками обучения и воспитания, интерактивными педагогическими методами, способного принимать психолого–педагогическую диагностику, избавляться от сложившейся в педагогической деятельности системы обучения и использовать свои методы и приемы в современной практической деятельности.

Организация процесса обучения на основе «Государственного стандарта начального образования», принятого постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 апреля 2015 года №327, обязывает внедрение обновленных методов и приемов [1].

С 2016-2017 учебного года учащиеся всех школ страны обучаются по новой системе. По словам экспертов, обновленное содержание образования-это лучшая модель мирового опыта. Обновленная образовательная программа, вошедшая в систему образования страны, - это новая программа, которая полностью удовлетворяет потребности будущего в соответствии с требованиями времени. В период, когда начинает изучать особенности изменений, внедренных в систему образования, шаг за обновленной системой профессионального уровня, понять и освоить возможности обновленной образовательной программы не легко [2].

Обновляется содержание образования, появился обновленный взгляд. В соответствии с этим, целью учителей является постоянное обновление методов и приемов обучения, овладение информационно-коммуникационными технологиями, умение эффективно использовать их.

На их основе были разработаны инновационные проекты развития образования, которые до сих пор не были достигнуты. В основном, данный вопрос основан на реализации трех приоритетов.:

* новое качество образования;
* новый статус педагога;
* новые методы обучения.

Все эти направления имеют значительную общественно-социальную значимость, перспективную ценность.

Образовательный процесс в начальной школе реализуется в соответствии с нормативно-правовой базой системы образования Республики Казахстан.

Чем отличается содержание обновленных учебных программ по математике в начальной школе:

- обновленная программа обучения разработана на принипе "принцип спирали», в частности, темы постепенно развиваются и усложняются знаниями, умениями, навыками по всем классам.;
- полностью обеспечивает реализацию принципа единства обучения, образования и воспитания;
- предусмотрена реализация вопроса трехъязычия;

- представлена система новых целей и задач обучения в виде полученных образовательных результатов по предметам;

- основана на формировании большого круга знаний, умений и навыков, получаемых по математике: функциональной грамотности и творческой деятельности, критического мышления, проведения исследовательских и проектных работ, эффективного использования ИКТ, овладения современными методами и приемами общения, индивидуальной и групповой работы, умения решать возникающие проблемы и правильно принимать решения:

- наличие тем общего назначения;

- развитие личностных качеств в единстве с широкими навыками на основе особых ценностей: «казахстанский патриотизм и гражданская ответственность», «уважение», «сотрудничество», «сопряжение труда и творчества», «открытость», «поиск и образование на протяжении всей жизни» [3].

Основная цель обновленной образовательной программы, наряду с обновлением содержания образования, требует изучения вопросов внедрения системы критериального оценивания и повышения эффективности применения методов и средств обучения, определения учебных целей в учебных программах для дисциплин[4].

Содержание материалов уроков математики, применяемые методы определяют поставленные задачи:

1. Правильно организованный урок по содержанию образования должен быть следующим::

а) теоретически полностью охвачен, то есть должен быть весь материал, необходимый для обобщения рассматриваемого содержания;

б) содержание теоретических и практических материалов должно быть разным;

б) материал математики должен быть полностью увязан с материалами других дисциплин.

2. Требования к уроку математики с точки зрения методов и приемов на уроке следующие::

а) использование различных методов на одном занятии должно быть сделано с учетом особенностей того же урока;

б) гармоничное чередование методов обучения;

б) методы обучения должны стремиться к организации активной деятельности учащихся в процессе обучения [5].

Приведенные выше требования являются основными условиями правильной организации уроков математики в соответствии с требованиями обновленной программы. Но как они должны организовать урок математики в рамках обновленной программы? не может полностью ответить на вопрос: Поэтому на основе этих требований необходимо выработать общие принципы эффективной организации урока математики в рамках обновленной программы.

Первый принцип: создание благоприятного психологического климата на уроке. Учитель должен воспринимать любое занятие как совокупность совместной деятельности его самих и учащихся. Для того, чтобы урок был результативным, должны быть установлены хорошие отношения между учителем и учениками, основанные на взаимном сотрудничестве. Основными показателями сотрудничества являются:

1) чувствовать внутренний мир ребенка.

2) знать индивидуальные, возрастные и психологические особенности каждого учащегося.

3) старайтесь смотреть на каждого ребенка как на взрослого и общаться с ним.

4) показывать успехи и достижения ребенка, а не недостатки личности.

5) знать уровень математической подготовки каждого учащегося и вести к нему соответствующие отношения.

6) чувствовать, что результативность урока зависит не только от учителя, но и от деятельности, которую непосредственно выполняет ученик, и т. п.

Второй принцип: обеспечить мотивацию учащихся к предмету математики. Для этого учитель должен постоянно пробудить интерес к предмету математики путем умелого сочетания педагогической этики и юмора, увлечения учащихся, рассказывая некоторые интересные ситуации.

Третий принцип: строгое соблюдение педагогической этики и правильное поведение учащихся. У учителя должно быть много таких качеств, как внимательность, наблюдательность и справедливость, доверие к ученикам, терпимость и терпение. Учитель должен подотчетен своему слову, акцентировать внимание на том, что выразительность речи является логичным и стилем.

Четвертый принцип: четкое определение цели и задач урока. Ученик должен четко знать, какая цель предусмотрена на уроке. В ходе урока рассматривались вопросы взаимооценки учащихся и вопросы интересного проведения урока путем создания ситуации друг с другом. Это способствует формированию у учащихся осознанного отношения к уроку, учебному материалу.

Пятый принцип: учитель глубоко осознает содержание математического материала, детально проанализирует содержание учебного материала, в соответствии с поставленными на урок целями и познавательными возможностями учащихся, обращает внимание на то, что предлагаемые задачи вызывают интеллектуальные затруднения учащихся, но его сложность может быть решена учащимися через самостоятельный поиск.

Шестой принцип: следует соблюдать, что в зависимости от отсчета, выносимого в классе, она должна быть полностью выполнена самостоятельно или позволить ученику передать ее отличному ученику, а ученику получить возможность скопировать готовую вещь. Напротив, перед учащимися необходимо часто создавать проблемные ситуации и создавать благоприятные условия для самостоятельного решения учащимися.

Седьмой принцип: каждый ученик должен следить за тем, чтобы он активно посещал занятия. Учащиеся, которые не успевают имеют слабый уровень подготовки и низкий уровень мотивации к занятиям, не обращая внимания на учащихся, которые быстро выносят задачи, также должны находиться под пристальным вниманием учителя. Для этого педагог должен стремиться работать в активном темпе, а также рационально использовать методы и приемы, способные повысить ритмичность учащихся.

Принцип восьмой: необходимо рационально использовать современные информационно-коммуникационные технологии обучения. ИКТ повышает производительность работы на уроке, способствует эффективному использованию времени, совершенствует процесс занятий.

Принцип девятый: постоянно отслеживать математическую подготовку учащихся, а также систематически проверять и оценивать математические знания. Здесь необходимо тщательно учитывать успеваемость учащихся по предмету и постоянно искать пути устранения имеющихся проблем у некоторых учащихся.

Десятый принцип: необходимо постоянно обращать внимание на развитие познавательных, логических и творческих, исследовательских способностей учащихся.

Одиннадцатый принцип: определяется уровень усвоения материала, пробелов знаний посредством самоконтроля учащихся, проверки учителя, текущего и промежуточного проверок и т. д. Необходимо провести дополнительные работы, каждый ученик должен получить образование по своим способностям.

Двенадцатый принцип: ученик должен достичь определенного результата самостоятельно или с помощью учителя. Ученик получает от учителя задания в письменном виде, в котором говорится, что запомнить, что писать, где найти, как эффективно

действовать, что знать. Учащимся могут быть использованы учебники, дополнительная литература, таблицы, схемы, рисунки, технологическое оборудование, устные средства.

Принцип тринадцатый: при задании на дом необходимо учитывать случаи, когда учащимся не следует подвергать чрезмерной нагрузки. При задании а по математике необходимо дать краткие указания по выполнению домашнего задания и следить за получением домашнего задания из электронного дневника.

Принцип четырнадцатый: преобразование урока учителем должно быть правильно сочетано с записью учащихся. При этом учитель должен эффективно использовать классную доску, правильно писать на доске и требовать от детей. Надписи на доске должны быть написаны таким образом, чтобы они были правильно видны. Написание в нем должно быть как крупным, так и четким, так и аккуратным. Особенно важно уделять особое внимание правильному написанию цифр и математических символов на доске.

Принцип пятнадцатый: урок математики обязательно должен быть подведен до звонка. Здесь учитель должен рассказывать о выполнении поставленной перед уроком цели, оценивать знания учащихся по формирующим оценкам, поощрять учащихся, активно посещающих занятия, а также отметить тех, кто не заинтересован в занятии [6].

В работе эксперимента приняли участие 40 студентов Таразского регионального университета, обучающихся по образовательной программе «Педагогика и методика обучения в начальной школе».

По нашему исследованию было отмечено, что подготовка учителей начальной школы к занятиям по обновленной программе ведется последовательно.

Для определения такой репродуктивной деятельности учителя начальной школы были заданы следующие вопросы::

1) Почему вы думаете, с чего начать подготовку к уроку?

2) Какие трудности возникают в выборе новой методики?

3) что вы можете руководствоваться при подготовке к занятию при выборе новой методики обучения?

4) какую самооценку вы оцениваете свои возможности в выборе новых методов обучения?

В результате проведенного анкетирования учителя в основном готовятся к занятиям, что останавливается только с составлением плана занятий, в том числе большинство (54%). 38 % учителей заранее продумывают методы обучения. Известно, что только 8% учителей будут готовиться к окончательному уроку.

На диагностическом этапе были проведены: исследование готовности учителя к уроку, анализ трудностей учителей с использованием новых методик в учебном процессе; определение инновационных методик, применяемых в средней школе, анкетирование учителей средних школ, установление измерительной оценки ожидаемого результата, определение уровня формирования инновационной деятельности учителей средней школы.

Репродуктивный уровень-(уровень восприятия деятельности, знаний до заданного рубежа) проявляет устойчивый подход к педагогическим новизнам, удовлетворенность педагогической деятельностью.

Эвристический уровень-характеризуется в целом идеей, устойчивым сознательным внедрением новизны. Учитель ищет новых подходов к решению педагогических задач, изобретений. Деятельность учителя в обеспечении внедрения инноваций занимает особое место обратная связь, эмпатия.

Творческий уровень-(уровень способностей, направленных на создание новых) инновационная деятельность характеризуется высокой ступенчатой результативностью. В инновационной деятельности педагога появляются творческая активность, импровизация, педагогическая интуиция, оригинальные авторские взгляды в воспитании ребенка.

В нашем исследовании правильная организация подготовки учителей средней школы к уроку, методы сравнения до и после экспериментального знания использования инновационной деятельности в учебном процессе были проверены по итогам контроля, проведенного в конце каждого этапа, методом анкетирования.

Литература:

1. Государственные общеобязательные стандарты начального образования. Постановление № 327 от 25 апреля 2015 года. - Астана, 2015.
2. Руководство по критериальному оцениванию для учителей начальной школы. «Назарбаев Интеллектуальные школы". - Астана, 2015.-32 с.
3. Интегрированная модель критериального оценивания /Методические рекомендации. -Астана, 2019.-35 с.
4. Формативное оценивание: методическое пособие / В.Н. Кохаева. - Астана: Центр педагогического мастерства АОО "Назарбаев Интеллектуальные школы", 2014.
5. Красноборова, А. А. Критериальное оценивание в школе. [Текст]: научное издание / А. Красноборова. – Пермь, 2018. -241 С.
6. Матвеева Е. И., Патрикеева И. Е. Критериальное оценивание в начальной школе. [Текст]: научное издание /Матвеева Е. И., Патрикеева И. Е. учебник для учителя (из опыта работы). – М., Вита-Пресс, 2013. -324 С.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОМПОНЕНТІ (АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)

Өмірзаққызы Арайлым,
Қаратай Тұрысов атындағы 53 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы
Қирашева Жанат Талғатқызы
Тараз қаласы кешкі орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Фразеологиялық бірлік немесе идиомалар тілдің ең сұлу, бейнелі және мәнерлі бірлігі болып табылады. Егер синонимдерді суретті түрде сөздік құрамның бояулары мен холсты ретінде танысақ, фразеологияны ұлттық дәстүр мен салттардың, халық әндері мен ертегілерінің, тарихи оқиғалардың әсерлі кезеңдері, атақты жазушылар мен белгілі тұлғалардың қанатты сөздері жинақталған сурет галереясы деп сипаттауға болар еді.

Қазіргі тіл білімі тілді адаммен, оның ойлау қабілетімен, танымымен, соның негізінде тілдік фактілерді тілдік тұлғамен, олар өмір сүрген ұжыммен, ортамен тығыз байланыста зерттеуге бағыт алуда. Осы тұрғыдан келгенде, сол тілде сөйлеуші халықтың тілдік құбылыстарының көріністерін тілдің, тілдік бірліктердің *ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен* тығыз байланыста зерттеу тіл-этнос-мәдениет үштігінің негізін құрайтыны сөзсіз. Тілдік бірлік болып табылатын фразеологизмдер – кез келген халықтың рухани байлығының жемісі. Халықтың мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің, бейнелі ойлау болмысының, танымы мен санасының, қиялы мен дүниетанымының көрінетін тұстары да осы фразеологизмдерде.

Фразеологиялық бірліктерді зерттеу тілді меңгерудің, тіл мәдениетін дамытудың аса қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Фразеологиялық тіркестерді дұрыс және орынды қолдана білу сөйлеу тіліне қайталанбас өзгешелік, ерекше мәнерлілік, дәлдік пен бейнелілік қасиеттер қосады.

Фразеологиялық бірліктерді пайдалану тәжірибесі іс жүзінде қолдану нәтижесінде жинақталады. Алайда фразеологиялық тіркестерді дұрыс және орынды қолдану үшін қандай

жағдайда қай тіркесті қолданған орынды екеніне, тұрақты тіркестің астарлы мәні толық ашылатындай шебер қолдана білуге көңіл бөлгеніміз орынды.

Фразеологиялық бірліктердің мағынасын түсінбей тұрып, қолдануды үйрену өте күрделі болғандықтан, шет тілдерін үйренушілер немесе зерттеушілер фразеологиялық бірліктерді аудару проблемасымен жиі кездеседі [1].

Ағылшын тілінің ұлттық ерекшелігінің, осы тілде сөйлеушілердің ұлттық рухының сипаттарын қазіргі ағылшын тіліндегі фразеологиялық салыстырулардан айқын байқай аламыз.

Мысалы: *(as) fat as an alderman «олдермен сияқты семіз», «толық, денелі, қарны салбыраған».* Бұл салыстырудағы образдылық ағылшын өмірінің болмысынан алынған. Олдермен – қалалық немесе графтық кеңестің мүшелерінен сайланатын муниципалитеттің бас кеңесшісі.

A good name is better than a golden girdle. «Жақсы атақ байлықтан артық». Ертеде ағылшындар ақшаны белдігінде немесе белдікке байланған қапшықта алып жүретін болған. Ұлыбританияда алтын белдік *"a golden girdle"* соверен немесе жартылай соверендер тағылған белдік (сол кездің алтын ақшалары).

Drink as a lord «лордтай мас болу». Ағылшын королі III Георгийдің (1760-1820) басқарған кезінде және одан кейін де ұзақ уақыт бойы күшті ішімдіктер ішу джентльмендердің артықшылығы болып саналып, ақсүйектіктің, тектіліктің белгісі ретінде қабылданған.

Fit somebody like a glove сөзбе-сөз «*біреуге биялай сияқты шақ болу».* «Glove» сөзі англо-саксондық «glof» деген « the palm of the hand» (қолдың алақаны) деген мағынаны білдіретін сөзден шыққан. Алғашқыда бұл тіркес тек етікке қатысты айтылып, «дәл келу, шақ болу» деген мағынаны білдірген. Қолданыла келе оның мағынасы кеңейіп, қазіргі тілде басқа заттарға, адамға және т.б. қатысты айтылатын болған.

Ағылшын тіліндегі: *more kicks than half pence «пайдасынан зияны көп»;* сөзбе-сөз *«тиын-тебеннен гөрі жұдырығы көп тиеді» деген* фразеологиялық салыстырудың этимологиясы кедей ән-күйшілердің (шарманщик) көше кезіп өнер көрсетуімен байланысты болса керек. Кедей көше әртістері өз ойындары үшін тиын-тебен жинайтын маймылдарымен ескі Англияның көшелерін кезіп, өнер көрсететін болған. Мұндай өнерлері үшін мардымсыз ғана табыс табатын еді, маймылдары көбіне тиын-тебеннің орнына таяқ жейтін, ал көше музыканттарының табысы жарты пенниден аспайтын болған.

(as) good as a play «өте қызықты, қызғылықты» «театрдағыдай қызық». Бұл тіркесті алғаш рет парламентте лорд Росстың ажырасу туралы заң жобасын талқылаған сөзін тыңдап отырған король Карл II қолданған.

highes than a Gilderoy's kite «орасан зор, аса күшті», сөзбе-сөз *«Гильдеройдың батпырауығынан да биік».* Гильдерой – Эдинбургте дарға асылған XYII ғасырда өмір сүрген әйгілі шотландиялық қарақшы Патрик Максгрегордың лақап аты. Ол бойы орасан биік, зор денелі адам болған, сондықтан оны дарға асу үшін дәу батпырауыққа ұқсайтын аса биік дар ағашы арнайы тұрғызылған екен [2].

(as) pleased as Punch «аса қуанышты, мәз-мейрам», сөзбе-сөз *«Панч сияқты қуанышты».* Панч – Англияда королева Анна (1665-1714) билік құрған кезде аса белгілі болған қуыршақ театрының кейіпкері.

As well be hanged (hung) for a sheep as a lamb. «Егер қой ұрлағаның үшін дарға асылатын болсаң, қозысын да неге қоса ұрламасқа». Бұл оралым ертедегі қой ұрлағаны үшін дарға асу арқылы өлім жазасына кесетін ағылшын заңдарына байланысты шыққан болса керек.

Халықтың тілі ұлттық мәдениетке тән өзіндік ерекшеліктердің бірі бола отырып, өз алдына дербес қоғамдық құбылыс болып табылатыны белгілі. Тіл халықтың әрі жалпы адамзаттық сипаттарын да, сонымен қатар, оның мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін де

бейнелейді. Осы себептен жалпылама білім деңгейі жалпы адамзаттық білімдер мен аймақтық мағлұматтардан, сонымен бірге нақты этникалық және тілдік қоғамдастықтың барлық мүшелеріне ортақ мәліметтерден құралады. Дәл осы білімдер мен мағлұматтар жиынтығы Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтың зерттеу еңбектерінде «Елтану» деген атпен аталған.

Елтанушылық сипаттағы элементтер ағылшын тіліндегі компаративті фразеологизмдерде жиі кездеседі.

Мысалы: «*like the devil looking over Lincoln линкольн соборына қарап тұрған жын-пері сияқты»,* яғни қастандықпен, өштене қарау. (Линкольн – Линкольншир графтығындағы XI-XIY ғасырлардағы нормандтық және готикалық стильдердің элементтері ұштастырыла салынған әйгілі соборы бар қала);

(as) plain as Salisbury (plain) «айқын, күмәнсыз», «ашық күн сияқты айқын».

(«Salisbury plain» Солсбери жазықтығы – Англиядағы Уилтширдың тегістік бөлігі);

(as) safe as the bank of England «аса сенімді, қауіпсіз», "тас қамалдың ар жағында отырғандай»;

*grin like a Cheshire cat «Чешир мысығы секілді ыржию»– «екі езуі құлағына жете ыржию». A Cheshire cat – («Чешир мысығы»)» «*күліп тұрған адам кескіні» деген мағынаны білдіреді. Бұл тұрақты тіркестің шығу төркіні ертеде чешир сырының (Чешир – Англия графтығы) сыртқы пішінінің жымиып күліп тұрған мысықтың кескініне келтірілуімен байланысты болуы мүмкін.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, фразеологизмдер құрамындағы жалқы есімдер адамның тұрмыс-тіршілігі мен қызметінде маңызды орны бар географиялық жер-су атауларын ерекшелеу, дербестік мән беру қызметін атқарады.

Бірнеше елдің ұлттық тілі болып табылатын, атап айтқанда, Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия және тағы бірқатар елдердің ұлттық тілі ретінде қолданылатын ағылшын тілі сияқты тілдердің лексикалық қабаттарында осы елдердің тұрмыс-тіршілігімен байланысты ұлттық бояулы лексикасы ерекшеленіп тұрады.

Көптеген фразеологиялық салыстыруларда мәдени өмір мен "көңіл көтеру индустриясының" орталығы болып саналатын көшелердің аттары қолданылған. Мұндай атаулар бай коннотативті мағыналарға ие. *«Broadway»* – Нью-Йорк қаласындағы театрлар, көңіл көтеру, ойын-сауық орындары орналасқан ірі көше. *«Main Street»* – кішкентай қалашықтағы орталық көшенің кең тараған атауы. Бұл атау, әсіресе, 1920 жылы Синклер Льюистың Гофер-Пьери атты шалғайдағы америка қалашығындағы өмірді өткір сатиралық кейіпте суреттеген «Басты көше» («Main Street») атты романы жарық көргеннен кейін кішкентай қалашықтардағы тымырсық тіршілікті бейнелеу үшін жалпы есім ретінде кеңінен қолданыла бастаған [3].

Бұған дейін де айтылғандай, фразеологиялық салыстырулардың семантикасында қарастырылып отырған тілде сөйлейтін халық мәдениетінің өзіне тән ұлттық ерекшеліктері ғана емес, басқа тілді халықтарға тән мәдениеттің элементтері де көрініс табады. Кез келген халықтың басқа халықтармен қарым-қатынас жасамай, өзімен-өзі томаға-тұйық отыра алмайтыны сияқты, кез келген тілдің басқа тілдермен қарым-қатынассыз дамуы мүмкін емес. Сондықтан басқа тілден ауысқан кез келген сөз бен сөз тіркесі жаңа ортаға қосыла отырып, оған бейімделіп, сіңісіп кетеді.

Ұлттық және ұлтаралық ерекшеліктердің тығыз өріле қолданылуы барлық тілдердегі фразеологиялық оралымдарға тән құбылыс.

Ағылшын тіліндегі фразеологиялық салыстыруларда ежелгі антикалық дәуір мифологиясымен, тарихи аңыздармен байланысты мысалдар көп кездеседі:

rike like a Phoenix from the asher «күлден қайта тірілген Феникс сияқты жаңару, жасару». Ежелгі грек мифологиясындағы аңыз бойынша Феникс деген құс қартайғанда отқа түсіп жанып, қайтадан жасарып, қайта тірілетін болған. Феникс құсы мәңгі өмірдің, жаңару

мен қайта өрлеудің символына айналған. Рим империясының тұсында Феникс құсы Римнің тақтан шайқалмас мәңгілігінің, христиан дінінде Христостың қайта тірілуінің символы болды.

(as) rich as Croesus «Крез сияқты бай». Лидияның соңғы патшасы Крездің (б.д.д. 560-547жж.) асқан байлығының арқасында аты аңызға айналған; оның бай болғаны соншалық, Ежелгі Грецияның барлық "ақыл-ойын" өзінің сарайы маңында ұстаған.

More silent than Amiclae: сөзбе-сөз *«Амиклыдан да тыныш».* Бұл тұрақты тіркеске негіз болған оқиға Ежелгі Греция тарихымен байланысты. Спартаның оңтүстігіндегі Амиклы қаласының тұрғындарын спартандықтардың жақындап қалғаны туралы хабарлармен бірнеше рет дүрліктірген екен. Осыған байланысты жаулар туралы жалған хабар жеткізушіні өлім жазасына кесу туралы жарлық шығады. Ал қала маңына шынында да жау тақап келген кезде, қала басшыларына хабар беруге қала тұрғындарының ешқайсысының батылы бармайды. Нәтижесінде қаланы спартандықтар басып алыпты.

(as) dead as Julius Caesar «түпкілікті жойылған», «тіршілік белгісі жоқ», «түбіне жеткен». (Юлий Цезарь – сенат ақсүйектерін мемлекет басқарудан шеттете алмай, ақыры солардың қастандығынан қаза тапқан Римнің саяси қайраткері және қолбасшысы);

like a Trojan (to fight) «ерлікпен, жанқиярлықпен қарсы тұру». Троя соғысының 10 жылдығына арналған Гомердің «Илиада» эпосында Трояны қорғаушылардың шыдамдылығы мен ерлігі жырланады.

(as) black as hades «қараңғы түнекте», «жарық саңылау жоқ». Грек мифологиясында *hades* жердің терең қойнауындағы о дүниелік болғандардың көлеңкелеріне билік жасаушы Гадестің патшалығы дегенді білдіреді;

flourish like a bay-tree «абыройы асу, өсіп-өркендеу», сөзбе-сөз *«лавр жапырағы сияқты өркен жаю».* Рим империясы дәуірінде Грецияға Италиядан әкелінген лавр «bay-tree» мықтылықтың, жеңіс пен бейбітшіліктің символына айналған. Жеңімпаз жауынгерге Капитолияда орналасқан Юпитер храмында құрметті сыйлық ретінде лавр жапырақтарынан өрілген гүлдесте (венок) тағылатын болған.

Do at (in) Rome as the Romans do. «Бөтен монастырға өзінің ережелерімен кірмейді». Латын тілінен алынған фразеологиялық оралым «егер Римде өмір сүрсең, римдіктер сияқты өмір сүр» деген мағынаны білдіреді. Бұл тіркестен көрші халықтар мен тайпаларға үстемдік етіп, саяси, экономикалық және мәдени орталығына айналған сол дәуірдегі Рим империясының қуаттылығын байқауға болады.

Жоғарыда келтірілген мысалдарды саралай келгенде, дамыған еуропа тілдері, соның ішінде ағылшын тілі де даму тарихының барлық кезеңдерінде белгілі бір дәрежеде ежелгі дәуірдегі тілдер – көне грек және латын тілдерінен кірме сөздер алып отырғанына көз жеткізуге болады. Бұл барлық адамзат мәдениетіне өзіндік әсері болған ежелгі дәуір мәдениетінің аса үлкен ықпалы болғанын дәлелдейді [4,14б.].

Белгілі бір тілдегі ұлттық-мәдени маңызы бар фразеологиялық тіркестердің саны қарастырылып отырған тіл мен салыстырылып отырған тілде сөйлейтін халықтардың кеңістіктік қана емес, сонымен қатар, діни, рухани, дүниетанымдық, тұрмыстық және т.б. салалардағы мәдени қарым-қатынастарының дәрежесіне тікелей байланысты.

Демек, тілдегі фразеологиялық салыстырулардың ұлттық-мәдени сипаты болатыны ешқандай күмән туғызбайды. Фразеологиялық бірліктердің басқа түрлеріндегідей, фразеологиялық салыстыруларда халықтың тұрмысы мен тіршілігінің ерекшеліктері айшықты және бейнелі түрде көрініс табады.

Тілдегі образды оралымдарды зерттеп, ағылшын идиомаларындағы ұлттық сипаттың үлесін бағалай келіп, ағылшын лингвист ғалымы Логан Смит былай деп жазған: «Біздің идиомаларымыз басқа еуропа елдерінің халықтық тілінен алынған тіркестерге бай болғанымен, сонда да өзінің ерекше мінез-құлқы, әзілдері, образдары және теңеулері жағынан шын мәнінде ұлттық оралымдар болып табылады».

Әлем бейнесі мен ұлттық мәдениет, халықтың салт-дәстүрлері мен сенімдері, сол тілде сөйлейтін халық тарихы көрініс табатын кез келген халықтың фразеологиясы баға жетпес лингвистикалық қазына болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Антрушина Г.Б., О.В.Афанасьева Лексикология английского языка. - М.: Дрофа, 2000
2. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии, Л., 1983.
3. Болғанбаев Ә., Ғ.Қалиұлы. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, Алматы,
1997
4. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы, 1998

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сеилбаева Нургуль Куанышбаевна
Б.Момышұлы атындағы қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Тараз қаласы

Қазіргі заманауи білім берудегі қажеттілік – халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, жоғары білім алған, білімді, көптілді жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатта баланы мектеп қабырғасынан бастап зерттеушілік, тәжірибелік жұмыстарға қатыстыру, қазақстандық, әлемдік білім беру жүйесінің таңдаулы әдіс-тәсілдеріне ыңғайланған орта білімнің инновациялық үлгісін құру талап етіліп отыр. Сондай басым бағыттардың бірі – оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту. Оқу сауаттылығын дамыту мынадай жолдармен іске асырылады:

1) терең ұғыну үшін мәтінді мұқият оқу;
2) күрделі мәтінмен жұмыс;
3) оқушылардың оқу лексикасын дамыту.

Осыған байланысты, Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [1], - деп көрсетіледі.

Оқу сауаттылығы - функционалдық сауаттылықтың бірінші кезеңі. Оқу сауаттылығы - адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлау және мақсаттарына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік өмірге қатысу үшін оқумен айналысу қабілеті. Оқу дағдыларын сәтті игеру танымдық іс-әрекеттің жалпы даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық жүйесін құрастыру білім беру деңгейлерін әрбір пән бойынша білім-білік пен құзыреттіліктерді қарап, өзара сабақтастықта айқындайды. Педагог-зерттеуші М.Жетпісбаева: әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын табысты ету үшін тиімді жұмыс жүйесін құру қажеттігін айта келе, мынадай алғышарттарын көрсетеді:

1) әртүрлі оқу пәндерінің тақырыптық материалдарынан тапсырма даярлау керек, оның дұрыс орындалуы кіріктірілген білім мазмұнын талап етеді;

2) әртүрлі ақпарат дайындау қажет (мәтін, кесте, графиктер, диаграммалар, суреттер, т.б.);

3) шығармашылық тапсырмаларды сабақта, сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды арттыру керек. Дискурсивті маркерлер, қайталау, мысалдарды, синонимдерді жиі пайдалану, кең түсінік беру, өзгертіп айту, анық артикуляция, түрлі екпіндік құрылымдар және т.б. арқылы оқытылатын пәннің мазмұнын қабылдау жақсарады. Бұған қоса, оқушыларда екінші (үшінші) тілде оқылған мәтінге жауапкершілік артады, себебі негізгі басымдылық ең алдымен мазмұнға, сосын материалдың берілу жолына түседі [2, 88 б.].

Кейінгі зерттеулерде қазақстандық мектептердің PIRLS оқу сауаттылығы бойынша халықаралық мониторингтік зерттеуге қатысуы талдануда. Бұл тұрғыда, бастауыш сынып оқушыларының оқу-ақпараттық дағдыларын дамыту жөніндегі жұмыстың нысаналы тетіктерінің бірі ретінде, жалпы бастауыш білімді аяқтаған оқушының оқу сауаттылығының дұрыс қалыптасуы жалпы сауатты жас, одан кейін кәсіби маман ретінде дамуының басты кепілі болып саналатындығы айқын көрсетілуде.

Бүгінгі таңда, жалпы мұғалімдерге де қойылатын талап өзгерді. Оның ішінде, жаңартылған білім мазмұны бойынша және жаңаша талаптар деңгейінде мұғалімнен оқушыларға жалпы стандарттық білімді игертуімен қатар, тұлғалық қалыптасуы, ойын еркін жеткізетін, рухани құзіреттіліктер қалыптастыру міндеттелген. Осының кепілі - дұрыс оқу, еркін оқу, саналы оқу, мәнерлі оқу.

Демек, әрбір оқушының оқуға деген қызығушылығы саналы оқуды еркін меңгергенде пайда болады. Жалпы саналы оқытуды түсіну ретінде анықтауға болады. Оқуды түсіну қабілеті балаларда біртіндеп, бүкіл оқу-танымдық жұмыс барысында, білімнің, өмірлік тәжірибенің жинақталуымен және логикалық ойлаудың дамуымен қатар дамиды

Мұғалім сыныптың білім сапасын, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қолайлы әдісті таңдап, оқу материалын игеру барысында тапсырманы қиындатуы керек. Бұл мұғалімнің шығармашылығы мен тәжірибесіне байланысты.

Осы бағытта, өз іс-тәжірибем негізінде оқу сауаттылығын бағалау бойынша PIRLS критерийлерін қолдану арқылы білім алушының мәтінмен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру мақсатында оқу құралы әзірленді. Міндеттері ретінде мыналар белгіленді:

Үлгілік оқу бағдарламасындағы тілдік пәндердің оқу мақсаттарын зерделеу;

Түрлі формадағы мәтіндерді оқушының жас ерекшелігіне қарай жинақтау:

PIRLS критерийлерін қолдану;

Мәтіндегі қажетті мәліметті табу біліктілігін анықтау тапсырмаларын дайындау;

Білім алушылардың түрлі формадағы мәтіндерден (тұтас мәтін, дискретті мәтін, құрамдас мәтін, аралас мәтін) оқығанын біріктіру, талдау, жинақтау, және бағалау дағдыларын дамыту;

Әдеби және ақпараттық мәтіндерді оқу және түсіне білу қабілетін арттыру;

Білім алушының құзыреттілік деңгейін тапсырмалардың сұрақтарының көмегі арқылы анықтау;

«Оқырман сауаттылығын» қалыптастыру.

Кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып, дамуына қолайлы білім беру ортасын құру арқылы оқырман сауаттылығын дамыту - бастауыш білім берудің мақсаты.

Көмекші құрал өз кезегінде оқу сауаттылығын бағалау бойынша PIRLS критерийлерін қолдану арқылы ұлттық білім беру жүйесіндегі білім мазмұнын жаңашалайды және білім беру үрдісін жетілдіреді. Жинақталған әртүрлі мәтіндерден оқығанын біріктіруі, жинақтауы, талдауы және бағалауы арқылы оқушының құзыреттілік

деңгейін анықтауға болады.

Осы бағдарлама толығымен оқыту үдерісіне қолданылған жағдайда үлгілік оқу бағдарламасындағы тілдік пәндердің оқу мақсаттарын зерделей алатын, PIRLS критерийлерін қолданатын, мәтіндегі қажетті мәліметті табу біліктілігін анықтай білетін, түрлі формадағы мәтіндерді оқып, (тұтас мәтін, дискретті мәтін, құрамдас мәтін, аралас мәтін) нәтижесінде оқығанын біріктіру, талдау, жинақтау, және бағалау дағдыларын мен әдеби және ақпараттық мәтіндерді оқу және түсіне білу қабілеті дамыған, жалпы алғанда, «Оқырман сауаттылығы» қалыптасқан тұлға дайындалады.

Функционалды оқу дағдыларының жеткілікті қалыптасқан деңгейі болмаса, білім беру үрдісінің әрі қарай сапалы болатындығы – екі ұшты мәселе, себебі ол (оқу сауаттылығы) оқушының функционалды сауаттылығының негізі болып табылады және баланың жалпы дамуы мен тәрбиесіне зор ықпал етеді. Балалардың оқудағы қызығушылығы мен түсініп оқу дағдысы көп жағдайда олардың басқа пәндерден де жалпы оқуының табысты болуына кепіл болады, себебі олар «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиет» сабақтарында тақырыптары мен күрделілігі әр түрлі мәтіндерді дұрыс әрі толықтай түсінікті етіп оқып үйренеді, сөйтіп олар кез келген пәнге, ғылымға қатысты мәтіндердің мазмұнын ұғынып қабылдауға машықтанады. Одан басқа оқу барысында білім алушылар теориялық білім алып қана қоймай, жоғары адамгершілік құндылықтардан, рухани, мәдени тәрбиеден сусындайды.

Осылайша оқу сауаттылығын қалыптастырып, дамыту мәселесі оқушылардың сапалы білім алып, болашақта алған білімін өмірдің кез келген саласымен ұштастыра алатын функционалды сауатты тұлға болып қалыптасуынды іргелі орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты // https://adilet.zan.kz/kaz

Жетпісбаева Б.А. Көптілдік білім берудің теоретикалық-әдістемелік негіздері. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 50 б.

ШЕТ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ РЕТІНДЕ БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Таукеева Сауле Орынбасарқызы

Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының ағылшын пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Даменова Гулжайна Касеновна

Б.Момышұлы атындағы қазақ классикалық гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Қазіргі өмір талабы – білім мен тәрбие үрдісін түбегейлі өзгерту. Еліміздің тарихындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар ағылшын тілін оқытуды ұдайы жетілдіруді, оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды талап етеді.

Осыған байланысты ағылшын тілінің тілдің үш тұғырының бірі ретінде қызмет етуінің алғы шарты оның қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында қолданылуы болып табылады. Жер шарын мекендеген мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуі үшін халықаралық сипат алған ағылшын тілінің рөлі маңызды.

Ағылшын тілін оқу арқылы студенттер өз білімдерін жетілдіреді және өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты ажырата білуге үйренеді. Сөйтіп, өзіндік пікірін қалыптастырады, әртүрлі елдердің мәдениетін үйренеді.

Студенттердің білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау, өлшеу және бағалау мәселесі қазіргі кезде педагогикалық тәжірибеде маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Білім беру мақсаты оқушының нені білуі және не істей алуы керектігін анықтаса, білім беру міндеттері мақсатқа қалай жетуге жауап береді.

Білім беру технологиясы аясында 1956 жылы Б.Блум педагогикалық мақсатта алғашқы таксономияны жасады. Бұл ретте Б.Блум мен Д.Кратволль оқу мақсатын үш салаға бөлді: когнитивтік (білім мазмұнын меңгеруге қойылатын талаптар), психомоторлық (қозғалыс, жүйке-бұлшықет қызметінің дамуы) және аффективтік (эмоционалды-құндылық сферасы, оқушыға қатынасы).).

Бірінші таксономия, оның ішінде когнитивтік сала алты мақсат түрінен тұрады, олар одан әрі бөлінеді:

- білім (нақты материал, терминология, фактілер, анықтамалар, белгілер және т.б.);
- түсіну (түсіндіру, түсіндіру, экстраполяция);
- пайдалану;
- талдау (өзара әрекет, құрастыру принциптері);
- синтез (мүмкін әрекеттердің жоспары мен жүйесін құру, абстрактілі қатынастар жүйесін алу);
- бағалау (алынған мәліметтер негізінде талқылау, сыртқы белгілер бойынша талқылау).

Блум таксономиясы көптеген ғалымдар тарапынан бірнеше рет сынға ұшырады, өйткені оқыту нәтижелерінің (білім, түсіну, қолдану) ақыл-ой операцияларымен нақты ығысуы байқалады.

Сондықтан ағылшын тілі сабағында оқушылардың танымдық және өмірлік көзқарастарын өзгерту үшін Блум таксономиясына бағытталған сабақтарды өткізу өте маңызды. Бұл олардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, пәнді түсініп, оның тәрбиелік мәнін сезінуіне жол ашады.

Блум таксономиясын қолдана отырып, ағылшын тілін оқыту заманауи болып табылады және кезең-кезеңімен оқыту үдерісі арқылы оқушылардың сабаққа қатысуын арттыруға мүмкіндіктер ашады. Өйткені оқушылардың танымдық әрекеті арқылы олардың шет тілін үйренуге деген құштарлығын түсінеміз.

Көптеген зерттеушілер мұғалімге жағдай жасау, оқуға деген қызығушылықтың пайда болуы (танымдық қажеттілікті қанағаттандырудың эмоционалды тәжірибесі ретінде) және қызығушылықтың өзін қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Жүйелік талдау негізінде С.М. Бондаренко оқушыны қызықтыратын негізгі факторларды атады. Осы талдауға сәйкес, оқуға деген қызығушылықты қалыптастырудың маңызды алғы шарты – белсенділікке кең әлеуметтік мотивацияны тәрбиелеу, оның мәнін түсіну, зерттелетін процестердің өз әрекеті үшін маңызын түсіну.

Оқушылардың білім мазмұнына және оқу іс-әрекетінің өзіне деген қызығушылығының маңызды шарты – оқуда өз бетінше ойлау және инициатива көрсете білу. Оқыту әдістері неғұрлым белсенді болса, соғұрлым оқушыларды қызықтыру оңайырақ. Оқуға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастырудың негізгі құралы сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану болып табылады, оны шешу оқушылардан белсенді ізденісті қажет етеді.

Студенттердің қазіргі білім деңгейін, іскерліктері мен дағдыларын анықтау, өлшеу және бағалау мәселелері педагогикалық тәжірибеде негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Білім берудің мақсаты оқушының нені білуі және не істей алуы керектігін анықтау болса, тәрбие міндеттері мақсатқа жету жолын көрсетеді.

Б.Блум таксономиясы негізгі тапсырмаларда М.Е.Бершадский және М.Е.Гузеевпен бірге оқушылардың нақты қабілеттерін анықтау үшін қолданылды. Олар әртүрлі саладағы студенттерге мысалдар келтіреді, соның негізінде біз оқытудың әртүрлі деңгейлері туралы айтуға болады.

Б.Блум таксономиясы негізінде Л.С.Илюшин күрделілік деңгейі әртүрлі тапсырмаларды құруға мүмкіндік беретін тапсырмалар құрылымын жасады, оның ішінде нақты өнімді құру, бірнеше оқу пәндерінен білімді енгізуді білдіретін тапсырма [1, 90 б.].

Сонымен бірге когнитивті пирамиданың әрбір деңгейі Блум бойынша алдыңғысына негізделген. Оның негізінде есте сақтау қабілеті жатыр, ал танымдық қабілет пен оқу мақсаттарының шыңы – өз бетінше пайымдай білу. Көріп отырғаныңыздай, идея түсінікті: есте сақтау және білімсіз түсіну мүмкін емес, түсінбей қолдану мүмкін емес, алдыңғы базалық деңгейлерді меңгермейінше талдау және синтез мүмкін емес, осының барлығынсыз құбылыстар мен жағдайларды шығармашылық бағалау мүмкін емес [2, 63 б.].

Шетел тілін оқытудың бірінші кезеңінде бірде-бір мұғалім оқушылардың назарының аздығына шағымдана алмайды. Осы жас тобының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының ағылшын тілін кейіннен меңгеруіне негіз болатынын ұмытпаған жөн.

Бұл кезеңде сөйлеу, грамматика, тыңдау және оқу негіздерін қалыптастыру қажет, өйткені бұл жаста оқу материалы тез және жақсы қабылданады және ұзақ уақыт есте сақталады.

Блум таксономиясы бойынша 7-сынып оқушыларымен ағылшын тілі сабағын өткізу мақсатында тараз қаласындағы Қ.Тұрысов атындағы №53, Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназияларда эксперименттер жүргізілді.

Зерттеу барысында бақылау объектілері: коммуникативті сөйлеу қабілетінің қалыптасу деңгейі және оның әртүрлі тілдік жағдаяттардағы қызметі болды. Қабілеттердің даму деңгейін анықтау, сондай-ақ практикалық сабақтарда қолданылатын тапсырмалар әдісінің тиімділігін анықтау мақсатында ауызша және жазбаша көптеген сынақ жұмыстары жүргізілді. Дағдылардың дамуын тексеру үшін жұмысты қайталау формасы таңдалды. Мұндай таңдау алынған нәтижелердің практикалық жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттерге қаншалықты сәйкес келетінін, оның ішінде шет тілі сабағында қойылған коммуникативті тапсырмалар бойынша шешім қабылдаудың сыни қабілетін анықтауға арналған. Жазу және қайталау сияқты жұмыс түрлері студенттерден тапсырманы орындауда шығармашылықты талап етеді және студенттер шешуі тиіс коммуникативтік тапсырманың қандай да бір түрін көрсетеді. Сонымен, мұндай жұмыс түрлерін орындау барысында оқушылар зерттелетін грамматикалық құбылысты қолдану керек пе, жоқ па, соны анықтайды. Студенттер коммуникативті құбылысты қолданудан қашпаса, бұл олардың шетел тілі сабағында коммуникативті және сөйлеу қабілеттерінің белгілі бір тапсырмаларды орындауға жеткілікті түрде қалыптасқанын білдіреді, яғни коммуникативті әрекеттің сәтті болуына ықпал ететін коммуникативтік құзыреттілік. жеткілікті түрде белгіленген. Жазбаша бақылау жұмыстарына келетін болсақ, олар әртүрлі тапсырмаларды біріктіреді, ауызша сөйлеудің жазбаша сөйлеуге тән тану және тұрақтылық сияқты қасиеттерін ескере отырып, коммуникативті және сөйлеу қабілетінің формалды және функционалдық қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Қорытынды ауызша тестілер монологтық және диалогтық сөйлемдерден тұрды, оның барысында автоматизм, тұрақтылық, таныстық, икемділік және салыстырмалы күрделілік бағаланды.

Эксперименттік жұмыс кезінде алынған мәліметтерді өңдеу кезінде келесі көрсеткіштер ескерілді:

1) қателердің жалпы саны;

2) әртүрлі функционалдық қателер саны;

3) таңдалған критерийлер бойынша коммуникативті сөйлеу қабілетінің қалыптасу деңгейі. Барлық жазбаша сынақтардың нәтижелері бойынша жалпы және функционалдық қателер саны анықталды [3, 83 б.].

Қорыта айтқанда Блум таксономиясын шетел тілін оқытуда қолданудың оң әсерлері өте көп. Атап айтатын болсақ:

Оқыту сапасы оқушылардың алған жақсы бағаларымен анықталды.

- Блум таксономиясын қолдану оқытудың сапасы мен қарқынына оң әсер етеді. Блум таксономиясы оған қатысушылардың белсенді психикалық әрекетіне жағдай жасайды, оқушылардың интеллектуалдық белсенділігіне әсер етеді, қабылданған шешімдерді болжауға, зерттеуге, тексеруге үйретеді;

- шетел тілін оқытудағы Блум таксономиясы, оның ішінде грамматиканы оқытудағы Блум таксономиясы негізгі мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді, бұл қазіргі уақытта шет тілі сабағында алға қойылған мақсаттардың бірі болып табылады;

- Блум таксономиясының арқасында оқушылардың ынтасы мен шығармашылық белсенділігі біршама артты, бұл грамматикалық қабілеттердің тиімді қалыптасуына әкелді;

- Блум таксономиясы грамматикалық дағдыларды дамытудың тиімді құралы болып табылады. Ал жасалған жаттығулар жиынтығы орта және жоғары мектептерде шет тілдерін оқытудың әдістемелік құралы бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Вершиловский С.Г.Матюшкина М.Д., Функциональная грамотность выпускников школ.\\ Социологические исследования, 2007. - №5. – С.140 - 144.

Леонтьев А.А. От психологии чтения к психологии обучению чтению // Материалы 5-ой Международной научно-практической конференции (26-28 марта 2001 г.). В 2 - х ч. Ч. 1 / Под ред И.В. Усачевой. М., 2002.

Costa, A. L. (Ed.). (2000). Developing minds: A resource book for teaching thinking. Alexandria, VA: ASCD.

ВАЖНОСТИ ГРАЖДАНСКО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ

Бөлеген Гүлдархан Жарылқасынқызы, Яхшибоева Раъно Кулабековна
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының орыс тілі пәнінің мұғалімдері,
Тараз қаласы

Проблема гражданско-патриотического воспитания молодежи в наше время становится наиболее значимой для современного общества. Решение ряда проблем в жизни страны во многом зависит от уровня развития гражданского общества; формирования высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитания готовности к выполнению гражданского долга по защите интересов Родины.

Воспитание чувства патриотизма объективно обусловлено потребностями гражданского общества. Республика Казахстан с момента своего возникновения ставило перед собой задачу патриотического и гражданского воспитания молодежи как главнейшее условие своего существования в будущих поколениях.

Важнейшим в социально-педагогической деятельности гражданского воспитания является организация целенаправленного взаимодействия молодежи с окружающей социальной средой и социальной действительностью. Так как «никто не может жить в обществе и быть от него свободным», в обществе должно быть реализовано не просто право

свободного выбора своего жизненного пути, но и должна быть предоставлена возможность для проявления своих способностей. Молодежь должна быть востребована обществом.

Гражданско-патриотическое воспитание средствами социально-культурной деятельности представляет собой педагогический процесс формирования и развития интеллектуально-нравственных, художественно-творческих качеств личности, организации досуга для снятия отрицательных эмоциональных и физических нагрузок, приобщения молодых людей к отечественным и мировым культурным ценностям

Концепция гражданско-патриотического воспитания ориентирует на создание педагогических проектов, программ и технологий, реализуемых в условиях демократичного гражданского общества, многонациональной и поликультурной среды, мировой интеграции.

Гражданско-патриотическое воспитание личности в условиях поликультурной образовательной среды выступает как процесс интериоризации гражданско-патриотических и культурно-исторических ценностей, превращения их в личностное достояние.

Проведенный нами анализ педагогической и методической литературы, наблюдения за работой учителей показывают, что воспитанию гражданина, формированию его личностных качеств в процессе учебно-познавательной деятельности уделяется недостаточное внимание.

Для части молодежи характерна достаточно высокая социальная активность. Как показали результаты опроса, в последние годы заметно изменились ценностные ориентации, мировоззрение молодежи в целом. Среди современной молодежи проявляются мировоззренческая индифферентность, анархические настроения, нежелание участвовать в организованных формах воспитательной работы. Очевидна растерянность перед сложными идейно-политическими проблемами, противоречиво отражаемыми в разных средствах информации.

Молодежь нуждается в определенных нравственных ориентирах, в опоре на общечеловеческие ценности с учетом национальных особенностей, тогда как в реальной жизни он зачастую сталкивается с разнообразными нравственными ориентирами, с отсутствием нравственного стержня.

Сложившееся положение является следствием распространения в обществе квазиценностей и их пропаганды в средствах массовой информации, что породило растерянность и пассивность педагогов страны. Растерянность и пассивность педагогов страны порождена еще и тем, что «сверху» уже не задаются точные идеологические установки, не предлагается набор добродетелей, которыми должен обладать молодой человек, нет и привычной жесткой структуры контрольных органов, не позволяющих сбиться с общего пути.

В то же время профессиональная подготовка учителя в системе вузовского образования не отвечает педагогическим запросам времени, небольшое количество времени, отведенное на подготовку специалиста в области воспитания, вынуждено тратиться лишь на изучение азов по организации некоторых форм работы с детьми вне урочной деятельности. Такая постановка дела сама по себе формирует у студента - педагога ложное представление о разрыве обучения и воспитания, об автономности этих процессов и независимости их друг от друга, а ещё хуже, о приоритетности обучения над воспитанием и второсортности воспитательного процесса в сопоставлением его с процессом обучения.

Будущего педагога целенаправленно не подготавливают к формированию личности гражданина, которому предстоит жить в современном демократическом обществе, правовом государстве и быть счастливым в этой жизни.

Отсутствие целевой установки на необходимость осуществления специальной работы по гражданскому воспитанию приводит к тому, что данная цель выпала в практике современных школ из воспитательных планов, учебных программ, деятельности организаторов воспитательной работы, преподавателей.

Таким образом, гражданско-патриотическое воспитание может и должно вестись в процессе преподавания гуманитарных дисциплин, в том числе и педагогических дисциплин.

Недостаточное использование общих форм воспитательной работы со школьниками в процессе занятий, проведения практики и других мероприятий, напротив, необходима система работы по гражданскому воспитанию, включающая активное использование возможностей процесса модернизации образования.

Гражданское воспитание невозможно реализовать через отдельную учебную дисциплину. Цели и задачи гражданского образования реализуются в рамках всех предметов на интегративной основе (методологической, содержательной, технологической и других). Это – целостная система, охватывающая все сферы деятельности учебного заведения, как учебные, так и внеучебные, и предполагающая использование в первую очередь практико-ориентированных и интерактивных методов обучения. Акцентировать и обогащать граждановедческую проблематику в содержании психолого-педагогических, общегуманитарных и специальных учебных дисциплин.

Предметы социально-гуманитарного цикла дают школьникам систематическое представление об обществе и непосредственно направлены на становление гражданских компетентностей. Независимо от того, избран ли сквозной вариант преподавания предметов этого цикла (один предмет, проходящий через весь период обучения), либо их рациональное сочетание по ступеням образования (последовательно сменяющие друг друга предметы), эти предметы должны являться основой системы гражданского образования, осуществляемого в рамках учебного процесса.

Эффективным направлением являются психологические тренинги и совместные обсуждения с кратким обзором истории и традиций данного края.

В такой сложной социально-психологической обстановке возникает острая необходимость научно-теоретического пересмотра педагогических позиций. Необходимость усиления внимания к проблемам гражданско-патриотического воспитания в современных условиях модернизации образования определяется рядом обстоятельств:

- усилением гуманитаризации содержания образования,
- непрерывным изменением объема, состава учебных дисциплин,
- введением новых учебных предметов, которые требуют постоянного поиска новых организационных форм, технологий обучения;
- изменением характера отношения преподавателей к самому факту освоения и применения педагогических новшеств;
- вхождением общеобразовательных учебных заведений в рыночные отношения [1].

На этом фоне актуальность гражданско-патриотического воспитания в молодежной среде выходит на первый план, являясь приоритетной в образовательной политики Республики Казахстан. Одним из важных элементов огромной системы социального воспитания является организационный потенциал социально-педагогической деятельности университета.

Воспитательная работа в школе, ориентированных на гражданское воспитание молодежи дает возможность отвлечения их от негативного воздействия уличной среды и привлечение к общественно-полезной деятельности, формирование правовой и нравственной культуры подрастающего поколения, профессионализма и гражданской активности.

Важным элементом гражданского воспитания является формирование адекватных представлений о собственных правах и обязанностях, о власти и властных отношениях в расширяющейся системе социальных институтов (семья, учебные заведения и т.д.).

В вопросах развития гражданского самосознания важное место в качестве составного элемента патриотического воспитания занимает работа по разъяснению статуса гражданина Республики Казахстан, особенно среди молодежи.

Основной целью гражданского воспитания является не только воспитание в человеке нравственных идеалов общества, чувства любви к Родине, стремление к миру, потребности в труде на благо общества, но и формирование такого качества личности, как умение нести ответственность за будущее своей страны.

Стержнем гражданского воспитания является патриотическое воспитание личности, знающей историю, нравы, обычаи своего народа, уважающей и любящей свою Родину (как «великую», так и «малую»), чувствующей ответственность за нее.

В современных условиях патриотическое воспитание подрастающего поколения находится на переломном этапе развития. Все более очевидны в этом процессе недостаточность традиционных представлений о задачах и функциях патриотической работы, а также формализм, проявляющийся прежде всего в увлечении парадными оборонно-массовыми мероприятиями.

Воспитание патриота по своей сути гуманистично, так как его основой являются любовь и уважение – чувства, формирующиеся с детства на протяжении жизни человека. Сначала это любовь к матери, к отчему дому, с годами становящаяся более зрелой и дополняющаяся любовью к своему краю, городу, где человек живет, перерастающее в любовь к Родине, уважение к ее истории, гордость за свой народ и желание его защищать.

Система патриотического воспитания предусматривает: формирование и развитие социально значимых ценностей, гражданственности и патриотизма в процессе обучения и воспитания в образовательных учреждениях всех типов и видов; проведение массовой политико-воспитательной работы в трудовых коллективах, армии, общественных организациях; осуществление деятельности средств массовой информации, направленной на анализ, изучение и освещение темы патриотического воспитания.

Одной из основных целей молодежной политики является развитие системы патриотического воспитания, что предполагает:

- формирование, развитие и освоение молодежью социально-значимых ценностей, гражданственности и патриотизма в процессе воспитания и обучения в образовательных учреждениях всех типов и видов;
- массовую патриотическую работу, организуемую и осуществляемую органами исполнительной власти, общественными объединениями и организациями;
- деятельность средств массовой информации, научных и других организаций, творческих союзов, направленную на рассмотрение, освещение проблем патриотического воспитания, на формирование и развитие личности гражданина и защитника отечества.

Воспитание гражданственности не протекает изолированно от всего процесса воспитания личности. Анализ природы гражданственности показывает, что в личности она выступает в тесной взаимосвязи и взаимообусловленности с другими качествами. Следовательно, говорить об особой сущности процесса воспитания гражданственности, отличной от сущности всего процесса воспитания личности в целом, будет неверно. Речь может идти лишь о некоторых особенностях этого процесса, вытекающих из своеобразия жизненных явлений, обстоятельств, педагогических условий и факторов, воздействующих на формирование гражданственности.

Гражданское воспитание тем и ценно, что для будущего страны важно не только, какие знающие специалисты будут создавать богатство страны, но и какими будут их мировоззрение, гражданская, нравственная позиция.

Активная совместная деятельность, направленная на решение общественных проблем, поможет сформировать чувство ответственности перед страной, обществом в котором мы живем. Гражданская ответственность включает в себя осознание и положительное отношение человека к своим правам и обязанностям, внутреннюю готовность наиболее полно соотносить их с требованиями общества. Объективными показателями ответственности являются критика безнравственных проявлений, взаимопомощь, умение

мобилизовать себя и других на противодействие асоциальным проявлениям. Гражданская ответственность находит наиболее полное выражение в чувстве гражданского долга.

На наш взгляд в число основных задач учебных заведений могут быть включены:

· Развитие у будущих педагогов (учителей) ключевых компетентностей, необходимых для успешной реализации идей гражданского воспитание.

· Проектирование образовательной среды педагогического учебного заведения как пространства накопления, обогащения опыта гражданского самоопределения и становления гражданственности специалиста.

· Разработка и обоснование модели гражданского воспитание в вузе (ценности, цели, содержание, технологии, условия и ресурсы) при непременном учете региональной специфики.

· Разработка критериев и показателей эффективности гражданского воспитание и диагностического инструментария для отслеживания динамики становления ключевых гражданских компетентностей будущего педагога.

Важнейшим механизмами формирования гражданственности, реализуемыми образовательными учреждениями, является социально-педагогическая деятельность с молодежью и накопленный опыт в сфере социального воспитания.

Список использованной литературы:

1. Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. Передовой опыт по патриотическому воспитанию граждан. – Методическое пособие. – Астана: Агроиздат, 2009. – 236 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Тулебекова Рахат Амантаевна
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы директорының
бастауыш сыныптарындағы оқу ісі жөніндегі орынбасары, Тараз қ.
Рахманкулова Талшын Батыровна
№66 орта мектептің әлеуметтік педагогы, Тараз қ.

Танымды жетілдіру - мәңгілік мәселе. Сол орайдан келгенде тілдерді оқыту үрдісінде танымдық қызығушылықты жетілдіру – оқушыларды ойлай білуге, өздігінен ізденіп, келелі мәселенің шешімін табудың жолын белгілеп, оның нәтижелі болуына кеңірек мүмкіндік береді. Таным мәселесі жөнінде философтар, психологтар, педагогтар әр саладан үнемі де үздіксіз талдап, талқылап келеді. Бұл жүйеде қазақ халқының кемеңгерлері айтқан даналық ойлар кейінгі ұрпаққа аңыз, әңгіме, ертегі, жыр, мақал-мәтел түрінде жеткендігін айғақтайтын деректер баршылық. Ал педагогика классиктерінің шығармашылық еңбектерінде, ғылыми зерттеулерінде, педагогикалық трактаттарында таным туралы кейде тікелей, кейде жанама түрде толассыз сөз етілген. Адам дүниені көзбен көріп, құлақпен естіп, мұрынмен иіскеп, қолмен ұстап таныса, сөз арқылы түсініп, сезініп, ұғынып тану өз алдына үлкен әлем. Бала санасына сінген ұғымдардың көпшілігі кейін, уақыт өте келе ересек адамның әрекетіне ұласатыны заңдылық.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқыту, тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етіп отыр [1]. Егемендік алған еліміздің жаңа даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени

қатынастарды калыптастыруы, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы, әр түрлі дипломатиялық қызмет атқаруы шетел тілінің рөлін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі қалауы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Осыған байланысты шетел тілдерін пайдалану қажеттілігі де артып келеді. Тіл-тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгеруде де үлкен рөл атқарады.

Оқушылардың танымдық қызығушылығы бүгінгі өркен жайып қарыштай дамыған ғылымды шеруге деген ізденісімен сәйкессе, ол тек тиісті деңгейде табысқа жетіп, оны біліп қана қоймай, келешекте оны өрістете түсуге ықпал ететіні сөзсіз. Қашанда ертеңгі іс бүгіннен бастау алары ақиқат. Ол үшін шәкіртті оқи білуге, оқығанын көңіліне тоқи білуге қалыптастыру және ондағы заңдылықтарды меңгеру мен дағдыларды бойына сіңіру, үйрету – педагогика ғылымының негіздерін басшылыққа ала білумен шарттас. Ал тілдерді игеру де оны пайдалана білу танымдық қызығушылықпен бірлікте шешіледі. Әдетте, тұлғаның білімді меңгеруі, өмірді түйсініп түсінуі, тану әліппесі сөзді, сөйлемді және оның мәнмағынасын ұғынудан бастап өркендейді. Осы орайдан Мұқағали Мақатаев орынды айтқан:

Бар кітапқа бас болған,
Әліппе – ғылым атасы.
Әліппеден басталған,
Даналықтың данасы.

Оқу әліппесі сияқты ғылымға бастар жолдың әліппесі таным, түсінік, ұғымға қызығушылықтан бастау алады. Демек, мектеп оқушысын іздендіруге. өзін-өзі тануға, қоғамдағы қарым-қатынасқа тиісті бағыт-бағдар ұстай білуге үйрету және оған баулу тіл арқылы жүзеге асады. Сондықтан тілді меңгеруге ынталандыру танымдық қызығушылықпен бірлікте шешілетін күрделі мәселе болғандықтан бұл жеке пән әдістемесі аясында ғана шешілмейтін педагогикалық проблемаға айналып, қазіргі Қазақстанда мемлекеттік тілді, ағылшын, орыс тілдерін меңгеруге ниет қойып отырған кезде, оны игеруге деген қызығушылық қалыптастырудың тиімді де ортақ жолдарын көрсету уақыт талабынан туып отырған келелі мәселе.

Тәуелсіздікке қол жеткен жылдардан бері әлемдегі көптеген елдермен саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени байланыс жасауға кеңінен бет қойдық. Бұл қарым-қатынастың нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтасқан бірлігін өркендеуге тіл білудің мәні күн сайын арта түсуде.

Ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы практикалық мәнде болады деп білсек, тілдерді оқыту арқылы оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені, игерілуге тиісті ұғым, сөздің мәні, айтылмақ ой-түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойландырады. Сондай-ақ, әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан танымдық түсінікті қалыптастырады. Үшіншіден, танымды жүзеге асырып, оны өмірде қолдана білуге жол ашады. Бұл үрдіске педагогикалық тұрғыдан қарасақ алға қойылған мақсатқа жетудегі мазмұн, оның жүзеге асырудың формалары мен әдістері және тиісті нәтижеге жетудегі оқушы мүмкіндігі бірлікте шешілуге тиіс. Осы орайдан бұл ғылыми-зерттеу жүйесінде ұстанған әдіснамалық, тәсілдік бағдарға уақыт мәресінен, мезгіл деңгейінен қарауды басты меже еттік.

XXI ғасырдағы білімдендірудің жүйелік саласындағы басты ұстаным – сапалы түрде іске кірісіп тиімді әрекеттену, құндылықтарды тұтынып, нәтижелі табысқа жету. Бұл қағиданы тұтына білген тұлға сөзсіз табысқа жетеді. Көздеген мақсаты орындалады. Дәлірек айтқанда, бұл нәтижеге ие болудың кілті. Ал білімдендірудің арнасын кеңейткен интернетке қосылу, педагогтардың кәсіби мамандығын жетілдіру, ақпараттық тасқын, дамудағы

жылдамдығына көз ілеспейтін бүгінгі шапшаңдық, білім жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді игеру осыған дейінгі қолданылып келген әдіс, тәсіл, амалдарға бой бермей отыр. Ұзақ жылдар бойы қолданыста болып, жұртшылық мойындаған білім беру, оқыту, тәрбиелеу әдістері уақыт талабын өтеуде әлсіздік танытып, кейбір жағдайда оған ескіліктің қалдығы тұрғысынан қараушылық сияқты көзқарастар да байқалып қалады. Қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі ғалымдардың ғылыми-зерттеу деректеріне жүгінсек – соңғы отыз жылдағы ақпараттану көлемі осыған дейінгі бес мың жылдағы ақпараттар көлемімен тең екендігін айқындап беріп отыр [2]. Осы орайдан қарағанда адамзат ғұмырында ғасырлар бойы жинақталған деректерге қоса бүгінгі қарқынды өркендеген білімнің тиісті салаларындағы мазмұнды игеру үшін оны оқу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерін жаңаша жетілдіру, өзгерістер енгізуді өмірдің өзі-ақ талап етіп отырғандығы баршаға аян. Соңғы жылдарға дейін бұрыннан қолданылып келген байырғы әдістермен шектелдік, одан қазірде де айыға алмай отырғанымыз рас. Ол әдістер бойынша басты ұстаным - мұғалім «түсіндіреді», ал оқушы «тыңдайды», қайталап айтып береді. Шындығына тереңірек үңілсек ұстаздың айтқанын, көрсеткенін, берген теориялық түсіндірулерін шәкірт естіп, ұғынды, білді деген күннің өзінде де оқушының бәрі бірдей тиісті дәрежеде әрекетке көшіп, тындырымды еңбектеніп, құлашын кеңге жая алмайды. Жаттампаздыққа бейім самарқаулықпен шалағай орындаушы деңгейінде қалып қояды да өзіндік іс-әрекеттен сырттап, жайбарақаттық пен сүлесоқ тыңдаушы ретіндегі дәрменсіздік шырмауында қалып қояды. Бейімдеушілік шеңберінен шыға алмайды. Осыдан барып өзіндік білім-танымы нашар, түсінігі әлжуаз, шалғай білімділер көбейеді. Ал өте қабілетті, білім алуға бейім, күшті оқиды деген санаулы оқушылар ғана салыстырмалы түрде айтқанда талап деңгейінде үлгереді де, қалған көпшілік оқушы таным деңгейі әлсіз, білім дәрежесі төмен, қызығушылығы нашар үлгермеушілер қатарын көбейте түседі. Мұның көрінісін кез келген мектептен байқауға болады. Бұл олқылықты жоюға ықпал ететін және оған қозғау салатын әсерлі жолдың бірі – тілдерді оқытудың технологиясын жетілдірумен сабақтас. Өйткені, белгілі мазмұнды дұрыс ұғынып, түсіну – сөздің мәнін, терминнің сыр-сипатын нақты тани білуге тәуелді. Шындығына келгенде оқушының білуге деген қызығушылығы ғана олардың белсенділігін, өздігінен ізденуге деген ынтасын демейтін ықпалды күш. Сөздің мәнін түсінбеген адам айтылып отырған мазмұнды ұғына алмайтындығы белгілі. Сондықтан тілдерді оқыту үрдісінде қай тілде болмасын, ол қазақша ма, ағылшынша ма, орысша ма алдымен тілдің лексикалық мән-мағынасын меңгере білуге және оны игеруге зейін қойып, соған бағдарлау шарт. Танымдық қызығушылық тұлғаны қозғаушы күш екенін естен шығармаған абзал. Тілдерді оқытуға байланысты танымдық қызығушылық өз алдына оқшау жатқан мәселе емес, оның әдіснамалық жолы басқа ғылымдармен бірлікте шешіледі.

Қызығушылықтың қалыптасып дамуы әуестік, құмарлықтан бастау алады. Әуестік – әдеттен тыс таңқаларлық, күлкілі нәрселерге сырттай қызығудан өрістейді, ал құмарлық – қызығушылықтың күрделі сатысы, мұнда нысаналы әрекетке бар пейілімен ынталы кіріседі. Ал құмарлық тұлғаның бойына тұрақты қасиет болып орнықса, сол саладағы белсенділігі арта түседі. Нағыз қызығушылық – бұл іс-әрекеттің тиісті бағытта өркен жайып, тұрақты танымға ұмтылуы болып шығады. ДЖ.Къюминс оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудың сабақта, сабақтан тыс уақытта ұйымдастыру жолын айқындаған.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында білім беру бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік ақыл-ой, мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз процесі деп атап көрсеткен [3].

Осы технологияларды пайдаланудағы қол жеткізген жетістігіміз – оқушылар мәтіндердің мазмұнын еш қиындықсыз баяндап беруге, өз ойларын еркін жеткізе білуге, ізденіп өз беттерімен құрастырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге, топпен жұмыс істеуге дағдыланады. Мұғалімдер ісіндегі жауапкершілікті К.Д.Ушинский: «Мұғалім өзінің үздіксіз

білімін көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденісті тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», - деп орынды көрсеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.
2. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. – М.: Политиздат, 1980. – 344 с.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // https://adilet.zan.kz

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІ - МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ КЕПІЛІ

Уәлиев Ербол Серикбаевич
Қ.Сатпаев атындағы орта мектеп директоры, Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы
Ногаева Назым Мейрбековна
№66 орта мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, Тараз қ.

«Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»:«... кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыда шешуге, кәсіби қызметтің түлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті, кәсіби құзіретті жеке тұлғаны, бәсегеге қабілетті маман қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады...», - деп атап көрсетіп, экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру, педагог мамандығының беделін арттыру, жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және шығармашылық белсенділіктерді қалыптастыру көзделінген [1].

Ғылыми зерттеу іс-әрекеті іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер болып бөлінеді. Іргелі (фундаментальды) ғылыми зерттеулер адамның, қоғамның, қоршаған табиғи ортаның құрылысы, қызметі, дамуы туралы жаңа білімді алуға бағытталған эксперименталдық немесе теориялық іс-әрекет. Қолданбалы ғылыми зерттеу практикалық мақсат пен нақты міндетті шешуде жаңа білімді қолдануға бағытталған зерттеулер. Ғылыми зерттеу іс-әрекеті жаңа білімді, сонымен бірге іргелі ғылыми зерттеулер мен қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге бағытталған іс-әрекет болып саналады. Сондай-ақ, технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және басқа да мәселелерді шешу мен ғылым, техника, өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін жаңа білімді меңгеруге, қолдануға бағытталған интеллектуалды іс-әрекет.

Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттері жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартының, кәсіби білім бағдарламасының талаптары, сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің деңгейін, ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеру негізінде анықталады. Болашақ маман ретінде жоғарғы оқу орындарында алған дағды-қабілеттері кәсіби қызметінде де үнемі жетілдіріліп отыруы шарт. Бұл, өз кезегінде қоғамның әрбір құрылымын толғандыратын мәдени ұстаным болғандықтан, әрбір білім ордасының басшысының да басты қағидасына айналуы қажет. Өйткені ашылған жаңалық пен соңғы технологияларды өндіріске енгізуге техник мамандар, оны дұрыс бағытта қолдана білетін менеджерлер дайындау маңызды болғанымен, адами құндылықты қалыптастырушы педагог мамандар аса маңызды деп білеміз. Себебі, аталған кешенді іске мемлекеттен бастап қатардағы әрбір азамат мұқтаж деуге болады. Осы себепті де, мұғалімдерді ғылыми-зерттеу

іс-әрекетіне баулу, жалпы мәдениет пен белгілі бір мамандық аясында жетістікке жетуге тәрбиелейтін жол. Осы жолда жетістікке жеткен адам, өз өмірін жаңарту мен жақсартуға қол жеткізіп қана қоймай, жалпы болашағы жарқын ұрпақ тәрбиелей алады деп ойлаймыз.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті ғылыми-деректермен жұмыс жасау, оларды сұрыптау, қорытындылау іскерлігін, бақылампаздық, ізденімпаздық, белсенділік және т.б. сынды қасиеттер мен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастырады. Ғылыми айналымда жаңа әсер алу, көп білуге құштарлық, қадағалауға және эксперимент жасауға ұмтылу, әлем туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеу болашақ маман мінезінің маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Мектеп мұғалімдері өз пәндеріне теориялық-педагогикалық дайындалумен қатар, зерттеумен айналысу арқылы өзі айналысып жүрген кәсіби қызметінің ерекшелігін сезінеді, зерттеу барысында әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдануға машықтанады, ең бастысы, оқушыларды да осы мәселеге тартып, дарындылыққа баулиды.

Әрине, барлық мұғалімнен зерттеу дағдыларын талап ету мүмкін емес. Оған жеке қызығушылық пен ізденімпаздық қажет. Демек ғылыми-зерттеу іс-әрекеті мұғалімдердің ғана емес, оқушылардың да танымын, шығармашылығын, интеллектісін, зерттеу біліктілігін қалыптастырады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданған сайын мұғалімдердің интеллектуалдық дамуының өсу деңгейін арттырады, ғылыми сипаттама беруді үйренеді. Ғалымдардың тәжірибесіне негізделген материалдарды іздестіріп, танымдық белсенділігін арттырады. Ғылыми еңбектермен жұмыс жасау әдістерін меңгереді, ғылыми жұмыстардың теориялық және тәжірибелік аспектілерін шешуде шығармашылық белсенділік көрсетіп, ғылыми тұжырым жасап, нәтижесін көреді. Жеке тұлғаның өзіндік көзқарасы қалыптасып дамиды. Қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлға қалыптасады.

Шындығында, ғылыми іс-әрекет нәтижесі білім, ол адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдарының, т.б. жиынтығы, жаңа ой, жаңа идея. Ал, жаңа ой, жаңа идея туралы айтқанда адамзатты қозғаушы күш шығармашыл тұлғалар мен олардың саналы әрекетінің айрықша, маңызды сипаттарының бірі ретінде шығармашылық еске түседі. Шығармашылықтың дамуында ғылыми зерттеу іс-әрекеті мен адамның жеке ерекшеліктері өте маңызды. Шығармашылықсыз, ондағы адамның қабілетінсіз социум ғылым мен техника, өнер әдебиеті прогрессивті жолмен өсіп дамымаған болар еді. Біздің тіршілігімізде іс-әрекет, соның ішінде шығармашылық әрекет болмаса, онда ешбір жаңа ой, пікір болмай, нәтижелі табыстарға жетпеген болар едік.

XIX-XX ғасырлар тоғысуында шығармашылық психологиясы ғылым ретінде пайда болып, «жаңалық ашу» деген мәнге ие болған. Аталған кезеңдегі зерттеулер қатарына А.Н.Лук, Л.С.Выготский еңбектері жатқызылады. А.Н.Лук «... адамның шығармашылығын дамыту және қалыптастыру, ең алдымен, шығармашылық ойлауға байланысты» - деген пікір білдіреді. Ол шығармашылық қабілеттің белгілері ретінде ақпаратты код арқылы жіберу, тасымалдай білу, ақылдың икемділігі, ойдың тереңдігі, іс-әрекетті бағалауды атап көрсетеді. Ол шығармашылық қабілетті мотивациямен байланысты қабілеттер, эмоциялық қабілеттер және ақыл-ой қабілеттері деп үш топқа бөліп қарастырады [2,97б.].

Соңғы жылдары «шығармашылық» ұғымы психологиялық зерттеу нысандарының жиынтығы ретінде қолданылып, осы салаға жататын негізгі категориялар: *дарындылық, өзгешелік, қиял, ішкі түйсік, құлшыну, ғылыми жаңалық, өнер туындысы ұғымдарымен түсіндіріледі.*

Жалпы алғанда, «шығармашылық» ұғымы ғылыми зерттеулерде ынталандырушы және интеграциялық қызметті жүзеге асыратын бағдарламалық сипатта қызмет етеді. Оның мағыналарының көптүрлілігі тұлға, үдеріс және нәтиже саласын да қамтиды. Бірақ, қандай жағдайда нәтиже шығармашылық болып бағаланып, шығармашыл деген атақты алу үшін тұлғаның қасиеттері, үдеріс және оның өнімінің қасиеттері қандай болу керектігінде де нақтылық жоқ. Кейбір топта оны күту жүйесінің тұрғысынан жаңа болып қабылданып, сол арқылы осы жүйені модификациялайтын шығармашылық ретіндегі анықтамасы

қабылданған. Бұл мақаланы жазу барысында зерттеуімізде педагог-психологтарды даярлауда басшылыққа алатын жоғары кәсіптік білім стандарты, оқу жоспары, оқу пәндері бойынша типтік бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер мазмұнының педагогикалық шығармашылықты қалыптастыруға мүмкіндігінің жоғары деңгейде белгіленгендігін анықтадық.

Сондықтан ғылыми-зерттеу іс-әрекеті арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шығармашылығын қалыптастыруды маңызды басқару көрсеткіші ретінде алдық.

Мәселен: білім - критерий болса, оның көрсеткіші - жоғары, фрагметті немесе терең жүйелі білім. Біздің пайымдауымызша, ҒЗӘ арқылы мұғалімдердің педагогикалық шығармашылығын қалыптастыруға даярлығы жеке тұлғаның маңызды кәсіби сапасының бірі ретінде мынадай компоненттердің бірлігін (*эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, бағалау, іс-әрекеттік)* құрайды.

Шығармашылық іс-әрекетке бейімділігі мен «жаңаны» табуға тұлғалық қызығушылығын арттырады, зерттеуді нәтижелі орындауға қажетті мотивациясын жоғарлатады. П.И.Пидкасистыйдың пікірінше, шығармашылықпен айналысуға деген мотивациясы (түрткі) педагогтың кәсіби-тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби құзіреттілігін сипаттайды. Ғалым педагогикалық шығармашылықтың мотивацияны біріншіден, жалпы мотивтік құрылымда кәсіби мотивация тұрғыдан, екіншіден, педагогтың өзгерістерге, педагогикалық жаңашылдыққа деген қажеттілігі тұрғысынан қарастыру қажет деп тұжырымдайды, бұл кәсіби әрекеттегі шығармашылықты мазмұндық тұрғыдан айқындауға мүмкіндік береді [3, 155б.].

Қорыта келгенде, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті арқылы мұғалімдердің педагогикалық шығармашылығын қалыптастыруға арналған көптеген ғылыми-педагогикалық зерттеулерді талдауға сүйене отырып, басқару ұстанымының нәтижелі болатынына көз жеткізудемін. Бүгінгі таңда, өзім басқаратын орта мектеп тек аудан көлемінде ғана емес, облыс, республикалық білім додаларында аталып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың
2. 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы// https://adilet.zan.kz/
3. Лук А.Н. Психология творчества. – М.: Наука, 1978. – 127 с.
4. Пидкасистый П.И. Подготовка студента к творческой педагогической деятельности.Учебно-методическое пособие //Начальная школа. –2011. –№5.- С. 3.

ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ

Архабаева Гүлнұр Ермаханқызы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қаласы
Бисенова Гаухар Еркиновна
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз 3 курс студенті,
Тараз қаласы

Қазақ тілі стилистикасын оқыту тарихы алғашқыда баланың тілін дамыту мәселелерімен тығыз байланыста дамыды. Тіл дамытуда ана тілінің көркемдік болмысы мен байлығын танытуды мақсат еткен А.Байтұрсынұлының зерттеу еңбектері қазақ тілі стилистикасын оқытудың алғашқы лингводидактикалық мәселелерін алға тартқан еңбек

болды деп айта аламыз. Ғалымның әдістемелік талдаулары мен теориялық зерттеулері стилистиканы мектепте оқытудың теориялық мәні мен практикалық мақсат- міндеттерін айқындауға негіз болады. А.Байтұрсынұлы «келісті сөздің» кестесін, мәтіннің көп қырлы сырлары мен әлеуетін терең байқап, оны дидактикалық мақсатта тиімді пайдалана алған ғалым. Оның жарқын үлгісін А. Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірігіп жазған «Оқу құралынан» көруге болады [1]. Мұнда зоология, биология, география, тарих, физика секілді ғылымдар туралы жан-жақты мәлімет беретін танымдық мәтіндер оқушылардың ойлау, қабылдау, ұғым-түсініктеріне сай жүйелі жинақталып берілген. «Мәселе білімді беруде емес, оны қабылдауға ыңғайлы етіп жүйелеуде. Бұл әрекеттер оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған. Үйткені, басты мақсат - оқушыны білімді оймен қабылдауға, оны қорыта білуге үйрету» [2, 19 б.]. Оқу құралы мақсаты жағынан айқын, дидактикалық жағынан мазмұны бай, әдістемелік мүмкіншілігі мол еңбек болып табылады. Ол ондағы мәтіндердің жинақталу тәжірибесінен анық көрінеді. Қазақ тілі стилистикасын оқытуда бұл еңбектегі мәтіндердің 1) тақырыптық жағынан ұтымды топтастырылып, жинақталуы; 2) мәтін мазмұнының бай, түсінуге ыңғайлылығы, жоғары эстетикалық талғаммен; 3) мәтін жанрларының түрлі дидактикалық мақсатпен (мысалы, мәнді жұмбақ түрінде, әңгіме, өлең, мысал, ертегі, хикая, т.б. жанрларда, бір ойды әр түрлі түйіндеу арқылы берілуі); 4) мәтіндердің арнайы реттік жүйемен (логикалық және мазмұндық байланысы бар); 5) берілген мәтіндердің энциклопедиялық мазмұнда берілуі оқушының көркемдік талғамы мен дүниетанымын қалыптастырып жетілдіруде, оқушыларды оқыта отырып рухани тазалыққа, ауаттылыққа тәрбиелеуде басшылыққа алынады.

А.Байтұрсынұлы әсіресе қазақ тілі стилистикасының теориясы мен лингводидактикасын үлкен үлес қосты. Н.Сауранбаев пен Ә.Әбілқаев бұл мәселенің практикалық шешімін табуға тырысты. Олармәтін және стилистика ұғымдарын мектеп бағдарламасына арнайы енгізуге ұсыныс жасады. Н.Сауранбаев 1941 жылы жазған «Ана тілін оқыту туралы» атты мақаласында стилистиканы мектепте оқытудың практикалық маңыздылығын айта келіп, оның әдістемелік міндегтерді нақты көрсетеді. Ғалымның стилистиканы бастауыштан бастап оқыту және оны оқытудың арнайы бағдарламасы мен оқулығын жазу туралы идеясы сол кез үшін қаншалықты маңызды болса, қазіргі таңда да ол өзінің өзектілігін жойған жоқ.

1965 жылы бұл мәселені Ә.Әбілқаев та көтерген болатын. Ол «... әдеби тілмен дұрыс сөйлеп, жазып үйренуде сөз байлығын өз қалауынша еркін таңдап ала білуде» стилистиканың әбден қажет екендігіне ерекше назар аударады. Сондай-ақ, оқушылардың «өмірлік қажеттіліктерін жақсы сезінуіне» жағдай туғызудағы стилистиканың әлеуетін жақсы көрсеткен. Сол себепті әдіскер «стиль жөнінен толық мағлұмат беріп, жазу, сөйлеу стилін қалыптастыруды» 7-сыныптың негізгі программалық материалына қосуды ұсынады [3].

Орта мектепте стилистиканы оқыту әдістемесі және қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытудың әдіснамалық, әдістемелік негіздері АЖапбаровтың зерттеулерінде жан-жақты сөз болды. Ғалымның «Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері» атты 1991 жылы шыққан зерттеу жұмысы стилистиканы оқытудың әдістемесін ғылыми тұрғыдан арнайы қарастырады. Автор бұл еңбегінде бағдарлама, оқулықтарға байланысты жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқушыларға стилистика, тіл стильдері туралы практикалық білім, дағды беретін жаттығулар мен материалдар жүйесі жасалынбағанын алға тартады. Сөйтіп, стилистика мен тіл стильдері туралы білімдерді орта мектепте мынадай 3 бағытта беруді ұсынады: 1. 5-6 сыныптарда функционалдық стилистика туралы алғашқы түсінік беру. 2. 7-8 сыныптарда стиль түрлерінің, әсіресе, кітаби жазба стиль түрлерінің ерекшелігін, тілдік құралдарды пайдаланудағы бір-бірінен айырмашылықтарын таныту. 3. 9-сыныпта стилистика, функционалды стильдер мен практикалық стилистика туралы білім мен дағды

беру арқылы стильдерді іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру. Көріп отырғанымыздай, ғалым мектепте стилистикалық білімді ұсынудың екі бағытын ұстанады: 1) тілдік құралдардың және кәркемдегіш-бейнелегіш құралдардың стилистикасы; 2) қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері. [4,84 б.].

Стилистиканы дамыта оқытуда теориялық ұғым маңызды рөл атқарады. Дамыта оқытуда оқушыларға қажетті стилистикалық ұғымдарды стилистика ғылымының қол жеткен табыстарына сүйене отырып ұсыну, әдістемелік мақсатта тиімді пайдалану оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамытудың басты шарты болмақ. Әдістеме теориясыз жайдақ сипат алады, оның қолданбалы қасиеті де осында. Бүгінде қазақ стилистикасының теориясы көптеген іргелі зерттеулермен толықты. Дегенмен 1974 жылы М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтардың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің стилистикасы» күні бүгінге дейін бірден-бір басты оқулық болып қалып отыр. Одан бергі кезеңде А. Байтұрсынұлының шығармалар жинағы жарыққа шығып, ғылыми көпшіліктің игілігіне ұсынылды (1989 жылы). М. Серғалиевтің синтаксистік синонимдер, Ф.Мұсабекованың практикалық стилистика, Р.Сыздықтың Абай тілінің өрнегі, Х.Кәрімовтің, Е.Жанпейісовтің, Б.Хасанұлы мен Т.Қоңыровтың, Б.Шалабай т.б. көптеген ғалымдардың іргелі зерттеу еңбектері дүниеге келді. Оның үстіне қазақ стилистикасы бүгінде антропоцентрлік бағыттағы жаңа зерттеулерге бет бұра бастады. Қазақ стилистикасының ішкі салалары да сараланып, жігі айқындала бастады. Осы орайда қазақ тілі стилистикасының жаңа оқулығына деген сұраныс та айқын байқалады.

А.Жапбаровтың «Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық, әдістемелік негіздері» атты келесі еңбегінде стилистика тіл дамытудың аясында қарастырылады. Бұл зерттеуде стилистика оқушылардың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамытудың бір жолы ретінде қарастырылады және оны ұйымдастырудың мынадай ұстанымдары мен жүйесі көрсетіледі: 1) сөйлеу мен ойлауды бірлікте қарау ұстанымы; 2) қатысымдық ұстанымы; 3) жагдайга, ахуалға ыңгайлылық ұстанымы; 4) сәйлеу әрекетін кешенді жүргізу ұстанымы; 5) әдеби тіл нормасын есепке алу ұстанымы. Осы ұстанымдарға сәйкес тіл дамытудың да әдістерін жүйелейді [5,107 б.]. Бұл әдістердің барлығы сөздің қолданылу ерекшеліктері мен мағыналарын түсіндіруде, тілдің грамматикалық құбылысын меңгертуде, ауызекі сөйлеу тілінің сөздік қорын үйретуде бір мақсатқа бірігеді деп көрсетеді. Ғалым С.Рахметова тіл дамытуға «балалардың сөздігін байытуға, мағынаны түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазуша дұрыс білдіруге, яғни, «нәрсенің жайын-күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге үйрету жұмысын айтамыз» [6,163 б.] деген анықтама бере келіп, бастауыш мектепте үйретілетін тіл дамыту жұмыстарының мақсаттарын атап көрсетеді. Ғалым бастауыш мектепте тілді үйретуде оның стилистикалық, қолданымдық ерекшеліктерін басты назарда ұстайды. Тіл дамытудың: 1) оқушылардың сөздік қорын дамыту; 2) сөз тіркесі, сөйлеммен жұмыс жүргізу; 3) байланыстырып сөйлеуге үйрету жолдарын ұсынады. Бұл бағыттарда тіл дамыту жұмыстарын жүзеге асыруда мәтіннің ерекше жанрларын (газет мақала, пікір жазу, хат жазу, іс қағаздары, арыз, хабарландыру, құттықтау, телеграмма т.б.) пайдаланудың әдістемесін жасайды.

Стилистиканы оқытудың мәселелері шешендікке үйретудің әдістемесі аясында да зерттеу нысаны болды. Бұл ретге А.С. Қыдыршаев «Шешенщктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясында шешендіктанудағы стильді қалтарысы мол, арнайы білімді қажет ететін күрделі мәселе екенін айта келіп, оны білудің болашақ шешен үшін маңызды жақтарын атап өтеді [7,120 б.].

Стилистиканы оқыту мәселелері тіл дамытумен байланысты қырғыз ғалымдары А.О. Османкуловтың, Қ.Д. Добаевтың еңбектерінде қарастырылды. Онда «...сөйлеу барысында тіл

деңгейлеріндегі барлық бірліктердің өзектілігі кешенді түрде көрінетін болғандықтан, оларды оқыту да тұтас, кешенді жүргізілуі тиіс» тіл дамытудың мәселелері айтылады.

Тіл үйренушілерді сөйлеуге дағдыландыруда тілдің қарым-қатынас құралы болудағы қатысымдық қызметін орыс ортада болсын немесе қазақ аудиторияларында болсын ескеру және соған сәйкес қатысымдық әдісті қолдану маңызды болмақ [8,127 б.]. Стилистиканы оқытуда қатысым әдісін қолдану оқушылардың оқу әрекетін белсендіру мақсатына қызмет етеді.

Тіл дамыту әдістемесінде стилистикалық білімнің мүмкіндіктерін пайдалану, сол арқылы оқушылардың стилистикалық біліктіліктеріне, оқушылардың ойлауын дамытуға қол жеткізудің теориялық және әдістемелік жолдары Н.Ж. Құрмановаңың зергтеулерінце жан-жақты талданды. Сын есімді оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытуда стилистикалық білімнің маңызы туралы «стилистика мен тіл мәдениеті жетістіктерін мектеп методикасына лайықтап беріп отыру - ғалымдармен бірге және, әсіресе, методистердің міндеті» екенін ерекше атап өтеді [9, 25 б.]. Ғалым тіл дамыту мақсатында тіл құралдарының стилистикалық синонимиясын меңгертудің әдістемесін жасайды. Осы бағыттағы стилистикалық жаттығулардың үлгілерін, синонимдерді меңгертуге арналған жаттығу түрлерін ұсынады.

Стилистикалық ұғымдардың мектеп оқулықтарында тіл дамыту, тіл ұстарту аясынан тыс арнайы тақырып ретінде беріле бастағанына көп болған жоқ. Қазіргі кезде стилистиканы арнайы тарау, жеке теориялық ұғым ретінде оқыту Р.С. Әмір, Ж.Т. Дәулетбекова, Ғ.Қ. Қалиев, Г.С. Қосымова 5-11 сыныптар үшін жасаған ―Қазақ тілі‖ оқу пәнінен жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында және бағдарламаларында көрсетілген. Бұл құжаттарда стилистикадан берілетін білімнің мінцеггі деңгейі көрсетіліп, оқушы меңгеруге тиіс стилистикалық біліктіліктер нақты белгіленген. Бұған дейінгі мектеп бағдарламалары мен оқулықтарында, оқушыларға стилистикалық білім беру емес, нақты қалыптасқан мәтін жанрларын үйрету алдыщы орында болып келді. Қалыптасқан мәтін түрлерін оқытудың практикалық тиімділігі шамалы, себебі баланың стилистикалық білімі тек сол мәтіндермен шектеледі. Басты мақсат стандартты мәтіндерді жазып, не толтырып, оқуға үйретуде емес, барлық тілдік жағдаятта жұмсауға болатын стилистика-лық білімдерді бере отырып, тілдік-стилистикалық икемділікті, талғамды, сарабдал саналы тілдік тұлғаны қалыптастыруда. Қалыпгасқаң, стандартты мәтіндерді беру баланың мүмкіншілігін де, стилистика ғылымының да мүмкіншілігін шектеу болып табылады. Сол себепті те оқу процесі өзінің дамытушылық сапасынан айырылады немесе мүлдем жоғалтып алады.

Н.Ж. Құрмановаңың мектеп бағдарламаларына жүргізген талдауларына сүйенетін болсақ, [10,18 б.] тіл дамытуға өткен ғасырдың тек 20-жылдары мен 50-жылдары ғана көбірек сағат бөлініп, қарқынды қолға алынған. Стилистиканың мәселелері бірді-екілі көтеріліп отырған. Стилистиканы оқыту жаттығулары мен теориялық мәліметтердің жетіспеуі, тіл құралдарының лексика-грамматикалық мағынасымен бірге стилистикалық мағынасының қатар алынбауы, стилистикалық жаттығулар мен тапсырмалардың аз болуы, қалыптасқан үлгі мәтіндер мен жаттығулардың басым болуы, стилистикалық талдау, мәтіннің тіліне стилистикалық баға беру, оған тәжірибе жасау, жеке авторлардың тілдік лабороториясына баға беру жұмыстарының аздығы қазақ тілі оқулығының жетіспей жатқан түстарының көптігін білдіреді.

Қазақ тілімен салыстырғанда, ресейлік мектептерде стилистиканы оқыту іс-тәжірибесі өте ертеден басталады. Т.И. Чижова орыс тілі стилистикасын оқыту әдістемесінің тарихы XYIII ғасырдан басталатындығын атап көрсетеді. Оның ғылыми мәселелері Л.П. Федоренко, Н.А. Пленкин, С.Н. Иконников, М.Т. Воронин, Н.Е. Сулименконың, Т.И. Чижованың т.б. орыс әдіскерлерінің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Стилистиканың орыс мектептерінде жүйелі түрде енгізу 1959 жылдың өзінде-ақ қолға алынды. Сол кездің өзінде жоғары оқу орындарына стилистика жеке пән ретінде енгізілген. 1965-1966 жылдары стилистиканы арнайы семинар, курс ретінде оқытумен бірге, «Практикалық стилистика» пәні

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №3(37), 2011 ж. 19 оқытыла бастады. Орыс тілін оқытуға арналған мектеп оқулықтарында стилистикалық ұғымдар 5-сыныптан бастап мәтін ұғымымен қатар берілді. Қазіргі уақытта ресейлік мектептерде стилистиканы 10-11 сыныптарда жеке пән, арнайы курс ретінде оқыту қолға алынған. Бұл бағытта арнайы мектеп стилистикасына арналған Г.Я. Солганиктің «Стилистика текста» (2003 ж.), «Стилистика русского языка» (2004 ж.) атты оқулықтары қолданылады.

Мәтін және стиль ұғымдарының қазақстандық мектеп оқулықтарывда беріле бастауы соңғы жылдардың басты жетістігі болып табылады. Стилистика ғылымын жеке сала ретінде оқыту 9-сыныптың міндетіне жүктелген. 9-сыныпқа дейін стилистиканы игеруге қажетті лексика-грамматикалық базалық білімдер берілсе, 10,11-сыныптарда стилистика ―Сөз мәдениеті және қарым-қатынас түрлері‖, ―Сөз мәдениеті және шешендік‖ аясындағы практикалық біліктіліктермен ұштастырылады. 9-сынып функционалдық стиль түрлерін меңгертуге бағытталған, сол себепті мәтін жаттығулар көптеп ұсынылады. Бұл ретте оқушыға стилистикалық біліммен қатар мәтін туралы білімдерінің де қажеттілігі аса байқалады. Сол себепті 5,6,7,8- сынып оқулықтарында лексика-грамматикалық біліммен қатар мәтін туралы ұғым-түсініктерді сабақтастықта, үзбей беріп отыру аса қажет.

5-8-сыныптарда мәтін негізінен басқа тілдік тұлға-бірліктерді таныту мақсатында алынған. Осыған байланысты оқулықтардағы мәтіндердің берілуін қамтамасыз етуде мынадай екі нәрсені ескеру қажеттілігі байқалады:

1. Мәтін өзінен кіші тіл бірліктері үшін тілдік контекст, тілдік орта болып табылады.

2.Мәтін өзіндік семаш'икалық-синтаксистік тұлға-бірліктерден құралатын сөйлеудің негізгі бірлігі.

Қорыта келе, қазақ тілі стилистикасын оқытудың бүгінгі мәселелері стилистика ғылымының теориялық базасын басшылыққа алуды және әдістемелік дұрыс жүйелеуді, жоспарлауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. 5 томдық шыгармалар жинагы. Оқу құралы. 2-т. - Алматы: Алаш, 2004. - 480 б.

2. Сауранбаев Н. Ана тілін оқыту туралы. Халық мұзалімі. -1941 ж. - №11. - 6-8 б.

3. Әбілқаев Ә. Қазақ тілі программасы мен оқулықтары жайында ойлар. - Қазақстан мектебі. - 1965. - №6. - 75-80 бб.

4.Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. - Алматы, 1991. - 160 б.

5. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық, әдістемелік негізі. 13.00.02. - Алматы: ҚазМҚПИ, 2004. - 376 б.

6. Рахметова С. Бастауыш класта оқушылардың тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 13.00.02. - Алматы: АлМУ, 1994. - 434 б.

7. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.докторы ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. 13.00.02. - Алматы: АлМУ, 2001. - 317 б.

8. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. - Алматы: Білім, 2000. -208 б.

9. Құрманова Н.Ж. Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі. - Ақтөбе,1999. - 125 б.

10. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д-ры. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат. 13.00.02. - Алматы: ҚазМҚПИ, 2004. - 57 б.

ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНДІРУ

Сейсембаева Жанар Айтбергенқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы
Алмабекова Меруерт Нұрланқызы
Elite school жекеменшік мектебінің психологы, Алматы қаласы

Ұсақ қол моторикасы бастауыш сынып оқушыларына қажет білім беру технологиясының бірі. Оның өзектілігі бүгінгі таңда жоғары болып отырғаны белгілі. Себебі бірінші сыныпқа қабылданған оқушылардың кейбір әріптерге тілі келмей, зейіндері қалыптаспай, партаға отыру, сабаққа деген қызығушылықтары төмен болып, мектепке келгілері келмей жатады. Бұл ата-аналарға ғана емес, білім мен тәрбие нәрін беретін бастауыш мұғалімдеріне де қиындық тудырып жатады. Бұл проблеманы біржақты қараудың өзі қате түсінік. Қазіргі таңда телефонға үңілген бала, күйбің тіршілікке өмірін арнап жіберген ата-ана ролі, қиындыққа толы мектеп бағдарламасы деген сияқты сылтауларды саралай беруге болады. Проблеманы айта беруден гөрі шығатын жолды қарастырғанымыз абзал.

Біз осы проблемадан шығар жолды оқу технологиясы мен оқыту әдістеріне жаңашылдық кіргізу арқылы шешуге тырыстық. Сондықтын былтырғы оқу жылынан мектеп бағдарламасының бастауыш сыныптарына қосымша оқу вариативті сабақ ретінде «Ұсақ қол маторикасы» атты пәнді ендірдік.

Осы пәнді ендіру арқылы мектеп қабырғасында білім алатын бастауыш сынып оқушыларына ұсақ қол моторикасының түрлі әдістерімен білім алуға деген зейіндерін дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын жоғарылаттық.

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол мотористаны дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді.

Ұсақ қол мотористаны дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше.В.А.Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса,соншалықты ойлауы,сөйлеуі жақсы дамиды, яғни бала қолымен көбірек жұмыс істесе ,соғырлым қимыл әрекеті мен белсенділігі артады.

Енді жалпы моторика ұғымына тоқталсақ.

Моторика – бұл адамның қозғалыс қабілеті, яғни бұлшықеттердің әртүрлі қимылдарды орындау үшін үйлесімді әрекеті.

Мотористаның бала дамуындағы маңызын атап өтсек:

Дене дамуы: Қимыл-қозғалыс адамның физикалық дамуын қамтамасыз етеді.

Сөйлеу қабілеті: Ұсақ моторика сөйлеу қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Ойлау қабілеті: Қозғалыстар мен когнитивтік процестер арасындағы байланыс.

Әлеуметтік дағдылар: Баланың қоршаған ортаға бейімделуіне көмектеседі.

Мотористаның негізгі түрлері:

Ірі моторика – дененің ірі бұлшықеттерімен байланысты әрекеттер. Бұл моторика түрі алғашқы болып дамиды. Яғни, ірі бұлшықеттерінің қозғалысын, тепе-теңдік пен

үйлесімділікті дамытуға жауап беретін қабілет. Бұл – жүру, басын ұстау, жүгіру, секіру, өрмелеу, еңбектеу сияқты ірі бұлшықет топтарының қимылдарына қатысты қозғалыстар.

Ұсақ моторика - ұсақ бұлшықеттер мен жүйке жүйесінің координациясы. Қол саусақтарының және білектің дәл әрі нәзік қимылдарын қамтамасыз етеді.

Мотрикаңың түрлерін ажыратқанымыздай, ірі моторика балада табиғи жолмен, күнделікті іс-әрект арқылы дамитынын анықтадық. Ал ұсақ қол моторикасын қосымша жаттығулар арқылы, дамытудың маңызы өте зор. Ұсақ қол моторикасын дамыту, оқушының дамуына физиологиялық және психологиялық тұрғыдан әсері көп болмақ. Атап айтатын болсақ:

Мектепке дайындық: баланың жазуға, сызуға, құралдарды қолдануға икемділігі дамиды. Яғни, оқушының қаламды дұрыс ұстауы, әріптерді анық жазуы, жазу жылдамдығының артуы.

Сөйлеу қабілетімен байланыс: Саусақ қозғалыстары ми жұмысына тікелей әсер етеді, сөйлеу орталықтарын белсенді етеді. Ұсақ моторика мен сөйлеу орталығының дамуы өзара тығыз байланысты болғандықтан, саусақтарды жаттықтыру арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіруге болады.

Зейін және есте сақтау қабілеті: Мұндай жаттығулар баланың зейіні мен логикалық ойлауын дамытуға көмектеседі.

Шығармашылық қабілетті дамыту: Баланың сурет салуына, қағаз қию, мүсін жасауға, қолданбалы өнермен айналысуына септігін тигізеді.

Жалпы айтқанда, ұсақ қол моторикасының жаттығулары, қолдың икемділігі мен қимыл дәлдігін арттыруға, зейінді шоғырландыруға көмектеседі. Қол бұлшықеттерінің сезімталдығы жоғарылап, баланың қимыл қозғалысына да өз әсерін тигізеді. Жаттығудың көмегі арқылы, саусақтың күші артып, ұзақ уақыт жазу кезінде қолдың тез шаршауының алдын алады.

Ұсақ қол моторикасы дамыған оқушының өзіне деген сенімділігі артады. Яғни, киіну, түйме тағу, бау байлау сияқты күнделікті істерді өз бетінше орындауға икемі, баланың тәуелсіз болуы.

Қазіргі заманның қол моторикасының проблемасы өте зор. Технологиялық дамуымен бірге балалардың ұсақ моторикасының дамуына кері әсер ететін бірнеше маңызды проблемалар пайда болды.

1. Цифрлық құрылғылардың әсері

- Сенсорлы экрандардың кең таралуы

Балалар смартфон, планшет және компьютерді жиі қолданғандықтан, қолдың табиғи қозғалыстары азаяды. Сенсорлы экрандарда тек саусақтың бір немесе екі бөлігі белсенді қолданылады, бұл мотрикаңың толыққанды дамуына кедергі келтіреді.

-Қалам мен қағазды аз пайдалану.

Көптеген мектептер мен үй тапсырмалары цифрлық форматқа ауысқандықтан, балалар жазуды, сурет салуды және қолмен жұмыс жасауды аз қолданады.

2. Балалардың қозғалыс белсенділігінің төмендеуі

- Дәстүрлі ойындардың азаюы

Моншақ тізу, пластилинмен жұмыс істеу, оригами жасау сияқты мотрикаңы дамытатын іс-әрекеттерді балалар сирек орындайды.

- Ашық алаңдарда ойнаудың азаюы.

Көпқабатты үйлерде тұратын балалар сыртта ойнауға аз шығады. Бұл олардың құммен, балшықпен жұмыс істеу сияқты табиғи моторикалық тәжірибесін шектейді.

3. Жазу дағдыларының әлсіреуі

- Каллиграфия мен жазу дағдыларының нашарлауы.

Қолдың әлсіз моторикасы балалардың әдемі әрі жылдам жазу қабілетіне әсер етеді. Көптеген оқушылар тез шаршайды немесе әріптерді дұрыс жаза алмайды.

- **Қол бұлшықеттерінің әлсіздігі**

Ұсақ мотормканың дамымауы қолдың шаршауын тездетіп, ұзақ уақыт жазуға кедергі келтіреді.

Моториканың маңызы мен түрлерін ажыратып болғаннан кейін, ұсақ қол моторикасын дамытудың әдіс-тәсілдері, жаттығулары жайында айтып өтсек.

Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар түрі ауқымды:

Мозаика құрастыру

Ермексазбен (пластилинмен) жұмыс істеу

Моншақ тізу

Қағаздан ою-өрнек қию

Құммен және су бояуларымен сурет салу

Конструкторлар мен пазлдар жинау

Ұсақ мотормканы дамытуға арналған көптеген кеңестер айтсақ болады. Мысалы: жаттығуларды ойын түрінде өткізу, оқушының жас ерекшелігі мен қызығушылығын ескеру өте маңызды. Оқушыларға еркіндік пен мотивация беру.

Ұсақ қол моторикасы – бұл саусақ пен қолдың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысы мен үйлесімділігін дамыту процесі. Оқушы үшін ұсақ қол моторикасын дамытудың маңызы зор, себебі ол көптеген дағдыларды қалыптастырып, оқу үдерісіне оң әсерін тигізеді.

Осы жаттығуларды орындау арқылы оқушылардың ұсақ моторикасы дамып, олардың оқу, жазу және ойлау қабілеттері жақсарады.

Енді осы айтылғандарды мектеп бағдарламасына енгізу жолдарына тоқталсақ. Біздің мектеп бастауыш сыныптарға вариативті пән ретінде аптасына екі сағаттан «Ұсақ қол моторикасы» пәнін ендірдік. Ұсақ қол мотормканы мектеп бағдарламасына тиімді енгізу үшін оны сабақтармен, ойын түріндегі жаттығулармен және қосымша іс-шаралармен ұштастыру жолдарын қарастырдық. Оны жүзеге асырудың негізгі жолдарын зерделеп, түрлі әдістерді, оқыту технологияларын, пәнаралық байланыс бағыттарын анықтадық.

Бастауыш сыныптарда ұсақ мотормканы дамытүрлі әдістерді туға ерекше көңіл бөлу қажет. Ұсақ қол моторикаға арналған жаттығуларды әртүрлі пәндермен үйлестіруге болатындығына көз жеткіздік.

Сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында **әр сабақтың алдында** саусақ гимнастикасы (жаттығулар, массаж), сенсорлық ойындар (құммен, су бояуларымен жұмыс), музыка сабағында саусақпен ритм соғу, түрлі аспаптарды пайдалану жұмыстарын пайдаландық.

✓ **Бастауыш сыныптардағы пәндермен байланыстыру:**

Қаламды дұрыс ұстауға арналған жаттығулар

Әріптерді бастырып жазу, штрихтау

Суретпен жұмыс (оқиғаның бір бөлігін сурет арқылы салу)

Геометриялық фигураларды қиып, жапсыру

Математикалық есептерді шешуде түймелер, моншақтар, кубиктер қолдану

Логикалық тапсырмалар (лабиринттер, нүктелерді қосу арқылы сурет салу)

Саусақпен сурет салу

Пластилин, ермексаз, қағаздан мүсін жасау

Моншақ тізу, мата қиықтарын жапсыру.

Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар мен оқыту әдістері арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артатындығына көз жеткіздік. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізу арқылы оқуға деген ынталары артқанын байқадық. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады.

Көрнекті ғалым Мария Монтессори: «Жұмыс жасамас бұрын баланы үйретудің амалын табу, қайталама жаттығулар арқылы қозғалыстар дайындау қажет. Бала затты алғанда жаман қылық жасағанын байқаса, өзін жеке қателік жасадым деген сезімге бой алдырады, сонымен қоса баланың алғашқы әсері немесе ойы – өте анық және күшті екенін естен шығармау керек», – деп нақтылаған.

Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады. Бірақ бұл жұмыстар орындалмай, зейіні қалыптаспай келген мектеп табалдырығын аттаған балаларға осы пән арқылы жақсы жетістіктерге жеткенін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пименова Е. П. «Пальчиковые игры» / Е. П. Пименова.- Ростов н/Д: Феникс, 2007.

2.Филиппова С.О. Подготовка дошкольников к обучению письму. Влияние специальных физических упражнений на эффективность формирования графических навыков [Текст]: учебное пособие/ С.О. Филиппова. – СПб.: Питер,2000. 287 с.

ШЕКАРА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КУРСАНТТАРЫН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Қарашекенов Жанат Ахметкалиевич
ҚР ҰҚК шекара академиясы бастығының орынбасары, Алматы қаласы

Шекара сақшылары – ел шетінің тыныштығы мен қауіпсіздігінің басты жүрегі, негізгі қалқаны десек қателеспейміз. Шекара шебінде жауынгерлік қызметті ұйымдастыру оңай емес. Таулы асулар мен орманды алқаптардан өту, қатал ауа райы жағдайында шекара нарядын ұйымдастыру – қырағылық пен қажырлы қызметті талап етеді. Енді осы бағытта білім беру мен білім алушыларға психологиялық ахуалын жақсарту жұмыстары терең ізденісті қажет ететіні анық.

Қазақстан Республикасы 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттарын маңызды бағдар етіп айқындаған және оның негізгі мақсаттарының бірі ретінде халықтың жақсы денсаулығы мен әл-ауқаты көрсетілген. Қазақстан БҰҰ-ның орнықты дамудың негізі – бұл салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы адамдар үшін қолайлы жағдай жасау деген тұжырымын қолдайды [1].

Студенттерді жоғары оқу орнындағы кәсіби іс-әрекетке оңтайлы бейімдеу кәсіби құзыретті маман қалыптастырудың алғышарты саналады. Бейімделу дегеніміз – жаңа ортаның жағдайына, қоғамдық қатынастардың дамуы мен өзгеруіне байланысты, ондағы нормаларға, құндылықтарға, қатынастарға, өмір жағдайларына, әлеуметтік байланыстар мен өзара әрекеттесуге, мәртебелер мен рөлдерге бейімделудің үздіксіз үдерісі. Жоғары оқу орнына студенттің әлеуметтік бейімделу факторлары тұлғаның қалыптасып, дамуымен, оның әлеуметтену дәрежесімен және қоғамдық іс-әрекеттегі дағдыларымен, отбасының құрылымы және әлеуметтік мәртебесімен өзара байланысты келеді. Бұл айтылған мәселелер азаматтық оқу орындарында білім алатын студенттердің педагогика, психологиялық жай күйіне қарай нақтыланса, әскери білім соның ішінде шекаралық қызмет көрсету бағытында білім алатын болашақ шекарашыларға ерекше ізденістің қажеттігін анықтағандай.

Шекаралық қызмет тәртібіне сай білім алатын студенттердің физиологиялық дамуының өзектілігін көрсететін тағы бір маңызды себеп – қазіргі уақытта білім беру

жүйесінде түрлі реформалар мен қайта құрулар орын алуда. Өз кезегінде, бұл студенттердің оқу жүктемесі көлемінің ұлғаюына, оқытудың формалары мен әдістерінің өзгеруіне және педагогикалық талаптың жоғарылауына алып келуде.

Білім академиясында білім алу ағзаның барлық функционалды жүйелеріне қысым мен күш түсіреді, өйткені жоғары білімнің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында күрделі, көп деңгейлі бейімделу үдерісі жүзеге асады. Күнделікті ақыл-ой және психологиялық-эмоционалдық күйзелістер, сондай-ақ еңбек, демалыс және тамақтану режимінің бұзылуы бейімделу үдерісінің жиі бұзылуына және бірқатар созылмалы аурулардың пайда болуына әкеп соқтырады. Оқу үдерісіне қатысушылардың ағзасының жаңа ортаға оңтайлы бейімделе алмауы, олардың оқуға деген мотивациясын, ары қарай интеллектуалдық және физикалық жұмысқа қабілеттілік деңгейін төмендетеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты академиядағы оқыту үдерісін оңтайландыру студенттерді кәсіби даярлауға ғылыми негізделген тәсілдерді қолдануды талап етеді. Студенттердің ағзасын күрделі әлеуметтік-ақпараттық ортаның факторларына бейімдеудің физиологиялық тетіктері мен ерекшеліктерін анықтау, соның негізінде білім алушылардың функциональдық жағдайына бақылау жасау, профилактикалық түзету бағытындағы іс-шаралардың жүйесін жасау және сол арқылы студенттердің денсаулығының жоғары деңгейі мен жоғары оқу орнына қалыпты бейімделу үдерісін қамтамасыз ету аса маңызды мәселелер қатарына жатады.

Отандық зерттеушілердің ішінен оқушылар мен студенттердің психологилық денсаулығын сақтаудың кейбір аспектілері С.М.Жақыпов [2], Х.Т.Шеръязданова [3], Ж.Ы.Намазбаева [4], А.Р.Ерментаева [5], А.Т.Акажанова [6], Р.Б.Каримова [7, Н.Д.Унарбекова [8], Қ.Н.Нығыметова [9], Г.Б.Ниетбаева [10] және т.б еңбектерінде біршама талданған.

Шекара қызметінде білім алатын студенттердің кәсіби іс-әрекетке бейімдеудің физиологиялық аспектілерінің ғылыми-теориялық негіздемесі бойынша кәсіби бейімделу көп деңгейлі, физиологиялық, тұлғалық-психологиялық, мінез-құлықтық және әлеуметтік компоненттердің жиынтығы негізінде жұмыс істеуге бейімделудің функционалды үдерісі, ал физиологиялық аспекті студенттердің денсаулығының, физикалық дайындығының жай-күйін сипаттайтын маңызды көрсеткіші болып табылатындығы ғалымдардың зерттеулерінде анықталуда.

Академия студенттерін кәсіби іс-әрекетке нәтижелі бейімдеудің физиологиялық ерекшеліктері мен физиологиялық даярлығын арттырудың мүмкіндіктері адамның физиологиялық, психологиялық және моральдық қасиеттерінің күрделі кешенін қамти отырып, көп жағдайда адамның кәсіби іс-әрекетке деген физикалық жарамдылық деңгейін білдіреді.

Шекара қызметіне даярланатын студенттердің психофизиологиялық дамуының қамтамасыз етілу деңгейін бағалаудың нақтыланған критерийлері дидактикалық, басқарушылық, педагогикалық, дұрыс тамақтану тәртібі, санитарлық-гигиеналық, медициналық, психологиялық, дене шынықтыру, үгіт-насихаттық, экологиялық және нәтижелік критерийлерден тұрады.

Академия білім алушыларының функционалдық жағдайы мен еңбекке қабілеттілігін арттыратын «Шекара қызметінің салауатты курсанты» профилактикалық бағдарламасы дезадаптация көріністерінің алдын-алуға бағытталған спорттық, сауықтыру, мәдени-ағартушылық, ойын-сауықтық, танымдық және әлеуметтік-психологиялық бағыттағы іс-шараларды қамтиды.

Бұл мақалада курсанттарды кәсіби іс-әрекетке бейімдеудегі психофизиологиялық аспектілерді көрсететін физикалық даму деңгейін бағалау әдістері, психофизиологиялық тестілеу, жалпы және әлеуметтік физикалық даярлық деңгейін бағалау әдістері негізінде

алынған тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелерін ғылыми тұжырымдарға сай зерделеу қажеттігін анықтадық.

Академиядағы оқу болашақ шекара қызметін дамытатын, қызмет ететін мамандарды қалыптастырудың шешуші кезеңі десек болады, өйткені әр курсанттың оқу жылдарында болатын маңызды оқиғалар мен шешімдер оның бүкіл жеке өміріне және кәсіби қызметіне айтарлықтай әсерін тигізеді.

Кәсіби іс-әрекет барысында өзін саналы түрде өзгертіп, дамытатын, таңдаған мамандығының мәртебесін көтеруге қызмет ететін кәсіби маман даярлап шығу – шекара академиясының басты миссиясы саналады. Оқу академиясы болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке бейімдеу үдерісі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл сұраныстың пайда болуына ақпараттық кеңістіктегі өзгермелі жағдайлар, еңбек сапасының жоғарылауы, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамудағы өзгерістер, кәсіби маман даярлаудағы соңғы жаңалықтар өз әсерін тигізеді. Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың сапасы олардың кәсіби қызметті іскерлікпен атқаруға деген теориялық және тәжірибелік дайындығы арқылы көрініс табады.

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу барысында курсанттар әлеуметтік және жеке қасиеттерінің негізгі көрсеткіштерін академияның ішкі тәртібі мен жағдайына сәйкес келтіруге тырысады. Курсанттардың бейімделу үдерісіне психикалық белсенділікті ұйымдастыру, таңдаған мамандығына деген қызығушылықты ояту, ұжымдық және жекелік жұмыстарды тиімді атқару, бос уақытта және күнделікті жағдайда орындалатын жұмыстарды үйлестіру, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби және тұлғалық сапаларын дамыту т.б. жатады.

Сонымен, «бейімделу» латынның «adaptare» сөзінен шыққан, оны адам ағзасының, сезім мүшелерінің ішкі және сыртқы тітіркендіргіштерге, жаңа өмір сүру жағдайларына біртіндеп икемделуі десек болады. Жеке тұлғаның жаңа ортаның талаптарына, қоғамдық қатынастардың дамуы мен өзгеруіне байланысты, ондағы нормаларға, құндылықтарға, қарым-қатынастарға, өмір жағдайларына, әлеуметтік байланыстар мен өзара әрекеттестікке, мәртебелер мен рөлдерге бейімделуі үздіксіз жүретін үдеріс болып табылады [11].

Бейімделу – бұл бір жағынан, әсер ету сипаттамасының (табиғат, қарқындылық, режим, ұзақтық), екінші жағынан, организмнің жеке қасиеттерімен анықталатын қоршаған орта факторларының әсеріне бейімделу реакцияларының қалыптасуының көп деңгейлі үдерісі [12].

Психологиялық жағына адамның әлеуметтік тұлға ретінде, белгілі талаптарға, жағдайларға, қағидаларға және қоғамдағы әдептілік ережелеріне, жаңа орта талаптарына және т.б. бейімделуі жатады. Бұл организмнің бейімделу қабілеті жүйесінің мақсатты түрде қалыптасуын, психикалық процестердің дамуын және олардың оңтайлы жүзеге асуын (интеллектуалдық, эмоционалдық және сенсорлық) қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (15.02.2018) // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636 (17.03.2019)
2. Жакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения: дис ... док. психол. наук: 19.00.01 / С.М. Жакупов. – Москва, 1998.-356 б.
3. Шерьязданова Х.Т., Абеуова И.А., Ныгметова К.Н. Психопедагогика здоворья: Учебное пособие. – Алматы: ТОО «Типография Комплекс», 2006.-280 б.
4. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы формирования поликультурной личности. – Алматы: Каз НПУ имени Абая, НИИ Психологии 2008.- 400 б.
5. Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. – Өскемен, 2007.-270 б.
6. Акажанова А.Т. Девиантология: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 302 б.

7. Каримова Р.Б. Особенности нарушений психического развития дошкольников с церебрально-органической паталогией и основы их комплексной коррекций: дис….док. психол. наук: 19.00.08 / Р.Б. Каримова. – Алматы, 2002.- 466 б.
8. Унарбекова Н.Д. 6-7 жастағы қазақ балаларының психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету мен жолдары: психол.ғыл.канд. дисс: 19.00.07 / Н.Д. Унарбекова. – Алматы, 2005.-180 б.
9. Нығыметова Қ.Н. Балалардың психикалық денсаулығына экологиялық ортаның ықпалы: психол.ғыл.канд. дисс: 19.00.07 / Қ.Н. Нығыметова. – Алматы, 2009.-200 б.
10. Ниетбаева Г.Б. Қазіргі кезеңдегі студенттердің психологиялық денсаулығының дамуы: 6D010300 – Педагогика және психология: док. PhD ... дис. – Алматы, 2014. -210 б.
11. Айдаралиев А.А. Адаптация человека к экстремальным условиям: опыт прогнозирования / А.А. Айдаралиев, А.Л. Максимов. - Л., Наука, 1988. -125 с.
12. Агаджанян К.А. Образ жизни и здоровье студентов / К.А. Агаджанян.-М., 1995.-234 с.

ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Әсіл Мерей Жеңісқызы
SDU UNIVERSITY, Қаскелең қаласы
Ғылыми жетекшісі: Нурманова Гулжайна Нурболатовна

Тыңдалым – бұл айтылған ақпаратты қабылдау, түсіну және өңдеу процесі. Ол коммуникацияның маңызды бөлігі және қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасы көздеген төрт дағдының бірі. Тілдік ортада қарқынды дамып, сөздік қорды толықтыру, дұрыс сөйлеу үлгілерін қабылдау мен когнитивтік қабілеттерді жетілдіру көбіне тыңдалым арқылы жүзеге асады. Бұл атаудың ең басты мәні - адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік тұлғаларды тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу. Тыңдалым процесін тілдік қарым-қатынастағы сөзді қарапайым есту құбылысымен алмастырмау керек. Есту - дыбысты акустикалық жағынан қабылдау, ал тыңдалым тек есту ғана емес, сонымен бірге мағыналы, маңызды хабарды ұғып алып, қажетке жарату [1, 116 б.].

Аудиомәтінді меңгеру барысында тыңдалымға тән мынадай басты белгілер: текстегі қатысымдық және тілдік тұлғаларды есту, қабылдау, түсіну және қолдану - іс жүзіне асады және сөйлесім әрекетінде үздіксіз жетіліп отырады. Аудиомәтінді дұрыс таңдап алу - бүкіл тыңдалым процесінің сапалы әтуіне әсер ететін бірден-бір пайдалы

алғышарт. Мәтін өте қиын болса, ол оқушылардың түсінбеуіне әкеліп соғады. Егер өте жеңіл болса, тіл үйренушілердің қызығушылығын жойып, оларды жалықтырып жібереді [1, 117 б.]. Осылайша, тыңдалым дағдыларын дамыту үшін оқушылардың қабылдау деңгейіне сәйкес келетін аудиомәтіндерді дұрыс таңдау маңызды.

Қазірде цифрлық технологиялар күннен-күнге даму барысында және оны меңгеру XXI ғасыр талабы болып отыр. Сол себепті білім беру саласы жаңа өзгерістерден бірінші хабардар болып, оны оқыту процесіне енгізуі тиіс. Ал оқытудағы маңызды аспектілердің бірі – тыңдалым арқылы жүзеге асады. Фаузия Оразбаева *“Тыңдалым - “аудирование” деген терминнің білдіретін мағынасы - "есту арқылы түсіну". Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді”*- деп тыңдалымға анықтама береді. Осы анықтамаға да сүйенсек тыңдалымның дәстүрлі оқыту жүйесіндегідей

мұғалімнің материалды оқып беруі арқылы ғана емес, әртүрлі құралдарды қолдану арқылы оқушының ақпаратты қабылдап, түсіне білуіне негізделгенін аңғаруға болады.

Үйренуші мен үйретушінің көзбе-көз не бірін-бірі көрмей қарым-қатынаста болу ыңғайына қарай тыңдалым екі түрге бөлінеді:

1. Тіке тыңдалымда тыңдаушы сөйлеушінің бет пішінің, еріндерінің қимыл-қозғалысын, ымдаған, ишарат білдірген дене қимылын көріп, соған қарап та ойды түсінеді, мән-мазмұнды қабылдайды [1, 120 б.]. Білім алушылардың тыңдалым тапсырмалары барысында әртүрлі дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнеріне бейімделуі үшін сабақтағы аудиоматериалдар әртүрлі дауыс тембрінде ұсынылуы қажет. Бұл оқушылардың әртүрлі сөйлеушілерді түсіну дағдыларын дамытуға көмектесіп, бір ғана дауыс ырғағына үйреніп қалу қаупін азайтады.

2. Аралық тыңдалымда тындаушының алдында диктордың өзі жоқ, тек дауысы ғана естіледі. Мұнда сөйлеушінің қызметін грампластинкалар, диафильмдер, кассеталар атқарады. Бұл жағдайда көбіне, сөйлеушінің үніне, дауыс ырғағына қарап түсінуге тура келеді [1, 121 б.]. Бұл құралдарды қолдану сабақтағы тыңдалым дағдысын қалыптастыруға көмектескенімен сапасының нашар болу және дауыстың анық естілмеу қаупі бар және бүгінгі күнде сабақ барысында қолдану үшін актуалды емес. Себебі бұл құралдардың орнын бейнематериалдар, онлайн платформалар, жасанды интеллект негізіндегі дыбыстық көмекшілер, аудиоматериалдар, подкасттар алмастырған. Сондықтан тыңдалым дағдысын меңгеруде цифрлық технологиялардың рөлі зор, себебі олар сапалы аудиоматериалдарды, бейнересурстарды және интерактивті онлайн платформаларды ұсыну арқылы оқушының қабылдауын жақсартады. Сандық құралдар тыңдалым процесін тиімді ұйымдастырып, тыңдалым дағдысын жетілдіруге ықпал етіп, оқу процесін интерактивті, қолжетімді және тиімді етеді.

Оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін анықтау үшін 7 – сынып оқушыларына грамматикалық және лексикалық тақырыптарды оқыту барысында эксперимент жасалынды. Эксперименттің мақсаты: 7-сынып оқушыларының тыңдалым дағдыларын цифрлық технологияларды қолдану арқылы дамыту тиімділігін анықтау.

Алдымен 7 – сынып оқушыларының тыңдалым кезінде ақпаратты қалай қабылдайтынын бақыладық. Тыңдалым дағдысы барлық сыныптарда жүзеге асатындықтан, салыстыру мақсатында 8 – сынып пен 10 – сыныптарды да бақыладық. Бақылау барысында 7 – сынып оқушыларына дәстүрлі әдіспен оқытуда қиындықтар туғаны, оқушыларға мәтінді бірнеше рет қайталап оқу керектігі анықталды. 10 – сыныптарды бақылау барысында оқып беру немесе аудио арқылы тыңдалымды жүзеге асыру да жеткілікті екенін байқадық. Демек оқушылардың жас ерекшелік психологиясына сай ақпаратты қабылдауы да әртүрлі. 7-сынып оқушылары ақпаратты эмоционалды және көрнекі түрде қабылдауға бейім. Сондықтан олар үшін нақты мысалдар, бейнелер, ойын элементтері мен интерактивті әдістерді қолдану тиімді. Ал 10-сынып оқушылары ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдап, деректер мен логикалық тұжырымдарға сүйену арқылы теориялық материалдарды тереңірек талдауға қабілетті. Олар оқу материалының маңыздылығын түсінген жағдайда ақпаратты есте сақтап, әрі қарай қолдануға бейім. Сондықтан жоғары сынып оқушыларының тыңдалым дағдыларын қалыптастыруда аудиоматериалдарды пайдалану жеткілікті. Ал 8 – сынып орыс тілінде оқытылатын сынып болды және өзге тілде білім алатын сыныптарға қазақ тілін меңгеру барысында көрнекілік пен мультимедиалық ресурстардың рөлі ерекше екені аңғарылды. Себебі екінші тілді меңгеру процесінде оқушылар ақпаратты аудиовизуалды құралдар арқылы тезірек қабылдайды және есте сақтайды. Суреттер, анимациялар мен бейнематериалдар тыңдалым мәтіндерінің мазмұнын нақтырақ түсінуге көмектеседі, сөйлеу мәнерін меңгеруді жеңілдетеді. Сонымен қатар, АКТ құралдары оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды белсенді тыңдауға ынталандырады.Тыңдалым

тапсырмалары кезінде мұғалім мәтінді оқып беретін болса, оқушының зейнінінің шашырауы, оқу барысында да көп сауалдар қоюы және тыңдалымнан кейінгі тапсырмаларды орындауда қиындық туғаны, одан бөлек жаңа тақырыпты оқыту және түсіндіру барысында дәстүрлі әдіспен оқыту кезінде оқушылардың тақырып бойынша түсінбеген сауалдарының көп болғаны айқындалды. Оқыту барысында тыңдалым ретінде тек YouTube қосымшасындағы бейнелерді қолданумен шектелетіні анықталды. Дайын бейнелер әрдайым сапалы бола бермейді және мәліметтер де бүгінгі таңда актуалды болмай жатады. Ақпарат күннен-күнге өзгеріп жатқандықтан бұл мәселелерді шешу үшін цифрлық технологияларды қолдану тиімді, себебі мультимедиалық құралдар мен интерактивті материалдар тыңдалым процесін жеңілдетіп, оқушылардың қабылдау қабілетін арттырады.

Ақыл-ой іс-әрекетінен басқа ағымдағы компоненттерінен оқушыларды оқыту үдерісінде мультимедиа-ресурстарын пайдаланудың келесідей психологиялық артықшылықтарын ерекшелеуге болады:

1. Визуализация. Графикалық ақпаратпен жұмыс, сонымен қатар белгілік материалдармен жұмыс көрнекілік ойлау ресурстарын мобилизациялауға мүмкіндік береді.

2. Ойдың сурет немесе схема түрінде материалдануын жылдамдатады.

3. Жағдайдың түрленген шаблондарымен компьютерден алынған нәтижелерді жылдамдату және арттыру.

4. Компьютер арқылы орындалатын іздеу әрекетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

5. Күрделі іс-әрекеттің аралық кезеңіне (компьютердің жадын қолдана отырып) қайта оралу мүмкіндігін береді.

6. Бір немесе бірнеше объектіні бірнеше көзқарас тұрғысынан бір кезеңде қарастыру, объектіні түрлендірудің бірнеше нұсқасын салыстыру мүмкіндігі [2/73]. Осы ерекшеліктерді ескере келе, тыңдалым дағдыларын дамыту үшін эксперимент барысында қолдануда сәтті деп табылған бірнеше цифрлық платформаларды ұсынамыз.

PlayPosit – бейнебаяндарды интерактивті түрде жасауға мүмкіндік беретін қосымша. Сабақ мақсатына сай тыңдалым материалын көру барысында тапсырма жасай алу мүмкіндігі. Бұл көбіне орындалмай қалып жататын тыңдалым кезіндегі тапсырма ретінде қарастыру үшін оңтайлы. Яғни бейнені көріп отырғанда қажетті деп тапқан үзіндіден кейін бейнематериал тоқтап, тапсырма шығады. Бұл оқушылардың ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауы мен бірден практика жүзінде қолдануына және тыңдалым дағдысының дамуына алып келеді.



1 – сурет

Платформа – барлығына қолжетімді түрде және жасалған жұмыстарды бірнеше рет өңдеуге, өзгертуге де болады. Материалды сілтеме арқылы немесе қосымшаға кіру арқылы көре аламыз. Кемшілігі: интернет желісінің болуы міндетті, сақтап алып, офлайн көру

мүмкіндігі жоқ. Дегенмен қазіргі таңда барлық қосымшаларды қолдану үшін интернет болуы керектігінен бұл мәселені кемшілік деп қарастырмаймыз.

TTSMaker – мәтінді дыбыстау көмектесетін құрал. Тыңдалымда визуалды құралдардан бөлек, оқушының есту қабілетін дамыту үшін күрделі емес, жас ерекшелігіне сай мәтіндерді аудиоматериалдар ретінде де ұсынған жөн. Оны жасаудың ең тиімді жолы ЖИ-ды қолдану. Қосымша 100-ден астам тілді қамтиды, 600-ден астам ЖИ даусы бар. Мәтінді оқып, они MP3 түрінде сақтап алуға болады.



2 – сурет



3 – сурет

PowToon – анимациялық видеолар мен презентациялар жасауға арналған платформа. Әртүрлі тақарыптарда видеоматериалдар дайындауға болады. Дайын шаблондарды өзгерту арқылы тыңдалым мәтініне лайықты қылып жасап, осы қосымшаның өзінде дыбыс жазуға немесе енгізу мүмкіндігі бар. Оқушылардың тыңдалым мәтінінің маңызды тұстарын визуалды және аудиалды түрде ұсыну арқылы ақпаратты жақсы меңгеруге көмектеседі.



4 – сурет

Эксперимет кезеңінде оқушыларға лексикалық тақырыпқа қатысты әртүрлі суреттер мен иллюстрациялар ұсынылып, олардың негізінде болжам жасау тапсырылды. Білім алушылар тақырыпты өз бетінше анықтау арқылы бұрынғы меңгерген білімдерімен байланыс орнатып, фондық білімдерін өзара бөлісті. Бұл тыңдалымға дейінгі дайындық кезеңін ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оқушылардың жаңа ақпаратты қабылдауға когнитивтік тұрғыдан бейімделуін қамтамасыз етті. Экспериментіміздің нәтижесіне сай цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Аудио және бейнематериалдар тыңдау қабілетін дамытып, ақпаратты қабылдау жылдамдығын арттырады. Мультимедиялық ресурстар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Онлайн платформалар арқылы оқушылар дербес білім алып, тыңдалым машықтарын жақсарта алады. Осылайша, цифрлық технологияларды жүйелі пайдалану тыңдалым дағдыларын дамытудың тиімді жолдарының бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ф.Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. /Оқу құралы/, - Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000 ж., 208 бет.

2.Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: /Авторлар ұжымы: Е. Ы. Бидайбеков, В. В. Гриншкун, Г. Б. Камалова, Д. Н. Исабаева, Б. Ғ. Бостанов/ Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.

МУЗЫКА САБАҒЫН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Кучербаева Майра Джалбаевна
Абай атындағы мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп гимназия, Тараз қаласы

Конфуцийдің «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң - үйренемін» деген сөзі бүгінгі білім беру жүйесінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жаңа технологиялармен тығыз байланысты. Сандық ресурстарды пайдалану оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып, оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттыруда. Әсіресе, музыка сабағында цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, музыка әлеміне деген қызығушылығын арттыруға орасан зор мүмкіндік береді. Бұл мақалада цифрлық ресурстардың музыка пәніндегі рөлін, олардың тиімділігін және шығармашылық процестегі маңызын қарастырамыз [1].

Мақаланың басты мақсаттарының бірі: оқушылардың инновациялық білімін қалыптастыру және сауаттылығын арттыру.

Ал міндеттеріне келетін болсақ, олар:

А) Инновациялық технологияларды қолдана отырып, баланың музыкалық танымын арттыру;

В) Балаларды шығармашылыққа төселдіру арқылы, музыкалық қабілетін дамыту;

С) Ақпараттық бағдарламаларды қолдана отырып, жеке тұлғаны тәрбиелеу

Жалпы, қазіргі таңдағы балалар ақпаратты мүлдем басқаша қабылдайды. Егер осыдан 5-10 жыл бұрын оқушыларға сабақты дәстүрлі тәсілмен түсіндіріп, үй жұмыстарын да дәстүрлі тәсілмен қабылдаған болсақ. Қазіргі оқушыларға бұл тиімсіз. Себебі, ақпараттық құралдардың, гаджеттердің дамуымен балаға ақпаратты ойын түрінде, оның тілінде түсіндіретін болсақ, ол бірден қағып, есіңде сақтап алады. Цифрлық ресурстар мультимедиялық бағдарламаларды, онлайн платформаларды, мобильді қосымшаларды, аудио және бейнематериалдарды, сондай-ақ интерактивті құралдарды қамтиды. Бұл ресурстар оқушылардың музыкалық теорияны игеруін жеңілдетіп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда білім беру саласында көптеген инновациялық бағдарламалар қолданылады. Музыка пәнінде оқушылардың қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілетін дамытуға көмектесетін бірнеше платформалар бар. Олар:

1. «Все сдал» платформасы – мұғалімдер мен оқушыларға арналған ресурстық орталық. Бұл платформада әр пән бойынша дайын тапсырмалар, тесттер, авторлардың өмірбаяндары және мерекелік іс-шараларға арналған сценарийлер бар.
2. Adobe Express – постерлер, баннерлер, карточкалар, логотиптер, презентациялар жасауға арналған веб-негізді құрал. Мұғалімдер сабақты қызықты әрі көрнекті ету үшін осы платформаны пайдалана алады.

3. Wordwall – интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған құрал. Бұл платформа арқылы оқушыларға түрлі ойын тапсырмаларын дайындауға болады.
4. Educoplay – интерактивті викториналар, кроссвордтар, сәйкестікті табу ойындар, хронология құру және басқа да тапсырмалар жасауға мүмкіндік беретін ресурс.
5. Genially – интерактивті презентациялар, инфографикалар, викториналар мен ойындар жасауға арналған мультимедиялық онлайн платформа.

Келесі суретте цифрлық ресурстардың артықшылықтары көрсетілген:

Сурет – 1. Цифрлық ресурстардың сабақта қолданудың артықшылықтары



Цифрлық ресурстарды білім беру үдерісіне енгізу оқушылардың когнитивтік дамуымен қатар, олардың эмоционалдық қабылдауына да әсер етеді. Оның психологиялық және педагогикалық аспектілерін қарастырайық. Цифрлық ресурстарды білім беру жүйесіне енгізудің психологиялық аспектілеріне тоқталатын болсақ, онда ең алдымен цифрлық ресурстар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратынын айту қажет. Циярлық ресурстар оқушылардың қызығушылығын оятып, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Көптеген зерттеулер интерактивті технологиялармен оқыту барысында балалардың ақпаратты жылдам қабылдайтынын және есте сақтау қабілетінің жақсаратынын көрсетеді.

Екіншіден бұл балалардың шығармашылық ойлау қабілетінің дамуы. Муызкалық қосымшалар, виртуалды аспаптар мен дыбыс өңдеу бағдарламалары оқушылардың музыкалық композицияларды өз бетінші жасауына мүмкіндік береді. Бұл шығармашылық қабілеттерін дамуына ықпал етеді.

Оқушылардың сабаққа, пәнге деген қызығушылығының артуының тағы бір себебі бұл – геймификация. Геймификацияның балл жинау, марапаттау жүйелерін, виртуалды бейджер сынды элементтерін енгізу арқылы оқушылардың музыка сабағына деген қызығушылығын арттыруға болады. [2]

Келесі кезекте бұл, когнитивтік жүктемені оңтайландыру. Музыкалық теорияны түсіндіру кезінде бейнематериалдар мен анимациялар ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді. Бұл есте сақтау және түсіну деңгейін жақсартады.

Енді цифрлық ресурстардың білім беру жүйесіндегі педагогикалық аспектілеріне назар аударайық. Цифрлық ресурстар мұғалімге әр оқушының жеке қажеттіліктеріне сай тапсырмалар әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында тиімді құралдардың бірі. Одан бөлек, ойын элементтері, анимациялар, интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға болады. Цифрлық ресурстар оқушыларға кез келген жерде және кез келген уақытта білім алуға жағдай жасайды. Бұл жағдай 2020 жылы пандемия кезінде өз өзектілігін дәлелдеді. [3]

Цифрлық ресурстар білімді бағалаудың жаңа тәсілдерін енгізді. Онлайн тесттер, викториналар, интерактивті бағалау жүйелері арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін

объективті түрде бағалауға болады. Цифрлық құралдардарды қолдану мұғалімдерді үнемі жаңа технологияларды меңгеруге итермелейді, бұл олардың кәсіби өсуіне септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды пайдалану оқыту сапасын арттырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Музыка сабағында инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Заманауи цифрлық платформаларды тиімді пайдалану арқылы музыка сабағы интерактивті, танымды және есте қаларлықтай болады. Білім берудің инновациялық әдістерін дамыту арқылы біз болашақ ұрпақтың шығармашылық әлеуетін ашуға үлкен мүмкіндік жасай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Конфуцийдің афоризмдері. Ұлы тұлғалардың нақыл сөздері. [Электрондық ресурс] URL: https://nasati.ru/konfucij-aforizmy-mudrosti.html
2. Кулик С. Адамдар ойнайтын ойындар: геймификация деген не? Оның бизнес, медицина және білім беру саласына алып келетін пайдасы қандай? [Электрондық ресурс] URL: https://blog.skillfactory.ru/chto-takoe-geimifikatsiya/
3. Исабаева Д. Педагогтың цифрлық сауаттылығын арттыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі / Алматы қаласы, 20.07.2020 ж. [Электрондық ресурс] URL: https://kaznpu.kz/ru/12476/press/

ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ОЙЫНДЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Досмаханбетова Зухра Мэлисовна
Қ.Сатпаев атындағы мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы
Такимжанова Дильбара Алпысбаевна
Ж.Баласағұни орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Шу ауданы, Жамбыл облысы

Лингвистикалық қағида тілді оқытудағы жетекші қағида ретінде теория мен практикада коммуникативтік ұстанымға әлдеқашан жол берді. Орыс тілін оқытудың аталмыш мақсатты қағидалары оқу үдерісі нәтижелілігінің маңызды факторы ретінде іс-әрекеттік дидактикалық құралдарды алдыңғы қатарға шығарып отыр. Мұндай құралдардың қатарына оқыту ойындары, атап айтқанда, дидактикалық ойындар жатады. Олар арқылы оқытудың технологиялық бағдары табысты түрде жүзеге асырылады. Әртүрлі оқыту жүйелерінде ойынға айрықша маңыз беріледі. Бүгінгі таңда психологтар ойынның жаңа тілге ауысуды «айғақтайтынын» дәлелдеп отыр. Ойын кез-келген білім алушы үшін әрі қызықты жұмыс түрі, әрі мұғалім үшін тілдік жаттығулардың аналогы болып табылады, соның арқасында сөйлеу әрекетінің әртүрлі дағдылары дамытылады. Ойынның әмбебаптылық секілді ерекшелігі бар: ойын тәсілдерін қолдануды әрқилы мақсат-міндеттерге икемдеуге болады. Оқытудың бастапқы кезеңінде ойын технологиялары білім, дағды, білікті меңгерудің ұзақ сипатын қамтамасыз етеді. Оқу ойыны деп оқу үдерісінде тапсырма ретінде берілетін, оқу міндетінен тұратын ойын түрін айтамыз (проблеманы, проблемалық жағдаятты), оның шешілуі белгілі бір оқу мақсатына жетуді қамтамасыз етеді. Оқу сабақтарында ойынды қолдана отырып, қажетті ақпаратты табу, оны түрлендіру, соның негізінде стереотиптік, стереотиптік емес жағдаяттарда жоспар құру дағдысын

қалыптастырып, дамытады. Ойын элементтері бөгдетілдік қраым-қатынас жасаудың шартты сипатымен байланысты үлкен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа ойын жағдаяттары сабақта емін-еркін, өзіндік атмосфера тудырады. Оқу ойыны мақсатты түрде бағытталған болуы қажет. Сабақ жүргізу формасының өзгешелігі, оның бейшаблондық сипаты үйреніп жатқан тілге деген қызығушылықты арттырып, тіл үйренуді қолдап отыруға ықпал етеді. Дәстүрлі оқу жүйесіне енген оқу ойыны бірнеше мақсаттарды жүзеге асырады: уәждемелік-түрткі, қозғаушы, тәрбиелік, бейімдеу, компенсаторлық. Ойын көрнекі құрал және жаттығу ретінде қолданылады. Ойынның мақсаттың өзі емес, лексиканы, грамматиканы жетілдіру құралы, дұрыс айту дағдысын қалыптастыру, оқу, жазу және ауызша сөйлеу құралы екендігін есте ұстау қажет. Орыс тілі сабақтарында оқушыларға арналған дидактикалық ойындардың жағымды ерекшеліктерінің бірі ойынға дайындық. Оған тек қана жаңа лексиканы игеру бойынша ғана емес, сондай-ақ ауызша сөйлеудің белгілі бір типтерін модельдеу бойынша да, қажетті ақпараттық материалдарды іріктеу бойынша да дидактикалық ойынға өзіндік дайындықты ынталандыратын тапсырмаларды енгізген жөн. Оқушыларды дидактикалық ойын жағдайына тартуда оқуға деген қызығушылық бірден өседі, игерілетін материал олар үшін қолжетімдірек бола түседі, жұмысқа қабілеттілік айтарлықтай ұлғаяды. Дидактикалық ойындар – педагогикалық үдерістерді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерінің айтарлықтай кеңейтілген тобы. Дидактикалық ойындардың жалпы ойындардан негізгі айырмашылығы оның маңызды белгісінде – алға қойылған айқын оқыту мақсатының болуы және соған сәйкес педагогикалық нәтижесінің болуы, айқын бір түрге негізделіп, белгіленуі және оқутанымдық бағыттылығымен сипатталады. Дидактикалық ойыны бар сабақтарға тән ерекшелік ойындардың сабақтың құрылымдық элементтердің бірі ретінде түрленген түрде енуі[1].

Дидактикалық ойындарды (ДО) бірнеше белгілер бойынша топтастыруға болады:

- функционалды-мақсатты міндеті бойынша;
- өткізу уақыты бойынша;
- құрылымды-композициялық құрылуы бойынша.

Функционалды-мақсатты міндеті бойынша ДО-ның диагностикалық, рөлдік, бақылау түрлері болады. Өткізу уақыты бойынша ДО-ны үлкен (4 сағат және одан көп), орташа (2-3 сағат), аз (1 сағат) және мини-ойындар (1 сағатқа дейін) деп бөлуге болады. Құрылымдық-композициялық құрылуы бойынша ДО қатаң түрде алдын ала программаланған және бейімделген құрылымдық-композициялық жүйесі болуы мүмкін. Дидактикалық ойындардың аталған белгілерін ескере отырып, ортақ белгілері бойынша төмендегідей топтастыруға болады: - көріністік дидактикалық ойындар, ойынның әрбір көрінісі негізінде оқу материалының нақты элементімен байланысты бір педагогикалық міндеттің шешімі жатады; - тұтас-тақырыптық дидактикалық ойындар, тақырып бойынша бірнеше педагогикалық міндеттердің шешілуімен байланысты; - кешенді дидактикалық ойындар, онда студенттердің репродуктивтік және продуктивтік әрекеті үйлеседі және білімдік, дамытушылық міндеттер кешені шешіледі. Дидактикалық ойындар педагогикалық технологиялардың әртүрлі нұсқалары болып саналады. Педагогикалық технологиялар туралы қазіргі түсініктер жүйелі түрде практикада алдын ала жобаланған, ғылыми-негізделген оқу-тәрбие үдерісін іске асырумен байланыстырылады. Осы тұрғыдан педагогикалық технология дидактиканың, жалпы педагогиканың негізгі тұжырымдамаларын таза практикалық түрде іске асыру болып табылады. Технологиясыз нәтижелі оқыту мүмкін емес екендігі күмән тудырады, себебі оқыту технологиясы

оқыту мақсатын, білім мазмұнын, оқытушы мен студенттердің іс-әрекетін үйлестіру мүмкіндіктерін, оқытуды ұйымдастырудың қажетті формаларын, оқыту әдістері мен құралдарын, сондай-ақ оқыту үдерісі тиімділігін анықтау бойынша теориялық және эмпирикалық күштерді біріктіру болып саналады. Технология сонымен қатар уақытты тиімді

пайдалану, орынды тәсілдерді, формаларды, техникаларды, жеке тұлғалық бағдарларды, жаттығуларды орындаудың мақсаттылығын және т.б. ескереді.
Дидактикалық ойындарды дайындау және өткізудың негізгі кезеңдері мынадай:
1. Дайындық кезеңі: мұғалімнің ойынға дайындалуы (ойынның мақсатын, ережесін, регламентін белгілеу), оқушыларды дайындау және олардың ойынға өзіндік дайындығы, ойынның дидактикалық, әдістемелік және техникалық қамсыздандырылуы, ойынға дайындығын анықтау, алдын ала ойын топтарын құру.
2. Ойынға кіріспе: ойынға қатысушыларды тақырыппен таныстыру, мұғалімнің ақпарат беруі, ойынға нұсқау жүргізуі, ойын сценарийі мен ережесін таныстыру, ойын топтарын құру, рөлдік міндеттерді бөлу, ойынға тапсырмалар беру, дидактикалық, әдістемелік және техникалық материалдармен қамтамасыз ету.
3. Таза ойын кезеңі: топта алынған тапсырманы талқылау, ойын жүргізушінің кеңес беруі, ойынға қатысушылардың ойын рөлдерін орындауы, топта ұжымдық ой-әрекеттерін ұйымдастыру, тапсырманы шешу нұсқаларын талқылау, тапсырма бойынша оңтайлы шешім қабылдау, ойын тобынан баяндамашыны анықтау, көрнекі құралдарды дайындау, сөз сөйлеу, сұрақтарға жауап беру, ойыншылардың топаралық пікірталасқа түсуі.
4. Қорытындылау кезеңі: ойынға қатысушылардың ой қорытуы, ойынды жүргізушінің өз ойын білдіруі, ойын жеңімпазын анықтау, жүргізушілердің ойынды қорытындылауы.
5. Ойыннан кейінгі кезең: дидактикалық ойын тараптарының мазмұндық және әрекеттік талдауы, дидактикалық ойын нәтижелерін талдау және бағалау. Дидактикалық ойындардың дидактикалық және әдістемелік қамсыздандырылуы, дидактикалық ойын пакеті төмендегілерді қамтиды: қамсыздандырылуы, дидактикалық ойын пакеті төмендегілерді қамтиды: 1. Мәтіндік материалдар. 2. Сөйлеу материалдары. 3. Лингвистикалық материалдар. 4. Дидактикалық ойын сценарийі: а) сюжет сипаттау; ә) ойын өткізу ережесінің тізімі; б) регламент; в) ойын әрекеттерін орындау ретіне нұсқаулар; г) қатысушылардың рөлін және сөйлеу әрекеті орын алған әлеуметтік жағдайларды сипаттау. Мәтіндік материалдарға төмендегілер кіруі қажет: а) пікірталасқа енген проблема туралы ақпарат; ә) ауызша жарыссөз үлгілері; б) теле және радиосюжеттерді қолдану. Лингвистикалық түсініктеме: а) лексика-грамматикалық мәліметтер мен ережелер; ә) мәтіндерді оқу және қайта айтып берудегі қиындықтарды жоятын жаттығулар мен тапсырмалар. Ойынның тілдік қамсыздандырылуы мыналардан тұрады: а) ойынның әртүрлі кезеңдерін қамтитын сөйлеу әрекеттерінің тізімі; ә) бір-бірімен байланысқан монологиялық сөйленістер желісіне сөйлеу әрекеттерін қосу ережелері; б) ойынға қатысушыларды ынталандыратын тапсырмалар мен жаттығулар. Жоғарыда айтылғандар аясында әдетте мұғалімдер төмендегі сабақ түрлерін қолданады: 1) рөлдік ойындар (сахналау); 2) оқу үдерісінің ойын тапсырмаларын қолдана отырып, ойын ұйымдастыру (байқау сабағы, саяхат сабағы, презентация сабағы); 3) оқу үдерісінің әдеттегі дәстүрлі сабақтарда ұсынылатын тапсырмаларды қолдана отырып, ойын ұйымдастыру (орфограмманы тап, талдаудың бір түрін жаса және т.б.); 4) ойынды сабақтың белгілі бір кезеңінде қолдану (басы, ортасы, соңы; жаңа материалмен танысу, алған білім-дағдыны бекіту, өтілген материалды қайталау және жүйелеу). Дидактикалық ойынның негізі инновациялық мазмұн болып табылады. Ол оқу проблемасын шешуде қолданылатын білім-дағдыларды меңгеруде бекітіледі. Ойын құрал-жабдықтары сабақтың құрал-жабдықтары болып саналады: көрнекі құралдар, оқытудың техникалық құралдары, дидактикалық үлестіру материалдары және т.б. Сабақта әртүрлі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ойындар жүргізіледі. Лексиканы есте сақтау үшін және жазу дағдысын дамыту үшін суреттер бойынша диктант жүргізуге болады. Сонымен ойын оқытудың дәстүрлі түріне қарама-қарсы қойылмайды, қазіргі педагогикалық теорияларға қарсы келмейді және біріктірілген оқыту формасының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Орыс тілін оқытудың әдістері мен технологиялары. Республикалық ғылыми әдістемелік семинар материалдары. Алматы: ALT UNIVERSITY, 2023
2. Дидактикалық ойындардың құндылығы // https://bilim-all.kz

НЕЙРОПЕДАГОГИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ: ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗЕЙІНДІ БАСҚАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Ибраймова Лира Абдилдабековна
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Нейропедагогика – нейроғылым мен педагогиканың тоғысқан жерінде пайда болған жаңа сала. Ол ми қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдістерін жетілдіруді көздейді. Оқу процесіне әсер ететін ми қызметтеріне жады мен ақпаратты өңдеу, зейін және концентрацияны (ойды шоғырландыру) жатқызамыз. Осылардың ішінде қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың зейінін тиімді басқару маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Зейін когнитивті процестердің негізі ретінде оқушылардың ақпаратты қабылдау, есте сақтау және қолдану қабілетіне тікелей әсер етеді. Бұл мақалада оқу процесінде зейінді басқарудың ғылыми негіздері мен нейропедагогиканың инновациялық тәсілдері қарастырылады.

Зейін – мидың ақпаратты сұрыптау және өңдеу қабілетімен байланысты күрделі когнитивті процесс. Нейропсихолог Майкл Познер зейіннің үш негізгі жүйесін анықтаған [1]:

- Оятушы жүйе (немесе дабыл жүйесі) (alerting system) – зейіннің жалпы деңгейін реттейді, жаңа ақпаратқа дайындықты қамтамасыз етеді. Адамның сергектік деңгейін реттейтін және сыртқы ортадағы өзгерістерге дайындық жасайтын жүйе. Бұл жүйе локус церулеус пен норадреналин деңгейіне байланысты.
- Бағыттаушы жүйе (orienting system) – назарды белгілі бір объектіге аударуға жауап береді. Бұл жүйеде париеталдық қыртыс, таламус, және жоғарғы екі төмпешік (superior colliculus) маңызды рөл атқарады.
- Атқарушы бақылау жүйесі (executive attention) – мақсатқа бағытталған әрекеттерді реттейді және когнитивті икемділікті қамтамасыз етеді. когнитивті бақылау мен тапсырмаға байланысты зейінді реттеу қызметін атқарады. Бұл жүйе алдыңғы белдік қыртыс (anterior cingulate cortex) және префронталды қыртыспен (prefrontal cortex) байланысты.

Аталған жүйелердің үйлесімді жұмысы оқушылардың оқу процесінде зейінді тиімді басқаруына мүмкіндік береді.

Александр Романович Лурия (1902–1977) – кеңестік нейропсихолог, зейін мен когнитивтік процестерді зерттеуге зор үлес қосқан ғалым. Ол зейінді биологиялық, нейрофизиологиялық және психологиялық механизмдермен байланысты қарастырды. Лурия зейінді статикалық құрылым емес, динамикалық процесс деп санады. Ол зейіннің жұмысын қамтамасыз ететін үш функционалды блокты сипаттаған:

Бірінші блок – ми діңінің ретикулярлы формациясы арқылы сергектік деңгейін реттейді.

Екінші блок – ақпаратты өңдеуге жауап беретін сенсорлық аймақтардан тұрады (артқы мидың бөліктері).

Үшінші блок – мінез-құлықты реттейтін атқарушы бақылау жүйесі (маңдай бөліктері). Лурияның зерттеулерінде маңдай қыртысының (префронталды қыртыстың) атқарушы бақылау мен зейінді басқаруда шешуші рөл атқаратыны көрсетілген. Ол мидың зақымдануы

немесе неврологиялық бұзылыстар болған жағдайда адамның назарын шоғырландыру қабілеті төмендейтінін анықтаған. Сонымен қатар афазия, агнозия және фронтальды синдром сияқты бұзылыстарда зейіннің қалай өзгеретінін зерттеген. Маңдай бөліктері зақымданған жағдайда зейіннің таралуы мен тұрақтылығы бұзылады [2].

Зейінді үшке бөлуге болады:

- еріксіз зейін (немесе ырықсыз зейін) – сыртқы тітіркендіргіштер арқылы автоматты түрде іске қосылады. Мысалы, қатты дыбыс, жарқыраған жарық немесе күтпеген оқиға адам назарын аудартады.

- ерікті зейін (немесе ырықты зейін) – саналы түрде реттелетін және когнитивтік күш жұмсауды талап ететін процесс. Мысалы, белгілі бір тапсырманы орындау үшін күш жұмсалады, мотивация қажет болады. Александр Лурия бойынша бұл атқарушы бақылау жүйесі.

- кейінгі еркін (үйреншікті) зейін – бұл алғашында күш салуды қажет ететін, бірақ уақыт өте автоматтандырылатын зейін түрі. Мысалы, тәжірибелі музыкант ноталарды ойнауға көп күш жұмсамай, еркін зейінмен ойнай алады.

Нейропсихологиялық тұрғыдан зейіннің бірнеше түрі бар. Олар:

1) Таңдамалы зейін (Selective Attention). Адам көптеген ақпараттың ішінен тек маңыздысын таңдап, соған назар аударады. Бұны анықтау үшін дихотикалық тыңдау тәжірибесі жасалып, адамдарға екі түрлі аудиожол тыңдатылып, тек біреуін өңдей алатыны анықталған [3]. Дәріс кезінде студенттер маңызды ақпаратқа назар аударып, сыртқы шуды елемеуге тырысатынын да мысал ретінде келтіруге болады.

2) Тұрақты зейін (Sustained Attention). Бұл – адам белгілі бір әрекетке ұзақ уақыт бойы назарын сақтай алатын қабілеті. Бұған «Бақылау мұнарасы» тесті жасалып, радар операторлары ұзақ уақыт бойы экрандағы қозғалысты бақылай алатыны тексерілген [4]. Қарапайым мысал ретінде ұшқыштардың ұзақ мерзімді ұшу кезінде навигацияны қадағалап отыруын айта аламыз.

3) Бөлінген зейін (Divided Attention). Бір уақытта бірнеше тапсырмаға назар аудару қабілеті. D. Kahneman когнитивтік ресурстар теориясын ашып, адам зейінін бірнеше бағытқа бөле алатынын анықтаған [5]. Мысалы, көлік жүргізу кезінде сөйлесіп немесе музыка тыңдай алу, үй сыпырып немесе тамақ пісіріп жүріп музыка тыңдау т.б. Алайда адам ұқсас әрекеттерді бір мезгілде жасай алмайды. Мысалы дәріс тыңдап отырып, музыка тыңдай алмайды. Зейін екеуінің біреуіне қарай шоғырланып кетеді. Әдетте бұл құбылыс әр түрлі әрекеттерді жасағанда ғана жүзеге асады. Джон Дункан (1993) адам миы бір уақытта бірнеше тапсырманы орындауға қабілетті, бірақ тиімділігі төмендейтіндігін айтса [6], Клиффорд Нас пен Эйлин Чанг көп тапсырмамен айналысу адамның когнитивті өнімділігін азайтуы мүмкін дейді [7].

4) Ауыспалы зейін (Shifting Attention). Бұл – адамның бір әрекеттен екіншісіне жылдам назар аудару қабілеті. Мысалы, мұғалім оқушылардың сұрақтарына жауап бере отырып, жаңа материалды түсіндіре алады.

Оқу процесінде зейінді арттырудың аса маңызды екендігі белгілі. Зейіні жоқ баланың оқу үлгерімі нашар болады. Сол себепті жоғарыда сипатталған зейіннің түрлерін ескере отырып, оқытуда зейінді тұрақтандыру, күшейту және дамытуға көмектесетін инновациялық тәсілдерге талдау жасау өзекті болмақ.

Баланың жас ерекшілігін ескеретін болсақ, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының зейіні тұрақсыздау. М.Т. Істілеуова, О.С.Сангилбаев «Бастауыш сынып оқушыларының назары өте шектеулі. Жасына қарай ол кеңейеді», - дейді [8; 59]. Сол себепті оқу процесінде негізінен белсенділік пен қозғалысқа көп мән береді. Нейрофылым зерттеулері физикалық белсенділіктің зейін мен есте сақтау қабілетін арттыратынын көрсетеді [9]. Қозғалыспен байланысты оқыту әдістері мыналар:

- Сабақта динамикалық үзілістер жасау;

- Ойын элементтерін енгізу (геймификация);

- Оқушылардың физикалық белсенділігін арттыруға бағытталған тапсырмалар.

Зейінді ұстап тұратын тағы бір әдіс – эмоция арқылы оқыту.

Антонио Дамасио эмоцияның есте сақтау қабілетіне әсер ететінін дәлелдеді [10]. Оқу материалын эмоционалды қызықты ету үшін:

- Қызықты оқиғалар, тарихи деректерді қолдану. Оқытудағы сторителлинг техникасы (әңгімелеу әдісі) нейроғылымда маңызды әдіс болып табылады. Бұл оқушының эмоциялық жадын белсендіреді, нәтижесінде ақпарат жақсы сақталады [11]. Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулерінде қазақ фольклорының балалардың ойлау және қиялдау қабілетін дамытудағы орны көрсетілген [12]. Ассоциация арқылы есте сақтау және эмоциялық жадты күшейту халық ертегілері мен батырлық жырларын оқу арқылы жүзеге асады. Халық ертегілері мен аңыздарында оқушыларды жігерлендіретін, ынталандыратын элементтер бар.

- Дискуссиялар мен пікірталастар ұйымдастыру;

- Визуалды және аудиоматериалдарды пайдалану ұсынылады.

Ақпаратты оқушы жақсы қабылдауы үшін оны белгілі бір бейнелермен, оқиғалармен байланыстыру керек. Халық ертегілері мен мифтері дәл осы механизмге негізделген [13].

Құрылымдалған оқыту және когнитивті жүктемені басқару. Зерттеулерде оқушылардың когнитивті жүктемесін дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығы көрсетіледі [14]. Себебі, адамның зейіні шектеулі уақыт ішінде ғана тұрақты болады, сондықтан сабақ құрылымын соған бейімдеу қажет [1], [15]. Бұл үшін:

- Оқу материалын шағын блоктарға бөлу (микрооқыту);

- Маңызды ақпаратты визуалды түрде беру (графикалар, диаграммалар);

- Қайталау мен тестілеу әдістерін пайдалану. Белгілі бір стимул қайталана берген сайын оған деген зейін тұрақтанады. Адамдарға алғашында маңызды болып көрінбейтін ақпарат кейін маңызды болуы мүмкін [16].

Қазақ жырлары мен мақал-мәтелдерінің ырғақтық құрылымы оқытуда қолданылатын мнемоникалық әдістерге ұқсайды. Бұл нейроғылымда есте сақтауды жақсартудың негізгі құралдарының бірі болып саналады [17]. Қоңыратбаев халық ертегілері мен жырларындағы қайталау әдістері мен құрылымдық ерекшеліктер оқушылардың зейінін арттыратынын дәлелдеген [12].

Бір топ ғалымдардың зерттеуінде медитация және зейін жаттығулары – mindfulness-технологиялары оқушылардың когнитивті бақылау қабілетін жақсартатыны туралы жазылған [18]. Сол сияқты Posner және Rothbart зерттеулері бойынша, зейінді дамыту жаттығулары когнитивтік тұрғыдан өнімділікті арттырады [1]. Даниэль Симонс пен Кристофер Чабрис «Көрінбейтін горилла» экспериментінде зейіннің шектеулілігін дәлелдеді, мұнда қатысушылар бейнероликті қарап отырып, негізгі детальдарды жіберіп алатынын көрсетті [19]. Бұл зерттеу білім беру процесінде ақпарат көлемін дұрыс реттеу қажеттігін айқындайды

Зейінді дамытуда ақпараттық-коммуникативтік технологиялардан айналып өту мүмкін емес. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың құрамына қазіргі уақытта жай ғана цифрлық ресурстарды ғана емес, әлеуметтік желілер мен түрлі виртуалды қарым-қатынас орнататын бағдарламалардың бәрін кіргізуге болады. Бұлардың ішінде зейінге кері әсер ететін жағы да бар. Алайда бұл мақалада тек зейінді шоғырландыруға көмектесетін технологияларға ғана мән беріліп отыр. Зейінді дамытатын ақпараттық технологиялардың қатарына мыналар кіреді:

- Нейрооқыту платформалары (Lumosity, CogniFit) – когнитивті дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар ұсынылған.

- Интерактивті қосымшалар – ойын формасындағы тапсырмалар арқылы оқушылардың назарын шоғырландырады.

- AR/VR технологиялары – кеңістіктік ойлау мен зейіннің тұрақтылығын дамытады.

О.С.Саңғылбаев былай дейді: «Жүйке жүйесі осал немесе қызба адамдар тез қажиды, импульсивті, ырықсыз болады. Денсаулығы нашар адамдар да зейіндерінің тұрақсыздығымен сипатталады. Өз пәніне қызығушылығы жоқ адамдардың зейіндері де жиі ауытқушылықта болады, керісінше қызығушылығы барлар зейінді жоғары деңгейде сақтап, ұзақ уақыт аралығында жұмыс атқарады. Сыртқы тітіркендіргіштер жоқ жағдайда зейін тұрақтылығы жеткілікті дәрежеде болады» [20, 61 б.]. Демек, оқу үдерісінде қызығушылықты ояту зейіннің шоғырлануына көмектеседі. Ол үшін аталған инновациялық әдіс-тәсілдерді қажетіне қарай қолдана білген абзал.

Нейропедагогиканың инновациялық тәсілдері оқу процесінде зейінді басқарудың тиімділігін арттырады. Зейін механизмдерін зерттеу нәтижелері мұғалімдерге оқушылардың оқу үлгерімін жақсарту үшін жаңа әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Зейін – адам санасының маңызды когнитивті функцияларының бірі. Ғалымдардың зерттеулері зейіннің әртүрлі түрлерін және олардың ми қызметімен байланысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Оқу, жұмыс және күнделікті өмірде зейінді тиімді пайдалану үшін оның әртүрлі түрлерін дамыту қажет.

Білім беру саласында нейроғылымның жетістіктерін пайдалану оқушылардың когнитивті дағдыларын дамытуға және білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Мидың қызметі мен құрылымын түсіну арқылы мұғалімдер оқыту процесін жақсартып, оқушылардың тиімді білім алуын қамтамасыз ете алады. Болашақта нейроғылымның жетістіктерін одан әрі терең зерттеу және оны білім беру жүйесіне енгізу оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеруге көмектеседі.

Қорыта келе айтатын болсақ, оқу үдерісін ұйымдастыруда мұғалім оқыту стилін оқушылардың зейінін бақылай отырып бейімдеуі керек. Әр оқушының жеке когнитивті ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдістерін икемдеген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Posner, M. I., Rothbart, M. K. Educating the human brain. – Washington, DC: American Psychological Association, 2007.

2. Luria, A. R. Higher Cortical Functions in Man. – New York: Springer Science & Business Media, 1966. – DOI: https://doi.org/10.1037/10703-000

3. Cherry, E. C. Some experiments on the recognition of speech with one and two ears // The Journal of the Acoustical Society of America. – 1953. – Vol. 25, No. 5. – P. 975-979.

4. Mackworth, N. H. The breakdown of vigilance during prolonged visual search // Quarterly Journal of Experimental Psychology. – 1948. – Vol. 1, No. 1. – P. 6-21. – DOI: https://doi.org/10.1080/17470214808416738

5. Kahneman, D. Attention and Effort. – Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1973.

6. Duncan, J. Selection of input and goal in the control of behaviour // Neural Computation. – 1993. – Vol. 5, No. 4. – P. 678-695. – DOI: https://doi.org/10.1162/neco.1993.5.4.678

7. Nass, C., Chang, E. Task switching and multitasking: The effects of media multitasking on attention and performance. – Stanford University, 2009.

8. Істілеуова М.Т., Сангилбаев О.С. Зейінді зерттеу іс-әрекеттің нәтижелілігін дамытатын жеке тұлғаның сапасы ретінде // Психология және социология сериясы. – 2020. – №1 (72). – Б. 53-61. – URL: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz

9. Ratey, J. J. Spark: The Revolutionary New Science of Exercise and the Brain. – New York: Little, Brown, 2008. – ISBN: 978-0316113502.

10. Damasio, A. Descartes' Error: Emotion, Reason, and the Human Brain. – New York: Putnam Publishing, 1994.

11. Immordino-Yang, M. H. Emotions, Learning, and the Brain: Exploring the Educational Implications of Affective Neuroscience. – New York: W. W. Norton & Company, 2016. – ISBN: 978-0393709810.

12. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Ғылым, 1987. – 272 б.
13. Sousa, D. A. How the Brain Learns. – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2017.
14. Sweller, J. Cognitive load during problem solving: Effects on learning // Cognitive Science. – 1988. – Vol. 12, No. 2. – P. 257-285.
15. Gazzaniga, M. S. Human: The Science Behind What Makes Us Unique. – New York: HarperCollins, 2009. – ISBN: 978-0060892883.
16. Treisman, A. Selective attention in man // British Medical Bulletin. – 1964. – Vol. 20, No. 1. – P. 12-16.
17. Baddeley, A. The episodic buffer: A new component of working memory? // Trends in Cognitive Sciences. – 2000. – Vol. 4, No. 11. – P. 417-423.
18. Lutz, A., Slagter, H. A., Dunne, J. D., Davidson, R. J. Attention regulation and monitoring in meditation // Trends in Cognitive Sciences. – 2008. – Vol. 12, No. 4. – P. 163-169. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.tics.2008.01.005
19. Simons, D. J., Chabris, C. F. Gorillas in our midst: Sustained inattentional blindness for dynamic events // Perception. – 1999. – Vol. 28, No. 9. – P. 1059-1074. – DOI: https://doi.org/10.1068/p281059
20. Саңғылбаев О.С. Зейін қасиеттерін зерттеуде экспериментті ұйымдастыру // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2006. – №3. – Б. 57-61.

НЫСАНАЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Тусипова Улбала Мадияровна
Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,
Тараз қаласы

Бүгінгі күні еліміздің білім беру саласында ірі өзгерістер дүниеге келіп, білім берудің дүниежүзілік жаңа сатысына көтерілу кезеңінде түрлі-түрлі реформалар жасалуда.

Оқыту формасы бұрынғы білім беруді ғана негіз еткен дәстүрлі оқыту формасынан жеке тұлғаны қалыптастыру формасындағы сапалы оқыту жүйесіне өзгерді. Оқыту барысы зерттеп үйрену іс-әрекетін басты форма етіп отыр.

Іс-әрекет барысында өзін-өзі басқару мен өзара әсерлесіп үйренуді іске асыру ерекшелігіне ие болды. Мұғалім оқыту мақсатына жету үшін оқулықты жете түсіну негізінде оқыту іс-әрекетін мұқият жоспарлауға көшті және оқушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастырудың алуан түрлі әдістерін қолдануда.

Бірақ, барлық мұғалімде ортақ оқыту технологиясы болмағандықтан оқытуда біркелкілік сақталмай отырғаны жасырын емес. Ұл оқушылардың білім алу сапасын ықпал етпей қоймайтыны сөзсіз.

Сондықтан қазіргі сыныптық оқытуға үйлесетін, оқушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастыруға икемді.

Нысаналы оқыту технологиясы бүгінгі күнде жүниежүзі бойынша тәлім-тәрбие саласында орасан зор ықпал көрсетіп отырған технологиялардың бірі.

Қазірде бұны АҚШ, Жапон, Қытай сынды көптеген дамыған елдер өздерінің білім беру саласында кеңінен қолданады. Нысаналы оқыту технологиясы АҚШ педагог және психолог Блумның «Тәлім-тәрбие нысаналы түрге бөлу» теориясы мен «Игеріп оқу» теориясына қысқаша тоқтала кеткен жөн.

1.«Тәлім-тәрбие нысананлы түрге бөлу» теориясы. Адам өмірінде істелуге тиісті қандай бір жұмыс ол үлкен болмасын, кіші болмасын қандай да бір нысанаға жетуді

көздейтіні ақиқат. Дәл сол секілді оқыту жұмысы да белгілі оқыту нысанасына жетуді мақсат ететіні шындық, екінші сөзбен айтқанда, оқыту жұмысы өзі тәрбиелеп отырған оқушының болашақта қандай жетістікке жетуін, қандай адам болу керектігін алдын ала анықтап алуы қажет. Осы тұрғыдан келіп, оқыту нысанасын Блум: таным саласындағы нысана, сана-сезім саласындағы нысана және әрекет шеберлігі (қабілет) саласындағы нысана деп үш салаға бөледі.

Таным саласындағы нысана дегеніміз оқушының үйренген білімін есте сақтау және қайталау барысында ақыл-парасат пен қабілеттің қалыптасу нысанасын, яғни білім алу мен қабілетті дамыту жағындағы нысананы көрсетеді.

Сана-сезім саласындағы нысана қызығушылық, мінез, құндылық, көзқарасы, сондай-ақ бейімділік қабілеті жағындағы нысананы, яғни ақыл-парасатқа жатпайтын факторлар жағындағы нысананы көрсетеді.

Іс-әрекет шеберлігі саласындағы нысана дегеніміз-меңгеру және әрекет шеберлігі жағындағы нысананы көрсетеді.

Блумның еңбегі оның оқыту нысанасын белгілі өлшем бойынша тәртіпті түрде жүйелеп айқындық пен жүйелілік қалыптастыруынан көрінеді. Ол бұны АҚШ-тың тәлім-тәрбие ісіне мұқият зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізді, әрі бұл еңбегі Блумның әлемдегі атағын да асқақтата түсті.

Бұрын жұрт бір адамның үйрену жағдайын тексергенде оның тек алған біліміне ғана назар аударатын, ал Блумның таным саласындағы нысанысы бес жақты (түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) қамтиды, яғни оқушылардың әр түрлі қабілеттерін жетілдіру нысанасын алға қояды.

Сондықтан қазіргі кезде бүкіл дүниежүзінің білім беру саласы осы көзқарасты ұстанып, оқушылардың қабілетін жажақты тәрбиелеуді дәріптеп келеді. Білім теориясы оқушыны бағалаудың ортақ мойындалған өлшемін де ортаға қояды.

Бұл өлшем мұғалімдердің өзара тәжірибеалмасу қызметі мен бағалау қызметін де алға бастырады. Сөйтіп, бағалаудың айқын нысанасы орнатылды. Блумның таным саласындағы оқыту нысанасы бүгінгі күні көптеген елде оқытуды бағалау мен оқулық жасаудың негізгі іргетасына айналды.

Білім. Қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. Бұл деңгейде тестілеу, қалдырып кеткен белгілерді орнына қою, анықтамалар мен атауларды жаттау немесе қайталау, процестердің өрбуі немесе орын алу тәртібін қайталау сияқты тапсырмалар қолданылады. Оларды орындағанда оқушылар оқу материалын оқулықта берілген күйде бұлжытпай қайталап беруге тырысады. Олардың басты мақсаты – ақпараттты жадында сақтау және іздеу болып табылады.

«Білім» деңгейі – таным мен ойлаудың басқа деңгейінің негізін құрайды. Өйткені онсыз қалғандарының болуы, жүзеге асырылуы екіталай. Мәселен, көбейту кестесін немесе қажетті формуланы жатқа білмей, есеп шығара алмайды. Абайдың өлеңін білмей оның көркем ерекшеліктері мен оқырманның ішкі жан дүниесінде қандай сезімдер тудыратындығы туралы ой толғап немесе шығарма жазу мүмкін емес.

Зерттеушілердің айтуы бойынша, орташа есеппен алғанда сабақтың 80% есте сақтау мен жаттау, қайталау мен тану тапсырмалары құрайды екен. Ал бұл жәйт келесі проблемаларды алып келді:

1.Қайталау және жаттау тапсырмалары негізінен үйренушілерден белсенді әрекеттерді талап етпей, олардың сабақтағы бәсеңдігіне (пассивтігіне) жол береді.

2.Үйренушілер сабақ тақырыбына ынта мен қызығушылық танытпайды, демек олар сабақтың нәтижелеріне де құлықсыз болады. Сол арқылы олар өз біліміне, өздерінің парасаттық дамуына деген жауапкершілікті көрсетпейді.

3.Бұл деңгейдегі сұрақтардың бір ғана дұрыс жауабы болғандықтан оқушылардан пікірталасты, ой толғауды қажет етпейді. Бұл жәйттің оқушының ойлау қабілеті мен коммуникативтік дамуына кері әсер келтіретіндігі сөзсіз.

4.Бұл деңгейде берілген тапсырмаларды орындау қайталауға негізделгендіктен оқушылар өзіндік ой мен идея, пікір мен көзқарас, тұжырым мен дәлелдерді ізденуге ұмтылмайды. Ал өз кезегінде бұл жәйт олардың жеке тұлға ретінде дамуына қолғабыс тигізбейді.

5.Сол себепті «Білім» үйренушілердің құзырында болуы қажет, ал педагог бұл деңгейге әдейі тоқтамай, шәкірттерін танымның және ойлаудың бұдан жоғары деңгейлеріне бағыттауы керек.

Түсіну дегеніміз – мәліметті таныс, анық күйге ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде оқушылар мағлұматты тек есте сақтамайды, олар оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар мәліметтерді басқа таныс жүйеге түрлендіреді, есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді. Мәселен, мектепте жиі қолданылатын «Шығарманы (анықтаманы, ережені) өз сөзіңізбен айтып түсіндіріп беріңіз» тапсырмасы түсінік деңгейін көрсетеді. Бұл деңгейдегі тапсырмалар «Білім» деңгейімен салыстырғанда оқушылардан белсенділікті талап етеді. Олар ақпаратты өздеріне таныс жүйеге көшіріп, түрлендіреді де сол арқылы оны есте сақтауды едәуір жақсартады. Ал түсінік бірінші мезетте бірлескен әрекеттер негізінде талқылау, пікірлесу, алмасу, ортаға салудан құралады.

Қолдану – қандай да бір мәселені шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Бұл деңгейде оқушылар мұғалімнің көмегінсіз таныс емес проблеманы өздігінше шешу керек. Мұнда қорытынды нәтиже (проблеманың шешімі) маңызды мәселе болып қалмай, сонымен бірге шешім іздену процесінің өзі де маңызы болып танылады: оқушылардың мәселені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

Қолдануда оқушы тарапынан келесі әрекеттер атқарылады:

1.Проблемамен танысады.

2.Проблеманың шешімін анықтайды.

3.Шешім қабылдайды. «Қалай жасаймын?», «Не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап береді.

4.Шешімді жүзеге асырады, қолданысқа түсіреді.

Бұл шешім анықтама, ереже, формула, теңдеу түрінде келтірілуі мүмкін.

Мысалы, оқушылар қандай да бір мәліметті жатқа біледі («Білім»), оның басқалардан айырмашылығы мен ұқсастығын айқындайды («Түсіну»).

Енді осы мәліметті нақты бір қолданыста көрсетеді: ереже, формула, анықтаманы қолданып есеп шығарады, жаттығу орындайды, проблема шешеді.

«Қолдану» деңгейінде оқушылар нақты ситуацияларды ойнап береді, өз қолымен жасайды, тәжірибе мен эксперимент қояды, аспаптар мен құралдарды қолданады, өздерін басқалардың орнына қояды, есеп шығарады, мәтін құрастырады, т.б. әрекеттер жасайды.

Талдау. Егер «Қолдану» деңгейі шешім қабылдау үшін құрамдас бөліктерді біріктіруді меңзесе, «Талдау» деңгейі керісінше, бүтін, тұтас нәрсені оның қалайша құрылғандығын түсіну мақсатында құрамдас бөліктерге бөлуді нұсқайды. Бұл деңгейде зерттеу нысанының әртүрлі бөлшектері белгілі бір нәтижеге жету үшін қалайша бірге жұмыс істейтінін көрсетуі қажет. Оқушылар жауап беру үшін ой қозғап, өз жауаптарының логикалық тұрғыдан мінсіз болғандығын қадағалау керек.

Талдаудың бұл түріне келесі тапсырмалар жатады:

1.Процестің қай кезеңдері нәтиже тұрғысынан маңызды болғандығын көрсетіп, дәлелдеңіздер.

2.Өз әрекеттеріңізді тағы саралап, қай жерлерде ұтымды болғандығын анықтаңыздар.

3.Өз қателіктеріңізді анықтап, оларды түзетіңіздер.

4.Құрамдас бөліктердің өзара қатынасын сипаттап, олардың алатын орны мен маңызын анықтаңыздар.

4.Құрамдас бөліктерді сипаттап, олардың қалайша бүтін құрастырып, қорытынды нәтиже сомдайтындығын дәлелдеңіздер.

Синтез – жаңа мазмұн мен бүтін ұғым тудыру мақсатында жеке бөліктерді шығармашылықпен біріктіру. «Синтез» – жинақтау деген ұғым, ол болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, құрамдас бөліктердің қалайша бірігіп, жаңа мазмұн, құрылым, модель құрайтындығын көрсетеді. Бұл деңгейдегі тапсырмаларды орындау жазбаша түрде жүзеге асырылады.

Синтездің мынадай түрлері болады:

1.Шығармашылық жанрлар – эссе, өлең, жоба, баяндама, шығарма, шешендік сөз, сценарий т.б.жазу.

2.Жоспар құрастыру, әрекеттің тәртібін келтіру немесе тәжірибе жасау.

3.Абстрактылы қатынастармен көрсетілетін нәтижелер. Мәселен, әртүрлі құбылыстарды бақылау нәтижелерінің негізінде жаңа моделдер құрастыру. Бұл қандай да ғылыми болжам келтіретін гипотеза болуы мүмкін.

Бағалау – даулы, күмәнді және пікірталас тудыратын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау.Бұл деңгейде оқушылар өз жауаптарына дәлдік, нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік секілді талаптарды қолданады. Сөйтіп олар таңдау жасап, шешім қабылдай алатындығын көрсетеді. Бағалау «Сіздің ойыңызша бұл дұрыс па, бұрыс па? Маңызды ма, маңызды емес пе? Жақтайсыз ба, қарсысыз ба?» деген пікірталас пен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.

Бағалау деңгейінде сұрақ қойып немесе тапсырма берсек, бұл сұраққа жауап беру немесе тапсырманы орындау үшін оқушының білуі, түсінуі, қолдануы, талдауы, жаңа мағына құрастыра білуі қажет.

2. «Игеріп оқыту» теориясы. «Игеріп оқыту» теориясы дегеніміз сыныптық оқыту кезінде үздіксіз кері байланысқа шығу және дер кезінде түзету жасау, оқушыларға қажетті үйрену уақытын беру және көмектер көрсетіп отыру, сол арқылы көп санды оқышылардың оқулық нысанасы белгіленген өлшемге жету тұрғысындағы теория.

Бұл өз ішіне екі мазмұнды қамтиды:

-оқыту мен оқуда үміткерлік сезімін туғызу;

-оқытуды өнімді түрде дербестендіріп, көп санды оқушылардың жақсы үйренуіне көмектеседі.

«Игеріп оқыту» теориясы өте өнімді оқыту тәсілі болып саналады, оның ең өзекті мәселесі-көп санды оқушылардың айтарлықтай үйрету нәтижесіне жете алмауы олардың ақыл-парасат жағындағы кемістігінен емес, қайта, өз ерекшеліктеріне сай келетін үйрену уақыты мен оқыту көмегінің жетіспеуінен болады, егер мектеп оларды лайықты үйрету үйрету шарт жағдайымен қамтамасыз ете алғаны, басым көпсанды оқушылар оқытқан нәрселерді игере алады, оқытудың міндеті тек қана оқушыларға оқыған пәнін игеруге қажетті материалдармен қамтамасыз ету деп қарайды.

«Игеріп оқыту» теориясының іс жүзіндегі маңызын мынадай бірнеше жақтардан көруге болады:

1.Мұғалімнің оқушы үйретуіндегі көмекші күшін сезінуіне мүмкіндік береді. Әрбір оқушыны жақсы оқи алатындығына сендіреді, мұғалім де оқыту үміті, оқушы да оқу сенімі болады.

2. «Игеріп оқыту» теориясының сәтті болу-болмауы оның «кері байланыс пен толықтыру» барыстарны сәтті орындалу-орындалмауына байланысты. Блум. Дәстүрлі сыныптық оқытудағы ең басты қайшылық-біртұтас оқыту мен жеке қажеттілік арасындағы қайшылық, бұл қайшылық кей оқушылардың үйрену қызығушылығын жояды. Ал дербес

оқытудағы «дер кезінде кері байланыс орнату, толықтыру, үйренуді дұрыс жолға салуды» сыныптағы оқытуға шеберлікпен қолданса, қызықты оқыту ортасы қалыптасып, біліміне қарай оқыту, барлық оқушыны негізге алу сындыкөзқарасты іске асырып, оқыту сапасын жан-жақты көтеруге жол ашады деп санайды.

«Игеріп оқыту», «Тәлім-тәрбие нысананлы түрге бөлу» теориясы анықтаған оқыту нысанасына сай жүргізіледі. Бұл мұғалімнің оқытудағы сұрақ қою, түсіндіру, жаттығу орындату, тексеру жүргізу барысындағы білім мен біліктілік қатынасын толық меңгеруге, қателіктерден сақтану немесе түзетуге, оқушылардың ұқсамаған сатыдағы үйрену өресіне жетуіне пайдасын тигізеді.

4. Оқытудағы бағалауды тек оқушыларғабалдық жүйе бойыншабаға беру ғана емес, қайта олардың үйрену белсенділігін жоғарылату құралына айналдырады.

Бұндай тексеру қалыптаса келе оқушыларға қысым түсіру емес, қайта, табысқа жетудің шаттығын сыйлайды.

5. «Игеріп оқу» теориясы оқушылардың үйрену барысындағы жүрексіну психикасын жоюға назар аударады, әсіресе оқуда нашар оқушылардың талпыныспен жеткен абыстарының дәмін татуға көмектесуге ерекше мән береді.

Нысаналы оқытудың тағы бір ерекшелігі-кері байланыс пен толықтырудың бүкіл оқыту барысында бастан аяқ қайталанып отыруы. Кері байланыс пен толықтыру сәтті жүргізілсе, оқыту барысында жасалған әрбір қадамның нәтижелілігін тексері, мұғалім мен оқушының уақытын үнемдеп оқытудың өнімділігін арттырады.

Қорыта келгенде, «Нысаналы оқыту технологиясы» қазіргі заманғы оқыту талабы ортаға қойған зерттеп үйрену, селбесіп үйрену және өзін-өзі басқаып үйрену талабына өте жақсы үйлеседі. Бұл оқыу технологиясының дәстүрлі оқытудан басты ерекшелігі де, басты айырмашылығы да осында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. – Бастауыш мектеп. – №3, 1999.

2.Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы,2004.

3.Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.,1995.

4.Гузеев В.В. Образовательная технология: от приема до философии. – М., «Сентябрь», 1996.

5.Чупрасова В.И. Современные технологии в образовании. – Владивосток,2000.

6. Монахов В. Проектирование и внедрение новых технологий обучение. – М.: Педагогика, 1990.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН САБАҚТАРДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Лесбаева Фариза Есенгалиевна

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,

Тараз қаласы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте оқыту үдерісінде дидактикалық ойындар әрі оқу, әрі ойын қызметін қатар атқарумен ерекше орын алады.

Ойын – балалар әрекетінің бір түрі, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным үдерісіне әсерін тигізеді.

Ойын – балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Ойын – әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Н.К.Крупская «Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ең бастысы, баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдасымен ынтымақты болуға үйретеді» - дейді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады дегенді айтуда ғалымдар.

Н.Ф.Талызина «Алты жасарлар ойнай отырып, логикалық қабылдау арқылы оқуды және математиканы таным қызығушылығын меңгереді. Бұдан бірте-бірте ойыннан кейін оқу әрекеті орын алады», - деген пікір айтты.

В.В.Давыдов оқушыларда танымдық проблемалық міндеттерді шештірудің жолдарын іздестіру арқылы шығармашылық тәжірибені меңгертуге болады, яғни соның нәтижесінде білім-білік, дағды дүниеге көзқарасын қалыптастыруды көздейді.

Н.К.Крупская өз еңбектерінде бала өмірінде ойынның маңызының зор екенін көрсеткен. Балалар бір-бірімен ойнау арқылы қарым-қатынас жасауға, ұйымшылдыққа, еңбекке, мұқиятшылдық жағдайы ойын мазмұнына қарай шамалы уақытта ғана көрінетін дәлелдер.

Психолог А.С.Выготский: «бала ойнау барысында өзінің кішкентай екеніне қарамастан оның ойлауы, іс-әрекеттері көп жағдайда ересек адам сияқты көрінеді» - дейді.
Я.А.Каменский «ойынды рухани және дененің даму қозғалысы» - деді. Ойындар баланың жасына, халықтың әдет-ғұрпына сәйкес болу керектігін айтты.
К.Д.Ушинский сабақ үйрету барысында ойын элеметтерін орынды қолдану оқушылардың білім алу процессін жеңілдетеді – деді.

Жоғарыда айтылған мәселелерді теория және практика жүзінде ұлы педагог В.А.Сухомлинский терең және жан-жақты қарастырған. Ойын үстінде оқушылар өзі үшін жаттығулар орындап, оқумен жаттығады және ойын үстінде салыстыру арқасында тапсырмаларды орындауға тырысады, ойын оқушыларды ізденуге, жеңіске жетуге ынталандырып, бұдан оларды тез қимылдауға, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға және тапсырманы нақты орындауға әкеледі. Әрине, бұл жерде ойын ережесі сақталу керек.
Жарыс элементі ойында әрқашан\да маңызды болып келеді. Жарыста балалардың белсенділігі, жеңіске жету еркіндігі жоғарлай түседі.
Ойынды таңдау кезінде оқушылардың техникалық деңгейін, сапасына қарай белгілі бір жүйеде жүргізілуін есте ұстаған дұрыс.

Ұлы классик педагогтар Я.А.Каменский, И.Песталоцци, А.Макаренко, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский және қазақ халқының ағартушы педагогтары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаевтар, ойынның маңызын айта келе, ойын дегеніміз – айқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Міне, ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, өмір тынысы дейді.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Халық арасында көп тараған «Мысық пен тышқан», «Үлек пен тайлақ» ойындарын алсақ, мысықтың тышқанды, үлектің тайлақты қуып ұстауымен ерекшеленеді. Мысық

немесе үлек рөлінде ойнап жүрген баланың бар назары тышқанды немесе тайлақты ұстауға ауады. Қазақтың ұлттық ойындарының тағы бір еркешелігі-өлең-сөздің араласып келіп отыруы. Егер ойын барысында тақпақ, өлең жолдары кездеспесе, оны ойын соңында жеңіліп,ұпай санын өтеушілер орындайды. Олар тақпақ айтып, өлең оқып, ән салады, өз өнерін көрсетеді. Кейде суырып салма ақындық өнер де осы ойын үстінде өмірге келеді. Жырлай жүріп ойнаған бала ойын барысында айтылған әрбір сөздерге, әрбір сөздің мағанасына аса зер салып, мәтіннің мазмұнына қарай қимыл-әрекет жасайды. Ұлттық ойындардың кез-келгенін алсақ та, ойынға қатысушылардан зейінділікті, тапқырлықты, шешендікті, алғырлықты, шапшаңдықты, тез ойлауды талап етумен бірге, алға ұмтылуды, табысқа жетуді көздейді. Төменде оқу-тәрбие үрждісінде сирек қолданылатын, бала зейінін дамытуға негізделген қазақтың ұлттық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың жасерекшелігіне сай, ықшамдап ұсынып отырмыз.

Ойын мәселесіне Т.Тәжібаев, Ә.Диваев, Ж. Аймауыт, Т. Төтенаев, Е.Сағындықов, т.б ғалымдарымыз өз еңбектерін арнады. Ерте кезде қазақ халқы өз ойындарына ерекше назар аударып,зейін қоя ойнағандары соншалық, қойы басқа ауылдың қойына қосылып, қозысы жамырап кеткенін де байқамай қалған.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойын түрлері: ұлттық, дидактикалық, логикалық

«Ақсүйек»
«Көкпар»
«Қанталапай»
«Арқан тартым»
«Көксерек - мөксерек» «Мың бір мақал»
«Ғажайып алаң»
«Сергіту сәті»
«Сөз құрау»
«Жұмбақ есеп»
«Әріпті кубиктер»

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады.

Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін.

Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

1. Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

2. Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық

І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.

3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз. Мысалы: нан, қазақ, қырық

«Дыбыс таңдау ойыны». Ойынның шарты бойынша таңдаған дыбыстан ғана басталатын сөйлем жазу. Мысалы: Қойдан қалып қойған қозыны Қанат қораға қамап қойды.

«Адасқан әріптер»ойыны дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, о, б.- бор

2. а, ш, а, ғ.- шаға

Лексика бойынша

«Жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Ұяда....

Ұшқанда

2. Көп...

Терең...

«Кім білгір» ойыны. Тақтаға заттардың, жан - жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал - мәтелдерді кім біледі?

«Жылдам жауап» ойыны. Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі. Сұраққа толық тұрақты сөз тіркестерімен және мақал - мәтелдермен дұрыс әрі жылдам жауап берілуі керек.

Морфология саласы бойынша.

«Ойлан тап» ойыны.

1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан

2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен

3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады?

«Ойна да ойлан»ойыны.

1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.

2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.

«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны.

Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?

Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.

«Ұйқасын тап ойыны» Өзінше ноян, Қорқақ кім?.. қоян."Бата алмас түлкі, Үсті тікен.. кірпі

«Жалғасын тап ойыны»

Атаңның баласы болма,

/адамның баласы бол/

«Сөз қуаласпақ ойыны»

Ойынның шарты: 1 - қатардағы оқушыларға «бастауыш», 2 - қатарға «баяндауыш» деп ат қойылады. «Бастауыштар» сөйлемде бастауыш болатын сөздерді айтады, «Баяндауыштар» оған қимылды білдіретін сөздерді қосып, сөйлем құрайды.

Әр ойынды ойнар кезде сол ойынға сәйкес өлең оқу арқылы қызығушылығын арттыруға болады. Сабаққа ынтасын, ықыласын бірден аудару мақсатында өлең есепте қолданудың маңызы зор. мысалы:

Бізде қызық ойын бар
Ал, ықылас қойыңдар.
Қане, тәртіп сақтайық,
Баспалдақтан аттайық,
Есептеуден қашпайық,

Жүлделі болып қайтайық.- балалар зейіндерін аударып, тақтаға екі жағынан жарыстыра сатылап, мысалдарды шығарту. Балалар төменгі сатыдан жоғарғы сатыға шығып мәредегі ойыншықты алады. Бұл ойынды «қоянға көмектесейік» немесе «балапанды құтқарайық» деп атауға болады.

Әр сабақта ойын түрлерін орынды қолданып, оны қызықты етіп өткізу арқылы бүлдіршіндердің оқуға деген ынта - ықыласын, пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Ойын баласы сабақта зерігіп, шаршаған кезде қолданылатын ойынның бір түрі «сергіту сәті». Сабақта сергіту сәтін оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет. Мысалы: «Ұзын құлақ, сұр қоян». Немесе, дене қимылдарына қатысты сергіту ойындары: «Әй, шымыжық, шымыжық»

Сондай - ақ, меңгерілген тақырыпты иә болмаса, жаңа сөзді бекіту мақсатында әуенмен ауаға жазу арқылы да байланыстыра аламыз. Түрлі би қимылдары арқылы да сергіту сәтін жандандыруға болады. Мысалы: «Шөжелерім», «Әйгөлөк», «Қаражорға».

Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс - шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады.

«Сурет» ойыны

Төменгі жол — мен балалармен суретті «бояуға» келісемін. Мысалы, пейзаж. Әр оқушы өзінің кім болатынын ойлайды: күн, ағаш. Бірінші оқушы шығып, ол кім екенін айтады (бұлт). Ол келесіде кім шығатынын таңдап алады да: «Сіз кімсіз?» Ол жауап береді.Әрекет соңғы адамға дейін жалғасады. Содан кейін әр оқушы суретте кім екеніне сәйкес нақты әрекетті бейнелейді. Бұл тапсырма актерлік шеберлікті дамытуға, ұяттан арылуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл жаттығу сыныпты / топты жинауға, көшбасшы мен бөгде адамдарды анықтауға бағытталған.

Жағдайдан қалай шығу керек. Өмірдегі кез-келген проблемалық жағдайды елестетіп көріңіз. Мысалы, серуендеп жүргенде кроссовкаларыңыз жарылды дедік. Кімнің стандартты ойлайтынын (оларды шеберханаға апарыңыз) және кімнің басқаша, шығармашылықпен ойлайтынын (табанды шілтермен ораңыз) түсіну үшін балалармен проблеманың шешімін талқылаңыз. Бұдан әрі нәтижеге сәйкес қандай әдіс әр балаға сәйкес келетінін есте сақтай аламын.

«Сәулетші» ойыны.

Оқушының сәулетші екенін елестетіп көрейік. Ол тапсырыс алды — үйдің жобасы. Параққа бір-біріне мүлдем қатысы жоқ бірнеше сөздер жазылған. Мысалы, бұлт, мысық, етік, шеңбер. Бұл сөздер клиенттің тілегі, оның жобада көрініс табуы мүмкін.Мүмкін үй бұлт тәрізді терезелері бар етік түрінде болады, ал көгалдарда мысық тәрізді субұрқақ пайда болады? Ең бастысы — қиялыңызды босатып, жасау. Бұл іс-әрекет оқушының визуалды

және дизайнерлік қабілеттерін ашуға, сонымен қатар кеңістіктегі ойлауды дамытуға көмектеседі. Содан кейін мен оқушылардаң өз жобасын таныстыруды және жарнамалауын сұрай аламын. Бұл жағдайда шешендік өнер дамиды. Сабақта ойындарды қолдану оқушылардың танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауы мен сабаққа деген ынтасын дамытады.

Ойын түрлерінің материалдарында сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызыда арта түседі.Оны тиімді пайдалану сабақтың әселігін,тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді. Ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктерімен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн.Ойыннан басталады»,-десек, баланың ойын жетілдіріп,сабаққа қызығушылығын,белсенділігін арттыру үшін бастауыш сынып мұғалімінің қолданатын басты тәсілі- ойын.

Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден,білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білімін өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл-көтеру бола тұра оқуға, шығармашылыққа, емдеуге, адам қарым-қатынасының типтерінің модельдеріне, еңбекте көрініс табады. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибелерін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады.

Дамытушы ойындар

Даму – педагогикалық ерекше ұғымға ие сөз. «Адамды дамыту деп ішкі және сыртқы, басқарылатын және басқарылмайтын, әлеуметтік және табиғи факторлар ықпалымен оның тұлғасының бірте-бірте қалыптасуының барысын айтамыз. Адам тұлғасының психикалық, күш-қуаттық және жалпы дамуын бөліп қарау керек. Психикалық деп адам тұлғасының зиялылығының, көңіл күй сезімдерінің, еркінің, қажеттіктерінің, қабілеттерінің дамуын түсінеміз. Күш-қуаттың дамуы дене мүшелерінің,бұлшық еттерінің, буын қимылдарының дамуы болып табылады. Жалпы дамуды психикалық, күш-қуаттық, құлықтық және адам тұлғасының басқа да салаларының дамуы деп ұғынуымыз керек. Қазіргі педагогикалық ғылшымында «оқыту» мен «даму» ұғымдары қатар алынып жүр. Оқыту бала дамуының негізі болып табылады.

Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі. Ойынды кіші мектеп жасындағы балалардың табиғаты керек етеді. Көрнекті педагог Мағжан Жұмабаев : «Бала ешуақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сыныпта отырғанда баланың тез шаршауы оның ақылының жұмыс қылуынан, әсіресе, тек отырудан, ауаның бұзылуынан. Сондықтан, сабақ уақытында балалар абайлы болмай бастаса, мұғалім дереу балаларды босатып, жүгіртіп, ойнатып, сыныптың ауасын жаңартуы керек. Бір сабақтың ішінде де балаларды тұрғызып, отырғызып, гимнастика жасатып,ән салдырып алуға болады. Мұндайда бала сергіп қалады», - деп ойынның, қызғылықты жаттығулардың балалардың оқу әрекетін жандандырып, оқуға деген ынтасын арттыратын маңызды құрал екенін атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады.

Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Сонымен, ойын келесі маңызды міндеттер:

баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі: баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс - әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан,1993.
2. Қ.Жарықбаев., С.Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 2000.
3. Крупская Н.К. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. – Алматы.1993.
4. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. – Москва.1969.
5. Калмыкова Е.В. «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту». 2007.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байдилдаев Мухит Чкалович

Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы

Төкебаев Сабыр Ділтанұлы

Ш.Смаханұлы атындағы негізгі мектептің информатика пәнінің мұғалімі,
Талас ауданы, Жамбыл облысы

Қазіргі кезде тәуелсіз мемелекіміздің алдында жас ұрпаққа берілетін білім мазмұнын жаңарту және оны игеру мәселесі ерекше орын алып отыр. XXI ғасыр-білім ғасыры, бәсеке ғасыры, еліміздің дүниежүзілік өркениетке ұмтылған өрлеу ғасыры. Нарықтық экономиканың өмірге дендеп енуіне байланысты оқу-тәрбие жұмысына өзгерістер енгізілуде. Қазіргі заманғы психологиялық ғылымда креативтілік түсінігі әртүрлі және мазмұны жағынан бір-біріне жақындайды.

Сондықтан да дарындылық пен креативтілікті анықтағанда талдау қажеттігі туындайды. Дарындылықтың жүзден аса анықтамасы бар [1].

Ж.Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттермен, қабілеттеріменен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқу мен тәрбие. Қабілетті, дарынды балаларды айқындау, оларды топтастырып, белгілі сала бойынша тереңдетіп оқыту, әсіресе ұлттық дәстүрімізбен мәдениетіміздің бойына сіңіре тәрбиелеу және дамыту қажет.

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу ұйымдастырудағы басты міндет – балалардың қабілеттері мен таланттарын жан – жақты аша түсу үшін дарындылық ерекшеліктерін (түрі, деңгейі т.б.) анықтау мен айқындау болып табылады.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы, сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет [2].

«Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет». Әр баланың бойында табиғат берер ерекше қабілеті, дарындылығы болады.

Психологтар зерттеу тәртібін тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуында маңызды деп көрсетеді. Шынында да ізденушілік белсенділігі төмендеген сайын адам қолынан еш нәрсе келмейтін сияқты үрей туғызатын жағдайға тап болуы мүмкін. Сонымен қатар ізденушілік талабы басылып қалған баланың мінез-құлқы өзгеріп, айналасындағы жағымсыз қылықтарға бой алдыруы ғажап емес [3].

Баланың дарындылығын бағалағанда қателесу ықтималдылығын барынша төмендету қажет, өйткені ғалымдардың өзі дарындылық атты таңқаларлық құбылысқа тән белгілер күрделі, сан қырлы және көп деңгейлі болғандығы нақты анықтама бере алмай отыр.

Адамның шығармашылық іс-әрекетінің бүкіл тіршілік көзі ретінде адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі екендігі, әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізудегі орны философия, психология, педагогика ғылымдарында қарастырылған. Шығыс ойшылдары әл-Фарабиден бастап, Ж.Баласағұн, А.Құнанбаев, тағы да басқа көптеген ойшылдарымыздың еңбектерінде жан-жақты талданған.

Шығармашылыққа үйрету үшін мынадай жағдайларды ескеру тиіс. Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назары бір нәрсеге бағытталуы керек. Әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үлесуі керек. Оқушының шығармашылықпен айналасуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу. Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отыру қажет. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіру керек. Баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетектеуде, түрлі лингвистикалық жаттығулардың да ролі зор.

Оқушының оқу-тәрбие үрдісі негізінде дамыту мәселесі – бұл жылдар бойы көптеген ғалым- психологтардың, педагоктардың, практик мұғалімдердің арасында пікірталас тудырып келе жатқан және күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспей жүрген мәселе.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту- бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі танда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз айтып, осылардың кейбіреуі біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Қазіргі ұстаздардың алдына тұрған үлкен мақсат өмірдің барлық саласына белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс.

1.Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;

2.Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайда болу;

3.Шығармашылық іс-әрекетке жағдай туғызу;

Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз- оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз.

Балалар психологиясында әрбір жас кезеңдерінде, әсіресе, бастауыш мектеп кезеңіндегі психикалық даму ерекшеліктері – педагогикалық тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру мәселелеріндегі толғантатын жәйт.

Еліміздің болашақ елеулі азаматын, кәсіби шығармашылық тұрғыда жан-жақты жетілген жеке адамды даярлауда – кіші мектеп кезіндегі оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың алатын орны ерекше екеніді даусыз. Сондықтан бала бойындағы шығармашылық қабілеттің жандануына жол ашу, жағдай жасау керектігі жайында ғұлама психолог – педагог ғалымдардың еңбектерінде ерте кезден-ақ баяндалып жүр.

Көптеген зерттеуші педагогтар мен психологтар «таланттылық» деп белгілі бір салада (өнер, музыка т.б.) жоғары жетістікке жеткізетін қабілетті айтады. Олар таланттылықтың тұқым қуалау арқылы берілуі өмірде көп кездесетін жағдай болғанымен, ол бірден-бір фактор бола алмайтындығын дәлелдейді.

Дарындылық үнемі шығармашылықпен тығыз байланысты. Шығармашылық дарындылық тұжырымдамасын ұзақ жылдар бойы зерттеген А.М. Матюшкин «шығармашылық деңгей - дарындылықты дамытудың негізі» - деп баға берген.

Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай қабілеті, белгілі бір іске деген бейімділігі жас кезеңнен-ақ белгілі болады.

Халқымыздың ұлы ұстазы Абай өзінің қара сөздеріңде «Бала өмірге келгендегі қабілеттерін ары қарай дамытып, шыңдау қажет. Ол назардан тыс қалса, бара-бара жойылып, жоқ болады», - деп атап көрсеткен.

Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі таңда ауадай қажет.

Білім ғылымның, техниканың дамуы, еңбек өнімділігінің жоғары деңгейі, материалдық, рухани байлықтардың қоры жастардың шығармашылық мүмкіндігін ашады. Ғылыми-техникалық прогрестің даму перспективасы қоғамдағы «адам ресурсы» шығармашылығын және танымдық қабілеттерін қалай қамтамасыз етуге байланысты.

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде жазылғандай шығармашылық адамның алдағы міндеттерді, тапсырмаларды шешу кезіндегі мақсатты еңбек іс-әрекетінің түрі және біріншіден, қандай-да бір бар нәрсе жетілдіріледі, екіншіден, оң нәтиже беретін табиғатта кездеспеген қандай-да бір жаңа обьекті, құбылыс, т.б. пайда болады делінген.

Шығармашылық мақсат ету жеке тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, белгілі іс-әрекет түрін орындауға саналы емес даярлықтағы жеке тұлғаның психологиялық және интеллектуалдық жағдайы. Мақсат ету адамның алдағы еңбек іс-әрекеті және өмірлік тәжірибесі негізінде туындайды.

«Дарындылық – психиканың жүйелі, өмір бойы дамитын қасиеті. Ол басқа адамдармен салыстырғанда іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде адамдардың ең жоғарғы нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайды».

В.Н.Дружинин «дарындылық» пен «қабілеттілікті» саралай отырып, дарындылық – жүйелі түрде өмір бойы психиканың сапасы ретінде дамып, адамның бір немесе бірнеше қызметте жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігін айқындайды деп көрсетеді. Сонымен «дарындылық қызмет барысында жай ғана табысты жұмыс істеу емес, міндетті түрде жоғары нәтижелерге жеткізетін психиканың неғұрлым сапалы білім деңгейі. Қызметті күнделікті қарапайым іс барысында да табысты жүргізуге болады, ал дарындылық шығармашылық өнім болса керек[4].

Дарынды балалармен жұмыс істеу барысында педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайына баса назар аудару керек.

Жеке тұлғаны заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы.

Қорыта келгенде, креативтілік адамның рухани, дарындылық және шығармашылық еркіндігі, адамзат өркениетінің маңызды резерві болып табылады. Мәселе әр адамның қай салада дарынды екенін анықтап, оның талантын жетілдіруде тұр. Өйткені, табиғатта кез-келген адам өзінше дарынды және ақылды. Шығармашылық әрекетті жүзеге асыратын субъект тұлға. Қандай типтегі тұлға шығармашылықта мұратына жетеді десек, ойы ұшқыр, алғыр болуы керек екендігі ғылымда дәлелденген. Ең бастысы, шығармашыл тұлғада шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болуы қажет.

Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету,

көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Тұрғынбаева Б.А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту // Бастауыш мектеп, 1997, №2. - 27б.
2 Байғабұлова А. Дарынды баланы шығармашылыққа жеткізудің жолдары. Алматы, 2006. - 385б.
3 Гильбух Г.З. Внимание! Одаренные дети. - М.: Знание,1993. – 163б.
4 Дружинин В.Н. Основные направления экспериментального изучения творчества. - М., 2000. – 119б.

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІГІ

Нурбекова Сымбат Рыскельдиевна
Ж.Баласағұни орта мектебінің география пәнінің мұғалімі, Шу ауданы, Жамбыл облысы
Нурмаханова Инкар Абилашевна
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының георафия пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Шығанбаева Назира Сейсеновна
№46 орта мектептің география пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Орта білім берудің мақсаты – терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген[1, 4 б].

Осыған байланысты білім беру сапасы бойынша басты назар адамның алған білімін қолдануына қажетті және үздіксіз оқуға мүмкіндік беретін біліктер мен дағдыларды қамтитын сапалы білім беру жүйесін құруға бағытталуы қажет. Оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғы шарттарының бірі - әртүрлі инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады. Қазіргі заманда әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. Жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технология түрлерін оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Осыған орай мен өз сабақтарымда төмендегідей технологияларды қолданамын. Дамыта оқыту, модульдік оқыту, ойындық, проблемалық, оқу материалдарының сызбалық және белгілік үлгілерінің негізінде жеделдетіп оқыту, жекелеп, сынып ішінде саралап, ақпараттық оқыту технологиясы т.б. Атап айтсам, «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясының стратегияларын пайдаланудың өз сабақтарымда тиімділігі сол, оқушылар бұдан өздерін бақылап, талдау жасап үйренеді. Білімді өз еңбектері арқылы ой елегінен өткізе отырып алады.

Оқушының дербес ойлауын дамыту үшін география сабағында пікір алмасуды кең

қолданамын. Пікір алмасуға қойылатын алғашқы талап – сабаққа қатысатын оқушылар екі топқа бөлінеді. Әр топ өз пікірін ортаға салып, дәлелдейді. Мұндағы мақсат — оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, аз уақыт жұмсап, нақты жағдайлар мен әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білу негізінде жоғары нәтижеге жету.

География сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, электронды оқулықтарды, интернет желісін пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Әрбір ұстаз сабақты қызықты, тиімді, әрі жаңалығы мол етіп өткізгісі келеді. Сондықтан, ол көп ізденіс жасап, оқыту мен оқуда жаңа әдістерді сабаққа енгізеді. Сабақтың барлық құрылымы бір-бірімен тығыз ұштасуы шарт. Мұнда мұғалім оқушылармен ынтымақтастықта карта бойынша географиялық координаталарды, географиялық орынды, биіктік пен тереңдік қашықтықтарын, температура қозғалысын, өзен торларының конфигурациясын, атмосфералық қысым мен уақыт белдеулерінің айырмашылықтарын, елдер мен олардың астаналарын анықтау туралы сұрақтар мен тапсырмалардың айқын болуына, өз бетінше орындайтын жұмысына, ұжымдық қарым-қатынасына, жеке оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттерін есепке алып, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға және уақытты тиімді пайдалануға айрықша мән беру керек.

География сабақтарында білім түрлерін берудің жанжақты жолдары бар. Мысалы, сабақта қай тақырыпқа болмасын ғылыми-теориялық әдебиеттер, оқу-әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, бейне таспалар пайдалануға болады. Қазір жаратылыстану, география пәнін жүйелі оңыгу эрбір мұғалімнің алдына үлкен жауапкершілік жүктеуде. Пәнді жүйелі оқытуда білімнің бірнеше түрі қамтылды. Атап айтқанда, геологиялық, геоморфологиялық, климатологиялық, картографиялық, топонимикалық, номенклатуралық, тарихи, экономикальщ және экологиялық білімдер. Геологиялық-геоморфологиялық білім беру арқылы окушылар жер қыртысының тұрақты және оның даму барысында үздіксіз өзгеріп отыратыны жөнінде көптеген деректерден теориялық ұғым алады. Бұл деректер өсімдіктер мен жануарлардың үзақ уақыт табиғи жолмен дамығанын қуаттайды. Сондықтан жердің пайда болуымен ондағы тіршіліктің дамуы жөніндегі ғылымигеологиялық көзқарастар табиғаттың барлық құбылыстарын материалистік түрғыдан түсіндіруде ерекше орын алады [2, 3 б].

Сабақ барысында баспасөз беттеріндегі ақпарат құралдарын, интернет желісін үнемі пайдалану – оқушының пәнге қызығушылығын арттырудың бірден-бір көзі. Жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы зор екені даусыз.

Тиімділігі:

- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- табиғаттың таңғажайып процестерін көру, сезіну;
- қашықтықтан білім алып, уақытты тиімді пайдалану;
- оқушының танымдық қызығушылығын арттыру;
- оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту;
- дербес қабілеттерін дамыту мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін меңгереді. Өз бетімен жұмыс істеп, білімін толықтыра отырып, әрбір оқушының белсенділігі артады.

Мұғалімге жаңа материалды өте қызықты, әрі түсінікті етіп түсіндіру үшін қажетті құрал — интерактивті тақта. Ол арқылы сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды пайдалануға, салыстырмалы кестелер арқылы түсіндіруге, сабақты тартымды, әсерлі етіп көрсетуге болады. Интерактивті тақта арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас белсенді болады. Жекелей, жұппен топпен, жұмыс жасауда зор ықпалын тигізеді.

География пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды, инновациялық әдіс-

тәсілдерді пайдалану — білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы деп түсінеміз. Нәтижесінде оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен жұмыс істеуге, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://adilet.zan.kz
2. Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж. Географияны оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 175б.

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Матжанова Зайкул Гизатовна
Т.Рысқұлов атындағы №48 орта мектебі, Тараз қаласы

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білім алуы жеткіліксіз. Оқушы алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуі керек. Бұл тұрғыда функционалдық сауаттылық маңызды рөл атқарады. Функционалдық сауаттылық – бұл оқушылардың алған білімін нақты өмірлік жағдайларда тиімді пайдалану қабілеті. Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту – оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіріп, ғылыми зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Осы мақалада биология пәнінде функционалдық сауаттылықты қолданудың тиімділігі қарастырылады [1].

Функционалдық сауаттылық – бұл тек оқу және жазу қабілеті ғана емес, сонымен қатар, білімді талдау, салыстыру, қорытынды жасау, түрлі жағдайларда шешім қабылдау дағдыларын қамтиды. Биология пәні күнделікті өмірмен тығыз байланысты болғандықтан, бұл пәнде функционалдық сауаттылықты дамыту өте маңызды.

Биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

1.Мәселелік тапсырмалар беру.

Тапсырма: *Қан құю және үйлесімділік мәселесі.*

Мақсаты:

- Қан топтарының үйлесімділігі мен маңызын түсіну.
- Қан құю кезіндегі қауіптер мен медициналық процедураларды зерттеу.

Жағдаят: Ауруханаға ауыр жарақат алған науқас түсті. Оның қан тобы – А (II) Rh^-. Дәрігерлер оған шұғыл қан құю қажет екенін анықтады, бірақ қан банкіндегі қорда тек келесі қан топтары бар:

O (I) Rh^+

A (II) Rh^+

B (III) Rh^-

O (I) Rh^-

Сұрақ:

1.Дәрігерлер науқасқа қай қан тобын құюына болады? Неге?

2.Егер науқасқа сәйкес келмейтін қан құйылса, қандай реакциялар орын алуы мүмкін?

3.Қан құю кезінде Rh (резус-фактор) фактордың маңызы қандай?

4.Егер бұл науқасқа ұзақ мерзімді қан құю қажет болса, қандай сақтық шаралары қолданылуы керек?

2.Тәжірибелік жұмыстар ұйымдастыру.
Тапсырма: *"Ферменттердің әсерін зерттеу"*
Мақсаты:

- Ферменттердің химиялық реакцияларды жылдамдату қабілетін зерттеу.
- Температураның фермент белсенділігіне әсерін анықтау.
- Алынған нәтижелерді күнделікті өмірмен байланыстыру.

Тәжірибе:
Екі стаканға суық және жылы сүт құйыңыз.
Әрқайсысына аз мөлшерде ашытқы қосып, араластырыңыз.
Біраз уақыттан кейін қандай өзгерістер болатынын бақылаңыз.
Күнделікті өмірмен байланыс**:** Неліктен нан қамыры жылы жерде тез көтеріледі? Ашытқы қосылған қамырды тоңазытқышқа қойғанда не болады?
Денсаулықпен байланыс: Адам ағзасындағы ферменттер (мысалы, пепсин, амилаза) қалай жұмыс істейді? Ас қорытуда температураның маңызы қандай?
3.Жобалық оқыту әдісі.
Тақырыбы: *"Тамақтану мәдениеті және салауатты өмір салты"*
Мақсаты:

- Адам ағзасына пайдалы және зиянды тағамдарды зерттеу.
- Теңгерімді тамақтанудың маңызын түсіну.

Тапсырма:
1.Оқушылар топқа бөлініп, тағам өнімдерінің құрамы мен олардың ағзаға әсерін зерттейді.
2.Күнделікті тұтынатын тағамдарға талдау жасап, олардағы ақуыз, май, көмірсулар мөлшерін анықтайды.
3."Дұрыс тамақтану пирамидасын" жасап, оны сыныпта талқылайды.
4.Зерттеу нәтижелерін постер немесе бейнебаян түрінде ұсынады.
Функционалдық сауаттылықпен байланысы:
Оқушылар күнделікті тамақтану әдеттерін сыни тұрғыдан бағалайды.
Азық-түлік таңдауында дұрыс шешім қабылдауға үйренеді.
Салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсінеді.
4.Интерактивті оқыту технологияларын пайдалану.
Тапсырма: *"Ата-ананың генотипін анықтау"*
Жағдаят: Ерлі-зайыптылардың екеуінің де көздері қоңыр, бірақ олардан көзі көк баланың туылу ықтималдығы қандай?
Оқушылардың әрекеті:
Генетикалық талдау жасайды:
Қоңыр көз түсі (B) – доминантты,
Көк көз түсі (b) – рецессивті.
Ата-аналардың генотипін анықтайды: мүмкін нұсқалар: **BB немесе Bb**.
Егер ата-ананың екеуінде де **Bb** генотипі болса, балада **bb** (көк көз) пайда болуы мүмкін [2].
Пеннет торын сызады:

	B	**в**
B	BB	Bв
в	Bв	вв

25% - bb (көк көз) болу ықтималдығы бар екенін көрсетеді.
Қорытынды шығарады:
Ата-аналар екеуі де Bb болса, көзі көк бала тууы мүмкін.
Егер екеуі де BB болса, көк көзді бала дүниеге келмейді.
Өмірмен байланыстырады:
"Отбасында белгілер қалай тұқымқуалайды?" деген сұраққа жауап береді.
Басқа белгілерге (шаш түсі, қан топтары) талдау жасайды.

5.Кейс-стади әдісі

Тақырыбы: *"Генетикалық аурулар және олардың алдын алу"*

Жағдаят:Медициналық орталыққа болашақ ата-аналар кеңес алуға келді. Олардың отбасында тұқым қуалайтын генетикалық ауру (гемофилия) болған. Олар балаларына бұл аурудың берілу мүмкіндігін білгісі келеді [3].

Тапсырма:

1.Гемофилия қандай ген арқылы беріледі?

2.Егер әкесі сау (XY), ал анасы тасымалдаушы (XHXh) болса, балаларында бұл аурудың пайда болу ықтималдығы қандай?

3.Генетикалық кеңес беру орталығы ретінде ата-аналарға қандай ұсыныстар бересіздер?

4.Генетикалық аурулардың алдын алу жолдары бар ма?

Функционалдық сауаттылықпен байланысы:

Оқушылар теориялық білімді өмірлік жағдайлармен байланыстырады.

Генетикалық тұқымқуалаушылық туралы түсінігін дамытады.

Медицинадағы генетикалық кеңес берудің маңызын түсінеді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы оқушылар:

- Теориялық білімдерін күнделікті өмірде қолдана алады.
- Ғылыми зерттеу дағдыларын меңгереді.
- Өзіндік ойлау және шешім қабылдау қабілетін дамытады.
- Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды үйренеді.
- Биология пәніне деген қызығушылығы артады.

Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту – білім берудің негізгі мақсаттарының бірі. Бұл әдіс оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың өмірлік қажетті дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан мұғалімдер функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдістерді сабақ барысында кеңінен қолдануы тиіс. Осылайша, оқушылар алған білімін шынайы өмірде тиімді пайдаланып, қоғамның белсенді және саналы мүшесі бола алады [4].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Соловьева А., Ибраимова Б. Биология. Оқулық, Алматы: «Атамұра», 2018. -93 б.

2. Асанов Н.Г., Соловьева А., Ибраимова Б. Биология. Оқулық, Алматы: «Атамұра», 2019. 171-173 б.

3.OECD. PISA 2018 Results: Combined Executive Summaries. – OECD Publishing, 2019.

4.Әбдіманапов Б. STEM білім беру жүйесі: халықаралық тәжірибе және Қазақстандағы мүмкіндіктер. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық білім академиясы, 2020.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ахметова Гулзира Жумашбаевна, Турыскулова Эльмира Фрунзеевна

Ж.Баласағұни орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері, Шу ауданы, Жамбыл облысы

Қазақ халқының ұлттық тәрбие бастау негіздері сақтар империясы кезінде (біздің жыл санау дәуірімізге дейінгі VII-III ғасырлар), ғұндар дәуірінен (б.д.д. III, біздің ғасырмыздың I-II ғасырлары) басталады. Ғұн империясының құрамына енген сол кездегі үйсін, қаңлы, жужу, дунку тайпаларының этностық болмыстары бір-біріне кірігіп, өз ерекшеліктерін

қалыптастырғанын тарихи дәлелдер айқындайды. Ғұн көсемі Атилла (Еділ) бастаған қалың қолдың ерлігін сипаттайтын жырлар, аңыз әңгімелер кейінгі батырлар жырларымен, аңыздармен XV ғасырдан бастап «қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындар ... жалпы жұртқа өнегелі сөздерімен, өлең-жыр толғауларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға, берекелі бірлікке шақырып» халықтық педагогиканың жыр, шешендік сөздер, өнеге, өсиет түрлерін ұлттық тәрбиенің басты құралдары етіп ұсынды. Ақын-жыраулар мен билердің, шешендердің өсиеттері, өнегелері, халықтың ауыз әдебиеті мен ұлттық әдебі, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, ұлттық тәрбиенің нағыз мектебі болды.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар-бастауынан бастап осы уақытқа дейінгі болмысын айқындап, оның болашағын белгілеп беретін ғылым сол ұлттың ұлт болып қалыптасуына дейін бастау алып, ұлттық қасиеттерге сәйкес дамып, қалыптасатыны заңдылық. Профессор С.Қалиев «Ұлы даланы мекендеген түркі тектес (тілдес) халықтардың, одан әрі ғұндар мен сақтардың бір елді, бір жерді мекендеп, оны сыртқы жаулардан қорғап, бір тілде сөйлеп, бір дінге сеніп, әлем мәдениетінің қалыптасуына теңдесі жоқ үлес қосып, бүгінгі түркі халықтарына ортақ мәдениет пен тарихтың көне бастауы болғанын бүгінгі ұрпақ өмір тәжірибелерінен көріп отыр» [1, 52 б.] - деп, қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізін дәлелді тұжырымдады.

XVIII ғасырдан XX ғасырға дейін Ресейдің бодандығында болу қазақ халқының ұлттық тәрбиесіне, ұлттық білім беру ісіне кесір-кедергілерін тигізгенмен, халық педагогикасы (ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлер) дамып, қалыптаса берді. Ақын халықтың ауыз әдебиеті, мейірлі меймандос, иманды халықтың салт-дәстүрлері дамып, қалыптасып, қазақ ұлтының өз мәдениетінің, рухани мұрасының сәулетін көрсетті.

Қазақ этнопедагогикасының негізгі ерекшеліктері: халық педагогикасы (ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері) жан-жақты, қарымды қалыптасқан, ұлттық педагогикалық ойлар тарихының материалы бай.

Қазақтың халық педагогикасы мен ұлттық педагогикалық ойлар тарихы жалпы педагогикамен және барлық пәндермен тікелей байланысты, сондықтан бұл қасиетті пәнді барлық пәндермен, әсіресе, педагогика пәнімен сабақтастығын айқын дәлелдей білуіміз керек. Әрі тәрбиелік, әрі дүниетанымдық мәні зор болғандықтан қазақ этнопедагогикасын орта мектепте, жоғары мектепте, ғылыми орындарда зерттеп оқыту керек.

Ал, келесі екінші тұжырымдама тіпті, бүкіл бір халықтың әлеуметтік сипаты мен психологиясына ықпал еткенін толып жатқан өмірлік деректермен дәлелдеуге болады. Оны халық даналығы қысқаша «Көз - қорқақ, қол - батыр» деп, ұрпақтарына өсиет қалдырыпты. Тіпті, бет қаратпас замана дауылдарынан елімізді аман-есен алып шыққан да, осынау рухы биік ой өрнегінің құдіреті екенін Алаштың әрбір азаматы біледі. Сөз орайына қарай айтсақ, жандары қысылып тіршілігі тұйықсыз тірелгенде: «Ой-й бәле-е-ай, көз - қорқақ, қол - батыр емес пе еді» деп қай қазақтың баласы айтпайды екен.

Осы тектес мысалды, бірақ өздерінше айтқан ой өрнегінің әсерін Қытай халқының ойшыл-демократы Сунь-Ят-Сеннің де еңбегінен кездестіреміз. Ол тікелей өзінің өмір тәжірибесінен келтіріп: «Тіршілік айдынын да - адам психологиясымен шеңдесе де, теңдесе де алар күш жоқ! Әсіресе, психиканың қатпарларына сіңісіп кеткен - тұжырымдар, бүкіл бір халықтың жігері мен еркін билеумен қоса, оны өз дегеніне көндірмей қоймайды екен. Мысалы, Қытай халқының психологиясына сіңген - «Ұғу - оңай, істеу - қиын» дейтін Конфуцийдің тұжырымдамасымен ондаған жылдар бойы үзіліссіз күрес жүргізуге тура келді. Тіпті, бұл тұжырымды партиямыздың бағдарламасына керісінше жазып «Ұғу - қиын, істеу - оңай» - деп ғылыми негіздермен дәлелдеп, ұзақ уақыт үгіт жүргізілді. Себебі, ескі тұжырымға бой алдырып қалған жұрт, нақтылы іс-әрекеттерге бірден кірісіп кете алмай, жаңа іске тайсақтай беретінін көзімізбен көрдік. Сондықтан да, бұл жайында оларға түсіндіргенде, көбінесе тұрмыста кездесетін қарапайым мысалдарға жүгінуге мәжбүр

болдық. Мәселен, нанның құрамында не бар екенін білмесек те, оны ойланбай-ақ жей беретіндігімізді түсіндірдік. Міне, осындай дәлелдермен керісінше айтылған жаңа тұжырымдаманы өмірге енгізуге әрекеттендік. Халық санасындағы ескі өсиетнамалардың қуат-күші осындай» - деп ойын қорытындылайды [2].

Халықтың тегі мен ділін анықтауға көмектесетін дәстүр-салты - сөз өнері - ой өрнегі - тәрізді ұштаған қасиеттерін зерделеу арқылы, кез-келген халықтың генефонындағы ерекшеліктерді танып білуге болады екен. Ең әуелі, мұндай білім, қай халықтың болмасын өзі үшін керек. Себебі, тегі мен ділін түсінген халықтың ұрпағы қандай қиыншылықтарға та төзе біліп, өзінің алдына қойған мақсаттарына жетпей қоймайды. Мұның өзі түптеп келгенде, адам тәрбиесі мен тағылымы - ата-баба зердесімен тығыз байланысты екенін аңғартса керек.

Ендеше, осы айтылған ұштаған қасиеттер өмір-тіршілігіміздің қазіргі жағдайында, нендей өзгерістерге ұшырап отыр десек? Бүгінгі ұрпақ, олардың мәні мен маңызына түсінбейтіндіктен мүлдем жойылып кетпесе де, тым көмескіленіп бара жатқаны шындық. Бодандықтың бұйдасына маталып, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық тағылымынан мүлдем айырылып қала жаздаған жұртымыз, бірте-бірте мәңгүрттене бастағанын жасыра алмаймыз. Осы айтқанымыздың айқын мысалындай, өзінің ана тілін түсінбейтін дүбәра топ, ұлтымыздың 40-пайызын құрап отырса бұларға елінің дәстүр-салты да, ой өрнегі түгіл сөз өнері де ешқандай қажеті жоқ тәрізденіп көрінеді. Олар қателесті екен деп халық өзінің келешек ұрпағының тағдырына тіпті де бейтарап қарай алмайды.

Сондықтан да, халқының ғасырлар бойы жасаған рухани байлықтарын түсінетін егде буынның алдындағы парызы, халық педагогикасының - өткенін жандандырып, өркенін орнына келтіруі керек. Егер де, ұлтымыздың діліне төнген бұл қатерді ата-баба тағылымдарын білетін осы буын жөндемесе, бүгінгі өмірімізде орын алып отырған кереғар мәселелер онан бетер асқынып кетпек. Ендеше, халқымыздың алдында тұрған ауыр да асыл міндеті осы! Мұны жөндеу үшін қарабайырлыққа салынбай, тек тәрбие тәсілдерін ғылыми жүйеде жүргізгенде ғана, бұл қиыншылықтан да құтыларымызға сенім мол.

Егемендігімізді алған алғашқы жылдардың өзі-ақ, ұлттық тарихымызды игеруде орасан үлкен жетістіктерге жеткенімізді көрсетіп отыр. Оның үстіне, ата-бабамыз айтатын: «Атың бар да жер таны - желіп жүріп, асың бар да ел таны - беріп жүріп» дейтін даналығының сәті түсіп тұрғандай, дүние жүзі халықтарымен қоян-қолтық тікелей араласа бастадық. Осының бір мысалындай, 1994 жылдың сәуір айында Жапон еліне ресми сапармен барып келген тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ой тұжырымы: «Мені таңқалдырған екі нәрсе болды! Біріншісі, Жапон еліндегі ерекше үздік дамып отырған - ғылыми-техникалық прогрестің жеделдігі болса, екіншісі, соншама берік те бүтін қаймағы бұзылмаған халық дәстүрінің көздің қарашығындай сақталуы» - деп аса өткір көрегендікпен қорытындылаған еді. Қай елде де әуелі халықтық тағылымдарына негізделген рухани өркендері салтанат құрмай, тек саясаткерлік пен экономикалық әдістердің берер жетістіктері көрнекті де көркем бола алмайды.

Әрине, ата-бабадан жеткен даналық сөздер, ұлағатты ойлар, қағидалар өміршеңдігімен құнды. Кезінде қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар өз ұлтының салт-санасын, әдет-ғұрпын, жол-жоралғысын, дәстүрін терең үңіле зерттеп, халықтың ғасырлар бойы жиған мұрасына тәлімдік, танымдық тұрғыдан талдау жасаған. Ж.Аймауытов ұлт тәлімінің діңгегі өз халқын қастерлеу, өткеніне жіті қарау деп бағаласа, М.Дулатов: «Мектепте алған тәлім-тәрбиенің әсерлі, сіңімді болуы қай халықтың болса да, ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан алынған мағлұматтан тұрса, ұрпақ бойына ұлт рухы дариды», - деп жазған [3, 18 б.].

Ендеше, бүгінгі мектеп-адамның мәдени-әлеуметтік тұрпатын сомдайтын, сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеретін, ұлттың азаматтық тұғырын табуға жетелейтін орын.

Қоғамды ізгілендіру - XXI ғасырдағы өркениетті дамудың талабы. Ізгілендірудің басты

мақсаты-зиялылық қалыптастыру, сезім және көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеу, өмірлік құндылықтар мен бағалардың белгілі бір жүйесін қалыптастыру.

Білім беру саласының жаңаша мазмұны ұстаздарға оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы халықтық салт-дәстүр негізіндегі жаңа технологияларын меңгеру міндеттерін қойып отыр. Ананың ақ сүтімен, әкенің ыстық ықыласымен, ұстаздың ұлағатымен дарыған ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, оның қолданылу ауқымы біртіндеп кеңейіп келеді. Дегенмен, тілге де талғам керек, ол үлкен ұқыптылықты, табиғи жақындылық пен тартымдылықты қажет етеді. Бізге табиғи нәрсе қандай жақын болса, тілге де сондай жақын. Өзімізге ұнамайтын жасандылық оған да жат. Тіл - адамзат баласы жасаған көркем ой қазынасы, әрі ғылым мен білімді барынша жинақтап, молынан сақтап отырған қойма.

Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр рухани игіліктің қайнар көзі ретіндегі тәрбие құралы. Сондықтан қазіргі кезде жасөспірімдерді халықтық педагогика мұраларын пайдалана отырып адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуде дәстүрлері қалыптастыру міндеті тұр.

Қорыта айтқанда, еліміздің жалпы адамзаттық, ұлттық тәрбие дәстүрлерін қайта жаңартып жатқан жағдайда оқушының жан сарайын ұлттандыруға көңіл бөлінсе, ұлттық тәрбие беру мәртебесі жоғарылайды.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев С.Қ. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. - Алматы: Мектеп, 1987. - 120 б.
2. Сунь Ят-сен. Внешнеполитические воззрения и практика. - Москва, 1964. - 450 с.
3. Дулатов М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1997. - 334 б.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ - МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Азимова Гауһар Туралиевна, Мамбетова Раушан Сембиевна
Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің мұғалімдері, Тараз қаласы

Білім беруді жаңғырту оқу процесін ұйымдастырудың технологиялары мен әдістерін оңтайландыру қажеттілігіне алып келеді. Құзыреттілікті жоғары оқу орнында ғана емес, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде оқытудың нәтижесі ретінде қарастыру болашақ мамандардың кәсіби мәселелерді шешудегі қиындықтарынан аулақ болады. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай, орта және жоғары кәсіби білім беруде талаптың күшеюі білім беру парадигмасын өзгертуді қажет етеді. Дәстүрлі білім беру парадигмасы білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыруды, яғни оқу кезеңінде олардың сандық жинақталуын білдіреді.

Кәсіби құзыреттілік күрделі құрылым болып табылады, оған білім, іскерліктер мен дағдылардан басқа, тәжірибе, жеке тұлғаның құндылықтары, мотивациялық бағыт кіреді.

Білім беру жүйесінің алдында білім беру мекемесінің түлектерінің жаңа әлеуметтік-мәдени талаптарға бейімделу дайындығы мен қабілетін дамыту мәселесі тұр; өмір қоятын сұрақтарға өз бетінше жауап табу қажеттілігі; өз іс-әрекеттерінің салдарын бағалау және жауапкершілік алуға дайын болу қабілеті және т.б. егер мектептегі оқу процесін

оқушылардың оқу танымдық құзыреттілігін және олардың өмір бойы өз бетінше білім алуға дайындығы мен қабілетін қалыптастырудың негізі ретінде өзін-өзі оқытуға және өзін-өзі дамытуға бағыттасақ, бұған қол жеткізуге болады.

Құзыреттілік тәсілге негізделген жаңартылған білім беру парадигмасының, жаңа білім беру стандарттарының пайда болуымен байланысты: кәсіптік педагогикалық қоғамдастық және білім беру процесіне қатысушылардың назарында жүйелі, пәнаралық сипатқа ие оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың сенімді, ашық, валидті және технологиялық жүйесін қалыптастыру мәселесі болды.

Қазіргі мектепте білім берудің басым мақсаты: сыртқы әлеммен тиімді қарым-қатынас жасауға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны дамыту. Оқу тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін баланың бақылау-бағалау, тәуелсіздігі, яғни оның қызметін бақылауға және бағалауға, туындаған қиындықтардың себептерін анықтауға және жоюға дайындығы мен қабілеті ерекше маңызды. Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін бақылау мен бағалауға айтарлықтай өзгерістер енгізу керек пе деген сұрақ туындап, мектептегі іс-әрекет, оның мақсаттарын, мазмұны мен технологияларын қайта қарау керек деп ойлаймыз.

Қазіргі заманғы жоғары мектеп бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан білім беруді жаңғырту процестеріне тығыз қатысады. Жоғары мектеп барлық әлемдік тенденциялар мен инновацияларға қатысты. Бұл тенденциялар мемлекеттік білім беру стандарттарында да көрінеді. Жаңа стандарттар түлектердің құзыреттілік моделіне бағытталған.

Білікті маман даярлаудың жаңа көзқарасы - білікті жұмыс істеу мүмкіндігі көбінесе жинақталған білімнің жиынтығына және кәсіби мәселелерді шешуге дайындыққа да, белгілі бір жеке қасиеттерге де байланысты. Осыған байланысты қазіргі заманғы жоғары білім беру дәстүрлі білім беруден құзыреттілікке көшу кезеңінде тұр.

Құзыреттілік пен тәсілді білім беру процесін ұйымдастырудың мақсаттарын, мазмұны мен нысандарын, оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін анықтайтын, құзыреттілік жүйесі арқылы ұсынылған маманның жеке басының интеграцияланған құрылымын ұсынатын принциптер жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Барлық негізгі критерийлер бойынша құзыреттілік пен дәстүрлі білім беруде айырмашылықтар бар, бірақ құзыреттілік пен тәсіл білімнің, дағдылардың маңыздылығын жоққа шығармайды.

Құзыреттілік тәсілдің мәні бірқатар ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік еңбектерде қарастырылады. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіне кірігу үдерісінде XX ғасырдың 90-шы жылдары отандық білімге «құзыреттілік тәсіл» ұғымы келді.

Педагогикалық әдебиетте «құзыреттілік» ұғымының көптеген түсіндірмелері бар, бұл оның әмбебаптығын көрсетеді. О.Е. Лебедевтің айтуынша, құзыреттілік-стандартты емес жағдайда әрекет ету қабілетінің болуы [1]. Осы анықтаманы ескере отырып, студенттің ақпараттың үлкен көлемін көбейту қабілетін оның білімінің жоғары деңгейі ретінде қарастыруға болмайды.

С.Е. Шишов пен И.А. Агапов атап өткендей, «құзыреттілік - бұл жағдайға білімді қолдану мүмкіндігі немесе мәселені шешуге қолайлы әрекетті табу мүмкіндігі».

И. Зимняя құзіреттілікті ішкі, ықтимал психологиялық ісіктер ретінде анықтайды, оның ішінде білім мен идеялар жүйесі, іс-әрекет әдістері, сондай-ақ маман белгісіздік жағдайында қолдана алатын қызмет модельдері [2].

А.В. Хуторской құзыреттілік белгілі бір міндеттерді шешу үшін қажетті өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығын қамтиды; құзыреттілік - адамның кәсіби қызметіне және оның тақырыбына жеке көзқарасын қоса алғанда, тиісті құзыреттердің болуы [3].

Құзыреттілік – бұл жүйенің элементтерін ғана емес, олардың арасындағы байланысты да сипаттайтын интеграцияланған тұжырымдама. Құзыреттілік адам мен әлемнің байланыс

нүктесінде пайда болады және дамиды, ситуациялық түрде көрінетін әлеуетті сипаттайды, сондықтан ол білім берудің кейінгі нәтижелерін бағалауға негіз бола алады. Сондай-ақ, құзыреттілік қоғамға жаңа мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси шындықтарды қабылдауға мүмкіндік беретін түсіну құралдары мен әрекеттерін сипаттайды. Осылайша, терминологиялық талдау негізінде құзіреттілік білімге немесе дағдыларға байланысты емес, бұл білім мен іс-әрекеттегі іс-әрекет арасындағы қатынастардың саласы деп қорытынды жасауға болады.

Білім беру саласындағы көптеген өзгерістерді ескере отырып, құзыреттілік тұжырымдамасына ерекше назар аударған жөн. Авторлар "құзыреттілік" ұғымын – кадрларды даярлаудың барлық кезеңдерінде қалыптасатын және кешенді міндеттерді шеше білуге бағытталған әр кадрдың білімі, дағдылары, қабілеттері мен жеке қасиеттері сияқты құбылыстардың жүйелік тұжырымдамасын білдіретін қызмет субъектісі үшін жаңа деп түсіндіреді.

Осылайша, тез дамып келе жатқан әлем аясында белгілі бір салада білімі мен дағдылары ғана емес, сонымен қатар оларды жұмыста сапалы жүзеге асыруға қабілеті мен дайындығы бар білікті мамандарға деген қажеттілік жоғары. «Құзыретті маман өз кәсібінің пәнінен тыс шығуға қабілетті, ол өзін-өзі дамытудың шығармашылық әлеуетіне ие».

Білім беруді, оның ішінде мектепті модернизациялау қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты. Бір жағынан, еңбек нарығындағы жағдай өзгерді. Өзгеріп жатқан әлемде білім беру жүйесі кәсіби әмбебаптылық - қызмет салалары мен тәсілдерін өзгерту қабілеті сияқты сапаны қалыптастыруы керек. Екінші жағынан, қоғамды жаһандық ақпараттандыру жүріп жатыр. Білім берудегі құзыреттілік тәсілінің көптеген идеяларының пайда болуы осыған байланысты.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, танымда, адамдардың қарым-қатынасында, кәсіби өмірде, жеке өзін-өзі анықтауда туындайтын мәселелерді шеше білуді ұсынады. Латын тілінен аударылған құзыреттілік адам жақсы білетін, білімі мен тәжірибесі бар сұрақтар шеңберін білдіреді. Педагогика ғылымдарының докторы Герман Селевконың айтуынша, құзыреттілік – бұл субъектінің мақсат қою және оған жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді ұйымдастыруға дайындығы. Ішкі ресурстар деп білім, білік, дағды, құзыреттілік (қызмет тәсілдері), психологиялық ерекшеліктер, құндылықтар және т.б. түсініледі.

Құзыреттілік тұрғысынан білім беру қызметінің негізгі тікелей нәтижесі негізгі құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Негізгі құзыреттер деп өзінің сипаты мен құзыреттің қолданылу дәрежесі бойынша неғұрлым әмбебап құзыреттер түсініледі. Негізгі құзыреттер-адамның әртүрлі тапсырмаларды орындау қабілеті. Оларды қалыптастыру әр оқу пәні аясында жүзеге асырылады. Қазіргі әдістемелік баспасөзде қазіргі заманғы мұғалім жұмыс істеуі керек әр түрлі негізгі құзыреттер тұжырымдалған.

Жеті негізгі білім беру құзыреттілігі бар: құндылық-семантикалық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативті, әлеуметтік-еңбек, жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреті.

А.В.Хуторский анықтамасына сәйкес, оқу-танымдық құзіреттіліктер – бұл нақты танымдық объектілермен байланысты логикалық, әдіснамалық, жалпы білім беру іс-әрекетінің элементтерін қамтитын тәуелсіз танымдық іс-әрекет саласындағы оқушының құзіреттілігінің жиынтығы. Бұған мақсат қоюды ұйымдастыру, жоспарлау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау әдістері кіреді.

Зерттелетін объектілерге қатысты студент шығармашылық дағдыларды игереді: қоршаған шындықтан тікелей білім алу, оқу-танымдық мәселелердің әдістерін, стандартты емес жағдайларда әрекеттерді игеру.

Білім беру стандартын сапалы меңгеруді тек оқуға белсенді көзқарас арқылы қамтамасыз етуге болады.

Іс-әрекет формасындағы оқу-танымдық құзіреттіліктердің тұжырымдарына мысалдар келтіретін болсақ:

* мақсат қою және оның жетістігін ұйымдастыру, мақсатыңды түсіндіре білу;

* өзінің оқу-танымдық қызметін жоспарлауды, талдауды, рефлексияны, өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру;

* бақыланатын фактілерге сұрақтар қою, құбылыстардың себептерін табу, зерттелетін мәселеге қатысты түсініспеушілікті немесе түсінбеушілікті анықтау;

* нұсқаулықтармен жұмыс істеу, танымның ықтималды және статистикалық әдістерінің элементтерін пайдалану, нәтижелерді сипаттау, қорытынды жасау;

* компьютерлік құралдар мен технологияларды (мәтіндік және графикалық редакторлар, презентациялар) пайдалана отырып, өз зерттеулерінің нәтижелері туралы ауызша және жазбаша сөз сөйлеу);

Оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігінің мазмұнын анықтау оқу-танымдық іс-әрекеттің мәнін ашуды көздейді, оны жүзеге асыру кезінде бұл құзыреттілік өзін көрсетеді.

Оқу-танымдық іс-әрекет оқушының жеке-маңызды және әлеуметтік-өзекті нақты танымдық мәселелерді шешудегі өзін-өзі басқаратын қызметі ретінде анықталады, оларды шешуге қажетті білім мен ақпаратты алу, өңдеу және қолдану дағдыларын игерумен бірге жүреді.

Оқу-танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы технологиялары: проблемалық және жобалық оқыту технологиясы; сыни ойлауды дамыту; жаһандық ақпараттық қоғамдастықта оқыту және басқалар қажет**.**

Оқушылардың жобалық қызметінің технологиясына жиі жүгінетін оқытушылар көп. Жобалау әдістемесі қазіргі уақытта заманауи технологиялар арасында ең танымал және өзекті болып табылады. Жоба жеке болуы мүмкін, бірақ әдетте әр жоба студенттер тобының келісілген бірлескен әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. Тәжірибеден айтуғаболады, орта сынып оқушылары әдетте топтық немесе жұптық жұмысты қалайды. Бірақ жоғары сынып оқушылары жеке жұмыс жасағанды тиімді деп санайды. Оқушылар шығармашылық жұмысты жүзеге асыруға, өз бетінше ақпарат алуға мүмкіндік алады.

Жобалау әдістемесі жоғары коммуникативтілікпен сипатталады. Ол болжайды:

* оқушылардың өз пікірін, сезімдерін білдіру, нақты іс-әрекетке белсенді қосу;

* жобаны орындау кезінде құбылыстар мен процестерді еріксіз есте сақтау орын алады;

* жобамен жұмыс барысында шығармашылық ойлау мен қиялдың дамуы ынталандырылады;

*сонымен қатар, ойды білдіру бостандығы үшін ғана емес, сонымен бірге қабылданған нәрсені түсіну үшін де жағдайлар жасалады.

Жобалар технологиясы ақпараттық технологиялармен біріктірілген. Балалар өздерінің жобалық жұмыстарын презентация түрінде ұсынады, ақпарат жинау интернет желісі арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты – оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру болып табылатын оқу процесі жеке-қызметтік тәсіл аясында дамуы керек. Сабақта оқу-танымдық құзіреттілікті қалыптастырудың белсенді әдістерінің бірі проблемалық жағдайларды құру деп санаймыз, оның мәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу мен дамытуға, оларды белсенді ақыл-ой іс-әрекеттері жүйесіне үйретуге дейін азаяды. Бұл белсенділік оқушының нақты материалды талдау, салыстыру, синтездеу, жалпылау, нақтылау арқылы одан жаңа ақпарат алатындығында көрінеді.

Белгілі бір пәнді зерттей отырып, білім алушыларға әртүрлі ойын жағдайларын жасай отырып, ерекше формадағы оқу-танымдық тапсырмаларын ұсынуға болады. Оқуда көбінесе оқушының таңданысын тудырады, оны проблемалық жағдайға душар етеді. Физик Луи де Бройль дұрыс айтады: «таңдану - ашудың анасы». Сұрақтар мен тапсырмалар проблемалық

жағдай туғызып қана қоймай, ақпараттың жаңалығын, ерекше, тосынсый, оғаштық, бұрынғы идеялар мен сұлулыққа сәйкес келмеуі керек.

Проблемалық сұрақ, тапсырмаларды қоюмен бірге танымдық белсенділікті арттырудың ең тиімді әдісі-көрнекілік (суреттер, иллюстрациялар, диаграммалар, кестелер, анықтамалық жазбалар және т.б.). Слайдтарды, электронды оқулықтарды, оқу фильмдерін және басқа да аудиовизуалды құралдарды көрсете отырып, проблемалық сұрақтар қою үшін кіріре тұруға болады, себебі оларға қарау кезінде оқушылар жауап алуы керек.

Анықтамалық жазбалар мұғалімге оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға, өзіндік жұмыс дағдыларын, жеке қабілеттерін дамытуға көмектеседі, сонымен қатар оқушыларға оқу жұмысының нәтижелерін өзін-өзі бақылауға көмектеседі. Жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, тірек конспектілерді қолдана отырып оқыту есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауды, талдау қабілетін, монологиялық сөйлеуді дамытады, оқушылардың шығармашылық әлеуетін, жеке қабілеттерін ашады.

Танымдық қызығушылықтың дамуына, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін жандандыруға топтық технологиялар да ықпал етеді (топтардағы жұмыс). Топтар білім алушылардың қалауы бойынша, олардың мүдделерін ескере отырып және әр түрлі оқу мүмкіндіктерімен қалыптасады. Ұжымдық жұмыста схема қолданылады: мұғалім - ұжым - оқушы. Бұл байланыс түрі оқушылардың сүйенеді, олардың өзіндік жұмысын дамытуға мүмкіндік туғызады жауапкершілік сезімін тудырады.

Зерттеушілер «оқу-танымдық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұнын «таным», «оқу-танымдық іс-әрекет», «танымдық іс-әрекет» ұғымдарының мазмұнының қиылысы ретінде ұсынады.

«Оқу-танымдық іс-әрекеттің» ғылымда анықтамасы толық көрсетілмеген. Шынында да, кейбір зерттеушілер «оқыту» және «оқу-танымдық іс-әрекет» ұғымдарын анықтайды, ал басқа ғалымдар «оқу іс-әрекеті» және «оқушылардың танымдық іс-әрекеті» ұғымдарының синонимі ретінде түсінеді, ал үшіншіден «оқу-танымдық іс-әрекет – бұл бір уақытта адам жинаған барлық нәрсені игеруге арналған оқу іс-әрекеті» дегени басқаша көзқарас бар.

«Оқу-танымдық іс-әрекет» «оқу іс-әрекеті» және «танымдық іс-әрекет» ұғымы екі ұғымды механикалық біріктіру арқылы пайда болмаған. Оқу-танымдық іс-әрекет-интегративті қасиеттері бар күрделі жүйелік білім. Белгілі болғандай, оның құрамдас бөліктерінің өзара байланысы нәтижесінде пайда болатын объектінің интегративті қасиеттері әр компонентте бөлек болмайды және осы құрамдас бөліктердің қасиеттерінің қосындысына тең болмайды.

С.Г. Воровщиктердің оқу-танымдық іс-әрекеті ақпаратты алу, өңдеу және пайдалану бойынша міндетті білім мен дағдыларды игерумен байланысты жеке маңызды және әлеуметтік-өзекті нақты танымдық проблемалық жағдайларды шешетін білім алушының өзін-өзі басқаратын қызметі ретінде түсіндіріледі [4].

«Таным», «танымдық іс-әрекет», «оқу-танымдық іс-әрекет» ұғымдарының мазмұнын талдауға сүйене отырып, «оқу-танымдық құзыреттілік» түсінігін қарастырамыз.

А.В. Хуторский бойынша оқу-танымдық құзыреттілік – "...құзыреттіліктерді оқушы өзіндік танымдық, логикалық, әдіснамалық, жалпы оқу қызметінің элементтерін, мақсат қоюды ұйымдастыру, жоспарлау, талдау, рефлексия тәсілдерін қамтитын іс-әрекет,өзін-өзі бағалау саласында жиынтығы.

С.Г. Воровщиковтың анықтамасына сәйкес, оқу-танымдық құзіреттілік – "... бұл жалпы білім беру дағдылары мен әдіснамалық сипаттағы Білім топтары және эпистемологиялық бағыттағы нормативтік құндылықтар жиынтығы, оқу-танымдық қызметті сәтті жүзеге асырудың жеке-мағыналы тәжірибесі…»

Сондай-ақ оқу-танымдық құзыреттілікке: оқу-басқару, оқу-ақпараттық, оқу-логикалық іскерліктер кіреді. Оқу-басқару дағдылары деп жоспарлау (оларға қол жеткізудің мақсаттары мен құралдарын айқындау), ұйымдастыру (жоспарларды орындау үшін басқарылатын және

басқарушы жүйелер арасындағы өзара іс-қимылды құру және жетілдіру), бақылау (белгіленген жоспарлар процесі туралы ақпарат жинау), реттеу (жоспарларды және оларды іске асыру процесін түзету), талдау (жоспарларды орындау процесі мен нәтижелерін зерделеу және бағалау) түсініледі); оқу-ақпараттық біліктер (жазбаша мәтіндермен жұмыс істей білу, ауызша мәтіндермен жұмыс істей білу, ақпарат көзі ретінде нақты объектілермен жұмыс істей білу), Оқу-логикалық біліктер (талдау және синтездеу, салыстыру, жалпылау және классификация, ұғымдарды анықтау, дәлелдеу және теріске шығару)

В.И. Байденко оқу-танымдық құзыреттілікті нақты ғылымдарды ұғыну әдістерін пайдалана отырып, экономикалық проблемаларды шешу үшін жаңа білім алу қабілеті ретінде қарастырады [5].

Сонымен, оқыту процесінде оқушылардың оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесін шешу өте күрделі процесс. Оқу процесіне әдістемелер мен технологиялар кешенін енгізу нәтижелілікке ықпал етеді. Тек оқытудың белсенді сипаты, сабақта ақпараттың әртүрлі көздерімен оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру пән мазмұны негізінде оқу-танымдық құзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. 2014. — №5.
2. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании / И.А. Зимняя. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2014. – 38 с.
3. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образование. — 2003. — № 5.
4. Воровщиков, С.Г. Универсальные учебные действия: внутришкольная система формирования и развития [Текст] / С.Г. Воровщиков, Д.В. Татьянченко, Е.В. Орлова. – М.: УЦ «Перспектива», 2014. – 240 с.
5. Байденко В.И. Оскарссон Б. Базовые навыки, ключевые компетенции как интегрирующий фактор образовательного процесса// Профессиональное образование и личность специалиста. — М., 2012.

ҰСТАЗ БІЛІКТІЛІГІНІҢ КЕПІЛІ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Удергенова Ардақ Ариновна
№31 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Турсынбаева Айнұр Аманжоловна
Мағжан Жұмабаев атындағы №21орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы

Ата-бабадан жеткен даналық сөздер, ұлағатты ойлар, қағидалар өміршеңдігімен құнды. Кезінде қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар өз ұлтының салт-санасын, әдет-ғұрпын, жол-жоралғысын, дәстүрін терең үңіле зерттеп, халықтың ғасырлар бойы жиған мұрасына тәлімдік, танымдық тұрғыдан талдау жасаған. Ж.Аймауытов ұлт тәлімінің діңгегі өз халқын қастерлеу, өткеніне жіті қарау деп бағаласа, М.Дулатов: «Мектепте алған тәлім-тәрбиенің әсерлі, сіңімді болуы қай халықтың болса да, ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан алынған мағлұматтан тұрса, ұрпақ бойына ұлт рухы дариды», - деп жазған [1, 18 б.].

Ал Асан Қайғы, Жиембет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Майлықожа сияқты күміс көмей, жез таңдай ақын-жыраулардың әр түрлі өмір құбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, тіршілік тынысы туралы терең толғаныстарының, дана өсиеттерінің қазіргі жастардың білімі мен тәрбиесіне берер пайдасы, қосар үлесі қаншама...

Бір халықтың ғана емес, адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының, оның педагогикалық көзқарастарының алар орны бір төбе. Озық мәдениеттің жарық жұлдыздары Шоқан, Ыбырайлармен қатар XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлермен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Халел, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Міржақыптардың ұлттық дәстүрді өз туындыларының негізгі арқауы еткені, педагогикалық, психологиялық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесе үндесіп жатқаны белгілі.

Ж.Аймауытов адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгеніне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін мен әуез өнерін, яғни сурет салу, ән-күй үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеу қажеттігін баса айтады. Жазушының халқымыздың психологиялық ерекшеліктері жайындағы пікірлерін айрықша атауға болады. Белгілі бір халықтың немесе ұлттың өзіне тән құлқы, темпераменті, талғамы, әдет-ғұрпы, эмоциясы болатыны белгілі, олар өздерінің бірсыдырғы тұрақтылығымен айрықшаланып, қоғамдық сананың барлық түрлеріне өзінше бояу береді. Ұстаздық етуде, педагогика, психологиядан дәріс беруде де Ж.Аймауытов өз ұлтының салт-санасын үңіле зерттеген. Ел ішінде сіңген әдет-дағдыларға сыни тұрғыдан қарағаң, олардың жөндісі де, жөнсізі де, естісі де, есері де барына көз жеткізген, жөн-жосыққа, адамгершілікке сыйымдыларын, өмір-тіршілігіне тиімділерін заң ретінде пайдалануды атап өткен.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру саласында жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарында мұғалімнің сыныптың көңіл - күйін сезе білуі, оқушылардың жан дүниесін түсінуді, олармен тең қарым-қатынас құра білуіне айрықша назар аударылуда. Мұғалімнің кәсібилігін анықтайтын өлшемдердің арасында ең басты орында сөзсіз, ұстаздық қызметтің қортындысы оқушылардың тәрбиелілігі мен білімімен кешендесіп, өмірде бағыт - бағдар алуға көмектеседі. Осы дәрежеге оқушыларды шебер мұғалім жетектейді, аз оның жеке басына қандай қасиеттер тән?

Руханикалық қазақтардың қасиетін - мейірімділікті, адамгершілікті және жанқиярлықты біріктірсе, халықтық қауымдықты, дәстүрлік және ашық жарқындықты, мемлекеттік, отансүйгіштік пен күшті мемлекеттік биліктің қажеттілігін мойындауды білдіреді. Ұстаз, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың да бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет - ғұрып, салт - саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық жарқындығы мен бауырмалдығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтармен сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударғаны жөн.

Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті. Ол ақпараттарды еркін және икемді меңгеріп, оларды сол білімдері меңгертуге жұмылдыра алатындай болуы керек. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы қажет. Бұл қасиет педагогқа әр уақытта өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға немесе «екі есе оқу деген» принципі іске іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің жеке басының үлгісі кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Ұстаз кез келген жағдайларда ұстамды, шыдамды, әлсіз сезімтал әрі мейірбанды болуы керек, яғни өз қызметі және оқушылармен қарым-қатынас жасау барысындағы мінез - құлқын үнемі бақылап отыратын болуы тиіс.

Жаңаша ойлайтын мұғалім міндетті түрде жаңа бағыттағы идеялар, технологияларды меңгеруді және сол білімдарлық технологияны меңгеруге дайын болуы керек.

Тәрбиенің субъективті факторының маңызды қатарында тәрбиешінің жеке басы болып

табылады. Шәкірт тұлғасын сомдайтын ұстаз жақсы болмай, қоғамның келешегін құрушы азамат тәрбиелеу ісін жолға қою мүмкін емес. Олай болса ел болам десек, тәрбиені бесігімізден түзеуден бастауымыз керек. Бесікті түзейтін мектеп пен ұстаздар қауымы. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы». «Ұстаз қандай болса, шәкірт сондай болмақ» деген халқымыз текке айтпаған.

Бүгінгі мектеп-адамның мәдени-әлеуметтік тұрпатын сомдайтын, сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеретін, ұлттың азаматтық тұғырын табуға жетелейтін орын.

Қоғамды ізгілендіру - XXI ғасырдағы өркениетті дамудың талабы. Ізгілендірудің басты мақсаты-зиялылық қалыптастыру, сезім және көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеу, өмірлік құндылықтар мен бағалардың белгілі бір жүйесін қалыптастыру.

Білім беру саласының жаңаша мазмұны ұстаздарға оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы халықтық салт-дәстүр негізіндегі жаңа технологияларын меңгеру міндеттерін қойып отыр. Ананың ақ сүтімен, әкенің ыстық ықыласымен, ұстаздың ұлағатымен дарыған ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, оның қолданылу ауқымы біртіндеп кеңейіп келеді. Дегенмен, тілге де талғам керек, ол үлкен ұқыптылықты, табиғи жақындылық пен тартымдылықты қажет етеді. Бізге табиғи нәрсе қандай жақын болса, тілге де сондай жақын. Өзімізге ұнамайтын жасандылық оған да жат. Тіл - адамзат баласы жасаған көркем ой қазынасы, әрі ғылым мен білімді барынша жинақтап, молынан сақтап отырған қойма.

Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр рухани игіліктің қайнар көзі ретіндегі тәрбие құралы. Сондықтан қазіргі кезде жасөспірімдерді халықтық педагогика мұраларын пайдалана отырып адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуде дәстүрлері қалыптастыру міндеті тұр.

Қорыта айтқанда, еліміздің жалпы адамзаттық, ұлттық тәрбие дәстүрлерін қайта жаңартып жатқан жағдайда оқушының жан сарайын ұлттандыруға көңіл бөлінсе, ұлттық тәрбие беру мәртебесі жоғарылайды.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі. Қазақта «баланың бас ұстазы - ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Сондықтан әрбір ата-ана балаларының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие және білім үрдістері ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді.

Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ойы мен сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек. Бала - ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттық ертеңгісі, келер тарихқа аманат. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатта, ой-өрісі биік азамат етіп адамгершілік негізде тәрбиелеу қоғамызыдың ең өзекті мәселесі.

Ата-аналармен кездесіп, оқу-тәрбие үрдісіндегі іс-шаралар туралы ақылдасып отыру артық болмайды. Өйткені тәрбие мен оқытудың көптеген қиын мәселелерін шешуге тура келеді. Ата-аналармен жеке әңгімелескенде мұғалім мектеп оқушысының үйдегі тұрмысы мен жұмыс жағдайларын анықтап, оның мінез-құлқының нақты көріністерін талқылайды. Оқуды, еңбекте және күнделікті мінез-құлқында кездесетін кемшіліктерін жоюдың жолдарын белгілейді. Әңгімелесу барысында ата-анасы арқылы оқушылардың үй жұмысына көмектесуі, кішкентайларға қамқорлық көрсетуі және бос уақытын қалай ұйымдастыратынын анықтауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дулатов М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1997. - 334 б.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бақтыбаева Кумисай Мұратқызы
Қойгелді орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, Талас ауданы, Жамбыл облысы
Өмірзақ Дәуір Дарханұлы
№64 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Математика адамды ой еңбегіне тәрбиелейді. Сондықтан да мұғалім үшін оқушының математикаға деген қызығушылығын арттырып алса, педагогикалық міндетінің түгелдей дерлік орындалғаны.

Әрбір ұстаз есептердің шешімін таба отырып – баланың ойлау жүйесінің дамуына ықпал етіп, өмірдің кез келген жағдайында дұрыс шешім таба алуға тәрбиелейді.

Қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үйдің құрылымы да тұнып тұрған математика. Математикалық тұрғысынан қарағанда киіз үй негізі 3 бөліктен тұрады. Уықтары параболаның бір бөлігі. Шаңырағы, табаны шеңберлер. Цилиндр орнықты фигура болғандықтан киіз үйдің пішіні соған сәйкестендіріліп жасалған. Киіз үйдің есігі тік төртбұрыш. Кереге арасы ромб. Киіз үйдің шаңырағынан дәл ортасынан табанына түсірілген биіктігі едендегі шеңбердің центрімен дәл келеді де, симметрия осін береді.

Бүкіл жан-жануарлардың баспаналары дөңгелек, сфера пішінді болатындығы белгілі. Мысалы, аю, қасқыр апандары дөңгелек үңгір етіп жасалады. Апанның ауыздары оңтүстік—шығысқа қарап қазылады. Торғайдың, құстардың ұясы да сфера пішінді болады. Міне қазақтың киіз үйі де, осындай заңдылық бойынша жасалған. Кереге жоғары жағына қарай тартыла береді де, уық арқылы күмбезге айналып кетеді. Киіз үйдің негізгі өлшемдері ерекше пропорциялы болып келеді. Киіз үй пішінінің айналу беттерін, яғни, дөңгелек болуы бұрыштардың болмауы киіз үйдің көркемдігін арттыра түседі. Ендеше, бұрышы жоқ киіз үйдің ішіндегі ауа тұрақты түрде алмасып отырады. Киіз үйді ойлап шығарудың өзі ақиқат ғылымға негізделген [1].

Қазақтың дана халық болғандығының бірден-бір дәлелі – осы.

Орта мектептерде оқытылатын пәндердің ішінде өзіндік құрылым мен мазмұнға ие, мұғалімнен ерекше даярлық пен теориялық білімді, мол тәжірибені, үнемі ізденісті талап ететіні – математика десек қателеспегеніміз. Тарихы ұзақ ғылым саласы ретінде математика гректің «matematike» деген сөзінен шыққан, қазақ тіліне аударғанда білім мен ғылымды білдіреді. Осы себепті де, оқушының болашақта өте білімді, ізденімпаз, жан-жақты дамуы мен дүниетанымдық білімге ие болуы үшін математикаға деген қызығушылықтарын арттырудың маңызы өте зор. Бұл – өз кезегінде уақыт дәлелдеген аксиома. Бар ғылымдар патшасы ретінде математика – объектілердің қасиеттері мен байланыстарын бейнелейтін математикалық моделді зерттейтін адамзаттық білімнің аймағы.

Сонымен қатар, математика – ғылымдардың ең басты тілі ретінде нақты әлемнің құбылыстарын сипаттайтын әртүрлі тәсілдердің ең қолайлысын көрсетеді. Математика – бұл бір ерекше әлем. Сырт көзге ол тек мылқау сандар мен суық есептен ғана жаралған құрғақ дүние болып көрінеді. Бірақ оның ішкі сырларына сүңги білген адамға өзіндік айырықша әсемдіктері, пән сапалық түйіндері, қиялға қанат байлап, ойға қуат құятын, айналаңдағы жалғыз дүниеге жан бітіріп, құдіретті құбылыстары дайын тұр.

Ендеше, математиканы меңгертуде ең алдымен зор құштарлықты арттыру - аса маңызды. Осы міндет аясында математиканы оқытуда түрлі озық инновациялық әдіс-тәсілдері оқу процесінде тиімді қолданылуда. Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған белсенді әдіс-тәсілдер қолданылуда. Оқыту барысында белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану

шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Теоремаларды дәлелдеуде топтық, жұптық жұмыс жасау барысында оқушылар суреттер арқылы зерттеу тиімді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамытып, алған білімін мнемоникалық әдіс есте сақтауына ықпал жасайды.

Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан бағалау ізгі болуы керек. Сондықтан оқушылардың мақсаттарға жетуінде кері байланыс беру арқылы олардың өз білімдерін қадағалауы мен бағалауына дағдыландыру оқу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мұғалімнің оқушыға беретін тиімді кері байланысы оқушының өзінің қай сатыда тұрғанын, осал тұстарын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

«Іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарының үшбұрыш ауданымен байланысы» тақырыбын меңгертуде оқушыларға тиімді әдіс-тәсілдер қарастырып, сындарлы оқыту теориясының сыни ойлау және диалогтік оқыту модульдерін енгізу арқылы оқу мақсатына табысты жетуге болады.

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Демек оқушыларға сұрақ қою, түрлі тапсырмалар беру, белгілі бір теорияға талқылаулар мен талдау жасату арқылы олардың сыни тұрғыдан ойлануын дамытуға ықпал жасауға болады.

S=12Pr формуласын қорытып шығару үшін оқушылардың жұпта практикалық тапсырманы орындағаны тиімді. Зерттеушілік әңгімеге қатысып, ойларын ұсынумен қатар, бір-бірімен талқылайды. Жұптық жұмыста оқушылар арасында өзара оқыту және зерттеушілік әңгіме жүреді. Оқушыларға дайын білімді бергеннен гөрі, өздігінен ізденіп, өз оқуын бақылай алуы мен оны жүргізуге, оқу үдерісінде табысты болуы үшін өз бетінше жұмыс жасап, дамуына мүмкіндік беру қажет. Жұптарға кез келген үшбұрыш суреттерін беріп, оқушылардың формуланы қорытуына бағыт-бағдар беру қажет. Жұпта оқушы мен оқушы арасындағы диалог арқылы сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асыру жүреді

1) Үшбұрышты оған іштей сызылған шеңбердің радиустары арқылы өтетін сызықтар бойымен кесіңіз, содан соң әр бөлігін пунктир сызықтар бойынша кесіңіз.

2) бірдей түспен боялған үшбұрыштардан тіктөртбұрыштар құрастыру, олардың бір

қабырғасы іштей сызылған шеңбердің радиусына тең.

3) шыққан тіктөртбұрыштың ауданын табу. Тіктөртбұрыштардың ауданы мен берілген үшбұрыштың ауданын салыстыру.

Осы тапсырманы орындау барысында әр жұп кез келген үшбұрыштың ауданы жарты периметрдің іштей сызылған шеңбердің радиусының көбейтіндісіне тең болатынын дәлелдейді S=12Pr . Бұл тапсырманы орындау барысында Блум таксономиясының ойлау дағдылары арқылы сын тұрғысынан ойлау дағдылары дамиды.

«Қайталанбалы алмастырулар, орналастырулар және терулер» формулаларын қорытып шығару үшін оқушыларға топтық жұмыс жасатқан тиімді. Топтық жұмыста оқушы бойында өзі мен өзгелерді сыйлау, түрлі пікірлерді сыйлау, жағдаяттарды талдау, командада жұмыс істеу, өз жұмысының сапасына жауапкершілік сезіну арқылы табандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу секілді құндылықтар дарытылады. Дегенмен, сыныпта дарынды оқушылар мен қатар ақпаратты баяу қабылдайтын оқушылар да болады. Сондықтан түрлі қиындық деңгейіндегі тапсырмалар берілу қажет. Бұл кезеңде оқушылар «жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істейді және мұғалім мен оқушылардың қолдауын алады.

1. Қайталанбалы теру формуласын қорыту үшін:

Гүл сататын дүкенде 2 түрлі гүл бар. Сатушы 3 гүлден тұратын қанша әртүрлі гүл шоғын жасай алады?

2. Қайталанбалы алмастыру формуласын қорыту үшін:

G O O D сөзіндегі әріптердің әр түрлі алмастырулар санын табыңыз

3. Қайталанбалы орналастыру формуласын қорыту үшін:

2 және 7 цифрлырын пайдаланып, қанша үштаңбалы сан құрастыруға болады?

Оқушылар топта практикалық жұмысты бірлесе жасау арқылы қайталанбалы кобинаторика формулаларын қорытады. Және мұндай зерттеу жұмыстарының маңыздылығы оқушылар формулаларды бір-бірінен ажырата алуына септігін тигізеді. Өз қолымен жасап, топта талдау арқылы есепті шығарған оқушы алдағы уақытта комбинаторика формулаларын қолданып есептер шығаруда жақсы нәтижеге жете алады [2].

Әрбір тақырыпты меңгертуде «Сын тұрғысынан ойлаудың» элементтерін қолдану арқылы оқушылар алған білімін өмірде қоладана алатындай, сыни ойлайтын жеке тұлға қалыптасуына негіз болады.

Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің белсенді әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог- зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде белсенді әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу. әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайған жағдайында ақпараттық технологияларды меңгеру өзекті екені сөзсіз.

Қорыта айтқанда, математика және нақты ғылымдар адамзаттың ақыл-ойының дамуына үлкен үлесін тигізеді. Ақыл-ойы дамыған адамдар жаңа технологиялар ойлап тауып, адамзаттың өмір сүру жағдайын жақсартады. Әрине, бұл математикамен айналыспайтын, гуманитарлық салада жүрген адамдардың интелекті төмен деген сөз емес. Жақсы әдеби кітаптар оқып та өзімізді дамыта аламыз. Бірақ, бұл жеткіліксіз.

«Егер ақылды болғың келсе, көп оқы!» тіркесіне «және математикамен айналыс!» дегенді қосса артық етпейді. Адамның ой-өрісін, рухани ізгіліктік қырларын дамытатын гуманитарлық сала мен нақты ғылымдар бір-бірін толықтырып отырады. Гуманитарлық саланың жақсы мамандары базалық деңгейде нақты ғылыммен айналыспағандықтан, шешім қабылдауда қателіктер жіберіп жатады. Ал жақсы математикатер, технологтар абстрактілі әлемге кіріп кетіп, нақты әлеммен байланыс үзіп алып жатады. Барлық «жақсы» нәрселердің өз мөлшерінде болғаны абзал.

Ежелгі математик тұлғалар өлең де жазған. Мысалы Омар Һаям, әл-Фараби, Ұлықбек, тіпті XIX ғасырдағы Софья Ковалевская,... тіпті, Вейерштрасстың «Математик – ақын болмаса, белгілі бір жетістікке жете алмайды» деген сөздері де бар.

Математика – барлық халыққа ортақ ғылым. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. https://edunews.kz/articiles
2. https://qazmath.net

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Аширова Назгүл Тазабековна
Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Кенжебай Нурбибі Бақытжанқызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 3-курс студенті, Тараз қаласы

Қазақстандағы білім беру жүйесі тәуелсіздік жылдарынан бастап қарқынды өзгерістерге ұшырап, халықаралық стандарттарға бейімделу бағытын ұстануда. Білім – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуы мен өркендеуінің негізгі қозғаушы күші. Сондықтан Қазақстан өз азаматтарына сапалы білім беруді басты мақсаттарының бірі ретінде белгілеп, осы салада ауқымды реформалар жүргізуде. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инновациялық әлеуеті білім сапасына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылған. Елдегі білім беру реформалары білім сапасын халықаралық деңгейге көтеруге бағытталған[1].

Білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі – цифрлық технологияларды енгізу. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашып, оқу үдерісін жеңілдетуге ықпал етуде. Электронды оқыту жүйесі арқылы оқу материалдарына қолжетімділік кеңейіп, оқушылар мен мұғалімдерге BilimLand, Daryn Online, Kundelik.kz сияқты платформалар ұсынылды. Бұл ресурстар сабақ барысында пайдаланылып, білім алушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, онлайн білім беру мүмкіндіктерінің кеңеюі оқыту тәсілдерін әртараптандыруға және білімге қолжетімділікті арттыруға септігін тигізуде. Цифрлық технологиялар тек мектептерде ғана емес, жоғары оқу орындары мен қосымша білім беру мекемелерінде де кеңінен қолданылып келеді.

Инновациялық оқыту әдістерін енгізу білім сапасын арттырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, заманауи педагогикалық тәсілдер кеңінен қолданылуда. STEM-білім беру оқушылардың ғылым, технология, инженерия және математика бағыттарында ойлау қабілетін дамытады. Бұл әдіс олардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, логикалық ойлау жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Геймификация әдісі сабақ барысында ойын элементтерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін жоғарылатады. Флиппед класс әдісі бойынша оқушылар сабақ материалын алдын ала меңгеріп, сабақ барысында практикалық тапсырмалар орындауға дағдыланады. Мұндай тәсіл білім алушылардың өз бетінше іздену дағдыларын дамытып, оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Жобалық оқыту мен зерттеу әдістері оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады және олардың өздігінен жұмыс істеуге деген ынтасын арттырады.

Қазақстанның білім беру жүйесі халықаралық стандарттарға бейімделу бағытында да айтарлықтай өзгерістерді бастан өткеруде. Қазақстан PISA, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық зерттеулерге қатысып, білім сапасын әлемдік деңгейге жақындатуға ұмтылуда. Бұл зерттеулер оқушылардың білім деңгейін бағалап қана қоймай, білім беру жүйесіндегі әлсіз тұстарды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесі енгізіліп, студенттерге жеке оқу траекториясын таңдау мүмкіндігі берілуде. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы қазақстандық студенттер мен оқытушылар шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу және тәжірибе жинақтау мүмкіндігіне ие болуда.

Инклюзивті білім беру жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында дамытылуда. Қазақстанда инклюзивті мектептер саны артып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулықтар әзірленуде. Бұл үрдіс мұғалімдерге қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеруді талап етеді. Инклюзивті білім берудің дамуы барлық оқушыларға тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған[2].

Өмір бойы оқу қағидасы бүгінгі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналуда. Қазіргі уақытта технологиялардың қарқынды дамуы жаңа кәсіптердің пайда болуына және еңбек нарығының өзгеруіне алып келуде. Осыған байланысты мамандардың жаңа дағдыларды меңгеруі және кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруі маңызды болып отыр. Қазақстанда lifelong learning (өмір бойы оқу) қағидасын дамыту мақсатында ересектерге арналған білім беру бағдарламалары ұсынылуда. Coursera, Udemy, OpenU сияқты платформалар арқылы білім алушылар өздеріне қажетті курстардан өтіп, жаңа дағдыларды меңгеру мүмкіндігіне ие болуда. Сонымен қатар, кәсіптік білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындары ересектерге арналған қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруда[3, 39б.].

Қазақстанның білім беру жүйесі қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Жүргізіліп жатқан реформалар білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын жақсартуға, заманауи технологияларды тиімді пайдалануға бағытталған. Инновациялық оқыту әдістерін енгізу, халықаралық стандарттарға бейімделу, инклюзивті білім беруді дамыту және lifelong learning қағидаларын жүзеге асыру – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі басымдықтары. Бұл өзгерістер еліміздің білім беру саласын жаңа деңгейге көтеріп, оқушылар мен студенттердің жан-жақты дамуына ықпал етеді. Болашақта білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру үшін педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру, жаңа технологияларды тиімді пайдалану, халықаралық тәжірибені енгізу және білім алушыларға сапалы білім беру мүмкіндіктерін кеңейту басты міндеттердің бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // https://adilet.zan.kz/kaz
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми құжаттары // https://www.gov.kz
3. TIMSS & PIRLS International Study Center. TIMSS 2021 International Results, 2021

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сейдазимова Камшат Кабылбековна
Ш.Смаханұлы атындағы негізгі мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Талас ауданы, Жамбыл облысы
Байболатова Камшат Намазовна
Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Тараз қаласы

XXI ғасыр – әлемдегі өзгерістерге негізделген білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені, ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін анықтауда негізгі көрсеткіш болып табылады.

Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде маман кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Тәрбие – отбасынан басталады. Отбасы- адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызықты дәурені осы отбасында өтіп жатады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын- тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Ата- аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйініш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады.

Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиеле, өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жан –жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу отбасынан басталады. Қазақ халқы балаға тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрып дәстүрлерін жинақтады. Әділдік, адалдық, имандылық, адамшылық, бауырмалдық, шыдамдылық, парасаттылық, қамқорлық, кеңпейілділік т.б Әдептілік- әр түрлі жағдайда мінез-құлық ережелеріне сәйкес өзіңді ұстай білу. Әдепті адам өзін, өзгелерді ыңғайсыздық жағдайға қалдырмайды. Өзгелердің ісіне жөнсіз араласпайды, дөрекі түрде, намысқа тие немесе мысқалдай сөйлемейді, біреудің дене кемістігін бетіне басып айтпайды. Әдепті адам өз мінез-құлқы мен іс- әрекетіне сын көзбен қарап, өзін –өзі тәрбиелей алады. Жақсы мәнер мен жақсы талғам адамды сыпайы әрі көрікті етеді.

«Тәрбие басы- тал бесік» деп қазақ халқымыз бекер айтпаған. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Әл-Фараби атамыз айтқандай, «Тәрбиесіз білім- адамзаттың қас жауы, апаты», халқымыз қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның ойлы, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл – ойының жетілуіне назар аударған. Шыр етіп туған күннен бастап, тәрбиенің негізін қалаған халық, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәбидің жүріп, сөйлей бастағаннан әдепке, мәдениетке баулу, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу отбасынан басталар мақсатты, халықтық педагогиканың даналығы. Жас мемлекеттің басты байлығы да, болашағы да – жас ұрпақ. Қоғам болашағы жастар екенін ескерсек, оларға дәйекті білім беру және жаһандандыру дәуірінде заман талбына сай лайықты тәрбиелеу жалпы педагогиканың ғана емес сондай-ақ мемлекет деңгейіндегі негізгі бағыттардың бірі болып саналады. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесін еуропалық стандарттарға жақындатып , білім саласының бәсекелестік қабілетін әлемдік деңгейге көтеруге ұмтылу қажеттілігі туындап отыр. Білім беру жүйесін реформалау барысында жеткен жетістіктер аз емес. Тәуелсіз ел болып, өз күшімен өркендеген, өсіру үрдісін таңдаған білімізде білім беру бағыт бағдары ҚР Конституциясында , Қазақстан- 2050 стратегиялық бағдарламасында, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында кеңінен қарастырылып отыр. Бүгінгі шәкірттеріміз елімізді әлемге танытатын, оны өркендететін тұлға болғандықтан, жан –жақты тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатып отыратын – мұғалім. Ол балаларға тек білім беруші ғана емес, бәсекеге қабілетті білімді де білікті жеке тұлға құрастырудағы адам баласының іс-әрекет, тәсілдерді меңгеруі мен жүйелі білім алуы, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, ақыл-ой мен сезімін дамыту, тыным арқылы көзқарасын қарастыру болып табылады.

Қазақтың ұлы педагогі, психологі, атқарушы, жазушы Ж. Аймауытов «баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуатын кемітіп, тәрбие де бере алмайды », деп мұғалімнің бала алдындағы үлкен жауапкершілігін атап көрсеткені мәлім [1].

Ж. Аймауытовтың осы айтылған кәделі ой, орнықты көзқарасын ескерсек, мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктерін кскере отырып, жұмыс жүргізуі негізгі мәселеге айналады. Білім терең және жоғары мәдениетті, ғылым мен техниканың жетістіктерін игерген оқушының өзін –өзі тануға ұмтылуына, ізденуіне жол ашу мұғалім алдындағы үлкен міндет. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдауы керек.

Демек, бүгінгі күні мектептің алдына қойған ең басты мақсаты – қазіргі заманның өркенниетті, прогресшіл бағытына сай азаматтық, адамгершілік қасиетті мол, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Әрбір бала – халықтың тұлғасы, сондықтан, халықты жасайтын да мұғалім. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ең басты міндеті – кең көлемдегі ақпарат тасқынында өзін еркін сезінетін және сыни тұрғыда ойлана алатын азаматтарды даярлау. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуі. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни, оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды тиімді қолдану. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін арттырып, ақпараттық технологияларды пйдалану арқылы білім сапасын дамытуды басты мақсат тұтамын. Ал, дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін қабілеттері мен таланттарын жан- жақты аша отырып, дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындауды негізгі міндет етіп алдыма қоямын. Оқушы құзыреттілігі – бұл алынған білімдер мен біліктілерді іс жүзінде күнделікті өмірде қандай да бір тәжірбиелік және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде , еліміз егеменділік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі сыртқы саясатын өзі шешетін болады. Бүгінде баршаның міндеті-әдеп-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып , ұлттық сана- сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. Қазақ ағартушысы М. Жұмабаев «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Дауылпаз ақын М. Дулатов ағамыз айтқандай «Жалғыз сүйеніш жалғыз үміт – оқуда, надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» дегендей, ендеше, егемен еліміздің ертеңіне үлес қосатын тәуелсіз мемлекеттің саналы, білімді ұрпағы саналатын шәкірт тәрбиелеу біздің ұлы мұратымыз [2].

Қазақтың ұлы ағартушысы Ы. Алтынсариннның «Мұғалімнің жұмысы – балалар. Ендеше балалар түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны. Ол өзін өзі кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлеп, шыдамдылық көрсетуі тиіс, мәнерсіз сөз, орынсыз терминдер пйдаланбау керек» дейінде мән – мағына жатыр. Бұл, сөз жоқ , қазіргі мұғалім бойынан табылмаған ләзім Бүгінгі күні жаһандану жағдайында өркенниеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен , оның ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады [3].

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына басталғаннан жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр.

Жаңашылдық – білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шартарының бірі болып саналады. Ол оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, һәм құлық тәрбиесі. Егер адамға осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны», деп М.Жұмабаев айтқандай, егер мектеп жасындағы бала өз өмірінде кімнің жанында көп уақыт болатынына көңіл аударсақ, әрине, ата-анасымен және мұғалімдермен бірге болатыны баршамызға аян. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас күнделікті өмірде көрініс тапса, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың бағыт-бағдары ортақ мақсатты көздейтін сабақта айқын байқалады. Сондықтан сабақтың ұйымдастырылуы мен өткізілуі мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сабақ үрдісіндегі өзара қарым-қатынаста мұғалім баланың ата-анасы рөліне де, бауыры мен қарындасы, туысы рөліне де және сырлас досы рөліне де ене алады. Яғни, мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстың маңыздылығы күн өткен сайын арта түседі [2].

Егер әрбір ұстаз бала тәрбиесіне баса назар аударып, сабақтарда интерактивті әдістерді көп қолданып, сабақты ойын түрінде өткізуге машықтануы қажет. Мұғалім оқушылармен бірге серуенге шыққанда, жолдағы кезіккен кедергілерден өту үшін тапсырмалар орындаса, жұмбақтар шешіп, айналаның сұлулығына зер салса, оны бірлесіп талдаса, жас бала санасының интеллектуалды тұрғыдан жетілуіне мол мүмкіндікке жол ашады. Ойнап отырып, балалар сабақтың мақсатына жетеді.

Қорыта айтқанда, еліміздегі білім мен ғылым жүйесіне жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Мұнда оқушының сыртқы әлеммен байланысына рухани-адамгершілік құндылықтарының интеллектісін, танымдық белсенділігін, іс-әрекетінің негізін қалауға бағдарланған орта мектепке баса көңіл бөлінеді. Салмақты істің жүзеге асуы үшін, қоғам алдында білім беру жүйесіне қойылған міндетке сәйкес білім беру жүйесі оқушы тұлғасын үйлесімді дамытуға бағытталған жалпы білім беретін мектептің жаңа үлгісін таңдауға бағыттап отыр[4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. https://bilim-uba.kz
3. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы: Шариат-ұл-Ислам. –Алматы: Қазақстан, 1991. – 79б.
4. Бөлеев Қ. Жаңа тұрпатты жастар даярлау мәселелері // Озық тәжірибе. Педагогикалық әдістемелік журнал. 2014, №4

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Джатканбаева Айжан Канатовна
№66 орта мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,
Тараз қаласы
Анарбай Индира Асанқызы
Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Тараз қаласы

Тәрбие - адамның өздігінен өз білімін жетілдірудің жолы, өзін-өзі азаматтық тұлға етіп қалыптастырудың мыңдаған амалдары мен тәсілдері және ол таусылмайтын мәңгілік үздіксіз үдеріс. Тәрбиенің басты мақсаты - адамды мәдениетке қанықтыру, гуманистік бағытқа жетелеу, тағдырын ізгілікті жолға түсіру, ұтымды әлеуметтендіру, міндеттік қызметтерді жоғары құзыреттілік дәрежеде орындай білуге үйрету, жеке басының көкейкесті әлеуметтік, экономикалық, психологиялық мәселелерін қиналмай шеше білуге, белгілі мамандықты игеріп, оны риясыз қадірлеуге, отбасы мен әулет, қоғам мүшелерімен шынайы адамгершілік қарым-қатынастар орнатуға үйрету, өз ұлтының әдеті мен ғұрпы, салты мен дәстүрінде өмір сүруге, өз халқының білімі мен ғылымын, мәдениеті мен өнерін жете меңгеруге, ана тілінде шешен сөйлеуге, қажетінде ұлттық мінез көрсете білуге, ұлттық менталитет қалыптастыру.

Түркі халықтарға ортақ ұлы ойшыл әл-Фарабидің өзі «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - екендігін орта ғасырларда-ақ түйсініп, баланы оқытудан бұрын тәрбиелеуге айрықша мән беру қажеттігін айтып өтеді. Осы тұрғыдан келгенде, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін саналы ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жоғары мазмұнға ие болды. Әсіресе, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ұрпақ тәрбиесінде баса пайдалану алғышарттары көрсетіліп, іс жүзінде жүзеге асыру қажеттіліктері көрсетілген көптеген еңбектер жазылды. Бұлардың қайсысында да өткен ғасырдағы педагогика саласына ерекше үлес қосқан, белгілі ағартушы К.Д.Ушинскийдің «... Теорияда да, іс жүзінде де барлық халықтарға ортақ тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың тәрбие жүйесі өзінше ерекше түзілген. Сондықтан да бір халық екінші халықтың тәрбие жүйесін пайдалана алмайды. Соншама тартымды да үлгілі болғанымен бір халықтың тұрмыс тіршілігіндей екінші халық өмір сүре алмайтыны тәрізді жақсы ойластырылып ұйымдастырылған бөтен педагогикалық жүйеде басқа халықтың тәрбиеленуі мүмкін еместігі анық...», - деген ойларын басшылыққа алады. Қай халық болмасын өзінің ұлттық психологиялық және халықтық тәлім-тәрбие қазанында қайнап, жетілуі, болашақ ұрпағын ұлттық ділінде тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарын аманат етуі тиіс. Егемен ел жағдайындағы ұлттық тәрбие жүйесінің мазмұны да қазақ этнопсихологиясы мен қазақ этнопедагогикасының тәлімдік ұстанымдары мен тағылымдық қағидаларына сәйкес түзілуі осы қажеттіліктерден туындады.

«Балаға үміт арту әкенің парызы, ақтау - баланың қарызы» деген мақал да осыған байланысты туған. Өйткені, кімде-кім болмасын өз ұрпағының асыл азамат болып өскенін қалайды, бұл үшін қолынан келгеннің бәрін істейді. Сондықтан әр ата-ана баланың жеке адамгершілік қасиеттерін еске ала отырып, тәрбие беруге тырысуы керек. Қалыптасқан мінезбен еш пенде дүниеге келмейді. «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің» немесе «Бір биеден ала да туады, құла да туады» деу арқылы халқымыз бір отбасындағы бала мінездерінің әр түрлі болатынын білдіріп отыр. Сондықтан халық педагогикасы бөбекті ер етіп өсіру де, ез етіп қожырату да отбасы үлкендерінің қолында деп қараған.

Бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе – оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз - оқушы өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез келген затқа, жан-жәнуарға және экологияға жақсылық тілеп, жасауы. Сондықтан рухани адамгершілік жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады, оның көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау: жақсылыққа ұмтылу; өзін-өзі дамытып, жетілдіру.

Мектептегі тәрбие жұмысындағы негізгі мәселе - оқушылардың «субъект-субъект» аралық қатынасын дамыту, әрбір адамның құндылығын, даралығын, ерекшеліктерін, сезімін және өзіндік баға беруін қалыптастыру. Мұнда баланың назарын өз өміріндегі елеулі езгерістерге бұрып, оны саналы түсінуіне қасиет-сапаларына баулу көзделеді. Рухани адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді.

Егер:

- тәрбие үрдісі оқушылардың рухани адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;
- оқушылар рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;
- оқушылар жеке тұлғаның және әлеуметтік мәні бар рухани адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетіне көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе - баланы құрметтеу. Әрбір оқушы өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екендігін түсінуі тиіс деп ойлаймыз. Өзінің оқушысын өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйретпеген мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтынын біледі.

Осы күні педагогикалық білімі жоқ адамдар да білетін ереже – «Тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек». Бірақ кейбір мұғалімдеріміз өзін-өзі тексеріп, өзін-өзі қайта тәрбиелеуде бас тартқандардың жауабы біреу - енді кеш, болары болды дейді. Тағы да сол ұлы ғұламалардың айтқаны бар «Үйрену ешқашан кеш болмайды, ал халқымыз «Ештен кеш жақсы» дейді. Мектептегі тәрбие өз оқушыларын артынан ертіп, еліктетіп әкетуді, онда тек жақсы істермен ғана үлгі көрсетуді көздесе, оның басты жолы рухани-адамгершілік тәрбиесі болмақ.

Егеменді ел жағдайында қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыруға байланысты қазақ халық педагогикасын мектеп тәжірибесінде пайдалану басты проблемалардың бірі болып отыр. Қазақ халық педагогикасының бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктердің жоғары екеніне, бүгінгі заман талабынан шығатынына әр ұстаздың сенімі мол.

Халқымыздың тәлімгерлік мұрасы ұшан-теңіз. Жас ұрпақты тәрбиелеуге Қорқыт ата, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Асан қайғыдан бастау алған қазақ зиялыларының да үлкен үлес қосқан.

Қорқыт - ғұлама ойшыл, философ, сазгер, қобыз жасаушы. Қазақ арасындағы аңыздарда Қорқыт ата - батагөй де сәуегей, атақты музыкант, ойшыл қария. Ол айтқан әр болжам дәл келіп отырған. Адам өмірі, мінез-құлқы, тағдыры жайында кемелді толғаулар қалдырған. Қорқыттың ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын ғақлия сөздер, өсиет-нақылдар, қанатты сөз тіркестері жиі ұшырайды. Қорқыт атаның нақыл сөздері, өсиеттері екшелген ойлардың нәтижесі. Мысалы, «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Қорқаққа қылыш жұмсаудың қажеті жоқ», т.б. қағидаларының ұрпақ үшін маңызы зор. Қорқыт ойларының қорытындысы: «Өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі» дегенді аңғартады [1].

Тарихи болмысы ғаламға мәлім Қорқыт атаның нақыл, ғибраты, аңыз болған сөздері күллі адамзатқа мәңгілік өмір іздеген игі тілегімен бірге халқымыздың ежелгі тарихын, әдет-ғұрпын, тәлім-тағылым жолдарын танытатын рухани қазына.

Ж.Баласағұн 1069 жылы Қашқар қаласында жазған «Құтты білік» дастанында бақыт пен қайырымдылық ұғымына тоқтала келіп, «Адам шапағаты арттағы ұрпақтарға тисе, мұра болып қалса, оның рухани өлмейтіндігі сөзсіз» деген тұжырым жасайды.

Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік ой-пікір тарихының тамыры тереңде жатыр. Халық қағидалары, ұлттық ұғымдар-өміршең, ол халықпен бірге жанданып, өзгеріп, түлеп отырады. Адамзат өмірінің барлық кезеңдерінде тарихи мұраға, өткенге көзқарас үнемі бірқалыпты өткен емес, әрдайым қоғам дамуымен бірге өзгерісте болып отырады. Қазақтың дала заңдары, болжам түйіндері, философиялық тұжырымдаулары халықтың ауыз әдебиетінде көрініс тапқан.

Ауыз әдебиеті халықтық дүниеге көзқарас жиынтығы. Қазақ халқының ертедегі философиялық ой-пікірлері мифтік аңыз, қиял-ғажайып еретгілер мазмұнына арқау болып, уақыт өте халық ауыз әдебиетінің мол мұрасына айналды.

Ұрпақ тәрбиесінде, оқытуда, шала қазақ болып кеткен жастарымыздың жан дүниесін жаңғыртуда ұлттық психологияға халқымыздың аса қадірлі ақыны Абай шығармаларының орны бөлек, жас ұрпаққа жасар әсер-ықпалы мол.

Қорыта келе, халықтық педагогиканың өзі тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдері, іскерліктері және дағдыларының жиынтығы. Соларды игеруде ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармалары арқылы беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерден қалыптасады. Бұл мәселе төңірегіндегі әр түрлі пікірлер, ата дәстүрлер мен салт-жоралғылар, теория мен практика, мәдениет, оқу-білім, дін, тұрмыс, имандылық мәселелері қамтылып бірге көтеріледі. Айрықша атап өту керек: оқу-тәрбие мәселесінің бүгінгі таңдағы жағдайы мен ұлттық тәрбиесі, сонымен бірге оны ұйымдастыруда қазақ этнопедагогикасы тұрғысынан қарастыру қазіргі көкейкесті мәселе, өскелең ұрпақ үшін өмір талабының айғағы екеніне көзімізді жеткізді.

Ал кейінгі кездегі бала тәрбиелеу бағытындағы күрделі өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тұжырымдамасында: «Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру» деген түсінік береді.

Қазір ұлт тәрбиесі арқылы тәрбиелік мәселелерді шешу мақсатында педагогикалық оқу орындарында мұғалімдер дайындалуда. Соның нәтижесінде Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мектептер, оқу орындары жастарды халықтық тәрбиенің қыр-сырымен таныстырып, білім-ғылымға, тәрбиеге сол арқылы қол жеткізеді деп айтуға болады. «...Тегінде ең берекелі, ең парасатты тәжірибе, әрине, халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы зергерлік ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, ұстаздық ойлар болса керек-ті. Бұның аты «халықтық педагогика» [2], - дейді халық жазушысы М.Әлімбаев.

Қоғамның тарихи даму тәжірибесіне сүйенсек, адамгершілік тәрбиесінің проблемалары үнемі жаңа адам тәрбиелеу міндеттерімен байланысты болып келгенін дәлелдейді. Ғасыр өткен сайын ұрпақ тәрбиесі туралы ойлар өз жалғасын тауып үнемі жаңа сапарларға ие болады. Адамгершілік тәрбиесі туралы ұғым қоғамның рухани мәдениетінің көрінісі ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынаста туындайды. Адамгершілік қарым-қатынас үлкеннің кішіге, әке-шешенің балаға, баланың ата-анаға, бауыр-қарындасқа, елге, жерге, Отанға деген махаббатына негізделеді. Ол «ар», «ұят», «ождан», «парыз», «қарыз», «міндет», «борыш», «қадір-қасиет» сияқты моральдық түсініктерден тұрады. Олай болса, адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеті жас ұрпақты - өзі өмір сүріп отырған кезеңден қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығымен тәрбиелеу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы. Алматы, 2005. - Б. 42-48.

2 Тілеужанов М. Ел әдебиеті: Оқу құралы. - Алматы, 1992. - 176 б.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Алмабекова Меруерт Нұрланқызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің магистранты, Тараз қ.
Кожакеримова Меруерт Әдилбековна

№66 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қаласы

Мектеп адамды қоғамның экономикалық, мәдени, саяси салаларында іс-әрекет жасауға даярлайды. Қазақстанның білім беру жүйесі осы мақсатта оқушының тұлғалық құндылығын алдыңғы орынға қоя отырып, оның руханилығын, даралығын, құзыреттілігін дамытуға бағыт алған. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы құжаттары осы саясатты жүзеге асыруда бірқатар қадамдар жасаған.

Қазіргі тәрбиенің басты бағыты – оның көзқарас негіздеріне бағытталуы, тұлға құндылығына қайта оралуы. Педагогика мен практиканың адамға, оны дамытуға, ізгіліктік дәстүрді қайта жаңғыртуға бағытталуы - өмірлік мақсат ретінде танылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін педагогиканың әдіснамасы болып табылатын білім берудің ізгіліктік философиясы қайта жандандырылуда. Осы талапқа сәйкес, педагогиканың әдіснамасы – бұл білім беру философиясының ізгіліктік мәнін белгілейтін педагогикалық таным мен ақиқат шындықты өзгерту жайындағы теориялық қағидалардың жиынтығы.

Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру – қазіргі мектептердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының ролі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді. Ұлттық мәдениет тарихының қайта жаңғырып өркендеуі, халықтың рухани мұрасы мен дәстүрлерін қастерлеу – оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігінің көрсеткіші. Осы өркениетті өзгертіп, оны дәріптеп, дамытатын адам болып табылады.

Адам – адамзаттық, даналық болмысын өз бойына жинақтаған тіршілік иесі. Ал тіршілік иесі - әлемдегі сан алуан халықтың, мемлекеттің, этникалық немесе әлеуметтік топтардың, адамдардың ортақ белгілері мен ұқсастықтарын біріктіретін жалпы адамзаттық құндылық түзетін пенде [1, 33б.].

Ұрпақ бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін үйрете білу, бала жүрегінің бағбаны – ұстаздың қолынан келеді. Тәрбие процесінде жеке тұлғаның, адамгершілік қасиет сапаларын тәрбиелеуде пән мұғалімі мен сынып жетекшілерінің рөлі зор. Түрлі өмір жағдаяттарын әр қилы пайдалана отырып, тәрбиеші оқушының адамгершілік еркін жаттықтырады, оның ой-өрісін кеңейтеді және мінез-құлықтарын байытады. Мұғалім оқушыны күрделі қажеттіліктерге тәрбиелейді: бастаған ісін аяғына жеткізу, оның орындалуына жауапкершілікпен қарауды, тәртіптілікке және ұйымшылдыққа әдеттендіреді. Мұғалім – бала үшін, бала – мұғалім үшін қарым-қатынаста болу адамгершіліктің көзі.

Адамгершіліктің ең жоғары рухани қажеттілігінің бастау көзі – өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынаста, дүниетанымда өзінің шығармашылық қабілетін таныту болып табылады. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің шарттарының бірі – мектеп жасында жеке тұлғаның өздігінен даму заңдылықтарын білу болып табылады. Адамның өзіндік сана-сезімінің көрінісі туралы басқа адамға үңіліп көз тоқтатып, өзін өзгелермен салыстырғанда ғана ол өзін-өзі таниды. Осы орайда адамгершілік тәрбиесінің ойдағыдай табысты болуы жеке тұлғаның өзін рухани дамыту мақсатында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруіне байланысты.

Тәрбие жұмысы – бұл ересектер мен балалардың бірлескен тұрмыс-тіршілігін ұйымдастыру жолындағы мақсатты түрдегі іс-әрекетті, оын педагогтар ұжымы немесе педагог жүзеге асырады, олардың өзін-өзі толық қалыптастыруы мен дамуын мақсат етеді. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру мектептің әлеуметтік қарым-қатынасын, отбасының ынтымақстатығын көздейді және ол гуманистік қарым-қатынас пен қолайлы адамгершілік-психологиялық ахуал орнатуды мақсат етеді.

Білім беру жүйесінде жаңа сипаттағы оқу орындарының пайда болуына байланысты, кейбір дәстүрлі тұрғыдағы білім беретін жалпы орта мектептердің педагогикалық әрекеті өзгеріске ұшырауда. Соған сәйкес сынып жетекшісі қызметінің мазмұны мен сипаты да өзгеруде: пән мұғалімі бір мезгілде сынып жетекшісінің қызметін атқарушы; сынып

жетекшісі, аз мөлшерде оқу жүктемесі бар пән мұғалімі; сынып жетекшісі, тек тәрбие жұмысымен айналысатын мұғалім; сынып тәрбиешісі (кейбір оқу мекемелерінде пайда болған жаңа қызмет). Сынып жетекшісінің баланың болашақтағы талабы мен қабілетін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды (қауіпсіздігі, қозғалуы, көтеріңкі көңіл-күйі, т.б.) құру; қазіргі және болашақтағы ересек өмірінде өзін-өзі дамыту, өзін-өзі анықтау және өзін іс жүзінде көрсету дағдысын, білімін, біліктілігін әлеуметтік қолайлы тәжірибенің көзі ретінде тұлғалық және қоғамдық маңызды алуан түрлі шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру тәрбиелік іс-әрекетінің негізгі мақсаттары болып табылады.

Аталған тәрбие процесін ұйымдастырудың формаларына жеке-жеке тоқталатын болсақ, оның негізгі түрі – сынып сағаты.

Кейінгі кездері сынып сағаттарын өткізу күн ілгері мектеп кестесіне енгізілетін болып жүр. Олар әдетте аптасына бір рет белгілі бір күнде өткізіледі. Ол 20-30 минутқа, ал кейде бір сағаттан астам уақытқа созылуы мүмкін. Барлығы сынып сағаттарының сипатына, мақсатына, оқушылардың жасына байланысты. Бұл жерде оқушылардың сынып жетекшісінің еркін қарым-қатынасы басым болады. Сынып сағаттарының тақырыптары сынып жетекшілерінің жоспарларында белгіленеді. Олар, негізінен, идеялық-адамгершілік тәрбиелері, мәдени мінез-құлық мәселелеріне, газет-журналдардағы ең актуалды мақалаларды, жаңа кітаптарды, спектакльдерді, кинофильмдерді талқылауға, өмірі қызық адамдармен кездесулер өткізуге арналады. Кейбір жағдайларда күні бұрын жоспарда қарастырылмаған сынып сағаттары өткізіледі. Олар ағымдағы оқиғаларға, сыныптағы төтенше жағдайларды талқылауға, сынып жұмыстарының қорытындыларын шығаруға арналады. Кейде сынып сағаттары оқылған газет-журналдарды шолу, сынып өмірінің түрлі мәселелерін талқылау түрінде өткізіледі. Егер сыныпта оқушылар ұжымының өмірі мен қызметі жақсы ұйымдастырылса, онда сынып сағаттары қызықты, мазмұнды өтеді.

Сынып сағатын жақсы өткізу сабақты жақсы бергеннен гөрі әлдеқайда қиын екенін ескерген жөн. Бұл жерде көп нәрсе сынып жетекшісінің шығармашылығына, оқушылар белсенділігінің даму дәрежесіне байланысты. Егер бір сынып сағаты екіншісіне ұқсамаса, егер олардың мазмұны әр түрлі және сыныптың күнделікті өмірімен байланысты болса, онда жақсы.

Сынып сағаттарын үйрету мен уағыз үшін, «сөгіс» пен өсиет айту үшін пайдаланбаған жөн. Тәжірибелі сынып жетекшілері оқушылар сол сәтте өздерін тәрбиелеп жатқанын сезінбеуіне талпынады. Өмірге және төңірегіндегі адамдарға дұрыс көзқараста болу, оқушылардың өз міндеттеріне жауапты қарауы мектеп өмірінің бүкіл құрылысын қалыптастырады.

Сыныптан тыс жұмыстың мәні жоғары. Кеңейтіліп жүргізілген сыныптан тыс жұмыстың тәрбиелік, дамытушылық, білімділік маңызы зор.

Сыныппен жаппай жұмысты ұйымдастырудың басқа да формалары қарастырылады. Жаппай жұмыстарға оқырмандар конференциялары мен пікірталастарды, атақты адамдармен қызықты кездесулерді, кинотеатрға, театрға, мұражайларға ұжымды түрде баруды, өлкетану жорықтарын және т.б. жатқызуға болады. Сонымен бірге, мектеп оқушыларының ғылыми көзқарасы мен адамгершілік негіздерін қалыптастыру еңбек тәрбиесімен ұштастырған жағдайда неғұрлым сәтті өтеді. Осының бәрі балалар ұжымындағы достықты және адамгершілікті нығайтуға, қиын оқушыларды қайта тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Сыныптан тыс ұжымдық жұмыс формаларының тағы бір түрі жасөспірімдер және балалар клубтары. Оған тәрбиелік жұмыстар жүргізетін спорт секциялары, ғылымның, техниканың, өнердің жеке салаларына бейімділігі бар оқушылар үшін тілектеріне орай клубтар – жас техниктер, құрылысшылар, химиктер, ауыл шаруашылығы механизаторлары, табиғат, музыка, өнер әуесқойлары, жас әдебиетшілер, тарихшылар, фото және радиоәуесқойлары, туристер, филателистер, жас аңшылар, балықшылар клубтары жатады.

Клуб жұмыстарының мазмұны мен формасы олардың бейіндеріне байланысты анықталады. Мәселен, оқушылардың көптеген клубтарында мораль-этика тақырыптарына диспуттар ұйымдастырылады, оқырмандар конференциялары, тақырыптың кештер, әдебиеттік оқулар, концерттер, спектакльдер, түрлі конкурстар, байқаулар, көрмелер, олимпиадалар өткізіледі. Осының бәрі оқушылардың шығармашылығының, өнертапқыштық қабілетінің дамуына, оларды тәжірибе мен зерттеу жұмыстары дағдыларымен қаруландыруға мүмкіндік жасайды.

Сыныптан тыс оқушылармен жеке жұмыстар да жүргізіледі. Ол балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда сынып жетекшісінің қызметінде елеулі орын алады. Негізінен оқушылар ұжымына сүйене отырып, ол жеке оқушылардың ерекшеліктерін, олардың ынта-ықыластары бейімділігін ескереді.

Әрине, бәрін күн ілгері көре білу қиын, сондықтан кейде жоспарда қарастырылмаған жұмыстарды жүзеге асыруға тура келеді. Сынып өміріне дереу араласуды, педагогикалық ықпалды талап ететін көптеген оқиғалар болып жатады. Егер сынып жетекшісі сынып оқушылар ұжымының қоғамдық пікіріне сүйенсе, бұл ықпалдың тиімділігі едәуір артады. Мәселен, оқушы тәртіпті бұзды делік. Оның қылығын айыптап, оны қайталауға жол бермеу туралы ескеру қажет. Егер ол түзелмей, тәртіпті бұзуды одан әрі жалғастыра беретін болса, сынып ұжымының көмегіне сүйенуге тура келеді. Мұндай оқушының тәртібін сынып жиналысында талқылауға немесе оның қылығын қабырға газетінде айыптауға болады. Жолдастарының, сынып ұжымының әсері аса күшті келеді.

Жаппай және жеке тәрбие жұмысын жүргізе отырып, сынып жетекшісі сонымен бірге оқушылардың жеке топтарына педагогикалық ықпал жасайды. Ол сыныптың белсенді тобын іріктейді және біртіндеп қалыптастырады, белсенділерді жинайды және солармен ақылдасады. Мәселен, мектеп жанындағы учаскедегі жаппай жұмысқа немесе экскурсияға, туған өлке бойынша жорыққа дайындалғанда, ол алдын ала белсенділермен әңгімелеседі, жұмыс немесе экскурсия, өлке тану жорығы кезінде оқушыларды ұйымдастыруға байланысты жеке тапсырмалар береді.

Кейде сыныпта шағын ұжымдар болады. Әдетте олар ортақ мүдде және ортақ іс негізінде құрылады (марка жинау, көгершіндер өсіру, модельдер жасау және т.б.). Сынып жетекшісі мұндай ұжымдардың жұмысымен танысып, оларға дұрыс бағыт беріп отыру керек. Әсіресе, пәндік үйірмелер (әдебиет, тарих, жас физиктер, математиктер, химиктер және т.б.) кең тараған. Бұлар қызықтыратын оқу пәні бойынша білімдерін тереңдетуге және кеңейтуге, практикалық дағдыларымен және шеберліктерімен қаруланuына, шығармашылық қабілетті дамытуға көмектеседі.

Сонымен қатар, сынып жетекшілері оқушылардың көркемөнерпаздар үйірмелеріне (драмалық, музыкалық, хор, хореография, және басқалары) қатысуын да қуаттайды. Шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін, өнердің алуан түрлеріне тарту үшін мұнда кең мүмкіндіктер жасалады. Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысу таланттардың табылуына және олардың өнерін ұштай түсуіне жәрдемдеседі, мектеп оқушыларын өнер саласында кәсіби мамандық алуға даярлауға көмектеседі[2,102б.].

Мектептердегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың барлық сан алуан формаларын санап шығу қиын. Ертеңгі күні қоғам дамуының бар тетігін қолына алатын ақыл-ойымен, парасат-білігімен ұшталған жеткіншек ұрпақ тәрбиесін тасада қалдырмау көпшілік бұқараның міндеті екенін есте ұстауымыз керек. Бұл мәселе жөнінде «Бөбек» балалар қорының президенті С.Назарбаеваның қолға алған идеясы, «Өзін өзі тану» пәнінің қосып отырған үлесі мол. Баланың жеке басын қалыптастырудың жаңашыл әдістеріне негізделген жаңа жобаның мақсаты – жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы жөніндегі отандық бағдарлама жасап, оны балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтағы үздіксіз білім беру үрдісімен үйлестіру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төлеубекова Р.К. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: пед.ғыл. канд., дисс., – Алматы, 1994. – 162 б.
2. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми педагогикалық негіздері. – Алматы: Комплекс, 2000. – 280 б.

М.Ж. КӨПЕЕВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Құрман Дана Мадиқызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2 курс магистранты
Абирова Рысбүбі Жадиковна
Ж. Баласағұни орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Шу ауданы, Жамбыл облысы

Қазақтың біртуар азаматы, өз заманында халқының сый-құрметіне бөленген білімпаз, дана, әдебиетші, діндар, философиялық жеке ой-түйіндері бар ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылық еңбектерінің мазмұндық құрылымындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері мен идеяларын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеп, қарау – уақыт пен заман талабынан туындап отырғандығы анық.

Ойшыл, ғұлама, ағартушы ақынның өмірлік ұстанымы турашылдық, тура айту болды. Ақты қара, қараны ақ демегені үшін ел билеушілеріне жақпағандығы да белгілі. Шындықты айту, жазу арқылы өз заманында тартқан азабы да аз емес-тін. Бұл туралы төмендегі өлең жолдарында ақын-ағартушы:

Туысқа тура жолды айтамын деп,
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай [1, 17б.], - деп ашық айтады.

Мәшһүр Жүсіп қазақ ақындарының ішінде алдыңғылардың қатарында болып, Ресей орталығында өтіп жатқан саяси оқиғаларға көңіл аударып, оларға баға берген. Бұл турасында, ғалым О.Қоңыратбаевтың өзі Мәшһүр Жүсіп XX ғасырдың басындағы ақындардың өте-мөте көрнектісі, саяси тәртіпті одан батыл сынаған ақын жоқ екендігін ерекше атаған болатын[2].

Мәшһүр Жүсіп халықтың басына түскен зорлық-зомбылық пен қиянатты ерекше шынайылықпен былай суреттейді:

Сөйлесе жұрт пайдасын білген ерлер,
Хакімдер атып тастар көзін жойып.
Қалайша Россияның әділдігі,
Мүшелер, терімізді малша сойып [1, 49б.].

Ол білімді, озық ойлы адам, парасатты ой иесі ретінде елді Алла, әділдік жолын ұстануға үгіттейтін молдалардың, дін басылардың ішінде сауатсыз, діни ілімнің мазмұнын аша білмейтіндіктерін әшкерелеу арқылы оларға наразылығын ашық айтқан. Мәселен, төмендегі өлең жолдарында:

Молдалар пайдалы іске уағыздамай,
Керексіз ұсақ сөзбен бақылдасқан [1,60б.], – деп жазғандығынан айқын көре аламыз.

Осылайша ағартушының иман, молда, қожа сияқты дінді ұстанушы көшбасшыларының жаман мінез-құлық, іс-әрекет, тірліктерін қатты сынға алуына ең алдымен оның жәдидшілдік көзқараста болуы себеп болса, екіншіден, ол ислам дінін уағыздаушы дін өкілдерін халықты

имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін көзі ашық топ деп қарастырып, оған қоғамның рухани жүгін арқалайтын зиялылық биіктен көрінуі қажет деген талабы да болатын.

Ағартушы осындай имансымақтардың кесірінен иманның рухани құлдырауға түскеніне күйінеді. Дін шапанын жамылып жүрген алаяқтардың алдауына түскен халыққа жаны ашиды. Мәшһүр Жүсіп дін иелерінің пайдакүнем, арамза, арсыз іс-әрекеттерін аяусыз әшкерелейді. Дін бұзар, дүмше дін иелерінің ашкөздігі мен дүниеқорлығы, тілемсектігі мен тыйымсыздығын батыл айыптайды. Дін арқылы елді тонауға, мал табуға ұмтылған надан молдалардың арам пиғылдарын жайып салады.

Осылайша адамдардың сенімін, руханилыққа бағытталуын жеке басының мүддесі үшін пайдаланып, жақсы іске зиянын, кесірін тигізіп жүрген молдалар мен ишандардың топастық пен екіжүзділік, дүниеқоңыздық пен парақорлық, сұраншақтық пен арсыздық жолын ұстанған іс-әрекеттерін дөп басып айтып, айқын көрсете білді. Халықтың сенімін өз пайдасына асырып, адамдарды рухани құлдықта, надандық торында ұстап, халық есебінен пайда көруді мақсат еткендерді қатты сынға алды. Мәшһүр Жүсіптің күйініп, сын айтуының себебі, біздің ойымызша, сол замандағы мектеп пен медреселер білім мен тәрбие ошағы болса, молда, имам, ишандар ұстаздың функциясын атқарған болатын. Сондықтан, қоғамның дамуы да, құлдырауы да, оларға тікелей байланысты деп есептеді.

Ресейлік патша өкіметінің ұстанған отарлау саясатына қарсы көзқарасын тек бір жақты оқу-ағарту саласында ғана білдірген жоқ, оның әлеуметтік-экономикалық жақтарында да жан-жақты ашып, тұжырымдап айта білді. Сондай-ақ, ол қазақ елін өз жеріне өзі қожа, өз алдына ел болып, мемлекет болуы, егемендікке ие болуының бастапқы шарттарын түсіндіруге ұмтылды.

Мәшһүр Жүсіп осыдан кейін халықты рухани тәуелсіздікке жетелейтін жолдардың бірі – тек білім-ғылымды меңгеру екендігіне сенді. Рухани тәуелсіздік жолында тұрған қиындықтардың бірқатарын ашып көрсетуге тырысты.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев Шығыс халқының, оның ішінде, әсіресе, туған халқының тарихына, көне дәуірден қалыптасып, дамып келе жатқан мәдениетіне, рухани мұраларына аса қызығушылық көрсетіп, оған үлкен мән берді. Ағартушының бар арманы өз халқының мәдениетін жаңа деңгейге көтеріп, жалпыадамзаттық мәдениетпен теңестіріп, оның құрамды бөлігі ретінде көрсету еді. Бұның басты себептерінің бірі – сол кездегі патша үкіметінің, халықтың ана тілінің, мәдениетінің, тарихының еркін дамуына мүмкіндік бермеу саясаты болатын. Ондағы мақсат халықтың тарихи санасын өсіру еді.

Ойшыл-ақынның жалпы және педагогикалық дүниетанымы Қазақстан тарихында орын алған өзгерістер кезеңінде қалыптасты. Ағартушының гуманистік идеясының басты парадигмасы – дәуірдегі Адам мен Адамзаттың мән-мақсаты және оның жақсы өмір сүруі болып табылды. Оның шығармашылығындағы адамдар арасындағы әділеттілік негізінде құрылған адамгершілік қарым-қатынастар идеясын және қоғамдағы әлеуметтік, әділеттілік пен демократияны орнықтыруды, ол оқыту мен тәрбиені дұрыс жолға қою арқылы жүзеге асыруға болатындығын дәлелдеуге тырысты.

Ол адамзат қоғамының ілгері дамуының объективті қажеттілігі ретінде жастардың білімділігі мен адамгершілік тәрбиесін атап көрсетті. Қоғамды дағдарыстан шығару, бұрынғы жойылған мұраттардың орнына жаңа мақсаттарды іздестіруді тәрбиенің алдындағы тұрған басты міндеттердің бірі ретінде күн тәртібіне қойды. Осыдан кейінгі орынға жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесін шығарды.

Олардың алдыңғы зиялы топтан артықшылығы – тығырыққа тірелген өмірді түсініп қана қоймай, оны өзгертуге ұмтылды. «Қазақ» газеті (редакторы А.Байтұрсынов) мен «Айқап» журналының (редакторы М.Сералин) айналасына топталған қазақ зиялылары халық тарихы мен қазақ әдеби тілінің, ұлттық мәдениеттің дамуы, қазақтың көшпелі экономикасының жаңаруы үшін күресті.

«Ол өз ауылына келген соң көп уақытқа дейін ұстаздық етеді. Балаларға тек дін сабағын үйретіп қоймай, оларды халықтың ауыз әдебиетіне, музыкасына, қолөнеріне де бейім тұратындай етіп, жан-жақты тәрбиелейді. Балалардың әр нәрсеге зер сала білуін, ойлана сөйлеп, байыпты да тындырымды болуын дамылсыз қадағалайды. Мәшһүр өз шәкірттеріне қандай тәрбие берді, оларды қалай оқытты? Бұл жайында жазған ой-толғаныстарын ақынның «Ғылым-білім» деп аталатын еңбегінен табуға болатынын аңғардық [3].

М.Ж.Көпеев білім тек еркектерге ғана емес, әйелдерге де керек деп санады. Сонымен бірге, ол әйелдер қоғамда болып жатқан өзгерістерден бейхабар, сыртқы өмірден оқшауландырылғандықтан, әйелдерге білімнің қажеттілігін баса көрсетті. «Егер ақылға салып ойласаң, әйелдерге ғылым өте қажет» -деп жазды М.Ж.Көпеев. Өйткені, бар тірлік соның мойнында және жас ұрпаққа алғашқы тәрбие беру де – соның қолында. Бұған қоса, ақын әйел отбасына онша көңіл бөлмейтін, кәсіппен қаңғып жүретін күйеуіне де әсер ете алады», - деген әйелдердің білім алуы туралы, жас ұрпақты тәрбиелеудегі әйелдің рөлі туралы пікірлері, қазақтың некелесу салт-дәстүрлерін сынауы, бұлардың барлығы да сөзсіз ғұлама шығармашылығындағы озық ойлар негізінде, оның өмірге деген көзқарасы мен дүниетанымының өзіндік орны бар екендігін білдіреді. Және бұндағы көзқарастары мен дүниетанымы исламдық діни талаптардың мазмұндарымен үйлесіп жатқандығын аңғаруға болады.

Ол оқыту мен оқу іс-әрекетіндегі білімді игеру үдерісінің сапасын анықтайтын, ішкі, сыртқы ықпал етуші факторлардың бірлікте болуы жөніндегі заңдылықтардың ескерілу қажеттілігіне көңіл аударды:

Баланы оқуға бер жас басынан,
Алланың құр қалдырмай олжасынан.
Жұғуы бұл ғылымның, молда, бала, ата-ана,
Төртеуінің бірдей болған ықыласынан [1,24б.].

Педагогикалық құбылыстағы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі білім алушы – шәкірттің өз іс-әрекеті мен оған жасалатын педагогикалық ықпал арасындағы үйлесімділікке бағытталған ұстанымдық-қағиданы ескеруді қажет ететіні бала тәрбиесімен айналысатын ғылымдардың ұстанатын басты заңдылықтардың бірі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық жүйедегі ой толғамдары – оның жеке өмірлік тәжірибесі мен бала оқытудағы мұғалімдік қызметінің жемістері. Әрине, қазіргі педагогика және психология ғылымындағы анықталған заңдылықтар мен ұстанымдық-қағидалар ғылыми айналымдағы ұғымдық-атаулармен айтылмағанымен де, негізгі ой-тұжырымдарының үйлесімді екендігі анық байқалады. Бірақ, ағартушы-педагог шығармаларының мазмұнында орын алған тәлім-тәрбиелік мұраларының озық ойлы пікірлер болғандығына ешкімнің күмән келтіре алмасы анық және бүгінгі педагогика және психология ғылымының заңдылықтарына сәйкес келеді. Оның озық ойлы ой қорытындыларының жүйесі мен бағыттық мақсаты - өнерді, білім мен ғылымды қадір тұтқан жеке тұлғаны қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Көпеев М.Ж. 10 томдық шығармалар жинағы. Т1. – Павлодар, 2023. – 274б.
2. Қоңыратбаев Ә. М.Ж.Көпеев лирикасы. // Қазақ әдебиеті. – 1959. – 19 июнь.
3. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы жайлы ой-пікірлер [электронды ресурс] URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/mashur-zusip-sygarmasylygy-zaily-oi-pikirler__21447 (қаралған күні 08.12.2024)

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Сейлханова Баян Сарсембаевна Серикбаева Гульжан Бескемпировна
Учители начального класса средней школы №28 имени А.Молдагуловой, г. Тараз

Начальное образование в школе – это первый уровень обучения детей 6-10 лет. Это стартовые 4 года в школьной жизни ребят, когда зарождаются базовые навыки чтения и письма. Важно, чтобы рядом с детьми был человек, который умеет найти подход к каждому ребенку и знает, как научить вчерашних детсадовцев главным навыкам. Кроме духовного и интеллектуального развития, учитель начальной школы общается с родителями воспитанников, готовит отчетную документацию для руководства и занимается планированием образовательной деятельности.
По аоводу эього великий педагог В. А. Сухомлинский так сказал: «Все другое в школе становится реальным и достижимым лишь тогда, когда человеку хочется учиться, когда в учении – в том, что он ходит в школу, читает, пишет, познает, — он чувствует радость и обретает человеческую гордость»[1, 28б.].

Образовательный процесс в современной начальной школе ориентируется на развитие творческих возможностей ребёнка и формирование способности учащихся к самообразованию. Важнейшим приоритетом начального общего образования становится формирование универсальных учебных действий, уровень освоения которых в значительной мере предопределяет успешность всего последующего обучения. Поэтому одной из острых проблем в программе образования является гуманизация образования. Трудно ли детям учиться? Существует два взгляда. Одни считают, что учеба, особенно в начальных классах, совсем не трудна. Другие — наоборот, считают, что учеба — это нелегкий труд, который обязательно, сопровождается переутомлением. Не для кого, не секрет, что учителя часто слышат от родителей, мол, ребенок не запомнил, забыл записать, потому что был невнимателен. А ведь в начальных классах, так важно научить ребенка учиться и не просто учиться, а с интересом.

Конечно, учеба для ребенка – нелегкий труд, но утомления, а тем более переутомления можно и нужно избежать. Но возможно это только при такой организации учебного процесса, где учащиеся – активные соучастники урока. Активное участие в проведении урока улучшает дисциплину, повышает активность и чувство удовлетворения. Ориентация обучения на системное развитие творческой активности и самостоятельности ребенка, на формирование у него познавательного интереса создает условия для разных подходов в конструировании уроков начального обучения. Хочу, чтобы каждый из моих учеников ощущал себя не только обучающимся, но и самостоятельно действующей личностью. Творчество учителя – творчество учеников. Дети – барометр урока[2].

Все мы понимаем, что на уроке должен работать каждый ребенок, и не просто работать, а в силу своих способностей и с интересом. Первой попыткой, дать каждому ученику высказаться на уроке баз стеснения и с достоинством, стала методика «Шпаргалка». Этот прием запоминания можно использовать при работе с разнообразным материалом на любых уроках. Схематизация позволяет развивать операции обобщения, способствует формированию логического мышления, развитию воображения, представления и творческих способностей. Детям с большим трудом дается пересказ, где много названий насекомых, многие из которых дети слышат впервые. На помощь приходит «Шпаргалка» — изображение текста в рисунке. Домашнее задание: подготовить пересказ по рисунку. Урок удался. Первые ученики пересказывали неуверенно, но потом начали экспериментировать – пересказывать по рисунку соседа. Ученики почувствовали уверенность в своих силах и

перестали бояться. Очень трудно заставить ученика выучить то, что трудно, но каждый ребенок нарисовавший «часть речи», уже почувствовал, понял, самостоятельно нашел и выделил существенные признаки. При ответе ему осталось перевести правило с «языка» рисунка на язык слов, и дети это делают с большим увлечением. Вначале ученик воспроизводит правило, опираясь на листок, но со временем он ему становится, не нужен. «Шпаргалками» разрешено пользоваться и на уроках литературного чтения, познания мира и т.д.

Прием «Объединения в рисунке основных черт изучаемого явления, предмета части речи». Понятие «Части речи» дается детям с трудом, много новых терминов и понятий. С целью активизации познавательной деятельности по темам части речи мы используемся опорные схемы. Но это не схемы, в прямом смысле этого слова. Это рисунки, которые рождаются на глазах детей и при помощи детей. С помощью рисунков учим выделять главное, т.е. существенных признаков и отличать от несущественных. Эти рисунки помогают сформировать у детей обобщенное представление о конкретной части речи и в то же время выделить главные, только ей присущие, признаки. С учетом своих возможностей, без заучивания правил дети осознали новые понятия, связи и отношения, сумели развить доказательность и логическую последовательность. Это значит, что рисунок решал проблему творчества на разных этапах усвоения, непосредственно на уроке.

При изучении темы «Вода» на уроке «Познание мира», ученики представляли себя капелькой воды и вели рассказ от ее лица. Эти приемы помогают раскрыть каждого ребенка, помочь ему именно в том месте, где он затрудняется. И, наверное, самое главное– это то, что дети не боятся трудностей, они знают, что есть много приемов запомнить материал, даже самый сложный. Метод «Кардиограмма». Уже давно доказано, что материал, вызывающий эмоции, запоминается быстрее, прочнее и охотнее. Этот метод используют на уроках чтения. Прежде, чем приступить к работе над текстом. Надо объяснить детям, что пульс – «толчок», сокращение сердца, периодическое расширение кровеносных сосудов, видимое глазами и определяемое на ощупь. Если положить пальцы на артерии, то можно остановить частоту, ритмичность пульса. Когда человек спокоен, то и пульс спокоен, если человек страшно радуется пульс учащается. в медицине есть аппарата, с помощью которого можно увидеть пульс сердца. Попробуем «пощупать» нашего «пульс текста». В 1 и во 2 классах текст не обязательно делить на смысловые части, можно проверить работу с абзацами. Прочитали абзац, показали на схеме, какие эмоции он у вас вызвал. После прочтение всего текста у нас получится ломаная, которая будет соответствовать эмоциям, которые ребенок пережил вместе с героями. Ничего, что кардиограмма у каждого ребенка будет немного отличаться. Каждый воспринимает произведение по своему. Следующий этап – работа в парах (группах). Дети должны сравнивать свои кардиограммы и найти общие положительные и отрицательные точки и объяснить их. Для учеников, которые затрудняются пересказывать «кардиограмма» может послужить «шпаргалкой». Т.е. при пересказе у доски они могут иметь ее при себе.

На всех темах перед чтением текста проводится вступительная беседа, учитель должен делать акцент на внимательное чтение текста. После чтения работа может быть проведена как устно, так и письменно. Ученики получают задание: составить свой текст (придумать свою задачу) к определенной схеме. Учитель поясняет, что текст ребенок сочиняет и пишет для своего соседа по парте. поэтому текст должен быть написан красиво и правильно. На следующем уроке дети обмениваются задачами и решают их. После этого происходит взаимопроверка. Если это завершающий этап при решении этого типа задач, то учитель может собрать тетради, перепроверить и выставить оценки. Это проверочная работа при которой дети сами себя проверяют. Можно составлять как текстовые математические задачи, та и геометрические. Ребятам очень нравится выступать как в роди составителя задачи, так и в роли учителя. Статья – это попытка рассмотреть вопросы, связанные с

развитием младшего школьника на основе личностного подхода через различные формы учебного процесса, который поможет учителю повысить эффективность учебного процесса. У учеников, обучающихся с первого класса, уровень техники чтения высокий, количество учеников читающих выше нормы остается стабильным. Пересказом овладели все ученики, каждый в зоне своего ближайшего развития. Психолого-педагогические исследования показали, что уровень познавательных способностей за 4 года обучения развивался и перешел из одной стадии в другую, более высокую. А уровень тревожности в 1 классе снизился с 18% до 3%. А главное, это то, что дети живут в классе живой серьезной жизнью, делятся друг с другом своими мыслями и переживаниями, совершают удивительные открытия и активно влияют на то, что и как они изучают. Ученики перестали бояться отвечать, умеют отстаивать свое мнение, пытаются реально оценивать свои возможности, отвечают за свои слова и поступки. Результаты работы соответствуют поставленной цели и задачам. Каждый ребенок обучается в зоне своего актуального развития без психологического давления на личность ученика.

Наши педагогическое кредо: Как нельзя сделать человека счастливым против его воли, так невозможно научить человека, который не хочет учиться. Мы, учители начального класса должны на так организовать учебный процесс, чтобы ученик хотел учиться.

Использованные литературы:

1. Сухомлинский В.А. / сост. Г.Д. Глейзер. - М. : ИД Шалвы Амонашвили, 1997. – 224 с. –
(Антология гуманной педагогики).
2. https://infolesson.kz

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ТАЛАПТАРЫНЫҢ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Каработонова Мейрамкуль Алтмышовна, Сейсембаева Райхан Еренсизовна
Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері, Тараз қ.

Жаңа ғасыр басталғалы адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы шиеленісе түсуде. Бір жағынан барша саланың ғаламдануы, екінші жағынан рухани азғындану бас көтеріп, үдейе түсті. Бүгінгі күнде еліміздегі күннен күнге нашақорлық, маскүнемдік, жұмыссыздық тағы басқа да қоғамға теріс қылықтар жалпы тәрбие процесінің күрделенгендігін және оның қажеттілігін байқатады.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың халыққа Жолдауында елімізді одан әрі жаңарту мен демократияландыру үшін қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан әрі дамыта беруге аса көңіл бөлу қажеттігі баса айтылып, білім жүйелеріндегі осыған орайлас жаңарту мен «жұлқыну» үдерістері осы мақсатқа жұмылдыруда. Бәсекеге қабілетті білім беру ең алдымен ізгілікті тәрбиемен ұштастырылу тиістігі ескертіліп, негізгі мазмұн осы арнаға бағытталуда. Әсіресе, ұлттық негізде тәрбиелеп, өскелең ұрпақты тәуелсіздігіміздің тірегі деп бағалап, аманаттау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелеріне айналуда.

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы - қазақ халқының салт-дәстүрлері болып табылады. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн-жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, сенімдер өмірде қолданылып келеді.

Қазіргі кезде қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты арнайы дәрістер жүргізу абзал. Өйткені, салт-дәстүрлер ғасырлар бойы жинақталып, адам өмірінің барлық жақтарын қамтиды. Сондықтан да әрбір адам өз халқының аясында өмір сүруі қажет.

Аталар сөзі - тәлім-тәрбиенің көзі деп тегін айтылмаса керек. Кез-келген ата-ана өз баласына ата-бабамыздан қалған өсиет сөздерді мысал ретінде келтіріп ұлтжандылыққа

тәрбиелеп отыруы тиіс. Ұлттық тәрбиені мектеп тәрбие үрдісінде де кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне демеу болу - парызымыз. Тәрбиені әуелі өз отбасымыздан бастауымыз қажет.

Біздің салт-дәстүріміздің мәнін арттыра түсетін өміршең жырдың бірі - бата тілек. Өз туған топырағымыздан жаралып, өз жеріміздің табиғатынан нәр алып, шынайы халықтық сипатқа бөленіп, салтымызға сіңіп кеткен, алайда кез-келген жайға арналып айтыла бермейтін бата-тілектің қарапайым тәрбиелік, тағылымдық мәнінің орасан зор екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Бата-тілектердің өзіндік сөздік жүйесі, ұлағаттық үлгісі, мағыналық мәні болған. Мәселен:

«Алтыннан болсын жағаң,
Күмістен болсын тағаң.
Тасқа тары өнгенше,
Таршылық көрмеңдер!
Мұзға бидай өнгенше
Мұңшылық көрмеңдер!
Жүздерің жайнап
Толған айдай өрісті болыңдар» [1], - деп келетін мазмұны жағынан сан түрлі болып келетін бата-тілектер халық арасына кеңінен тараған. Халық ақындарының белгілі бір өмір жайына, тіршілік сабағына ой тоқтатып, бата-тілек арнамағаны кемде-кем.

Халықтың өміршең әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері арқылы жастарды тәрбиелеу бір ғана адамның, бір ғана мезгілде атқарар міндеті емес екенін, жалпы жұртшылықты жұмылдыра қолға алып, кейінгі ұрпағына ұлттық, халықтық, тарихи, мәдени мұраны жеткізу арқылы ғана халық, ұлт өз ошағының отының өшпеуін қамтамасыз ететінін, әрбір саналы азамат жете түсініп, ойластыруы тиіс. Ата-бабаларымыздың рухани байлықтары мен тәжірибелерін, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерін бойларына берік сіңірген ұрпақ қана Отанына жаны ауырып, абырой әперетіндігі ақиқат.

Дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып - жалпының ортақ игіліктері. Өйткені, өз елінің, халқының ортасында өмір сүре отырып, оның салт-сана, әдет-ғұрыптарынан тысқары тұратын адам жоқ.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы - оның халық педагогикасы, яғни ауыз әдебиеті мен ұлттық салт-дәстүрі болып табылады. Тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, әсіресе, жан азығына баса көңіл бөлген халқымыз өміртануды дүптеп, оның философиялық заңдылықтарын терең ұғынған.

Қайырымдылық, мейірімділік, үлкенді сыйлау, кішіге ізеттілік білдіру сияқты жақсы әдеттерді бала тәрбиесінің басты құралы деп есептеген қазақ халқы тәрбиенің түрлерін бір-бірімен байланыстыра отырып дамытты.

Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі дәстүрлерін талдап қарайтын болсақ, «дін», «халықтық тәлім», «ғылым» арасындағы сабақтастықты айқын аңғаруға болады. Олай дейтін себебіміз, қазақ тәрбиесінің бастау көздері діннен алынған десек қателеспейміз. Қазақта бала тәрбиесі ана құрсағынан басталады. Әйтсе де, оның жарық дүниеге келіп, адамзат қоғамындағы қарым-қатынасы ең алдымен кіндік кесу, шілдехана, бесікке салу, балаға ат қою секілді дәстүрлермен жалғасып, біртіндеп оның ересектермен қарым-қатынасындағы талаптары күшейе түседі.

Ислам шарттарына жастарды үлкенді сыйлауға тәрбиелеу, қайырымдылық пен ізгіліктің дәнін себу арқылы жағымды қарым-қатынас жасау мәселелері былайша қарастырылады: «Сіздердің біріңіз бір жаманшылықты көрсе, қолымен кедергі болып өзгертсін. Егер қолымен тыюға күші жетпесе, тілімен өзгертсін. Оған да күші жетпесе, онда жүрегімен кедергі болып көрсетсін» [2], - деген.

Бұл өсиеттен Пайғамбарымыздың жамандыққа төзбеу, оған бейтарап қарамау, соның нәтижесінде жастарды ізгілікке, адамгершілік пен қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырғандығы айқын көрінеді. Ол ең алдымен ой сауаттылығы яғни ізгі ойды

қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің қалыптасуынан басталатындығының дәлелі. Ондай адамдық қарым-қатынастық талаптарын мынадай мысалдан аңғаруға болады: Бір күні пайғамбарымыздың қасында сұхбатын тыңдап отырған адамдардың жандарына әңгімелесу үшін бір қария келеді. Сахабалар қарияға орын беруге тырыспайды. Олардың бұл әрекетін байқап отырған пайғамбар «Кішіге мейірім, үлкенге құрмет көрсетпеген кісі біздерден емес», - дейді. Осылайша үлкенге құрмет көрсетпеген адам мұсылман емес деген талап қою арқылы жастарды үлкенге құрмет көрсету міндет етілген. Сол сияқты пайғамбарымыздың құзырына бір кісі келіп бір мәселе жайлы сұрамақ болады. Сөзді олардың ішіндегі ең кішісі бастамақ болғанда, пайғамбар оның сөзін бөліп: «Алдымен үлкеніңіз сөйлесін», - деп бұйырады. Осыдан мұсылманшылықта үлкен тұрып кіші сөйлемейтін қағида пайда болды.

Әйтсе де, ата-бабаларымыздың бала тәрбиесіне байланысты тәжірибесі бай болғандығына қарамастан, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде неге олқылықтар кездесіп жүр деген де сұрақ туындайды. Ата-бабаларымыз тәлімдік дәстүрлерді ғылыми тұрғыда пайымдап қолданса да, бүгінгі күнге дейін сабақтастығы жалғаспай үзіліп қалған тұстары да жоқ емес. Олар бала тәрбиесінің бастау көзі отбасынан, ал отбасы тәрбиесінің тиімділігі ерлі-зайыптылардың өнегесі деп біледі бабаларымыз.

Тәуелсіз елдің ұрпағына мәдениет пен ғылым, тәрбие мен білім беру - үздіксіз үрдіс. Олай болса, тәуелсіздік туын биіктеткен жастардың ұлттық білім мен тәрбие құндылықтарын меңгеруі жасампаз Қазақстанның жалынды жігерін қуатты көтеріп, ұлттардың жомарт-жарастығын, ырысты-ынтымақтығын әлемге паш етеді. Біздің жастарымыз Отанының шын өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосуы үшін ар-ождан, бірұлттылық, жауапкершілік, әдептілік және де басқа жоғары жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар арнасындағы ұлы мұраттар рухында тәрбиеленуі керек.

Демек, қазақтың халық педагогикасы мен ұлттық педагогикалық ойлар тарихы жалпы педагогикамен және барлық пәндермен тікелей байланысты, сондықтан қайсыбір пәнді өткізгенде де, педагогикамен тікелей сабақтастықта мазмұндап, өзара байланысын айқын дәлелдей білуіміз керек.

Өткен тарихқа көз жүгіртіп қарап отырсақ, бүкіл бір халықтың әлеуметтік сипаты мен психологиясына ықпал еткенін толып жатқан өмірлік деректермен дәлелдеуге болады. Оны халық даналығы қысқаша «Көз - қорқақ, қол - батыр» деп, ұрпақтарына өсиет қалдырыпты. Тіпті, бет қаратпас замана дауылдарынан елімізді аман-есен алып шыққан да, осынау рухы биік ой өрнегінің құдіреті екенін Алаштың әрбір азаматы біледі. Сөз орайына қарай айтсақ, жандары қысылып тіршілігі тұйықсыз тірелгенде: «Ой-й бәле-е-ай, көз - қорқақ, қол - батыр емес пе еді» деп қай қазақтың баласы айтпайды екен.

Осы тектес мысалды, бірақ өздерінше айтқан ой өрнегінің әсерін Қытай халқының ойшыл-демократы Сунь-Ят-Сеннің де еңбегінен кездестіреміз. Ол тікелей өзінің өмір тәжірибесінен келтіріп: «Тіршілік айдынында - адам психологиясымен шеңдесе де, теңдесе де алар күш жоқ! Әсіресе, психиканың қатпарларына сіңісіп кеткен - тұжырымдар, бүкіл бір халықтың жігері мен еркін билеумен қоса, оны өз дегеніне көндірмей қоймайды екен. Мысалы, Қытай халқының психологиясына сіңген - «Ұғу - оңай, істеу - қиын» дейтін Конфуцийдің тұжырымдамасымен ондаған жылдар бойы үзіліссіз күрес жүргізуге тура келді. Тіпті, бұл тұжырымды партиямыздың бағдарламасына керісінше жазып «Ұғу - қиын, істеу - оңай» - деп ғылыми негіздермен дәлелдеп, ұзақ уақыт үгіт жүргізілді. Себебі, ескі тұжырымға бой алдырып қалған жұрт, нақтылы іс-әрекеттерге бірден кірісіп кете алмай, жаңа іске тайсақтай бергенін байқаймыз. Сондықтан да, бұл жайында оларға түсіндіргенде, көбінесе тұрмыста кездесетін қарапайым мысалдарға жүгінуге мәжбүр болған. Мәселен, нанның құрамында не бар екенін білмесек те, оны ойланбай-ақ жей беретіндігімізді түсіндірдік. Міне, осындай дәлелдермен керісінше айтылған жаңа тұжырымдаманы өмірге енгізуге әрекеттендік. Халық санасындағы ескі өсиетнамалардың қуат-күші осындай» - деп

ойын қорытындылайды [3].

Халықтың тегі мен ділін анықтауға көмектесетін дәстүр-салты - сөз өнері - ой өрнегі - тәрізді ұштаған қасиеттерін зерделеу арқылы, кез-келген халықтың генефонындағы ерекшеліктерді танып білуге болады екен. Ең әуелі, мұндай білім, қай халықтың болмасын өзі үшін керек. Себебі, тегі мен ділін түсінген халықтың ұрпағы қандай қиыншылықтарға да төзе біліп, өзінің алдына қойған мақсаттарына жетпей қоймайды. Мұның өзі түптеп келгенде, адам тәрбиесі мен тағылымы - ата-баба зердесімен тығыз байланысты екенін аңғартса керек.

Ендеше, осы айтылған қасиеттер өмір-тіршілігіміздің қазіргі жағдайында, нендей өзгерістерге ұшырап отыр дегенді ой таразысына салып көрелік. Бүгінгі ұрпақ, олардың мәні мен маңызына түсінбейтіндіктен мүлдем жойылып кетпесе де, тым көмескіленіп бара жатқаны шындық. Бодандықтың бұйдасына маталып, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық тағылымынан мүлдем айырылып қала жаздаған жұртымыз, өзінің ана тілін түсінбейтін дүбәра топ, ұлтымыздың 40-пайызын құрап отырса бұларға елінің дәстүр-салты да, ой өрнегі түгіл сөз өнері де ешқандай қажеті жоқ тәрізденіп көрінеді. Олар қателесті екен деп халық өзінің келешек ұрпағының тағдырына тіпті де бейтарап қарай алмайды.

Сондықтан да, халқының ғасырлар бойы жасаған рухани байлықтарын түсінетін егде буынның алдындағы парызы, халық педагогикасының - өткенін жандандырып, өркенін орнына келтіруі керек. Егер де, ұлтымыздың діліне төнген бұл қатерді ата-баба тағылымдарын білетін осы буын жөндемесе, бүгінгі өмірімізде орын алып отырған кереғар мәселелер онан бетер асқынып кетпек. Ендеше, халқымыздың алдында тұрған ауыр да асыл міндеті осы! Мұны жөндеу үшін қарабайырлыққа салынбай, тек тәрбие тәсілдерін ғылыми жүйеде жүргізгенде ғана, бұл қиыншылықтан да құтыларымызға сенім мол.

Егемендігімізді алған алғашқы жылдардан кейін-ақ, ата-бабамыз айтатын: «Атың бар да жер таны - желіп жүріп, асың бар да ел таны - беріп жүріп» дейтін даналығының сәті түсіп тұрғандай, дүние жүзі халықтарымен қоян-қолтық тікелей араласа бастадық. Осының бір мысалындай, 1994 жылдың сәуір айында Жапон еліне ресми сапармен барып келген тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ой тұжырымы: «Мені таңқалдырған екі нәрсе болды! Біріншісі, Жапон еліндегі ерекше үздік дамып отырған - ғылыми-техникалық прогрестің жеделдігі болса, екіншісі, соншама берік те бүтін қаймағы бұзылмаған халық дәстүрінің көздің қарашығындай сақталуы» - деп аса өткір көрегендікпен қорытындылаған еді. Қай елде де әуелі халықтық тағылымдарына негізделген рухани өркендері салтанат құрмай, тек саясаткерлік пен экономикалық әдістердің берер жетістіктері көрнекті де көркем бола алмайды.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз ел қоғамында өскелең ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беруде әрбір мұғалім оқушы санасына тақырыптың өзіндік мазмұны мен ерекшеліктеріне қарай, ұлттық негізде білім беруі шарт. Әсіресе, мектеп бағдарламасында оқытылатын пәндердің ішінде тарих, әдебиет, т.б. сабақтарында тек әдеби, тарихи деректермен шектелмей, тағылымдық мазмұнға ерекше мән берілсе, пәннің білімдік қана емес, тәлім-тәрбиелік қуаты арта түсетіні даусыз. Осы ретте, бүгінгі таңда білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізілуде. Тәуелсіз елдің ертеңіне саналатын – жастарға бәсекеге қабілетті білім беру үшін әлемдік өзгерістердің ішіндегі ең нәтижелі болғандарын екшеп, қолданысқа енгізілу жайы басты назарға алынуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әйтенова М. Ислам және ұрпақ тәрбиесі. // Ислам әлемі. - 2000. - №1. - Б.
2. Қазіргі қазақ мектебінің өзекті мәселелері. Ғылыми еңбектер жинағы. - Алматы, 2002. - 180 б.
3. Абалақова Б.Т. Ұрпақ бойына құндылық қасиеттерді қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі // Білім. - 2007. - № 5. - Б. 52-53

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА Ә.ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Байнабаева Бибихан Усербаевна, Карабаева Асем Есенжановна
Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері, Тараз қ.

Қазақ әдебиетінде балалар үшін жазған, жазып жүрген айтулы жазушылар, ақындар шағын болса да бір шоғыр. «Алуан-алуан жүйрік бар — әліне қарай шабады» демекші, олардың қазақ көркем әдебиеті деген ғажайып ғимаратқа кірпіштей қаланып, әр түрлі реңк, әр беріп тұрғандықтан ешкім де толтыра, алмастыра алмас, тек өздеріне тән орындары бар. Сөйтсе де сол шоғырдың ішінде көркем сөздің шебері Әлдихан Қалдыбайұлының жөні бөлек. Мұны балалар әдебиетінің «Сен тұр, мен атайын» дейтін хас суреткерлерінің талайы жар салып, бағасын берген. Әлдихан Қалдыбайұлы әдебиет деген таңғажайып әлемге алғаш келгенде, оның дара дарын екенін бірден танып, ақ батасын бергендіктен ұстаздары іспетті әйгілі Бердібек Соқпақбаев пен Машқар Ғұмардың бағамдары жарамсақтану, жағыну емес, шын жүректен шыққан адал сөздері екеніне ешкім де күмәнданбайды.

«Кез-келген суреткер әдебиетке өз өмірбаянын, өз тақырыбын ала келеді. Жазушының қолтаңбасы, стилі, концепциясы дегендер де осы тақырып ерекшелігінен туындайды» [1,138б.], - деген пікірге сүйенсек, Ә.Қалдыбайұлы шығармашылығының негізгі тақырыптық арнасы – өзінің балалық шағы. Әрине, тақырып табу оңай емес. Жазушы талантын кез-келген тақырып жарқырата ашып бере алмайды. Осы орайда, белгілі әдебиет зерттеушісі Қ.Ергөбек: «Кез-келген тақырып кез-келген жазушының оң жамбасына келе бермеуі мүмкін. Тақырып табу бір жазушы үшін азапқа бара-бар, қайсы бір жазушы үшін тақырыптан гөрі, оны шырайын шығарып жазу қиын. Кейде жазушы тақырыпты іздейді, кейде тақырып жазушыны іздейді. Мұндай құбылыстар әдебиет тарихында көп-ақ. Қалай десек те, жазбақ шығармасына тақырып табу – жазушы табиғатына тікелей байланысты», - деп санайды.

Жазушы Ә.Қалдыбайұлы шығармашылығының өзегі, негізгі тақырыбы – өзінің балалық шағы. Жазушы балалық шағын өте шынайы, көркем суреттейді. Осы себепті де, жазушы шығармаларының негізгі кейіпкерлері – жас балалар, жеткіншектер болып келеді. Және, сөз зергерінің көркем туындылары ересектердің қызығушылығын туғызып, құмарта оқиды, өтіп кеткен балалық шақтарына саяхат жасатып, әсерге бөлейді. Осыған байланысты балалар әдебиетінің өзіндік ерекшелігі мен даму деңгейі туралы белгілі жазушы Ғ.Мұстафиннің: «балаларға арналған әдебиет сол балалармен қатар үлкендер де оқитын дәрежеге жеткенде ғана қызықты, құнды әдебиеті болады», - деген тұжырымының растығы айқындалады және осының дәлелі ретінде Ә.Қалдыбайұлы шығармаларын келтіруге болады.

Белгілі балалар жазушысы Әлдихан Қалдыбайұлын міне, сол өз бағының адал бағбанына баласақ артық емес. Оның алпысыншы жылдардың басында университетте оқып жүрген кезінде жазған «Көк дөңгелек» деген шағын әңгіме-кітабынан бастап В.И.Лениннің туғанына 110 жыл толуына байланысты Москвада өткен жасөспірімдерге арналған пьесалардың байқауында бірінші жүлдеге ие болған «Шаншар атай» комедиясына дейінгі және одан кейінгі шығармаларын жұрт жақсы біледі. Жақында жазушының «Жалын» баспасынан жарық көрген «Автобус аялдамасы» атты кітабы да, міне, осы біз айтып отырған әдебиеттегі «оңай» да қиын, қиын да қызықты тақырып – балалар өмірі жайлы туындыларының көз тартар мәуесі іспетті.
Кітап оқырмандарына өзінің алғашқы беттерін белгілі «Шаншар атай» повесімен ашады. Ал, Шаншар атай – бәрімізге таныс кәдімгі сақалы қауқиған қара шал. Ол әр ауылда бар. Егер түрі мен тіліне бөлмесек, оны қырғыздардың айылынан, өзбектердің қышлағынан да

кездестіреріміз хақ. Иә, оның шарт ете қалатын шікәмшіл мінезі де, жөн сөзге жығыла кететін мәрт қасиеті де, тіпті ауылды бастарына көтеріп асыр салған қара сирақ балаларды көрсе арқасының «ақ сайтаны» қозып, барлығын тоз-тоз қылып тұра қуатын қиқарлығы да… бәрі-бәрі таныс көрінеді. Автордың бір жетістігі де, міне, осында болса керек. Бұған мысал ретінде кез-келген эпизодты алуға болады.
Кемпірі Әлипаны сүзіп өлтіріп қоя жаздаған Әлденнің көк сиырының мүйізін кесіп тастамақ болып, терісіне сыймай ашуланып келген шал сиыр босанып кетіп (дұрысы Әлден сиырына жаны ашып, оны ағытып жібереді) одан бетер шала бүлінеді.
«…Сол қолында шумақталған бір бума арқан, оң қолында кішкентай қолара Шаншар атай кіріп келеді есіктен. Ашулы, бетіне қаны шауып, қара сұр жүзі түтігіп, әппақ құдай сақал-мұрты едірейіп кетіпті. Онсыз да қызыл көзі қанталап, бәрімізді бір-бір сүзіп өтті. Зәрлі сұс өңменімізді тесіп, бір уыс болдық. Дастарханның да берекесі кетіп қалған еді.
– Жәке, төрлетіңіз.
– Төрлеткенде не, ана терің жайылғыр босанып кеткен соң!
– Апырай, күрмеп, тас қылып-ақ байлап ем. Қолы бар ма, немене?
– Мойның астына келгірдің екі мүйізін тып-типыл ғып қырқып тастағанда көрер әлі! Кешке болсын.
…Шаншар атай табалдырықты аттай бере тағы бір одырайып қарады. Біз жер шұқып, дастарханға үңіле түстік: онда он шақты құрт, жарты кесе май бар еді. Бір түйір де нан жоқ болатын.
– Айша, мына балалардың біреуін қазір жібере қойшы үйге. Біздің үйде қаптың түбінде қалған бірер пұт ұн бар сияқты еді. Соның бір табағын бергізіп жіберейін, – деді.
Біз еңкейген басымызды жерден көтеріп алдық.
Шаншар атай үйден шығып кете барды» [2].

Мінеки, Кербұлақ ауылындағы балалар түгіл, үлкендердің өзі мінезінен қаймығып, бетіне тура қарап сөйлей алмайтын Айыр жәкеміздің (Әлденнің апасы осылай атайды) түптеп келгендегі шын болмыс-бітімі мен жан-дүниесінің қандай екенін осы үзіндінің өзі-ақ алдымызға жайып салып тұр емес пе? Ал, мұндай шынайы суреткердің қаламынан ғана туып, кейіпкердің образын жан-жақты сомдауға таптырмайтын сәтті штрихтер повестің өне бойына бірін-бірі үнемі толықтырып отырады.

«...Атайдың біздің шекемізді тырсылдатуға неге құмар екенін бірде-біріміз білмейтін едік. Тіпті, үлкендер де білмейтін, бір «еріккен» шал дейтін де қоятын. Сол құрғыр шертпектен құтылудың бір-ақ жолы бар. Ол үшін дойбы ойнап атайды ұтуың керек...». Бірде Бекен шалды ұтып, шертпек сырын ашып береді. Шертпегімді беріңіз. Әй, жаман неме, мен сендерден қай бір қолым қышығаннан алып жүр дейсің. Осылар намыстансын, таза жүрсін деп алам да». Табиғи қалпы. Балалар шертпекке ыза боп жүретін. Сөйтсе атай еш жамандық ойламапты. Сондай абзал атайдың қайта-қайта жеңіле бергеніне біртүрлі іші-бауыры елжіреп кетті Бекеннің: - ...Ата, сіз қазір жеңетін шығарсыз, жүріңіз.. - Сен мені алдаусыратпа. Мен жеңгеніме қуанбаймын. Жеңілгеніме қуанам, - деді атай кеудесін рахаттана бір көтере түсіп». Бұл үзіндінің соншалықты табиғи екендігі кез-келген адамның ауылында, балалық шағында қалған ақсақал қарияларды еріксіз есіне түсіреді. Бір өзі бүтін ауылдың тәрбиешісі болған қайран дана қарттарым-ай деп күрсіне отырып, іздейді. Ә.Қалдыбайұлының да жазушылық шеберлігі сол - балаларды таза түріп, адал болыңдар деген жалаң үгіт, насихатпен емес, Шаншар атайдың мінез-болмысы арқылы мазмұндап, балалардың мөлдір сезімдері мен тәрбиеші шалдардың характерін жан-жақты ашып береді. Бұл туралы С.Нарымбетов былай деп ой түйеді: «Бұл да табиғи. Неге? Егер Қалдыбаев Шаншар атайды: «Балалар таза жүріңдер, тіл алғыш болыңдар» дегізіп жалаң ақылға салса, сөзсіз ұтылар еді. Мінеки, бірнеше диалог балаусаның мөлдір сезімін де, жаны балауса Шаншар атайдың характерін әр қырынан жайып тастады. Мейлінше қарапайым. Әлдихан бөбектің ішкі монологін әдемі беруге төселіп келе жатқандығын алғаш «Көк дөңгелегінде»-ақ көрсетіп еді.

Ол кез келген әңгімесін қысқа жазады да, көп айтып, көп қамтуға ұмтылады. Жинақылық бар. Әлдихан әңгімелерінде керемет бір шытырман оқиға, шиқан қызыл сюжет жоқ. Тек қана кішкентай адамның характері, кішкентай пайымдау түйсігі. Әңгімедегі әрбір деталь, әрбір сөйлем осы характерді өрбіту, өркендету маңында автордың айтпақ ойымен астасып жатады»[3]. Сонымен қатар, белгілі сыншы, әдебиетші ғалым жазушының кейбір шығармаларына қатысты өзіндік сыни ойларын да жасырмайды: Мәселен, «Қос тентек» шығармасы туралы «көркемдік бояуы солғын, төрт аяғынан тік басып тұрған жоқ», деп Ә.Қалдыбайұлының талантына зор үміт артады.

Ал, балалар жазушысы болу оңай ма? Осындай сұрақ алдына қойылғанда Максим Горький балаларға арнап сәл жақсырақ жазу керек», - деп жауап қатқан. Бұдан балаларға шығарма жазу кез-келген жазушының қолынан келе бермейді деген қорытынды туады. Бір қарағанда, балалар әдебиеті оңай тіршілік құсап көрінетіні бар: сөйлемдері де қарапайым, желісі де күрмеусіз тартылған, ұғынуға жеңіл. Бірақ мұндай қарапайымдылықтың астарында асқан шеберлік, айрықша талант пен сезімталдық жатқанын байқай бермейміз. Өзі бала жанды жазушы ғана балаларды баурап туынды тудыра алады. Шынымызды айтқанда, біздің бәріміз де бірдей сәбилік пәк сезімімізді есейген шығымызда да кіршіксіз мөлдір күйінде сақтай алдық па? Балалық балдәуреннің мөлдір сезімін өмірдің бұралаңдаған, буырқанған ағыстарында ылайлап алмау қиынның қиыны. Мұндай қасиет жұрттың бәріне бірдей дари бермес. Бұл адам бойында озық ой мен адамгершіліктің жоғары шыңына көтеретін қасиеттер тоғысқанда ғана мүмкін болмақ. Ә.Қалдыбайұлының осы бір қабілет-қасиетін, өзіндік жеке қолтаңбасын мына бір қанатты сөздері де толығымен куәландырып, оның есімін ірілете түседі:

1. Қарны аш адам - тырысқақ.
2. Адамның бүгінгі болмысы – өткенінің жемісі. Өткенін түкке татығысыз ету – адамды қорлау.
3. Адал адам ақылды болады.
4. Адамның ақ пейілі науқасты жарты ауруынан арылтады.
5. Уәденің аты – уәде. Адам сөзінде тұруы керек. Уәде беру – оңай, орындау – қиын.
6. Адамда бір-ақ өмір болады.
7. Жазушыны діттеген жеріне жеткізетін жалғыз ғана ғажайып күш – шындық.
8. Әскер қатарында қызмет ету – Отан қорғауға әзірлену деген сөз.
9. Қатардан қалу – өлім, көппен көрген ұлы той.
10. Ұстаз үшін шәкіртіне әлсіздігін көрсету – мерт болу.
11. Ұстаз – шәкіртіне әр кез еңсесі биік, жұмбақ адам.
12. Бала оқыту да – Отанға қызмет ету.
13. Солдат – басында билігі жоқ біреу.
14. Адамда жүрек – жалғыз, махаббат – біреу.
15. Мұғалімдердің, жалпы үлкен атаулы, біздердің оқушыларды, балаларды көп нәрсені сезбейтін, білмейтін санайтынымыз – өзіміздің білместігіміз.
16. Устав – ақылды кітап.Команда – командирдің солдатпен сөйлесетін тілі. Ол тіл командирдің артықшылығын ғана емес, солдатты адам ретінде сыйлауға қызмет етсін.
17. Тәртіп бар жерде ғана табыс бар.
18. Қиындықтарды ұқсату үшін ақыл, қайрат, машық керек.
19. Жолдасын қарақшылаған адамды өлтірсе де болады. Ал, арымды қарақшылауға жол бермеймін.
20. Аянышты адамның сорлылығы немесе кемдігі туғызады.
21.Мәймөңкелеуді білмеу – қиқарлық емес, шындықты айту.
22. Біреудің май бергені — шешесінің су бергені
23. Ит — адамның досы. Бала мейірімді болып өседі.
24. Бала ойнаған жерде бақ болады. Балалы үй ғана емес, балалы жұрт та базар.

25. Шаш ала білген адам батаға ие болады.
26. Қыранның баласы да қыран, қарғаның баласы да қарға.
27. Малсыз болсаң да арсыз болма. Бүгін өз намысыңды қорғай білсең, ертең — еліңнің намысын қорғарсың.
28. Абайламай сөйлеген ауырмай өледі.
29. Асыл — тастан, ақыл — жастан.
30. Үзілген бұтақ — ұзатылған қыз.
31. Күншіл болдым дегенше, іс бітті. Азып-тозып кеттім дей бер.
32. Жерден табылған алтын — оңай олжа. Ол опа болмас.
33. Жер — бәріміздің анамыз.
34. Қызғалдақ — қуаныш гүлі.
35. Өзгеге қуаныш сыйлаудан асқан бақыт жоқ.
36. Үлкеңдердің өмірі — балаларға үлгі.

Бұл біздің талдаған шығармалардан ғана таңдап алғанымыз. Басқа шығармаларынан да осындай Ә.Қалдыбайұлының жазушылық шеберлігін ғана емес, жалпы парасатты адамдық болмысын айқындайтын нақылшы ретіндегі қырын танытатын сөздерді көптеп кездестіруге болады.

Белгілі бір қаламгердің шығармашылығын зерттеуде оның тамаша талантына тағылымды талдау жасауда ең басты компасымыз – заман мен адам десек, кішкентай адамдар өмірі – ең күрделі әрі қызықты. Кішкентай адамдардың өміріне жете үңіліп, психологиялық иірімдерін тап басып, тану – өз кезегінде сөз зергерінен жіті бақылағыштық, тума талант, шалқыма шабыт, т.б. секілді қасиеттермен қатар, Жаратқанның арнайы сыйы ретінде берілетін ерекше бір тылсым болмысқа ие болуды қажет етеді. Ә.Қалдыбайұлы да өз кезегінде осындай шабыт пен тылсым қасиеттің иесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмаділов Қ. Соңғы көштің арқауы / Сөзстан. – Алматы: Жалын, 1984. – 138б.
2. Қалдыбаев Ә. Таңдамалы шығармалар. 2-том. – Алматы: Раритет, 2008
3. Соқпақбаев Б. Сенің төл жазушың // Қазақ әдебиеті, 1989.- 29-қыркүйек

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЭМОТИВТІ ЛЕКСИКАНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жеңісова Әлина Бақтиярқызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс студенті

Тіл білімінде эмотивті (эмотив-экспрессив) сөздер сөз мағынасының аспектісі ретінде тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне айналды. Атап айтқанда, эмоционалдылық мәселесі ағылшын, француз, литва, орыс, якут, қазақ, нанай, өзбек, жапон, қытай т.б. тілдерінің материалдары бойынша зерттелініп, оған арнайы және жанама көптеген еңбектер арналды. Бұлар әр түрлі аспектіде, жеке лингвистикалық (лексикологиялық және лингвостилистикалық), социолингвистикалық, психолингвистикалық негізде зерттелінді. Осылардың негізгілері ретінде шетел ғалымдары Ш. Баллидің, К. Эрдманның, орыс ғалымдары В.В. Виноградовтың, Е.М. Галкина-Федоруктың, Н.А. Лукьянованың, сондай – ақ қазақ ғалымдары З.К. Ахметжановаңың, М.Б. Балақаевтың, Е. Жанпейісовтың, З.Х. Ибадильдинаның, Ә.Т. Қайдаровтың, С.К. Кеңесбаевтың, А.А. Қияшеваның, Ғ.Ғ.

Мұсабаевтың, Ф.М. Мұсабекованың, Ш.Ы. Нұрғажинаның, Х. Нұрмұхановтың, А.Т. Таткенованың, М. Томановтың, және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Эмоция деп айналадағы заттар мен құбылыстарға жағымды жағымсыз қатынастың сәулеленуін айтамыз. Эмоциялар шындықтын жүйкеде сәулеленуін айрықша бір түрі. Сыртқы дүниенің әсері адамның миында тек қана сәулеленіп қоймай, оған толғанып тебіреніп, өзінің қатынасын білдіреді.

Эмоция адамның түрлі органикалық қажеттіліктеріне байланысты оқтын-оқтын туып отыратын, кейде шағын, кейде күрделі, ситуациялық көріністер. Мәселен, адам қуанғаннан немесе қамыққаннан көзіне жас алады, не болмаса бір нәрсеге мәз болып шек сілесі қатқанша күледі, әрине мұндай жағдайдың ұзаққа созылмайтыны белгілі. Бұл сезім мен эмоцияның бірінші ерекшелігі. Сезімдерде мәнерлі қозғалыстар (мимика, пантомимика) жөнді байқалмайды, тұрақты терең әсерлі сезім адам психологиясындағы басты белгілердің бірі, ал эмоция болса мәнерлі қозғалыстарға бай келеді, мұнда адам өзін тек организм тұрғысынан көрсете алады. «Тіл білімі сөздігінде» эмоционалдылық (лат. Emovere – еліктіру, толқыту) фр. Emation – қоршаған болмысқа деген адамның әр түрлі көңіл-күйі, сезімі, әсері. Эмоция – жан дүниесінің сыртқы және ішкі салдарынан ызалану, қаһарлану, қорқу мен шаттану сияқты жағдайларының көрініс болып табылады [1, б. 83].

Эмоция да адамның айналасындағы өмір шындығына және өз басына деген қарым – қатынасы болып табылады. Және оның жүзеге асуына сезімдей әсер етеді. Жалпы, осы эмоция мен сезім ұғымдарының өзіндік айырмашылықтары бар. Эмоцияда мәнерлі қозғалыстар (адамның сырт пішінінен байқалатын айырмашылықтар) көбірек байқалады. Мұнда адам өзін тек ағза тұрғысынан көрсете алады.

Осылайша, эмоцияның барлық қиын және шешілмейтін мәселелерін ескере отырып, лингвист бірінші кезекте эмоциялардың белгілену мен көрінуінің тілдік механизмдерін зерттеуі қажет, онда олар тілдік құралдармен беріледі. Адамның эмоцияларын білдіретін құралдарды лингвистикалық талдаудың қажеттілігі мәселенің жетілдірілмеуімен мотивацияланады [2, б. 95].

Сөйлеуші мен тілдік белгіленудің эмоцияларын тілдік көрінісінің механизмдері, эмоцияларды сөйлеуші мен тыңдаушының объективті болмысы ретіндегі түсіндірілуі әр түрлі. Эмоцияларды сипаттау мен эмоцияларды тілдік белгіленуі туралы айтуға болады. Белгілі бір сатыда әр түрлі эмоционалдық зарядталған лексиканы ажырату қажет болды, бұл эмоционалдық мағыналардың түрлі табиғатын зерттеу үшін қажет. Терминологиялық ажырату пайда болды: эмоциялардың лексикасы мен эмоционалдық лексика. Эмотивті лексиканың екі түрін бөліп көрсету осы сөздердің түрлі функционалдық табиғатын ескереді: эмоциялардың лексикасы тілдегі эмоциялардың нысандалуына, олардың инвентаризациясына (номинативті функциясына) бағытталған, эмоционалдық лексика сөйлеушінің эмоцияларын білдіруге және сөйлеу объектісінің эмоционалдық бағалануына бейімделген (экспрессивті және прагматикалық функциялары). Осылайша, эмоциялардың лексикасы эмоциялар туралы түсініктерді олардың пәндік – логикалық мәні құрайтын сөздерден тұрады.

Отандық тіл білімінде де аталмыш топтағы сөздерді әркім әртүрлі атайды. Ш.Ы.Нұрғожина, Х.М.Нұрмұхановтар эмоционалды-экспрессивті лексикалар деп атаса, ал қазіргі лексикологиялық оқулықта мұндай сөздер тобы «экспрессивтік-эмоционалды» деп аталады. Біздіңше, тілде аталмыш сөздерді атауда «эмоционалды» сөздердің орнына «эмотив» сөзін қолданып, В.И.Шаховскийдің «экспрессив-эмотив» деген терминін қолдану орынды сияқты. Себебі бұл термин «номинатив» терминіне құрылымдық жағынан ұқсас. Сонымен бірге мағыналық жағынан сәйкес келеді. Тіл біліиі сөздіктерінде эмоционалды сөздер мен эмотив сөздер синоним ретінде қолданылған:»эмотивтік» (лат. Emovere – еліктіру, толқыту) фр. Emotion – сезімді, эмоцияны білдіретін тіл элементі / қара. Эмоционалдылық. Біз бұлардың категорияларын адамның қоршаған болмысқа деген әртүрлі

көңіл-күйін, сезімін білдіретін сөздерді эмотив деп, адамның қоршаған ортаға деген әр түрлі әсерін білдіретін эмоцияның (кейде олар қатыспайды), сезімнің, еріктің қатысуымен тілдің көркемдеуіш құралдары арқылы бейнеленген сөздерді «экспрессив» деп қолдануды орынды деп есептейміз.

Қазіргі дәстүрлі тіл білімінде сөздік құрам қабатындағы мұндай сөздердің жасалыну жолының 5 түрі көрсетіліп жүр. Олар сөзжасамда – қосымшалар арқылы, лексикада – сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы арқылы және де фразеологияда – тұрақты тіркестер арқылы, фонетикада – интонация, пауза арқылы, синтаксисте – сөз тіркестері арқылы көрініс табады.

Әлемдік танымал шығармалардың ішіндегі Уильям Голдингтің "Lord of the flies" көркем шығармасындағы жағымсыз және жағымды эмоцияның тілдік бейнелеу құралдарын зерттеу нысанына алдық. Бұл шығарма он екі тараудан құралған [2, б. 58].

Бұл шығарманы ағылшын тіліндегі эмоцияны сипаттаудың негізі ретінде алуымның өзіндік себебі бар. Мұнда жасөспірімдер әуе апатына ұшырап, тіршіліктен тыс қалған аралға тап болады. Балалар алғашында үлкендерше тәртіп орнатып, өз өмірлерін ұйымдастыруды қолға алады, дегенмен бұл тәртіп ұзаққа бармайды. Балалардың арасында билік үшін күрес басталады. Джек балаларды өздеріне бағындырғысы келеді, ал Ральф пен Томпақ торай белгіленген тәртіптің не үшін қажет екенін дәлелдей алмай қиналады. Оқиға шиеленісе түскенде балалар Саймонды, Томпақ торайды еш аяқшылық сезімсіз, қатыгездікпен өлтіреді [3, б. 74].

Бұдан байқайтынымыз, жүрегі таза, көңілдері шынайы балалардың өзін қиын өмір жағдайларынп салып, үлкендерше өмір сүруге мәжбүр болса, олар тіршілік үшін күресіп, бойындағы жаман қасиеттерінің шығуынан, жағымсыз эмоциялары көріне бастайды. Бұл шығармада балалардың жағымсыз эмоцияларының тілдік бейнеленуі ашуға, ұрысқа, өкінішке, дауларға, түсініспеушілікке байланысты. Бұл шығармадағы жағымсыз эмоциялармен байланысты тілдік құралдардың жалпы саны – 210. Ал енді осы шығармадағы жағымсыз эмоциялармен мысалдардың негізінде танысатын боламыз.

Ағылшынша: The fair boy said this solemnly; but then the delight of a realized ambition overcame him. In the middle of the scar he stood on his head and grinned at the reversed fat boy.

“No grownups!”

The fat boy thought for a moment.

“That pilot.”

The fair boy allowed his feet to come down and sat on the steamy earth.

“He must have flown off after he dropped us. He couldn’t land here. Not in a place with wheels.”

“We was attacked!”

“He’ll be back all right.”

The fat boy shook his head.

“When we was coming down I looked through one of them windows. I saw the other part of the plane. There were flames coming out of it.”

He looked up and down the scar.

“And this is what the cabin done.”

The fair boy reached out and touched the jagged end of a trunk. For a moment he looked interested.

“What happened to it?” he asked. “Where’s it got to now?”

“That storm dragged it out to sea. It wasn’t half dangerous with all them tree trunks falling. There must have been some kids still in it.”

Қазақша: Ақшыл шашты бала көңілсіздеу сөйледі. Бірақ, сол сәт ол аңсаған арманына қол жеткізгендей қуанып кетті. Соқпақ жолдың қақ ортасына басымен тұрып алып, езуі құлағына жеткенше толық балаға ыржия қарады.

- Ешқандай ересек адам жоқ!

Толық бала ойланып тұрды.

- Ал әлгі ұшқыш...

Ақшыл шаш секіріп түсіп, шаңы бұрқыраған жерге отыра кетті.

- Шамасы, бізді осында қалдырып, өзі ұшып кеткен болуы керек. Ол бұл араға қона алмайды, дөңгелектері жерге кіріп кетеді.

- Бізді атып түсірген бе!

- Жоға, ол әлі оралады!

Толық бала басын шайқады:

- Біз төмендеп келе жатқанда, терезеге қарап бәрін көріп тұрдым, анау жақта жанып жатқан болатын. Біздің ұшақ басқа жағынан жанып жатты.

Оның екі көзі соқпақ жол бойын кезіп тұрды.

- Мұның бәрі фюзеляждан.

Ақшыл шаш қолын созып, сау тамтығы қалмаған ағаш діңін ұстап көрді.

- Бұған не болған! Ол қайда кеткен?

- Толқын алып кеткен. Қандай қорқынышты, ағаштардың бәрі сыныпты. Ал бұл арада балалар да болған шығар...

Бұл үзінді апаттың болған кезін сипаттайды. Мұнда жалған қуаныш пен үміт сезімінің кейіннен қорқыныш, өкініш, аяушылық сынды балалардың эмоциясының көрінісіне алып келгенін диалогтан байқасақ болады, яғни ол «It wasn't half dangerous with all them tree trunks falling. There must have been some kids still in it» - «Қандай қорқынышты, ағаштардың бәрі сыныпты. Ал бұл арада балалар да болған шығар» деген сөйлемнен көрініп тұр [4, б. 85].

Қорқыныш - Индивидтің биологиялық не әлеуметтік тіршілігіне қатерлі жағдаяттарда туындайтын қауіп қолайсыз эмоция. Қорқыныш бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошығанда пайда болатын сезім, қауіп-қатер, үрей. Тіршілік үшін қауіпті факторлардың нақты әрекетінен болатын ауру не басқа да зардап түрлерінен ерекше қорқыныш олардан күн ілгері болады. Қатердің сипатына байланысты қорқыныш сезімінің қар құндылығы мен тән сипаты ерешілігі алуан түрлі болады (қауіптену, қорқу, шошу, үрей). Егер қауіп негізі анық емес не ұғынылмаған болса, ондай күй алаңдау деп аталады. Функциялық тұрғыдан қорқыныш субъектіге алдағы қауіп туралы ескерту болады. Мұндағы "No grownups!", "We was attacked!", "What happened to it?", "Where's it got to now?" деген тіркестер эмотивті лексиканы сипаттай отырып, біреуден асатын мотивациялық негізі бар сөз тудырудың әдістерінің ішінде таза қосу әдісімен жасалынған тіркестердің қатарына жатады. Мұндағы сөйлемдерге эмотивті қарқын беріп тұрған сөздер адамның әр түрлі мінез-қылықтарын білдіруші эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтарына жатады.

Ағылшынша: Ralph did not take the hint so the fat boy was forced to continue.

"I don't care what they call me," he said confidentially, "so long as they don't call me what they used to call me at school."

Ralph was faintly interested.

"What was that?"

The fat boy glanced over his shoulder, then leaned toward Ralph.

He whispered.

"They used to call me Piggy."

Ralph shrieked with laughter. He jumped up.

"Piggy! Piggy!"

"Ralph-please!"

Piggy clasped his hands in apprehension.

"I said I didn't want-"

"Piggy! Piggy!"

Ralph danced out into the hot air of the beach and then returned as a fighter-plane, with wings swept back, and machine-gunned Piggy. *“Sche-aa-ow!”*

He dived in the sand at Piggy’s feet and lay there laughing.

“Piggy!”

Piggy grinned reluctantly, pleased despite himself at even this much recognition.

“So long as you don’t tell the others-”

Ralph giggled into the sand. The expression of pain and concentration returned to Piggy’s face.

Қазақша: Ральф бұған елең ете қоймады, толық бала сөзін әрі қарай жалғастырды.

- Мені қалай атасаңдар да, өздерің біліңдер, маған бәрібір, - деп ол Ральфке шынын айта бастады, - әйтеуір, мектептегідей мазақтамасаңдар болғаны.

Бұған, әрине, Ральф елеңдей қалды:

- Қалай деп мазақтайтын?

- Толық бала жан-жағына қарап алып, Ральфке бұрылды. Сосын сыбырлап қана:

- Мені Томпақ торай деп мазақтайтын.

Ральф күлкіден жарылып кете жаздады. Тіпті орнынан атып тұрды:

- Томпақ торай! Томпақ торай!

- Ральф! Ральф деймін!!

Томпақ торай қолын сілтеп, өкпелей сөйледі:

- Мен бұл атты қаламаймын деп айттым ғой...

- Томпақ торай! Томпақ торай!

Ральф секіре билеп, күн көзіне қанатын жайған ұшақ тәрізді шүйіліп келді де, Томпақ торайға «оқ боратты»:

- У-у-уф! Трах-тах-тах!

Томпақ торайдың аяқ жанындағы құмға бұрқ етіп құлап, әлі де саңқылдап жатты:

- Томпақ торай!

Томпақ торай біразға дейін ұстамды түрде, еркінен тыс күлкендей болып отырып, ақыры көнді:

- Жарайды, енді, - деді ол. – Бірақ сен ешкімге айтпа...

Ральф құмға көміле күлді. Томпақ торайдың бір жері ауырып, түйіле қалғандай түрі бұзылып кетті [4, б. 67].

Ал бұл үзіндіден Ральфтың Томпақ торайды мазақтауын, яғни біреуді ұялу, келемеждеу эмоциясының бар екендігін көрсек болады. Ұялу эмоциясын автордың Томпақ торайдың өз атын Ральфқа сыбырлап жеткізуінен көрінді: «He whispered. «They used to call me Piggy». Ал кейін Ральфтың Томпақ торайды мазақтауының тілдік эмоциялық көрінісіне мынау дәлел болады: “Piggy! Piggy!”, яғни мұнда эмотивті тілдік құрал ретінде қаратпа, адамның атын атау қолданылған. Ал Томпақ торайдың өзін мазақтағанына өкпесі мен ұялуының тілдік эмотивті құралы: “Ralph-please!” - Ральф! Ральф деймін!!». Бұдан кейінгі Томпақ торайды әрі қарайғы «Sche-aa-ow!» - «У-у-уф! Трах-тах-тах!» одағай сөзі арқылы мазақтауы Ральфтың біреуді мазақтау сынды жағымсыз эмоцияны қолданғанының белгісі болып саналады.

Біздің барлығымыз әр түрлі эмоцияларды басымыздан өткереміз: қуаныш, қайғы, жабырқаушылық және т.б. Эмоциялар бір-бірімізді жақсы түсінуге көмектеседі. Әр түрлі ұлттарға жататын адамдар адамның бетінің көрінісін қателеспей қабылдауға қабілетті.

Әр түрлі мәдениеттер әр түрлі эмоцияларға түрліше қарым-қатынаста болады, әлеуметтік коннотациялардың күйзелістері мен көріністерін қамтиды, бұл тәрбиелеу мен әлеуметтенуге әсер етеді, бұл өз кезегінде әлем туралы түсініктердің жүйесіне, эмоционалдық лексиканың мәнділігінің құрылымындағы қандай да бір элементтерінің әлеуметтік ұйымдастырылуы мен семантикалық іске асырылуына әсер етеді.

Қорыта айтатын болсақ, қазіргі кезде психологиялық әдебиеттер мен күнделікті өмір тәжірибесінде сезім мен эмоция ұғымдары бір мағынада қолданып жүр. Адам сезімнін

қайнар бұлағы-бізді қоршаған болмыс, объективті шындық. Сезім адамның табиғи және әлеуметтік қажеттілектерінің қанағаттырылу не қанағаттандырылмауы салдарынан туындап отырады. Егер бұл ұғымдрдың мәнін жекелеп талдап көретін болсақ, онда екеуінін арасында елеулі айырмашылығы бар екенін аңғарамыз. Адамның сезімдері ылғи да қоғамдық-тарихи сипатта болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка.-М., Просвещение 2010. С. 296
2. Афанасьева В.К., Абдулаев Э.Н. Лексикология английского языка – М: Дрофа С. 115
3. Бабенко Л. Г. Обозначение эмоций в языке и речи: Учебное пособие. -Свердловск: УрГУ, 1989. 100с.
4. Голдинг Уильям. Шыбындар әміршісі. Повесть. Орыс тілінен аударған Серікқали Байменше. Астана: Аударма, 2008. – 216 бет.
5. William Golding's. Lord of the flies. 1963

ОҚУШЫЛАРҒА ШЕТЕЛ ТІЛІН ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Камбарова Жупар Маликкызы

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі - ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту- тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруге игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Шетел тілді оқытудағы негізгі мақсат - шетел тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.

Шетел тілі - қазіргі заман талабына сай, қоғамның әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі болғандықтан әрбір жас азамат тың алдында шетел тілін еркін игеріп, өзінің қоғамдағы орынын табуға, өзі өмір сүретін ортаға пайдасын тигізуге ұмтылуы қажет. Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, интернет, компьютердің кеңінен қолданылуы.

Отандық білім беруге қойылатын жаңа талаптар Қазақстанның жылдам әлеуметтік-экономикалық өсуі мен иновациялық жаңа ортада бәсекелестікке қабілетті жаңа білікті кадрларды даярлау мәселесімен негізделіп отыр.

Шетел тілдік білім беру концепциясына сәйкес отандық білім беру үрдісі сапалы, жаңа стандарттарға сай мамандарды даярлау стратегиясын таңдап, жақсы жетістіктерге жетіп жатыр.Соңғы жылдары дамып келе жатқан интеграциялық үрдістер, академиялық және кәсіби алмасулар, халықаралық қарым- қатынастың тереңдеуі шетел тілдік білім берудің сатылай дамуына зор ықпалын тигізді. Осы ретте шетел тілі әлеуметтің интеллектуалдық потенциалының көрсеткіші ретінде қоғамның ең басты қозғаушы ресурсына айналды.

Оқу үрдісінің мақсатына жету үшін дамыту мен тәрбие беру оқушының объекттен субъетке өтуі арқылы, яғни жаңа технологиялардың орынды қолдануы негізінде жүзеге асады.

Ақпараттық мәдениеттің дамуы барысында оқу үрдісінің де ақпараттануы сөзсіз болып отыр. Оқушылардың әр пәнге деген қызығушылығының да артуы осы жаңа технологиялардың қолданылуының нәтижесінде жүзеге асатыны белгілі.

Осы жұмыс оқу үрдісінде жалпы білім беретін мектептерде шетел тілін оқытуда қолданылатын жаңа технологиялардың қолдану ерекшеліктеріне арналған.

Соңғы жылдарда жоғарғы оқу орындарында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану туралы сұрақ жиі көтеріліп жүр. Бұл тек жаңа техникалық құралдар ғана емес, сондай-ақ оқытудың жаңа әдістері мен түрлері, оқу процесіне деген жаңа көзқарас жатады. Шетел тіліне оқытудың негізгі мақсатына шетел тілдерін оқытудағы тәжірибелік меңгерулері және білімгерлердің коммуникативті мәдениетін дамыту мен қалыптастыру жатады.

Оқытушының міндетіне әр білімгердің тілді тәжірибелік меңгеруі үшін жағдай жасауы, әр білімгер үшін өз белсенділігін, өз шығармашылығын көрсете алатындай оқу тәсілін таңдау кіреді. Оқытушының міндетіне шетел тілін оқыту процесінде оқушының танымдық қызметін белсендіру жатады.

Қазіргі педагогикалық технологиялар жобалық әдіснемелер, серіктестік оқыту, жаңа ақпараттық технологияларды және Интернет ресурстарында қолдану, білімгерлердің бейімділігін, оқу деңгейін, ерекшеліктерін есепке ала отырып оқудың дараландыруы мен жекежіктелуін қамтамасыз етеді.

Шетел тіліндегі сабақтардағы компьютерлік оқытатын бағдарламалар мен жұмыс түрлеріне: лексиканы оқу, айтылуын үйрену, жазуға үйрену.

Интернет – ресурстарына қолдану мүмкіндіктері өте көп. Басты жүйе - Интернет жер шарының қай жерін мекен етседе білімгерлер мен оқытушыларға кез-келген қажетті ақпараттарды алуына мүмкіндік жасайды. Ол ақпараттар: елтану жөніндегі материалдар, жастардың өміріндегі жаңалықтар, газеттер мен журналдардағы статьялар, қажетті әдебиеттер және т.б. жатады.

Көптеген сырттай студенттерге уақыт болмауы, құнын, қажетті оқулықтар, анықтамалар және шет тілінде басқа да жеңілдіктер іздеу проблемасын шешуге көмектесу үшін ұйымдастыру. Осылайша, сырттай оқыту тілдік емес университетте сырттай оқу гуманитарлық мамандықтар даярлау, студенттердің түпкі мақсаттарының тиімді іске асуы болып табылады.

Педагогикалық іс-тәжірибе соңғы 2-3 жылда мерзімді білім берудің онлайн білім беруді ақпараттандыру өте белсенді болды. Ресей білім басымдығы болып табылады. Ақпараттық мәдениетін сатып алуға мүмкіндік ақпараттық кеңістікті шарлау мүмкіндігі олардың студенттерді дайындау мектебінің міндеті, қазіргі қоғамдағы қолданыстағы. Мектеп процесінде интернетті пайдалану қажеттігі туралы ешқандай күмән жоқ. Ал мектеп білім беру кеңістігіне барлық дерлік аудандарында іс жүзінде желі қуатын пайдаланады [1].

Қазіргі уақытта интернет үлкен ақпараттық мүмкіндіктер мен қызметтерге ие. Интернет шетел тілін үйренушілерге мәтіндерді пайдалануға, шетел тілінде сөйлеушілермен әңгімелесуге бірегей мүмкіндік береді. Интернеттің дамуынан ағылшын тілін үйрену мүмкіндіктері айтарлықтай өсті. Желіден ағылшын тілін үйренуге арналған барлық әдістемелеік материалдарды, онлайн тестілер және мультипликациялық материалдарды алуға болады. Мұның барлық ағылшын тілін үйренуде қолданылады. Интернет кеңістік желіде өзінің ағылшын тілін білу деңгейін тәжірибе түрінде қолдана алады.

Бұл күнде жаңа ақпараттық технологиялар білім беру процестеріне қарқынды енгізіліп отыр. Егер сабақта білім беру жүйесіндегі қоғамның әлеуметтік тапсырысы деп қарастырсақ, яғни, мектеп түлегінің компьютерлік сауаттылығы дербес компьютерде дербес пайдаланушы ретінде еркін жұмыс істей алу деңгейінде болса, онда бүгін біз жаңа деңгейге көшкенімізді дәлелдейміз. Оқыту кезінде бүгінде ерекше екпін баланың ізденіс жағындағы меншікті қызметіне қойылады және жаңа білімнің өңделуі мен ұғынуына да қойылады. Мұғалім оқу процесінің ұйымдастырушысы ретінде болады және оларға керекті көмек пен

қолдау көрсетеді. Бүгінде Ғаламтор технологиялары мұғалімнің және оқушылардың жалпы ақпараттық мәдениетінің бөлігі деп айтуға болады.

Ақпараттық білім беру кеңістігі енді ғана толықтырылып жатыр. Жүйесіздік пен біліксіздіктен құтылу үшін көпжылдық жұмыс тәжірибесі бар пән мұғалімдер өз үлестерін осы ақпараттық ресурстарға толтырулары қажет. Сондықтан мұғалімдердің қазіргі педагогикалық практикада қандай қызметтермен және қандай дидактикалық мақсаттарға қолдануын білу маңызды.

Ең алдымен, білім беру жүйесіндегі Ғаламтор желісінің мүмкіндіктерін қарастыру керек. Білім берудегі Ғаламтордың пайда болуы балаларды оқуға құлшынысын арттырады, әр оқушының жекеше белсенділік зонасын кеңейтеді, бір сабақ аясындағы сапалы материалдың келу жылдамдығын көбейтеді. Осының бәрі оқушылардың басқа мемлекттегі оқушылармен электронды пошта арқылы хат алысу арқылы өзара хаттарымен жүзеге асырылады, сондай-ақ, телекоммуникациялық жобалардың құрылуы мен бірлесіп өткізілуімен және түпнұсқасындағы кітап оқу мүмкіндігімен, түрлі конкурс пен олимпиадаларда қатысуымен болады. Ғаламтордық білімге біріктіру мәселесі оның ішіндегі шет тілін оқытудағы пайдаланылуы қазіргі кезде өте өзекті. Негізінде бұл шет тілінің оқыту құралы ретіндегі Ғаламтор пайдалануында айтарлықтай жақсы көптеген мақсаттар мен тәрбие және оқу міндеттері жүргізілуімен байланысты [2].

Жоғарыдағы айтылғандарға сүйенсек, берілген жұмыстың мақсаты шет тілін оқытудағы Ғаламтордың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау.

Бұл мақсат өз кезегінде келесі міндеттермен нақтыланады:

1) Берілген тақырып бойынша қолдағы әдебиетті талдау;
2) Оқу процесіне Ғаламтордың және оның әсерін жалпы ерекшеліктерін анықтау.
3) Оқу ресурсы ретінде Ғаламторды пайдалануын мұғалімдердің ойын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу.
4) Ғаламторды оқу құралы ретінде орта мектептегі шет тілінің сабағында тілдік қызметінің түрлері мен аспектілерін қарастыру.

Зерттеу компьтерлік технологияларды қолдану – бірінші кезекте ақпарат алу әдісі екендігін көрсетті. Көптеген адамдар әр түрлі компьютерлік бағдарламаларда жұмыс жасауды біледі, компьютерлік презентациялар жасайды, Интернет желісінде әңгімелеседі.

Біз Интернеттегі білім беретін сайттардың тізімін жасадық. Ағылшын тілін үйрете отырып, Интернет сөйлеу тілінің дағдыларымен білігін қалыптастыруға көмектеседі, сонымен қатар лексикамен грамматиканы оқытады. Бұл алдымен ойлаумен байланысты: талдау, синтез, абстракциялау, салыстыру, вербалды және мағыналық болжау және т.б. Интернеттің көмегімен қалыптасқан дағыдылар мен білік- басқа тілдік құзіреттіліктің шегінен шығып кетті. Интернет үйренушілердің әлеуметтік және психологиялық қасиеттерін жетілдіреді: олардың өзіне деген сенімі және өздерінің ұжыммен жұмыс істей алуы; үйренуге жағымды орта құрады.

«Егер Интернет оқушылардың білім алуына жақсы әсер етсе, соңында оқу барысын көрнекі етуге мүмкіндік береді» деген гипотезаны дәлелдейді, бірақ ол ешқашанда мұғаліммен бірге жұмыс жасауда алмасытыра алмайды.

Технологиялардың дамыған ғасырында компьютерлер ағылшын тілін үйренуде жоғарғы орында, өйткені оқуда жаңа, қызықты және пайдалы білім алу мүмкіндігі туады. Осылайша, біз Интернет ағылшын тілін үйрену процессін жылдамдатуға көмектесе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Филиппов М.А. Использование ресурсов Интернет на уроках иностранного языка. – Алматы, 2020

2 Цветкова А. Я Возможности и пути включения Интернет в школьное образовательное пространство // Вопросы Интернет - образования. 2003. - №23.

ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Мамбетова Дина Әділханқызы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Тілдің сатылық құрылымында мәтін семантика - синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Кез келген мәтін тілдік жүйеге бағынады. Сонымен қатар әрбір мәтіннің белгілі бір тұрғыда қайталанбайтын өзіндік ерекшеліктері болады.

Мәтін – сөйлеу барысында қалыптасып, сұрыпталған, тұрақталған айрықша типтік сигналдардың жиынтығы болып табылады. Оған айрықша форма мен композиция, құрылым тән болып келеді. Мәтін әр түрлі тілдік бірліктер мен олардың арасындағы қатынастардың күрделі құрылымы болып табылады. Мәтін құрамындағы тілдік бірліктер өзара әр түрлі лексикалық, стилистикалық, логикалық байланысқа түседі.

Мәтіннің негізгі сипаттарының бірі – мағыналық тұтастығы. Мәтінді тұтастай алғанда бір ғана мазмұнға ие, өзара логикалық және грамматикалық байланыстағы әр түрлі тілдік бірліктерден құралған көп деңгейлі құрылым деп тануға болады. Мәтіннің мағыналық тұтастығы оның бойында кездесетін кейбір «тірек сөздермен» тікелей байланысты. Мәтін сөйлеудің сыртқа шыққан, материалданған көрінісі. Ал сөйлеу психологиялық әрекет нәтижесі болып табылатын жоғары психикалық қызметтің күрделі түрі. Сөйлеу әрекетіне көп деңгейлі, көп қырлы құрылым мен өзге де психикалық қызметпен тікелей байланыстағы күрделі жүйе тән. Осымен байланысты мәтінге тән күрделі психикалық құрылым оның мағыналық, құрылымдық және композициялық тұтастығынан, грамматикалық ерекшелігінен көрінеді. К

Көркем мәтінді нақты бір ақпаратты өз бойына жиған, әрі өзгеге жеткізе отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістіктен ақпарат беретін, жеке тұлғаның рухани әлемін ашатын, коммуникативтік бағыттағы, күрделі тілдік таңба деп танимыз. Көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық ұйымдасуы мәтінтүзімнің коммуникативтік-прагматикалық аспектісін айқындайды. Көркем мәтіндегі субьект категориясының мәтінтүзушілік қызметіне, мәтін астарының имплицитті-коммуникативтік сипатына талдау жасау мәтінтүзімнің коммуникативтік-прагматикалық аспектісін айқындауға көмектеседі. Көркем мәтіннің коммуникативтік прагматикалық сипатын айқындауда автор сөзі мен кейіпкер сөзінің, композициялық баяндау формаларының коммуникативтік-прагматикалық қызметіне талдау жасаудың мәні зор.

Мәтіннің өзіне тән болмыс-қасиетін зерттеу сан ғасырлардан бері зерттеушілер назарынан түспей келе жатса да, мәтіннің бүгінгі күн талабынан зерттеуді қажет етіп жатқан тұстары әлі де көп. Бұл бағытта қазақ мәтіні лингвистикасында соңғы он жылдың ішінде біршама мәселелер анықталып, құнды зерттеулер жарық көрді. Мәтін лингвистикасының өзекті мәселелері бойынша бірнеше кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Бұл зерттеулер қазақ мәтін лингвистикасының дамуына, мәтіннің басқа да қырларының зерттелуіне негіз болғаны анық.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде.

Тіл дамыту жұмыстарының тәсілдері төмендегідей:

1. Грамматикалық тапсырмаларды түрлендіріп беру;
2. Мазмұнды суреттермен жұмыс ұйымдастыру;
3. Оқушыларды топқа бөліп, өзара сөйлестіру;
4. Белгілі бір тақырыпта берілген әңгімені жалғастыру;
5. Шағын көріністер даярлату;
6. Мәтінмен жұмыс жүргізу.

Осының ішінен ең басты орын алатыны – мәтінмен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында қойылатын басты талаптардың бірі – берілген материалды түсініп оқу. Себебі оқушы оқып тұрған әрбір сөздің, әрбір сөз тіркесінің беретін мағынасын, грамматикалық тұлғасын түсінбейінше сөйлемдегі айтылар ойды қабылдай алмайды. Сондықтан алғашқы сабақтардан бастап ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза отырып, әрбір оқылған сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді, мәтінді түсініп оқуға баулу қажет. Егер мұғалім мәтін бойынша тек: оқу, аудару, сұраққа жауап беру, мазмұнын әңгімелету сияқты түрлерін пайдаланса, бұл бір сарынды болып келіп, оқушыларды жалықтырады және пәнге деген қызығуын төмендетеді.

- Берілген мәтінге сүйене отырып диалог құрастыру.

Мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстың басқа түрлері де өте көп.

1. Оқылған әңгіменің мазмұнын қысқаша, тұжырымды түрде әңгімелету.
2. Мәтін ішінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табу.
3. Белгілі бір жоспар бойынша мазмұнын айту.
4. Мәтін бойынша сурет салғызу.

Мысалы: 8–сыныпта “Great Britain” тақырыбын өткенде оқушылар мәтінді төмендегі сатылай кешенді талдау арқылы әңгімелей алады.

Great Britain

1. Country Great Britain
2. Population 57 million
3. Capital. London
4. The area of UK 244.100 square kilometres
5. Parts England. Scotland. Wales. Northern. Ireland.
6. Islands 5500 islands
7. Climate Mild climate
8. Rivers the Thames/the Seven
9. Weather often rains in England

Pupil1: What do you like to read?

Pupils 2: I like to read the detective stories.

Pupil 1: What is your favorite author?

Pupil 2: My favorite author is Agatha Christie. But what about you?

Pupil 1: …

a) Listen the stories and find the difference.

b) Listen the text and remember for life how to be the safe in the road.

c) Read and compare these school uniforms with your school uniform.

a) Complete the text.

b) Interview your classmate about his/her hobby (favourite subjects).

c) Write a plan of a holiday. Advertise the programme. Whose programme and advertisement are the best?

Ex. Make up exclamatory sentences according to the model.

Model: competent advice — What competent advice! good question — What a good question!

1.original advice great idea

2.beautiful nature difficult character

3.fashionable furniture big refrigerator

4.modern equipment ancient fortress

5.unexpected money great fortune

6.wonderful music sentimental tune

Аталмыш әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, Мерсердің зерттеуіне сәйкес диалогтік оқытудың зерттеушілік әңгіме түрінің оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда өте тиімді тәсіл екендігіне көз жеткіздім.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрін сипаттаған болатын. Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлері:

→әңгіме-дебат,

→кумулятивті әңгіме,

→зерттеушілік әңгіме.

Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсінумен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдыққа ие болады.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;

2)әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;

3) қатысушылар бірбіріне сұрақ қояды;

4)қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгіме де дәлелдеме «көрінеді»;

5)топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу)

Диалогтік оқыту кезінде Мерсер мен Литлтонның пайымдауынша, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, оның білім деңгейінің өсуіне әсер етеді, берілген тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

И.Г. Ольшанский мәтін элементтерінің төмендегідей иерархиясын ұсынады: макромәнмәтін (тұтас тілдік шығарма), субтекст(бөлім, тарау т.б.), абзац, күрделі синтаксистік тұтастық, микромәтін (бір сөйлем) немесе бұл жүйенің ең төменгі шегі – сөйлем». М.М. Глушко осы жүйеге лексикалық және морфологиялық деңгейлерді жатқызады» [1]. И.Р. Гальперин мәтінді көлемді-прагматикалық және контексті вариативті болып мүшеленеді деп көрсетеді. Көлемді-прагматикалық түрі том, кітап, бөлім, тарау, абзац, күрделі фразалық тұтасым деген бөлшектерге мүшеленеді. Контексті-вариативті түрі автор сөзі, баяндау, пайымдау, диалог, дәйексөз, төл сөз, табиғат, кейіпкер бейнесін, қимыл-әрекет жағдайы мен орнын суреттеу сияқты бірліктерге ажыратылады» [2].

И.Р. Гальперин көркем мәтіндегі ақпараттың үш түрін атайды: мазмұндық-фактілі (мазмұндық-нақты), мазмұндық-концептуальды, мазмұндық астарлы.

Мазмұндық-фактілі ақпаратқа шығарманың нақты лексика-фразеологиялық қабаты жатады. Ал мазмұндық концептуалды ақпар автордың қоғамдық өмір құбылыстарын өз бетінше саралауынан, түсінуінен, бағалауынан, оқырманға жеткізуінен көрінеді. Мазмұндық-астарлы ақпар мәтіндегі тілдік бірліктер тудыратын түрлі ассоциацияларға, коннотацияға негізделеді.

И.Р. Гальперин мазмұндық-астарлы ақпар (содержательно-подтекстовая информация) және подтекст терминдерін синоним ретінде қатар алып, мынадай анықтама береді: «мазмұндық-астарлы ақпар дегеніміз – тіл бірліктерінің ассоциативті және бағалаушы мағына тудыра алу қабілетіне, сондай-ақ күрделі фразалық тұтастыққа кіретін сөйлемдердің мәнін өзгертуқабілетіне орай мазмұндық нақты ақпардан алынатын жасырын ақпар» [3, 28 б].

Мәтіндер бір бірімен ұқсастық, яғни парадигматикалық жағынан да байланысады. Мәтіндер ауызша әңгімелеу немесе түрлендіру барысындағыдай ауыспалы болуы да мүмкін. Мәтіннің кез келген өңделуі, мысалы, екіншілік жанрлар мәтіндерін (аңдатпалар, пікірлер және т.б.) өндіру барысында бастапқы мәтінмен парадигматикалық қатынасқа түседі. Мәтін мен оның атауы да парадигматикалық қатынаста болады. Бірақ аталған синтагматикалық және парадигматикалық қатынастар сөйлем арасында немесе басқа да тілдік деңгейлерде көрінетін айырмашылықтарды мәтін арасындағы нақтылық сияқты ашық көрсетпейді. Бұл ең жоғары деңгейдегі бірлік ретінде, мәтінге қатысты азғантай нақтылықты Л.Н. Мурзин мен А.С. Штерн жалпы заңдылық деп түсіндіреді: «деңгей қаншалықты төмен болса, синтагматикалық және парадигматикалық қатынастар соншалықты қатаң болады». Сонымен қоса аталған қатынастардың болуы - тілдің мәтіннен де жоғары деңгейі бар екендігінің дәлелі. Мәтін деңгейінде бірліктер саны, нақты айтқанда, шексіз болады және синтагматикалық, парадигматикалық қатынастар алдын ала белгіленіп, берілмейді. Олар ағымдағы жағдайлар ықпалымен құрастырылып, бұл жағдайлар өзгеріске ұшыраса, мәтін деңгейінде жаңадан құрылатындай еркіндікке ие болады.

Мәтіннің өзіне тән болмысы мен табиғатын зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігі күн санап артып келеді. Себебі ол қолданыстағы, қоғамдық өмірдің барлық саласына белсене араласқан, қоғамдық қарым-қатынас барысында сұрыпталған, шыңдалған, қалыптасқан, сол қатынас нәтижесінде өмір сүруге бейімделген тіл болып табылады. Шынайы тіл тілдік қарым-қатынастың барлық түрлері арқылы жүзеге аса алатын, эмоциялық көңіл-күй сезімдер, ақиқат өмір туралы ақпарат бере алатын тіл болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Глушко М.М. Система и структура научного текста. – М., 1982. – 263 с.

2 Гальперин И. Р. О понятии «текст» // Вопросы языкознания. 1974. № 6.

3 Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста: Структура стиха. – М.: Искусство, 1972.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ПРАКТИКАЛЫҚ ГРАММАТИКАНЫ ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Сейдалиева Ботакөз Муратовна

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Қазіргі өмір талабы – оқу және тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар ағылшын тілін оқытуды үнемі жетілдіруді, оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды талап етуде.

Осыған орай, ағылшын тілін тілдің үш тұғырының бірі ретінде қызмет етуінің алғышарты – оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылуы болып табылады. Жер шарын мекендеген мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне – халықаралық сипат алған ағылшын тілінің ролі зор.

Ағылшын тілін үйрену арқылы оқушылар білім дегейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады. Сөйтіп, өз пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді.

Біздің ойымызша грамматикалық ойындардың маңызды бір түрі болып табылады, өйткені грамматикалық материалды меңгеру, ең алдымен, оқушылардың белсенді сөйлеуіне өтуі үшін мүмкіндіктер жасайды. Бәрімізге мәлім, оқушыларды көпретті қайталауды талап ететін грамматикалық құрылымдарды қолдануға үйрету оқушыларды өзінің бірізділігімен жалықтырады, ал кетірген күштер тез қанағаттандыруды бермейді. Осыған орай, грамматикалық материалды түсіндіру дәстүрлі сипатқа ие болғандықтан, біріңғайлылық пен абстрактілік оқушыларда эмоционалдық-жағымсыз қарым-қатынасты тудырады. Грамматика, соның ішінде теория, қызықты түрде түсіндіріле алады; ол эмоцияларды туындатуы керек және оқушылардың тұлғалығына бағытталуы тиіс. Мұның бәрі сөзсіз шет тіліне оқытудың тиімділігін арттырады. Ағылшын тілін меңгеруді, соның ішінде грамматиканы меңгеруді қызықты және баурап алатындай істеу үшін, оқушылардың танымдық қызығушылығының, шығармашылық ойлау белсенділігі артуына қол жеткізу үшін біз көбінесе әр түрлі жұмыстардың ойындық түрлеріне жүгінеміз. Біздің көзқарасымызбен, ойын коммуникативті қабілеттердің дамуының барынша тиімді құралдарының бірі болып табылады. «Ойын – бұл балалардың әлемді тануға бағытталған жолы, онда олар өмір сүреді және оны өзгертуге болмайды» (М. Горький). Ойын балаларда барынша қызығушылықты танытады: сөйлеу қызметін табиғи нормаларға жақындата түседі, қарым-қатынастың қабілеттерін дамытуға көмектеседі, тілдік материалды тиімді өңдеуге ықпал етеді, оқудың пратикалық бағытталғандығын қамтамасыз етеді.

Ойындар жалықтырушы жұмыстарды барынша қызықты және баурап алатындай жасайды. Ойындар, әдетте төменгі мектеп оқушыларының алдыңғы қатарлы қызметтерінің формасы болып табылады. И.Н Верещагина, Е Негневицкая, Т.Б. Клементьева және т.б. ұлы педагогтар оқыту процесі кезіндегі ойындардың қолданылу тиімділігіне ерекше мән берген болатын. Бұл түсінікті. Ойында ерекше бір және кейде күтпеген адамның қабілеттері көрінеді.

Ойын амалдары оқушының дамуы кезінде көптеген қызметтерді атқарады, оқу процесін жеңілдетеді, жыл сайын артып келе жатқан материалды меңгеруге көмектеседі және коммуникативті құзыреттеліктің қажетті қабілеттерін дамытады.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы.

Сондай-ақ халықаралық қатынастар аясында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ол қарапайым оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды.

Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің мектептерінің оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда.

Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Ағылшын тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі: оқу материалдарының ақпараттық-

коммуникативтік технологиялар арқылы оқушылардың оқу іс- әрекетін мұғалімнің көмегімен немесе компьютер арқылы меңгерілуі. Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту,ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету,өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру,оқушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады.

Оқытудың негізгі үш түрі бар: 1.тәрбиелеу, 2.ағарту, 3.дамыту [1, 94б.].

Оқушылардың көпшілігінің ағылшын тілін оқуға деген үлкен қызығушылықпен кірісуі, олардың ағылшын тілінде қалай сөйлейтінін естігісі және сөйлегісі келеді. Олар алғашқы кезде амандасып, қоштасып үйренеді, заттардың атауларын біле бастайды. Осы кезеңде қарым-қатынас екі жақты болуды талап етеді себебі, олар тыңдай білуге де, сұрай білуге де үйретілуі керек. Оқытудың ағартушылық мақсаты. Кез -келген тілдің ағартушылық қызметі зор. Әрбір тіл сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетінің тікелей көрсеткіші және сол тілде сөйлейтін ел туралы хабардар болуы; өз ойын дұрыс жеткізе алуды үйренеді. Оқытудың дамыту мақсаты. Оқу-ұйымдастыру білігі мен дағдысын қалыптастыру дамытушылық мақсаттарының негізі болып табылады. Себебі, оқушының тіл білімі деңгейін жоғарылату және сол тілде ойлауды дамыту-тіл білімін дамытудың басты міндеті.

Құзыреттілік ұғымы – белгілі бір пәндер мен үрдістерге және соларға қатысты әрекет ету үшін қажетті тұлғалық қасиеттердің өзара байланысты бірлігі. Құзыреттілік оқушылар дайындығы сапасының сан қырлы және құрылымдық сипатын анықтайтын толық мөлшерде стандартталынбайтын бағасы. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша меңгерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді, ол оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа [2, б. 46].

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруда, өз бетімен шешім қабылдай алуына мүмкіндік туғызатын негізгі құзыреттіліктер:

- проблеманың шешімін табу құзыреттілігі;
- ақпараттық құзыреттілік;
- коммуникативтік құзыреттілік.

Соның ішінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда жете қарастыруды қажет етеді. Қазіргі заманның талабына сай мектептерде білім беру жүйесіндегі коммуникативтік құзыреттілік жөнінде көптеген мәселелер қаралып, олар шет тілін оқыту саласында да қолданысқа енгізілген.

Грамматка сынды тілге үйретудің ешқандай аспектілері көптеген жылдардың ішіндегі қарқынды талқылаулар мен дисскуссиялардың пәніне айналмаған. Грамматка әр түрлі түсіндірілді, ол ана тілімен қатар, шет тіліне оқытуда, әлем мемлекеттерінің білім беру жүйелерінде маңызды рөл атқарып келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез-келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Ағылшын тілі сабағында балаларға сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни, сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек. Оқушылар сабаққа қарағанда ойынды ұнататыны белгілі.

Ағылшын тілі сабағындағы ойын мазмұны бойынша қандай негізде болуы керек? Болмысы бойынша біз әр ойында бір немесе бірнеше тілдік үлгілермен жұмыс істейміз, сондықтан ойын бұл тілдік жаттығу тәріздес. Бірақ та ойынның өзгешелігі оқу тапсырмалары

оқушыларға анық күйінде берілмей, жасырын түрде беріледі. Ойнай отырып, оқушылар өздерінің алдына оқу материалдарын қоймайды, бірақ та соның нәтижесінде ол үйренеді.

Әдетте ойынның сюжеті ережелерді анықтайды, ал ойынның ережелері бойынша оқушылар өте мұқият болып, өздерінің еріктерін ойын тапсырмаларына бағындыруы керек, себебі өзін ұстау нормалары мен қоғамдық функциядар меңгеріледі. Бұдан басқа ойын оқушыларға ұялшақтығын, тілдік қарым-қатынас ұстау кезіндегі барьерді жеңіп, қателікті жасауды болдырмайды. Оқушыларға әрдайым оқу қызметіне қосылу қиын. Бірақ ойнау бәрінің қолынан келеді, тіпті өте нашар оқитын балалардың да қолынан келеді. Негізінен, әр ойында біз бірнеше рет қайталанатын бір немесе бірнеше тілдік үлгілермен жұмыс істейміз. Сондықтан да ойын - бұл тілдік жаттығу тәріздес.

Сөйлеудің грамматикалық жағына үйретуде барлық сатылардың маңыздылығын ескере отырып, әдістемелік міндеті грамматикалық материалды өңдеу болып табылатын бекіту сатысын жете зерттеп, оған назар аударудың қажеттілігі туындады. Бірақ Н.Ахметованың ойынша кестелер, сызбалар, тіпті көрнекілік пен түстерді қолдану механикалық меңгерудің емес, танымдық меңгерудің проблемасын шешуге, грамматикалық құбылыстың мәнін түсінуге, білім жүйесінің механизмін анықтауға көмектесе алмайды және өзін қажетті деп сезіндіре алмай, оқушылардың білімге деген құштарлығын оята алмайды деп есептейді. Мектепте Білім Министрлігімен бекітілгендей, шет тіліне оқытуға аз уақыт бөлінетіндіктен, шет тілінің қандай да бір грамматикалық құбылысына ереже-нұсқаулықтың негізінде оқыту көп уақытты талап етеді, кетірген күш оқу-тәрбие жұмысына жалпылай әсер ете ала ма деген сұрақ туындайды.

Айтылғандардың бәрінен грамматикалық материалды ұсынудағы әдісті таңдаудың проблемасы туындайды. Шет тілдеріне оқытудың әдістемесінде грамматикаға үйретудегі негізгі мотивациялайтын құралдар ретінде ойын қолданылады және бұл әдіс кез-келген жастағы балалар үшін қызықты екені анықталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зимняя И.И. Психология обучения иностранным языкам в школе. – М.: Просвещение, 2012. – 222 с.

2. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Политиздат, 2000. – 304 с.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сүюмбай Малика Жәнібекқызы

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғарғы деңгейін және кәсіби білімділігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үдерісі.

Бүгінгі таңда мектептегі білім берудің мақсаты – бәсекеге қабілетті, ұлттық мәдениетті, әр түрлі бағыттағы білімді меңгеруге дайын, ақпараттық кеңістікте икемді әрі тез қабылдайтын, жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және

күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген [1]. Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және оны тиімді пайдалану керек. Аталған жолдар арқылы оқытушыға білім сапасын арттыру, оның мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру және жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай шығармашыл тұлға қалыптастыру мәселесін қойып отыр. Тек сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Олай болса, қазіргі кезеңдегі оқытушының міндеті – оқытудың шығармашылық сипатын күшейту және мақсатты білім беру. Осы тұрғыда оқушылардың оқыту үдерісінде алуан түрлі құзыреттіліктерін дамыту ерекше орын алуда.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады.

«Құзыреттілік» терминін XX ғасырдың ортасында американдық ғалым Н. Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер деген түсінік берді. Құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекетін меңгеруден көрінетін білім нәтижесі. Білім мазмұнын жаңалау – негізгі мақсат болып табылады. Басты мақсаттың бірі – білім игеру кезінде күтілетін нәтижеге қол жеткізу. Негізгі бағыт оқушы жеке тұлғаға ауысады, яғни, жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы рөлін атқарса, ал жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, үйренуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек. Бүгінде білім беру стратегиясын «құзыретті білім беру» деп те атап жүр. Құзыреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне тікелей байланысты. Құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. Оқыту үрдісіндегі құзыреттіліктерге ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген.

Аударма басқа сөйлеу қызметінен тек тыңдау мен сөйлеу немесе оқу мен жазбадан тұратындығымен емес, сонымен қатар екі тілді жағдайда жүзеге асатындығымен ерекшеленеді. Сөйлеу қызметінің әр түрлі формаларында шетел тіл лексикасын пайдалану білімді белсендіруде оқушылардың қажеттілігін туындатады, оқу процесінің неғұрлым қиын жағдайларында тілді неғұрлым тез меңгеру үшін мүмкіндік туғызады.

Репродуктивтік әдіс оқушылардың алған білімдерін жаңғыртатындығымен сипатталады. Меңгерудің қажетті бекемдігі білімді бірнеше мәрте қайталау жолымен қамтамасыз етіледі. Оқушылардың репродуктивтік қызметтері міндетті түрде шығармашылық қызметпен үйлесімді болуы тиіс. Ал рөлдік ойындар шығармашылық тұрғыдан жүзеге асады.

Шетел тілінің практикалық сабақтарында оқушылардың өзіндік жұмыстары ретінде мәтінмен жұмыс жасау сияқты тәсіл жиі пайдаланылады. Дәл осы тәсіл аударmаға оқыту кезінде де қолданған орынды әрі тиімді.

Мәтінмен жұмыс жасауды сабақ барысында мынадай жолмен ұйымдастыруға болады:

Оқушылар оқу барысында мәтін мазмұнын дұрыс қабылдау үшін мәтінді жылдам түрде қарап шығады. Қарап шығу уақыты – 3-5 минут. Бұдан кейін мұғалімнің басқаруымен аударманың аса ерекше түріне кіріседі: оқушылар аударманы дауыстап орындайды; аудару кезінде сөздердің басымдылығы немесе бағыныңқылығын және өзара байланысын автоматты түрде анықтайды. Мұндай аударма кезінде оқушы өзіне бұдан бұрын белгісіз сөздерді мәтіннің синтаксистік және қисынды-мағыналық байланысы тұрғысынан болжай алады. Ой операцияларының бүкіл үдерісі «ашық» түрде өтеді, бұл оқырманның қателескен тұстарын сол сәтте түзетуге мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмыс жасай отырып, оқушылар негізгі сөздер мен үзінділер бойынша мәтіннің тақырыбын анықтап, мазмұнын жалпылап

үйренеді, мәтінді ықшамдау тәсілін игереді. Мұндай сипаттағы өзіндік жұмыс сөз қорын ұлғайтуға бағытталады, бұл қосымша мәтінде, лексикалық-грамматикалық жаттығуларда жиі қайталануымен қамтамасыз етіледі. Барлық тапсырмалар тіл құралдарын белсенді түрде пайдалануды қажет етеді. Бұл тұрғыда оқушылар маңызды ақпаратты алуға, жалпылауға және талдауға үйренеді.

Оқу қызметін ұйымдастырудың өзіндік формасын жүзеге асырудың неғұрлым тиімді жолдарының бірі жеке тапсырмаларды ұйымдастыру болып табылады. Олар үйренушіні жаттанды жұмыстан босатып, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың оқу материалын сезімдік қабылдауын жүзеге асыру және ұйымдастыру әдістерінің бірі – перцептивтік әдіс болып табылады. Бейне сабақ – перцептивтік әдістердің бірі. Мұндай сабақтар кезінде ауызша аудару дағдысы қалыптасады. Мәтіннің шағын бөлігін қарап шыққаннан кейін, оқушылар оны аударуға кіріседі. Бірден қателері көрсетіліп, талқыланады, аударма түзетіледі. Бейнефильмдер немесе олардан үзінді алғанда тақырыпқа сәйкестендіріп таңдау керектігін атап өткен жөн. Бейнефильмдерді қарау кезінде жаттықтыру белсенді жүзеге асып отырады, дәлірек айтатын болсақ: жадыны жаттықтыру, бір тілден екінші тілге көшуді жаттықтыру, қарқынды жаттықтыру, лексикамен жұмыс.

Бейне материалдарды қолдану әдісі оқушыларды үйрету және тәрбиелеуде маңызы зор, бұл көрнекті бейнелердің беретін әсерінің тиімділігін арттырады. Көрнекті түрде ұсынылған ақпарат түсінікті, жеңіл әрі тез меңгеріледі.

Шет ел өкілдерімен кездесу аудармаға үйрету үдерісіндегі тиімді әдіс болып табылатыны айқын. Мұндай кездесулер барысында оқушылар тіл иесімен тілдесуге мүмкіндік алады, олардың мәдениеті мен дәстүрлеріне араласа алады. Осы секілді кездесулер оқушыларға тілдік кедергілерді жеңуге, әр түрлі коммуникативтік жағдаяттарға тез арада бейімделуге, қажетті шешімдерді уақытында қабылдауға көмек береді. Сонымен қатар мұндай кездесулер оқушылардың күнделікті, сондай-ақ тақырыптар бойынша сөздік қорларын байытуға ықпал етеді.

Қисынды әдістер – аудармашылық дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін мәтіналды және аудармашылық сипаттағы тілдік жаттығулардан тұрады. Бұл жиынтыққа аудармашылық қиындықтарды жеңуге, аударманың әр түрлі нұсқаларын салыстыруға және аудармашылық қателерді талдауға, бастапқы және аударма мәтінді түсіндіру мен өзгертуге, ауызша және жазбаша сөзді аударуға бағытталған жаттығулар да ендіруге болады. Аудармашылық сәйкестіктер енгізіліп, бекітілетін жаттығуларда жиі қолданылатын сөздерден тұратын мәтіндердегі тіларалық сәйкестіктерді жеткілікті түрде игеру үшін қажетті көлемде аударманың әр түрі жүзеге асады. Тапсырманы әрдайым жаңалап беріп түрлендіріп отыру қажет.

Дұрыс ұйымдастырылған жаттығулар оқу және практикалық икемділік пен дағдыларды жете меңгеруге мүмкіндік жасайды.

Қисынды әдістер тобына жатқызуға болатын тағы да бір әдіс – бұл «кейс-стади» немесе нақты жағдаятты талдау. Нақты жағдаятты талдау әдісін репродуктивтік әдіспен жалғастыруға болады. Содан кейін оқушылардың жасаған жұмыстары талқыланатын, қателер талданып, сәйкес қорытындалар жасалынатын рөлдік ойын әдісі немесе бейне материалды көруді ұйымдастыруға болады. Сондай-ақ, нақты жағдаяттың талдануы мен талқылануы жүзеге асатын перцептивтік әдісті қолдану да тиімді. Осындай жұмыстар нәтижесінде, оқушылар өздерінің және өзгелердің қателерін тауып, үйренеді.

Ал тілдік механизмге сөздерден құралатын мәтіндер, айтылымдар мен қанатты сөздер, сөз тудырушы элементтер бойынша сөздерді құрастыруды қамтамасыз етуші әрекеттерді, сондай-ақ мағыналардың баламалығын табу, бір тілден келесі бір тілге тез арада көше білу механизмдерін жатқызуға болады.

Қоғам дамуының әр сатысы білім беру жүйесіне, оның барлық салаларына кәсіби дайындықтың мазмұнына өз талаптарын қояды. Жаңа экономиканың дамуы жаңа қоғамдық

құрылысқа сай маманды талап етеді. Бүгінде болашақ маман өз бетімен жұмыс істеуі, дайын білім алудан гөрі олардың өзінің білім алудағы шығармашылық белсенділігінің артуы, оқушының жауапкершілігін көтеру мәселелері оқу үрдісін жаңаша құруды талап етеді.

Қазіргі таңда шетел тілі ретінде ағылшын тіліноқытуды жаңа сатыға көтеру – педагогикадағы іргелі міндеттердің бірі. Елбасы бастамасымен «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын дамыту басымдыққа айналып, соныңішінде жаңғыру жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде ағылшынтіліне мән беріліп отыр. Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялықүрдістердің тереңдеп кең қанат жайған жағдайында шетел тілін оқыту өзекті болыпотыр.

Қазақстан Республикасы 2010 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «Орта білім берудің мақсаты – қарқынды өткізіліп отырған дүние жағдайында игерілген терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлама алуға, өзінің іс-әрекеттерін жұмылдыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» екендігі атап көрсетілген. Қазіргі заманғы білімнің мақсаты мен басты стратегиялық бағдары – құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру. «Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады.Шетел тілін жетік меңгеру әрдайым оқушының өз ана тілімен сабақтастықта оқытылуы тиіс, қос тіл ерекшеліктерін салыстырып-салғастырып, айырмашылықтарын айқын көрсетіп оқыту оқушылардың шетел тілін жылдам әрі сапалы меңгеруіне ықпалын тигізеді және бұл бірінші кезекте оқушыларды аудармаға оқытумен жүзеге асырылады.Шетел тілін оқыту үдерісінде аудармаға оқыту сөз әрекетінің тыңдап-түсіну мен сөйлеу білігін, оқу мен жазу білігін, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық дағдыларды дамытумен қатар жүріп отыруы керек. Шетел тілі сабағында аудармаға оқыту оқушылардың аудармашылық құзыреттілігін дамытумен сипатталады.

Аудармашылық құзырет оқушылардың берілген мәтінді сәйкесінше талдап түсіндіруге көмектесетін, белгілі білімді қажет ететін, олардың жалпы құзыреттіліктерінің маңызды құрамдас бөлігі болып, аударуға мүмкіндік беретін біліктер мен дағдылардың негізгі жүйесі ретінде қарастырылады.ұғымына анықтама

Оқушылардың аудармашылық құзыреттілігінің қалыптасуын, дамуын және аударма теориясының мәселелерін отандық А.Қ. Жұмабекова, Ә.С. Тарақов, А.Алдашева, Г.Сабурова, Г.Тікенбай, ресейлік Л.К.Латышев, В.Н.Комиссаров, Л.С. Бархударов, Р.К. Миньяр-Белоручев және шетелдік Равен Джон,Bell, R.T., Hurtado Albir A. ғалымдары зерттеген және де өз еңбектерінде қарастырған.

Қорытындылай келе, біз Л.К.Латышевтың аудармашылық құзыретке берген анықтамасымен толықтай келісеміз[2]. Аудармашылық құзырет – өзінің кәсіби міндеттерін шешу үшін көмектесетін білім-біліктері мен қабілеттерінің жиынтығы. Жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек, демек оқушы ағылшын тілі сабағында тек тілдің кейбір семантикалық белгілерін меңгерумен ғана шектелмеуі тиіс. Педагогикалық және ғылыми-әдістемелік дерек көздеріне жасалған талдау көрсеткендей, оқушылардың аудармашылық құзыреттілік дамытудың алуан-түрлі әдістемелік бағыттары мен технологиялары бар. Сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты жетілдіру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 2007. – 7-қыркүйек.

2 Тікенбай Г. Аударма лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде және оның лингвомәдени мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2012. №1(135) – Б.337-340.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тилек Іңкәр
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Қазіргі қоғам сұранысына сай білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын жеке тұлға тәрбиелеуге аса назар аударылуда. А. Байтұрсынов өзінің «Мектеп деректері» еңбегінде былай деп жазды: «.....Мұғалім қандай болса, мектеп, пән сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Дүниежүзілік ақпараттық білім беру кеңістігінің құрылуымен, әлемдік ғаламдану процесінің жеделдеуімен байланысты егеменді еліміздің білім беру жүйесін модернизациялау бағытында ауқымды іс-шаралар жүргізіле бастады. Заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талап та ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгерді.

XXI ғасырда ағылшын әдебиетіне жазушылар мен ақындардың «жаңа легі» келеді. Олар өздеріне дейінгі терең философиялық және психологиялық шығармалардан ерекше, жеңіл оқылатын және күнделікті өмірге ұқсайтын туындылар жасауды мақсат етеді. Бұл шығармалар оқырман қауымнан терең философиялық ойлар мен кең дүниетанымды талап етпейтін, оңай қабылданатын болды.

Питер Акроид - ағылшын әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен, шығармаларының сюжеттік желісімен ерекшеленетін жазушылардың бірі. Оны Диккенс дәстүрін жалғаушы деуге толық негіз бар. Акроид танымал жазушыдан адам жанының терең және сан қырлы ішкі дүниесін дәл және нақты беруді үйренген сияқты. Акроид өз шығармаларында баяндалатын оқиғаларды шынайы етіп беруге көп көңіл бөледі, бұл мақсатта әңгіме ортасына қызықсыз, алайда нақты сипаттауларды енгізуден еш бас тартпайды.

Мартин Луис Эмись – британдық танымал жазушы. М.Эмись Суонси, Оңтүстік Уэлсте жазушы Кингли Эмисьтің отбасында дүниеге келді. М.Эмись он екі жасында болғанда ата-анасы ажырасып кетеді, нәтижесінде ол өгей анасы жазушы Элизабет Джейн Говардпен танысады. Кейін жазушының әдебиетке деген қызығушылығын оятқан осы адам деген пікірлер айтылады. Элизабет Джейн Говард бала Мартин Джейн Остин шығармашылығымен таныстырады. Бұл жазушының қалған өміріне өшпестей із қалдырады. Кейін ол өзінің жазушы болуына Джейн Остин шығармашылығы зор әсер еткенін мойындайды.

Алғашқы туындысы – «Рейчел туралы естеліктер» деп аталатын роман Сомерсет Моэм атындағы сыйлыққа ие болды. Эмисьтің танымал үш романы бар, олар: «Ақша», «Ақпарат» және «Лондон алаңқайлары» . Бұл романдар – «Лондондық трилогияны» құрайды. Бұл шығармалар әуел баста ешқандай байланысы жоқ, жеке-дара шығармалар болып көрінгенмен, олардағы ортақ идеялар мен сюжеттер баршылық. Атап айтар болсақ, бұл шығармалардағы басты мақсат – қарабайырлылықтан бас тартамыз деп, кесепатты өмір үрдісіне бой ұрған орта жастағы ағылшын адамының өмірін зерттеу.

Бұл мақалада әйгілі ағылшын жазушысы Р.Толкиеннің «Сақиналар әміршісі» деп аталатын шығармасын талдау барысында ағылшын тілін оқытуда үлкен мақсатты әдіс бола алатыны дәйектелді. Жазушының әйгілі кітаптарын қарастырудың әдістерінің бірі - Толкиен әлемінің мифологиясы болған скандинавиялық, кельттік және финдік мәдениет әрбір мотивтердің, образдар мен сюжеттердің қайнар көзін реттеп анықтау үшін қажет;

көрсетілген бағыттың зерттеушілері мифологиялық мәтін мен жоғарыда айтылған халықтардың байланысын іздеуде.

Толкиентануда әлі күнге дейін қолданылмаған талдау әдісі кездеседі – жоғарыда айтылған Толкиеннің әдеби әлемінің типология көзқарасынан зерттеуі, яғни барлық прамиф (лингвистикада бұл термин – «тілдік» деп беріледі) мәдениетіне тән жалпы мифологиялық көзқарастың туындауына әкеледі және көркем ойлауда әлі күнге дейін сақталады. Талдау объектісі ретінде «Сақиналар әміршісі» алынғаны Жерорта туралы айтылғандардың (Толкиеннің шығармасы ретінде және субмәдениет шеңберінде) барлығынан маңыздырақ болып табылады, бұл толық бір жүйеге біріккен жазушының әйгілі шығармасы болып табылады.

«Сақиналар әміршісінде» адамгершілік-философиялық тұжырымдамасы шынайлылықтың фантастикалық бейнелеу мен сиқырлы ертегі және халықтық эпостық поэзия арқылы көрінеді. Орталық жердің азат халықтары, барлығын өзіне бағындырып алмақ болған қара әмірші Сауронға қарсы күресі эпостық ерліктердің басты кейіпкері ежелгі патшалардың мұрагері Арагорн және Толкиен ағылшын мінез-құлықтарының белгілерін шоғырландырып көрсеткісі келетін ертегі еліндегі халық хоббиттердің арасында жүреді. Хоббиттердің бірі Фродо шығарманың басты кейіпкері болады. Қиындықтармен кедергілерге қарамастан ол Сауронның сиқырлы сақинасы- билік Сақинасымен байланысты қиын тапсырманы орындайды, оны құртса Орталық жер халықтарының азаттық алады. Жазушының айтуынша «Сақиналар әміршісін» жарыққа шығаруда бірінші серпіні болып оның ойлап тапқан тілдерінің негізі болуға деген ұмтылыс болды, оның ішіндегі ең дамығаны эльфілік тіл болып шықты. Сонымен қатар кітапта Орталық жердің барлық халықтарына таныс тіл гномдардың тілдері; Рохан тұрғындарының тілдері; «Мордордың» қара тілі; Гондор тіліндегі кейбір сөздер.

Бұл тілдердің дыбысталуы осы тілде сөйлейтін халықтарды сипаттайды: бірқалыпты, дауысты дыбыстарға бай эльфилік тіл, орктердің дөрекі, қатал «қара тілі». Гномдардың құпия тілдері өздері секілді ебедейсіз және жігерлі. Жылқы құмар Роханның тұрғындары үшін Толкиен көнеағылшындық тілді және көнеағылшындық түптамыры бар атауларды қолданды.

«Сақиналар әміршісі» трилогиясындағы типологиялық талдау бейнелер, сюжеттер, роман кейіпкерлерінің логикалық қарым-қатынастары сюжеттік мифологиялық клишеге жатқызылып тұр. Яғни талданып тұрған әдеби шығармада адамзаттың дүние танымының ең терең деңгейінде сақталып тұрған, кез келген мәдениетке тән әмбебап мифологиялық санаттар, белгілі бір жолмен қайтадан қаралып жаңғыртылады. Жалпы мифологиялық әмбебаптық өзгеріссіз болып қалады, уақыт өте келе хикаядағы көріністердің тек түрі ғана өзгереді: негізгі мифологиялық жанрлардан бастап- аңыз, эпос және ертегі- жаңа романға дейін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аникин, Г. В. Английский роман 60-х годов / Г. В. Аникин. – М., 1974.

2. Зарубежная литература XX века: учеб. для вузов / Л. Г. Андреев [и др.]; под ред. Л. Г. Андреева. – М.: Высш. шк.: изд. центр Академия, 2000. – С. 467–470.

АҒЫЛШЫН, ОРЫС, ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ИДИОМАЛАРДЫ АУДАРУДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Толыбай Мейіржан Назарбекұлы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Сөздердің еркін тіркесіне сырттай ұқсас, бірақ іштей яғни тілдік табиғаты жағынан, оған қарама-қарсы қойылатын оймақ ауыз, жүрек жұтқан, жүрегі тас төбесіне шығу, ат-тонын ала қашу, ер қашты болу тәрізді тіркестер бар. Бұлар құрамы жағынан тұрақты болып келеді де, бүтіндей оралым бұрыннан тіркескен, дағдылы қалпын сақтайды, сыңарлары «ешкімнің еркіне көнбей», «өзінен – өзі тіркесіп қойған» тәрізді болып ұғынылады. Мұндай тіркестер сөздің еркін тіркесіне (свободное сочетание слов) қарсы қойылып, сөздердің еріксіз тіркесі (несвободное сочетание слов) немесе фразеологиялық оралым (фразеологический оборот) деп аталады. Фразеологиялық оралымды фразеология зерттейді.

Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы бір тұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица, әдетте, фразеологиялық оралым деп аталады. Олардың қатарына, мысалы, орыс тілінде глубокая осень, глубокая печаль, волчий аппетит, перемывать косточки, сдержать слово, медвежья услуга тәрізді тұрақты сөз тіркестері, қазақ тілінде қас қаққанша, көзді ашын жұмғанша, қас пен көздің арасында, ит арқасы қияңда, ит өлген жерде, тайға таңба басқандай, үріп ауызға салғандай, ат үсті қарау, мидай дала, ата мекен, ата жау, су ми, су журек тәрізді тұрақты сөз тіркестері енеді. Бұл фразеологиялық оралымдардың әрқайсысы сөздердің бір – бірімен тіркесе жұмсалуынан жасалғанмен, мағынасы жағынан бір тұтас, құрамы мен құрылымы жағынан тұрақты единица ретінде ұғынылады.

Идиома – тілдегі бөліп жаруға болмайтын, яғни басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін, лексико-грамматикалық тұрақты сөздер түйдегі. «Ат тонын ала қашу», «Қырғи қабақ болу», «Төбесінен тік тұру» деген мысалдар, мәтелдер емес идиома немесе фразеологиялық түйдектер болады.

Адамзат аударма арқылы араласып-құраласады. Біз өмір сүріп жатқан әлемнің іштей белгілі бір жүйеге құрылғандығы, адам тіршілігінің кез келген жасалмайтындығы белгілі. Адамзат тілдерінің арасында да коммуникацияның өз жүйесі, яғни трансляторы болуы керек. Тілдер арасындағы осындай байланыстырушы жүйенің ең қарапайым шешімі – аударма. Бұл тұрғыдан қарағанда аударма адамзатты біріктіріп тұрған факторлардың бірі деуге де болады.

Аударма ұғымы – кең ұғым. Зерттеуде тек көркем аударма, соның ішінде поэзия аудармасы ғана сөз етілетін болады. Зерттеудің тақырыбындағы «өлең аудармасы» тіркесі нақты өлеңнің ғана аудармасы емес, «стихотворный перевод», яғни жалпы өлеңмен жазылған көркем шығармалардың аудармасы деген тұрғыда қолданылып тұр [1, 63 б.].

Аударма туралы еңбектерде шығарманың қалай аударылғанына көп көңіл бөлінетіні заңды. Сонымен қатар, нені аудару деген қалай аударудан мәні еш кем түспейтін мәселе. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ өлең аудармасында мұны бүкіл әлем біледі, қадір тұтады, мұны аудармағанымыз ұят болады деген сыңайдағы, яғни, классикоманиялық таңдаудың бәрі бірдей сәтті шыға бермегенін айтуға тура келеді.

Аударма – уақытқа тәуелді өнер. Ешкім де барлық замандарға бірдей жарай беретін аударма жасай алмауы мүмкін. Сондықтан да әр дәуір өз аудармасын талап етеді делінеді. Аудармашы өз тіліндегі оқырман үшін жазады. Ол ұлттық өлең мектебінде тәрбие алған оқырманның түсінік-пайымын, таным деңгейін, талғамын, қалыптасқан дәстүрлерді ескермей отыра алмайды. Аудармашы өз оқырманының талғамын жаңа өрістерге тартып жатса, күнес биіктерге көтеріп жатса ғанибеттің ғанибеті. Өзге тілдегі үздік үлгіні қолға алған ақын өз оқырманының эстетикалық тұрғыдан қабылдампаздығын тәрбиелеуді де дәйім

есте ұстағаны, өзге ұлттық мәдениеттердің өлең өнеріндегі құнды қасиеттердің қыр-сырын ашу арқылы сол тілдердегі өлең өрімдерінен өзімізге де өнеге болатындай өрнектер тауып жатқаны абзал. Зерттеудің өн бойында жалпы бір тілден екінші тілге аудару мүмкін бе өзі дегеннен бастап, көркем шығарма аударыла ма, соның ішінде өленді аударуға бола ма, аударылса түпнұсқаға теңдес етіп шығаруға бола ма деген тұрғыда нешетүрлі пікірлер келтірілген. Солардың көбі өлең аудармасы әрі кетсе түпнұсқаға жақындай алады, өте-мөте жақындай алады, тіпті деңгейлес шығатындары да болады дегенге саяды. Ал дұрысында өлең аудармасында түпнұсқадан асып түсу кездеседі әрі проза аудармасынан гөрі көбірек кездеседі. Зерттеуші бұған нақты мысалдарды орыс әдебиетінен де, қазақ әдебиетінен де келтірген. Бұл арада негізгі мәселе – тәржімеші тұлғасы.

Сөз тіркестерінің мағынасы тіркестегі сөздің мағынасымен тікелей байланыспайтын идиомалық тіркестер бар:

Мысалы:

1. add fuel to the fire – отқа май қою.
2. as poor as a church mouse – сіңірі шыққан кедей.
3. armed to the teeth – бақайшағына дейін қаруланған.
4. as cunning as a fox-қу күлкідей.
5. at the top of one's lungs-өңеші жыртылғанша.

Сонымен бірге бұл сөздікке құрамындағы бір сөздің өзінен тіркестің мағынасын түсінуге болатын сөз тіркестері.Мысалы:

1. be as hungry as s hunter
2. disappear into thin air
3. in a word

Сөздікке енген сөз тіркестерінің лексикалық мағынасы аударма жасағанда тікелей аударылып , бірнеше сөздің мағынасы толық фразеологиялық тіркестің аудармасын береді, яғни тікелей аударылады.

Мысалы:

1. dog’s life
2. at first sight
3. as whight as a sheet
4. fase to fase

Ағылшын-орыс және қазақ тіліндегі идиомалардың аудармасы

1. add fuel to the fire – подливать масло в огонь – отқа май құю.
2. as poor as a church – беден как церковная мышь – сіңірі шыққан кедей.
3. armed to the teeth – вооруженный до зубов – бақайшағына дейін қаруланған.
4. as cunning as a fox – хитрый как лиса – қу күлкідей
5. as green as grass – желторый – сарауыз балапан.
6. at the top of ones lungs – во все горло – өңеші жыртылғанша.
7. be afrait of ones own shadow – бояться своей собственной тени – өз көленкесінен қорқу.
8. be in one’s birthday suit – быть в чем мать родила – быть в чем мать родила.
9. be still wet behind the ears – молоко на губах не обсохло – аузынан мәйегі арылмаған.

Жоғарыда біз тұрақты тіркестердің түрлері және олардың зерттелуі жайында біраз деректерді бердік. Ептеп олардың сөйлеуімізде атқаратын қызметінің де біразын көрсеткендей болдық. Бұлардың зерттелуі мен классификациясына едәуір тоқталуымыздың себебі мынау: фразеологизмнің түрлерін, олардын өзара өзгешеліктерін жете ұқпай тұрақты тіркестерді аудару мәселесін сөз етудің мәні жоқ. Ендеше бұлардың көркем әдебиеттегі кейпін, сан алуан қызметін айқындау аударманың негізгі проблемаларының бірі.

Қазіргі ағылшын тілінде негізгі функциясы - тілдің эстетикалық аспектісін күшейту болып табылатын фразеологизмдер бар. Көптеген фразеологизмдер салт-дәстүрге, дінге, тарихи деректерге байланысты жасалған болса, сонымен қатар ағылшын фразеологизмдердің

біраз бөлігі көркем шығармалардың арқасында жасалады. Ағылшын тілінің фразеологиялық қорын біраз молайтқан сол елдің белгілі классигінің туындылары. Олардың саны 100-ден асады. Танымал шекспиризмдерге мысал келтіріп кетейік:

To cudgel one`s brains-ломать голову над (чем-либо)-басын қатыру.

To be hoist with one`s own retard-попасть в собственную ловушку.

To shuffle off (this mortal coil)-покинуть этот бренный мир, (покончить (счеты с жизнью)-дүниеден өту(көшу) (дүниеден аттану (кету).

Орыс тіл білімінде фразеологизмдердің стильдік қабаттары туралы ғалымдар кезінде өз ойларын ғылыми пікірталас ретінде ұсынған.

Түрлі тілдердің фразеологиясын зерттеу жұмысында В.Виноградовтың жұмыстарының үлесі зор. Бұл жұмыстар өте белгілі. Сөздердің тұрақты тіркестерін семантикалық сипаттауға қызығушылықты В. В. Виноградовтың жұмыстарының шығуына дейін де жазған бірқатар авторлардың жұмыстарынан да көруге болады. Алайда бұл авторлар идиомалар қатынасында жеке бақылаулармен шектеліп, олардың классификациясымен айналыспады және олардың семантикасын да нақты зерттеген жоқ.

В. В. Виноградовтың еңбектерінің фразеология салаларындағы, сондай- ақ ағылшын фразеологиясын қосқандағы барлық зерттеулеріне үлкен әсер етті, сондықтан оның жұмыстары сөздердің тұрақты тіркестерінің жеткіліксіз зерттелген симантикасын толықтырумен маңызды болып табылады[2].

Жер бетіндегі іргелі мемлекеттердің бәрі өсіп-өркендеу жолында өздеріне дейінгі елдердің озық тәжірибесінен үлгі-өнеге алып, қажетті ақпарат жаңалықтарымен танысып, дер кезінде алмасып отыру үшін бір тілдегі деректі екіншісіне түпнұсқанын маңызын, рухын сақтап дәлме-дәл көшірудің амалдары мен тәсілдерін үйренуге құлықты болды. Сондықтан қоғамдық құрылыс жүйесінің қай деңгейінде болмасын, аударма саласының мұқтаждығы сол мемлекеттін стратегиялық қауіпсіздігі тұрғысынан тиімділігі мен аса қажеттігін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аударматанудың теориялық проблемалары. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің хабаршыс ы. Филология сериясы. 2007, №4. – Б. 56-67

2. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. А., 1975, 147 б.

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Усерова Назым Асылбекқызы

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Әлем әдебиеті – бұл адамзаттың ғасырлар бойы қалыптастырған көркем ойлы рухани мәдениетінің жауһарлары. Ол – әртүрлі халықтардың әдеби шығармаларының жиынтығы ғана емес, бір-бірімен тарихи, идеялық, көркемдік тұрғыда байланысқа түскен, ортақ адамзаттық құндылықтарды насихаттайтын біртұтас рухани әлем.

Бұл әдебиетке әлемнің әр түкпірінде жазылған, адамзаттың дамуына әсер еткен көркем шығармалар жатады. Гомерден бастап Шекспир, Гете, Пушкин, Бальзак, Тагор, Сервантес, Маркет, Хэменгуэй дейінгі жазушылар әлем әдебиетінің асыл қазынасына айналған. Бұл қаламгерлер адамзаттың мәңгілік тақырыптарын – махаббат, әділет, ерлік, ар-ождан, өмір мәні туралы ой толғайды.

Әлем әдебиетін оқу оқушыларға түрлі мәдениеттермен танысуға, басқа халықтардың ойлау жүйесін, дүниетанымын, дәстүрі мен рухани байлығын түсінуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында: «...Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек»[1] - деген сөзін негізге ала отырып, рухани құндылықты насихаттауда әлем әдебиетін оқыту оқушыларға түрлі мәдениеттермен танысуға, басқа халықтардың ойлау жүйесін, дүниетанымын, дәстүрі мен рухани байлығын таныту құнды болмақ. Сондай-ақ, орыс халқының әдебиет сыншысы В. Г. Белинскийдің әлемдік әдеби мұраларының құндылығы жайында: «...Міне, осы классикалық негізде адамсүйгіштік, ерлік және шығармашылық жемістер өніп шығуы, әрқандай әділетті қоғамның бастауы, оның алғашқы үлгілері, биік идеялары осы жерде жатыр», - деген пікірі әлем әдебиетіндегі жалпыадамзаттық – ерлік, батырлық, адамгершілік сияқты құндылықтарды дәріптейді[2, 5б.]. Әдебиет сыншысының әлем әдебиеті туралы көзқарастары әдебиетті ұлттық шеңбермен шектемей, оны жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан қарастыруымен ерекшеленеді.

Осы орайда, бүгінгі жаңаша білім берудің тың талаптары – кітапқа деген қызығушылықты арттырып, дағдыландыруға негізделеді. Өйткені, қазір XXI ғасыр – ақпарат заманы. Ғаламтор арқылы барлық ақпарат қолжетімді. Сонымен қатар, жасанды интеллекті дамуда. Бұл дегеніміз адамның рухани күреске түсуін талап етеді. Олай болмаған жағдайда жұтылып кету қауіпі тұр. Бәсекеге қабілетті білім алып, халықаралық стандарттар негізінде кәсіби мақсатын айқындайтын әрбір білім алушы үшін әлем әдебиеті өте қызықты екені даусыз. Осы мақсатта «Әлем әдебиеті» авторлық бағдарламасы 8-сынып оқушыларына арнап құрастырылып, ұзақ жылдардағы іс-тәжірибе негізінде жалпы тапсырмалар әзірленді. Авторлық бағдарламаны 34 сағат жүктеме негізінде әзірлеп, өте танымал сөз зергерлері мен қызықты шығармалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып алынды. берілген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілмеген. Оқу жоспары вариативтік сағат есебінен алынған.

Авторлық бағдарлама «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығын басшылыққа ала отырып әзірленді.

Қазіргі замандағы жаһандану процесі мен мәдениеттер тоғысы жағдайында оқушылардың түрлі халықтардың әдебиеті мен рухани мұраларын танып-білуі – өзекті мәселе. Осы орайда, «Әлем әдебиеті» бағдарламасы – оқушыларды басқа ұлттардың өмір салтына, ойлау жүйесіне, тарихи-мәдени тәжірибесіне құрметпен қарауға тәрбиелейтін, әдеби-эстетикалық талғамын қалыптастыратын маңызды курс. Бұл курс оқушының рухани, зияткерлік дамуына, адамгершілік құндылықтарды қабылдауына, сыни ойлау, салыстыру, талдау дағдыларының жетілуіне ықпал етеді. Түрлі ел қаламгерлерінің шығармаларын оқу арқылы оқушылар ортақ адамзаттық құндылықтарды таниды: махаббат, достық, ерлік, әділет, еркіндік, жауапкершілік, ар-ождан сияқты ұғымдардың әмбебап екенін түсінеді. Сонымен қатар, әлем әдебиеті – тіл мен әдебиеттің, мәдениет пен тарихтың, философия мен өнердің тоғысқан тұсы. Бұл курс арқылы оқушы тек көркем мәтін оқып қоймайды, сонымен бірге әдебиет тарихы мен авторлық стиль, идеялық-көркемдік ерекшеліктерді түсінуге дағдыланады. Бұл – функционалдық сауаттылықты дамытуда аса маңызды қадам.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында ұлттық құндылықтарды сақтау, тарихи сананы нығайту және әділетті қоғам құру туралы ұстанымдарына басымдық береді. Сондай-ақ ұлт сапасын жақсартамыз десек, жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыздың қажеттілігін алға тартады.

Сондықтан да мемлекет басшысының көтерген қоғамдағы әділдік, еңбексүйгіштік, адалдық мәселелері «Әлем әдебиеті» курсының мазмұнымен тікелей үндеседі.

Бүгінгі білім алушы – ертеңгі жаһандық қоғамның мүшесі. Сондықтан оқушыны әлемдік деңгейдегі ойшыл тұлғалардың шығармаларымен таныстыру, олардың идеяларын ұғынуға үйрету – тұлғаның жан-жақты, гуманистік тұрғыда қалыптасуына жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, «Әлем әдебиеті» курсы Мемлекет басшысының ойын – адалдық, еңбексүйгіштік, әділеттілік - идеяларын толықтыруда орны ерекше және өзекті болмақ.

«Әлем әдебиеті» курсының жаңашылдығы – оның дәстүрлі мазмұннан бөлек, қазіргі білім беру талаптарына сай жаңартылған әдіснамалық, мазмұндық және құндылықтық дағдыларды қамтуында. Бағдарлама оқушылардың өз бетінше ізденуіне, зерттеу жүргізуіне, көркем мәтінді талдауына жобалық жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Түрлі мәдениет өкілдерінің шығармаларын салыстыра отырып, ұқсастық пен айырмашылықты тануға үйретеді. Әлем әдебиетін оқу арқылы оқушы өзге халықтың болмысын, дүниетанымын түсініп, мәдени әртүрлілікке құрметпен қарауға бейімделеді. Білім алушылардың әдеби шығармаларды өмірлік жағдаяттармен байланыстыруы, мәтін мазмұны негізінде шешім қабылдауы, пікір айтуы, бағалауы, аргумент келтіруі арқылы функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Әлем әдебиетін оқытудың маңыздылығына сәйкес ұсынып отырған курс өзіндік мазмұндық ерекшелікке ие. Бағдарламада әлем әдебиетінің мазмұны мен қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы салыстырыла қарастырылады. Бұл оқушы бойында ұлттық болмыс пен жаһандық ойлау қабілетін қатар қалыптастырады.

Әлем халықтары әдебиетінің үздік туындыларын оқыту арқылы білім алушылардың санасына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, мәдени-танымдық қызығушылықтарын кеңейту, эстетикалық талғамын қалыптастыру, оқырмандық ой-өрісін кеңейту мақсатында әзірленген авторлық бағдарлама төмендегідей міндеттерге өзіндік үлес қосады:

- әлем халықтары шығармаларының рухани, жалпыадамзаттық құндылықарын меңгерту;
- білім алушылардың тұлғалық болмысының қалыптасуына ықпал ету;
- білім алушылар оқыған шығармаларын талдап, интерпретациялау дағдысын қалыптастыру;
- өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға құштар, рухани жағынан дамыған функционалдық сауаттылығы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу;
- әлемдік және отандық мәдениетке, әдебиетке сүйіспеншілік пен құрмет сезімін, эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Бұған қоса, жаңаша педагогикалық технологияларды қолдану тиімділігі мен жалпы құрылымдық-мазмұндық сипатына сәйкес жан-жақты саралау барысында «ПОПС формуласы», «Жұптасып оқу», «Автор орындығы», «Дербес пікір жазу», «РАФТ стратегиясы», «Әңгімеге негізделген жазу», «Оқиға картасы», «Галереяда ой шарлау», «Екіжақты күнделік», «ББҮ кестесі», «Инсерт», «Балық қаңқасы», «Идеал», «Ақыл картасы», «Кубизм» т.б. әдістері мен Сын тұрғысынан ойлау технологиясы; Проблемалық оқыту технологиясы; Дамыта оқыту технологиясы; Ақпараттық оқыту технологиясы; Интербелсенді оқыту технологиясы жоғары нәтижелілікке ие екендігі дәйектеліп, ұсынылады. .

Қорыта айтқанда, әлем әдебиеті – қымбат және өте ауқымды қазына. Әдеби жауһарлар мен әлемдік әдебиеттің алтын шедеврлерімен таныстыру арқылы толыққанды тұлға

қалыптасады деп санаймыз. Сондай-ақ, әлем халықтары шығармаларының рухани, жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгеріп, өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға құштар, рухани жағынан дамыған функционалдық сауаттылығы қалыптасқан тұлға тәрбиеленеді, сондай-ақ, әлемдік және отандық мәдениетке, әдебиетке сүйіспеншілік пен құрмет сезімі, эстетикалық талғамы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727
2. Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы. Оқулық: Алматы, 2011

IV СЕКЦИЯ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР

Коныртаева Гүлжазира Нагашбаевна
Айша бибі орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы

Білім беру-оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой толғамы бар қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі заман - математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Математика жалпы білім беретін пәндердің ішіндегі күрделі пәндердің бірі. Математика-жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетінің көзін ашу және оның үздіксіз дамуы мен жетілуін қамтамасыз ететін пәннің бірі. Математиканы оқытуда жаңа технологияларды пайдалану ауадай қажет. Қазіргі таңда оқушыны жеке тұлға деп санап, оларды өз сұраныстарына, мүдделеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің сан қилы үлгілерін қолдану керектігі көзделуде. Осы мақсатта мектебімізде оқушылардың білім дәрежелерін тексеру мақсатында, пән бойынша бақылау кескінділері мен тест жұмыстары әр тоқсан сайын жүргізілуде. Математикадан тианақты білім беру, оқушылардың логикасы мықты, өздеріне сенімді, сабырлы болуына ықпал жасайды. Қызығы да, қиындығы да мол пәнді игерту үшін және оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп өткізу қажет.Оқытудың сабақтастық жүйесін құру бағытындағы зерттеу жұмыстарының арасынан А.М. Пышкало, А.В. Батаршев, А.П. Сманцер еңбектерін атап айтуға болады.

Осы уақытқа дейін жалпы орта мектепте математиканы оқытудың мазмұнындағы сабақтастық, оқытудың әдістері мен тәсілдері арасындағы сабақтастық едәуір зерттелгенімен, математика пәнін меңгеруде көптеген қиыншылықтарға кездеседі. Мектепте математика пәнін оқыту, қандай да бір құрылыс ғимаратының іргетасын қалағанмен тең. Іргетас мықты болса оқушыға берілетін білім де сапалы болады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазіргі білім саласының алдына қойылған талаптар – оқушыларға білімді тереңдетіп беру. Мұндай жағдайда оқушының алдында үлкен мәселе: оқушыны қалайша шаршатпай, енжарлыққа салдырмай терең білім беруге болады? Осы тұрғыдан алып қарағанда оқыту үрдісінде ойын әдісін қолдану бұл проблеманы шешудің бірден-бір жолы.. сыныптардағы биология сабақтарын ойын әдісімен оқыту жұмыстары мындай бірнеше маңызды мәселелерді шешеді: біріншіден, оқушылар ойын кезінде бір-бірімен тең құқықтыққа ғана қолы жетіп қоймай, бір-бірімен қарым-қатынастары артып, ұнамдық қасиеттері дамиды, оқушылардың логикалық ойлары дамитыны сөзсіз; екіншіден оқулықта берілген материалдарды қызығып, ынта-жігерімен оқиды, бұл оқушылардың білімді сапалы меңгеруін қамтамасыз етеді, үшіншіден, оқушылардың арасында жарыс пайда болады, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады, төртіншіден, оқушылар шығармашыл ойлауға дағдыланады [1].

Математиканы оқыту үдерісінде өтілетін сабақтың мазмұнына, түріне байланысты дәстүрлі оқыту әдістері де және инновациялық оқыту әдістері де қолданылатыны мәлім. Дәстүрлі технологияның артықшылығы: оқушылардың күрделі материалды түсінуіне ыңғайлы, оқу- тәрбие үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Дәстүрлі технологияның кемшіліктері: оқу үдерісінде жекелеу және саралауға мүмкіндік жоқ, оқушылардың ойлау мүмкіндігін дамытуы төмен. Сондықтан, барлық қолданылып жүрген оқыту технологияларынан, дамытып оқыту технологияларының артықшылығы мол деп есептейміз.

Денсаулық сақтау технологиясын оқыту технологияларының барлық түрлерімен біріктіріп (интегралдап) қолдану керек. Қазіргі ғылым мен техниканың, өндіріс технологиясының қарқынды дамуы, экономиканы көтерудің күрделі мәселелерін шешу кезеңінде мектептегі оқыту оқушыларды белгілі бір білім қорымен

қаруландырумен шектелмеуі тиіс. Олар алған білімдерін өз беттерімен әрі қарай кеңейтіп,

тереңдетіп әртүрлі және жаңа жағдайларға қолдана алатындай жоғарғы деңгейдегі ойлау қызметін дамытуға қол жеткізу керек. Басқа ғылымдар саласы сияқты математикалық жалпы білім ұғымдардан, ережелерден, заңдардан және басқалардан тұрады. Ал мұның барлығы мектепте оқу үрдісінде дамытылады.

Математиканы оқыту әдістері уақыт өте келе өзгеріп, жаңа технологиялар мен педагогикалық тәсілдердің ықпалымен жетілдіріліп келеді. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық ойлауын дамыту үшін дәстүрлі әдістермен қатар, заманауи трендтерді де қолдану маңызды.

Дәстүрлі әдістер

- ✓ Сөздік әдіс :Мұғалімнің түсіндіруі, сұрақ-жауап арқылы оқушылардың жаңа білімді игеруі. Теориялық материалды қабылдауға көмектеседі.
- ✓ Көрнекілік әдісі: Графиктер, диаграммалар, макеттер, сандық карточкалар, интерактивті тақта қолдану. Бастауыш сыныптарда заттарды санау, фигуралармен жұмыс істеу маңызды.
- ✓ Практикалық әдіс: Есептер шығару, математикалық ойындар, жаттығулар орындау.Оқушының теорияны іс жүзінде қолдануына көмектеседі.

Заманауи әдістер мен трендтер

- STEM-білім беру: Ғылым (Science), Технология (Technology), Инженерия (Engineering), Математика (Mathematics) интеграцияланған әдіс. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады.
- Геймификация (Gamification): Ойын элементтері арқылы оқыту (балл жинау, марапаттау, қызықты математикалық викториналар). Оқушылардың мотивациясын арттырады.
- Қолданбалы математика: Оқушыларға математика күнделікті өмірде қалай қолданылатынын көрсету. Мысалы, сауда-саттық есептеулері, уақыт пен өлшем бірліктерін қолдану.
- Цифрлық ресурстарды пайдалану: Kahoot, Quizizz, GeoGebra, Desmos, Plickers, Matific сияқты онлайн платформалар. Оқытудың интерактивтілігін арттырады.
- Жобалық және зерттеу әдісі: Оқушылар топ болып жұмыс істеп, математикалық жобалар орындайды. Зерттеу жүргізу арқылы өз бетімен білім алуға үйренеді.
- Флиппед класс (Flipped Classroom): Оқушылар жаңа материалды үйде видео немесе онлайн ресурстар арқылы меңгеріп, сабақта есеп шығарады. Уақытты тиімді пайдаланып, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың сыни ойлауын дамыту үшін төмендегі әдістер көмектеседі:

- ➢ «Фишбоун» әдісі (есептің себебі мен шешу жолдарын анықтау).
- ➢ «6 қалпақ әдісі» (есепті әртүрлі қырынан талдау).
- ➢ «Ойлан – жұптас – бөліс» (тапсырманы орындау барысында бір-бірімен пікір алмасу).

Компьютерлік оқыту үдерісі табиғи түрде еніп, оқыту үдерісін түрлендірудің тағы да бір тиімді техникалық құралы болып отыр. Әрбір сабақта оқушылардың эмоциясының жоғарылауын бақылауға болады, тіпті үлгерімі төмен оқушылардың өзі де компьютермен қызыға жұмыс істейді. Сабақтарда компьютерді жүйелі түрде қолданғанда оқушылардың сабақтағы белсенділігі артып, материалды меңгеруге қызығушылық артады; рухани сайыс пайда болады; сабақ барысында жағымды эмоция көбейеді; компьютерді «жеңу» үшін

табандылық пайда болады, өзіндік дайындыққа қызығушылық артады. Екінші жағынан бұл оқыту әдісі мұғалімдеоге де ұнайды, өйткені: оқушының қабілеті мен білімін дұрыс бағалауға көмектеседі, оқушыны түсінуге, оқытудың дәстүрлі емес, жаңа әдістерін іздеуге итермелейді. Математиканы оқытуда қазіргі заманғы компьютерлердің мынадай мүмкіндіктерін қолдануға болады: 1) ақпараттың кез- келген түрін өңдеудің жылдамдығы және сенімділігі. Сандық ақпаратты өңдеу үшін микро ЭЕМ ғана емес, сонымен бірге калькуляторды да пайдалануға болады; 2) ақпаратты графикалық түрде көрсету. Компьютерлер өздерінің графикалық (демонстрациялық) мүмкіншіліктері жағынан түрлі-түсті теледидардан да артық, бұл олардың әдістемелік құндылығын арттыра түседі; 3) көп мөлшердегі ақпаратты сақтау және жылдам берілуі. Мысалы, математика курсындағы барлық кестелер компьютердің жадында сақталады. Қажет ақпарат экранға бір-екі пернені басу арқылы шыға алады. Сабақта компьютерлерді қолдану мүмкіндігі машиналардың программалық жабдықталуына байланысты. Сабақ барысында қолданылатын барлық программаларды шартты түрде үйрететін және оқытатын деп бөлуге болады. Үйретуші программалар оқытушының кейбір қызмет түрін алмастыру үшін құрылады (жаңа материалды түсіндіруде, өткенді бекітуде, білімді тексеруде және т.б.). Математика сабағындағы зерделік жұмыс көбейетіндіктен, оқушылардың пәнге қызығушылығын, сабақ соңына дейін белсенділігін қалай сақтау керектігі ойландырады. Оқыту барысында компьютерді пайдалану ақпараттық жағдай жасап, оқушының қызығушылығының артуына ықпал етеді. Қазір мектептердің барлығы компьютер сыныптарымен жабдықталған. Бірақ бұл техника математиканы оқыту барысында сирек қолданылатынын байқаймыз. Математиканы оқытуда қазіргі заманғы технологияны пайдаланбаудың бір себебі – математика сабақтары үшін программалық қамтамасыздандыру, компьютерлік бағдарлама мен оқытушыға арналған құралдан тұратын бағдарламалық- әдістемелік кешендердің аз болуы. Математиканы оқыту процесінде ақпараттық технологияларды қолдану сабақ уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді, оқушыларға есептің шешуін ұқыпты да, таза қылып жазудың үлгісін беруге, оқыту барысында көрнекіліктің деңгейін көтеруге, оқу процесін жандандыруға мүмкіндік береді.

Математиканы оқыту әдісін мұғалім мен шәкірттің оқып үйрену негізіндегі қызмет әрекет айырмашылықтарына қарай екі түрге бөлуге болады:

1)Оқыту әдістері (мұғалім әрекеті) – ақпараттық және оқушының қызметін басқару әдістері жатады.

2)Оқу әдістері (шәкірт әрекеті) – оқу материалдарын танып білу әдісі жатады. Математиканы оқып үйренудің әдістері деп оқушының өздерінің математика жөніндегі белсенді дербес тану әрекетін іске асыру ұйымдастыру тәсілдерін айтады. Бұл әдістер математиканы үйренудің ғылыми және оқу әдістері болып бөлінеді.

Біріншісі, математиканы ғылым ретінде зерттеп білуге құрал болады. Екіншісі, орта мектеп математика педагогикасында математиканы оқытуды күшейту үшін арнайы жасалған әдістер. Олар эвристикалық әдіс, модельдер арқылы үйрену әдісі және бағдарламалық әдістер жатады.

Үйрену мен үйрету, оқу мен оқыту егіз жүретін үрдістер. Сондықтанда математика дидактикасында үйрету (оқыту) әдістерімен формаларына үлкен орын беріледі.Оқыту әдістері оқушыларға математикалық білім білік дағдылардың белгілі бір жүйесін беру болып табылады. Оқыту әдістеріне мұғалімнің үйретуші кеңесі, әңгімесі, дәрістері түсіндіру жаттығу ретіндегі өзіндік жұмысты басқару шәкірттің оқу әдебиеті мен жұмысына әсер етуі жатады.

«Бүкіл өмір бойы оқу ендігі жерде балама емес, асқан қажеттілік» дейді Гарвард университетінің нақылдарының бірі. Соған байланысты, жастарымыз алатын сапалы білімі бар болғаны жолашар интеллектуалдық капитал болып табылады. Сондықтан үздіксіз жұмыс істеп, өз біліміміздің, кәсіби құзырлылықтарымызды арттыру қажет. Заманымыздың заңғар

жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген. Біз өрлеуді өмірінің өзегі еткен халықпыз. Мына заманда «Өнердің кілтін тапқан ғана өрге шабады». Біз, тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын азаматтармыз. Осы жауапкершілікті сезіне білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сулейменова, С. А. Математиканы оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдер / С. А. Сулейменова. Текст : непосредственный // Молодой ученый - 2016. № 5 (109). С. Т.2. 1-2
2. Ш.К. Беркімбаева, «Болашақ мектептен басталады». «Ізгілікті іздеп келем» 2001-45 б.
3. Шығармашылық қабілетгер және дамыта оқыту, Б.А. Турғынбаева. Алматы 1999-136 б.
4. Математикадан қызықты тапсырмалар, Ш.Х. Құрманалина. С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өмірбаева.,2020 – 102 б.

СУЩЕСТВОВАНИЕ ОБРАТНОГО ОПЕРАТОРА ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО ОПЕРАТОРА ВТОРОГО ПОРЯДКА В ПРОСТРАНСТВЕ $L_2(a,b)$

Орманова Жанар Калдыбайкызы, Байбулова Асель Уркеновна
Таразский университет имени М. Х. Дулати, город Тараз

В данной работе, в пространстве $L_2(a,b)$ рассмотрим следующий оператор

$$Ly = y'' + q(x)y \qquad (1)$$

Пусть $D(L)$ - состоит из функций $y(x)$, которые удовлетворяют следующие требования

$$y(x) \in C^2[a,b], \;\; y(a) = y(b) = 0 \qquad (2)$$

Поэтому и множество $D(L)$, и $L_2(a,b)$ будет плотным. Оператор L замыкается. Проверим последнее утверждение. Для этого нам понадобятся следующие понятия и леммы.

Если для любого $y, v \in C_0^\infty(a,b)$ выполняется равенство $< Ly, v >=< y, L^* v >$, тогда оператор $L^\#$ будет формальным сопряженным оператором для L дифференциального оператора. Как пишется начальный оператор, так и можно записать оператор $L^\#$ в виде $L^* = -v'' + q(x)v$.

Чтобы оператор был сопряженным, для этого от условий $u_n \in D(L), \;\; u_n \overset{L_2}{\to} 0, \;\; Lu_n \overset{L_2}{\to} v$ выходит $v = 0$ и оно необходимо и достаточно. Покажем это через следующие леммы.

Лемма 1. Если $y \in L_2(a,b)$ и для любой функции отношение $< y, \varphi >= 0$ имеет место, тогда практически везде $y(x) = 0, \;\; x \in [a,b]$.

Доказательство. Во множестве $C_0^\infty(a,b)$ из $L_2(a,b)$ плотности существует последовательность $n \to \infty \;\; \|\varphi_n - y\| \to 0 \;\; \{\varphi_n\}$, тогда

$$\lim_{n\to\infty} < y,\varphi_n >=< y,y >= \|y\|_2^2 \text{ и } \|y\|_2^2 = 0$$

Поэтому практически везде $y(x) = 0.$

Теперь докажем что оператор L замыкается. Следующая лемма имеет место быть.

Лемма 2. Оператор L в $D(L)$ является замыкающимся оператором.

Доказательство. Пусть $u_n \in D(L)$ и $u_n \overset{L_2}{\to}, Lu_n \overset{L_2}{\to} v.$ Если для оператора L будем использовать формальный сопряженный оператор $L_{\#}$, тогда для любого $w \in C_0^\infty(a,b)$ будет $<Lu_n, w>=< u_n, L^*w >$.

Переходя к пределу полчаем следующее

$$< v,w \geq< 0, L^*w >= 0.$$

Поэтому из леммы 1 для любого $w \in C_0^\infty(a,b)$ $< v,w >= 0$ будет $v = 0.$

Лемма 2 доказана.

Лемма 3. Пусть функция $q(x)$ на отрезке $[a,b]$ является непрерывной. Тогда для всех $y \in D(A)$ оценка $\|Ly\|_2 \geq \|y\|_2$ имеет место быть.

Доказательство. Пусть будет $y \in C_0^\infty(a,b)$. интегрирования по частям члены, не входящие в интеграл равняются на ноль и из-за финитности функции, получаем следущее:

$<Ly,y>=\int_a^b(-y'' + g(x)y)\bar{y}dx = -\int_a^b -y''\bar{y}dx + \int_a^b g(x)y\bar{y}dx = -y''\bar{y}$ $\Big|$ $\frac{b}{a}+\int_a^b y\bar{y}dx +$ $\int_a^b q(x)|y|^2dx = \int\ [|y'|^2 + q(x)|y|^2]dx.$

Из последнего равенства, используя неравенство Коши-Буняковского, получаем следующее:

$\|Ly\|_2\|y\|_2 \geq |< Ly,y >| \geq \int_a^b[|y'|^2 + q(x)|y|^2]dx \geq \min_{x\in[a,b]} q(x) \int_a^b|y|^2dx \geq \int_a^b|y|^2dx = \|y\|_2^2$.

Из этого пусть для всех $y \in C_0^\infty(a,b)$ $\|Ly\|_2 \geq \|y\|_2$ будет $y \in D(L)$. Так как в $n \to \infty$ оператор L является замкнутым, выполняется условие

$\|y_n\|_2 \to \|y_n - y\| \to 0, \|Ly_n - Ly\| \to 0$, существует последовательность

$$\{y_n\}_{n=1}^\infty \subset C_0^\infty(a,b).$$

Неравенство $\|y_n\|_2 \to \|y_2\|, \|Ly_n\|_2 \to \|Ly\|_2,$ в $n \to \infty$ имеет место для всех

$\{y_n\}_{n=1}^\infty \subset C_0^\infty(a,b)$. Теперь переходя к пределу $n \to \infty$ используя

$\|y_n\|_2 \to \|y_2\|, \|Ly_n\|_2 \to \|Ly\|_2,$ видим что неравенство $\|Ly\|_2 \geq \|y\|_2$ явяется обоснованным. Итак, лемма 3 доказана.

Теорема. Функция $q(x)$ непрырывна на $[a,b]$. Тогда существует непрерывный обратный оператор L^{-1} определенной на $L_2(a,b)$.
Доказательство. От леммы для всех $y \in D(L)$ работает неравенство $\|Ly\|_2 \geq \|y\|_2$.

Отсюда, если $Ly = 0$, то $y = 0$. Значит, $\ker L = \{y \in D(L): Ly = 0\} = \{0\}$. По теореме существует L^{-1} взаимно однозначно отображающий $R(L)$ на $D(L)$. Для завершения доказательства необходимо проверить следующие свойства:

1. $R(L) = L_2(a, b)$
2. Ограниченность L^{-1}.

Для начала докажем что $R(L) = L_2(a, b)$. Это доказательство проведем обратно. Скажем, множество $R(L)$ в $L_2(a, b)$ не плотное. Тогда согласно лемме существует $v \in L_2(a, b)$ и $v \perp R(L)$, то есть для всех $y \in D(y)$

$\langle Ly, u\rangle = 0$

От этого, согласно теореме Рисс $v \in D(L^*)$ И для всех $y \in D(y)$ существует равенство:

$$\langle Ly, u\rangle = \langle y, L^*v\rangle$$

Раскроем последнее равенство:

$$\langle -y'' + g(x)y, v\rangle = \langle y, L^*v\rangle$$

или $\langle -y'', v\rangle = \langle y, L^*v\rangle - \langle y, g(x)v\rangle$, для всех $y = C_0^\infty(a, b)$.

Из последнего равенства через определение производной обобщенной по Соболеву находим:

$$v'' = L''v - q(x)v \in L_2(a, b), L^*v = 0, q(x)v \in L_2(a, b)$$

Итак, производная 2 ряда v'' находятся на $L_2(a, b)$. В конце все приводит к следующему выводу: $v'' \in L_2(a, b)$ и $v \in D(L^*), v$ – непрерывно дифференцируется, потому что $v'' \in L_2(a, b)$ и $L''v = v'' + q(x)v = 0$.

Теперь можем доказывать что $y(a) = y(b) = 0$.

Так как $\langle y, L''v\rangle$, интегрирование по частям:

$$\begin{aligned}
0 = \langle y, -v'' + q(x)v\rangle &= \int_a^b y(-v'' + q(x)v)\,dx = -\int_a^b yv''dx + \int_a^b q(x)yvdx \\
&= -\int_a^b ydv' + \int_a^b q(x)yvdx = ydv'|_a^b + \int_a^b y'v'dx + \int_a^b q(x)yvdx \\
&= \int_a^b y'dv + \int_a^b q(x)yvdx = vy'|_a^b - \int_a^b vdy' + \int_a^b q(x)yvdx \\
&= vy'|_a^b - \int_a^b vy''dx + \int_a^b q(x)yvdx = vy'|_a^b + \int_a^b (-y'' + q(x)y)vdx \\
&= vy'|_a^b + \langle Ly, v\rangle.
\end{aligned}$$

Из этого, учитывая равенство, мы получаем:

$$vy'|_a^b = 0$$

Или $v(b)y'(b) = v(a)y'(a)$.

Так как легко получаем $y \in D(L)$, получается и $v(a) = v(b) = 0$.

Возьмем $y(x)(x - b)(x - a)^2 \in D(L)$. Тогда

$$y'(a) = 0, y'(b) = (b - a)^2, b - a > 0$$

Подставляя это в $v(b)y'(b) = v(a)y'(a)$ мы находим что $v(b) * (b - a)^2 = v(a) * 0 = 0$ или $v(b) = 0$. Таким же способом докажем что $v(a) = 0$. Итак мы доказали что

v – непрерывно дифференцируется, $v'' \in L_2(a, b)$,

$$L''v = -v'' + q(x)v = 0, y(a) = y(b) = 0$$

Теперь учитывая что $L''v = -v'' + q(x)v = 0, y(a) = y(b) = 0$, и интегрируя по частям, мы получаем что

$$\|L * v\|_2 \geq \|v\|_2$$

Из за этого, так как $L * v = 0$, получается что $v = 0$. Значит получаем $R(L) = L_2(a, b)$.

Для завершения доказательства теоремы, нужно показать что L^{-1} ограничен. Возьмем что, $Ly = f, y = L^{-1}f$ для всех $f \in L_2(a, b)$ получим что $\|L^{-1}f\| \leqq \|f\|$, то есть обратный оператор L^{-1} ограничен на $R(A) = L_2(a, b)$.

Литература:

1. Темірғалиев Н. Математикалық анализ. 1, 2 т. – Алматы, Мектеп, 1987-1991 ж.
2. Мұратбеков М, Мүсілімов Б., Функционалдық анализ элементтерін зерттеулерде қолдану, Тараз - 2017
3. Ахизер Н. И., Глазман И. М., Теория линейных операторов в гильбертовом пространстве. – М.: Наука, 1966 – 543 с.
4. Мынбаев К. Т., Отелбаев М., Весовые функциональные пространства и спектр дифференциальных операторов - М.: Наука, 1988 – 28 с
5. Отелбаев М. О., Коэрцитивные оценки и теоремы разделимости эллиптических уравнений - //Тр. матем. ин-та АН СССР. 1983, т.6, с. 195-217

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ФОРМАЛАРЫ

Байгараева Жанар Калмахановна
№64 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы
Тапелова Мадина Нарботаевна
Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы

XXI ғасыр – білімдінің заманы. Білімге деген көзқарас тұрысынан оның сапасы да жаңаша пайымдалуда. Бұл негізінен, білімнің құндылық ретіндегі және білімнің нәтиже ретіндегі қырларына аса мән берумен байланысты. Осыған орай білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік дағдылары емес оларды пайдалану арқылы қалыптасын дамытылатын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер болып табылады.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйелерінде бір қатар өзгерістер енгізіліп, олардың жаңа ұлттық модельдері құрылуда. Соның бір тағы көрінісі – информатика пәнінің ұлттық бірыңғай тестілеу құрамына енуі. Негізінен алғанда, бала болашақта қай саланың маманы болса да келешекке бейімделуі үшін информатика пәнінің маңызы зор. Информатика оқушының IT-ді меңгеруіне көмек беріп, алгоритмика, логикасын дамытады.

Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың негізгілерінің бірі жалпы білім беретін орта мектепте информатика ғылымы негізінен білімді қайта жаңарту болып табылады. Қазіргі ғылыми педагогикалық зерттеулер жаңартылған әдістемелік жүйенің оөыту процесінде іске асу үшін оны технологияландырудың қажет екенін дәлелдеп отыр.

Әрбір тарихи кезеңде қоғамда туындаған талаптарға сай жасөспірім ұрпаққа берілетін білімнің мәніне жаңа сипат беріліп, жаңа ұстанымдар негізінде ұйымдастырылады. Әдетте, бұл жеке мемлекеттің білім беру жүйесінде реформаларымен жалғасады. Жүргізілетін реформалар тереңділігі, ауқымы, сол қоғамның білім мәні бойынша алған ұсынымына байланысты. Осы тұрғыдан еліміздің білім беру жүйесі XXI ғасырдың жаңа талаптарына сай болу мақсатында үлкен бетбұрыс алдында тұр.

I. Оқушылардың өз бетінше ойлай білу есеп шығару мен оның сан қилы жолын іздестіру, олардың шығармашылық қабілетінің дамуының бір әдісі. Оқушыны өз бетінше жұмыс істеуге үйрену, пәнге қызығушылығын арттыру - басты мақсат.

II. Оқушының білімін көтерудуң ең басты шарты - оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана, бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасының жоғары болатыны белгілі. Мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудырғанда ғана сабақ мақсатына жетеді [1].

III. Ал қызығушылық туғызудың тәсілдері өте көп. Олар: сабақ барысында қолданылатын дидактикалық ойындар, сайыстар, эстафеталар, жарыстар, олимпиадалар, тіпті жақсы дайындықпен өткізген күнделікті сабақтар. Дұрыс ұйымдастырылған сабақ оқушының ой-өрісін кеңейтеді, өзіне деген сенімін күшейтеді.

Компьютер - ақпарат ошағы. Компьютердің көмегімен оқу үрдісін ұйымдастыру өте жеңіл, қолайлы, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, дұрыс көзқарастарын қалыптастыруда бірден-бір көмекші құрал. Олардың өмірге деген көзқарасы оянып, ақпараттық жаңалықтарға деген ұмтылыстарын туғызады.

Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдағы барлық салады үлкен өзгерістер жасалуды талап етеді. Ақпараттық технологиялар өте тез дамып келеді.

Оқыту технологиясы - оқыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылау үдерістері, соларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер мен құралдар жиынтығы.

Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық процесс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау олардың объективті қарым-қатынасында және педагогтің тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қарастырылуы мүмкін [2].

Қазіргі уақытта оқу үдерісінде ең көп қолданылатын ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемі ұлғайтылады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың оқу материалының сапасыны арттырады.

Компьютерлік технологиялар – ақпаратты бейнелеу , тасымалдау және жинақтау, оқушының танымдық әрекетін бақылау және басқару сиақты мұғалімнің кейбір функцияларын модельдейтін компьютерлік техника [3].

Компьютерлік технологияның мүмкіндігі:

- оқушының білім алу үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытады;
- білім алу траекториясын таңдауына жол береді;
- оқу үрдісінің бір тұтастығын сақтайды;
- оқушының ақпараттық мәдениетін дамытады;

Мультимедиалық технологиясы – бейнелік және аудиоэффектілік, әртүрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.

Электрондық оқулықтардың тиімділі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;
- сабақты иллюстрациялық матералдармен жабдықтауға көмектеседі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі, шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі

Оқушы үшін	Мұғалім үшін
Өмірге деген көзқарасы оянады, жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады, жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде өздерінің потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.	Әр оқушымен жеке жұмыс жасауға, оқушының қатесін түзеуде уақытты үнемдеп, мүмкіндігін көруін, сапасымен қоса оқыту әдістемесіне түзету енгізуге мүмкіндік туады.

Жаңа ақпараттық техноогиялар еніп, көптеген өзгерістер болуда. Солардың бәрін игеруге, оқушылар икемді жақсы қабылдайды. Бірақ қанша жаңа технологияар енгенмен, оқыту процесінде, басты рөлде мұғалім болып қалады.

Бүгінгі күнде мектептің жаңа реформалық жүйесі жаңа мұғалімдерді талап етуде. Жаңаша тұрпатты мұғалім шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметтің барлық келеңді- келеңсіз зерттеп- меңгеруге ынталы, өзінің жетік меңгерген кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын мұғалім болуы керек.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлаға қабілетті болуын талап етеді. Содықтан да мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектің, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, әр адамның бойындаы туылғаннан пайда болған интициясын әры қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін, өз бетінше білім алу дағдылрының дамуына негізін салу болып табылады. Білімге деген ынтасын, қызығушылығын, тұрақтылығын қалыптастыру жолдарын әртүрлі тапсырмаларды орындату арқылы бақылап отыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К. Бұзаубақова «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру» -Тараз: ТарМПИ, 2006 ж.

2. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Г.Бейсенова, Қазақстан мектебі №6 – 2006 ж.

3. Жаңа формациядағы ұстаз, оның кәсіби мәдениеті. Н.Мұратәлиева, Мектеп директоры №3 – 2006 ж. және т.б.

4. «Білім – Образование» ғылыми-педагогикалық журналы, 2005-2009 жж.

ХИМИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Сабырханова Арайлым Болатовна
Ж.Баласағұни атындағы орта мектептің химия пәнінің мұғалімі,
Шу ауданы, Жамбыл облысы

Кез келген химиялық-технологиялық үдеріс белгілі бір талаптарға жа уап беру керек. Химиялық-технологиялық үдерісті алынған шикізаттан көп мөлшерде өнім алу жағдайында

жүргізу қажет, яғни үдерісті жүргізу шарты оның жоғары жылдамдықпен жүруін қамтамасыз етуі керек.

Үдерістің жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым бірлік уақытта аппаратта бастапқы заттың көп мөлшері өнделеді, яғни үдерістің жылдамдығы жоғарылағанда аппараттың өнімділігі де артады [1, 12 б.].

Сондай-ақ алынған өнім арзан және жоғары сапалы болуы керек. Бұл талаптарды қанағаттандыру үшін үдерісті оптималды жағдайда жүргізу қажет. Үдерісті жүргізудің оптималды жағдайы – өндіріс өніміне кететін еңбектің, аппараттың құрылысына және пайдалануына жұмсалатын шығындардың, шикізаттың, энергияның, отынның жұмсалуын төмендететін және жоғары жылдамдық пен шығымы мол өнім алуға мүмкіншілік беретін үдерістердің негізгі көрсеткіштерінің (температу ра, қысым, бастапқы реагенттердің концентрациясы және т.б.) қолайлы жағдайға үйлесімді болуы. Оптималды жағдайда технологиялық үдерістің барлық сатылары жүргізіледі.

Химиялық реакцияны жүргізу үшін бастапқы заттар бір-бірімен жанасуы қажет, сондықтан химиялық өзгеру өзара байланысқан элементарлық үдерістердің реакция зонасына реагенттердің келуі, химиялық реакция және реакциялық зонадан алынған өнімнің шығарылуы сияқты элементарлы үдерістерден құралады.

ХТЖ элементтеріне: жылу және масса алмасу, гидро-механикалық, химиялық және т.б. үдерістер жатады. Оларды химиялық технологияның бірлік үдерістері түрінде қарастырады [2, 45 б.].

Күрделі химиялық технологиялық үдерістің маңызды бөлігі химиялық үдеріс болып табылады. Химиялық үдеріс – химиялық реакцияның жүруіне және бір-біріне әсер ететін, жылу, масса, импульс құбылыстарының ауысуымен жүретін бір немесе бірнеше химиялық реакциялар. Химиялық үдерісте химиялық реакция және әрекеттесетін орынына реагенттерді тасымалдауды қамтамасыз ететін фазалар арасында ауысу құбылысы жүреді. Сондықтан белгілері бойынша екі топқа бөлінеді: жүретін реакцияны сипаттайтын – физикалық-химиялық және реагенттер мен ортаның фазалық құрамын анықтайтын – физикалық реакциялар.

Физикалық-химиялық белгілері бойынша жіктеулуі де өзгеше. Химиялық өзгеріс жүру үшін қандай да бір әсер керек, яғни химиялық реакция типі бойын ша: тура химиялық әрекеттесу – молекулалардың өзінің энергиялары өзгеріске түсуге жеткілікті болса, реагенттер жанасу арқылы реакцияға түседі.

Химиялық әсер ету – реакция катализатор қатысуымен жүреді. Катализатор реакцияны жылдамдатумен қатар жаңа реакция жолда рын ашады. Физикалық әсер ету – электр тогымен, табиғаты әртүрлі сәулелермен сәулелендіргенде, механикалық әсер еткенде (электро-, фото-, радиация-, механо-химиялық реакциялар) жүретін реакциялар. Термодинамикалық көрсеткіштеріне үдерістің энергетикасы және реакцияның қайтымдылығы жатады. Реакцияның энергетикасы – үдерістің жылулық құбылысын және тепе-теңдік күйін анықтайды. Реакцияның қайтымдылығы – реагенттердің терең өзгеру мүмкіншілігін көрсетеді. Кинетикалық сипаттамалары – реакцияның динамикасын, өзге рістердің бағытын және реакцияның кинетикасына шартының (темпе ратура, концентрация) әсер ету сипатын анықтайды.

Физикалық белгілері бойынша жіктеу де өзгеше. Ол химиялық үдерістің фазалық құрамымен анықталады. Фазалар саны бойынша гомогенді (бірфазалы) және гетерогенді (көпфазалы) үдерістер болып бөлінеді. Гетерогенді үдерісте реагенттер әртүрлі фазаларда болады, бірақ реак ция соның біреуінде жүруі мүмкін, яғни химиялық реакцияның өзі гомогенді. Реакцияның жүру орнына реагенттердің тасымалдануы үдеріске ерекшелік береді. Заттардың ауысу сипаты әрекеттесуші фазалардың агрегаттық күйіне тәуелді. Әртүрлі белгілердің үйлесімділігі химиялық үдерістің қасиеттерінің ерекшелігінде көрінеді.

Химиялық үдерістің негізгі зерттеу мақсаты – өзгеру жылдамдығын және оған үдеріс типінің, жүру шартының әсерін анықтау болып табылады [2, 89 б.].

Бірлік үдерістердің анализі және олардың өзара әсері технологиялық режимді жасауға мүмкіндік береді. Технологиялық режим – аппараттардың жүйесін (технологиялық сызбанұсқа) немесе аппарат жұмысының жағдайын анықтайтын технологиялық параметрлердің (температура, қысым, реагенттердің концентрациясы және т.б.) жиынтығы. Үдерістер әртүрлі аппараттар да – химиялық реакторларда, абсорбциондық және ректификациондық колоннада, жылу алмастырғыштарда және т.б. жүреді. Жеке аппараттар үдерістің технологиялық сызбанұсқасына құрастырылған. Технологиялық сызбанұсқа – табиғи шикізатқа немесе жартылай өніммен берілген сапада өнім алуға мүмкіндік беретін бірлік аппараттардың әртүрлі байланыс түрлерімен (тура, кері, параллельді, кезектесіп) қосылған ұтымды құрылған жүйесі. Технологиялық сызбанұсқалар ашық және жабық түрде болады. Ұтымды технологиялық сызбанұсқаларды құрастыру және жасау химиялық технологияның маңызды міндеті.

Химиялық реакцияның жіктелуі Химиялық технологияда химиялық-технологиялық үдерістің маңызды сатысы химиялық өзгерістерді оқыту ерекше орын алады. Өнеркәсіптік үдерістерде жүретін химиялық реакциялар әртүрлі. Олар ды әртүрлі белгілері бойынша жіктейді. Реакцияны жүргізу жағдайы бойынша изотермиялық (T=const) және изотермиялық емес (T≠const); тұрақты немесе ауыспалы қысымда; адиабаттық (қоршаған ортамен жылу алмаспау) және адиабаттық емес (қоршаған ортамен жылу алмасу) реакциялар болып бөлінеді.

Химиялық реактордың конструкциясын таңдау мен үдерісті жүр гізуді басқару жолдары үшін реакциялық жүйенің фазалық құрамы ерекше рөл атқарады. Бастапқы реагенттер мен реакция өнімдері бір немесе бірнеше фаза лардан түзілуіне байланысты химиялық реакциялар гомофазалы және гетерофазалы болып бөлінеді.

Гомофазалы реакциялар – бастапқы реагенттер, тұрақты аралық зат тар және реакция өнімдері бір фазада болады.

Гетерофазалы реакцялар – бастапқы реагенттер, тұрақты аралық заттар және реакция өнімдері әртүрлі фазада болады. Реагенттердің фазалық күйі бойынша гомогенді және гетерогенді реакциялар болып бөлінеді. «Гомогенді» және «гетерогенді» реакциялар ұғымы «гомофазалы» және «гетерофазалы» үдерістер ұғымымен сәйкес келмейді. Реакцияның гомогендігі және гетерогендігі белгілі бір дәрежеде, реакцияның қандай да бір фаза көлемінде немесе фазалардың бөліну бетінде жүру механизмін көрсетеді. Ал үдерістің гомо- және гетерофазалылығы реакцияға қатысатын бөлшектердің фазалық құрамы туралы түсінік береді. Реакцияның механизмі бойынша қарапайым, параллельді және кезектесіп жүретін реакциялар болып бөлінеді. Бұл реакциялардың барлығы қайтымды және қайтымсыз келеді.

Қарапайым реакция жүру үшін бір энергетикалық тосқауылдан өту керек. Параллельді реакция кезінде бір бастапқы заттан бірнеше әртүрлі өзгерістер арқылы әртүрлі өнімдер алынады. Химиялық реакциялар жылу эффектісі бойынша жіктеледі. Экзотермиялық реакция жүргенде жылу бөлінеді де (Q>0) реакциялық жүйенің энтальпиясы кемиді (ΔH0). Реакцияның элементарлы актісіне қатысатын молекуланың санына байланысты химиялық реакцияның молекулалығы бойынша моно-, би- және үшмолекулярлы реакциялар болып бөлінеді. Кинетикалық теңдеудің түрі (химиялық реакция жылдамдығының реагенттер концентрациясына тәуелділігі) реакцияның реті бойынша жік теуге мүмкіндік береді [3, 132 б.].

Реакцияның реті – кинетикалық теңдеудегі реагенттердің концентрацияларының дәреже көрсеткіштерінің қо сындысы. Осыған сәйкес бірінші, екінші, үшінші, бөлшекті ретті реак циялар болады. Химиялық реакцияның жылдамдығын өзгертетін арнаулы заттар – катализаторлардың қолданылуы немесе қолданылмауына байланысты катализдік, катализдік емес реакциялар және осыған сәйкес химиялық технологиялық үдерістерге бөлінеді.

Өнеркәсіптік химиялық-технологиялық үдерістерге негізделген көптеген химиялық реакциялар катализдік болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Производство азотной кислоты в агрегатах большой единичной мощности / Под ред.Олевского В.М. –М.:Химия,1985, -231с.
2. Общая химическая технология / Под ред. Мухленова И. П. -4-е изд., перераб. И доп. –М.: Высш.шк., 1984, Ч.1,2. -623с.
3. Қайырбеков Ж.Қ., Әубәкіров Е.А., Мылтықбаева Ж. К. Жалпы химиялық технология. Оқу құралы. Алматы.: Қазақ университеті, 2009 -244б

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Шеримова Периза Шакимовна
Ж.Баласағұни атындағы орта мектептің математика пәнінің мұғалімі,
Шу ауданы, Жамбыл облысы

Ғылым ғасырының табалдырығынан аттағалы тұрған қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен енуде. Оқыту үрдісінің басты мәселелерінің бірі, оқыту материалының қабылдау деңгейін қалай көтеруге болады, яғни түсінуді, есте сақтауды және алған білімді қолдануды жақсарту болып табылады. Ақпараттың 80 пайызын адам көру мүшелері, 15 пайызын есту және қалған 5 пайызын иіс, дәм сезімдері арқылы қабылдайтыны белгілі. Бірақ, тек қана қабылдау емес, ақпаратты есте сақтау туралы сөз қозғағанда қозғалыс зейінінің ролі өседі. Сондықтан сабақ уақытында оқушыларға әрдайым түсіндіріліп жатқан материалға байланысты өздеріне әрекет етуге мүмкіндік беру керек. Осы жағдайда жаңа ақпараттық технологиялар өте үлкен көмек көрсетеді, түсіндіруге және ақпаратты белсенді қабылдау үшін мультимедиялық орта беріп қана қоймай, оқушылардың осы ақпаратты оқып-үйренуге деген мотивациясын жоғарылатады. Қазіргі кездегі білім саласында қолданатын жаңа ақпараттық технологиялардың негізгі компоненттерінің бірі - электрондық интерактивті тақталар. Интерактивті тақталарды білім саласында қолдану оқыту үрдісіне жаңа сапа енгізеді, өйткені тек қана сабақты дайындауды және өткізуді жеңілдетіп қоймай, интерактивті тақталарға дейін болмаған мүмкіндіктерге жол ашады. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктерінің бірі сабақты көп жіберетін білімгердің белсенділігімен шығармашылығы артады. Оқуға ықыласы жоқ, оқығысы келмейтін оқушы үшін интерактивті тақта таптырмайтын құрал. Басқа ешқандай құрылғы мұндай мүмкіндіктер бере алмайды. Компьютердің кішкентай мониторы арқылы ондай мүмкіндіктерге қол жеткізу мүмкін емес.

Тақта - тек қана құрал, ал оқыту үрдісінің тиімділігі көбінесе мұғалімнің шеберлігі мен арнаулы программалық қамсыздандырудың сапасына байланысты екенін естен шығармағанымыз жөн. Осылайша, интерактивті тақтаны қолдану оқу үрдісін кемелдендіруге жаңа мүмкіндік береді, оқушы мен мұғалімнің өз бетінше атқаратын және бірлескен жұмыстарын шығармашыл етеді.Интерактивті тақта пайдалану кез – келген сабақты серпімді етеді, ал бұл сабақтың бірінші минутынан оқушылардың танымдық іс-әрекетінің артуына ықпал етеді. Интерактивті тақтаны қолдану шартында білімді бақылау келесі формаларда жүзеге асады.

- on-line тест;

- Activote2 тестілеу жүйесі;

Интерактивті тақтаны пайдаланудың артықшылықтары оқушы мен мұғалім үшін маңызды болып табылады [1, 44 б.].

Технология – дайын бұйым алу үшін өндірістік процестерде пайдаланылатын шикізаттың, материалдың немесе шала өнімнің пішінін, қасиетін, күйін өзгерту, оларды дайындау және өңдеу тәсілдерінің жиынтығы. Интерактивті технология – бірлесіп әрекет жасау ұғымын білдіреді. Сабақ барысында оқушылардың топтармен жұмыс жасауға қалыптаспауы мүмкін емес.

Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіндігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Интерактивті тақта тек қана білім саласында ғана пайдалы, әрі әсерлі емес, сонымен қатар, дамуы баяу және патологиясы бар балалармен жұмыс жасауда өте тиімді. Интерактивті тақта мұндай балалар үшін әсерлі ойын құрылғысы болып табылады. Яғни, балалар интреактивті тақтаның әртүрлі мүмкіндіктерін пайдаланып, ойын арқылы тез белсенді дамуы мүмкін. Егер мұғалім ойын арқылы баланың дамуына көмектессе, уақыт өте келе, балада өзіне деген сенім пайда болады, өз бетінше үйреніп, өзі істеуге тырысады

Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс бойынша мәселелік – бағ-дарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бірақ, мұның барлығы жүзеге асуы үшін мұғалім компьютерлік оқыту технологиясы бойын-ша білімдер мен іскерліктерді игеруі қажет. Бұл дайындық диференциалды болуы тиіс. Себе-бі, әрбір пән мұғалімдері үшін компьютерді оқыту үрдісінде пайдалану әр түрлі сипатқа ие.

Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді.

Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.

Ақ тақта режимі – ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті, мысалы гуманитарлық пәндерде және т.б. жаратылыстану пәндерден сабақ жүргізгенде ыңғайлы. Фон ретінде тақырыпқа байланысты әртүрлі суреттерді, географиялық картаны, физикалық аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар [2, 120].

Екінші режим – Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point – презентациясы болуы мүмкін. Мысалы , Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш» объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office – нің барлық мүмкіншілігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі – құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни экраннан түсірілген суретпен емес құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Сонымен, мұғалім оқушыны тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады («тік төртбұрыш» объектісін жылжыту немесе жою

арқылы) және дайындалған материалды шаблон ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

Үшінші режим – тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы.

Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған компонентін қолдануға болады. Бұл компонент арқылы Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, графиктік редакторлардың немесе программалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіншілік береді.

Прожектор және Шторка құралдары экранның белгілі бір кішігірім аумағын көрсетуге арналған. Прожектор құралы аудиторияның назарын бір объектіге аударуға арналған. Экран бетінде бір мезгілде бірнеше объектілер орналасқан болса, оның қажет объектісін ерекшелеп, қалғанын жауып қоюға арналған. Шторка экранның бір бөлігін жауып қоюға арналған (есеп шығаруда дұрыс жауаптарын, оқушыларға әзір белгісіз ақпаратты) және материалды оқу барысында мүмкіндігінше тақтаның қажет бөлігін көрсету [2, 16 б.].

ИТ оқыту мен үйретуді әртүрлі бағытта өтізуге мүмкіндік береді:

- Презентация, модельдер жасау және оны демонстрациялау: қажет бағдарлама мен қорды интерактивті тақтамен өзара үйлесімді қолдану жаңа сабақты түсінуді жақсартады.
- Білімгердің белсенділігін, қызығушылығын арттыру. ИТ-ны қолдану арқылы білімгерді жігерлендіру артады;
- Сабақтың өтуі мен жылдамдығы интерактивті сабақты жоспарлау мен барысын оның темпін жақсартады.

Интерактивті тақта оқу материалын көрнекті түрде жеткізудің тамаша амалы, сабақты қызықты да қарқынды өткізуге, әр түрлі ресурс көздерінен мәлімет жинақтап ұсынуға мүмкіндік береді.

Оқытушылар интерактивті тақтаға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді және оның негізгі мүмкіндіктерін игеруі қажет. Және де интерактивті тақтамен жұмыс істеуде қандай ресурстар көмектесе алатынын анықтап алу маңызды [3, 88 б.].

Әдістемелік әдебиеттерде балаларға есепті аналитикалық тәсілмен сұрыптауға үйреткен дұрыс деген пікір қалыптасқан, өйткені бұл жағдайда оқушылар мұны барлық есептерді дерлік шешуге қолдана алады. Мысалы: Автомобиль 320 км қашықтықты 64 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Қайтқан кезде сол аралыққа ол 1 сағат аз уақыт жұмсады. Қайтар жолға ол қанша уақыт жұмсады? Есептің бас сұрағына бірден жауап беруге болмайды, бұл үшн не керек екенін анықтаймыз (автомобиль «баруға» қанша уақыт жұмсады және қайтқан жолға қанша уақыт кетті?). Қайтар жолға ол қанша сағат аз жұмсағаны белгілі ме? (иә, 1 сағат аз). Барар жолға ол қанша уақыт жұмсағаны белгілі ме? (жоқ). Бұл сұраққа жауап беру үшін нені білу керек? (қашықтық және қозғалыс жылдамдығын).

Есепті талдаған соң оқушылар жоспар құрады: қандай амалды қолданып барлық жолға кеткен уақытты табамыз? Қандай әрекетпен қайтар жолға кеткен уақытты табамыз Кейбір кезде жоспарды құру есепті талдаумен қосақтасады, компьютермен жұмыс істегенде балалар бұл кезеңдегі әрекетін өздері талдай алады.

Одан соң, оқушылар есептің математикалық моделін құрады: есепті шешуді клавиатура арқылы әр түрлі формада енгізеді: (іс-әрекетпен, мысалмен), мұнда қадамдардың біртіндеп орындалуы талданады (есепті шешудің алгоритмі), арифметикалық әрекетті дұрыс таңдап және орындауды, көлемнің өлшем бірліктерін жазу, есептің жауабын жазуды, енгізуді үйренеді.

Дәстүрлі әдістемені қолданғанда мұның бәрін тексеру үшін мұғалімге біраз уақыт керек, ол дәптерлерді жинап алып тексеруге бірнеше сағат жұмсауы қажет болады. Компьютердің көмегімен ол бұл жұмысты сабақ барысында істей де және әр окушы туралы ақпарат жинай да алады. Бұған қоса, компьютер есеп шығаруды талдаған кезінде және арифметикалық әрекеттерді дұрыс орындауды тексерген кезінде оған оқушылармен жекелей жұмыс істейтін

бағдарлама енгізіледі. Әдетте, есеп шығарған кезде өлшемдердің тәуелділігі туралы білімді жадыда сақтау үшін оқушылар жаңа типтегі есептерді шығару әдістерінде сұрыптайды, сондықтан есептеулер енгізгенде қате жіберген жағдайда, компьютер есепті қалай шығару керектігі жөнінде кеңес береді.

Есеп шарттарының моделі «мультипликациялық фильмдегідей» беріледі, мұнда интерактивті тақтада әрқашан іздейтін өлшемдер пайда болып олардың арасындағы математикалық тәуелділіктер анықталады. Мұғалімге арналған бағдарлама есеп шығару үрдісінің моделі болып табылады, ол оқушыларды есеп шығаруға үйретуге бағдарланған тізбектерден және соған сәйкес окушының оқу іс-әрекеттерінен тұрады.Оқу-тәрбие үрдісінде тақталарды пайдалану әдістемесінің жасалынуында және пеедагогикалық бағдарламалық құралдарды мектеп мұғалімдері мен әдіскерлердің оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру үшін сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенова Н.Т. Promethean Activstudio бағдарламасын үйренушілерге арналған әдістемелік нұсқау. Тараз, 2014.
2. Абдулов Рашид Миниахметович Использование интерактивных средств в процессе развития исследовательских умений учащихся при обучении физике. Екатеринбург, 2013.
3. Әлімов А. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану». Оқу құралы - Алматы, 2009.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚУ ҚҰРАЛЫН ФИЗИКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕСТІЛЕУ

Тойланова Айнұр Сайлаубекқызы
N6 мектеп-гимназиясының физика пәнінің мұғалімі, Т. Рысқұлов ауданы, Жамбыл обл.

Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып жүрген тестілеу-біршама уақыт ішінде еліміздің алуан түрлі салаларындағы қолданыста тиімділігімен көзге түсіп жүр. Оқытуда тест тапсырмаларын ауызша және жазбаша қолдану оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру әдістерінің ішіндегі әр оқушының дербес жұмысын бақылай алудың қосымша тиімді түрі болып табылады. Еліміздің үлкен тірегі болатын жас ұрпақтың терең білімді, жан-жақты дамыған, зерек болуы - заман талабы. М.Борн: «Физика-тек қана техникаға алғашқы қадам емес, сондай-ақ адамзат ойының түпкіріне жол»,- деп айтқанындай, физика пәнін кейінгі ұрпаққа заманымыздың талабына сай, жаңа технология құралдарының көмегімен жүзеге асуын қалыптастыруды қамтамасыз еткен жөн. Дәріс деректерін қызықты әрі сапалы өтуі үшін, мультимедиялық құралдар көмегімен сабақ жүргізіп, студенттердің қызығушылығын тудырумен қатар, белсенділігін арттыру қажет. Оқу барысында оқытушы тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды (DVD, CD, ROM және интернет ресурстарын) қолдана алады. Мұндай әдістеме алдыңғы сабақта өтілген материалды ашып, өткен сабақты қайталай отырып, сабақты екпінді түрде өткізуге мүмкіндік береді. Тақтада жұмыс істеген оқытушы мен студенттің орындаған іс-әрекеттерін есте сақтап, келесі сабақта қолдануға болады. Тыңдаушы - оралмандармен біз көбіне оқулықтармен негізінен тест кітапшаларын пайдалана жұмыс жасаймыз, ал осы тест сұрақтарын компьютерге енгізіп, сабағымыздың көп саласын компьютер арқылы өткізсек, жақсы нәтиже алып, мол

жетістіктерге жетер ме едік. Себебі, студент өз-өзіне қалай сенетіндігімен қатар, өз білім деңгейін қалай бағалайтынын көреміз. Өз жауабына сай, компьютердің есептеп шығарған бағасына да ешқандай күмәнсіз қарайды және қателік жіберген жағдайда, қай сұраққа дұрыс жауап бере алмағанын өз көзімен көріп тікелей информация ала алады және сол жіберген қателігін жөндеп, оны болдырмауға тырысады. Бұдан соң, есте сақтау қабілеті де артады. Оқу үрдісінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдана білу, кейінгі жылдары ұрпаққа айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Пәнге деген қызығушылығы, өз бетімен ізденісі, сондай-ақ, шығармашылығын дамытып, ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Компьютерлік оқу құралдарын өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқушыны пассивтіктен құтқарады. Компьютерлік оқу құралын сабақта пайдалану кезінде оқушылар өз алған білімдерін кеңейтіп, әр түрлі тапсырмаларды жеке орындауына түрлі ақпараттар алуына мүмкіндік туындайды. Компьютердің қызметі - қосымша және көмекші ақпараттарды беру, ену және шығу бақылауын жүзеге асыру, арнайы бағдарламалар арқылы оқушыны өз бетінше оқып-үйрету және өзін-өзі бақылауға тәрбиелеу аралық, ағымдық және қорытынды бақылауын ұйымдастыру болып табылады. Оқытуда тест тапсырмаларын ауызша және компьютерде қолдану оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру әдістерінің ішіндегі әр оқушының дербес жұмысын бақылай алудың қосымша тиімді түрі болып табылады. Білімді жүйелендіруде қолданылатын тест тапсырмаларына берілетін уақыттың шамадан артық болмауы өте маңызды. Ресей ғалымы Е. П. Каптеревтің айтуы бойынша, оқушы ақыл-ойының жұмысы күш жұмсаумен етене байланыста болады. Бұл процесс жаттығу мен шаршау сияқты екі сәтті біріктіреді. Шаршау көбіне іс-әрекеттің жылдамдығымен оның сапасының төмендеуінен туындайды да, қателіктер көбірек көрініс табады. Шаршаудың болуы көптеген мынадай факторларға байланысты: сыналушылардың жас ерекшеліктері, мотивация деңгейі, көңілкүйдің алаңдауы, орындалатын жұмыстың бірсарындылығы және жеке басты ерекшеліктер болып келеді. Тест тапсырмаларына берілетін оптималды уақытты айқындаудың тамаша бір әдісі-«тест хронометражын пайдалану» әдісі. Бұл әдісте арнайы тестілеу бланкісін қолданады. Әдістің мәні- орындалған тапсырмалар мен дұрыс орындалған тапсырмалар графигі тармақтарының арасындағы қашықтықпен сипатталады. Бұл әдіс кейінгі кезде өзіміз қолданып келген тест сұрақтары жазылған кітапшасы мен бланкісін толтыру арқылы жүзеге асып жүр. Яғни, ординат осіне тапсырма санын, абсцисса осіне-тесті орындауға берілетін уақытты интервалдарға бөліп аламыз. Осы орайда, көптеген тест сынағын жүргізуге болады. Соның ішінде мысалы, физика, математика пәндеріне көбірек уақыт кетеді. (есеп шығаруға, формулалар еске түспей қоюы мүмкін,т.б.) Есеп-ойлау объектісі, ал есепті шығару-ой қызметі. Тест - ойлау жүйесінде жылдамдықты, нақтылықты, алғырлықты талап етеді. Сондықтан, тест тапсырмаларын орындауға өте аз уақыт берілсе, онда кездейсоқ белгілеудің орын алатыны анық. Шамадан тыс көп уақыттың да берер зияны бар. Шамадан тыс көп уақыттың берілуі-көшірудің көрініс табуына жол береді. Сондықтан, екі уақыт интервалының балансын сақтау қажет.

Әрбір нұсқа 25 тапсырмадан тұрады. Оқушы өз жұмысының дұрыс не бұрыс екендігін бақылап отыру үшін қойылған сұрақтардың жауаптары да келтіріледі. Компьютерлік технология негізінде оқытуда демонстрациялық әдіс міндетті түрде қолданылады. Демонстрациялық әдіс көбіне жақсы жетілген көрнекі құралдың көмегімен жүзеге асады және оқытушының әдемі де, мәнерлі, ұғымды сөзімен толықтырылып, екеуі қоса жүргізіледі. Әйтпесе, қажетті нәтижені бере алмайды. Сондықтан, тақырыпқа байланысты оқу үрдісін басқару мүмкіндігі бар компьютерлік программа кешенін даярлау керек. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен өткізу өте тиімді. Компьютер арқылы ақпаратты-таңдамалы, ақпаратты-кескінді, ақпаратты-ұсынушылық, жаттықтырмалы, бақылау функциялары іске асырылады. Мысалы, физика пәнінен электрондық минитестер алуға болады. Тест Point Power бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

1. Эбонит немесе пластмасс тарақтармен шашты тарағанда шаш неліктен тараққа тартылады?

А) шаш пен тарақ электрленеді;

В) тарақ теріс шаш оң заряд алғандықтан бір-біріне тартылады;

С) бір-біріне тигізгендіктен.

2. Төмендегі материалдардың қайсысы өткізгіштерге жатады?

А) мыс купоросы, көмір;

В) пластмасса, бетон, жібек;

С) күміс, болат, тұз ерітінділері;

Компьютерде Паскаль тілінде бірнеше физикалық және математикалық есептер шығаруға болады. Мысалы, цилиндрдің бүйір бетінің ауданын немесе тығыздығын табу, тік бұрышты параллелепипедтің бүйір бетінің не толық бетінің ауданын, көлемін табу, туынды ұғымына келтірілетін есептердің бірі болатын, автомобильдің түзу сызықты қозғалысы қарастырылады. (лездік жылдамдық туралы есеп) т.б.

Тест құрастырудың әртүрлі формалары бар. Алғашқы көп қолдалынатын форма ол-жабық және ашық формадағы тапсырмалар. Тест тапсырмаларының үшінші формасы сәйкестік қалыптастыруға арналған тапсырмалар. Бұл формадағы тапсырма екі топ мәліметтерден құралады. Мәліметтердің бірінші тобының әр элементіне мәліметтердің екінші тобының қандай элементінің сәйкес келетіндігін анықтау. Мысалы:

1. Сәйкестікті анықтау керек. Шамалар: Өлшем бірліктері: 1.Масса А.километр 2.Ұзындық В.литр 3.Уақыт С.секунд 4.Сыйымдылық Д.килограмм Е.куб сантиметр

Оқу үрдісінде физикалық заңдар мен құбылыстарды түсіндіруде модельдеуді пайдалану өте тиімді болып табылады. Модельдеу арқылы оқытудың ғылымшылығы, көрнекілігі, жүйелілігі, белсендігі сияқты ұстанымдары жүзеге асырылады. Сондай-ақ, оқу әрекетінің әдіснамасы ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдіснамасымен ұштастырылады. Қорытынды. «Шеберлік кілті-іздену», демекші, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту мақсатында өзімізде кәсіби және тұлғалық жетілудің нақты жолдарын табу негізінде жұмыстануымыз, ізденуіміз қажет. Компьютердің немесе DVD, CD, ROM көмегімен әртүрлі медиаобъекттерді оқушыларға көрсетуге болады және пайдалы. Әрбір сабақты тақырыпқа байланысты іздене отырып, қызықты материалдарды компьютердің көмегімен кең ауқымды түрде өту өте орынды, әрі тиімділігі мол. Тестті компьютермен тапсыру - өзін-өзі бақылауға тәрбиелеу, аралық, ағымдық және қорытынды бақылауын ұйымдастыру болып табылады. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану - сапалы білім негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Физиканы оқытуда компьютерлік техниканы қолданудың кейбір мәселелері. Алматы, Қалалық конференция материалы: БЖҚДИ-1999ж.

2. Абдыкеримова Э.А. Компьютерлік модельдеудің негізінде мектеп физикасын оқытудың әдістемесі. Автореферат, Алматы, 2004ж.

3. Қазақстан мектебі журналы. Алматы, 2001ж. № 1-12

4. Физика журналы. Алматы, 2009ж. № 1-6

V СЕКЦИЯ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ЖОШЫ-ҚЫПШАҚ ҰЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Бексултанова Гульнур Жаксылыккызы
Жайсан орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Шу ауданы, Жамбыл облысы

XIII ғ. моңғол шапқыншылығы Еуразия даласының саяси картасын түбегейлі өзгертумен қатар, бұл аймақты мекендеген түркі халықтарының мәдени-рухани өмірі үшін қасіретке толы алапаттар алып келді. Еуразия даласындағы бірқатар мемлекеттер тарих сахнасынан кетті, қалалар мен қалалық мәдениет ошақтары жойылып, отырықшылар - көшпенділікке, қалалықтар - далалықтарға айналды. Тек қазіргі Қазақстан жерінің өзінде Сығанақ, Сауран, Отырар, Барчыкент, Құмкент, Мерке, Құзорда қатарлы отызға жуық ірі қалалар жермен-жексен болды [1, 687 б.]. Моңғол жорықтарының ең ауыр зардаптары XI ғ. мен XIII ғ. басына дейін Дешті Қыпшақта саяси жағынан билік құрған ірі этникалық топтардың бірі қыпшақ тайпаларының басына түсті. Моңғолдарға қарсы аянбай күрескен қыпшақ жасақтарының бір бөлігі шайқастарда қаза болды, тірі қалғаны тұтқынға түсіп, шығыс базарларында құлдыққа сатылды, ал біршама бөлігі батысқа (Венгрияға) қоныс аударды. Осылайша, бір кездері Дешті Қыпшақта үстемдік құрған қуатты қыпшақ тайпаларының тоз-тозы шықты. Дегенмен, қыпшақтардың негізгі бөлігі моңғол бодандығын қабылдап, Жошы ұлысы (Алтын Орда) құрамындағы тайпалардың басым бөлігін құрады. Елдің шаңырағы шайқалған соң, ғасырлар бойына түркілерден қалған мәдениет пен рухани құндылықтар жаулаушы күштің ықпалымен жойылу қауіпі туындады. Бірақ, тарихи арна басқа жаққа бұрылды, моңғол билігі Қыпшақ даласының саяси-әлеуметтік құрылымын өзгеріске ұшыратқанымен, оның мәдениеті мен рухани құндылықтарына ықпал ете алмады.

Моңғол жорықтарының нәтижесінде XIII ғ. 40-шы жылдарында Дешті Қыпшақта Алтын Орда державасы құрылған соң, бір-бірімен қырқысқан тайпалардың басы бірігіп, қыпшақ мәдениеті пен рухани өмірдің дамуына қолайлы жағдайлар жасалды. Алтын Орда – қыпшақ этносы, оның салт-дәстүрлері мен рухани мәдениетіне негізделген ортағасырлық мемлекет болды. Қыпшақ тайпалары моңғолдарға тек саяси жағынан ғана тәуелді болды, ал мәдени жағынан қайта моңғолдар қыпшақтарға тәуелді болды. Өйткені ғасырлар бойы сұрыпталып жинақталған түркі дүниесінің рухани құндылықтары мен дәстүрлері моңғолдардың мәдениетінен үстем болды. Моңғолдар соғыс өнері мен әскери күш-қуаттылығы жағынан күшті болғаны болмаса, мәдени жағынан артта қалған еді [1, 686 б.]. Моңғолдар қыпшақ мәдениеті мен рухани құндылықтарын, тілі, жазуын, тіпті ел басқару істері бойынша жергілікті түркі-қыпшақтардың тәжірибесін қабылдады. Тынық мұхитынан Венгрияға дейін созылған ұлан-байтақ территорияда бұдан басқа да билік құрған моңғол ұлыстарының барлығы (Қытай және Моңғолия жеріндегі Юань империясы, Таяу Шығыстағы Елхандар мемлекеті, Орта Азия жеріндегі Шағатай мемлекеті) жергілікті жерлердің мәдениеті мен дінін, тілін қабылдады. «Моңғол тыныштығы» (Pax mongolica, XIII ғ. 60-70ші жылдары) орнаған соң, Қыпшақ даласында халықаралық сауданың дамуының нәтижесінде қалалар қайта қалпына келтіріліп, қала мәдениетінің дамуы, Жібек жолының бойымен халықаралық сауда және мәдени байланыстардың дамуы және жазу-сызу мен әдебиеттің дамуымен сипатталды. Көне түркілік мәдени дәстүрлер қайта жаңғырып, Солтүстік Кавказды қоса алғанда, Дешті Қыпшақтын, Орта Азия мен Еділ бойының барлық этникалық топтар үшін бірыңғай жаңа мәдениет қалыптасты. Бұл кезеңде ресми моңғол-қыпшақ қос

тілділігі орын алды, бірақ қыпшақ тілі неғұрлым кең таралған еді. Араб және парсы тілдері де кең қолданылды. Дегенмен де Алтын Орда мен мәмлүктік Египетте көркем әдебиет көбінесе қыпшақ тілінде жасалды [2, 16 б.]. Сол кезеңде жасалған жазбаша әдебиет туындылардың жалпы саны арасынан «Кодекс Куманикус», «Оғыз-наме» сиякты авторы беймәлім ескерткіштерді, сондай-ақ Хорезмидің «Мухаббат-наме», Кутбтың «Хұсрау мен Шырын», Сайф Сараңдың «Гулистан би-т-тюрки», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Рабғузидің «Киссас-уль анбия» деген және басқалардың авторлы туындыларын бөліп көрсетуге болады [2, 245 б.]. Кутбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны Низамидің осы аттас дастанының мақамы бойынша Назира рухында жазылған. Кутб Низами поэмасының бүкіл желісін сақтап, негізгі көріністері мен ең басты катысушы адамдарын өзгеріссіз қалдырған. Низами сияқты, өл да өз дастанында екі тақырыпты: шексіз таза махаббат пен мінсіз билеуші тақырыптарын өрбітеді. Екі тақырып та шексіз берілген махаббат - адам мен қоғамның жегілуіне бастайтын негізгі кілт, махаббат – адамды тазартып, оған ізгілік беретін ғана емес, сонымен қатар оны өзгертетін де сезім деген идеяға сүйенеді [3, 18 б.]. Хорезмидің «Мухаббат-наме» поэмасы Дешті Қыпшақтың рухани мәдениетінде қарапайым адамның жоғары сезімін мадақтайтын жаңа әдебиет тууының басы болды. Қазақтардың жетекшілік рөлі Ақ Орда дәуірінде – ақ айшықтала бастаған еді. Қазақ хандығы дәуірінде қазақтың тіл мәдениеті өзінің шырқау биігіне шықты [3, 19-20 б.].

Алтын Орда кезеңнің рухани мәдениеті Дешті Қыпшақ аумағында көне түркі, моңғол және ішінара ислам мәдениеті дәстүрлерінің өзара тығыз ықпалымен дамыды. Дегенмен, мәдени ықпалдастықта дамыған қыпшақ мәдениеті үстем болды. Өйткені, қыпшақ тайпалары көне дәуірден сақ, ғұн, түркілерден қалған түркі өркениетінің тасымалдаушылары, тікелей мұрагерлері болды. Қыпшақтар мен моңғолдардың тұрмыс-салты мен шаруашылығының ұқсастықтары өзінің даму деңгейі жағынан жоғары тұрған қыпшақ мәдениетін қабылдауға оң әсері болды. Сонымен қатар, моңғолдар экспансиялық саясаты нәтижесінде бағындырылған халықтардың рухани өмірі мен салт-дәстүріне өзгерістер енгізуді мақсат етпеді. Керісінше, моңғол билеушілері бағындырылған мемлекет пен халықтардың өзінен деңгейі жоғары мәдениетін қабылдаған. Оған дәлел Иран, Ирак территориясында билік құрған моңғолдық Хулагу династиясының өкілдері жергілікті халықтың, парсы мәдениеті мен салт-дәстүрін қабылдады. Жарты ғасыр өткенде моңғол билеушілері жергілікті парсы мәдениетін толық қабылдады.

Бұл жағдай Қытай мен Моңғолия территориясындағы Юань империясында, Орта Азиядағы Шағатай ұлысында да болды.

Қыпшақ факторы Алтын Орда қоғамында сапа жағымен ғана емес, сан жағынан да басым болды. Моңғол жаулаушыларының Қыпшақ даласына келген кездегі саны жөнінде парсы авторы Рашид ад-Дин мәліметі бойынша, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыға Дешті Қыпшақтың билеушісі ретінде тағайындаған кезеңде оған бөлінген әскердің саны бар жоғы 4 мың ғана (олардың отбасыларын қосып есептегенде 20 мыңға жуық) болған (4, 30). Этникалық жағынан да моңғолдар қыпшақ-түркі халықтарымен ассимиляцияға тез түсіп, жарты ғасырдан соң, моңғолдық белгілер жойыла бастады. Осыған байланысты уақыт өте келе Моңғол империясының батыс ұлысы, яғни Жошы ұлысы немесе Алтын Орда ортағасырлық араб-парсы авторларының шығармаларында Қыпшақ мемлекеті, Қыпшақ хандығы ретінде атала бастады. Араб авторы әл-Омари бұл жөнінде былайша сипаттайды: «Ежелгі кезеңде бұл мемлекетті Қыпшақ елі болған еді, кейіннен моңғолдар бағындырған соң, қыпшақтар олардың бағыныштылары болды. Содан кейін моңғолдар мен қыпшақтар біртіндеп байланысқа түсе бастады. Бірақ, Қыпшақ жерінің табиғаты мен ұлттық белгілері басымдыққа ие бола бастады. Тіпті олар бір рудың балаларындай болған еді дейді [5, 235 б.]. Алтын Орда кезеңінде қыпшақ тайпаларының көшпенділік дәстүрі сақталып, одан ары карай дамыды. Мұндай жағдайдың болуына Шыңғыс хан әулетінің мұрагерлері де мүдделі болған еді. Шыңғыс ханның «Жасақ заңдарында» жергілікті халықтың дәстүрін әсіресе көшпенді

халықтың дәстүрі мен салтын бұзбауға арналған арнайы ережелер болған. Сонымен қатар, бұл көшпенді өмір сүрген қыпшақ тайпалары халқының мүддесіне сай келді. Қыпшақтар да моңғолдар секілді ашық аспан астында көшпенді мал шаруашылығымен айналысып өскен халық. Моңғолдар түркі халықтары секілді табиғаттың аясында Көк аспан тәңірдің заңымен өмір сүрді. Қыпшақ даласына келген жаңа этникалық компонент, яғни моңғол тайпаларының құрамы келесідегідей еді: Жалайыр, Қоңырат, Маңғыт, Барлас, Байриндер және тағы басқалары келген еді. Азшылық топты құраған моңғол тайпалары қыпшақ тайпаларымен ассимиляцияға түсіп, алғашқы жылдардың өзінде моңғолдар жергілікті ортаға бейімделе түсті. Бұндай байланысты ғылыми тілде жағрафиялық детерменизм деп атайды. Жергілікті тұрғындардың этникалық және әлеуметтік құрылымы өзгеріске ұшырап, этникалық үдерістерге жаңа түр береді. Моңғолдардың қыпшақтану үдерісі XIV ғасырда іс-жүзінде толық аяқталып, мемлекет араб жазба ортағасырлық тарихи деректерінде Мамлакат әл-Қибшақ, яғни Қыпшақ тайпалары мемлекеті немесе Қыпшақ хандығы (Qipchaq Khanate) деп атала бастады. Осылайша, қыпшақ тайпалары моңғол жаулаушылық жорықтары нәтижесінде оларға саяси жағынан тәуелді болғанымен, қыпшақ тайпаларының ықпалы басымдылыққа ие болып, Алтын Орда қоғамында негізгі рөлін атқарды. Тілдік жағынан да, моңғол билеуші өкілдерінің қыпшақ сөздік қорына моңғол тайпаларының қолданған саяси атаулардың енгізілгенімен, уақыт өте келе этникалық мәдениет тұрғысынан моңғолдық белгілердің ізі де қалмай өздері қыпшақтармен араласып кетті. Бұл туралы жоғарыда араб авторы Әл Омаридың айтқан мәліметін атап өттік. Осыған байланысты Алтын Орда аумағында қыпшақ тілі - Орданың тілі, мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тіліне айналды. Өйткені, Қыпшақ тайпалары саяси-мәдени және экономикалық ықпалының жағрафиялық ауқымы моңғолдар кезеңінде, ерте кездегіден де тым кеңейе түсті. Бұл кезеңде қыпшақ тайпаларының этно-саяси және этно-мәдени әсері батысқа мемлекеттеріне дейін Дон өзені мен Днепр өзені, Орал тау жүйесі, Қара теңізге дейін таралса, шығысында Сібір, Кіші Азия арқылы Египетке дейін созылып жатты. Қыпшақ тайпаларының тілінің мемлекеттік ортақ тілге айналуына байланысты қыпшақ тілін меңгеру мақсатында Еуропа халықтары түрлі сөздіктер, анықтамалар құрастырып жасады. Оның жарқын үлгісі ретінде Кодекс Куманикус (Codex Cumanicus) – XIV ғасыр Дешті Қыпшақта қыпшақ тайпалары үстемдік еткен кезеңіндегі ғылыми анықтамалық сөздігін атауымызға болады. Мазмұны мен құрылымы жағынан арнайы сөздік Дешті Қыпшақ даласына әр түрлі мақсаттармен келген көпестер, миссионерлер, саяхатшылар және тағы басқаларына, яғни латын тілін білетін европалықтар үшін, сондай-ақ латын тілін білгісі келетін қыпшақтарға арналған қыпшақ тілінің оқулық сөздігі болып табылады (6, 13). Зерттеушілердің талдауы бойынша Алтын Орда дәуірінде Кодекс Куманикус сөздігінен басқа да қыпшақ-түркі тіліне қатысты төмендегідей сөздіктер жазылған:

1. 1245 жылы жазылған, авторы белгісіз «Тәржұман түрки вә араби» (Түркіше – арабша аударма сөздік»).
2. 1312 жылы Абухай – янни жазған «Кит бұл – идракли – лиса – нұл – атрак» («Түркі тілінің түсіндірме сөздігі»)
3. XVI ғасырда Жамалиден Мұхаммед Абдұлла ат –Турки Сирияда жазған «Китаб Бұлғат ал – Мұштақ фи лұғат ат – Түркі уал – қыпшақ» («Түркі және қыпшақ тілдерін үйрену кітабы»).
4. Алайден Бейлік Әл – Қыпшақи жазған «Әл – Әнуар әл мүлдия» («Інжу нұры») – қыпшақша – арабша сөдік, жазылған жылы және орны белгісіз.
5. XIV ғасырда жазылған «Китаб ат –тухфа әз – закияфи лұғат ад –турки» («Түркі тілі туралы ерекше сыйлық». Кітап авторы және жазылған жылы белгісіз.
6. 1343 жылы Мысырда жазылған «Китаб тәржұман фарсы ва турки ва моголи» («Парсы, түркі, моңғол тілдерінің толық құралы»), авторы белгісіз [1, 706 б.].

XIII-XIV ғғ. қыпшақтар батысы Дон, Днепр өзені Орал тау жүйесі, Қара теңізге дейін жайылса, шығысы Сібір, Кіші Азия арқылы Мысырға жетті. Қыпшақ тілі мемлекеттік ортақ тілге айналуына байланысты қыпшақ тілін басқадай тілдермен салыстырмалы түрлі сөздіктер, анықтамалар жасалды. Сондай еңбектердің бірі армян - қыпшақ жазба деректері. Зерттеушілер бұл сөздіктер, тарихи, әдеби көркем шығармалар мен заң ережелері кейінірек әрбір ұлт, мемлекеттердің (армян, грек, поляк, тағы басқа) атымен аталғанымен олар қыпшақ тайпаларының тілдік мәдениетінен бастау алып, кейін басқа тілдерге аударылғандығын анықтады. Сондай-ақ, Алтын Орданың түрлі жағдайларға байланысты берілген хан жарлықтарының басым көпшілігі қыпшақ тілінде, араб-ұйғыр алфавитімен жазылған. Оның дәлелі ретінде зерттеуші М. А. Оболенский 1834 жылы Қазан архивінен тауып, Казем-бек алғаш оқыған Алтын Орда ханы Тоқтамыстың Полша билеушісі Ягайлоға берген жарлығы ертедегі түркі тілінде ұйғыр жазуымен жазылған. Мұндай мәліметтерге сүйене отырып, Ресей зерттеушісі М.А. Усмановтың Орталық Азия, Дешті Қыпшақта құрылған моңғолдар билік еткен мемлекеттердің тек атауы ғана династиялық ұғым, ал бұл моңғол ұлыстарының этникалық құрамы, шаруашылық салты, тілі мен мәдениеті жағынан түркі мемлекеттері болды деген қорытындысы өте орынды айтылған [1, 697 б.]. Дешті Қыпшақ аумағында бұл кезеңнің рухани мәдениеті негізінен алғанда фольклор, ауызекі жеке поэзия, жазбаша (қолжазба-кітаби) әдебиет және музыкалық-поэтикалық өнер түрінде дамып отырған. Ауызекі халықтық-поэтикалық шығармашылық Алтын Орда қоғамының рухани мәдениетінің негізгі бөлігі болды. Оның ежелден келе жатқан және тамыры терең дәстүрлері бар. Халық арасында ертеден келе жатқан мифтер мен ертегілер, аңыз-әңгімелер кең таралды, олардың бір бөлігі жаңартылып, өзгертіліп отырды, ал басқа бір бөлігі басқа жанрлардың құрамына кірді, не бәз-баяғы күйінде жасай берді. Ертедегі туындылармен қатар, сол кезде ұлан-байтақ Дешті Қыпшақ даласында болған оқиғалар туралы, оларға белсене қатысып, жалпы алғанда Шыңғыс ұрпақтары, жекелеп алғанда Жошы ұрпақтары мемлекетінің одан әрі өмір сүруінде тағдырлы рөл атқарған жеке адамдар туралы эпикалық жаңа туындылар жасалды. XIII-XV ғасырларда Дешті Қыпшақтың мәдени өмірінде халық шығармашылығымен қатар, ауыз әдебиеті өмір сүріп, дами түсті, ол өте ерекше түрде: суырып салма шығарма, ауызша орындау және ауыздан-ауызға берілу түрінде орнықты. Оған авторының болуы, мәтінінің біршама тұрақтылығы, оның мазмұнының нақтылығы, арналған адамның болуы, сондай-ақ оның стилінде жеке басталу мен тек өзінің ғана «мінен» білдіруге тырысушылық тән болған [7, 239 б.]. Алтын Орда дәуірінде қыпшақ рухани мәдениеті негізінде суырып салма ақындық өнер, өлең шығару, оның ауыздан ауызға таралуы дамыды. Оның ішінде бізге белгілісі «Ұлы жыршы» атанған Кетбұға жырлары болып табылады. XIII ғ. Дешті Қыпшақтың әйгілі ақындарының бірі Қотан, XIII-XIV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың аса әйгілі жыршыларының бірі Сыпыра жырау сияқты жыршылар ақындық-жыршылық өнерін дамытты.

Моңғол дәуірінде қыпшақ мәдениеті шалғайда жатқан Солтүстік Африка мен Жерорта теңізі аймағына дейін таралды. XIII ғ. 50-ші жылдары Мысыр билігін Дешті Қыпшақтан шыққан мәмлүктер қолдарына алған соң, қыпшақ мәдениеті Мысыр жерінде ықпалды мәдениетке айналды. Мысыр жеріне барған қыпшақ мамлүктері өздерімен бірге ана сүтімен дарыған төл мәдениеті мен салт-дәстүрлерін ала келеді. Сондай-ақ, қыпшақтар Мысыр жерінде түркі династиялық билігінің негізін қалап, бірнеше ғасырлар бойы билік жүргізіп, осының арқасында қоғамның барлық салаларына ықпал жасауға мүмкіндігі болды. Түркі-қыпшақтық белгілер Мысыр қоғамының лексикалық және әдеби-ғылыми шығармалар формасында ықпал етті. Тарихи деректерде олар туралы қысқаша ғана мәліметтер кездеседі. Олардың ішінде атап өтерлік Махмуд ибн Кутлухшах ас-Сарайи [7, 137 б.]. музыкалық аспаптар өнерінің және «усул», «мақул», «мантиқ» сияқты дін негіздері, ақыл кеңесі мен логика ғылымдары негіздері мамандығын терең игеріп, сол саланың білгірі болды [8, 64 б.]. Мысыр жерінде қыпшақ тілі үлкен маңызға ие болып, мемлекет қоғамына ықпал жасады.

Өйткені, Мысырда билік құрған мәмлүктердің басым көпшілігі өзара ана тілінде, яғни қыпшақ тілінде сөйлескендігі жөнінде деректерде бірнеше рет сипатталған. Мысыр зерттеушісі Әмин әл-Холидың айтуынша, Тіпті, сұлтан Қалауын және бірқатар беделді қыпшақ әмірлері жас күнінде Мысырға келгеніне қарамастан араб тілінде сөйлемеген, сондықтан олар әрдайым өздерінің қасында аудармашы тілмаштың көмегіне сүйенген. Осыған байланысты билеуші топ мәмлүктер қыпшақ болғандықтан олардың қарамағындағылар да араб тілімен қатар, түркі тілінде сөйлеу үшін бұл тілді меңгеруге тырысқан. Сондай-ақ, Мысыр сұлтандарының Қыпшақ билеушілеріне (Алтын Ордаға) жолдаған хаттары да араб және түркі тілінде жазылды деген Әмин әл-Холидың қорытындысы орынды айтылған [8, 24 б.]. Мысырда қыпшақ тілінде жыр жазған Сайф Сараи, Мәулә Қазый Мухсин, Мәуләна Исхақ, Мәуләна ‘Имад Мәуләуи, Ахмет Хожа әс Сараи, Хорезми, Әбдулмәжид, Тоғлы Хожа, Хасан-оғлы, Берке Факих, Шариф Амиди және Қанисаух әл-Ғаури сияқты авторлардың жазған әдеби шығармалары Мысыр жеріндегі араб-мұсылман мәдениетінде қыпшақ мәдениетінің үлгісі ретінде алатын орны зор [9, 4 б.].

Сөз соңында айтарым, Мысыр жерінде толықтай қыпшақ мәдениетінің араб мұсылман мәдениетімен бәсекеге түсті деп айта алмаймыз. Өйткені, сол кезеңде үш жүз жылдық тарихы бар Мысыр – араб-мұсылман мәдениетінің орталығы ретінде дамып, көршілес мемлекеттерге өзінің ықпалын тигізді. Бірақ, мұнымен қыпшақ мәдениеті де оның көлеңкесінде қалып қойған жоқ, қыпшақ мәдениеті өзінің бірегейлігімен (unique) ерекшеленіп, белгілі бір деңгейде ықпал етті. Ортағасырлық араб жазба деректері бойынша Мысыр қоғамына түркі-қыпшақтардың тұрмыс-салты, тілі мен мәдениетінің түрлі элементтерінің енуі арқылы ықпал етті деп қорытынды жасауға негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амин аль-Холи (1962). Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. сокр. пер. с арабского. / АН СССР институт народов Азии. – Москва: Восточная литература
2. Абдимомынов, Н.*Т. (2011).* Кипчакский фактор в истории Золотой Орды и Египта // Вопросы истории. - №9. - С. 153 -158
3. Әлібек ұлы, А. (2005). Мәмлүктер кезіндегі қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемдері) Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация автореферaты, Алматы, Арыс.
4. Гаркавец, А. Н. (2002). Кипчакское письменное наследие: Каталог и тексты памятников армянским письмом: Дешт-и-Кыпчак. Алматы
5. Қазақ әдебиетінің тарихы (2006). Он томдық. 2-том. Алматы. Қазақпарат
6. Қазақстан тарихы (2010). Бес томдық. 2 том. – Алматы: Атамұра
7. Қинаятұлы, З. (2010). Шыңғыс хан және қазақ мемлекеті. Алматы: Тарих тағылымы
8. Рашид ад-Дин (1952). Сборник летописей / пер. с персидского О. И. Смирновой, ред. А. А. Семенова. – М.-Л: Т.I, Кн. 2.
9. Тизенгаузен, В.Т. (1884). СМИЗО. Извлечения из сочинений арабских. Т.1. – СПб.: Тип. имп. АН.

XVIII Ғ. 2-ШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАТЫНАСТАР

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD
Сейталиева Лаура Алтаевна
№3 мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі, сарапшы, Тараз қаласы

Қазақ халқының көршілері қырғыз халқымен қарым-қатынасы ұзақ уақытқа созылған тарихи процесс болды. Мәдениет пен тұрмыстағы, экономика мен этникалық тарихтағы ұқсастықтар мен көп ғасырға созылған көршілес өмір екі халықтың арасында әртүрлі сипаттағы қарым-қатынастардың орнауына себеп болды. Бұл қатынастар көбіне бейбіт, достық сипатта болғанымен, кейбір кездері көршілес екі халық арасында көшпелі өмір-салтына байланысты туындап отыратын, жер-су даулары да болып отырған. Сыртқы жаулардың басқыншылық жорықтары кезінде қазақтар мен қырғыздар, оларға қарсы біріге отырып, бір майданда күрескенімен сыртқы жау қаупі сейілісімен олардың арасындағы ескі дау-жанжалдар қайта басталатын. XYIII ғасырдың екінші жартысындағы мұндай жанжалдар көбінесе, Жоңғар хандығы түбегейлі талқандалғаннан кейін, Солтүстік Қырғызстан мен Жетісудағы, бұрын жоңғарлардың иелігінде болып келген жайылым жерлерге талас-тартыс төңірегінде болды [3, 106 б.].

Алғашында мұндай жанжалдардың соңы барымта түріндегі ұсақ шапқыншылықтармен аяқталғанымен, олар бірте-бірте ашық соғысқа ұласты. Қазақ пен қырғыз арасындағы мұндай қақтығыстарды Орта Азияны түпкілікті жаулап алуды көздеген қытайдың Цин империясы шебер пайдалана отырып, екі халықтың ортасына от тастауға тырысты. XYIII ғасырдың 50 жылдарының ортасында Жоңғар хандығы құлаған соң, Қазақ хандығы мен қырғыздардың шығыс шекарасы Цин империясымен бетпе-бет қалған болатын. Орта Азияны ашық түрде жаулап алу саясаты нәтиже бермеген Цин империясы Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы халықтардың өзара қырқыстарына арқа сүйеуге тырысты [2, 89 б.].

Цин өкіметінің бұл арандату саясаты көп ұзамай өз нәтижесін бере бастады. 1760 жылы қырғыздар қазақтың дулат және қоңырат руларының қоныстарына шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде осы жылдың тамыз айында қазақ қолдары Талас қырғыздарын жеңіліске ұшыратты. XYIII ғасырдағы қазақтар мен қырғыздар арасындағы алғашқы қақтығыстар туралы белгілі орыс тарихшысы А. И Левшин: «1760 жылы Орта жүздің қырғыз-қайсақтары жабайы қырғыздарға немесе буруттарға жорық жасап үлкен шығынға ұшыратты» деп жазды [3, 242 б.].

1760 жылы 19 қаңтардағы орыс армиясының полковнигі Т. Томастың Сібір әскерінің бригадирі фон Фрауендорфқа берген рапортында 1759 жылы Орта жүз сұлтандары Әбілфейіз бен Ханбабаның 15000 қазақ әскерімен қырғыздарға жорық жасағандығы және бұл жорыққа қырғыздардың қазақтардың малдарын айдап кету сияқты түрлі қылмыстық әрекеттері мен Қытаймен, Ташкентпен сауда-айырбас қарым-қатынастарын жасауға кедергі жасауы себеп болғандығы туралы айтылған [1, 90 б.].

Бұл мәліметтен көріп отырғанымыздай қазақ және қырғыз феодалдарының өзара кеіспеушіліктеріне Синьцзян мен Ташкентпен сауда қатынастарына үстемдік етуге деген бәсекелестік те себеп болған.

Орыс деректеріне қарағанда 1762 жылдың күзінде Баркөл маңында орналасқан Цин әскерінен Әбілмамбет хан мен Абылай сұлтанға елшілер келген. Бұл елшілік Абылай мен Әбілмамбеттен Цин әскерінің Самарқантпен Түркістанды басып алу үшін 1763 жылы жасамақ болған жорығына бірге аттану үшін қазақ жасақтарымен дайын тұруын талап еткен [1, 90 б.].

Қазақ билеушілері өзара ақылдаса келіп, жаңа көршілерінің бұл талаптарын орындадан бас тарту туралы шешімге келген.

Орта Азия мен Қазақстанға Цин империясының басып алу қаупінің төнуі Орта Азия мен қазақ билеушілерінің Цин империясына қарсы күрес туралы келісөздер жүргізіп уақытша бірігуге мәжбүр еткенімен Цин қаупі сейілісімен бұл халықтар арасындағы бұрынғы жанжалдар қайта өрбіді [4, 27 б.].

Орта жүз қазақтарының қытаймен қарым-қатынасын анықтау мақсатымен Абылай ордасында болған башқұрт старшыны Шүкір Абзановтың 1764 жылы 24 қазандағы мәліметтеріне қарағанда « сол жылы бұрын қалмақтардың иелігінде болған, қытай шекарасына жақын маңдағы және Іле өзені бойындағы жерлердегі Ұлы жүз бен Орта жүз көштері қырғыздар тарапынан үш мәрте шапқыншылыққа ұшыраған [5, 668 б.].

Қырғыз феодалдарының бұл әрекеттері қазақ феодалдарының қарымта жорықтарына себеп болды. Қазақтардың жорықтары туралы 1765 жылдың Сәуір айында ген-поручик Шпрингердің шет елдер істері жөніндегі коллегия атына « Орта жүз сұлтаны Әбілфейіздің қырғыздарға қарсы жасаған жорығы туралы» жолдаған рапорты көп мәлімет береді. Бұл рапортта 1765 жылы қазақтардың қырғыздарға жорыққа аттануына қырғыз билеушісі Қарабұта бидің қол астындағы қырғыздармен Ташкент саудагерлерінің керуендерін Орта жүз территориясына жібермей, талап-тонаулары себеп болғандығы айтылады [6, 668 б.].

Бірақ Абылай хан қырғыздарға жорық жасау туралы түпкілікті шешімді Әбілмамбет ханмен кездесуден кейін ғана қабылдаған. Мұның алдында Әбілмамбет Абылайға қырғыздарға қарсы бірігіп жорық жасау туралы ұсыныспен хат жолдаған болатын [7, 763 б.].

Көптеген ру басылары қырғыздармен даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуді ұсынғанымен Абылай хан қырғыздарға жорық жасау туралы шешім қабылдады. 1765 жылы Абылай басқарған 30000-дық армия қырғыздарға қарсы келесі жорыққа аттанған. Абылай ханның бұл жорығына қырғыздардың Абылай елшілерін дұрыс қабылдамауы сылтау болды. Мұның алдында Абылайдың қырғыз билеушілеріне қазақтардың сауда керуендеріне кедергі жасамауды және қазақ көштеріне барымта жорықтарды тоқтатуды сұрап жолдаған хатын қырғыздардың ру басшысы Балдыбек(қырғыз тарихшысы Д.Б. Сапаралиев Балдыбекті қазақтардың ру басшысы болған дейді [5, 94 б.] елшілердің көзінше жыртып тастаған болатын [7, 263 б.].

Бұған жауап ретінде Абылай хан 1765 жылдың Қазан айында қазақ әскерлерімен Қырғызстан территориясына жақындады. Бұл кезде қырғыздар қоқан билеушісі Ердана бекпен күрес жүргізіп жатқан болатын.

Абылай хан қырғыз ру басыларының бірқатарын бейбіт келісім жасауға мәжбүр ете отырып, олардан адалдығының кепілі ретінде аманат алады. 1766 жылы 3 тамызда Орта жүзден оралған башқұрттар К. Қазанбаев пен У. Азлаев қырғыз билеушісі Қарабұта бидің Абылай сұлтанға аманат ретінде өзінің туған баласы мен мал-мүлкімен қоса 7 жанұя бергендігін (қырғыз тарихшысы Д.Б. Сапаралиев аманатқа 9 адам жанұясымен бірге алынғандығын айтады) және қырғыздардың тұтқынындағы қазақтарды қайтарып, өз ұлдарымен бірге Ұлы жүз территориясында екендігін хабарлаған [2, 108 б.].

Абылай бастаған қазақ қолдары бұдан кейін жоғарыда аталған, орыс деректерінде Балдыбек деп аталатын қырғыз феодалының иелігіне шабуыл жасаған. Қазақ старшыны Оразмамбеттің 1766 жылы қазан айындағы көрсетулері бойынша Абылай, Қарабұта биді жеңіліске ұшырата отырып, еркегі, әйелі, бала-шағасы бар, барлығы 500 ге жуық қырғызды тұтқынға алған. Бұдан кейін қырғыз ру басшылары Абылайға қымбат тарту-таралғыларымен елшілер жіберіп бітім жасалған [7, 262-263 б.].

Бұл жорықтарда қазақтардың жеңіске жеткеніне қарамастан, XYIII ғасырдың 60-шы жылдарында қазақ пен қырғыз арасындағы жанжалдар шешілген жоқ. Бұған Қазақстанның халықаралық аренадағы күрделі жағдайы, қытайдың басып кіру қаупінің сақталуы, сондай-ақ күшейіп келе жатқан Қоқан мемлекеті тарапынан қауіп тууы себеп болған еді [3, 253 б.].

XYIII ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысында Орталық Азия мұсылман мемлекеттерінің арасында Цин империясына қарсы одақ қалыптаса бастады.

Бұл одаққа бастама көтерген Ауғанстан билеушісі Ахмад шах болатын, ол мұсылмандық Шығыс Түркістанды «дінсіз» қытайлардың билігінен азат етуді талап етті. 1762 жылдың өзінде-ақ Абылай сұлтан мен Әбілмамбет хан Орта Азияны басып алуға бара жатқан қытай армиясын өз иеліктері арқылы өткізуден бас тартқан еді. Ақсақалдар кеңесінде «қытай әскерлері қарсы аттанғандар Түркістандықтар және Самарқандықтар болсын… қазақтар солармен бірге соғыссын» деген шешім қабылданды [8, 47 б.].

Сонымен бірге қазақ билеушілері ауғандықтарға ашық қосылуға асықпады және Пекинмен байланыстарын жалғастыра берді, тіпті қоқан бегі Ерданаға қарсы күресте әскери көмек сұрады [3, 252 б.].

1765 жылы қырғыздарға жорықтан кейін Абылай соғыс әрекеттерін бұрынғы одақтасы қоқан бегі Ерданаға қарсы бағыттады. Бұл соғысқа да екі жақтың сауда жолдарына үстемдікке деген бәсекелестігі себеп болды [11, 109 б.].

Абылай жасақтары мен қоқан әскері арасында ірі шайқастар болмаған. Бірақ шешуші сәттерде қазақ ру басыларының Абылайды қолдамай, өз мекендеріне қайтып кетуі қоқанмен соғыста түбегейлі жеңіске жетуге кедергі жасады. Тарихи құжаттардың мәліметтеріне қарағанда қазақ ру басыларының бұл әрекеттеріне Абылайдың соғыстан түскен олжаны олармен бөліспеуі себеп болса керек [7, 263 б.].

Бірақ Абылайдың көреген саясаты нәтижесінде Қоқан хандығына қараған Кухан, Саркон, Катагаш, Салтан, Рабат сияқты бірқатар қалалар Абылай ханға көп мөлшерде алым-салықтар төлеуге мәжбүр болған. 1768 жылы наурызда Троицк бекінісінде қазақтар Б. Тураев пен С. Мамбетовтың көрсетулері бойынша Ташкент қаласы мен округінің тұрғындары еш ұрыссыз Абылайдың билігін мойындап, оған салық төлеуге келісіп, Абылайдың басқаруындағы қазақтардың қол астына өткен. Ал 1767 жылдың жазында Ердана бидің әмірлерінің бірі Фазыл би Абылайға бағынатындығын білдіріп, Абылайға келеді. Бірақ Абылай бұған қанағаттанбай, Ерданаңы өз билігіне толық бағындыруды көздеп, 1767 жылы Пекинге әскери көмек сұрап Даулеткерей сұлтан басқарған елшілерді қайта жіберді. Алайда зеңбірек және 20 мың жаяу әскер беруді сұрап, Қытайға жасаған өтінішіне жұмсақ айтылса да, үзілді-кесілді бастартылған жауап келді [8, 31-32 б.].

Дегенмен, XYIII ғасырдың 60-жылдарының аяғында Абылай Қазақстанның оңтүстігінде де өз жағдайын нығайтып алды, Ұлы жүздің қазақтары әділетті түрде оны өз мүдделерін қорғаушы деп біле бастады. Ал 1770 жылы қартайған Әбілмамбет хан қайтыс болған соң Абылай Қазақ хандығының шын мәніндегі бірден-бір билеушісіне айналды. XYIII ғасырдың 60-жылдарының соңына қарай Қазақ мемлекеті Абылайдың белсенді сыртқы және ішкі саяси қызметі арқасында біршама мықты әрі біртұтас мемлекетке айналды. 1770 жылы Абылай қырғыздармен қайта басталған жанжалдарды түбегейлі шешу үшін қырғыз жерлеріне тағы бір жорық жасады. Шату асуы арқылы Қызылсу және Шамси өзендерінің аңғарына өткен қазақ қолдары қырғыздардың Солты және Саяқ руларының ауылдарына шабуыл жасап, қайтар жолда қырғыз жасақтарымен кедескен. Ш. Уалихановтың айтуынша ел аузында « Жайыл қырылған» деп аталған бұл шайқас сол кезеңдегі қазақ-қырғыз соғыстарындағы шешуші шайқас болған. Шайқас Шу өзеніне Ақсу және Қызылсу өзендерінің құяр сағасында болоған [11, 114 б.].

Бұл ұрыста қырғыз жасақтары ауыр жеңіліске ұшырап, Шоңбағыш руынан екі ауыл, ал чонтолқан деп аталатын ру бөлімінен 40 адам ғана қалған [9, 77-79 б.].

Қырғыздардың мұнша шығынға ұшырағанына қарағанда олар тұтқындағы өз туыстарын құтқару үшін, ақтық демі біткенше шайқасса керек. Осы соғыста қолға түскен көптеген тұтқын қырғыздар Орталық Қазақстанға көшіріліп, онда Абылайдың жеке вассалдары-төлңңгіттері құқығымен қоныстандырылады [3, 253 б.].

Белгілі қырғыз тарихшысы Б. Д. Жамгерчиновтың көрсеткеніндей қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы мұндай қақтығыстар бірде күшейсе, бірде басылып XIX ғасырдың ортасына дейін созылып, екі халықтың да әлсіреуіне алып келген [12, 90 б.].

XYIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-қырғыз қарым-қатынастарының бір ерекшелігі, олар жер-су үшін өзара соғыса отырып, сыртқы жаулардың ортақ қаупі төнісімен бір мезгілде сыртқы жауларға қарсы біріге отырып күрес жүргізген. 1786 жылы 14 мамырда Омбы көпесі Захар Пеневскиидің хабарлауына қарағанда осы жылы қырғыздарға Ұлы және Орта жүз қазақтарынан ортақ жаулары Қытайға қарсы әскери одақ құру туралы келісім жасау үшін елшілік келген [2, 99 б.].

Мұның өзі қазақ және қырғыз халықтарының тарихи тағдырларының ортақ екендігін көрсетіп берді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Материалы по истории Казахских ханств XY-XYIII вв. Алма-Ата. 1969.
2. Материалы по истории киргизов и Киргизии. Москва. 1973.
3. Сулейменов Р.Б, Моисеев В. А. Из истории Казахстана XYIII века. Алматы.1988
4. Сапаралиев Д.Б. Взаимоотношения кыргызского народа с русским и соседними народами в XYIII в. Бишкек: 1995.
5. Қазақстан тарихы. 3-том. Алматы. 1996.
6. Взаимосвязи киргизского народа с народами России, Средней Азии и Казахстана (конец XYIII-XIX вв). Фрунзе. 1985.
7. Казахско-русские отношение в XYI-XYIII вв. Алма-Ата. 1969.
8. Джамгерчинов Б.Д. Из истории военных отношений киргизов в конце XYIII в.Фрунзе. 1945.
9. История киргизской ССР. Т-1. Фрунзе. 1984.
10. Искандер Мунши. Тарих – и аламара –йи Аббаси, ЛО ИВ АН СССР
11. АВПР. Ф. Киргиз-кайсацкие дела. Оп.122/2. 1762-1775. Д. 14.
12. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XYIII-пер. треть XIX в. Сборник документов и материалов. Алматы.1989.

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ (1991-2015 ЖЖ.)

Несипбаева Аида Оразбаевна
Қ. Сәтбаев атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі, Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы
Жумадилова Раушан Жумабековна
№64 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Қазақ елінің тәуелсіз атанып, мемлекетінің қалыптасуы барысында тарих ғылымы жаңа әдістік көзқарастарды қалыптастыруға, ойлау әдістерін жасауға, тарихи үрдісті оның өзі қандай болса сол күйінде өзара байланысты, тұтастықпен ұласқан, диалектикалық даму қалпында көруге талпынып, қоғам дамуының басты үрдістерінің болжамын жасаумен айналысуына ғылыми негіз қалауда. Осыған орай тарихи зерттеулердің жаңа методологиялық негіздерін іздестіру бағытындағы тарихшылар уақыт өткен сайын отандық және посткеңестік тарих ғылымында теориялық ойдың соңғы табыстарын қолдану арқылы зерттеулер жүргізген А.И. Оразбаева, А.Е. Асанбаева, О.К. Шариязданов

және басқа да ғалымдардың еңбектері Қазақстандағы жаңа тарихи әдіснаманың негіздерін қалады.

Түрлі тарихи кезеңдерде Дж. Вико, А.Дж. Тойнби, Ф. Бродель, С.Е.Десницкий, Ф. Вольтер, Н.Я. Данилевский, М. Вебер, Л.Н. Гумилев, С.Хантингтон және т.б. ғалымдардың ұстанымы бүгінгі кезде ағартушылық пен тәрбиелеу функцияларын атқаратын және ұлттық тарихты зерттеуге қызмет ететін әмбебап парадигма ретінде санала бастады [1]. Бұл бағыт алдына мақсат етіп: тарихи таным үрдісінде адамды ең жоғарғы құндылық ретінде қарастырады; әртүрлі қоғамдағы материалдық, рухани, мәдени және діни ерекшеліктер және олардың тарихи сабақтастығы анықталды [2]. Бір ескерерлігі, аталған оқымыстылардың еңбектеріндегі еуроцентристік көзқарас шынайылықты көрсетпейді, керісінше, бір халықтың екінші халыққа, яғни еуропалықтардың үстемдігін ақтауға бағытталған ұстаным деп бағаланғаны дұрыс. Мұндай көзқарас тарихи үрдісті шынайы тұрғыда түсіндіре алмайтындығын кезінде көрнекті тарихшы-ғалым М.Қ. Қозыбаев өз еңбегінде айта келіп, А. Тойнби, О. Шпенглер секілді ғалымдардың отарға айналған халықтарды өркениетсіз халық етіп көрсету әрекеттерін сынға алған болатын.

Сондай-ақ, тарихшы-ғалым М.Қ. Қозыбаев өркениеттілік ұстанымдағылардың бір бөлігіне былайша оң баға берген еді: «Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Еуразия даласындағы көшпенділерді тарихи даму процесінен бөліп алып қарауға болмайтынын ескертеді. Өйткені, ол көшпенділер, біріншіден, басқа көршілес қауымдармен ара қатынаста болды. Екіншіден, көшпенділердің өз ішінде жартылай көшпенді, жартылай отырықшы малшылар тобы болды. Үшіншіден, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу концепциясы тарихта орын алды. Еуразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес, дала мен қала мәдениеті ұштасқан дала өркениеті дамыды.Тарихшылар әулетінің бір тобының көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орныгуын, тайпалық одақтардан мемлекетке өтуін қарастыруы тарихи әділдік» [3, 14 б.]. Бұл өркениеттілік тұтастық Азия халықтарына Ресей билігінің жүргізіле бастаған кезінен бастап-ақ бұзылды [3, 32 б.].

Адамды әлемнің ғылыми кескінінен тысқа шығарып жіберетін рационалдылықтың классикалық типінен бас тартқан қазіргі ғылым интеграциясы пәнаралық синтезді қажет етеді. Нақты тарихи айғақтар мен ғылыми мәліметтерге негізделе отырып, тарихи үдерістердің даму қисыны мен заңдылықтарын тарих философиясы зерттейді. Зерттеу тақырыбы мейлінше күрделі осы мәселемен айналысатын бұл ғылым саласына келер болсақ, батыстық гуманитаристикамен салыстырғанда, кешегі кеңестік жүйенің де, біздің республикамыздың да қоғамдық ғылымдары кенжелеп қалғаны рас. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік өмірінде тарихи сананы жаңғыртып қалыптастыру тәрізді маңызды міндетті іске асыруда біздің мемлекетіміз бірқатар маңызды іс-шараларды атқарды.

Сонымен қатар, зерттеушілер С. Асылбекұлы, Н.Т. Жанақова, С.Кенжеахметов және т.б. еңбектерінде рухани мұраларымыз: тіліміздің, дініміздің, өзіндік болмыс қадыр-қасиетіміздің қол жетпес жетістіктерін оқырманға жеткізетін ұлттық әдебиет пен мәдениеттің келелі тұстары жөнінде тың пікірлер қарастырылған.

Тәуелсіз еліміздің әлеуметтік өміріндегі мәселелер тарихшылар М.Қозыбаев, М. Қойгелдиев, Ә. Ғалиевтердің зерттеулерінде қарастырылса, мәдениеттанушылар тарапынан Ә. Сығай, М. Құлмұхамед, Н. Масановтардың ең бектерінде көрініс тапты. Осы мақсатта Г.А. Сармурзинаның, М.О.Иембековаңың, Т.М. Айдостың зерттеулерінде Қазақстанның алыс және жақын шет елдермен болған қарым-қатынасқа, сыртқы саясаттағы басым бағыттардың нақтылануына баға беріледі.

Қызыл қырғын мен жаппай қуғын-сүргіннің алпыс жылдығына орайластыра отырып, 1997 жылдың «Қоғамдық келісім және саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып жариялануы, келесі 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп аталуы, ғасырлар тоғысындағы 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялануы,

2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы нәтижесінде тарихи әділет үстемдік алып, зерде жаңарып, сана сауыққандай болды. Төл тарихымызды, елдік дәстүр, халықтық тағдыр-талайымызды танып білуде, ескерткіш мұрағаттарымызды жинастыру мен сараптауда біраз жетістіктерге қол жетті. Жинақталған мәдени мұра мен рухани қазынаның дәнін тауып, сөлін сүзіп ұлттың кәдесіне жарату зиялы қауым мен ғылымдарға жүктелетін шаруа.

Ретроспективалық әдіске сәйкес заманауи Қазастандағы рухани-мәдени қатынастарының өрбуі барысындағы құбылыстар өзіне дейінгі және өзінен кейінгі құбылыстармен сабақтастықта зерделеніп, олар салдар түрінде ғана емес, әрі себеп ретінде де түсіндірілді. Осы әдісті қолдану үрдістің диалектикалық дамуда қарастырылуын қамтамасыз етеді. Өз уақытында «Анналдар мектебі» бастауында тұрған М. Блок тарихи зерттеулерде елеулі рөл атқарады, белгілі бір құбылыстың түпкі себебін ашып көрсетеді деп санаған салыстырмалы-тарихи (компаративті) әдісті қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы халықтар арасындағы мәдени байланыстары тарихын қарастыруда да қолдануға болады [4]. Ресейлік ғалым В.И. Гольцовтың: «...әртүрлі методологияның бір-бірімен үндесуі жиі кездеседі және әртүрлі методология негізінде жасалған зерттеу, алдын ала бірден бір дұрыс деп тапқан бір методологиялық бағытпен салыстырғанда тарихты ашып жазуға көп мүмкіндік жасайды» деген пікірі осы әдіспен ұштасып жатыр [5]. Тарих ғылымындағы басты әдістің бірі сипаттап баяндау болып табылады. Сипаттап баяндау арқылы танымның нәтижелері көпшілік оқырман қауымға жетіп, тарихи сананың қалыптасуына қызмет етеді. Қоғамдық құбылыстардың өзгешеліктері олардың дамуы барысында қалыптасады. Ол өзгешеліктердің мәнін дамумен байланыста қарастыру арқылы ұғынуға болады. Даму динамикасы әр кезде әркелкі ерекшелікке ие. Ол жөнінде сипаттап баяндаудың нәтижесінде ғана түсінік қалыптастыруға болады [6, 222 б.].

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап XXI ғасырдың бас кезіндегі тәуелсіз Қазастанның қалыптасуы мен дамуын қарастыруда тарихи зерттеулерде қолданысқа ие анализ бен синтез, ретроспективалық, салыстырмалы-тарихи және сипаттап баяндау әдістері ұсынылған методологиялық ұстаным мен принципті және тұжырымдарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мәселеге қатысты жаңа қорытындылар жасауға өзіндік ықпалын тигізеді деп санауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. – Алматы: Казахстан, 1996. – 624 с.

2 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.

3 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 294 б.

4 Тұяқов Б.О. Қазақстанның Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрағалығы: маңызы мен жетістіктері // Қазақстан тәуелсіздік жолында: жетістіктері мен даму бағыттары: Ақмола облыстық ғыл.-практ. конф. еңбектері. – Астана, 2010. – 320 б.

5 Баймагамбетов С.З. Современная социально-культурная политика Республики Казахстан. – Астана: Елорда, 2001. – 304 с.

6 Капаева А. Культура и политика. – Алматы: Атамұра, 2004. – 328 с.

11 Әбжанов Х.

НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ТАРИХИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Каргашева Гулжан Даутовна
И.Панфилов атындағы №39 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі,
Тараз қаласы
Төкебаев Ердос Рахымжанұлы
Ш.Смаханұлы атындағы негізгі мектептің тарих пәнінің мұғалімі, Талас ауданы,
Жамбыл облысы

Тарихи сананы қалыптастыруда тарих сахнасында орын алған белгілі оқиғалардың субъектісі болған, XX ғасыр басындағы оқиғаларға тікелей қатысушы болған мемлекет және қоғам қайраткерлері жайында зерттеулер тұлғатануда ерекше орнын алады.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында большевиктік билік құрылымдарына тартылған қазақ зиялылары қазан төңкерісіне дейін ұлт-азаттық қозғалысқа араласып, саяси дайындық жолынан өтті. Түркістан өлкесінде билік құрылымдарында басшылық қызмет атқарған Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Н. Төреқұлов, С. Асфендиаровтар реформатор тұлғаларға айналды. Олардың саясат, білім және мәдениет салаларындағы қарымды қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда өзінің өзектілігін айқындай түседі.Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне және ұлт зиялыларының ғылыми-педагогикалық мұрасына назар аударудың маңызы зор. Өйткені, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының тікелей басқаруымен ұлттық мәдени-рухани дамудың бағдарлары айқындалып, саяси және мәдени құндылықтар қалыптасып, ұлттық өркендеу бағдарлары белгіленді.

Қазақ зиялыларының Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің жоғары сатысына көтерілуі объективті және субъективті факторларға байланысты өрбіді. Түркістандағы этнос аралық және конфессиялық турғыда қазақ этносының арасынан Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендиаров, Н.Төреқұлов сынды Мәскеуде білім алған еуропалық үлгіде, осындай тұлғалардың саясатқа келуіне қаншама факторлардың ықпал етуінен болды.

Отандық тұлғатануда кеңестік үлгідегі қайраткерлерді зерттеу бағытының дамуына кең ғылыми және саяси мүмкіндіктерге жол ашылды. Қазіргі кезде мемлекеттік дамудың бағдарына алынған рухани жаңғыру үдерісі тарихи жадымызды жаңғыртумен тікелей байланысты. Өтпелі тарихи кезеңдердегі қоғам өміріндегі өзгерістер билік басындағы жеке тұлғалардың қызметімен тығыз байланыста қаралатындығы белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, ұлт зиялылары тұтас тарихының аса жауапты да шешуші кезеңінде саяси билікпен бірге саяси жауапкершілікті өз мойнына алды. Үлкен жауапкершілікпен мемлекет құруға араласып, осы мақсат үшін тер төгіп күресіп келді. Міне, осылай бұл тарихи мақсат тәуелсіздікке жеткеннен кейін өмірлік шындыққа айналды.

Тәуелсіздік жағдайында қоғамдық ойдың құрылымындағы түбірлі өзгерістер көп мәселелерге жаңаша қарауды талап етеді. Осыған байланысты «Постмодерн жағдайында кәсіптік тарихнама мен бұқаралық тарихи сананың өзара ықпалдастық сипатына ой жүгірткенде мынаған баса назар аудару керек; біріншіден, өткен мәдени кезеңнің ерекшелігіне, екіншіден, жаңа жағдайдағы кәсіптік тарихнаманың өзекті міндеттеріне» [1], – деген мәселелер отандық тарихшылар үшін де жат емес деп білеміз. Әрине, бұл аталған факторлардың өзара ықпалдастығын жоққа шығару қиын. Содан да посткеңестік кезеңдегі Қазақстан үшін ерекше қызығушылық туғызған тарих ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі – халықтың тарихи өмірін зерттеу, нақтырақ айтқанда ұлттық сәйкестікті қалыптастыру. Бұл міндеттердің де іске асырылуының өзіндік қиындықтары бар.

Соңғы жылдары Отан тарихында батыл концептуалдық зерттеулер жасалынуда. Соның арқасында жекелеген субъективті, кәсіби ұсыныстармен бірге жалпыадамзаттық құндылықтарға сай ғылыми мектептер қалыптасуда.

Н. Төреқұловтың қоғамдық-саяси қызметі жайлы былай деуге болады. 1922-1928 жылдар арасында Сауд Арабиясына дипломатиялық қызметке ауысқанға дейін Мәскеуде Шығыс халықтарының Орталық баспасында 6 жыл қызмет атқарған еді. Жаңа түркі әліпбиін құрастыру жөніндегі арнайы комиссияның пленумдарында жасаған баяндамалары, латын әліпбиіне көшуге байланысты пікірталастардағы жарыссөздері мен жазылған мақалалары, бірінші жағынан жан-жақты қоғамдық-саяси қызметін танытса, екінші жағынан, түрік халықтарының мәдени бірлестігін нығайту жолында бірыңғай әліпби жасаудағы ғылыми шығармашылығын танытқан болатын [2]. Біздің қазір кешіп жатқан жаһандану үдерісіне түрік ұлттарының мәдени өміріндегі араб, латын және кириллица түріндегі үш әліпбиді қолданғаннан пайда болған қиындықтар Н. Төреқұловтың жұртшылыққа ұсынған идеясының дұрыстығын дәлелдейді.

Қазақстандағы әліпби мәселесінің жалпы ахуалын 1927 жылдың 24 сәуірінде Мәскеудегі қазақ студенттерінің жиналысында Н. Төреқұлов: «... қазақ жұртшылығы екі лагерге бөлінді. Бір жағында жаңа қазақ алфавиті жалпы мұсылмандық мәдениеттен және жалпы мұсылмандық дәстүрден бөлуді көздейді деген пікірдегі ескі кері тартпа интеллигенция. Олар өздерінің осы мәселеге жаулық әрекетін халықты ағарту қамын ойлағансыған әрекетімен бүркемелегісі келеді. Екінші жағында біз, жаңа алфавиттің тәжірибелік және принциптік жағын салмақтай келген көп санды жаңа интеллигенция тобы, ауыл мұғалімдері және оқушы жастар» [3, 204 б.], – дей келіп, әлем халықтарының басым көпшілігі осы әліпбиді қолданады.

Қазіргі кезде отандық тарихи тұлғатану бағытында кеңестік биліктің жоғары эшелонында саяси қызметтің жоғары сатысына көтерілген ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси тарихын зерттеуге және олардың саяси, азаматтық өнегесін рухани жаңғыру аясында насихаттауға кең ғылыми мүмкіндіктерге жол ашылды. Мемлекеттік бағдарға алынған рухани жаңғыру үдерісі тарихи сананы жаңғыртумен тікелей байланысты. Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Асфендиаров, Н. Төреқұлов сияқты тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының мәскеулік кезеңінің тарихын Отан тарихының құрамды бөлігі ретінде қарастыру арқылы олардың елжанды, мемлекетшіл өнегесі елдің игілігіне айналып, тарихи жадынан берік орын алуы тиіс деген қорытындыға келдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Коллигвуд Р. Дж. Идея истории. Автобиография / пер. Ю.А. Асеева. – М.: Наука, 1980. – 488 с.

2 Нәзір Төреқұлов: архивтік құжаттар мен материалдар жинағы. Назир Турекулов //Сборник архивных документов и материалов / құраст.: Тұрсұн Х.М., Батырбекқызы Г. – Шымкент: АЗИАТ, 2017. – 204 б.

3 Кокебаева Г.К., Жакупова Г.Т. Методика преподавания истории:учебно-метод. пособие. – Алматы, 2015. –160

XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD

Әбилда Дамир Жанкелдіұлы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Бүгінгі таңдағы отандық ғылымның қай саласы болмасын жаңару, жаңғыру барысында өткенін саралай отырып, ұлттық мүддеге орайлас тың ізденістерге бет бұруда. Бұл үрдіс ұлттық идеологияның басты күре тамырын құрайтын қазақ тарихына да тән. Негізінде, тарих ғылымының басты мақсаты – қазақ мемлекеттігін саяси және рухани тұрғыдан нығайту, оның ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, адамзат өркениетімен ұштастыру болып табылады. Ал осы бағыттағы ізденіс өзегі – ғылым саласын тәуелсіздік талабына сай дамыту десек, оның өткенін жүйелі қарастыру мен саралау қажеттігі де ерекше маңыз алып отыр. Әсіресе, XX ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық тарих ғылымының бел-белестерін қарастыру – кеңестік идеологияның ұлтсыздандыру саясатымен қайшылыққа бетпе бет келген қазақ руханиятының тұтас болмыс бітімін тануға мүмкіндік берді. Жалған интернационалистік қағидалармен қаруланған тоталитарлық жүйе өз саясатын жүргізуге лайықты, оны қолдап қолпаштайтын жасанды идеологияның қызметіне сүйеніп, ұлттардың қосылуы, тілдердің бірігуі сияқты міндеттерді алдына қойды. Ол аз уақыт аралығында одақтағы жалғыз халық – кеңес халқын жасауға, соның негізінде ұлттық ерекшеліктерді жоюға бағытталғаны анық. Кеңестер заманында қазақ халқының ұлттық бет бейнесі, жан дүниесі, психологиясы өзгертіліп, алғашқы рухани байлығы мен болмысынан ажыратыла бастады. Қазақ халқының дүниетанымына жат пиғылға толы «жаңалықтар» енгізіліп, рухани өміріне зиянын келтірді. Ұлттың табиғи болмысын еріксіз өзгертетін, оны біртіндеп білдіртпей тоздыратын әккі саясаттың күшімен халық санасына улы сына қағылды. Қазақ ұлтының тұтастығына дәнекер болып келген тіл мен дінге шабуыл жасалды. Ғасырлар бойы өмірлеріне рухани азық етіп келген мұсылмандарды дінінен аластату мақсатымен кеңес үкіметі «Құдайсыздар қоғамын» құрып бұрын-соңды тарихта болмаған қиянатқа барды. Осыдан келіп, ұлт мүддесін көтеріп, өз еңбектерінде тіл мәселесін, мәдениет, тарих, әдебиет және т.б. ұлттық ерекшеліктерді айқындайтын факторларды жалау етіп ұлттық шығармашылық интеллигенция өкілдері шықты. Сол заманда мұндай мәселені көтеру өте қиын әрі қауіпті екені белгілі.

Шығармашылық интеллигенцияның қазақ қоғамындағы атқарған рөлі, көтерген жүгі әрдайым салмақты болды. Ұлт тағдыры көп жағдайда олардың іс-әрекетімен байланысты еді. Ұлттық мәдениетті жасаушы – ең алдымен шығармашылық интеллигенция екенін ескерсек, олардың қоғамда алатын орны өзінен өзі айқындалды. Рухани мәдениетті өз бойында сақтаушы да, оның насихаттаушысы да, кейінгі ұрпаққа асыл мұра етіп жеткізушілер де шығармашылық интеллигенция өкілдері болды.

Кеңестік дәуірдің саяси-әлеуметтік қайшылықтарға толы XX ғасырдағы 60-шы жылдардың ортасы мен 80-жылдардың алғашқы жартысын қоғамтанушы, тарихшы ғалымдар тоқырау кезеңі деп атайды. Тоқырау – әміршіл-әкімшіл басқару жүйесіне негізделген қоғамдағы саяси билік пен әлеуметтік-экономикалық бағдарындағы дағдарысынан да байқала бастады. Кемелденген социализм құру жолында ұстанған саяси бағыт бұлыңғырлығы да қоғамдық санада көмескілене түсті. Әсіресе, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» ұстанымды басты орынға қойған идеология зардабына қазақ руханияты аяусыз ұшырады. Мәселен,1960-1980 жылдары республикада қазақ тілінде білім беретін бес жүзге жуық мектеп жабылды. 205 ауданның тек жиырма үшінде ғана іс қағаздары қазақ тілінде

жүргізілді [1]. Ана тілінің мүшкіл халі қазақ мәдениетінің, әдебиетінің өрісін барынша тарылтып, ол ғылым салаларының әдіснамалық негіздерінің ұлттық сипатына кереғар ықпал етті. Осы сипаттағы кеңестік жүйенің мақсатты саясатымен текетіресте ұлт рухының айбары, айбыны болған қазақ білімі, ғылымы, тарихы, әдебиеті күштеп танылған маркстік-лениндік әдіснаманы еріксіз басшылыққа алғанымен тарих талқысының кезекті тезіне түсіп, ұлттық болмысты сақтап қалудағы міндетін атқаруға тырысып бақты.

Тоқырау жылдарындағы кеңестік саяси жүйедегі дағдарыс және де әлеуметтік өмірдің барлық саласын дерлік шарпыған қайшылықтар қоғамда күрделі өзгерістердің жетілгенін айқындады. «70-80 жылдар ішінде біздің бір кезде сенген коммунистік мұраттарымыз әлсіреп, қоғамды жеке бастың мүддесін ойлаушылық, қызмет бабын пайдалану фактілері, тоғышарлық, мінез-құлықтың ұсақтығы кеулеп бара жатты. Бұл басшылықтан бастап, ел билеу жүйесінің төменгі сатысына дейінгі қауымды түгел қамтыды» [2]. «Қоғамымызда тоқыраудың берік орын тебе түсуі салдарынан алпысыншы жылдардағы әлеуметтік батылдық әуелі жасқаншақтыққа, кейін рухани көлгірлікке ұштасты» [3].

1964 жылдың аяғында билік басына Л.Н. Брежневтің келуімен жекелеген адамдардың антисоветтік қызметі жандана бастады. Бұрын антисоветтік қызмет жасырын және құпия түрде болса, енді бірте-бірте жария бола бастады. Одақтың орталығының мәдени элитасының заңды қарсы пікір білдіруі ондаған жылдардан кейін бірінші рет қайта жанданды. Олар бүкіл елдегі жастар мен интеллигенцияға рухани жағынан қатты әсер етті. Қазақстанда зиялы қауымның «Жылымық» кезіндегі белсенділігі ең бастысы ұлттық-рухани мұраға және ұлттық мәдениетті жандандыру мәселелеріне қатысты болатын. 60-шы жылдардың ортасында және 80-шы жылдардың бірінші жартысында зиялы қауымнан құралатын оппозициялық топтың белгілі бір белсенділігі байқалды. Ол - өз кезегінде Орталықтағы зиялы қауымнан құралатын оппозициялық топтан бастау алатын көрініс еді.

Алайда, 1960 жылдардың ортасынан бастап бір жағынан қазақ халқының өзіндік мол табиғи өсімі, ал екінші жағынан орыстардың және басқа келімсектердің өз жеріне қайта бастауы, бұрынғы күшпен жасалған ара қатынасты біртіндеп өзгерте бастады.

XX ғасырдың 70-80-жылдары партияның жоғары эшелондарында сөз бен істің бірлігіне шақырған үндеулер барған сайын күштірек естіле бастады. Мұның өзі барып тұрған екіжүзділік үндеу еді. Өйткені оны басшы органдарында отырғандардың орындауы міндетті болмады. Талап тек қана республиканың төменгі буындағы коммунистерге бағытталды. Ішкі партиялық жұмыстарды жақсарту мен жетілдіру жөніндегі көптеген қаулылар көзбояушылық сипат алды. Сондықтан Қазақстандағы төменгі партия органдарының қызметі де барған сайын жасандылыққа бой ұрды. Жергілікті партия басшыларынан қатып қалған жаттандылық және дүмшелік пен цифрлардан, алуан түрлі есеп құрастырудан басқа ешнәрсе талап етілмеді. Партия беделі тез құлдырай түсті. Оның үстіне бұл кезде партиялық-мемлекеттік, әскери, шаруашылық номенклатурасына берілген артықшылықтар әлеуметтік теңсіздіктің арнаулы түрін туғызды. Бюрократия артықшылықтарды бөлуде шендік принципті қатаң сақтады. Олардың көлемі қызмет орнының дәрежесімен белгіленді.

Сонымен қатар қазақ халқының шығу тегін, ұлттық болмысының тарихи-географиялық сипатын, этникалық геногеографиясын, көшпенділер эстетикасын даралайтын синкретті мәдениеті терең зерделенген М. Ақынжановтың «Қазақ халқының шығуы және қалыптасуы» (1971), С. Ақатаевтың «Культ предков у казахов и его этногенетические и историко-культурные истоки» (кандидаттық диссертация) (1973), С. Мұқановтың «Халық мұрасы» (1974), О. Сүлейменовтың «АЗиЯ» (1975), О. Смағұловтың «Этническая геногеография» (1977), А. Сейдімбековтың «Күңгір-күңгір күмбездер. Сұлулық туралы сырлар» (1981) атты құнды еңбектері жарық көрді. Осы сипаттағы ғылыми мақсатты айқын әрі ұлттың тарихи санасына қозғау салар құнды зерттеулер мен танымдық маңызы зор еңбектер идеологиялық цензура тарапынан қысымға алынып отырды. Мысалы, С. Мұқановтың кітабы цензура сүзгісінен өту барысында көптеген қысқартуларға ұшыраса,

Ә. Қоңыратбаевтың қазақ фольклорынан орта мектепке арналған оқулығы (1968), А. Машановтың «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» (1973) еңбектері шығарылмай тасталды. Ұлт тарихының тереңіне тамыр тартатын О. Сүлейменов, О. Смағұлов кітаптарына идеологиялық тыйым салынды. Атап айтқанда, «Үңіле оқысақ... («Игорь полкы туралы жырдағы» түркі тіл нұсқалары)» мақаласымен [4] орыс халқының атақты жырындағы түркі тілі нұсқаларына барлау жасап, кейіннен түркітануды әлемдік лингвистиканың күретамырымен байланыстыра зерттеу, мәдениеттер тоғысуын көне тілдік дәнекерлер негізінде жаңаша көзқарас орнықтыруда маңызы зор.

Атап айқанда, А. Сейдімбековтың «Күңгір-күңгір күмбездер. Сұлулық туралы сырлар» [5] атты ғылыми-танымдық зерттеуінде байырғы қазақ мәдениеті мен синкретті өнерінің (сөз өнері, қол өнері, ән-күй өнері) көшпелілер эстетикасымен тамырласып жатқан табиғаты тарихи, археологиялық және этнографиялық құнды деректер негізінде қарастырған.

Әміршіл-әкімшіл жүйе қазақтардың әйгілі ұлт жазушыларының шығармаларын қызыға оқитынына күдікпен, яғни қызғанышпен қарады. Мысалы, XX ғасырдың 80-жылдары Ә. Әлімжанов, І. Есенберлин, Ә. Нұрпеисов және т.б. ақын-жазушылардың көптеген шығармаларында «тарихи шындық бұрмаланып, көшпелі өмір салты және реакциялық ұлттық құндылықтар асыра дәріптеліп», жергілікті ұлт оқырмандарының арасында үлкен сұранысқа ие болғандығын мойындады.

Өмірге Ж. Нәжімеденов пен Ш. Қалдаяқовтың, кейін мемлекеттік әнұранға айналған «Менің Қазақстаным» әні, Ж. Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы, І. Есенберлин мен Ә. Кекілбаевтың романдары және тағы басқа да шығармалар келді. Олар ұлттық патриотизм, ұлттық рухты, ұлттық идеяны ел санасына сіңірді. Ал ұлттық идеяның әдеби туындыларда және өнерде көрініс табуы, ұлт санасына терең ұялауы - Желтоқсан көтерілісіне рухани дайындық болды.

Қазақ халқының рухани-интеллектуалдық элитасы ұлт мүддесін қорғауда табандылық танытты. Ұлттық идеяға адал қазақ шығармашылық зиялы қауымы кеңестік империялық жүйе тұсында да халықтың мәдениетін және дәстүрін сақтауға күш-қайратын жұмсап, өзінің ізгілікке толы әрекетімен ұлттық сана-сезімді өрге сүйреді.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі Отан тарихын қайта ой елегінен өткізіп, өткен тарихтың ақтаңдақтарын ашуға мүмкіндік берді. Бұл әсіресе ұлттың көмескілене бастаған тіліне, дүмшелене бастаған діліне, әлсіреген дініне, сөне бастаған рухына жан берді.

Кеңестік Қазақстанда XX ғасырдың II жартысындағы болған қоғамдық-саяси үдерістер шығармашылық интеллигенцияның қызметі мен ұлттық мәдениетке әсерін тигізбей қоймады. Кеңестік қатаң идеологиялық саясат қоғамның рухани саласында үлкен бетбұрыстар жасауға арнайы нұсқаулар мен қаулылар қабылдады. Жүйенің шығармашылық интеллигенция мен қазақ мәдениетіне қатысты түсінігі сол жылдардағы газет-журналдардың беттерінен айқын көрінді. Партиялық-мемлекеттік жүйенің қатаң өктемдігі жағдайларында жұмыс істегендігіне қарамастан, шығармашылық интеллигенция мен оның еңбектері республика мәдениетінің жалпы дамуына қомақты үлес қосты.

Ұлттық мәдениеттің идеологиялануы, өнер туындыларын саясаттанған өнер шығармаларына айналдырып, оның тартымдылық мәнін жойды, мазмұнын сапалық жағынан өзгертті.

Советтік тоталитарлық жүйенің шығармашылық интеллигенцияға қатысты империялық саясаты, ұлттық мәдениеттің мәндік мазмұндық жағын басып жаншыды.

Мәдениеттің, көркем өнердің, ғылым мен білімнің саяси-партиялық мүдделерге бағындырылуы, саясаттандырылуы, шығармашылық интеллигенция мен олардың ұжымдарының өрісін, жалпы ұлттық мәдениеттің өрісін тарылтты.

Алайда, ұлттық идеяға берік қазақтың шығармашылық интеллигенциясы советтік империялық жүйе жағдайында халықтың салт-дәстүрі мен мәдениетін сақтау үшін өзінің шығармашылығын халықтың ұлттық санасын көтеруге бағыттады. Сондықтан да

шығармашылық интеллигенцияның алдында тұрған басты міндет – қазақы рухани орта қалыптастыру болды. Осы бағытта олар өздерінің интеллектуалды әлеуетін ұтымды пайдаланды. Әдебиетте ол М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, І. Есенберлин, С. Жүнісов және т.б. болса, өнерде ол Ш.Айманов, Ә. Өмірзақова, Ә. Мәмбетов, Ә. Қастеев, Ж. Молдағалиев, М. Төлебаев және т.б. шығармашылық жұмыстары арқылы көрінді.

Мәдениет – мәдени-ағарту жұмысының аясында қалды. Идеологияландырылған мәдениет біркелкі кеңестік мәдениетті қалыптастырды. Сөйтіп ұлттық мәдениет өзінің ғасырлық мазмұнынан айырыла бастады. Солай бола тұрса да қазақтың ұлттық мәдениеті шарықтап дами бастады. Әсіресе 1960-1990 жылдары театр мен кино, музыка мен сурет өнерінде ұлттық сарындар мен нақыштардың айшықталуы жалпы тарихи заңдылықтың көрініс табуы еді. Өнер саласында қаншалықты цензура үстем болғанымен, соншалықты нағыз қазақ өнерінің бірегей туындылары осы кезеңде дүниеге келгендігін жоққа шығаруға болмайды. Нақ осы кезде Ш. Айманов, А. Қарсақбаев, Ә. Мәмбетов, Б. Римова, Ә. Өмірзақова, С. Майқанова Ф. Шәріпова, М. Төлебаев, А. Жұбанов, Ш. Қалдаяқов, Ә. Қастеев және т.б. майталман өнер қайраткерлері ұлттық өнерге айтарлықтай зор үлес қосты. Олардың барлығы да ауылдан шыққан, ауыл молдасынан сауат ашқан, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақтың өкілдері болды. Ананың сүтімен, әкенің тәрбиесімен қалыптасқан қазақи мінез ұлттық мәдениетті қалыптастырмауы мүмкін емес еді. Тағы бір айта кететін мәселе, олар кешегі табиғи дарын иелерінің көзін көрген, солардың мектебінен шыққан шәкірттер болды. Мұның өзі ұрпақтар сабақтастығының бір көрінісі екендігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. История Казахстана с древнейших времен до наших дней / под ред. А.Б. Гали, Ж.К. Касымбаева. - Алматы: Үш қиян, 2003. – 584 с.
2. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: Фолиант, 2002. – 504 б.
3. Мұртаза Ш. Қуатты орталық. Қуатты республика... // Қазақ әдебиеті. – 1989, наурыз - 17.
4. Кәкен А. Шырғалаң немесе тағы да неміс автономиясы туралы: деректі толғам. – Астана: Фолиант, 2011. – 344 б.
5. Ахметова Л. Патриотизм в ракурсе истории. – Алматы: Санат, 1996. - 223 с.

ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫ: ИДЕЯЛАР ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD
Бабай Сыдық
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

ХХ ғасыр басындағы елдік тарихымызда ұлттық мүддені негізгі мұраты есебінде биік көтерген қазақ тілінде біраз еңбектер жарық көрді. Бұл кітаптарда көрініс тапқан атамекен жерді ел игілігіне сақтау, жас ұрпаққа өз ана тілінде білім алу мүмкіндігін туғызу, дін бостандығы, баспасөз еркіндігі сияқты құндылықтар күрес бағдарламасын құруға тиіс болды. Ал бұл кітаптарда көтерілген идея, қоғам алдына тартылған қоғамдық ой, оның бағыт-бағдары, көтерілген идеяның тағдыр-талайы арнайы зерттеуге алынбады. Оның мынадай себептері бар. Қазақ тілінде жарық көрген кітаптарда айтылған идея-ұстанымдардың басым бөлігі алдымен патшалық билікке, кейіннен оның мұрагері болған

кеңестік билікке ұнамады, өйткені қазақ ұлтының жаңа жүйеде алуға тиіс статусына байланысты ұстанымына сәйкес келмеді.

XX ғасыр басында жарық көрген қазақ кітаптарының идеялық ой-пікірлерінің жас ұрпақтарды тәрбиелеуде, ұлттық мәдениетімізді қалыптастырудағы маңызы зор. Өйткені бұл мұраларда мәселен, жер, тіл, дін, оқу-ағартуға қатысты айтылған пікір-ойлар бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Сондықтан, ұлттық мүдде тұрғысынан түрлі мәселелерді көтере білген қазақ кітаптарының идеялық маңыздылығын аша отырып, тағылымдық мүмкіндіктерін негіздеп насихаттау аса қажет сияқты.

Тәуелсіздікке қол жеткен кезде өткен ғасыр басында дүниеге келген қазақ кітаптарының идеялық маңыздылығын түсіне отырып, оларда баяндалған тұжырымдарды бүгінгі ұлттық құндылықтарымызды нығайтуға бағыттасақ, бұл тарих ғылымының қазіргі қоғам алдында өзінің көп міндеттерінің бірін орындағаны болып шығады. Міне, ұлт бостандығы жолында жанкешті қызмет еткен, бірақ әлі де аты халық арасына белгісіз болып келген ұлтымыздың зиялыларының түрлі тақырыптарға қатысты жазған кітаптарын бүгінгі таңда көпшілікке танытудың маңызы зор.

Қазақ кітаптарының тарихын ең алғаш болып зерттеген ғалым Ә. Жиреншин болды. Оның еңбегінде 1800-1917 жылдар аралығында шыққан қазақ кітаптары, оның эволюциялық даму ерекшеліктері, авторлары мен жалпы кітаптың мазмұны жайында мәліметтер келтірілді. Оның кітабы екі тілде жарық көрген [1].

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін кітап тарихына қатысты журналистика, филология, тарих ғылымдарынан бірнеше диссертациялық жұмыстар қорғалып, қазақ кітаптарының даму жолдарын саралауға арналған мақалалар мен кітаптар жарық көрді.

XX ғасыр басындағы қазақ кітаптарының шығуы мен идеялық мазмұнын айқындауда «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» жинағының маңызы зор. Бұл еңбекте М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Қалтаев, Ә. Қаржауов, М. Кәшімов және т.б. қаламгерлердің жарық көрген кітаптарына талдау жасалынып, олардың еңбектерінің тарихи маңыздылығы айқындалған [2].

XIX ғасырдың соңында халық ағарту саласында айтарлықтай өзгерістердің болуы, мектептер мен медреселердің көптеп ашылуына алып келгені белгілі. Қазақстанда оқу жүйесінің өзгеруі жаңа оқулықтары мен оқу құралдарын, сөздіктерін талап етті. Патша үкіметі қазақ жастарын оқу жүйелеріне тарту арқылы өзінің сөзінен шықпайтын, айтқанын орындайтын мамандар даярлауға тырысты. Осы ретте қазақ балаларын ірі орыс қалаларында оқыту, қазақ даласында орыс түріндегі мектептер ашуды жүзеге асыруды миссионерлер жіберу арқылы қолға алуды көздеді. Діни жолда медреселерде дәріс беріп жүрген татар молдаларын қудалау, олардың шығарып жатқан діни кітаптарына тыйым салып, керісінше христиан дінін насихаттайтын кітаптарды шығаруды басты міндеттеріне санады.

Патша саясаты орыстандыру бағдарламасын жүзеге асыруда халық арасына танымал жергілікті ағартушыларды, ғалым, ақындарды пайдалануға тырысты. Олардың қызметке араласуына барлық жағдайды жасай отырып, қолдарынан шыққан еңбектерін еш кедергісіз жариялауына да мүмкіндік тудырды. Дегенмен, қазақ ішінен шен-шекпенді көздеген бірен-саран мансапқорлар болмаса, орысша оқыған қазақтар өз еліне қалтықсыз еңбек етуге тырысты [3, 113 б.].

XIX ғасырдың 70-жылдары бұратана атанған елдерді оқыту мәселесін Халық Ағарту министрлігі қолға алған болатын. Қазан семинариясы Мәскеудегі миссионерлік қоғаммен бірлесе отырып, бұратана халықтарға арнап оқулықтар мен діни-тәрбиелік бағыттағы кітаптарды шығара бастады. Семинария осы қоғаммен бірлесе 210 орыс тілінде және 12 өзге халықтардың басылымдарын көрмеге қойды. Педагогикалық көзқарас бойынша бұл басылымдардың арасынан бұратана халықтарға арналған әліппе мен орыс тілі оқулығы ерекшеленді. Бұратана халықтар оқитын орыс мектептерінде діни-өнегелік тәрбие беру мақсатында осы мазмұндағы кітаптарды шығару мәселесі де жөнге қойылды.

Патшалық Ресей үкіметі қазақ халқын отарлау мақсатында Н.Н. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.В. Катаринский, Н.П. Остроумов және т.б. миссионерлерді қазақ жеріне жібере отырып жүзеге асыруға тырысты. М. Мырзахметов көрсеткендей, бұл миссионер ғалымдар алдымен қазақ елінің рухани болымысы мен өткендегі тарихи жолын, психологиясын, мінез-құлқын, салт-сана дәстүрінің ерекшелігін, билеу жүйесін, яғни өздеріне қажет буынның ұрымтал тұстарын терең барлап, зерттей, өздерінің миссионерлік саясатының стратегиялық негіздері мен тактикалық әдістерін, мақсаттарын анықтай жүргізді.

Оқу-ағарту ісінде дін жолына көбірек көңіл бөлінген «қадымдық» (ескілік) жолдан жаңаша бағытта оқытудың қажеттігін насихаттау өріс ала бастады. Бұны Түркістанда өткен мұғалімдер семинариясының жиырма бес жылдық мерекесінде жасаған баяндамасында Н.П. Остроумов айқын дәлелдеп берген еді. Ол: «Русско-государственные задачи - способствовать слиянию киргиз с русскими в один целый политическо-государственный организм»,- деп келтірді

ХХ басында қазақ зиялылары топтасқан Омбы қаласының баспаханасында оқу құралдары мен А. Ғұмарұлының «Жатпа, қазақ» атты кітабы басылса, ал Уфа қаласындағы татарлардың «Шарк матбуғасы», «Каримов и К°», «Тұрмыш» сияқты баспаханаларынан оқу-ағару саласына қажетті кітаптар шығарылған.

Қазақ тілінде ағартушылық бағыттағы алғашқы оқулықтар жөнінде жазған Г. Смағұлова 1905-1907 жылғы революциядан кейін саяси өрлеу кезеңінен «әдеби тасқын» туындағандығын, педагогтық тақырыптар жазатын жазушылардың қатарының көбейгендігін айта келе, олардың қатарынан Мақаш Қалтаев, Тайыр Жомарбаев, Байбатыр Ержанұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Байбатыр Ержанұлы, Закария Ерғалиұлы, Әкрам Ғалымов сияқты авторларды атайды.

Мектептерге арнап Мақаш Қалтаевтың «Насихат Қазақия», «Бар уақиға», «Тура жол», Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға жеміс», Байбатыр Ержанұлының «Оқуға махаббат», Закария Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Сарыарқаның кімдігі екендігі», «Хал ахуал», А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым», Әкрам Ғалымовтың «Жастық жемістері», Кенжеғали Абдоллаұлының Сырғалиннің «Қазақтың қамы», «Қазақ балаларына жәрдем» сияқты және тағы басқа кітаптар жарық көрген. Осы кітаптардың көпшілігі діни мазмұнда болғанымен де тәрбиелік маңызы зор болды. Мәселен, Мақаш Қалтаевтың 1912 жылы «Тура жол» деп аталатын кітабының мазмұны діни сарындас болғанымен де баланы жасынан оқуға тарту қажеттігі жөнінде педагогикалық пікір айтылған еді. Ал Байбатыр Ержанұлының «Оқуға махаббат» кітабы да баланы оқуға талаптандыру, білімге деген сүйіспеншілігін молайту қажеттігіне үндеді.

Алғашқы сауат ашуға арналған әліппе оқу құралы дыбыстық жүйеге негізделмей, әр сөзді ежелеп, жазылу түріне байланыстыра оқыту негізінде жасалынды. Оқытудың аса тиімді жолын іздестіру барысында сөз арқылы емес, сурет пайдалана, балаларды көрген заттарымен байланыстыра сөйлем құрастыру негізінде жаттықтыру жүйесі қалыптасты.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін ХХ ғасыр басында жарық көрген қазақ кітаптарының идеялық тарихы Қазақстан тарихнамасында әлі де болса толық зерттелмеген және өзінің нақты бағасын ала қоймаған. Бұған кеңестік идеология қысымы нақты негіз болған еді.

Өткен ғасыр басындағы қазақ кітаптарының идеялық маңыздылығын, олардың қоғамындағы рухани және мәдени үдерістерге берер тағылымы мен құндылығын саралай талдауға алу аса маңызды. Себебі, бүгінгі таңдағы рухани және мәдени болмысымызды қалыптастыруда өткен рухани-мәдени құндылықтарымызды бағалай отырып, бүгінгі құндылықтарды ұштастыра, дәстүрлі түрде жалғастыра дамытуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 180 б.

2 Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихынан (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). – Алматы: Санат, 1999. – 192 б.

3 Касымов Е.Д Казахская книга Поволжья и Приуралья до 1917 года. Автореф.... канд. ист. наук. – Алматы, 1999. – 30 с.

ҚАЗАҚ - ҚЫРҒЫЗ САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ)

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD
Исаматдинов Сагитжан Бауыржанович
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Кез келген мемлекеттің негізгі тірегі және басты байлығы сол елді құраған халқы болып табылады. Ал сол халықтың алға қарай адымдап дамуында тарих ғылымының алар орны ерекше. Себебі, тарих халықтың өзін-өзі тануына жәрдемдесіп, ұлттық намыс, ел бірлігі және мемлекеттік мүдде деген ұғымдарды қастерлеуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға үйретеді. Ұлттың шынайы тарихы ұлттық идеологияның қалыптасуының да негізгі қайнар көзін құрайды. Сондықтан тарихи білім беруге үздіксіз көңіл бөлінуі қажет.

Қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі жұртын тарихи тамырсыз етіп көрсетуге тырысқан кеңестік тарихнама төл тарихымыздан көз жазып қалуға соқтырды. Қазақстанның тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі халқымыздың ұлттық сана-сезімін оятып, өткен дәуірлердегі бабаларымыздың еліміздің тарихында алар орнын, алыс-жақын елдермен қарым-қатынаста ұстанған саяси ұстанымдарын білуге деген ерекше талпынысты тудырды.

Кеңестік дәуірде қазақ, қырғыз тарихшыларына жаңа бағыт-бағдар берген, ұлт-азаттық көтеріліс тарихын жазудың жаңа үлгісін көрсеткен Е. Бекмаханов [1] болды. Зерттеуші Кенесары ханның қырғызға жорығын хан тарапынан жіберілген қателік болды деп бағалағанымен, мәселенің әлі де болса басы ашық қалғанын: «Кенесарының Қырғызстандағы істерінің аз зерттелінгені сонша, ондағы оқиға барысын толық қалпына келтіру қиын», – деп ескерту арқылы аңғартты [2, 333-334-бб.]. Ғалым өз жұмысының кемшін тұсын: «Менің жұмысымның қырғыздарға қатысты нашар тұсы сол, мен Ұлы жүз қазақтарының қырғыздармен қарым-қатынасын жеткілікті айқындай алмадым», – деп көрсеткен еді [2, с. 158]. Арада қанша жыл өткеніне қарамастан, тақырыптың әлі күнге арнайы зерттеу обьектісіне айналмауына байланысты, мәселе ашық қалып келеді.

Тарихшы Е. Бекмаханов өз зерттеу жұмысының обьективті болуы үшін мұрағаттық деректермен қоса тарихи мәліметтері мол еңбектерді де мүмкіндігінше ұтымды пайдалана білгенін айта кету керек. Әсіресе, 1937 жылы халық жауы деп ұсталып, 1938 жылы атылып кеткен қырғыз тарихшысы Белек Солтоноев еңбегінің қолжазбасын тиым салынғанына қарамастан және қорықпастан пайдалануы қазақ тарихшысының көзсіз батылдығын, әрі қырғыз тарихшысының еңбегін оң бағалап, кейінгі зерттеушілерге аманаттап кеткен ғылымға деген адалдығын аңғартады.

1937 жылғы қазақ, қырғыз зиялыларына қарсы қуғын-сүргін, 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихын» орыстарға қарсы жазылған зиянды кітап деп айыптау, 1947 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және Әдебиет институтының өрескел саяси қателері туралы» қаулысынан кейін басталған ұлт зиялыларын, оқымыстыларын «ұлтшылдар» деп қуғындау науқаны, 1950 жылы қазақстандық бір топ тарихшының «Правда» газетіндегі Е. Бекмахановты «ұлтшыл» деп

айыптаған мақаласы, көп ұзамай тарихшы Е. Бекмахановтың қуғындалуы сияқты оқиғалар қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерін Қазан төңкерісіне дейінгі тарих пен әдебиетті мүлдем жазбауға, я болмаса, партиялық принцип тұрғысынан бұрмалап жазуға мәжбүрледі.

Тәуелсіздік жылдары ұлт-азаттық көтеріліс мәселесі де жаңа қырынан зерттеліп, қазақ, қырғыз батырларының, билері мен төре, манаптарының саяси келбеті, қоғамдық-саяси қызметі туралы зерттеулер жариялана бастады. Қазақтар мен қырғыздардың халықаралық байланыстары мәселесі де екі елде арнайы зерттеу обьектісіне айналды. Қазақ тарихшылары арасында С. Мадуановтың еңбегінде қазақ-қырғыз қарым-қатынасының саяси, мәдени-экономикалық астарларына көңіл бөлінеді. Бұл еңбекте қазақтардың Орталық Азиядағы қырғыздардан басқа бірнеше халықпен қарым-қатынасы қарастырылғандықтан, қазақ-қырғыз саяси байланыстары толық шешімін таба алмаған. Дегенмен де С. Мадуанов Қазақстан тарихында Орталық Азия халықтарының өзара қарым-қатынасын зерттеген және зерттеудің қажеттілігін көрсеткен алғашқы ізашар тарихшы ретінде өз орнын алады.

XX ғасырдың 90 жылдарының ортасынан бастап қазақ, қырғыздың ортақ тарихының мәселелерін ашатын зерттеулер жарыққа шықты. Соның бірі Абылай хан тұсындағы қазақ-қырғыз саяси байланыстарын мұрағаттық деректер негізінде қараған Д. Сапаралиевтің ғылыми монографиясы болды [3]. Зерттеуші Абылай хан дәуіріндегі қырғыз, қазақ саяси байланыстарының қайшылықты дамуына Қытай, Ресей секілді империялардың да ықпалы болғанын дұрыс көрсете білді.

Қырғызстанның солтүстігін алып жатқан қырғыздардың сыртқы саяси келісімдерін қырғыз ғалымы А.К. Койчиев XIX ғасырда араб әрпімен жазылған құжаттық деректер негізінде зерттеп шықты. А.К. Койчиев қырғыз билерінің орыс ықпалына өтуінде қазақ сұлтандарының өзіндік орны болды деп пайымдайды.

Мұрағаттық құжаттар мен фольклорлық деректер мәліметтерін салыстыра отырып, қазақтар мен қырғыздардың 1916 жылғы көтеріліске бірлесіп шыққанына көпшілік назарын алғашқылардың бірі болып аударта білген белгілі қаламгер С. Тәнекеев болды. Ол Қарқара-Албан көтерілісінің қыр-сырына тоқтала келе, көтеріліс барысындағы екі халықтың саяси байланысы мәселенің өзектілігі жөнінде: «Көтеріліс кезінде қырғыз халқы мен қазақтардың «бір жеңнен қол шығарып, бір ауыздан сөз шығарып» қосыла қимылдағаны жөніндегі деректер әлі күнге дейін ат үстілеу сөз болып, терең зерттелусіз жатыр. Қырғыздар мен қазақтардың көтерілісін біртұтас құбылыс ретінде баяндайтын деректі ғылыми зерттеу – жеке кітап керек-ақ.

Орталық Азиядағы тәуелсіздік алған республикаларда XX ғасыр басындағы жадидтік қозғалыс, жалпымұсылмандық қозғалысқа қазақ, қырғыз, өзбектердің тартылуы, Алаш қозғалысы да обьективті тұрғыдан зерттеліне бастады. Қазақ ғалымы К. Нұрпейісовтің еңбегінде 1917 жылғы қазақ, қырғыз съездері, олардың шешімдері, қазақ, қырғыз зиялыларының Алаш қозғалысына тартылуы сияқты мәселелер көтерілді. Алаш қозғалысын арнайы зерттеген М. Қойгелдиев алғаш рет қазақ, қырғыз зиялыларының бірлескен қоғамдық-саяси қызметіне көпшілік көңілін аударды.

Қырғыз зерттеушілері мәселеге өз мемлекетінің мүддесі тұрғысынан қарайтындықтары заңды. Дегенмен, кейбір С. Аттокуров сияқты қырғызстандық әріптестердің Абылай ханның қырғызға жорығын біржақты қарастырып, Абылай хан Шыңғыс ұрпағы болғандықтан қырғызға жау болды деген ғылыми негізсіз пікірімен келісу қиын [4].

Қазақ диаспорасының тарихи тағдырын арнайы зерттеген ғалым Г.М. Меңдіқұлова қазақтар мен қырғыздардың Жақыпбек Бадаулет мемлекетінде, Қытай қол астында қалай қалғанын баяндай келе, 1916 жылы 300 мыңға жуық қазақ пен қырғыздың Қытайға өткенін хабарлайды.

Аталған ғалымдар қазақ, қырғыз диаспорасының пайда болуы мәселесінің саяси астарларын толық ашып бермесе де, бұл мәселенің әлі де өз зерттеушілерін күтіп жатқанына көпшілік назарын аудартқанын айта өткен жөн.

Қырғыздың белгілі тарихшысы Д.Б. Сапаралиевтің XVIII ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейінгі қырғыздардың этносаяси тарихы мәселелерін көрші елдермен, соның ішінде қазақтармен байланыста қарастырған монографиясында бұрындары біржақты қарастырылған мәселелерге жаңа көзқарастар қалыптастыруға ұмтылушылық байқалады. Зерттеушінің Қоқан хандығына, қоқандықтар дәуіріндегі бекіністердің иелеріне, қыпшақ субэтносына деген тың пікірі ғылыми салмақтылығымен ерекшеленеді.

Қытай мемлекеті Жоңғар хандығы иеленген және басып алған жердің бәрін, соның ішінде қазақ, қырғыз жерінің басым бөлігін өз иелігі деп санаса, Қоқан хандығы Ұлы жүз қазақтарымен қоса Орта жүз қазақтарының жерін де өздеріне қарайды деген ойда болған.

Патшалық Ресей де Жетісудағы қазақтар мен қырғыз жерін өз боданы етуге талпынды.

XVIII ғасырдың екінші жартысына қарай қазақ-қырғыз байланыстары қайшылықты сипат ала бастады. Бір кездері жоңғар басқыншыларынан өздері бірлесе азат еткен жерлерде аралас-құралас қонған екі халықтың арасында жайылым үшін жиі шабуылдар орын алды. Абылай хан қырғыздарға қарсы шабуылға шығуға қарсылық білдіріп, даулы мәселерді бейбіт жолмен шешуді жақтады. Алайда, екі халықтың арасындағы дауларды шешіп, тыныштық орнатуды сұраған Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының өтініші бойынша Абылай хан 1773 жылы және 1779 жылы қырғыздарға жорыққа шықты. 1779 жылғы қазақтар мен қырғыздар арасында болған шайқас «Жайыл қырғыны» деген атпен ел есінде қалды. Екі ел арасындағы шиеленісті оқиғалар «Абылай бітімімен» аяқталып, жайылымдардың шегі белгіленді.

Абылай хан екі елдің арасындағы бейбіт келісімді нығайта түсу үшін қырғыздың беделді кісілерінің балаларын аманатқа алып, Арқаға қоныстандырды. Арқаға қоныс тепкен қырғыздар «Жаңа қырғыздар», «Бай қырғыздар» деп аталды және уақыт өте келе олар қазақтар арасына сіңіп кетіп, Орта жүздің құрамындағы қырғыз руын құрады.

Қоқан хандығының үстемдігінің орнығуы да қазақ-қырғыз байланыстарына өзіндік ықпал жасады. Қоқандықтардың қысымына қарсылықта қазақтар мен қырғыздар бірлесе қимыл көрсетті. Қазақтар мен қырғыздар XIX ғасырдың басындағы Қоқан хандығы жаулаушылығына қарсылық көрсетті. Қазақ, қырғыз жерінде екі ел өкілдерінің қатысуымен бас көтерулер болып өтті.

Қазақтар мен қырғыздар қоқандықтар қуғынына ұшырай қалғандай жағдай болса, бір-бірінен пана іздеп, қазақтар қырғыздардың, ал қырғыздар қазақтардың арасына көшіп баруы жиі орын алды.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ-қырғыз қарым-қатынасына патшалық Ресей де ықпал етуге ұмтылды. Жетісуға келген Шубин, Вишневский экспедициялары қазақ, қырғыз билеушілерін Ресей жағына тартуға тырысты. Ондағы мақсаты халықаралық сауда жолдарындағы орыс керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бұл өңірге өз ықпалын жүргізу еді.

Қазақ-қырғыз қарым-қатынасы тарихында 1846 жылдың басында Жетісуға келген Кенесары ханның да өзіндік орны бар. Кенесары ханның орыс отаршылдығына қарсы бірлесіп күресу идеясы қырғыз билеушілері тарапынан қолдау таппады. Қырғыз билеушілері Орман, Жантай, Жаңғараш манаптар Кенесары ханның ұсынысын қазақ ханының билігін мойындау деп ұқты. Екінші шеті, қырғыздардың патшалық Ресейдің бодандығына өтіп, орыс отаршылдығының тауқыметін Орта жүз бен Кіші жүз қазақтары секілді бастан кешірмеуі де Кенесары ханмен күш біріктіріп, қазақ-қырғыз болып, тез топтасудың ретін келтіре қоймады. Өз ұсынысын өткізу үшін Кенесары хан бірнеше рет хат жолдап, қырғыздарға қазақ елшілігін жөнелтті. Қырғыз билеушілерімен бейбіт келісімдерге келе алмаған Кенесары хан мәселені күшпен шешпекші болып, 1846-1847 жылдары қырғыздарға қарсы бірнеше рет жорық жасады. Қырғыздардың Кенесары қолымен алғашқы ірі шайқастарының бірі 1846 жылдың көктемінде болып, қазақтардың жеңіліс табуымен аяқталды.

Қазақ-қырғыз қақтығыстарын болдырмау жолын іздеп, ханды райынан қайтаруға қазақ-қырғызға белгілі кісілер атсалысты. Бірақ Кенесары хан қырғыздарды өз мақсатына күштеп қосуды ұйғарды. 1846 жылдың күзінде ханның қолы қырғыздармен шайқастарда жеңіске жеткенімен, 1847 жылғы көктемдегі соңғы шайқаста қайта жеңіліске ұшырап, Кенесары бастаған көптеген қазақтар тұтқынға түсті. Кенесары мен Наурызбай орыс отарлық билік орындарының арнайы жіберген тыңшыларының кеңесімен қырғыздар қолынан қаза тапты. Алайда қазақтың ханы Кенесары отаршылдыққа қарсы күресте қазақ-қырғыз бірлігінің маңыздылығын паш етіп кетті.

Бопай Қасымқызы, Байсейіт Тойшыбекұлы, Тезек төре Нұрәліұлы, Сүйінбай ақын, Бөлтірік шешен, Байтік манап, Сыпатай би және басқалар қазақ-қырғыз қарым-қатынасын қайта бейбіт жолға түсіруге көп еңбек сіңірді.

Орыс жаулап алушылығына қарсы күресте Тойшыбек Қасаболатұлы да қырғыздардың көмегіне сүйенді. 1850 жылы Тойшыбек бекінісін қорғауда капитан К.К. Гутковский бастаған орыс отрядына қарсы Тойшыбек би бастаған қазақ, қырғыз, қоқан қолы көтеріліп, жеңіске жетті. Тойшыбек би орыс отрядына қарсы күресуге 3000-дай қырғызды көмекке шақырған.

1851 жылы Карбышевтің жазалау экспедициясынан ығысқан қазақтарға қырғыздар жәрдем беріп, жанашырлық танытты. Қырғыз билеушілері Тойшыбек би мен оның батыр ұлы Байсейіттің Үшалматы бойы үшін жүргізген күресіне барынша жәрдем берді. Соның нәтижесінде 1850-1855 жылдары Тойшыбек Қасаболатұлы бастаған қазақ, қырғыз қолы Үшалматы бойындағы орыс әскери бекіністеріне жиі шабуылдар ұйымдастырды. Орыс жағына өткен қазақ ауылдарын да қырғыз, қоқан қолымен бірігіп, жиі шабуылдар ұйымдастырды.

Қазақ, қырғыз билеушілерінің саяси ұстанымдарының өзгеруіне байланысты қазақ, қырғыз ауылдарының бірі орыстар, екіншілері қоқандықтар жағын қолдады. Соған байланысты екі ел арасындағы барымта өршігіп кетті. Орман манап қазақ, қырғызды өзара келістіріп, барымта, жылқы айдап кетуді тыямын деп Іленің сол жағалауына, Диқанбай бидің ауылына көшіп келді. Қазақ, қырғыздың өзара келісімдерінен соң, Орман манап қайта кері көшіп кетті.

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты қазақтар сияқты қырғыз руларының да өзара келіспеушіліктері мен қайшылықтарын тереңдете түсіп, қанды оқиғаларға ұластырды. Соның бірі сарыбағыш-бұғы шабысы болатын. Қазақтар осы оқиғаның барысында ара ағайындыққа түсіп, бауырлас қырғыздардың өзара шабысын тоқтатуға күш салды. Тезек төре, Сүйінбай ақын, Бөлтірік шешен сияқты қазақтың белгілі кісілері қырғыздарды өзара татулыққа шақырды.

Қазақтар мен қырғыздардың орыс үстемдігіне қарсыластықта бірлесе қимыл көрсетуіне тосқауыл қою мақсатында патша өкіметінің екі жақты бір-біріне айдап салу әрекеті нәтижелі бола қоймады.

Қазақтар мен қырғыздар қоқандықтармен бірге түркі-мұсылман әскерін құрап, 1860 жылы Ұзынағаш шайқасына қатысты. Қазақ, қырғыз жігіттерінің бірлесіп көтерілуіне қырғыздың Жантай манабы, Байзақ датқа, Сыпатай би, Батырбек датқа, Ахмет төре Кенесарыұлы және тағы басқалар мұрындық болды. Үмбетәлі Орманұлы, Осмон Тайлақұлы, Корчу батыр, Шапырашты Сұраншы батыр, Сыздық төре Кенесарыұлы, Ақмолда батыр шайқаста қол бастап шықты. Байсейіт Тойшыбекұлы осы шайқасқа Шу бойының қазақ, қырғызынан құралған қолды бастап келді. Ұзынағаш шайқасында орыс әскерлерінің қаруы басым түсіп, түркі-мұсылман әскерінің жеңілісімен аяқталды. Шайқасқа қатысқан қазақ, қырғыздар қатаң жазаланды.

Патшалық Ресейдің отарлық билік орындары қазақтар мен қырғыздардың өзара бірлесіп, ынтымақта болуына барынша кедергі жасап бақты және қазақтар мен қырғыздарды

алауыздықта ұстау арқылы басқаруды тиімді санап, екі халықтың ел қамын ойлаған бас көтерер азаматтарын қуғынға ұшыратты.

Әйтсе де 1860 жылдардан кейін де қазақтар мен қырғыздар қоқандықтар жағында орыс жаулаушылығына қарсы күрестерін тоқтатпады. Мұндай жайттар Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің жаулануына қарсы күресте айқын көрінді.

XIX ғасырдың 70-90 жылдары қазақтар мен қырғыздар азаттық жолында бірлесіп күресуді одан әрі жалғастырды. Қазақ, қырғыз ауылдары өздерінің орыс отаршылдығына қарсылығын Жетішар мемлекетіне, яғни Жақыпбек Бадаулет мемлекетіне өтіп кетуімен білдірді. Жақыпбек Бадаулет те қазақ, қырғыз билеушілеріне елшілер жіберіп, өзін қолдауға шақырды. Оның үндеуі қазақтар мен қырғыздар арасынан қолдау тапты.

Қырғыздар белсене қатысқан 1898 жылғы Әндіжан көтерілісіне қазақтар да ниеттес, тілектес болды. Әндіжан көтерілісі қазақтар мен қырғыздардың саяси байланыстарының беки түсуіне елеулі ықпалын тигізді.

XX ғасыр басында өрбіген азаттық қозғалыс барысында қазақ және қырғыз ұлттық саяси элита өкілдері арасында өзара тығыз байланыс орнады. Бұл байланыстар бірінші орыс революциясы тұсында Жетісу облысы қазақ, қырғыздарының және Әулиеата уезі қазақ, қырғыздарының отарлық билік орындарына бірлесе петиция жазуынан, сондай-ақ бүкілресейлік мұсылман сьездеріне қазақ пен қырғыздың ортақ өкілдерін жіберуінен көрінді. Екінші Мемлекеттік думаға қазақ, қырғыз атынан М. Тынышбаев депутат болып сайланды.

Қазақтар мен қырғыздар столыпиндік реакция кезінде де бірігіп, Ұзынағаш сьезін өткізіп, отаршылдық саясатты айыптап, жерді орыс қоныс аударушыларына беруді тоқтатуға күш салды. Ұзынағаш сьезін ұйымдастыруға Шабдан Жантаев, Ноғайбай Дәулетбақов, Дүр Сауранбаев, Барлыбек Сыртанов сияқты қазақ, қырғызға танымал қайраткерлер атсалысты.

Қырғыздар арасына патша өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеуімен, сынауымен ерекшеленетін М. Дулатов тың «Оян, қазағы» кеңінен таралды. Бұл шығарманы қырғыздар арасында насихаттауға қазақ, қырғыз зиялылары атсалысты.

«Айқап» журналы, «Қазақ» газеті сияқты ұлттық басылымдарда қазақтармен қатар қырғыздардың да саяси мәселелері көтерілді. Қырғыздың белгілі зиялысы И. Арабаев қазақтың А. Байтұрсынов, М. Сералин сияқты зиялыларымен тығыз байланыс орнатты.

1916 жылғы көтеріліс кезінде де қазақ-қырғыз саяси байланыстары нығая түсті. Қазақ пен қырғыздың бас көтерер беделді кісілері жиналып, көтерілістің біріккен жоспарын жасап, бір-біріне көмекке келуге, орыс әскерлерінен жеңіліп бара жатқандай жағдай болса, Қытайға өтіп кетуге уағдаласты. 1916 жылғы көтеріліс кезінде қазақ, қырғыздың бас біріктіріп, бірнеше жиындар өткізуіне Мокуш Шабданов, Самұдүн Шабданов, сондай-ақ Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәменке Мәмбетов, Самалтыр Диқанбаев, Қарынбай қажы Диқанбаев, Әли Нұрғожаұлы, Қанат Ыбыкеұлы, Дүр Сауранбаев, Белек Солтоноев, Булар Магуев сияқты қайраткерлер мұрындық болды.

1916 жылғы көтеріліс кезінде Іле, Шу бойының қазақ көтерілісшілері Қ.Ыбыкеұлы бастаған қырғыз көтерілісшілеріне қосылды. Қазақ және қырғыз көтерілісшілері Қарқарада да бірлесе қимылдады. Алайда күш тең емес еді. Қазақтар мен қырғыздар орыс отрядтарынан ығысып, Қытайға бірге жер ауды. Қытайда да тағдыр тауқыметін көп тартқан тағдырлас екі жұрттың өкілдері 1917 жылы патша өкіметі құлағаннан соң, қайта елге орала бастады.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі кезеңде қалыптасқан саяси ахуал жағдайында ұлттық мүддені бірлесе қорғау жолында қазақ-қырғыз қайраткерлері бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Осы мезгілде екі халықтың мүддесін қорғауды көздеген Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті, Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитеті, Әулиеата уездік Қазақ-қырғыз кеңесі сияқты қоғамдық негіздегі ұйымдар құрылды. Түркістан өлкесі қазақтары мен қырғыздарының съезі өткізіліп, екі халықтың өлкелік деңгейдегі ұйымын құру жөнінде шешім қабылданды. Съездің ұйғарымымен «Бірлік туы» газеті Түркістан

өлкесі қазақтары мен қырғыздарының баспасөз органы қызметін атқаратын болып белгіленді. Ишеналы Арабаев, Дүр Сауранбаев, Әбдікерім Сыдықов, Жәнек Солтоноев сияқты тағы басқа қырғыз қайраткерлері Алаш қозғалысына тартылды. Соның нәтижесінде қырғыздар арасында Алаш қозғалысының ықпалы арта түсті.

Осылайша, қазақ және қырғыз халықтары өзара ынтымақтастықтың ортақ мүддеге жетуде нәтижелі болатынын аңғара түскен-ді.

XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі аралығындағы қазақ-қырғыз саяси байланыстарын зерттеудің нәтижелері жаңа заман дәуіріндегі еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктерін ашып көрсетуде елеулі маңызға ие екенін ескере отырып, сол тарихи дәуірдегі қазақ халқының Орталық Азия мен өзге де өңірлердегі түркі халықтарымен өзара саяси байланыстарын зерттеуге көңіл бөлінуі қажет. Бұл ретте осы бағыттағы зерттеулерге жол аша түсетін құжаттар мен материалдар жинақтарын шығарудың қолға алынғаны ләзім.

Пайдаланылған деректер тізімі:

1 Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. – 369 б.

2. Нұрпейіс К. Қазақстанның жаңа тарихы // Таным таразысында. – Атырау: Атырау-Ақпарат, 2006. – 313 б.

3. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очерктері (XVIII-XIX ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1976. – 329 б.

М.Е. МАССОННЫҢ ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD
Нұрдыхан Ұшқын
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Қазақстан Республикасы егемендік алған соң рухани жаңару, мәдени мұра мен тарихи жадты қалпына келтіру мәселелері мемлекеттік деңгейде көтерілді. Қазақстан аумағындағы ерте және ортағасырлық сәулет ескерткіштеріне, тарихи және археологиялық нысандарға, олардың тарихына, құндылығына деген көпшіліктің көзқарасы өзгерді. Тарихи-мәдени және рухани мұраларымызды түгендеп, есепке алып, зерттеп дәріптеу егемендік алған соң ғана кең көлемде қолға алынып жаңа дәрежеге көтерілді. Осымен қатар сонау тоталитарлық жүйе кезінде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи-мәдени мұрасын бағалай білген, оларды зерттеп танытқан археологтар болды. Атақты Ә.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам сияқты алып ғұлама-ғалымдардан да бұрын Қазақстан мен Орта Азияның археологиялық ескерткіштерінің тарихи құндылығын бағамдай білген, кеңестер кезінде қазба жұмыстарымен алғаш айналысқан, көптеген тарихи және археологиялық жәдігерлерді тапқан, олардың алғашқы сипаттамаларын жасаған Михаил Евгеньевич Массон болды. Ол археология және тарих ғылымдарының докторы, профессор, Түркменстан Ғылым академиясының академигі еді. М.Е. Массонды зиялы қауым Орта Азия археологиясының патриархы деп атады.

М.Е. Массон көп салалы энциклопедист ғалым болды. Оның зерттеген салалары - антикалық және ортағасырлық археология, сәулет өнері, мәдениет, археологиялық тәсілдер мен аңыздар, нумизматика, эпиграфика, геология тарихы, байырғы кездегі фауна мен флора.

Ғалымның жасаған ірі археологиялық ашылымдары Орта Азия мәдениеті мен өнерінің, тарихының мақтанышына айналды. Түркменстан Ғылым академиясының академигі, профессор ғылыми кадрларды тәрбиелеуге көп үлес қосты. Қазақ археологиясының атақты мамандарының бірі – Х. Алпысбаев М.Е. Массонның шәкірті болды.

Алғашқы кездерден бастап-ақ М.Е. Массон архитектуралық ескерткіштер жайлы көп оқып, В.Л. Вяткин жүргізген экскурсиядан бар естігенін ойға тоқып жазып жүрді. Өзі кейбір жеке өрнектерді дәптеріне түсіріп, онша зерттелмеген ескерткіштерді өзі үшін өлшеп, оның схематикалық жоспарын түсіріп, жергілікті халықтан алынған мәліметтерді жинап, жазып жүрді [1, с. 11 - 12].

Қазақстанның белгілі археологтары Х.А. Алпысбаев, М.С. Мерщиев Ташкентте оқып, М.Е. Массонның қолынан дәріс алған шәкірттері болды. Шардара айналасындағы Ақтөбе 1 қалашығын қазған М.С. Мерщиев өз зерттеуінде М.Е. Массонға қазба барысында табылған теңгелерді нумизматикалық анықтауға беріп, олардың соғылған мерзімін көрсеткенін жазады. Осы қалашықтан табылған жиналмалы күміс қасық-шанышқы бетіндегі жазуды М.Е. Массон оқып, оны XI-XII ғғ. басына жатқызғанын жазады [2, с. 171]. Қорыта айтқанда, М.Е. Массон Қазақстан нумизматикасының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалым.

М.Е. Массонның Орта Азиялық бас музейінде археологиялық, одан кейін нумизматикалық бөлімін басқара отыруымен қатар шет аймақтарда орналасқан музейлердің бас кеңесшісі қызметін атқарғанын айта кеткен жөн. Өзбекстанның мемлекеттік мұрағатындағы М.Е. Массон қағаздары ішінде оның кейбір Қазақстандық музейлерге байланысты бір құжаты қызықтырды. Бұл М.Е. Массонның Шымкент пен Әулие ата қалаларына Средазкомстарис (Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитеті) тапсырысымен барған сапары жөніндегі есебі. Қазақстан мен Қырғыстанға сапары ең алдымен кеңес берумен шектелмей жергілікті музейлердің ұйымдастыру мәселелерімен тікелей айналысуға мәжбүр етті. Осындай қызметінің арқасында жергілікті шағын музей негізінде Шымкенттік облыстық музейі жұмысы қайта құрылды.

Өзбекстанның мемлекеттік орталық мұрағатындағы құжаттар сол кездегі музей ісі жөнінде де көп мағлұмат береді. Мұрағаттағы есепке оралар болсақ, онда Шымкент музейінің ашылуы және оның болашақтағы жұмысы баяндалған. 1925 жылғы Шымкент музейін ұйымдастыру мен ашылу бағытындағы жұмыс босқа кетпегенін, оның тіпті жоспарлағаннан да асып түскенін М.Е. Массон өз есебінде көрсетеді. Музейдің ашылуы 1925 ж. 5 шілдесінде тым қарапайым түрде өткенініе қарамастан алғашқы жеті күн ішінде оны көріп тамашалағандар саны 8200 адамға жеткен, яғни қала халқының 15 пайызын құраған. Осы ашылу арқылы музейге деген халықтың сенімсіздігі жойылғанын оған көмек беруге құштар демеушілердің саны күннен күнге арта түскені және жеке адамдардың түрлі заттардың сыйлауының орын алғаны елеулі көрсеткіш болып табылады. Бұл музейдің өзімен өзі қалмай халықтық сипатқа ие болғанын байқатады. Музейдің қайта құрылуымен қатар оның қасынан шағын өлкетанушылық үйірме қызметіне кірісті. Оның алғашқы отырысында М.Е. Массон баяндама жасады. М.Е. Массон музей айналасында коллекционерлер филиалы болуы тиіс деген ұсыныс айтты.

М.Е. Массон музей қызметкерлерін музейтанудың жаңа тәсілдерімен таныстырып қана қоймай оларға іс жүзінде жұмыс барысында кейбір музейлік тәсілдерді үйреткен. М.Е. Массонның көрсетуімен түгендеу мен каталогтау жұмыстары игеріліп, ол кеткен соң да іс жүзінде атқарылды. М.Е. Массонның өзі нумизматикалық бөлімшенің ғылыми каталогын жасап кетті. Алғашқы жылдың жұмысын жеңілдету үшін ол қажетті және іске асыруға болатын іс-шаралар тізімін жасады. Ол тіпті коллекцияларды орналастыру нобайын сызып беріп кеткен. М.Е. Массонның көмегімен Самарқанд және Орта Азиялық бас музейлерімен байланыс орнатылып, олардың кеңестері экспонаттар жинауға және табылған материалдарды анықтауға жәрдемін тигізетін болды. М.Е. Массонның Ташкеннен сатып

әкелінген және Орта Азия Бас музейі кітапханасынан алынған артық кітаптары Шымкент музейі кітапханасының негізін қалапты. Мұның барлығы Шымкент музейінің дұрыс бағытта дамитынының кепілі іспетті еді.

Есеп аяғында Шымкенттік музейді құруда атқарылған жұмыстарға оған қатысқандардың барлығының қанағаттанарлық сезімі барын жасырмайды. Енді, М.Е. Массонның пікірінше, Орта Азия аумағындағы басқа да аға музейлермен қатар жаңартылған Шымкент музейінің де өзіне лайықты орын алатыны ерекше атап өтіледі.

Есепке қарағанда ол Шымкенттегі жұмысын аяқтап, 28 шілде күні Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитеті және Шымкенттік саяси ағарту мекемесінің ұсыныстарына сай Әулие атадағы музей мәселесін шешу үшін аталған қалаға аттанады. Губерниялық атқару комитетінің Әулие атадағы музейді шымкенттік музеймен қосу жөніндегі шешімін әлі де Орынборда жүрген Қазақстан үкіметінің орталық органдары бекітпей қойған. Ал бұл музей жөнінде Шымкенттік губерниялық ағарту мекемесінде бар мәліметтер тым бұлынғыр болды. Музей бағдарламасының жоқтығы, үш адамнан тұратын шағын штаттың бары жөнінде сенімсіздеу хабарлар болды.

М.Е. Массонның Шымкенттің облыстық өлкетану музейіне 1971 ж. 23 мамырдағы хатында оның алғаш рет Шымкент қаласында 1907 ж. болғанын жазады.

Ал музей туралы Әулие атадағы халық ағарту бөлімі мүлдем хабарсыз болып шықты. Мекеменің инспекторы, хатшысы, басқа да қызметкерлері Әулие атада музей жоқ, болған емес деп, тек келесі 1925/1926 ж. бюджетіне осындай мекеме құру жөнінде есеп жасалғанын хабарлады. Сұрастыра келе, М.Е. Массон жартылай ресми дерек көздерден, жартылай халық ағарту бөлімінің Төңкерістен кейінгі алғашқы жылдары жұмыс жасаған қызметкерлерінен Әулие атадағы музей жөніндегі ұзынқұлақ негізсіз екенін анықтады. 1921 ж. қаңтарында, Ташкенттен келген Ниязов атты мұғалімге жергілікті шағын музей ұйымдастыру тапсырылады. Шағын штат бекітеді, музей үшін эспонаттар мен материалдар (бірнеше құс тұлдары) сатып алынды, шағын фотолаборатория жасақталды. Алайда белгісіз себептермен музейді жасақтап ресмилеу ісі аяқталмай қалады. Музейге арнайы бөлме берілмеді, жинақталған материалдар халық ағарту бөлімінің қоймаларында сақталды. Олар бірнеше мәрте бір ғимараттан екіншіге көшіріліп ақыры ұстаз Ниязовтың басқа қызметке ауысуына байланысты шашырап кетті. Тіпті 1923-1924 оқу жылдары жергілікті бюджеттің шығындар бөлігінде музейді қаржыландыруға қаражат жобаланған. Алайда бұл несие пайдаланылмай қалған.

Қызметкерлердің ауысуына байланысты музей жөнінде естелік те қалмаған. Енді Әулие атадағы халық ағарту бөлімінің инспекциясына музейді жаңадан құру қажет болды. Өлкетану негізінде сабақ берудің жаңа тәсілдерін қанағаттандыру мақсатында шағын жергілікті музей жасауға талпыныс та, қажеттілік те бар. Алайда осы жұмыс тәй-тәй басып кету үшін өз күштері жетіспейді. Сондықтан Атқару комитеті мен халық ағарту бөлімі музей жасау ісін Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитеті қолға алса барынша көмек беруді өз міндетіне алатындығын айтып отыр.

Ендігі мәселе қаражатқа, бөлмеге және қызметкерлер штатына қарап тұрды. М.Е. Массон музей құрудың нобайын ойластырып қояды. Әулие атадағы музей құруға қатысты мына мәлімет те қызықты «За несколько недель до посещения Аулиеата экспедицией Средазкомстариса под начальством Б.П. Денике, я проездом к мавзолею Манаса выше с. Дмитриевского, вел переговоры с аулиеатинскими организациями об учреждении в городе краеведческого музея. Поскольку эта идея нашла себе живой отклик в разных инстанциях и можно было ожидать скорого претворения ее в жизнь, я на свой риск отказался от сделанного мне Средазкомстарисом предложения вывезти в Главный среднеазиатский музей в Ташкенте этот валун с рунами, который был признан мной за первый камень с ур. Айртамой. Как памятник исключительного значения он подчеркивался мной при пропаганде создания музея. Исполком обещал перенести его в одну из комнат дома, который

предполагалось отвести под музей. По просьбе местных деятелей мной была составлена о нем краткая докладная записка, размноженная на машинке и разошедшая по рукам. Создание музея, однако затянулась, и камень этот продолжал оставаться в саду еще в бытность мою проездом в Аулиеата в 1930 г. В 1931 г. Специальным письмом я обращал внимание организовавшегося тогда только-что краеведческого музея в Аулиеата на необходимость охраны этого эпиграфического памятника» [4, с. 10]. Оның пікірінше, музейге жалпы орналасуымен және ішкі құрылымымен лайықты деп қасында байырғы бау орны болған бұрынғы «уезд басшысының» – қазіргі «диханшылар үйі» деп аталатын № 6 ғимаратты санайды. Бастапқы кезде маман музей осы үйдің екі үлкен бөлмелерін иеленсе де болады деген пікірде.

Музей үйін таңдаудан бұрын оның қызметкерлерін іріктеу қиынырақ болды. Бұл жағдайды ескере отырып, музейді ұйымдастыру үшін уақытша іссапармен арнайы инструктор жіберуді ұсынады. Кейінірек музей меңгерушсі етіп ертеде ояз бастығы болған және сондықтан оязды жақсы білетін Николай Клавдиевич Калмаковты ұсынады. Сол арада М.Е. Массон оған мінездеме беріп, оның көп жылдар бойы Түркістандық әуесқойлар Үйірмесінің мүшесі болғанын, өлкетану бағытында қажетті кітаптар қоры барын және қазақтар этнографиясы жөнінде еңбектері барын алға тартады. Оны қазіргі кездегі музей ісі қызықтыратыны айтылады. Оның қасында ғылыми қызметкер болып Ташкенттегі байырғы Оқытушылар Семинариясын тамамдаған ұстаз Петр Романович Косивцев ұсынылады. Оның қазақ пен қырғыз тілдерін жатық білетіні, тұл жасай алатын аңшы екені айтылады. Экспонаттарды жинау аса күрделі іс емес екені, Шымкент музейі көрсеткендей, осы жұмыс басталған соң екі-үш айдан кейін Музей көрмешілік қызметпен айналыса береді деп санайды М.Е. Массон.

Музей секциясы бойынша есепте М.Е. Массон Шымкент оязының Сайрам ауылында аты Шымкент аймағынан тысқарырақ жерлерге де мәлім бола бастаған ескі музыкант Валями Якибаевтың тұратыны айтылады. Оның қолында ескі аспаптардың үлкен қоры бары, оның едәуір бөлігін музеймен бөлісуге дайын екенін, оның көптеген ескі әуендер білетінін, жаңа татар әуендерін мүлдем ойнамайтынын, тіпті оларды мойындамайтыны айтылады. М.Е. Массон Валями Якибаевқа, Сайрамға сұхбат алуға этнограф-музыкантты В.А. Успенскийді іссапармен жіберуді ұсынады. Бұл іссапардың нәтижесіз болмайтынына сенімді екенін М.Е. Массон жазады. Шымкентте болған кезінде М.Е. Массон А.И. Мерзлякова есімді азаматшаның 1893 жылы Мамаевка қасындағы Қарауылтөбеден Воронин тапқан көмбеге жататын 6 күміс және 3 мыс теңгені көрсеткенін жазады. Теңгелердің барлығы монғол дәуіріне, XIII ғасырдың аяғына жататынын айтады.

Сонымен Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитетінің музейлерді инспекциялау мақсатындағы қысқа мерзімді іссапары кезінде М.Е. Массон археологиялық, нумизматикалық зерттеулер жүргізді. Олардың бір бөлігі жарияланып, ғылыми айналымға енгізілген. М.Е. Массонның Өзбекстанның мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұрған құжаттары Қазақстанның оңтүстігінің археологиясы, нумизматикасы, музейі мен өлкетану мәселелері бойынша құнды дерек көзі болып табылады.

Тарихи археологиялық зерттеулер жергілікті мәдениеттің әртүрлі дәуірдегі өзара байланыстылығын және түркімен халқының парно-парфияндық тайпалармен

М.Е. Массон кез-келген ғылыми нысананы зерттемей тұрып ең алдымен оның зерттелу тарихына назар аударатын. Ол Орта Азия археологиясының алғашқы зерттелу тарихын жасап ұсынды.

М.Е. Массон Орта Азия тау-кен ісі мен металлургиясының тарихын алғашқылардың бірі болып тарихи-археологиялық тәсілдермен зерттеді.

М.Е. Массон Орта Азияның гидрология мен метеорологияға байланысты археологиялық мәселелері жөнінде алғаш жазған зерттеушілердің бірі. Осымен қатар ол Орта Азия көпірлері туралы алғашқы қорытынды еңбек жазған ғалым.

М.Е. Массон Орта Азияның негізгі қалаларының барлығының топографиясы жөнінде қомақты зерттеулер жазды. М.Е. Массон зерттеуге әрекет ететін іздемпаздарға ол өзінің жарты ғасырлық тәжірибесімен, кейбір ойларымен бөлісті.

М.Е. Массонның сәулет өнері жәдігерлері жөніндегі еңбектері кешенді зерттеулер қатарына жатады. Олар нақты нысанаға айналған ескерткіш жөнінде қолда бар барлық материалдардың қамтылуымен құнды. Олардың арасында Манас күмбезі, Ишратхана жөніндегі монографиялық зерттеулерін ерекше атап өтуге тұрарлық.

М.Е. Массон Орта Азияда антикалық дәуір өнер туындыларын алғашқылардың бірі болып тапты және оларды ең жоғары кәсіби деңгейде сипаттап ғылыми айналымға кіргізді. М.Е. Массон Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап нумизматикалық табылымдарды зерттеп, Орта Азия нумизматикасының негізін қалады. М.Е. Массон ОАМУ-дың археология бөлімінің студенттері үшін «Орта Азияның нумизматикасы» атты арнайы курс оқыды. Орта Азиялық нумизматика мектебін қалыптастырды.

М.Е. Массон көне түркі, карошти жазбаларын табуда елеулі еңбек сіңірді. Ол шығыстанушылардың ішінде алғашқылардың бірі болып мола басына қоятын жазуы бар қыштарды – эпитафияларды зерттеді. М.Е. Массон оларды тарихи дерек ретінде қарауға шақырды. Зерттеу жұмыстары барысында сәулетті құрылыс беттеріндегі, табылған қыш қабір белгілеріндегі, тиын сарайларының өнімдеріндегі жазуларды зерттеді. Бір топ зерттеулердің негізінде М.Е. Массон Орта Азияда мұсылман дін иелері басында тұрған алғашқы құлпытасы жоғалған жағдайда, оның қайтыс болғанына бірнеше ғасыр өтсе де ескі тастағы жазуларды қайталап көшіріп, басына жаңа құлпытас қоятын болғанын көрсетеді. Мұндай жаңадан жасалған ескерткіштер мамандарды шатастыратын болған.

М.Е. Массон ортаазиялық археологиялық мектептің өкілі ретінде теориялық мәселелермен қатар социалистік құрылыста қолданбалы маңызы бар мәселелерді кешенді түрде шешуге атсалысуды өздерінің абыройлы міндеттерінің бірі деп санады. Оның зерттеулері тарихи зоологияға, палеонтологияға арналды. Ол құландар, жолбарыстар, арыстандар, лоқай жылқылары, аңшылық иттер жөнінде, байырғы техникалық шөптер туралы, жібек тоқитын құрттардың таралу тарихын еңбектерінде қарастырды.

Кафедраның ғылыми жұмысы үнемі КСРО мен шетелдегі ғылыми және көпшілік журналдар мен газеттерде көрініс тапты. Кафедра жұмысының едәуір бөлігі түрлі ұйымдар мен жеке тұлғаларға түрлі ғылыми кеңес беру болып табылды. Орта Азияның көптеген музейлері, тарихи ескерткіштерді, сәулет өнері мен көркем ескерткіштерді қорғау ұйымдары, геологиялық басқармалар, түрлі ғылыми-зерттеу институттары кафедраның ғылыми кеңесін алып отырды.

М.Е. Массон - Орта Азия археологиясының патриархы болып табылады, ол ташкенттік археологиялық мектептің іргесін қалады. Орта Азияда алғаш археологиялық кафедра ашуға атсалысып, оның тұңғыш меңгерушісі болды. Осы кафедраны қазақтың белгілі археологтары Х. Алпысбаев, М.С. Мершиев, Н. Алдабергенов тамамдады. Ол өзінің бар білімін, тәжірибесін жас жеткіншек археологтарға беріп келді. Шәкірттеріне үнемі ақыл-кеңес беріп, дұрыс бағыт алуына бағыттады, оларды ғылымның дамуына үлес қосуларына жетелеп отырды. М.Е. Массон археология ғылымының басқа пәндерімен тығыз байланыста болу керектігін айта отырып, оны өзінің жұмысында көрсете білді.

М.Е. Массонды тарих ғылымын жаңа ашулар мен ғылыми еңбектерімен, Орта Азия республикаларының музейлік қорын құнды материалдармен байытқан, жаңа кадрларды дайындаушы ғалым деп айта аламыз.

Бүгінде, оқытушысынан білім алып еңбек ету әдісін меңгерген оның оқушылары, Орта Азия мен Қазақстанның әр түкпірінде еңбек етуде. Ал, болашақ археологтар ұрпағына М.Е. Массонның ғылыми, ұстаздық қызметі үлгі-өнеге болады деп айтуға болады.

2008 ж. мәліметтер бойынша Орта Азиялық археологиялық мектеп түлектері қатарында бес академик – Өзбекстан Ғылым академиясының академиктері Г.А. Пугаченкова, Ю.Ф. Буряков, Э.В. Ртвеладзе, Түркіменстан Ғылым академиясының академигі В.М. Массон, Тәжікстан Ғылым академиясының академигі Б.А. Литвинский, 16 ғылым докторы және 100 шамасында ғылым кандидаты болды. М.Е. Массонның жеке архиві ғалымның өсиеті бойынша екіге бөлінді. Оның бір бөлігі Өзбекстанның Орталық мемлекеттік архивіне берілді, екіншісі - Санкт-Петербургтегі мұрағатта сақтаулы.

М.Е. Массон Қазақстанның оңтүстігіндегі ескерткіштердің зерттелуіне ерекше үлес қосты. Ол осы аймақтағы ескерткіштерді кәсіби тұрғыдан алғаш сипаттаған ғалымдардың бірі. М.Е. Массонның Сайрам туралы еңбегі түп дерек есебінде құнды болып табылады. Себебі, ол Сайрам ескерткіштерін әлі де көп өзгеріске ұшырамай тұрғанда кәсіби маман ретінде өз көзімен көріп сипаттаған. Қазір М.Е. Массон көрген көптеген ескерткіштер байырғы қалпынан айырылған. Еңбекте бірнеше фотосуреттер, ескі қала бөліктері түсірілген сызбалар беріліп, қазіргі уақытқа дейін байырғы Сайрам туралы жазылған еңбектердің ең құндысы болып табылады.

Қожа Ахмет Йасауи кесенесі туралы жазылған еңбектердің ішінде Михаил Евгеньевич Массонның зерттеулері тереңділігімен ерекшеленеді. М.Е. Массон Түркістанның сәулет өнері мен археологиялық ескерткіштерін зерттеуге үлкен дайындықпен келді деуге негіз бар.

Қорыта айтқанда, М.Е. Массонның зерттеулері, әсіресе, Қожа Ахмет Йасауи кесенесі мен Түркістанның басқа ескерткіштері жөніндегі жинаған материалдары, жазба деректердегі хабарлар мен аңыз әңгімелерге дейінгі мәліметтерді пайдалануы, оларды талдауы, салыстыруы археологиялық-тарихи зерттеудің тамаша үлгісі болып табылады М.Е. Массонның 1930 жылғы «Қожа Ахмет Йасауи кесенесі» атты еңбегі 2000 ж. қазақ тіліне Сәрсен Бек Сахабаттың ықшамдаған аудармасымен басылды.

Тараз қаласы Әулиеата қаласы орнында болғанын алғаш анықтаған М.Е. Массон болды. Ол қалашықтан бір топ археологиялық материалдар жинады. Талас өзені үстінде болған тас көпір орнын анықтады. Бесағаш қалашығын, осы қалашықтан табылған тас ұстынды, Айша бибі, Бабажықатын кесенелерін зерттеді, Талас өңірінің кейінгі ортағасырлық тарихы жөнінде жаңа мәліметтер келтірді. Қазақстанның Оңтүстік пен Орталық аймақтарынан табылған теңгелерді зерттеп, Қазақстан нумизматикасына өзіндік үлес қосты. Шымкенттегі музейдің ғылыми негізде қайта құрылуын және Тараздағы музейдің іргесін қалауға ерекше үлес қосты. Қызылорда айналасындағы Сырлытам кесенесіндегі жазуларды алғаш оқып, ескерткіштің салыну мезгілін анықтады. Орта Азия аумағындағы ескерткіштердің кейбірін зерттеуде қазақ халқының тарихына қатысты мәліметтер жинап ғылыми айналымға енгізді. Қорыта айтқанда, М.Е. Массон Орта Азия мен Қазақстан археологиясының дамуына ерекше үлес қосқан ғалым.

М.Е. Массонның зерттеулері осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан емес. М.Е. Массонның ізденістерінің нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның көптеген сәулет өнері мен археологиялық ескерткіштері жөнінде аса бағалы зерттеулер жазылды. Ол өнегелі өмір сүрді. Орта Азия археологиясы мен тарихын тануда өлшеусіз еңбек қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Смагулов Е.А. Михаил Евгеньевич Массон и археология Туркестана // Археология жаңалықтары - Новости археологии. – 1997. - № 1. -С.93-96.

2 Өтениязов С. Өмірі өнеге ғұлама // Қазақ әдебиеті. - 1982, желтоқсан -24.

3 Байпақов К.М. Жалпақтөбе (Жикиль) қаласы // Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы, 2002. 140 б.

4 Тоқтабай А. Ташкент қаласындағы Төле би мавзолейі // Орталық музей еңбектері. I шығ., 2004 ж. 113-119 бб.

ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD
Нұржақып Шалқар Нұрбақытұлы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Тәуелсіздік жолына түсіп, өркениетті елдердің қатарына қосылу әрекетіне кіріскен Қазақстан Республикасы үшін алдына қойған мақсаттарға жетудегі кепілдіктердің бірі – халықтың өз тарихын терең игеруі, тарих тағылымын жадында ұстауы.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Сонымен қатар рухани азаттық пен демократиялық – ағартушылық идеяларға толы бұл кезеңде, ұлт зиялыларын ойландырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін қалың ұйқыдан оятып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекет құру еді. Олай болса ғасыр басындағы дағдарыстан шығудың жолын қарастырған алаш көсемдерінің теориялық ізденістері, практикалық қызметі бүгін де өз маңызын жойған жоқ.

Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, көзқарасы біртұтас кешенді ғылыми жеке тақырып ретінде арнайы зерттелмегенімен, әдебиет, заң саласындағы зерттеулерде белгілі дәрежеде ғылыми айналысқа енді. Олардың құндылығы ғұмырнамалық, әдеби, саяси құқықтық көзқарасы ғылыми танымдық тұрғысынан жазылғандығымен және берілген бағалар өзінің әркелкілігімен ерекшеленеді. Қазақ халқының патриот перзенті Ғ.Қараштың аз ғана ғұмырының барлық қыры арнайы зерттеуге лайық. Ал бүгінгі тарихи әдебиетті саралау Ғ.Қараштың өмірі мен қызметінің толық ашылып, зерттелмеген тұстары көбірек екенін көрсетіп отыр. Ғалымдар Ғ.Қараштың әдеби-шығармашылық қызметінің қыр-сырын ашу бағытында көп еңбектенді. Ғ.Қараш туралы зерттеулердің басым көпшілігі оның ақын-жазушы, қаламгер ретіндегі шығармашылығын ашуға арналған. Ал Ғ.Қараштың қоғамдық-саяси қызметі толымды түрде жазылмай келеді. Бұл жағдайдың қалыптасуы тиісті деректердің ғылыми айналымға енбеуімен байланысты.

Ғұмар Қараш – өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың кінәсіз құрбаны болып жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ интеллигенциясының қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі, қоғам және саясат қайраткері, шығармашылықтың ірі өкілі.

Ғ. Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін Алаш қозғалысы, оған қатысқан қазақ зиялылар тарихымен тікелей байланыстыра отырып зерттеуді қажет етеді. Өйткені өткен ғасыр басында ұлт азаттық қозғалысқа қатысқан интеллигенция өкілдерінің дені ұлттық мәселені шешуді Алаш алдына қойды. Осы мақсатта бұл ұлт-азаттық қозғалысқа қазақтың барлық оқыған зиялылары қатысты. Аталған қозғалыс Қазақстандағы патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы қазақ оқығандарын өз айналасына топтастырып, олардың қоғамдық-саяси ой-пікірлерінің қалыптасуына ықпал етті.

XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары Алаш тарихы бойынша жарық көрген зерттеу жұмыстарының қатарына Н.Мартыненко құрастырған Алаш қозғалысының тарихына арналған «Алаш Орда» атты құжаттар жинағы сол кезеңдегі идеологиялық тұрғыда Алаш

қозғалысын сынау мақсатында жазылғанымен осы қозғалыстың тарихынан құнды деректер бере алатын құжаттар жинағы ретінде бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді [1].

1933 жылы желтоқсанда БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында Алаш қозғалысы мәселесі төңірегінде болған қызу пікір-таласта аталмыш институт қызметкерлері С.Брайнин мен Ш.Шафиро «Алашорданың тарихи ролі» атты баяндама жасайды. Кейін аталмыш авторлар осы баяндама негізінде «Очерки по истории Алаш Орды» атты еңбек жариялайды [2, с. 75-76]. Бұл еңбекте С.Брайнин мен Ш.Шафироның Алаш қозғалысы жөніндегі тұжырымдары сол кезеңдегі идеология талабына сай жазылғанына қарамастан, авторлардың Алаш партиясы мен Алашорда тарихына қатысты нақтылы мәліметтері Алашорда идеологиясын ашық түрде насихаттау деп бағаланды. Осыдан соң БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы 1935 жылғы 15 сәуірдегі қаулысымен аталмыш кітапты пайдаланудан алып тастады. Сонымен бірге жоғарыда айтылған Н.Мартыненко құрастырған құжаттар жинағы үшін де осы үкім оқылып, еңбек ғылыми айналымнан шығарылады.

Т.Виннер, Е.Ысмайлов, М.Ысмағұлов, С.Өзбекұлы т.б сынды зерттеушілер Ғ.Қараштың сол кезеңдегі саяси оқиғаларға көзқарасы төңірегіндегі ой-пікірлерін 1905-1907 жылдар аралығындағы орыс революциясының ықпалымен байланыстырады.

Ғұмардың саяси санасының өсіп жетілуі жөнінде ағылшын ғалымы Томас Виннер 1958 жылы жарық көрген «Орта Азия әдебиеті» деген еңбегінде: «1905 жылғы саяси толқулар оның өмірге деген көзқарастарын түбегейлі өзгертіп, ол орыс төңкерісшілерінің мұрат-мақсатына еліктеп, ел арасында насихат жұмысын жүргізе бастады. Кейінірек Ғұмар Қараш бар күш қуатын поэзияға арнап, еңбектері Қазан, Офа (Уфа-Б.Б.) және т.б. үлкен қалалардағы татар газеттерінде жарық көре бастады. Оның поэзиясы Сұлтанмахұт Торайғыровтың поэзиясы сияқты саяси және әлеуметтік мазмұнға толы» [3, с. 226], – деп жазды.

Жоғарыдағы Т.Виннердің пікірін Ғ.Қараштың «Фикер» газетінің 1906 жылғы 19 санында «Қазақ халқының ахунд уа имамларына уа ғайри баш адамларына бірнешеу өтініш» атты мақаласының жариялануы дәлелдей түседі. Баспасөз тарихынан белгілі бұл кезеңде қазақ тіліндегі басылымның болмауы себепті қазақ оқығандары өзге тілдегі газет-журнал бетін пайдалануға мәжбүр болған. Сол тұстағы қазақ, татар, башқұрт зиялыларының арасында жақсы қарым-қатынас орнаған. Мәселен, зерттеуші ғалым Р.Нафигов татар ақыны Тоқайдың Б.Қаратаев, Н.Ипмағанбетов, Х.Досмұхамедов, Ғ.Қараш сияқты қазақ достарының болғандығын көрсетеді [4, с. 52].

Сонымен бірге XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясында кең орын алған қоғамдық-экономикалық қатынастардағы өзгерістер қазақ қоғамына да зор әсерін тигізіп, ұлттық интеллигенцияның әр түрлі салалардағы өкілдері пайда болды. Алайда түркі халықтарының ұлттық интеллигенциясының өсіп өркендеуі қиын жағдайда жүрді. Себебі бір жағынан уақыт өткен сайын қоғамдық қатынастар аяқтан тартып, мешеуліктен шығуға кедергі жасаса, екінші жағынан халықтың дәстүрлі-ұлттық мәдени құндылықтарының сақталуына және дамуына қауіп төнді.

Сондықтан XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларын ойландырған мәселелер, яғни елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін қалың ұйқыдан оятып, оқу, өнер-білім, ең бастысы дербес мемлекеттігін құру. Сөйтіп, олардың осы тұстағы барлығына тән ортақ түсінік отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді. Демек, Алаш зиялылары саяси тұрақсыздық жағдайында тек біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым ғана қазақ елін апаттан құтқарып, бостандық жолына алып шыға алады деп түсінді.

XX ғасыр соңында ұлт болып ұйымдасып, өз мемлекетінің ірге тасын қалай бастаған қазақ халқы үшін бұл фактор бүгінгі күні ерекше маңызға ие болып отыр. Өйткені, ғасыр

басында қазақ халқының алдында тұрған міндет-мақсаттардың көбі ғасыр соңында алдымыздан қайта шыққан еді. Демек, қазақ ойшылдары мен ұлт зиялыларының өткен ғасыр басындағы қиындықтардан шығудың жолын көрсеткен ақыл-ойлары бүгінгі күні де өз мәнін жоймағаны анық.

Қарастырылып отырған күрделі кезеңде қоғамның осындай ізгілікті даму бағытын армандаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қараш, Мұхаммеджан Сералин, Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Сералі Лапин, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Жанша Сейдалин, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай сияқты көптеген қазақ зиялылары өздерінің прогресшілдік, демократиялық сарындағы қоғамдық-саяси ой - пікірлерін туған халқының игілігі үшін жұмсады. Олар қазақ халқының жарқын болашағы мен елінің тәуелсіздігі үшін күрес жүргізді.

Жалпы қоғам дамуындағы алдыңғы қатарлы ой-сана баспасөзде көрініс табады десек, жоғарыда аты аталған алаш зиялыларының көпшілігі өздерінің өркениетті ойларына шығармашылықты серік етті. Ұлт жанашырлары өздерінің әр түрлі төл туындылары, публицистикалық шығармалары арқылы халықтың саяси санасын оятып, бостандықтың жолын көрсетіп бағыт-бағдар сілтеді, дамудың даңғыл жолын көрсетуге тырысты.

Сол кездегі қазақ демократиялық интеллигенциясының қызметін айқындап берген ең басты нысана тарихи, саяси және ұлттық мәдени құндылықтарға сүйенетін ұлттық бостандық пен тәуелсіздік және мемлекеттік дербестікке ұмтылу идеясы болды.

Қазақ зиялылары еркіндікті қан төгіссіз эволюциялық жолмен алуды табанды түрде жүргізе отырып, қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелерді өркениетті жолмен шешуді мақсат етіп, ағартушылық пен білім жолын таңдап алу арқылы ұлт санасын көтеруді ең басты идеология деп білді. Сондықтан да олар жалпы ұлттық мүддеге негізделген күрес тұрғысында күллі қазақ халқының атынан әрекет жасай отырып, патша өкіметінің отарлық экспансиясының нәтижесінде территориялық тұтастығы мен ұлттық мемлекеттілігінен айырылып қалған қазақ елін экономикалық және рухани дағдарыстан шығарудың жолын қарастырды. Қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясы туған халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына жеткізуді мақсат етті. Сол жылдары осы міндеттерді атқарушы ұлт-зиялыларының арасында Ғұмар Қараштың есімі ерекше орын алады.

Ғұмар Қараш – Қазақстанның XX ғасыр басындағы демократ зиялыларының қоғамдық-саяси ой-пікірінің көрнекті өкілі, ұлттық прогресс пен демократиялық дамуды ұран етіп көтерген ірі қайраткер, гуманист, ағартушы тұлға. XX ғасыр басында қазақ қоғамындағы қалыптасқан әлеуметтік, саяси, рухани, мәдени мәселелерін шешу жолында Ғұмар Қараш зор еңбек етті. Қазақ елінің тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы күресте ұлт қамқоршысы ретінде танылы білді.

Ғұмар Қараш – қоғам қайраткері ретінде біраз бұлтарысы бар күрделі жолдан өткен ұлт жанашыры. Алаш қозғалысының жаршысы, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құрудың бастау көзінде тұрған Ғұмар Қараш – айтулы тұлғалардың бірегейі.

Ол прогресшілдік көзқарастағы Алаш қайраткерлерімен бірге Алаш Орда өкіметін орнатуға белсене қатысты, Алаш партиясының бағдарламалары мен атқарған істерін дәріптеп, «Алаш азаматтарына», «Алашқа» атты саяси терең мазмұнды өлеңдерін жария етті. Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болу идеясының қолдаушысы бола білді.

Ғұмар Қараш кейін өз еркімен коммунистік большевиктік партия қатарына өтіп, Кеңес өкіметі жағына шығады. Кеңестік Қазақстанның алғашқы жылдарында мемлекеттік қызметтерге белсене араласты. Солай болғанына қарамастан Ғұмар Қараш мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасасын (алаштық жүйе ме, әлде кеңестік жүйе ме – бәрбір) ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпы ұлттық, бүкіл халықтық мәселелерді таңдап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді.

Сондықтан Ғұмар Қараштың қайраткер ретінде қалыптасуының рухани негіздерін төмендегіше саралап көрсету артық болмайды деген пікірдеміз.

Біріншіден, Ғұмар еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалгез, Махамбет, Мұрат, Шәңгерей сияқты ақын-жыраулардың, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев тәрізді ұлы ағартушылардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз. Соның бір айғағы оның өмірінің соңына дейін Қобыланды, Едіге, Тоқтамыс, Орақ Мамай және басқа ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, насихаттап өтуін әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын.

Ғұмар дүниетанымына ұлы орыс әдебиетінің әсері болғанын жоққа шығаруға болмайды. Себебі оның орыс әдебиетіндегі теңдік пен бостандық, гуманизм идеяларының жаршылары болған – Л.Толстой философиясымен жақын таныстығы, А.Некрасовтың «Соғыс қаһары» өлеңін аударуы, сондай-ақ ойшылдың Шәңгерей Бөкеевпен бірге М.Ю.Лермонтовтың «Беглец» деп аталатын өлеңін қазақ тіліне аударып, оны «Көкселдір» жинағына басып шығаруға мұрындық болуы осыны дәлелдейді.

Болашақ қайраткердің өмір жолының қалыптасуына қазақ даласында орын алған отарлық езгіге қарсы сипаттағы жалпы ұлттық көтерілістердің де ерекше әсері болғандығын ақынның «Сырым» дастаны айғақтайды.

Екіншіден, Ғұмар Қараш азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді. Патша үкіметінің 1867-1868, 1886, 1891 жылдары Қазақстанда жүзеге асырған көпсалалық реформалары (әкімшілік сот, салық, т.б. мәселелерге байланысты) өлкеміздің империяның отарлы аймағы, ал халқымыздың отаршылдардың боданына айналғандығын заңдастырды. Осыған орай патшаның жергілікті әкімшіліктері тарапынан халықты әлеуметтік-саяси тұрғыдан езу, оның жекелеген намысқой өкілдерін жәбірлеу мен қорлау жаппай орын алды.

Патша өкіметі қазақтың ең шұрайлы, сұлу тоғайлы жерлерін жергілікті халықтан күштеп тартып алып, орыс шаруаларына үлестіріп берді. Қазақтар тек шаруашылыққа қажетті жерлерінен айырылып қана қойған жоқ, олардың қыстаулары мен қора қопсылары қиратылып, жерлерінен күштеп қуылып жатты. Қоныстандыру салдарынан қазақ халқының дәстүрлі қалыптасқан шаруашылығы күйзеліске ұшырап, жерсіз қалған халықтың меншігіндегі мал басы күрт азайды, халықтың тұрмысы нашарлады, бір бөлегі кедейшілікке ұшыраса, кей бөлігі ашаршылықтан қырылды. Қазақ халқы отарлық езгіге әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес, рухани салада да (тіл, дін, діл мәселелерінде) бірдей түсті.

Қазақ даласында орын алған осындай озбырлық Ғұмар Қарашты тез есейтіп, оның қоғамдық-саяси күреске ертерек араласуына түрткі болған.

Үшіншіден, оқу-білімді, ең алдымен азаттыққа, бостандыққа қол жеткізудің негізі деп түсінген Ғұмар Қараш – халықты, оқу, өнер үйрену арқылы оянуға үндеген ағартушы, әлемге ойлы көзбен қарауды ұсынған философ, жас ұрпақ тәрбиесіне ұлт тілінде, «Педагогика» еңбегін жазған және тұңғыш педагогикалық «Мұғалім» журналын ұйымдастырып, шығарған ұстаз ғалым.

Төртіншіден, ол қоғамдық күрес жолына түскен жас қазақ интеллигенциясы өкілдерімен бірге қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерін шешуге белсене араласты. Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп, шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын Ғұмар Қараш жақсы түсінді. Сондықтан да ол Шәңгерейдің басшылығымен, Елеусін Бұйрин, Бақытжан Қаратаев сияқты қазақ қайраткерлерінің қосшылығымен «Қазақстан» газетін шығару ісіне көп күш жұмсап, баспасөз бетінде жалпыұлттық мәселелерді көтеруге ұмтылды.

Жалпы алғанда аз уақыт шықса да баспасөздің газет ісіндегі көш бастаушысы ретінде танылған бұл «Қазақстан» газеті қазақ елін оқу білімге шақырған, отырықшылық өмірге,

мәдениетке үндеген халықтың саяси ой-санасын өсіруде елеулі роль атқарған прогресшіл бағыттағы маңызды басылым болды.

Бесіншіден, Ғұмар Қараштың шығармаларында, қазақ ұлтының әлеуметтік прогресс жолына түсуі туралы көтерген ой-пікірлері өзінің өміршеңдігімен құнды. Ғұмар қазақ халқының өркениеттік жолға түсуі үшін міндетті түрде ғылым мен білім ең өзекті проблема екендігін алға тартады. Ол туған халқын оқу-ағарту ісіне насихаттауда өлшеусіз еңбек сіңірді.

Оның шығармашылығындағы негізгі сарын – ағартушылық идеялық бағыт. Патша өкіметінің отаршылдық саясатының зардабын тани білген Ғұмар қазақ халқының басындағы бақытсыздық өнер-ғылымға кеңделіктен деп түсінеді.

Сондықтан да Ғұмар Қараш:«Көшпе халінде жүріп қазақ жұрты еш бір уақытта, өнерлі, білімді ел болмайды, білімсіз ел теңдік таппайды», - деп өнер, білімді, ғылымды меңгеруді қазақ халқының отырықшылыққа көшуімен тікелей байланыстыра қарастырды.

Алтыншыдан, Ғұмар Қараш – XX ғасырдың басында Қазақстандағы философиялық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік және тарихи ой-пікірлердің жаңа сапаға көтеріліп, дамуына өзінің зор үлесін қосып, айтулы еңбектерінде қолтаңбасын қалдырған ойшыл-философ, қоғам қайраткері, ағартушы демократ.

Жетіншіден, Ғұмардың өмірі мен қоғамдық қызметін зерттеу барысында көз жеткізетін бір шындық – оның өз заманында-ақ «тіл болмаса, ұлт та болмайды», – деп қазақ ұлтының тілін, дінін сақтау, әйел теңдігі, отырықшылық сияқты сан-салалы әлеуметтік келелі мәселелер төңірегінде айтылған құнды пікірлері- нің болуы және бұл идеялардың бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де мәнділігін жоймауы оның өміршеңдігін көрсетеді.

Жалпы қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан түрлі құбылыстарға белсене араласқан Ғұмар Қараш XX ғасырдың басындағы қалыптасқан социал-демократиялық идеяларға ұлт-азаттық күрестер, ұлттық ояну мен жаңғыру идеяларына бой ұрған, ұлт мүддесін ойлап, өзінің еңбектері арқылы халқын ағартушылыққа шақырған қайраткер ретінде танылa білді. Ғұмардың ар-ождан, моральдық қасиеттерді санаға сіңіріп, жеке адамды қалыптастыру арқылы мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру, идеяларының мазмұны мен мағынасы бүгінгі күні де өзінің мәнін жойған емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Алаш-Орда. Сборник документов (Сост. Мартыненко Н.) -Алма- Ата: Айқап, 1992. - 192 с.; Брайнин С. Шафиро Ш. Очерки по истроии Алаш Орды (под ред. Н.И.Ванаг), - Алма-Ата- Москва, 1935. – 149 с.

3 Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. - Алматы: Жазушы, 1977. - 392 б.

4 Ысмағұлов М. Ғұмар Қараштың тәлім - тәрбиелік ой – пікірлері, // Қазақстан мұғалімі. -1959. - 21 - май.

XVIII-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ КӨЛІК ЖҮЙЕСІ

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD
Нурпейсова Мадина Дулатовна
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Қазақ халқының әртүрлі өңірде аймақтық ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан тарихи-мәдениеті, дәстүрлі шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері, материалдық және рухани

мәдениеті аса күрделі ғылыми зерттеулер қатарына жатады. Бүгінгі таңдағы отандық этнология ғылымындағы теориялық-практикалық таным – тарихи-мәдени мұрамызды ұлттық мүдде тұрғысынан, халқымыздың өткені мен бүгінгісінің сабақтасып, астасып жатуын, халық жадындағы «ұлттық код» ретінде танылатын мұрамыздың ғылыми тұрғыда жаңғыртылуын талап етеді. Қазақ халқы Ұлы Дала Елін ғасырлар бойына мекен еткен, ата-баба дәстүрлерін қазіргі заман ұрпақтарына сақтап жеткізген ұрпақ болып табылады. Бүгінгі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетіміздің қайта жаңғыруының, әсіресе, қазақ этнографиясының етене дамуының, жекеленген мәселелердің арнайы зерттеу объектісіне айналып, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделеніп, этнография ғылымының жаңа қырынан дамуының куәсі болып отырмыз.

Жеке бір тақырыбтың қыр-сырын ашу үшін, қазақ халқының этномәдени, этношаруашылық тенденциясы сияқты тақырыптарды біріктіре саралап, қазақтардың аймақтық ерекшелігін негізге ала отырып, мәселені ғылыми-теориялық, ғылыми практикалық қырынан игерудің отандық этнология ғылымы үшін маңызы орасан.

Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесінің даму тарихы, олардың қолданыстық маңызы, пайдаланудағы ерекшеліктері шаруашылық құралдары мен материалдық мәдениеті, тақырыпқа қатысты кәсіпшіліктің қыр-сырын қоса, бір-бірімен байланысты зерттеу отандық этнология ғылымында бұрын арнайы ғылыми-зерттеу нысанына айналған. Дәстүрлі көлік жүйесінің толық функциясын көрсететін жергілікті кәсіптік сөздердің және аймақтық сөздік ерекшеліктерін жинақтап, бір арнаға тоғыстырып жүйелеу, оны ғылыми тұрғыда зерделеудің маңызы.

Көшпелі шаруашылықтан жартылай отырықшылыққа, одан отырықшылыққа ауысу кезеңіндегі ірі бетбұрыстар Қазақстанның аймағында қалыптасқан шаруашылық дәстүріне қарай әр қилы өтті. Біздің зерттеу нысанымыздағы тақырыптың хронологиясы осы бетбұрыс кезеңіне саяды. Сол себепті де зерттеу жұмысымызда отаршылдық кезеңіндегі дәстүрлі көлік жүйесіндегі өзгерістер, этномәдени байланыстардың көлік қатынас құралдарындағы көрінісі де қамтылады.

Адамзат өркениетінде қоғамның дамып өзгеруімен бірге көлік құралдарының маңызы арта түсті. Кез келген халықтың материалдық мәдениеті мен шаруашылықты жүргізу қарекетінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – көлік құралдары. Мысалы, ежелден өркениет ошағы болған Шығыс және Антик мемлекеттерінің тарихындағы көлік қатынас құралдарының көне үлгілері әлемдік өркениеттің маңызды жәдігерінің бірі саналады. Күш-көлік, қатынас құралдары, әлемнің барлық жерінде, әртүрлі халықтардың тарихында болғанымен, әр халықтың дәстүрлі болмысына сай өз ерекшелігімен көрініс тапты. Көлік, қатынас құралдарын өзіне мұра еткен қазақ халқы өзінің дәстүрлі шаруашылығында көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы мал шаруашылығын, сонымен қатар егіншілікті, түрлі кәсіпшіліктерді дамытып, шаруашылықты ұйымдастырудың қыр-сырларын игерді. Дәстүрлі шаруашылық түрлері мен тұрмыс-жағдайды ұйымдастыруда күш-көлік, қатынас құралдарының адам өмірінен, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінен алатын орны зор болды.

Дәстүрлі ортада қазақ халқы киіз үймен және оның барлық жабдығымен, тұрмыс пен шаруашылыққа қажетті бұйымдармен көшу үшін көлік күшін, ал мерзімдік қонысқа, көздеген жерге жету үшін ат пен түйенің көлік қызметін, сондай-ақ шаруашылықта түйе, жылқымен қатар, өгіз, есектің күшін пайдаланды. Тарихи дәуірлерде, әрі үй болған арба-үйлердің, күймелердің қызметін, сонымен қатар адамды, жүкті тасу үшін, оны өзен-сулардан өткізу үшін кеме, қайық, сал қызметтерін пайдалану, көлік құралдарын игеру, жегу үшін түрлі әбзелдерді жасаудың қыр-сырларын игеру арқылы қазақтардың көлікке қатысты халықтық білімдер жүйесі қалыптасты. Бұл іргелі мәселені арнайы зерттеу, дәстүрлі көлік жүйесінің болмыс-бітімін толық айқындауға мүмкіндік береді.

Шығыстанушы, тарихшы әрі археолог П.М. Кожиннің еңбектері негізінен көліктердің шығу тарихына арналған. Оның «О сарматских повозках» атты мақаласында сарматтардың

жерлеу орындарынан табылған арба бөлшектеріне және олардың қазіргі таңға дейін сақталауы жөнінде айтылған. Еділ бойы мен Орал өңіріндегі жүргізілген қазба жұмыстары барысында сармат обаларынан табылған арбалар бұзылған, бастапқы қалпы сақталмаған деп көрсетеді. Мақалада сармат арба дөңгелектерін пазырық қорғанынан табылған арба дөңгелектерімен салыстырған. Қазба кезінде төрт дөңгелекке дейін табылған. Павел Михайловичтың айтуы бойынша обадан табылған арбалар арнайы жерлеу ғұрпына дайындалған. Яғни тұрмыста қолданылған бірақ қолданысқа жарамсыз арба бөлшектерін құрастырып, мәйітпен бірге қоса жерлеген [1, с. 92-95]. Павел Михайловичтың «К проблеме происхождения колесного транспорта» мақаласында б.з.д. II мыңжылдықтың ортасына қарай Еуразия даласында арбаның атпен қоса басқа да малдарға жегіле бастауы, әскери көліктердің ауыл шаруашылық көліктерімен өзара әрекеттесуі, көлік тасымал құралдарының негізгі қалыптасу үдерісі аяқталды деп көрсетеді [2, с. 176].

Белгілі жазушы С.М. Мұқановтың таңдалмалы шығармаларының бесінші томында қазақтардың көлік түрлері мен тұрманына қатысты көп мәліметтер келтіріліп жүйелі сараланады. Сондай-ақ, екі және төрт дөңгелекті арба, сүйреткі және шана көліктерінің ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады [3, б. 124-131].

Қазақ халқының тарихы, фольклор, археология мен этнографиясының зерттелуіне айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың бірі және бірегейі – академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Ә.Х. Марғұланның Т. Басенов және М. Мендіқұловпен бірге жазған «Архитектура Казахстана» [4, с. 79] атты еңбегі қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесіне қатысты көптеген мәліметтер береді.

Қазақ халқы иемденген Ұлы Дала Елі – Қазақ жерінде байырғы көлік түрлері мен типтерінің тарихи деректерінің, қалдықтарының сақталуы біздің жерімізді мекен еткен байырғы тайпалардың өмірі мен тіршілігінің ажырамас бөлігі болғанының айғағы. Отыршылық мәдениет дамыған Ежелгі шығыс және Антик мемлекеттерінде соғыс-қатынас құралы болуымен қатар, билік аристократиясының және билік жүйесінің сән-салтанатына сай жабдықталған элиталық көлік қызметі басым болды. Көшпелі өркениеттің иесі атанған қазақ халқы өзінің этникалық мәдениеті мен шаруашылығындағы көлік жүйесін көшпелі мәдениет пен дәстүрлі шаруашылыққа бейімдеп қалыптастырды. Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесінің басқа халықтардың көлік түрлерінен айырмашылығы қазақ жерінде қалыптасу генезисінен, қолданыс аясын, түрлері мен типінен, көлікке қатысты атаулар мен ұғымдардан көрінді.

Дәстүрлі көлік жүйелерін этнографиялық категория ретінде зерттеу этникалық мәдениеттің бір компоненті ретінде оның осы мәдениеттегі орнын, мәнін, этникалық ортадағы әр түрлі байланыс-қатынастарын зерделеуге мүмкіндік береді.

Дәстүрлі көлік жүйесінің қолданыстық маңызын айғақтайтын фотоқұжаттар тізбегі мен түсініктемелері жасалынды. Техникалық әдіс-тәсілдерді меңгере отырып, көлік түрлеріне қатысты реконструкциялық сызбалар мен фотолар жинақталды.

Қазақ халқының дәстүрлі кәсіптер мен дағдыларға қатысты білімдер жүйесі ағаш шеберлері арасынан арбашыларды қалыптастырды.

Күш-көлік, тасымал құралдарының дәстүрлі жүйесі мен коммукациясы жалпы халық мәдениетінен, шаруашылықты ұйымдастыру мен жүргізу қарекетінен алатын орны зор. Күш-көлік түрлерін мирас еткен халықтар ішінен қазақ халқының материалдық және материалдық емес мәдениет мұраларына қатысты білімдер мен дағдылар жүйесіндегі «көлік коммуникациясының» ерекшелігі халықтың ұлттық болмысымен біте қайнасты, қазақ халқының тірішілігін қамтамасыз ету жүйесінде көлікті тиімді пайдаланудың мәні зор болды.

Көлік қазақ халқының күнделікті тіршілігінен маңызды орын алып, қатынас-құралының түрлері атадан балаға тарихи дәуірлерден мирас болып жетті. Қазақ халқы дәстүрлі көлік түрлеріндегі атаулар мен ұғымдар жүйесіндегі байырғы көне түркілік ұғымдар мен атауларды сақтай отырып, жаңа ұғымдармен байытып отырды. Дәстүрлі қатынас көліктерінің және

түрлерімен қатар, этномәдени байланыстар арқылы кіріккен жаңа түрлерін қабылдап, өз дәстүрлі тіршілігіне қарай бейімдеді. Бұл күнде дәстүрлі мініс көлігі кең қолданыста болғанымен жүк, тасымал құралдарына деген сұраныс заманауй тұрмысқа орай сұраныстан шыққан. Дегенмен де, жекеленген аймақтардың ауылдық жерлерінде шаруашылық негізде қолданылатын жегіс құралдарын кездестіреміз.

Қорыта айтқанда, диссертациялық жұмыста байырғы, көне көлік, қатынас құралдарына ғылыми реконструкция жасалды, көлік жүйесінің дәстүрлі атаулары, ұғымдары, танымдары жинақталып, жүйеленіп, ғылыми айналымда жарияланды. Көлік түрлерінің таралуы мен қалыптасу генезисі талданып, салыстырмалы, сараптау жасалынды. Шынайы қолданыстағы көлік жүйесімен қатар, қазақ халқының дүниетанымынан туындаған қиял-ғажайып көліктер жүйесі де талданды. Дәстүрлі көліктердің бүгінгі күнгі қолданыстағы түрлері мен қолданыстан шығып қалған түрлері ажыратылды.

Ғылыми, ғылыми-танымдық деректерді визуалды деректермен, далалық этнографиялық деректермен, ескі сөздермен айғақтау арқылы көліктердің дәстүрлі түрлері мен типтері, қолданыс аясының ерекшеліктері анықталды. Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесін зерттеу арқылы «қазақ халқының көлікті қолдану болмысындағы ұлттық келбетінің бір қыры» ашылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бартольд В.В. О колесном и верховом движении в Средней Азии // Записки Института Востоковедения Академии наук СССР. – М.; Л., 1937. – Т. 6. – С. 406-408.

2 Кожин П.М. О сарматских повозках // Древности Восточной Европы. – М.: Наука, 1969. – С. 92-95.

3 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары: 16 томдық. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Әдеби портреттер. – Алматы: Жазушы, 1979. – Т. 15. - 380 б.

4 Маргулан А.Х., Басенов Т., Мендикулов М. Архитектура Казахстана. – Алма-Ата: АН КазССР, 1959. – 172 с.

ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫНЫҢ ЭТНО-ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ (VI ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ – X ҒАСЫР)

Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы
Ш.Мұртаза атындағы ХТУ, PhD
Ұзақбай Санжар Нұрланұлы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2-курс магистранты

Түркі қағанаттары және олардың ізін басушылар бұл түркі және қазақ мемлекеттілігінің бастаулары. Олардың өмір сүрген заманы саяси күш қуаттың артуымен, экономикалық гүлденумен және мәдени жандануымен сипатталады. Бұл Қазақстан мен онымен көршілес орналасқан территорияларда болашақтағы мемлекеттердің өркендеп дамуына өзінің айнытпас ізін қалдырды.

Кеңестік идеологиядан босаған ғылымда жаңа бағыттар мен идеялар дүниеге келе бастады. Түркілердің идеологиясы, дүниетанымына, кеңістікті игеру ерекшеліктеріне, т.б. мәселелерге көп көңіл бөліне бастады. Сонымен қатар, соңғы он жылдары поссибилизм қалып, тарихты және әлемді өркениеттік тану басымдыққа ие болды. Соның ішінде экологиялық және табиғи-климаттық жағдайларға басымдық берілетін болды. Демек, әртүрлі кезеңдердегі мемлекет тарихи-географиясы көкейтесті тақырыптарға айналды.

Табиғаттың, жердің, нақты территориялардың, белгілі кеңістіктің тарихта адамзатқа

ықпалын түсіну үшін ондағы тарихи оқиғаларды сипаттап қана қою жеткіліксіз болып отыр. Адам мен жер, кеңістік арасындағы тығыз байланыстың болуы, осы мәселенің ішкі мәнін тереңдей зерттеуін қажет етеді. Алайда отырықшы халықтар мен көшпелі халықтар үшін аталған белгілі кеңістікке иелік етуін, жерге өзінің тиесілі болуын түсінуі бірдей емес еді. Сонымен қатар, халықтарда территориялар үшін болған ұдайы соғыстар мен қақтығыстар нақты территория мен шекараларды анықтау маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі заманда ол заңмен қамтамасыз етіледі. Ал, осыдан 1300-1400 жыл бұрын қауымдық меншікте болған жерде көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі тайпалар қалай өздеріне тиесілі территориялар, шекараларын және мемлекеттік шекараларын анықтай білді, мұнда қандай критерийлер басшылыққа алынғаны т.б.сауалдарға жауап беру мақсатында Орта Азияда ортағасырларда саяси үстемдікке ие болған мемлекеттер Түркі қағанаты, Батыс түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты мысалында мәселені қарастыру ұсынылып отыр. Осы бағыттағы зерттеу жұмысы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Себебі, осы арқылы Орталық Азияны ортағасырларда мекендеген тайпалар мен мемлекеттерге аталған мәселелерге тән ортақ этно, терииториялық белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ортағасырлық түркілердің тарихи-географиялық шекарасы қазіргі Қазақстан Республикасының саяси шекарасымен шектелмейді. Қазақ тарихы мен мәдениетінің түп тамыры тым тереңде жатыр. Байтақ Еуразия даласындағы байырғы көшпенділер мәдениеті мен өркениетінің алтын қазығы, тоғысар түйіні, көсегесі көгеріп, өркен жайған өзегі де Ұлы дала екені айқын. Көшпенділер өркениетінің кең өріс алып,қанат жайғаны соншалық, ол Еуразия төңірегіндегі бірсыпыра отырықшы өркениеттерге күшті ықпал жасап, оларды мейлінше байытты. Әсіресе, шығыста Қытай өркениетімен мыңдаған жылдар қоян-қолтық байланыста болып, өте тығыз ықпалдастық жағдайда өмір сүргені белгілі.

Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелерінің «Тарихи-мәдени жәдігерлер» атты томына енген осынау ұлы даланың шығыс жақ пұшпағындағы ежелгі көшпенділер өркениетінің төлтума болмысы, оның Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихымен тікелей сабақтастығын, өзге көрші елдермен арадағы тамыры терең тарихи-географиялық байланыстарды, сондай-ақ ортағасырлардағы Еуразия даласының Ұлы Түрік қағанаты билеген дәуірдегі этникалық алуан түрліліктіанық айғақтауға, соңғы жарты ғасырдан астам кезеңде ҚХР аумағынан тыңнан ашылған мәдени-археологиялық және эпиграфиялық жәдігерлер мүмкіндік береді [1, б.7].

Түрік қағанаты дәуірінің алғашқы кезеңінде түріктер иран тілдес соғдылармен, үнді-еуропа тілдес тохарлармен және қытайлармен қоян-қолтық араласып, өте тығыз этно-мәдени ықпалдастық жағдайда өмір сүрген. Түріктер өздерінің төл жазуын жасағанға дейін өз ортасында және халықаралық байланыстарда соғды тіл-жазуын пайдаланған. Біз сөз еткелі отырған қазіргі ҚХР жеріндегі көне түріктерге қатысты тарихи-мәдени жәдігерлер арасындағы түрік қағанының тас мүсіні, түріктердің алтын бұйымдары, соғдылық Аньцзиянның моласынан және түрік Юйхунның моласынан табылған жәдігерлер дәл сол орта ғасырлардағы «түрік-соғды және қытайлық мәдени синтез» үрдісінің жарқын айғақтары. Аталған материалдар Түркі қағанаттарының тарихи-географиясы мәселесін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қазіргі ҚХР аумағында, соның ішінде Шинжияң, Ганьсу, солтүстік Қытай өлкелерінде, Ішкі Моңғолияда көне түркілердің тарихи-мәдени жәдігерлері өте көп сақталған. Олар – көне түркілердің тас мүсіндері, таңбалы тастары, ғұрыптықжерлеу ескерткіштері, қала-бекіністері, теңге-тиындары, бітік жазбалары т.б. Өкінішке орай, ҚХР жеріндегі көне түрік ескерткіштері белгілі себептерге байланысты осы күнге дейін кең көлемде ғылыми тұрғыдан кешенді түрде қолға алынып зерттелген жоқ, тек көне түрік тасмүсіндері ғана біршама толық есепке алынып, тексеріліп-зерттелді [2, б.26].

Ежелгі және ортағасырларда Ұлы Жібек жолының бірнеше тармақтары Шинжияң жері арқылы өтіп, кей тұстарында түйісіп, тоғысып отырды. Сондықтан да Шинжияңда ішкі және

халықаралық транзиттік керуен саудасы ерекше кең өріс алып, халықаралық ақша айналымы қарыштап дамыды. Қазірге дейінгі нумизматикалық зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, Шинжияң жерінен табылған нумизматикалық материалдардың ішінен ортағасырлық Түркі қағанаттарының тарихына қатысты жәдігерлердің ішінде Түргеш қағанатының теңгелері бар. Олар Түргеш қағанатының территориясы мен оны құрайтын тайпалардың орналасуы туралы ақпарат береді.

Сонымен қатар, Орталық Азия мен Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалар туралы көптеген мәліметтер классикалық араб-парсы деректерінде де кездеседі. Мәселен, әл-Балазури (IX ғ.) мен ат-Табари еңбектері Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда өмір сүрген халықтар туралы мәлімет береді. Ірі араб тарихшыларының бірі әл-Балазури, оның еңбегі «Мемлекеттерді жаулап алу кітабы» («Китаб футух әл-бұлдан») Аталған еңбектің осы заманға қысқартылған көшірмелері ғана жеткен. Автор географиялық аймақтарға арналған шығармадағы әрбір тарауда хронологиялық жүйеге сүйенеді. Еңбектің соңғы тарауларының бірі арабтардың Хорасанмен Мауереннахрға жасаған шапқыншылығына арналған. Онда Тараз түбіндегі Атлах шайқасы туралы да баяндалған. Сондай-ақ бұл еңбекте түргештердің арабтарға қарсы күресі сияқты маңызды деректер бар [3, с. 30].

Қарастырылып отырған деректер қатарында «Мемлекеттер туралы әңгімелер кітабы» («Китаб ахбар әл-булдан»). Еңбектің авторы араб географы Ибн әл-Факих (IX ғасырдың соңы – X ғасырдың басы). 903 жылы дүниеге келген аталған еңбек одан бұрынғы еңбектерге негізделген (әл-Джахиз, Ибн Хордадбех, әл-Джейхани). Орталық Азия мен Шығыс Еуропа мемлекеттері туралы тарихи-географиялық материалдардан тұратын еңбекте түркі тайпаларына арналған ақпарат маңызды.

Әл-Джахиз «Түркілердің қадір-қасиеті» («Манакиб әл-атрак») еңбегінде Араб халифатына қатысты 915 жылға дейінгі мәліметтер молынан қамтылған. Сол сияқты Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан туралы деректер бере отырып, түркітайпаларының ислам дінінің енуіне, арабтардың жаулап алуына қарсы күресіне, халық көтерілістеріне, соғдылардың Жетісуға қоныс аударуына, Жетісу түркілерінің этнографиясы және олардың қалалары жайындағы мәліметтерге жан-жақты тоқталады.

Әл-Джахиз «Рисала ила-л Фатх ибн Хакан фи манакиб джунд әл-халифа ва-фада ил ал-атрак» («Халиф әскерінің мақтауға тұрарлық ерекшелігі мен түркілердің жағымды қылықтары туралы әл-Фатх ибн Хаканға мәлімдеме») шығармасын халиф әл-Мутасим кезінде жазылған болатын. Әл-Джахиздің еңбегі өзара байланысты үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде түркілерді араб қолбасшыларының қолдап, әскерге алуын сынға алады. Екінші бөлімінде әскердегі әртүрлілікті, ал үшінші бөлімде түріктерді хорасандықтармен салыстырады.

X ғасырға жатқызылатын деректер қатарында Әбу Дулаф Йанбу'и әл-Хазрадж Мисар әл-Мухалхилдің еңбегі бар. Наср ибн Ахмад (914-942) деген Бұқарада саманидттердің әмірінің қызметінде болып, шамамен 942 жылы Бұқарада болған қытай елшілігімен қайтар жолында ілесіп барады. Ол Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан, Тибет территорияларын басып өтіп, ары қарай Қытай арқылы Үндістанға жол тартты. Осы жерден Систан (Ауғанстан) арқылы мұсылмандар жеріне оралды. Өзінің сапары туралы естеліктерін екі «Жазбаларында» (Рисала) жазып қалдырды. Жақын күндерге дейін жазбалардың үзінділері Йакут пен Закарийа әл-Казвинидің шығармалары арқылы болып келді. Тек белгілі Мешхет жазуы ғылымға белгілі болғалы аталған жазбалардың толық мәтіні жария болды. В.В. Григорьев, И. Маркварт, В.В. Бартольд, В.Ф. Минорский Әбу Дулафтың мәліметтерінің шынайылығына күмән келтіргеніне қарамастан, И.Ю. Крачковский және оның шәкірттері П.Г. Булгаков пен А.Б.Халидов ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп аталған шығармаға қатысты ғылымда қалыптасқан көз қарасқаөзгеріс жасауға тырысты. Бұндағы жазбалар күнделік немесе маршрутты сипаттамалар түрінде емес, кейінгі уақытта естеліктер негізінде

жазылған болатын. Сол сияқты, өзінің көрген-білгендеріне автор басқа да естігендерін қосқан, мұнда көптеген дәлелдеуді қажет ететін, күмәнді мәлімет бар еді. Алайда «Рисала» саяхатшының жеке бақылауы негізінде жасалған дерек болғандықтанқұнды болып есептеледі.

Бірінші жазбада Әбу Дулафпеченегтер, оғыздар, қимақ, жігілдер, қарлұқтар т.б. тайпалар туралы ақпарат берген. Әрбір тайпаны автор хронологиялық ретін сақтамай, тайпалардың бір-бірінен діні, шаруашылығы, тағамдары, киім-кешегі, өмір салты, антропологиялық сипаты, пайдалы қазба түрлері жағынан ерекшеліктерін көрсетуге тырысты [4, с. 16].

Араб географиялық әдебиетінің жаңа кезеңі мұсылман аймақтарының Арабиядан бастап Мәуереннахрға дейінгі территорияны қамтитын шығармалардың пайда болуымен байланысты еді. Соның ішінде түпнұсқа туындылардың айнымас элементі географиялық карталар болды. Осындай классикалық география мектебінің өкілі,көптеген ғылым салалары бойынша еңбектердің авторы Әбу Зайд Ахмад ибн Сахл әл-Балхи (шамамен 850-934 жж). Оның шығармасын кейінгі замандасы әл-Истахри еңбектерінде кеңінен қолданып, ал ол болса, ибн Хаукальдің (X ғ.) географиялық еңбегіне негіз болды. Алайда әл-Балхи ұсынған карта этнонимикалық детальдарға қанық болып келеді.

Ортағасырлық деректерге талдау жасау негізінде ортағасырлық авторлардың кейінгі легі Ибн Хаукал, әл-Идриси, Закарийа әл-Казнави, Ибн әл-Варди еңбектерін пайланғанын көруімізге болады.

Ортағасырлық араб дәуінде ірі географиялық туындылардың бірі Әбу Абдаллах Мұхаммад әл-Идрисидің еңбегі «Нузхат әл-муштак фи-хтирак әл-афак» («Аймақтарға саяхаттаушының ермегі») еді. 1100 жылы Суетте, эмирлердің белгілі әулеті Идрисидттер шаңырағында дүниеге келді. Кардовада оқыған әл-Идриси Еуропада көп саяхаттап, жастық шағының басым бөлігін Кіші Азияда өткізді. 1138 жылы ол Сицилия королі II Роджер (1098-1154 жж.) мен оның мұрагері I Вильгельм тұсында Палермода сарайда қызмет етті. Шындығына келгенде «Нузхат әл-муштак фи-хтирак әл-афак» еңбегі коллективті туынды еді. Оның пайда болуына II Роджер ниет білдіріп, әл-Идриси бастаған ғалымдар тобы шығармашылық тұрғыда деректерді жинастырып, оларды сыни тұрғыда ұғынып, географиялық карталар мен оларға жасалған түсініктемелер түрінде жұмысты жазып, идеяны жүзеге асырған болатын. Аталған еңбекте Еуропа, Азия және Африка аймақтары сипатталған.

Түркияда 1928 жылы авторы Р. Нұр түркілер туралы алғашқы еңбек «Оғызнама – түркілердің эпосы» тақырыбында еңбек жарық көрді. Еңбек тарихи-филологиялық сипатқа ие болды. Сол сияқты көне түркілер тарихы А. Габеннің «Көк түркілер тарихына қысқаша шолу» енбегінде сипатталады. Еңбек негізінен оқу-танымдық сипатқа ие. Осы кезге жататын көне түркілер турлы мақалалар авторы А.Н. Курат. Автор Н.Я. Бичурин, С. Жульен еңбектерін кеңінен пайдаланып, археологиялық деректерге негіздеп тұжырымдар жасайды.

Жер шарының түрлі халықтарының түрлі тарихи дәуірлерде қол жеткізген жетістіктері бүгіндері маңызы бар рухани-этникалық мұраға айналуда. Бүгіндері адамзат жер шары халқының мәдени ескерткіштері дүние жүзіндегі сан алуан мұраларда көрініс бергенін, мәдени мұра эталонын көптеген халықтардың ой-өрісі қызметі құрайтынын ұғыну дәрежесіне жетті.

Сан жылдар бойы жаңа ұрпақты таңдай қақтырып, тамсандырып келе жатқан, бізге ғасырлар қойнауынан жеткен рухани және материалды жәдігерлерде әр халықтың дүниетанымдық, территориялық ерекшеліктері байқалады.

Еуразия далалық кеңістігі өзінің ең алғашқы қалыптасу кезеңінен бастап тарихи даму жолының барлық кезеңінде өзіне тән сипаты, келбеті бар белгілерге ие болды. Осынау кең байтақ кеңістікке иелік еткен түркі тайпалары тайпалық бірлестіктерін мемлекеттер

деңгейіне көтеріп, өзіндік өркениет қалыптастырып тарихта өздерінің саяси-этникалық, рухани және материалдық өшпес іздерін қалдырды.

Байтақ Ұлы Даланың қиыр-шығысқа қарай созылып жатқан белдеуі қазіргі Қытай Халық Республикасының солтүстік және солтүстік батыс провициялары, атап айтқанда, Ішкі Моңғолия, Хэбэй, Шаньси провинциясы және Шэньси провинциясының солтүстік бөлігі, Нинся, Ганьсу, сондай-ақ Шинжияң өлкелері – қадым замандардан бері алтай тілдес, соның ішінде түрік-моңғол тілдес көшпенділердің атамекені, тарихи еншісінде қалған ұлан-ғайыр өркениетінің алтын бесігі болды. Ежелгі Қытайдың тарихи жазба деректемелері, осы заманғы археология ғылымында ашылған жаңалықтар мен бірегей мәдени олжалар бұл тұжырымды айқын айғақтап отыр.

VI-X ғасырлар аралығында Еуразия даласында өмір сүрген түркі қағанаттарының этно-тарихи географиясы тақырыбы аясында зерттеу жұмыстары мен деректер негізінде жасалған диссертациялық жұмыстың төмендегідей қорытындыларын жасауға мүмкіндік береді.

Орталық Азияны мекен еткен түркі тайпаларының қоршаған орта туралы түсінігі маңызды мәселелердің бірі. Түрік тайпалары табиғат жағдайына барынша бейімделу жағдайында өмір сүрді. Соған орай олардың өмірінде барлық саладағы мәселелер шешімін тапқан болатын. Табиғат, географиялық кеңістік, экологиялық әлем т.б. ұғымдар олардың өмірінде шешуші рөл атқарды.

Еуразия кеңістігінде ортағасырларда өмір сүрген түркі қағанаттарының дамуы адам мен табиғаттың ажырағысыз біртұтастығымен сипатталатын дүниетанымдық көзқарастарға негізделген. Түркі жерінің бөлінбейтіні мен біртұтастығы туралы идея олардың өмірінің мәніне айналып, бұл түркі топонимдерінде жазба ескерткіш мәтіндерінде, эпикалық жырларында, культтік ескерткіштерінде, монументалды және қолданбалы өнер туындылары мен халық ауыз әдебиетінде көрініс тапты. Деректерде бейнеленген Түркі әлемінің кескіні Ғарыш пен Жер, Тәңір мен Жер-Судың бірлігі мәселесін бүгінгі тарихта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сол сияқты, географиялық кеңістік түсінігіндегі қоршаған орта, табиғат түркі қағанатын құрайтын тайпаларда ерекше мәнге ие болды. Табиғат пен адам арасындағы қатынас өте нәзік қатынастарға негізделді. сондықтандатүркілердің дәстүрлі көзқарастарында табиғат объектілерінің барлығы тірі. Тау басында сол жердің қожайынына, аруағына арнап символикалық үй тұрғызылды, әрбір жолаушы ондай қасиетті жерлерге қандай да бір затын, бір тамшы сүтті, қымызды, я болмаса өз атының жалынан алынған бір тал қылды қалдырып кетуді өзінің парызы санады.

Табиғат пен бірлікті паш етіп, ғасырлар бойына жеткен географиялық кеңістік, географиялық шекара, территория мен аймақ ұғымдары өзіндік ерекше көзқарастарды келер ұрпаққа мұра ретінде қалдырды. Осылардан туындаған идеялар байырғы түркілердің бүгінгі ұрпақтарының бірі қазақ халқының салт-дәстүрлерінде, заңдарында, ауыз әдебиетінде, тұрмыс-тіршілігінде өздерінің өшпес іздерін қалдырған.

Табиғаттың, жердің, нақты территориялардың, белгілі кеңістіктің тарихта түркі қағанаттарын құраған тайпаларға қалай ықпал еткенін түсіну үшін ондағы тарихи оқиғаларды сипаттап қана қою жеткіліксіз болып отыр. Адам мен жер, кеңістік арасындағы тығыз байланыстың болуы, осы мәселенің ішкі мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Ортағасырларда түркі қағанаттарында өмір сүрген тайпалар үшін белгілі кеңістікке иелік етуін, жерге өзінің тиесілі болуын түсіну әртүрлі болған. Сондықтанда халықтарда территориялар үшін болған ұдайы соғыстар мен қақтығыстар үздіксіз орын алып, олар мекендейтін нақты территория мен шекараларды нақтылауды қажет етті. Бұл байырғы түркілерге де тән. Қарастырылып отырған уақыт аралығында Орталық Азияны мекендеген тайпалар мен мемлекеттерде аталған мәселелерге тән ортақ этникалық белгілер қалыптаса бастады.

Еуразия даласының, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қала мәдениетінің археологиялық зерттелуі көптеген мәселелерді кең қарастыруға мүмкіндік берді. VI-X

ғасырлар қала мәдениеті Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу территориясында дамыды. Саяси айтылған аймақтар түркі династияларына бағынып, бірінші Батыс Түрік қағанаты, кейін Түргеш қағанаты және Қарлұқ қағанаттары құрамына кірген болатын. Қалалардың аталған қағанаттар құрамына кіргендігін жазба деректермен қатар археологиялық деректер дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Көне түрік бітік тастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 2. – 252 б.

2 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. – Алматы: Өнер, 2006. – Т. 2. – 344 б.

3 Материалы по истории туркмен и Туркмении. VII-XV вв. Арабские и персидские источники. – М.;Л.: АН СССР, 1939.– Т. 1. – 612 с.

4 История Казахстана в арабских источниках. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. –Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – Т. 2. – 328 с.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

Н.Б.Ақыш	ҒАЛЫМ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТОСЫН ПАЙЫМДАУЛАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ	3
Б.Д. Керімбекова	ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУҒА ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІН БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУМЕН БАЙЛАНЫСТА ЗЕРДЕЛЕУ	6
А.Абиыр	ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ – «ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫН» ЗЕРТТЕУШІ	10
Т.Мұқашев	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ	13
М.Әбілұлы **К.Т.Жұматаев**	ҚАЗАҚ ЭПОСЫ ЖӘНЕ ТҮРКОЛОГИЯ - ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ ЗЕРТТЕУІНДЕ	15
А.Ж.Омарова	ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	18
Р.Т.Алдажанова **Р.М.Чкал**	ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ	20

I СЕКЦИЯ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ж.А.Сейсембаева	ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФАНТАСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ РОЛІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	22
А.А.Оразбаева	ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАЕВА	25
Н.С.Қамарова	ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС	
Қ. Т. Төлебаева	СЕМЕЙ ӨҢІРІНДЕГІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ	28
Л.Н.Дәуренбекова	Ж. ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚШЫНЫ	35
Б.А.Нуртазаева	ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ	
Л.Н.Дәуренбекова **Г.Қ.Қиарыстанова**	«МАХАББАТНАМА» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	38
А.Т.Кембаева	ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТІЛІНДЕГІ	41
Ж.М.Байсакалова	БЕЙВЕРБАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРАЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ	
Т.Н.Абуева	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ДРАМАЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІН АШУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	46
В.М.Байсакалова	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРКЕМ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ:	49
Б.А.Балтабай	АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ РӨЛІ	
А.М.Бералиева **А.Е.Серік**	«ҚАЗАҚ ЭПОСЫ: ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ»	51
А.Т.Естемесова **Н.С.Үкібай**	ҰЛТ ЖЫРШЫСЫ: БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ	54
Ш.С.Сыдық	БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУЫ: ӘДЕБИ ТҮСІНІК ПЕН БАҒАЛАУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	56

А.Ж.Болакбаева **М.Б.Дастанова**	МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ	59
Р.Р.Есеева **Б.Ж.Махамедова**	ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АУДАРЫЛУЫ	62
М.Аманғазықызы	САНДЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ: ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛЕР	67
Ж.С.Уразынбет **Ш.Е.Қасым**	ШЕШЕНДІК ӨНЕР – ҒЫЛЫМДАРДЫҢ СИНТЕЗІ: ФИЛОСОФИЯ, ЭТИКА, ЛОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ	70
А.Б.Сембина **Р.А.Беркенова**	ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	73
Ш.Д.Агибаева **Ж.Н.Тулендиева**	АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ	78
Б.А.Бекназаров	ҚАЗАҚТЫҢ ӘСКЕРИ ПРОЗАСЫНДАҒЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ОРНЫ	80
Г.А.Эшанкулова **Д. Қанатқызы**	Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ АУДАРЫЛУЫ	83
А.К.Құдайбергенова	НОҒАЙЛЫ ЗАМАНЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ	87
А.М. Мухтарова	СЫН ЖӘНЕ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР	91

II СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Д.М.Пашан **Р.К.Мустекова**	КАРТОГРАФИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДА ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ БЕРІЛУІ	95
Г.Д.Атакулова	ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ	97
А.Б.Мыкышова	ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ	100
Б.Е.Мырзабекова **Ә.Д.Рысбек**	КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫҒЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ	102
А.Б.Бақытжанова **Б.Д.Сапаргали**	ҮСТЕУЛЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰРНАҚТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСУЫ	104
Д.А.Тилляев **А.У.Коржимбаева**	XXI ҒАСЫРДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНІҢ ПАРАДИГМАЛАРЫ	107
О.К.Жапашева	ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	110
Н.А.Усерова **А.С.Әбдіжапар**	ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ	114
Ф.Н.Телбаева	ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ	117
А.Ыдырыс	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЫНЫС БЕЛГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ВИЗУАЛДАУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ	120
А.Досбол	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ	124
А.К.Өмірзақова	БИЛИНГВИЗМ ЖАҒДАЙЫНДА ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛЫ	128

Қ.Ө.Тамабаева **А.Т.Камбарова**	МӘТІН КОРПУСЫ АРҚЫЛЫ СИНОНИМДЕРДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ	131
Б.М.Жаманбалаева **А.К.Нұрбек**	ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ	137
Ж.Ж.Ермукатова	ДИАЛОГТІК СӨЗ МӘДЕНИЕТІН МЕҢГЕРУДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ	139
Н.Д.Чмаева	ОМОНИМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	142

III СЕКЦИЯ
ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Ю.Ертуганова **К.С.Садирмекова**	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ – ЖАҢА ҒАСЫР ТАЛАБЫ	145
Г.К.Орманова	САБАҚТЫ МУЗЕЙМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ	148
Н.С.Аязбаева **Г.С.Канаева**	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ	151
Е.Т.Даданбаева **Г.А.Молдабаева** **Ж.К. Жарылкапова**	МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДА ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ КУРСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ	154
Ж.Ғ.Жүсіпбекова **Ф.Буралхиева**	ОРЫС ТІЛІ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ	157
Ғ.Ж.Тазабекова	МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	160
Т.М.Байсакалова **Б.А.Балтабай**	ЖАҢЫЛТПАШТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ: ТІЛ ДАМЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	163
N.TBekboltaeva	THE USE OF AN INTERACTIVE APPROACH IN TEACHING SPEAKING IN ENGLISH CLASSES AT THE MIDDLE STAGE	166
М.А.Жылқыбай	АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ	169
Н.Н.Асамбаева **Ж.Н.Ажикееева**	КӘСІПТІК ОҚЫТУДЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЖЕТІЛДІРУ	173
С.Ш.Жаттоева	ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ	175
Г.А.Имашева **М.Б.Балшыкбаева**	ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ	178
А.А.Дуйсенбиева **А.Ж.Мамедова**	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	181
М.О.Мусабаева **Ж.Ы.Қарабаева**	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БҮГІНГІ ҚОҒАМ ТАЛАБЫ.	184
Б.С.Нурмаханова **М.С.Нурмаханова**	ЭФФЕКТИВНАЯ ОРГАНИЗАЦИИ УРОКОВ ПО ОБНОВЛЕННОМУ СОДЕРЖАНИЮ ОБРАЗОВАНИЯ	187
А.Өмірзаққызы **Ж.Т.Қирашева**	ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОМПОНЕНТІ (АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН	191

	САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)	
Н.К.Сеилбаева	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	195
С.О.Таукеева	ШЕТ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА	197
Г.К.Даменова	ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ РЕТІНДЕ БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ	
Г.Ж.Бөлеген	ВАЖНОСТИ ГРАЖДАНСКО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО	200
Р.К.Яхшибоева	ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ	
Р.А.Тулебекова	ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН	204
Т.Б.Рахманкулова	ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ	
Е.С.Уәлиев	ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІ - МҰҒАЛІМДЕРДІҢ	207
Н.М.Ногаева	КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ДАМЫТУ	
Г.Е.Архабаева	ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ	209
Г.Е.Бисенова	ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ	
Ж.А.Сейсембаева	ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП	214
М.Н.Алмабекова	БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНДІРУ	
Ж.А.Қарашекенов	ШЕКАРА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КУРСАНТТАРЫН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІ	217
М.Ж.Әсіл	ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	220
М.Д.Кучербаева	МУЗЫКА САБАҒЫН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	224
З.Досмаханбетова	ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ОЙЫНДЫҚ-	226
Д.А.Такимжанова	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАР	
Л.Ә.Ибраймова	НЕЙРОПЕДАГОГИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ: ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗЕЙІНДІ БАСҚАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ	229
У.М.Тусипова	НЫСАНАЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	233
Ф.Е.Лесбаева	ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН САБАҚТАРДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ	237
М.Ч.Байдилдаев	ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН	243
С.Д.Төкебаев	ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
С.Р.Нурбекова	ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ	246
И.А. Нурмаханова	ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ	
Н.С.Шығанбаева	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІГІ	
З.Г.Матжанова	БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ	248
Г.Ж.Ахметова	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА	250
Э.Ф.Турыскулова	ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ	
Г.Т.Азимова	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ	253
Р.С.Мамбетова	ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ - МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ	
А.А.Удергенова	ҰСТАЗ БІЛІКТІЛІГІНІҢ КЕПІЛІ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	258
А.А.Турсынбаева		

К.М.Бақтыбаева **Д.Д.Өмірзақ**	МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	261
Н.Т.Аширова **Н.Б.Кенжебай**	ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР	264
К.К.Сейдазимова **К.Н.Байболатова**	ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	265
А.К.Джатканбаева **И.А. Анарбай**	ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	268
М.Н.Алмабекова **М.Ә. Кожакеримова**	БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ	271
Д.М.Құрман **Р.Ж.Абирова**	М.Ж. КӨПЕЕВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ	275
Б.С. Сейлханова	НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ	278
Г.Б. Серикбаева **М.А.Қаработонова**	ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ТАЛАПТАРЫНЫҢ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	280
Р.Е. Сейсембаева **Б.У.Байнабекова**	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА Ә.ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ	284
А.Е.Карабаева **Ә.Б.Жеңісова**	АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЭМОТИВТІ ЛЕКСИКАНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Ж.М.Камбарова	ОҚУШЫЛАРҒА ШЕТЕЛ ТІЛІН ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ	287
Д.Ә.Мамбетова	ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ	292
Б.М.Сейдалиева	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ПРАКТИКАЛЫҚ ГРАММАТИКАНЫ ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	295
М.Ж.Сүюмбай	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	298
І.Тилек	ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	301
М.Н.Толыбай	АҒЫЛШЫН, ОРЫС, ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ИДИОМАЛАРДЫ АУДАРУДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	305
Н.А.Усерова	ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ	307 309

IV СЕКЦИЯ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

Г.Н.Коныртаева	МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР	313
Ж.К.Орманова **А.У.Байбулова**	СУЩЕСТВОВАНИЕ ОБРАТНОГО ОПЕРАТОРА ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО ОПЕРАТОРА ВТОРОГО ПОРЯДКА В ПРОСТРАНСТВЕ $L_2(a,b)$	316
Ж.К.Байгараева	ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖАҢА	319

М.Н.Тапелова	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ФОРМАЛАРЫ	
А.Б.Сабырханова	ХИМИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ	321
П.Ш.Шеримова	МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТ ТАҚТАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ	324
А.С.Тойланова	КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚУ ҚҰРАЛЫН ФИЗИКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕСТІЛЕУ	327

V СЕКЦИЯ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Г.Ж.Бексултанова	ЖОШЫ-ҚЫПШАҚ ҰЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	330
Ж.Е.Мырзабеков **Л.А.Сейталиева**	XYIII Ғ. 2-ШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАТЫНАСТАР	335
А.О.Несипбаева **Р.Ж.Жумадилова**	ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ (1991-2015 ЖЖ.)	338
Г.Т.Каргашева **Е.Р.Төкебаев**	НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ТАРИХИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	341
Ж.Е.Мырзабеков **Д.Ж.Әбилда**	XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ	343
Ж.Е.Мырзабеков **С.Бабай**	XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫ: ИДЕЯЛАР ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ	346
Ж.Е.Мырзабеков **С.Б.Исаматдинов**	ҚАЗАҚ - ҚЫРҒЫЗ САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ)	349
Ж.Е.Мырзабеков **Нұрдыхан Ұшқын**	М.Е. МАССОННЫҢ ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	354
Ж.Е.Мырзабеков **Ш.Н.Нұржақып**	ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ	360
Ж.Е.Мырзабеков **М.Д.Нурпейсова**	XVIII-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ КӨЛІК ЖҮЙЕСІ	364
Ж.Е.Мырзабеков **С.Н.Ұзақбай**	ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫНЫҢ ЭТНО-ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ (VI ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ – X ҒАСЫР)	367

\

Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов.
Ответственность за научное содержание и грамматические ошибки несут авторы.

Шартты б.т. 19,5. Есепті б.т. 22,2

ХТУ Баспаханасы,
080000, Тараз қ, Жамбыл даңғылы, 75А.